

12015

3581<sub>11</sub>

Рахат  
Қосбармақ

# ЖАҢАБАЙ СӘЛІМГЕРЕЕВ



ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ









«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

**«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

# ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Рахат Қосбармақ

# ЖАҢАБАЙ СӘЛІМГЕРЕЕВ



Алматы 2013

**Қосбармақ Р.**

**Қ 67 Жаңабай Сәлімгереев**

Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2013.

400 бет, 56 бет жапсырма. Қазақ мұнайының ардақтылары.

Өмірбаян сериясы.

ISBN 978-9965-816-51-2

Бұл кітапта Ұлы Отан соғысының ардагері, әр жылдары Доссор мұнай өндіру кәсіпшілігінде, «Қазақстанмұнайбарлау» «Маңғыстаумұнайбарлау» трестерінде басшылық қызметтер атқарған әмбебап маман, еңбекқор азамат Жаңабай Сәлімгереевтің өмір жолы, Қазақстан мұнай өнеркәсібін дамытудағы мол үлесі әңгімеленеді. Жаңабай Сәлімгереевке Отан, мемлекет алдындағы ерліктері мен елеулі еңбегіне орай әр жылдары КСРО-ның жоғарғы марапаттары – «Қызыл жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерімен және бірнеше медальдар табыс етілді.

Қазақстан мұнай өнеркәсібі саласындағы сан қилы оқиғаларға куә болған азаматтың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық.

УДК 622. 32

ББК 33. 361

ISBN 978-9965-816-51-2

© ОФ «Мұнайшы», 2013



---

# *Тағылымы терең тағдыр*

*(Алғысөз орнына)*

Қазақ мұнайының 110 жылдығы, Доссор мұнай кен орнының 100 жылдығы, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы сияқты торқалы тойлар тұсында еңбегі ұшан-теңіз болса да, елеусіз қалатын азаматтар болмауы тиіс. Осыны ойлаған «Мұнайшы» қоғамдық қорының кешегі Кеңестер Одағы кезінде жалғасын тапқан жақсы үрдіс – «ЖЗЛ – Жизнь замечательных людей» сериясы секілді «Қазақ мұнайының ардақтылары» деген арнайы сериямен ел қазынасын игеруге елеулі үлес қосқан азаматтар туралы бірнеше жылдардан бері арнайы кітаптар шығарып келе жатқандығы – қуанарлық, құптарлық бастама. Осыған дейін көптеген белгілі мұнай барлаушылар мен бұрғышылар жайлы бірқатар шығармалар дүниеге келгенімен, сол мұнайды игеруге олардан кем еңбек сіңірмеген байланыс, құрылыс, көлік салаларының қызметкерлері туралы көп айтылмай келді. Осындай олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Мұнайшы» қоғамдық қоры қызметі мұнай өндірумен тығыз байланысты басқа да сабақтас салаларда жан аямай жұмыс жасаған жақсылар мен жайсаңдарды да жарыққа шығару ісіне құлшына кірісті.

– деп ақын айтпақшы, қазыналы байлықты халық кәдесіне жаратуға маңдай терін сыпырып еңбек еткен, бүкіл Атырау, Маңғыстау жұрты мақтан етуге тұрарлық сондай маркасқа тұлғалардың бірі де бірегейі – Жаңабай Сәлімгереев. Ол – Батыс Қазақстан өңіріне белгілі азамат. Сондықтан да биыл қатар жатқан

қос өңірге де ортақ ардагер аға туралы арнайы кітап жазу мәселесі қолға алынды.

Бір өкініштісі – Жәкең туралы жазба мәліметтер тым аз болып шықты. Жазу мәдениетіміз кеш қалып, кенже дамыған халқымыздың бойындағы қам-қайғысыз жалқаулық пен қаперсіз салдыр-салақтықтың кесірі Жаңабай аға туралы кітапты жазу үстінде бізге де салқынын тигізді. Өйткені, Жәкеңмен етене жақын, сыйлас, сырлас, жұмыстас, аралас-құралас болып, жақсы білетін жандардың көпшілігі өмірден өтіп кеткен еді. Ал біз тілдескен адамдардың бірқатары ол кісіні жалпылама «Жақсы адам» деп айтқанымен, азаматтың алтын бәсін берерліктей нақты детальдар мен жарк еткен жақсы оқиғаларды жөнді есіне түсіре алмады. Тек 1999 жылы «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясы, 2005 жылы «Мұнайшы» қоғамдық қоры үш тілде басып шығарған екі томдық «Қазақстанның мұнай энциклопедиясында» ол кісі туралы: «Жаңабай Сәлімгереев (1916, Атырау облысы, Қарабау селосы – 1996) – слесарь. Атырау ФЗО мектебін бітірді (1931). Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1931-39 жж. Доссор мұнай өндіру кәсіпшілігінде автокөлік цехының слесары, шебері, механигі. 1946-62 жж. «Қазақстанмұнайбарлау» тресі Құлсары барлау-бұрғылау кеңсесінің автокөлік цехында механик, бастық. 1962-86 жж. «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі автокөлік кеңсесінің алғашқы директоры, экспедиция бастығының орынбасары. 1988 жылдан зейнеткерлікте болған. «Қызыл Жұлдыз», «2-дәрежелі Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған» деген қысқаша мағлұмат қана берілген. Сондай-ақ, Саламат Мұқашевтың, Наталья Задерецкаяның «Киікбай Рзаханов», Гүлсім Оразалиеваның «Оржановтар әулеті» сияқты кітаптарында, Андрей Губенконың «Пионеры Запада» атты мақаласында Жәкеңнің аты аракідік аталғаны болмаса, қағазға түсіп, қатталған жазба мәліметтер тым тапшы. Әсіресе, Жәкеңнің Атыраудың Қызылқоға өңірінде өткен балалық шағы, Ұлы Отан соғысына дейінгі және одан кейінгі Доссорда, Құлсарыда жұмыс жасаған кездері мен соғыста көрсеткен ерліктері туралы деректер

өте сараң. «Солай екен» деп, «Шама-шамадан аспайды: Каспийдің суы – қырық шелек» деп баяғыда бір есерсоқтау біреу айтпақшы, көз жобамен, көңіл долбармен сүйкектетіп жаза салуға тағы болмайды. Басқа-басқа, Жаңабай аға сияқты жайсаң азамат жайлы ондай халтураға бару, қай өлшемге салғанда да, халық алдында ұят, қажет десеңіз, қиянат болар еді. Сондықтан бізге Маңғыстаудағы Жәкеңнің көзін көре қалған таныс-біліс адамдарды іздестіріп, Атырау мен Алматыға сапар шегіп, қолда бар мәліметтер мен ағайын-туыстарынан, ұрпақтарынан жиналған құжаттарды шама келгенше сараптап, шаң басқан мұрағаттарды көбірек ақтаруға, интернет беттерін жиірек шарлауға тура келді.

Бір қуаныштысы – біз тілдескен адамдардың қай-қайсысы да Жәкең туралы жақсы әңгімеден басқа сөз айтқан жоқ. Бірде-бірі: «Әй, соны қойшы!» деп, қолын бір сілтеп, қоңылтақсыған көңілін көрсеткен емес. Бұл – бір жағы кітабыңның кейіпкері етіп алған кісінің артында қалған ұлан ұрпағы үшін де абырой болса, екінші жағынан, өзің қолыңа алған шаруаның оңынан бітеріне меңзегендей, жан сүйсінер жақсы, мерейлі нәрсе. Ондайда өзіңнің де қаламыңа қанат бітіп, тағы бір жақсы адамды тарихта қалдыру ісіне талмай еңбектеніп, шаршамай, шабыттана кірісесің. Осының өзі-ақ ол кісінің өмірде қандай абыройлы, халқына қалтқысыз қызмет еткен, жалпы көпшіліктің жүрегіне жол тапқан жайсаң жан екендігін аңғартса керек. Ал жұрттың бәріне бірдей жағу оңай емес. Екінің бірі, егіздің сынары олай ете алмайды. Ондай биік талап үдесінен мыңның бірі, ердің ері, егеудің сынығы ғана көріне алады. Жәкең – сондай жүз жылда бір туатын жақсылардың санатындағы жампоз азамат.

Бір сүйсінерлігі – ол кісіні бәрі де «Біздің Жәкең» деп атайды екен. Мұның өзі азаматтың алтын басын асқақтататын биік баға, асыл перзентке деген ардақ-құрмет болса керек.

Жақсы адам туралы жазудың өзі – бір ғанибет.

Сондықтан да Жәкең туралы жазбақ ниетпен қолға қалам алған сәттен бастап, ісіміз өніп, ілгері баса берді.

---

# Бірінші бөлім

## *Арда туған азамат*

### **АТА ТЕК – АЛТЫН ҚАЗЫҚ, АСЫЛ АРНА**

Жанабай Сәлімгереевтің арғы ата-бабалары тегін емес, текті тұқымнан. Ол – қас дұшпанға қаруы мен жырын қатар сермеп өткен атақты ақын, аршылан батыр Махамбет Өтемісұлымен төрт ата жерден қосылатын ұлтанды елдің ұрпағы.

Алдымен біз Жәкеңнің ұрпақтары берген қолымызда бар ру шежіресіне сүйеніп, шамамыз келгенше ол кісінің ата тегін таратып көрейік. Айтқан сөздерімізде ағаттық пен артық-кем жерлері болып жатса, алдын-ала оқырмандардан кешірім өтінеміз. Біздің біліміміз сіздерден үлкен емес. Сондықтан кем-кетік жерлерін түзеп, келелі шаруаның келесі жолы кемшіліксіз де кеңісті болып шығуына үлес қосуларыңызды сұраймыз.

Жанабай Сәлімгереевтің ата тек шежіресін таратар болсақ, былай болып өріледі: Оның руы – Кіші Жүздің ішінде Шеркеш, Ысық, Беріш, Таз, Адай, Алтын-Жаппас, Байбақты, Масқар, Алаша, Тана, Есентемір, Қызылқұрт руларынан құралған Он екі ата Байұлынан тарайтын Беріш тайпасы. Беріш руының ұраны — «Ағатай», таңбасы — жебе (<).

Қазақ тарихын көп зерттеген белгілі ғалым С.Аманжолов араб ғұламасы әл-Айнидің деректеріне сүйеніп, Берішті ежелгі қыпшақ тайпасына жатқызады. Ол көне Мысырды он жеті жыл бойы би-

леген «Мамлюк сұлтандары Бейбарыс пен Қалауын ар жағы көне түркінің қыпшақ жұртының құрамындағы «берч» деген тайпадан шыққан» дейді. Басқа да қазіргі күні қанатын кең жайған казак рулары секілді Беріштің де көне қыпшақ тайпасы екендігінде дау жоқ. Ол Байбақты, Байсейіт болып екіге бөлінеді. Байбақтыдан Себек, Есен, Бегіс, Құлкеш, Байсейіттен Есенғұл, Қаратоқай, Жайық тарайды. Ақын Ығылман Шөрекұлының Орақ деген байдың қыз ұзату тойында: «Беріштің бір молдасы Құран сүресін теріс оқып, періштені қашырды», – деп, бүтін бір тайпа елдің атына тіл тигізген Қасанғали деген руы Тәзіке есерсоқ жігітке:

*Ел едік жеті баулы Беріш деген,  
Ел бар ма дәрежесі тегістелген?!  
Ерегес екіталай тап болғанда,  
Жүлдеге кім таласты Берішпенен?!  
Басшым бар әр заманда ел ұстаған,  
Билікпен жоғарыға өрістеген.  
Жүлделі жұрттан озған шешенім бар,  
Шеніне қазақ ұлы еріспеген, –*

деп төкпелететін белгілі «Жеті баулы Берішіңіз» осы.

Кейбір деректерде бұл рудың Жайық, Есенғұл, Қаратоқай, Құлкеш, Бегіс, Есен, Жаңбыршы, Себек, Бесқасқа деген тоғыз бөлімшесі бар екендігі де айтылады. Алайда, оның ел аузында ескірмей келе жатқан «Жеті баулы Беріш» атағы мен білетін кісілердің біразының айтқандарына сүйеніп, біз сол «Жеті баулы Беріш» деген алтын қазық-тоқтамға ат байлаймыз. Бұл өзі – өз алдына үлкен бір кең тақырып. Сондықтан біз арнадан ауытқымас үшін ол мәселені терең қаузамай, тек қана қысқаша мағлұмат берумен шектеліп, қайтадан тақырыбымызға оралайық.

Жәкең сол жеті баулы Беріштің Жайық тайпасынан тарайды. Жайық – Беріштің ең өскен, өркенін жайған, ірі руларының бірі. «Уикипедия» энциклопедиясында: «..Ол өз есімін не Жайық өзеніне берген, не есімін Жайық өзенінен алған... VI-XII ғасырлар

арасында көшпелілер батысқа жылжыса, II-III ғасырлар аралығында далалық өңірдің қуандануына байланысты олар шығысқа ойысып, Алтай өңіріне иек артқан. Түркі қағандығы құрылатын VI ғасырдың алдында Жайықтардың Алтайда отырғаны туралы жанама дерек бар: Алшын (Ашина) түркілері Алтайға келгенге дейін жергілікті түркілер бас құдай ретінде үлкенге және оның қасиетті жұбайы Жайық (Дайық) Анаға табынған. Жайық – көне түркіше «мейірімді, қайырымды» деген сөз. Билік басына келген Алшын (Ашина) түркілері Жайық Ананы ысырып тастап, өздерінің қасиетті кейуаналары Ұмай есімін енгізген. Сөйтіп, Алшын (Ашина) түркілері мен Жайық Беріштер арасында келіспеушілік орын алып, мұның арты Жайық Беріштердің қағандық орталығынан кетіп, қарлықтарға қосылуына себепші болған..» деген мәлімет келтіріледі.

Сол Жайық Беріштің өзі бірнеше тарамдарға бөлінеді.

Біз бұдан әрі тарихқа тым тереңдемей, Жәкеннің ата тегіне қарай ауысайық.

Жайықтан Құттыкерей (Құттығай), Көбей, Шұбар, Тумаш тарайды. Жәкен – сол ту ұстаған кенже бала Тумаш тақтасынан. Тумаштан Алдар, Абдан, Көшім, Мәнтей туады. Алдардан – Ерназар, Сейіт, Жаубасар, оның Жаубасарынан – Тілеуке мен Өмірзақ, осының Өмірзағынан – Исатай мен Құлмәлі өрбиді.

Ел аузындағы ескі әңгімелерге құлақ түрсек, кейбір деректерде Құлманияз аталып жүрген Құлмәлі заманында атақты би, ақберен батыр, ақпа-төкпе шешен адам болыпты. Ол туралы «Қазақ ғылымының қаранары» атанған белгілі ғалым жерлесіміз Қабиболла Сыддықов 1925 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Исатай-Махамбет» атты кітаптағы мәліметтерге сүйене отырып, былай дейді:

«..Құлмәлі би, батыр, шешен адам болыпты. Ол өзін: «Қызылбастың (парсының) Нәдірше дейтін патшасының тұқымымын», дейді екен. Құлмәлі жаугершілікте қолға түседі. Оны Жайық

Беріш Тумаш балалары еншілес ағайын етіп, кейін Тайсойған құмын жайлаған бір қауым елге айналады.» (Махамбет «Ереуіл атқа ер салмай», Алматы, «Жазушы» баспасы, 1989 жыл, 5-6 беттер).

Құлмәліден Шыбынтай, Өтеміс, Қобылабай, Айтбай тарайды. Жәкеңнің атақты Махамбет батырмен аталас болып қосылатын тұсы – осы жер. Шыбынтайдан Тілес, Тілеміс, Байтілеп, Бәйден деген төрт бала, ал Өтемістен Тоқтамыс, Бекмұханбет, Махамбет, Исмайыл, Досмайыл, Қожахмет (Ахмет), Әйіп, Хасен, Сүлеймен, Ибрайым атты он бала туады. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтатын асқақ жырындағы:

*Біз бір енеден бір едік,  
Бір енеден екі едік.  
Екеуіміз жүргенде,  
Бір-бірімізге ес едік.  
Бір енеден үш едік,  
Үшеуіміз жүргенде,  
Толып жатқан күш едік.  
Бір енеден бес едік,  
Бесеуіміз жүргенде,  
«Алашқа болман» деуші едік.  
Өтемістен туған он едік,  
Онымыз атқа мінгенде,  
Жер қайысқан қол едік, –*

делінетін Өтемістің он баласы осы.

Енді осы жерде Жәкеңнің төрт атадан қосылатын арғы атасы Өтемістің он баласының ортасындағы озығы, ел ішіндегі ерегі, топ ішіндегі серегі Махамбет батырға сәл кеңірек тоқтала кетпесек, болмайды. Өйткені, «Темір де тегіне тартады» дегендей. Жаңабай ағаның бойындағы бекзаттық пен дегдарлықтың бір ұшығы сол сонау Махамбет бабасынан тін тартатын ұлылықтың ұшқынында жатыр.

Махамбет Өтемісұлы (1803-1845) – «Қорлықта жүрген халқыма

Бостандық алып берем деп», «Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасып, Қиғаш үшін қырылып, Тептер үшін тебіскен, Теңдікті, малды бермеген, Теңдіксіз малға көнбеген», қырық екі жылдық қысқа ғұмырында азаттық үшін арпалысумен өткен Алаштың айбынды батыры, әруақты ақыны. 1836-37 жылдардағы Бөкей Ордасында болған Кіші Жүз қазақтары көтерілісі көшбасшыларының бірі болған Махамбеттің тағдыры Исатай өлген соң қуғында күн кешіп, ақыры хан тіккен азғантай алтын мен арзан дүние үшін арын сатқан жауыздардың қолымен басы шабылып, ауыр трагедиямен аяқталды. Хан саясатына қарсы шығып, Исатай екеуі басқарған бұқараның буырқанған бас көтеруі Жасқұстағы Жәңгір хан ордасының ғана зәресін ұшырып қоймай, алыстағы Петерборда жатқан патша өкіметінің де ұйқысын қашырды.

*Еңселігім екі елі,  
Егіз қоян шекелі,  
Жараған теке мүшелі...  
...Дулығалы бас кескен,  
Ту түбінен ту алған,  
Жауды көріп, қуанған,  
Мен – Өтемістің баласы  
Махамбет атты батырмын, –*

деп өзі айтқандай, елі үшін еңіреп өткен атадан асып туған әруақты ер адам түгілі, ажалдан да қаймықпас қайсарлығымен үстем таптың үрейін ұшырып, қанды шеңгел орыс империясының өзін қалтыратып-дірілдетті.

Әйтпесе, оның хан Жәңгірдің жүзіне бетпе-бет тіке қарап тұрып:

*Хан емессің, қасқырсың,  
Қара албасты басқырсың.  
Достарың келіп табалап,  
Дұшпаның сені басқа ұрсын!  
Хан емессің, лаңсың,*



*Қара шұбар жылансың,  
Хан емессің, аярсың,  
Айыр құйрық шаянсың! –*

деген өңменінен өтердей өткір сөздерін оған дейін де, одан кейін де қазақ тарихында бірде-бір ақын да, бірде-бір батыр да қайталай алған жоқ. Оны айтасыз, бүкіл елді билеген шынжыр балақ, шұбар төс, азуы алты қарыс хан түгілі, осы күні облыс пен ауданның әкімінің де кемшілігін айтып, оларға қарап аузын аша алмайтын босбелбеу, ынжық ұрпақ үшін бұл ақылға сыймас ақиқат болып көрінуі мүмкін.

Егер рас болса, осы сөзді естігеннен кейін де қара жердің жарығына кіріп кетпей, тірі жүрген хан Жәңгір:

– Бұлай айтпаса, Махамбет батыр бола ма?! Батырдың мұндай асау сөзін көтермесем, мен хан болам ба?! – деген көрінеді.

Міне, осындай «шамданса шалқасынан түсер асау, шамырқанса шарт сынар» шарболаттай тарпаң ақын сайгез оқтай сарнаған жебе-жырларымен хан ордасының шаңырағын шайқалтып, түндігін желпілдетіп, туырлығын тілгілеп, үзіктерін ұшырып әкестердей үрейлі дұшпанына айналды.

Сондықтан да оның ерлігі мен өрлігіне тәнті болып, арманда кеткен ажалының өзін өкінішсіз өлімге балаған күй атасы Құрманғазы:

*Исатай мен Махамбет  
Өкіне ме екен «өлдім» деп?! –*

деп тебіренсе, Мұрат Мөңкеұлындай айыр тілді айтқыш ақындар:

*...Сандақты жүйрік тұлпарың  
Байрақты жерде жүгірген.  
Исатай мен Махамбет  
Қызыл тілді қазақтан  
Жоқ еді жері сүрінген, – деп сүйсінеді.*

Махамбеттің қаншалықты жолбарыс жүректі батыр, азуын айға

білеген алдаспан ақын болғаны осыған дейін де талай рет жазылып, жан-жақты зерттелді. Оның бәрін тірнектеп жинап, тізбелеп жату мақсат емес. Тек мына бір деректің өзінен оның атағынан ат үріккен айбарлы Жәңгір ханның ордасы ғана емес, олардың артында айдап салып отырған озбыр билеуші орыс патшасы үшін де қаншалықты қатерлі, қаһарлы болғанын аңғаруға болады:

Көтеріліс шырқау шегіне жақындап, Исатай мен Махамбет бастаған үш мыңдай қол хан ордасын қамап, Жәңгірдің жаны қысылған сәтте оның оқу мен білімді молынан игеріп, төрт тіл білген, ақылды да сұлу әйелі Фатима ханымның күйеуіне:

*Бұрыннан, тақсыр, таппадың,  
Бір мінезден саппадың.  
Бөріні көрсе беттемес,  
Қораңа көпек сақтадың.  
«Пайданы сонан көрем» деп,  
Көптен бері баптадың.  
Көпектен көрдің не пайда?  
Жамандыққа шалдырмас,  
Бір сырттанды бақпадың.  
Исатай мен Махамбет – ердің сырттаны,  
Күндердің күні болғанда,  
Көпектің елін сол ертіп,  
Көрдің бе, міне, шапқанын? –*

деген сөзінен-ақ оның асқақ тұлғасы айқындалып, ел ішіндегі данқы мен дабысы даралана түседі.

Махамбеттің адуын ақындығы мен арыстан жүректі батырлығы, «алты малта ас болып, ат үстінде күн кешіп, ашаршылық шөл көріп, ұлы түске ұрынып, түн қатып жүріп, түсі қашып, тебінгі теріс тағынып, темірқазық жастанып, қу толағай бастанып» жүріп, «жорық жыршысы» атанған дауылпаз дарыны жөнінде айтылатын аңыз бен ақиқат көп. Соның бір парасы былай деп сыр шертеді:

Махамбет көзі тірісінде көтеріліс жыршыларының бірі Шер-

нияз ақын Жарылғасұлының үйінде жиі қонақ болып, сый-құрметін көрген. Көтеріліс аяусыз басып-жанышталған соң, Шернияз жанына араша сұрап барып, Баймағамбет сұлтаннан кешірім алғаннан кейін де Махамбетпен байланысын үзбеген көрінеді. Тіпті бірде Баймағамбет сұлтан батырдың басын алу үшін жіберген топтың ортасында болған Шернияздың ән шырқаған болып, алдында қарсы келе жатқан Махамбетке қатердің барлығын сездіріп, оны бір жолға ажалдан құтқарып қалғандығы да аңыз болып айтылады. Сол Шернияздың жас күнінде Махамбет оның үйінде кезекті рет қонақ болады. Ертесі күні енді аттанбақшы болып, үзеңгіге аяғын сала бергенде, Шернияз:

*Көк үйрек көлге қонған көзге ілікті,  
Молдалар шаригаттан сөз біліпті.  
Жолдасы Исатайдың ер Махамбет,  
Сөз бар ма тыңдағандай ескілікті?! –*

деп өлеңмен қолқа салады.

Махамбет атына қарғып мінеді де, қас қаққандай уақыттың ішінде еш ойланып-толғанып, кідірместен:

*Арғымақ алты айшылық жер сойқаған,  
Көп қағып, дауылпазды көл шайқаған.  
Опасыз мына, шіркін, сұм дүния,  
Өтерін сұм жалғанның кім байқаған?!  
Ертеңмен күннің көзін мұнар шалған,  
Екі аққу бір тұйғынды олжа қылған.  
Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,  
Лашын қанат қақпай, дәмін татқан.  
Телегей теңіз тасып шамданғанда,  
Жемсау құс тұғырдағы қайда жатқан?!  
Баласы Жарылғастың ер Шернияз,  
Ақылмен осы сөзді болжап тапсаң.  
Күн бұлт, ай қараңғы, жортар құлжа,  
Шернияз, шешен болсаң, бұл сөзімді жылдам болжа.*

*Хат жаздым, қалам тартып, «Қыл әзір» деп,  
Тар жерде «Сөйле, – дедің, – бол әзір» деп.  
Осыдан өзім қайтып келгенімше,  
Шернияз, жауабыңды қой әзірлеп, –*

деген астарлы жұмбағын суырып салады да, артына қарамастан жүре береді.

Махамбет кеткесін, Шернияз бұл жұмбақтың шешуін таба алмай, әркімдерге сұрау салып көреді. Бірақ сол тұстағы «осы қалай» деген біраз ойы терең ақындардың өзі оны шеше алмайды. Ақыры не істерін білмей дағдарып, ақылынан торыққан Шернияз жұмбақ өлеңнің шешімін әкесі Жарылғастан сұрайды. Сонда Жарылғас:

– Махамбеттің саған «Арғымақ алты айшылық жер сойқаған» дегені – «Жәңгір ханмен жауласқанда, атағымыз алты айшылық жерге жеткен батыр едік» дегені. «Көп қағып, дауылпазды көл шайқаған» дегені – «Исатайдың тірі күнінде Жәңгір ханның ордасын талай шайқалттық» дегені. «Ертеңмен күннің көзін мұнар шалған» дегені – «Исатайдан айырылып, жалғыз қалып, көкірегімді қайғы басты» дегені. «Екі аққу бір тұйғынды олжа қылған» дегені – «Ана жақтан Жәңгір хан, мына жақтан Баймағамбет сұлтан екеулеп, қуғын көріп жүрмін» дегені. «Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан» дегені – Жәңгірдің он биі мен отыз старшыны. «Лашын қанат қақпай, дәмін татқан» дегені – «Ханның сыртынан патша өкіметінің ұлығы бағып тұр» дегені. «Телегей теңіз тасып шамданғанда» дегені – «Орынбордан әскер келіп, соғысқанда бүтін ел шайқалды» дегені. «Жемсау құс тұғырдағы қайда жатқан?» дегені – халықты қанап отырған қаныпезер патшаны меңзегені. Ал «Баласы Жарылғастың ер Шернияз, Ақылмен осы сөзді болжап тапсаң» дегені – «Мұны әкең Жарылғас болмаса, сен таба алмайсың» дегені, – деп шешіпті.

Махамбеттің бұл жұмбағының қалай шешілгені туралы ел аузында екінші нұсқа да бар. Біздіңше, сол соңғы нұсқа шындыққа көбірек келінкірейді. Ол аңыз бойынша, Шернияз бұл жұмбақты

шеше алмай, басы қатқасын, «Бұған Абыл ақын не дер екен?» деп, Маңғыстауда жатқан атышулы жыр дүлдүлі, дін ғұламасы Абыл ақын Тілеуұлына ат шаптырып, адам жібереді. Бір айта кетерлігі – Абылға жолданған жұмбақтың сөздері сәл өзгешелеу. Ол жұмбақ:

*Әліп, ләм, һаймен тұрады әлхам басы,  
Мүйімнің бимен тұрады бисмилласы.  
Мүйімнің құйрығы имек, ортасы ақ,  
Білсең айт: осы ненің ишарасы?*

*Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,  
Лашын қақпай қанат, дәмін татқан.  
Арқадан қайта айналып келгенімше,  
Шернияз, шеше алмасаң, өзің сақтан, –*

деп келеді.

Сонда Абыл ақын Махамбеттің бұл жұмбағын былай деп шешіпті:

– Айтыстың шарты бойынша, Шернияз шарифаттан сөз сұрағасын, Махамбет те жұмбағын шарифаттан айтса керек. Оның «Әліп» дегені – бір Алланың аты, «ләм» дегені – періштенің аты да, «һай» дегені – Пайғамбардың аты еді. «Мүйімнің құйрығы имек, ортасы ақ» дегені – Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыздың өз үмбетіне икемдігі, жүрегінің ақтығы еді. Ал «Он бүркіт» дегені – Пайғамбарымыздың өзіне жақын кеңесшілері еді. «Отыз аққу» дегені – Дәуіттің өлген отыз ұлы болса, «Лашын қақпай қанат, дәмін татқан» дегені – сәждеден басынды көтеруге мұрша бермей, жаныңды алатын жаналғыш Әзірейіл еді, – депті де, хабаршыға:

– Шерниязға айта бар: жұмбақ сөзінің астарындағы мәнін ұғынсын. Әкімдіктің буына мастанып, тоғышар тірлігіне мактанып, астамшылық сөз сөйлеп, іс істеуден бойын аулақ салсын. Жараның аузын тырнамай, жөніне жүрсін, – деген екен.

Осы оқиғаның өзінен-ақ Махамбеттің тек ақын, батыр ғана

емес, қаншалықты сұмдық терең, сұңғыла сауатты болғандығын қапысыз аңғаруға болады.

Міне, осындай күрескер де қаһарман, озалдан-ақ заманынан оқ бойы озық туған Махамбеттей бабасының асыл қасиеттері Жаңабай аға секілді оның ұрпақтарына да жұғысты болды. Өйткені, тектілік тұқым қуалайды. Қанда бар қасиет жоғалмайды. Махамбеттей алмас тілді ақын мен басын бәйгіге тіккен батырдың асау қаны Жәкеңнің де тамырында тулап ағып жатты. Сондықтан да осындай ата-бабасы бар оның осал болуға еш хақы жоқ еді. Айырмашылығы сол: Жәкең – ел басына күн түскен, ер етікпен су кешкен Ұлы Отан соғысының да, белінен береке мен бақты дүреткен бейбіт күннің де батыры.

Жәкең өзінің өмірінің соңғы жылдарында осы Махамбет атасы жайлы мәліметтер жинақтап, батыр бабасы туралы кітап шығару жөнінде біраз жұмыстаныпты. Тіпті өзінің қойын дәптеріне Махамбеттің «Соғыс» атты өлеңін, кімнен екені белгісіз, өз қолымен жазып алғанын да көрдік. Бірақ ол бұл арманына жете алмады. Бұл туралы оның қызы Бағдат апамыз өзінің естелігінде былайша баяндайды: «..80 жылдық мерейтойын тойлауды жоспарлап, папамның көзі тірісінде соңғы рет үйге барғанымда, ол керекті құжаттардың бәрін жинап, Махамбет атамыз туралы жазылған кітапты толықтыру үшін әртүрлі тапсырма берген-ді. Өкінішке қарай, бұл ойы орындалмай қалды», – дейді ол.

Бір айта кетерлігі – Жәкеңнің үлкен ұлы Мақсұттың балалары Асылбек пен Алмаз атты немерелеріне қалдырған қолжазба шежіресінде: «Беріштің екі баласы болған: 1.Байбақты, одан: Асылбек, Шақай, Бегіс, Құлкеш. 2.Байсейіт, одан: Есенғұл, Қаратоқай, Жайық. «Жеті баулы Беріш» деген атаң осы» деп жазыпты. Бірақ біз ел аузындағы естіміш деректер мен қағазға түсіп, қатталған шежірелерге (1.«Уикипедия» энциклопедиясы; 2.«Шежіре» (Генеология казахов), «О роде Беріш»; 3.Финаят Жұмашев, Қайырлы Жұмағазиев, Мәжит Мұхтаров «Шежіре» (Беріш руының Қаратоқай, Есенқұл, Құлкеш аталары), Атырау, 2000 жыл, «Ақ Жайық»

ЖШС; т.б.) сүйеніп, «Жеті баулы Берішті» жоғарыдағыдай етіп тараттық. Оның қаншалықты дұрыс-бұрысын көңілі ояу, көзіқарақты оқырмандардың өздері сараптай жатар. Біз бұл саланың білгір маманы да, тарихшы да емеспіз. Сондықтан айтылған аталық жіктің ара жігін ажыратуды әркімнің өзінің патша көңіліне қалдырдық.

Шегінісімізді осы жерден іркіп, шежіре желісіне қайта оралайық.

Шыбынтайдың Тілемісінен Айса, Сүйінәлі, Дүйсенбі тарайды. Исатай-Махамбет көтерілісін көзімен көрген көнекөз қарттардың айтуынша, Тілемістің Айсасы да он бес жасында осы халық толқуына қатысып, ханға қарсы бас көтерген батырлардың бірінің атқосшысы болып жүріпті. Айса ақындығы да бар, батырлығы да бір басына жетерлік жүректі жан болыпты. Оның көтерілісшілер талқандалған соң қолға түсіп, түрмеде жатқанда шығарған ұзақ жырынан артындағы ұрпақтарына:

*Өтіпті Өтеміс хан, Шыбын Тобай,*

*Шалқыған бабаларым жариядай.*

*Шығыпты бұл тұқымнан небір дүрлер,*

*Батыр да, ақын да бар дариядай, –*

деп келетін жұрнағы ғана жеткен. Патша жөндеттері он бес жасар жаңаөспірім бозбалаға дені дұрыс айып таға алмай, ақыры ол жа-ладан құтылып, аман-сау босап шығады. Сонда Айса ақын айда-лып бара жатқанда анасының хан жасауылдарына: «Ана баланың тамағының ілгегін салып жіберейінші», – деп барып, көйлегінің түймесін салған болып, «Аузыңа ие бол! Артық сөз айтпа!» дегенді меңзеп, баласының тамағынан үш рет қыскандығын ел бүгінде аңыз етіп айтады.

Айсаның төрт баласы бар: Кереш, Сәлімгерей (Шәкөш), Дәуіт, Шадияр (кейде «Шардан» деп те айтылады). «Тектіден текті туа-ды, тектілік тұқым қуады». Айсадай ақын да батыр адамнан туған Сәлімгерей де – өз заманында екі кластық «Кермеқас» мектебінде білім алып, ел басқарған, орысша да, қазақша да сауатты.

Қызылқоға өңіріндегі 11-ауылдың старшыны болған белгілі, беделді кісі. Ол айтқаны келіп, атқаны тиген, алдағыны айнытпай болжайтын көріпкелдігі мен құмалақшылығы да бар, Құран ашып, мұсылманшылық мұраттарын да уағыздаған, ауыл-елі аузына караған ардақты азамат болған. Кейін жаңа өкімет келген кезде орысша, қазақша сауаты мен озық ойлы білімділігінің арқасында осы өңірде Кеңес үкіметін орнату ісіне аянбай атсалысып, беделі мен белсенділігімен көзге түседі. «Алып – анадан, ат – биеден туады» дегендей, ар жағында тектілік пен дегдарлықтың уызы дарыған Жаңабай ағаның осындай аталы ақсақалдың баталы ұлы болып ержетуі де табиғи заңдылық іспетті.

Сәлімгерей екі әйел алған. Біріншісі – Шеркеш руының қызы Дене де, екіншісі – Ысық руының қызы Қайша. Осы екі зайыбынан көрген үрім-бұтақтарының өзі бүгінде тамырлары тереңге кетіп, бұтақтары биіктеп, жапырақтары жайылған ұрпақтарға айналды.

*«Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер,  
Жеті атасын білмеген – құлағы мен жаағын жер»* –

дегендей, арғы ата-бабаларының кім болғандығын ұрпақтарының құлағына құйып кетуді мақсат еткен Жаңабай аға жасы ұлғайған шағында қолына қалам алып, бағзыдағы бабалары туралы шағын шежіре жазып қалдырыпты. Ол шежірені осы кітапта жариялап отырмыз.

Одан бері де талай жылдың жүзі өтті. Сәлімгерей ұрпақтары өсіп-өніп, өркенін жайып, үбірлі-шүбірлі үлкен ауылға айналды. Жәкеңнің осы өз қолымен жазған шежіресін сәл-пәл толықтырар болсақ, қыз балаларды айтпағанның өзінде, үлкен ұлы Мақсұттың баласы Асылбектен Әлішер, Искандер, Нұрлыбай ағаның немересі Сәбиттен Аян, Ғабдолдан Әбілмансұр, ұлы Әлібектен Сырым, Жәңгірбай ағаның ұлдары Спаннан Сәулет, Мәдиден Дәулет, Дулат есімді ондаған балалар дүниеге келіп, бүгінде Сәлімгерей әулетінің сәні мен салтанатын асырып, даңқы мен дәрежесін арттырып, еліміздің әр түкпірінде еңбек етіп, білім алууда.



## АСЫЛ ТУҒАН НАҒАШЫ – АЛТЫН ТОННЫҢ ЖАҒАСЫ

*«Сулы жердің қасиеті – сағасында,  
Нулы жердің қасиеті – ағашында.  
Ел үшін туған ер жігіттің қасиеті –  
Ешқашан өзгермейтін нағашыда»* дейді қазақ.

Жаңабай ағадай жайсаң азаматтың нағашысы да – нар мінезді батыр ауыл, ықылым замандардан бері ырыс-несібесі мен бақдәулеті басынан таймаған Ысық руы. Оның ішінде Жамбыл тармағы. Ысықтың Жамбыл, Жапалақ, Жақсыбай тақталары негізінен Атыраудың Қызылқоға өңірін мекен еткен.

Ысық та – қазақтың қадымнан бергі тарихымен бірге жасасып келе жатқан ең ежелгі тайпалардың бірі. Ұраны – «Бәйтерек», таңбасы – >, у, о, яғни бақан, жарты үшбұрыш, дөңгелек. Ысықтар туралы хатқа түскен алғашқы деректерді М.Тевкелев пен Ларнонов рапортынан, А.Левшин жазбаларынан, сондай-ақ М.Мұқанов пен В.Востров еңбектерінен табуға болады.

Ысық руы негізінен Ақсары және Сарыбай атты екі ірі тактаға бөлінеді. Бұл рудан да небір аузымен құс тістеген ақпа-төкпе ақындар мен тұлпар мініп ту алған, көрген елі қуанған, қылышын қанға суарған баһадүр батырлар, жауырыны жерге тимеген, күш сынасқан жауы күйреген, алысқан алыпты шөгерген, алғыс пен батаға бөленген, қара күштің қабы, балтыры жуан балуандар мен ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен, телі мен тентекке терсең ойлы үкім кескен әділ сөзді билер, алдынан алқалы елі тараған, аузына астана жұрты қараған айтқыш тақтақ шешендер мен адасқанға жол нұсқап, артындағы халқына жөн сілтеген, көш бастаған көшелі көсемдер, қолы Құранда, көңілі шығанда болып, қараңғыда нұр шашқан, қарасынан жын қашқан белгілі дін ғұламалары мен шартарапқа даңқын асырған, шапағаты шашылған шарапаты мол шайхы-ахундар, қара жердің белін қайыстырған қара ормандай қалың малымен қарапайым қалын бұқараға қайыр-

көмегі тиген бай-бағландар мен қасиетті дуасымен, қабыл болған дұғасымен зайыр-көмегі тиген, исі қазаққа аты мәлім ишан-хазіреттер, мың бұралған биімен мұнараның да басын игізген бишілер мен күмбірлеген күйімен көңілдерге сәруар сәуле құйған, басқалар саусағынан саз өндіргенде, бұлар бақайынан бал тамызған құдіретті күйшілер, кара тасты қамырша илеген қасиетті шеберлер мен темірдің тілін біліп, тентектей жуасытып, тезге салған қолы ұсынақты ұсталар, өрмектің жүзі мен кестенің бізі сала алмас кереметтерді өрнектеп тұрып өрілкен алтын қолды зергерлер мен кара жердің қабатынан су шығарып, халқының шөлін қандырған, құм мен шөлдiң құпиясын бес саусағындай білетін құдықшылар, алдағыны айнытпай біліп, аудармай болжап отыратын, көкірегінің көзі бар көріпкелдер мен құлпы шешілмеген құпияларды Құдаймен тілдескендей етіп дәл айтатын құмалақшылар, қысқасы, қазаққа біткен қандай қасиет болса, соның бәрін бойына сіңірген біртуар тұлғалар көп шыққан.

Әріге кетіп, әуеден қайырмай-ақ, ел сыйлаған емші, көреген көріпкел Оңай ата, Сырым Датұлының оң қолы, көтерілістің екінші көшбасшысы болған, кара қылды қақ жарған Қаратау би Өмірзақұлы, аузы түкті кәпірді әруағымен қашырған айбынды Айбас батыр, Махамбеттің қанды көйлек жолдасы болған Қалдыбай Қосаяқұлы, құпиялы сұсымен, құдіретті күшімен кезінде Кеңес өкіметін сескендіріп, соңына түскендерді сергелдеңге түсіріп, сенделтіп қойған Құныскерей Қожахметұлы, астарлы сөздің айтқыры, талай айтыстарда адам баласына дес бермеген арқалы ақын Ыбыраш Мырзалыұлы, асқақ дауысты әнші, айтулы сері Айтмағамбет Лұқпанұлы, Қошалақта туып, қол бастаған қаһарман, Кеңестер Одағының Батыры Мұқат Мұсаев, сөз зергері Ғабит Мүсіреповке «Қазақ солдатындай» қалың роман жаздырған Қайырғали Смағұлов, қазақ мұнайының көшбасында тұрған Балғымбаевтар династиясының басшысы Өтеп және Салтанат ақсақалдар, тәуелсіз Қазақстанның алдымен Мұнай-газ министрі, артынан Премьер-министрі болған Нұрлан Балғымбаев сияқты азаматтарды атасак та, жеткілікті.

Бұлардың кім болғандығын кеңірек білгісі келетін кісілер үшін бір ғана мысал келтіре кеткен дұрыс болар. 2004 жылы Алматыдағы «Өлке» баспасынан жарық көрген «Бәйтерек» (Байұлы Ысық руының шежіресі) атты кітапта баяндалатын мына бір оқиға біздің айрықша назарымызды аударды:

«..Оңай ата тірі кезінде: «Егерде мен о дүниелік болып кетсем, осы жерге қоярсындар. Себебі, түбінде осы жер дүбірлі жолдың бойы болады», – деп, қазіргі Атырау-Доссор тас жолының бойын айтқан екен. Осындай көріпкел, тәуіп, емші Оңай атаны жеңгелері атын атамай, «Арзан» деп атаған. Оңай атаның өз атасы Қаспай да күшті әруақты кісі болған. Төрт түлік малы жерге сыймай жататын бай болғанымен, өте жұпыны жүріп, қарапайым болыпты. Бір күні ол кең далада келе жатса, аттылы бір кісі қасынан өте шығыпты. Жас шамасы бұл кісіден кіші бола тұрып, сәлем бермесе керек. Сол адам сәл өткеннен кейін атынан құлап, қатты жарақаттанып қалады. Жөн сұрастырып, ол кісінің Қаспай екенін білген соң, әрдайым өз ағайындарына: «Бұл дүниеде Қаспайдың ұрпақтарына қарсы келе көрмендер», – деп, қасиетті екендігін айтып жүріпті... Бүгінде Атыраудан Доссорға өтер жол бойындағы Оңай атаның кесенесі жанынан тоқтамай, дұға оқымай ешкім өтпейді, бәрі тәу етеді», – деп жазады атаның жиені Добыш Самалықова.

Осы Оңай ата – Жәкеңе нағашы болып келетін Ысық руының ұрпағы. Демек, ол кісі өзі жерленетін Доссор маңайы кейін қаймана халықтың наны мен нәпақасына айналатын қазыналы өлке болатынын, оның ішінде өзінен тараған ұрпақтары ғана емес, Жаңабай аға секілді жиендеріне дейін жетерлік ырзық-несібесі мол ырысты өңір боларын алдын-ала айнытпай болжап кеткен көрінеді.

Осындай Отман таудай орны бөлек тұлғалар шыққан Ысық руының қызы, Жәкеңнің анасы Қайшаның әкесі Төрәлі деген кісі де ауыл-аймаққа белгілі молда адам болыпты. Ал Қайша шешеміздің қайраты мен қайсарлығы хақында сәл кейінірек, сәті түскенде әңгімелейтін боламыз. Тек «Ердің анасы – елдің панасы»

дегендей, ол кісінің алтын құрсағында жаратылып, ана сүтін емген Жаңабай ағаның екі арнадан келіп тұрған ең асыл қасиеттерді бойына жинақтап өсуіне өз жұрты мен нағашы жұрты жағындағы осындай тектілік пен тереңдік, бекзаттық пен берендік игі ықпалын тигізгенін айта кеткеніміз жөн болар.

Шежіренің шегіне жету мүмкін емес. Қаза берсең, қаузай берсең, қат-қабат қазына мен қатпар-қатпар сырларын алдына тосып, бұлдыр-бұлдыр бұрынғыдан келіп жеткен бағзыдағы бабалардың сөзінен басталып, бұлтарысы көп бұлың-бұлың жолдарға түсіріп, тіпті кейде шамалы адамды шатқаяқтатып, айқын жолынан адастырып кетуі де кәдік. Сондықтан бұл тақырыптағы әңгімені осы жерден іркіп, ат басын Жәкеңнің туып-өскен жері мен ең алғаш еңбекке араласқан кездеріне қарай бұрайық.

## ТУҒАН ТОПЫРАҚ, ӨСКЕН ОРТА

Жаңабай Сәлімгереевтің жарық дүниенің жамалын көрген жері – атышулы Бала Ораз Өтебайұлының:

*Көрінген сонадайдан Гурьевім,  
Көрмедім Гурьевтей жер биігін.  
Сыртыңнан өзімсініп жүрсем-дағы,  
Әркімдер салады екен көз қиығын.*

*Көрінген Гурьевтің мұнарасы,  
Он сегіз – толықсыған қыздың жасы.  
Зер салып, атластан бешпет киген  
Япырау, мынау кімнің қарындасы?! –*

деп әнге қосқан әйгілі Гурьев, атан нар аунаса, жүк қалған, тұлпар аунаса, түк қалған кәрі Атыраудың қасиетті топырағы. Оның ішінде де Жұмабай Құлиевтей журналист, жазушы, арқалы ақыны:

*Бұл өлкеде тау да жоқ заңғар асқан,  
Талай шайыр бірақ та әнге қосқан.*

*Жүрек құрғыр шымырлап, тыпыршиды,  
Отарбамыз асқанда Қандыағаштан.*

*Қиял байғұс самғасын, шығандасын,  
Естеліктің ағыттым бұрандасын.  
Думан құрған ту тігіп, жәннатым-ай,  
Әнімдесің, ақ Сағыз, дұғамдасың.*

*Адастырмас түнде де шүкір, алау,  
Айналасы – көкорай, сыпыра бау.  
Айналайын Шернияз атам жатқан,  
Жымыңдаған оттары Мұқыр анау...*

*Төгіп-төгіп, барымды айтқым келді,  
Сан сапардан сағынып қайттым кері.  
Туған далам, сенде өткен әр сағатым –  
Сияқты бір мен үшін айт күндері, –*

деп жырға қосқан киелі мекен, кең бесік Қызылқоға ауданының Тайсойған жері.

Бұл өңірде тек қана Шернияз ақын жатқан жоқ. Басқаны былай қойғанда, нақ осы Қызылқоға топырағында маңдайы жарылып туған көсем, тандайы жарылып туған шешен Есет би (XIX ғасыр) мен ақпа-төкпе, айтулы жырау Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908) және жастайынан Атырау, Маңғыстау өңірі ғана емес, байтақ Батыс Қазақстанның бетке ұстар жыр дүлдүлдері Абыл, Ақтан, Қалнияз, Махамбет, Досжан сияқты атышулы ақын-жыраулардың өлендерін өнеге тұтып, Бала Ораз, Жаскілең, Мұрат Мөңкеұлы секілді өлең сөздің өрен жүйріктерінің көзін көріп, тәлімін алған. 1925 жылы Ташкент қаласынан атақты «Исатай-Махамбет» атты тарихи дастанын бастырып шығарған Ығылман Шөрекұлы (1876-1932) дүниеге келгендігін айтсақ та, аз емес. Арғы-бергіден қысқаша қайырап болсақ, бұл – абыз бабалар Асанқайғы мен Сыпыра жырау сияқты талай тарландардың табаны тиген жер.

Сондай талай таланттар туып, небір дүлдүлдер дүреген Қызылқоға ауданы – бүгінде батысында Атырау облысының Индер және Махамбет аудандарымен, Атырау қаласымен, шығысында Ақтөбе облысының Ойыл және Байғанин аудандарымен, солтүстігінде Батыс Қазақстан облысының Сырым және Қаратөбе аудандарымен, оңтүстігінде Атыраудың Мақат және Жылыой аудандарымен шектесетін, жалпы жер көлемі 24,9 мың шаршы шақырымды алып жатқан үлкен аудан. Арғы тарихы атам заманнан келе жатса да, алғаш аудан болып 1944 жылы құрылған. Орталығы – Миялы селосы. Сағыз, Мұқыр, Жасқайрат, Қаракөл, Тасшағыл, Жангелді, Қоныстану, Қарабау сияқты ірі елді мекендері бар. Жер бедері негізінен жазық, тегіс болғанымен, солтүстік-батыс жағын өзен аңғарларымен тілімденген ірі құм массивтері алып жатыр. Жері сортаң, сорлы топырақ болғанымен, құнарсыз емес. Аудан территориясын Ойыл мен Сағыз өзендері қиып өтеді. Кәдімгі:

*Ойыл Қайда, Жем қайда, Сағыз қайда,  
Өткірі қылыш, жүйрік ат – жанға пайда.  
Ат терлетіп алыстан келгенімде,*

*Қарсы алатын құрметтеп сәулем қайда?! –*

деп келетін халық әнінде айтылатын әйгілі Ойыл мен Сағыз. «Ойыл – көздің жасы, Сағыз – сөздің басы».

Желмаясымен жер жүзін жеті айналып, Жерұйықты іздеген атақты Асанқайғы бабамыздың Керей мен Жәнібек хандарға:

*Ойыл деген – ойың-ды,  
Отын тапсаң, тойынды.  
Ойыл – көздің жасы еді.  
Ойылда кеңес қылмадың,  
Ойылдан елді көшірдің, –*

деп налитын, оймауытты қуалай аққан оты көп, шөбі шүйгін, суы салалы Ойыл өзені.

Нұрым Шыршығылұлының «Тоғыз ауыл» дастанында:

*Ойыл да, Қиыл, Жем, Қайнар,  
Колденең өтіп, ел жайлар.*

Жаз ортасы болганда,  
 Күн зауалға толганда,  
 Қонушы еді қарыштап,  
 Маңғыстаудың ойына,  
 Сья алмай шыққан көп байлар...  
 Күндердің күні болганда,  
 Адыра қалып барасың,  
 Қайран Шақыбоз бен Бегайдар, –

деп жырланатын жер жәннаты Ойыл. Сол Ойылдың төменгі ағысындағы Көздіқара, Құройыл және Жарыпшыққан, Жаманашы салалары Қызылқоғаның оңтүстік-батысында, ал Ноғайты, Топырақшашты, Бұрмасай және Мұқыр атты салалары мен Сағыз өзенінің орта ағысы оңтүстік-шығысында ағып жатыр.

Белгілі жүйрік, Кете Жаскілең ақын:

Жаз жайлауым сұрасаң –  
 Терісаққан, Қобда, Шыңғырлау,  
 Ойыл да Қиыл, Батпақты,  
 Үш өзеннің саласы.  
 Күз күзеуім сұрасаң –  
 Топырақшашты, Жем, Қайнар,  
 Сағыздың сары даласы.  
 Қыс қыстауым сұрасаң –  
 Ұзын Жемнің аяғы,  
 Көлденең жатқан көк теңіз,  
 Атыраудың жағасы.  
 Өзімнің атым – Жаскілең,  
 Кете Бекберген жырау баласы, –

деп төгілтетін, төрелер жайлаған төрлі мекен осы. Аққұдық, Белқұдық, Тақырқұдық, Қарағанқазғанқұдық сияқты көненің көзіндей көлдері мен көптеген құдықтары ықылым заманнан бері ел қажетіне жарап, көшпенді халықтың көже қарнын тойғызар нәсібі мен көңіл қарнын тойғызар көзқуанышына айналған.

Аудан негізінен ауыл шаруашылығымен, оның ішінде қарақол

кой шаруашылығымен, кейбір жерлерінде аздап егіншілікпен (тары өсірумен) де айналысады. Қазіргі таңда бұл жердің солтүстік-шығысында Атырау-Қандыағаш-Орск темір жолы мен мұнай құбыры, солтүстік-батысында Орта Азия-Орск мұнай мен газ құбырлары өтіп жатыр.

Міне, сол Қыдыр дарып, құт ұялаған, береке кіріп, бақ қонған қасиетті Қызылқоға өңірі – Жаңабай ағаның да кір жуып, кіндік кескен жері.

Жәкең осы қасиетті Қызылқоғаның Тайсойған жерінде 1917 жылдың 7 қарашасында дүниеге келіп, ауыл-елге белгілі, абыройлы ақсақал әкесі Сәлімгерей қарттың өнеге мен өсиетке толы тәлім-тәрбиесін көріп өсті. Өздерінен өрбіген бала-шағалары түгілі, басқаларды да жатсынып, жатырқап көрмеген бауырмал аналары Дене мен Қайша шешелерінің бауырында алма-кезек асыр салып ойнап, тумаластарымен бірге тел қозыдай жарасып, тең құрбыдай сыйласты. Алып бара жатқан аста-төк болмаса да, өз дәуіріне лайық қонырқайлау балалықтың қоңыртөбел тіршілігін қатар-құрбы, замандастарымен бірге кешті. Ең бастысы – атаның құты, ананың сүтімен сіңген бауырмалдық пен мейірімділікті, айналасына, жақын-жуықтарына ғана емес, барша адам баласына деген қамқорлық пен қайырымдылық сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп ержетті.

## ӨМІРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДА

Жастайынан еті тірі, ширақ та алғыр болып ержеткен Жаңабай аға Кеңес өкіметі орнаған алғашқы онжылдықтарда кең тараған «Қызыл отаулардың» бірінде жәдидше сауат ашты. Обалы не керек, қазіргі күні қанша жамандасақ та, «қараңғы» халықтың көзін ашып, оқу мен білімге ұмтылдыруда Кеңес үкіметі аз жұмыс жасаған жоқ. Жер-жерде «Қызыл отаулар» құрылып, көзінде оты, көкірегінде сәулесі, сәуесі бар адамдардың бәрін еркек-әйеліне, жас-кәрісіне қарамай, жаппай сауаттандыру жұмыстарын белсенді



жүргізді. Міне, осындай «Қызыл үйлердің» бірінде біздің Жәкең де әліпті таяқ деп танып, әріптерді үйреніп, алғашқы дәрістерін тындап, жаңаша сауатын ашты. Сол бір қым-қуыт кезеңдегі қызыл үкіметтің халықты қалай оқу мен білімге үйреткенін бүгінде сексеннің сеңгірінен асып, тоқсан жастың төбесіне ту қадағалы отырған Жәкеңнің інісі Нұрлыбай аға былай деп еске алады:

«Кеңес өкіметі жанадан құрылған жылдары белсенділер халықты ауыл-ауыл қылып біріктіріп, саяси таным сабақтарын оқытып, үйреткені тарихтан белгілі. Ол күндегі оқу жәдидше болатын. Жәкең де техникумға түскенше жәдидше сауат ашты, латынша оқыған жоқ. Сол кездегі сауат ашу сабақтарының өту барысы әлі күнге дейін көз алдымда. Керегенің ішінде үлкендердің ер адамдар жағы бір бөлек, әйелдер жағы бір бөлек отырады. Біздер баламыз. Бізді оған кіргізбейді, тек терезеден, босағадан сығалап қана жүреміз», – дейді ол.

Жәкеңнің болашақта өзінің несібесін теріп жейтін автокөлік кеңсесінің есігінен он бес жасар ойын баласы кезінде алғаш рет аттағанын бүгінде біреу білсе, біреу біле бермейтін болар. «Ата – балаға сыншы» дегендей, жас та болса зерек, сұңғыла баланың келешекте темір-терсекке икемі бар, техниканы меңгерген азамат болып шығатынын сыртынан қарап жүріп, сынап білген нағашысы Құспан Оразбайұлы ақсақал бір күні Доссордағы трактор жөндейтін шеберхананың бастығына қолынан жетелеп апарып:

– Мына бала – менің жиенім. Осыны өзің басқарып отырған шеберханаға слесарь етіп орналастыр. Бөтен әңгіме болмайтын болсын. Біреу-міреу келіп: «Бұл кім еді?» деп сұрап жатса, өзім жауабын берермін, – деп тастап кетіпті.

Бұл әңгіменің ақиқат екендігін «Ол жайында маған тумаласым Темірхан Сарбөпин айтып еді» деп, қарт мұнайшы Сакын Құспанов ақсақал растайды.

Бірақ арнайы білімі болмаған соң, балаң жігітке кәсіп игеріп, мамандық алу қажеттігі туды.

Осы кезде жаңа қоғам орнатып жатқан жас үкімет те аяғынан нық тұрып, жер-жердегі қабілетті жастарды халық шаруашылығына

жұмылдырып, жұмысқа тарту үшін кәсіптік білім беретін мектептер ашылып, жан-жақтан жастарды шақырып жатты. Өйткені, тәлтіректеп, енді ғана қаз тұрған тәуелсіз мемлекеттің еңсесін көтеріп, елдің жағдайын жақсарту үшін қысқа уақыттың ішінде мамандар даярлап шығару керек болды. Өмірлік наны мен нәпақасын тауып жеу үшін ең алдымен қандай да бір мамандық алып, еңбекке араласу керектігін әуелден дүниетанымы мен көзқарасы кең болып қалыптасқан Жаңабай аға жас кезінде-ақ жақсы түсінді. Алысқа қанат сермеп, қиянға құлаш ұруға қол қысқа. Әлпештеген әке мен әлдилеген Дене шеше де әлдеқашан бакилық болған. Бірақ қалайда болса, білім алып, дүниенің терезесіне дүрбімен емес, өзінің көңіл көзімен, көкірек сарайымен қарап, жақынырақ танысып, жазиралы құлашын жаюы керек. Ең бастысы – әкесі қайтыс болғаннан кейін барлық күнелтісі мен күнкөрісі, бүкіл тыныс-тіршілігі өзіне қарап қалған бауырларын жетілдіріп, анасын асырауы керек. Ал ол үшін тездетіп білім алып, қандай да бір кәсіп үйренбесе, зулап аққан жылдардың жетегімен күнде өзгеріп жатқан зымыран уақыттың талабына жауап беріп, дәуіріңнің ауыр жүгін арқалау оңай емес. Сол себепті де арман қуып, алыс сапарға бет алған жас бозбала 1931 жылы он төрт жасында оқу іздеп, Доссордағы ФЗУ-ға барып түсті.

ФЗУ (немесе ФЗО) дегеніміз – фабрика-зауыттардағы мамандық иелерін дайындайтын кәдімгі колөнер училищесі. Доссордағы ФЗУ-ды алғаш рет құрған төңкерістің жалынды жаршысы болған қарымды қаламгер, сол кездегі Орталық Комитеттің қызметкері Сабыр Шәріпов болатын. Қазіргі кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждердің іргетасы сонау Кеңес үкіметі құрылған жылдары дүниеге келген осы ФЗУ-лардың негізінде қаланған. Кейін осы ФЗУ-лардың базасында ФЗО мектептері құрылып, 1940 жылдардан бастап 1963 жылдарға дейін жұмыс істеген. ФЗО оқушылары түгелдей мемлекеттің қамқорлығында болып, тегін білім беріліп, тегін жатын орын, тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Талап біреу: шәкірттер тек тәртібі дұрыс, қабілеті жоғары болып, қандай да бір кәсіпке бейімделіп шыға алса, болды. Кейін бұл

мектептер өнеркәсіптік кәсіпорындар базасында жұмыс істеп, КСРО сияқты алып мемлекеттің еңбек резервін даярлайтын үлкен құрылымдық жүйеге айналды. Мұнда негізінен құрылыс, тау-кен, көмір өндірісі, металлургия, мұнай және басқа да кәсіпшіліктерде жұмыс істей алатын кәсіби мамандар дайындалды. ФЗО түлектері халық шаруашылығы мен өндірістің сан алуан салаларында дәнекерлеуші, электрик, токарь, слесарь, тігінші, сауда қызметкері мамандықтарын алып, жаңадан құрылған жас мемлекеттің экономикалық артерия тамырларына аз уақыттың ішінде қан жүгіртті. Алғашқыда екі жылдық, үш жылдық оқу мерзімі кейін қысқартыла келіп, алты айлық курстарға айналды. Жәкең оқуға барған соң кездің өзінде кез келген адамның қолы жете бермейтін бұл мектептерден кейін Қазақстанның ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағының экономикасын аяғынан тік тұрғызған талай мықтылар түлеп ұшты. Деректерге сүйенсек, ФЗО мектептерінен 6 миллионға жуық жұмысшылар мен мамандар дайындалып шығып, еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек жолдарын бастаған екен.

Жәкең осы ФЗО училищесінде үш жылдай оқып, слесарь мамандығын алып шықты. Оқи жүріп, басқа да қазаны бір, қайығысы ортақ қатарластары секілді жоқшылықтың да, таршылықтың да талай дәмін татты.

Әрине, өзі жоқта елде қалған анасы мен бауырларының жағдайы анау айтқандай құлпырған жақсы болған жоқ. Бас көтерер азаматы басқа жақта оқуда жүрген соң, шиеттей бала-шағамен алдындағы азын-аулақ ұсақ жандығына қарап қалған жесір әйелдің күнелтiсi не оңсын?! Бірақ Қайша шешеміз анау-мынауға мойымайтын, бойында еркекке бергісіз ер қайраты бар, қажарлы адам еді.

Оның қашық жолға қажымас қайраттылығы мен алған бетінен қайтпайтын бірбеткейлігі жөнінде қазіргі күні Алматыда тұратын Махамбет батырдың тіке тұқымы, Жәкеңнің қарындасы, 86 жастағы Сәлима Жұматова апай: «Жаңабай ағамыз Доссорға ФЗО училищесіне оқуға кеткенде, Қайша шешеміз: «Жаңабайжанға барам», – деп, Нұрлыбайды, Жәңгірбайды ертіп, Жібекжанды көтеріп, азықтарын арқалап, жаяулап бірнеше күн жол жүріп. Қы-

зылкоға ауданынан Доссорға барыпты. Менің көкем жеңгесінің сондағы қажырлылығы мен қайраттылығын айтып, таң қалып отыратын еді», – деп әңгімелейді.

Ал, Жәкең жоқта көрген қиыншылықтарын інісі Нұрлыбай ағамыз: «Жәкең оқуда жүріп темекі, андай-мындай ұсақ-түйек заттар салып жібереді. Мен соны сатып, тары алып келемін. Өзім кішкентаймын. Арқама бір шелек тарыны салып жібереді. Соны ауылға жеткенше арқалап, демалмастан жүріп, діңкем құрып жетемін. Отыруға болмайды. Отырсам, қайтадан тарыны көтеріп, орнымнан тұра алмай қаламын. Сондықтан еш жерге отырмастан, кідірместен жүріп отырып, тарыны алып келемін. Жәкең оқудан келгенше сөйтіп күн көргенбіз», – деп еске алады.

Бұл кезде Жәкең кеткесін, Қайша шешей артында қалған балашағасын ертіп, Тайсойғаннан Миялыға көшіп барып, сонда тұрып жатқан болатын. Жәкең оқуды бітіріп, елге келіп, жұмысқа орналасқан соң, бұл көрген бейнет пен шеккен азаптың бәрі бір күнгідей болмай, ұмытылды.

## ДАҢҚЫ БИІК ДОССОРИМ

Жәкеңнің алғаш рет ерте жастан қызметке араласып, еңбек жолын бастаған жері – эн меруертін терген құмыр көмей әншілер Шынтас пен Шайқының өзі шарықтата салған әйгілі «Гүлжансары» әніндегі:

*Доссорда шәй құяды Гүлжансары,  
Гүлжандай бола бермес қыздың бәрі.  
Жігіттің еш арманы болмас еді,  
Гүлжандай сұлу болса алған жары, –*

деп айтылатын атақты Доссор.

Атыраулық ақын Мақсұт Неталиев:

*«Доссор» деп атамаймыз тек төбені,  
Көрінер Гурьевтен көк терегі...*

*Бір шеті Ақ Жайықты алып жатса ,  
О шеті Жеммен сонау шектеледі...*

*...Қақты ма қиял тербеп, ой қанатын:  
«Өмір зой, – деп бастады ол, – ойланатын.  
Дос деген – адам аты, мекені – сор,  
Доссор деп сол себептен қойған атын...».*

*...Күн бата сонау үйлер төбедегі,  
Алтын күн шұғыласына бөленеді.  
Самал жел қиялыңды қағып алып,  
Доссорға сенен бұрын жөнеледі...*

*...Жайықтың жеткізбейтін Жемге арасы,  
Білді енді оның сырын белбаласы.  
Сондағы құба жонға қанат жайып,  
Орнады қара алтынның кен-қаласы!*

*«Ел жаңа – елу жылда» – ел есебі,  
Жетібай... Өзен... Теңіз – тел өседі...  
Маңғыстау маржандарын қоссақ бұған,  
Доссордың қайда кетпек келешегі?! –*

деп жырына арқау еткен, даңқы жер жарған Доссорыңыз осы.

Жәкең келген кезде Доссордың атағы дүрілдеп, дүн-дүниеге дүркіреп аты естіліп тұрған уақыт болатын. Доссордың дабысы алғаш рет жер жүзіне қара мұнайымен шығып, қалың жұртшылыққа белгілі болғанын ескерер болсақ, бұл мұнай кенішінің өткен ғасырдағы шежірелі беттеріне аз-кем үңіле кетпей болмайды.

Тарихқа жүгінсек, Қарашүңгіл мен Доссорда, Иманқарада қара алтынның қазынасы жатқанын патшалық Ресей алғаш рет сонау XVIII ғасырдың басында – 1717 жылы І Петрдың жарлығымен Ембі өзені арқылы Хиуаға әскери-топографиялық экспедицияны басқарған Бекович-Черкасскийдің жазбалары арқылы естіп-білген көрінеді. Міне, осыдан бастап қазақ даласының қазына-байлығына

шындап көз салған патшалық Ресейдің дүркін-дүркін жіберген барлау экспедициялары – 1768 жылғы С.Гмелин, И.Лепехин, П.Палластың, 1827 және 1832 жылдары еліміздің батыс өңіріне екі рет сапар шеккен Г.С.Карелиннің, 1864 жылғы М.И.Ивановтың, 1869 жылғы Н.Северцевтің ғылыми экспедицияларының, 1874 жылғы Д.Кирпичниковтың, 1887 жылғы Н.И.Андрусов пен М.В.Баярунастың, 1892 жылғы С.Никитиннің ғылыми зерттеулері мұны нақтылай түсті. Ақыры 1910 жылы С.Леманның компаниясы «Орал-Каспий» қоғамының күшімен Доссорда алғаш рет терең бұрғылауды жүзеге асырды. Сөйтіп, 1911 жылдың 29 сәуірінде Доссордағы №3 ұңғымада 226 метр тереңдіктен тұңғыш рет мұнай алынды. 30 сағат бойы үздіксіз атқылаған ұңғымадан 16 700 пұт мұнай өндірілді. Бұл – Доссор мұнай бұрқағының бастауы, кәрі Доссордың қайта түлеп, қарт тарихтың қойнауында жатқан қазынасын алғаш рет ашуы еді. Осы күннен бастап Доссор өңірінің жаңа өндірісті өмірі басталды. «Қазақстанның мұнай энциклопедиясында» келтірілген деректер мен дәйектерге сүйенсек, 1913 жылы «Орал-Каспий» мұнай қоғамы Доссорда 4 450 615 пұт мұнай өндіріп, ең үлкен көрсеткішке қол жеткізген.

Содан кейін Кеңес үкіметінің қолына көшкен Доссор мен Мақат кен орындары 1924-27 жылдары жан-жақты барланды. Соның нәтижесінде «Ембімұнай» тресінің жұмыстары жақсы қорытындыланып, Атырау қаласында алдымен 1931 жылы «Ақтөбемұнай-барлау» аумақтық тресі, артынан «Қазақстанмұнайбарлау» тресі құрылды.

Мұнай кеніші ашылған соң, барлық мұнай іздестіру және оны өндіру, барлау-бұрғылау жұмыстары техникасыз, көліксіз бітпейтіні белгілі. Сондықтан трест құрылған күннен бастап автокөлік кеңсесінің де іргетасы қаланды.

Доссордағы үш жылдық ФЗО-ны бітірген соң, 1934 жылдың мамыр айында слесарь болып жұмысқа кірген Жәкеңнің алғашқы еңбек ұжымы – осы Доссор кәсіпшілігіндегі «Ембімұнай» тресінің автокөлік кеңсесі. Онымен бірге бірі дәнекерлеуші, бірі жөндеуші, бірі механик болып жұмысқа қабылданған Константинов, Цела-

скин, Әубәкіров, Назиев, Иманғалиев сияқты жігіттердің қай-қайсысы да осал емес, өз істерінің білгірлері еді. Олардың бәрі де кейін Жәкең сияқты өз саласының майталман маманы болып, халық шаруашылығының кетік тұрған жерлеріне керекті кіршіні болып қаланды.

Оқу бітіріп келген жылы-ақ Жаңабай аға Миялыдағы анасы мен бауырларын қолына көшіріп алды. Отбасын асырар бас несі жұрт қатарлы жұмысқа кіріп, ел жүгін арқалаған ер-азаматтар санатына ене бастаған соң бұл шаңырақтың да бұрынғы жадау иін, жарым көңіл жағдайы жақсырып, үй ішіне жылылық ұялап, өң кіре бастады. Жәкең артынан ерген жеделдес інісі Нұрлыбайға:

– Сенің қарым-қабілетің мен мүмкіндігің ешкімнен де кем емес. Латынша жаза аласың. Ана «білім алам» деп талпынып, оқып жатқандардың да сенен асып бара жатқан ештеңесі жоқ. Олар да орысшаны сенен артық білмейді. Қара танып, хат жаза білу – бүгінгі күннің басты талабы. Оқусыз күнің жоқ. Болашақтың кілті – білімде. Ол сенің ертеңгі күні өмірлік жейтін наның да, шығар тауың мен шырқар биігің де болады, – деп жүріп, қоярдақоймай, жетелеп отырып, орысша сауатын ашты.

Жаңабай аға жұмысқа бел шеше кірісіп, белсенді әрекетімен көзге түсті. Күн-түн демей, уақытпен санаспай еңбек етіп, ФЗУ-да алған білімін кәсіби біліктілігін жетілдіруге жұмсай білген ол аз уақыттың ішінде басшылардың назарына ілігіп, өзінің ерінбей жұмыс жасайтын еңбекқорлығымен, жұмысқа адалдығымен, аузындағыны айтқызбай-ақ аңғаратын алғырлығымен танылды.

Арада төрт жыл өткен соң, 1938 жылдың тамыз айында автокөлік кеңсесінің директоры Сваловтың бұйрығымен слесарьлық цехтың шебері болып бекітілді. Жарты жыл өтпей жатып, 1939 жылдың ақпан айында көлік кеңсесі жұмысшылар комитетінің төрағасы болып сайланды. Бұл оның тек басшылар ғана емес, қарапайым жұмысшылар арасында да үлкен бедел мен зор сенімге ие бола бастағанының белгісі еді. Жұмысына қосымша қоғамдық қызметтерге де белсене араласып, сол кездегі кеңестік саясат бойынша үлгілі жас әрі аудандық комсомол комитетінің мүшесі

ретінде Доссордағы мектепке бастауыш комсомол ұйымының жетекшісі болып жіберілді.

«Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегендей, 22 жасар жігіттің жалындаған жігері мен жастық шакқа тән албырт қимылы жан-жағындағы адамдарды да сүйсіндіріп, биязы мінезімен, байыпты әрекетімен қыз-қырқындардың да жүрегін жаулай бастады. Оқу ордасында «комсорг» болып жүріп, сол кезде мектеп қабырғасында оқып жүрген болашақ жары Ағиба апаймен танысты. Екі жас бірінбірі бұрыннан да білетін. Ата-аналары көзтаныс, ауылы аралас, қойы қоралас дегендей, етене жақын болмағанмен, ел ішінде болғасын, екеуі де бір-бірінің арғы тегі мен айналасындағы ағайын-жұртынан хабары бар болатын. Ағиба апай ол кезде 16 жаста еді. Арадағы алты жас айырмашылықтың да әсері болар, бір жағынан «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» дегендей, ата-анасының көргенді тәрбиесін көріп өскен бойжеткен қыз әуелгіде жас жігіттің жалынды ғашықтық сөздерін жауапсыз қалдырып жүрді. Бірақ өзі де іштей кетәрі емес, жігітті ұнатады. Жәкеңдей жігіттің сұлтанын жақсы көрмеу жүрегінде сезімі бар, көкірек көзі ояу әйел баласы үшін мүмкін емес еді. Әрі десе, ол кез – Жәкеңнің жай отындай жарқылдап, арыстанның аузындағыны да алардай болып, қайрат-күші мен қабілет-дарыны бұла жүрегінде бұлқынып тұрған шағы болатын. Дегенмен, ананың ақ сүтімен дарыған ұяндық пен ұяттылық, абырой мен намысты асқақ ұстаған қазақы тәрбие қанына сіңген Ағиба апай өзін мектептен шыққан кездерінде күтіп алып, шығарып салып жүрген Жәкеңнің жар болу жөнінде ұсыныс айтып, көңілін білдірген сөздеріне көп басын ашып ештеңе айтпады. Ол кездің жастары қазіргідей емес, қанша өліп-өшіп жақсы көріп тұрса да, ішкі сезімі мен ынтықтығын жасырып, құпиясын құлыптап ұстай білетін сабырлы төзім мен салқын ойға, сарабал ақыл мен сара сезімге бай еді ғой. Сол себепті екі жас кете алмастай етіп келешек тағдырларын біріктіруге сөз берісіп, өмірлік жар болуға ақи-тақи уағда байласпаса да, бір-бірін іштей ұғысып, тілсіз түсінісіп жүрді. Бұл – Жәкеңнің албырт жастағы алғашқы да ақырғы махаббатының бұр жарып, бәйшешек атқан шағы еді.



Енді-енді еңбектегі қарым-қабілеті мен тынысы ашылып, айналасындағы ағайын-тумаластарына шапағаты шашыла бастаған шағында – сол жылдың наурыз айында Жаңабай аға Қызыл Армияның қатарына әскерге алынды.

## АВТОКӨЛІКТЕН – ӘУЕ КӨЛІГІНЕ

Жәкең әскер қатарына шақырылғандығын анасы Қайшаға сездірмей, қоштаспастан аттанып кетті. Онысы – онсыз да отбасының ауыр жүгі мен тірмізік тірліктің қанжілік қып қажытқан қамыты иығына түскен аяулы анасын «уайымдамасын» деген кеңпейіл жүрегі мен ізгі ниетінен туған ой еді. Тек «Жас та болса, ер-азамат қой, түсінер» деген ниетпен інісі Нұрлыбайға ғана: «Көкесі, Нұрлыжан! Мен армияға кетейін деп жатырмын. Оны мен кетіп қалғанша мамаңа айтпа, жарай ма?! Сен – болашақ семьяның басшысысың. Енді мен тапсырманы тек саған ғана беремін» деген хат жазып қалдырды. Тіпті анасын аяғандықтан, асығып жүріп ұмытып кеткен киім-кешектерін де қайтып келіп алып кетуге батпай, сол күйі кетіп қалды. Оның қашан келетіні белгісіз алыс сапарға кетіп бара жатса да, «Шешем уайымдап, жібергісі келмей, жылап жүрер» деп, жақындарына деген қимастықтың нәзік сезімін қайыспас шыдамдылық пен сабырға жеңдіре білуі бір жағынан, Жәкеңнің ең қымбат адамдарын қиналтпайын деген ақылдылығы мен адамгершілігі болса, екінші жағынан, жалпы әйел баласына деген аяушылық сезімінің, оның ішінде туған анасына деген құрмет пен мейірімге толы махаббатының белгісі еді.

Сөйтіп, 1939 жылдың 8 наурызында Жәкең тоғыз адам болып әскерге аттанды. Ауылдан аттанған жастарды әскерге сол кездегі көлік кеңсесінің директоры, кейін Жәкеңнің жан достарының бірі болған Махмұт Айтбаев шығарып салды. Жас жігіттер 4 күннен кейін сол кездегі Кеңестер Одағының жүрегі саналған Мәскеу маңына барып түсті. Бұлар барып, жауынгер атанғанша Фин

соғысы да аяқталып қалған болатын. Бір айдай алғашқы әскери дайындықтан өткен соң, Жәкеңнің темір-терсек пен техникаға жақындығын байқаған командирлері оны ұшқыш қылуды ұйғарды.

Сөйтіп, ол 1939 жылдың сәуір айында Ресейдің Ярославль облысындағы Переяславль-Залесский қаласында орналасқан Мәскеу әскери округына қарасты кіші авиамамандар даярлайтын округтік әуе мектебінің (ШМАС – школа младших авиаспециалистов) курсанты болып қабылданды. Осы мектепте үш жылға жуық оқып, әскери өмір мен әуе мамандығының қыр-сырын игерді. Әскери тірліктің әліппесі – сапта қалай жүріп-тұрудан бастап, көк жүзіне көтерілген әуе көлігінің ұнғыл-шұнғылына дейін үйреткен бұл мектеп қырдан шыққан қарапайым қазақ баласы үшін жаңа дүниенің белесі, өмір мектебінің алғашқы баспалдақтарының бірі болды.

Жәкең оқыған бұл әуе мектебі қатардағы көп оқу орнының бірі емес еді. Кейін Переяславль кіші авиамамандар даярлайтын әуе мектебінен КСРО Қарулы Күштерінің даңқты қолбасшыларының бірі болған авиация генерал-полковнигі Николай Васильевич Петухов, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан Игорь Александрович Ходак (ол 1940 жылы осы мектепте Жаңабай ағамен бірге оқыған) сияқты мыңдаған батыр жауынгерлер түлеп ұшты.

Сол кезде Жаңабай аға осы мектепте оқыған, әртүрлі ұлттардың өкілінен құралған жүздеген курсанттардың ішінде жалғыз қазақ баласы болды. Екі жылдан кейін, 1941 жылдың мамыр айында ол әуе қаруының механигі және шебері мамандығын алып шықты. Ал інісі Нұрлыбай аға оның «Шабуылдаушы самолеттің ұшқышы және пулеметшісі» деген мамандық алғанын айтады. Бірақ Жәкеңнің әскери билетінде «Мастер и механик авиавооружения» деген жазу тұр. Әскери әуе мектебінде оқи жүріп, ол 1939 жылдан 1940 жылдың мамыр айына дейін №93 жеке барлау батальонының авиамеханигі қызметін атқарды.

Әуе мектебін бітірген соң елге келіп, жарты айдай уақыт аунап-қунап, демалып қайтқан Жәкең кетерінде тумаластарына:

– Алдағы маусым айының аяғында соғыс басталады, – деген хабар айтты.

Бұл оның тек өзінің күнделікті оқуы мен көзі үйренген әскери тіршілігі ғана емес, әр нәрседен де хабары барлығын, сол кездегі саяси жағдай туралы сауаты да мол болғандығын байқатады.

## ОТ КЕШКЕН ЖЫЛДАР

Айтқандай, 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия Кеңестер Одағына тұтқиылдан шабуыл жасап, басып кірді. Сөйтіп, 1418 күнге созылып, бүкіл әлем халқының 70 миллиондайын жалмаған, 26 миллионнан астам Кеңес Одағы азаматтарының өмірін қиған, оның ішінде 6,8 миллион жауынгерді жер жастандырып, 2,5 миллион адам тұтқынға түсіп, 4,4 миллион адам із-түссіз кеткен қанқұйлы соғыс басталды.

*Айдаһар болып майдан жсұтып жатты*

*Ата мен немеренің аралығын, –*

деп қазаққа белгілі Қадыр Мырза Әлі ақын айтқандай, Ұлы Отан соғысы кезінде бүкіл Кеңестер Одағы деген он бес одактас республикадан құралған алып мемлекеттің түкпір-түкпірінде «қара қағаз» алмаған қаралы шаңырақ қалмады десе де болады.

Бұл бұрын-соңды адамзат баласы бастан кешіп көрмеген алапат соғыс еді. «Жас алаш» газеті 2010 жылғы 7 мамыр күнгі санында: «Жалпы, бұл соғысқа 61 мемлекет, әлем халқының 80 пайызы қатысты. Соғыс қимылдары 40 елдің жерінде жүрді. 110 миллион адам әскерге алынды. 50-55 миллион шамасында адам қаза тапты. 4 триллион доллар көлемінде шығын шықты... Соғыстың негізгі ошағы болған Германия 6 миллион 500 мың адамын жоғалтты... Ал Қазақстан 602 939 адамынан айырылды. Оның ішінде қазақ ұлтының шығыны – 350 мың адам. Әйткенмен, соңғы кезде «адам шығыны 400 мыңдай» деген деректер де бар» деп жазды. Бұл сұмдық цифрлар жүрегі тастан жаралған адам болмаса, кім-кімнің де болсын жанын сыздатып, тұла бойын түршіктіреп сөзсіз.

Отыз алты жасында оттай лаулап өмірден өткен, ноіірлі жыры

мен нөсерлі бұлтын толық ашылып төге алмай кеткен атыраулық  
ақпа-төкпе ақын Меңдекеш Сатыбалдиевтің:

*Бүлінді қала сарнап, дала сарнап,  
Біздің де шытынады-ау қара шаңырақ.  
Біреудің жары қалды тас құшақтап,  
Біреудің қалды артында анасы аңырап.*

*Талайдың үйі құлап қақ басына,  
Қанатын «қара қағаз» қақты асыға.  
Талайға бұйырмады-ау,  
Қола түгіл,  
Өлген соң Маңғыстаудың ақ тасы да.*

*Айт-айтпа, соғыс кімді қақсатпады,  
Талайлар мәңгі-бақи ақсап қалды.  
Дүние төңкеріліп кете жаздап,  
Дүние төңкерілмей, шақ сақталды.*

*Қара жер қайысты ғой құрбандықтан,  
Әйтеуір жсығылған жоқ Ту қан жұққан.  
Дүниеде жетім-жесір қаптап кетті,  
Бір қатын бір қанішер туғандықтан... –*

деп, өзегі өргене жырлайтын соғыс суреттері сол бір сұрапыл  
шақта жарты әлемге ортақ жағдай болатын.

Кеңестер Одағының алдағы соғысқа алдын-ала дайындаған  
мыңдаған әскери мамандарының бірі ретінде Жәкең де ел қатарлы  
майданға алынды. Елі мен жерінің азаттығы үшін әруақ шақырып,  
атқа қонған Махамбет бабасы секілді «Отан үшін жан пида!» деп,  
аузынан ажал шашып, ысқырынған аждаһаның аранына басын  
тікті.

Ресми өмірбаян жолдарында оның Батыс майданындағы 214-ші  
шабуылдаушы әуе полкінің құрамында соғысқаны айтылады.  
Жәкеңнің қызы Бағдат Сәлімгереева өзінің естелігінде әкесінің  
214-ші авиациялық Гданьск полкі құрамында 6-майданның Батыс,

Солтүстік-Батыс, Қырым, Солтүстік Кавказ, Карелия түбіндегі ұрыстарға қатысқандығын, соғысты маршал К.Рокоссовский басқарған II-Беларусь майданының құрамында аяқтағандығын айтады. Ал уақыт табымен сарғая бастаған әскери билетіндегі жазбаларға үңілсек, Жәкеңнің 1940 жылдың мамырынан бастап 1946 жылдың мамыр айына дейін 214-ші жылдам бомбалаушы полкте әуе қаруының аға механигі болғандығы жөнінде жазылған. Әскери шені – старшина. Деректер бір-бірінен анау айтқандай алшақ кетпейді. Қайта бір-бірін толықтыра түседі.

Жәкең құрамында болған 214-ші шабуылдаушы әуе полкі – қаһарлы соғыс жылдарында қас дұшпанның төбесінен найзағай түсіріп, жасын ойнатқан атышулы құрамалардың бірі. Бұл құрама әуелі 1940 жылдың тамыз айында КСРО Әскери әуе күштерінің құрамындағы Мәскеу әскери округінің 214-ші бомбалаушы полкі болып құрылған. Ресей мұрағаттарындағы тарихи құжаттарға сүйенсек, 1941 жылдың 1 қаңтары мен 28 мамырдағы мәлімет бойынша полктің «СБ» әскери самолеттері жеткілікті болғанымен, жанар-жағармайдың жетіспеушілігіне, ұшқыш-пилоттардың тиісті деңгейде дайындалмауына және материалдық жағдайының нашарлығына байланысты іске кірісуге дайын еместігі жазылған. Сұрапыл соғыс басталып, бүкіл ел соғыс жағдайына келтірілген соң, бомбалаушы полк сол жылдың қыркүйек айының ортасында 214-ші шабуылдаушы әуе полкі болып қайта құрылды. Асығыс қайта жасақталып, жедел құрылған әуе полкі алғашқы шабуылын 1942 жылдың ақпан-наурыз айларында Қырым майданында бастады. Полктің ержүрек командирлері әр уақыттарда Андрей Маркович Шуст (1942 жылы 9 сәуірде қайтыс болған), Николай Сергеевич Кукушка (1942 жылы сәуір айында із-түссіз жоғалып кеткен), Георгий Митрофанович Федотов (полкті 1945 жылдың мамыр айына дейін басқарған) сияқты майдан даласында шыңдалған майорлар болды. Жәкең осы кісілердің қол астында азаматтық борышын өтеп, қаншама рет қаһарлы шайқастарға қатысты. Сондай-ақ бұл полкте кейін 502-ші шабуылдаушы авиаполктің эскадрилья командирінің орынбасары болған Сергей Леонидович

Красноперов, 622-ші шабуылдаушы әуе полкінің эскадрилья командирі болған Владимир Никифирович Опалев сияқты әуе қырандары қызмет етті. Олар бомбалаушы самолеттерімен сан мәрте самғап, көк тұйғын боп көкке көтеріліп, фашистердің әскери базаларын талай рет талқандап, құраманың атағын аспандатты. Осындай өлімнен де қорықпайтын өрендердің өшпес ерліктері арқасында кейін бұл полк «214-ші Қызыл Тулы Гданьск шабуылдаушы әуе полкі» деген атқа ие болды.

Соғыс кезінде Жаңабай ағалар мінген әуе көлігі негізінен А.Н.Туполев құрастырған, 1934 жылы 7 қазанда К.К.Поповтың басқаруында алғаш рет аспанға көтеріліп, сынақтан өткен «АНТ-40 (СБ)» жылдам бомбалаушы соғыс самолетінен бастау алған болатын. Сол кездерде жау төбесіне жасын ойнатқан Кеңестер Одағының ең қаһарлы қаруларының бірі бұл самолеттің 1941 жылға дейін 6831 данасы шығарылып, әр жолы құрылымы өзгертіліп, бірнеше рет қайта жасалып, қайта-қайта жетілдіріліп отырды. Соғыс басталғанға дейін оның «АНТ-40-1» немесе «СБ 2РЦ», «АНТ-40-2» немесе «СБ 2ИС», «СБ 2М-100», «ДИ-8» немесе «АНТ-46», «СБ 2М-100А», «СБ 2М-103» немесе «СБ бис», «СБ бис 2», «СБ бис 3», «ММН», «СБ-РК» немесе «Ар-2» сияқты бірнеше сериялы түрлері жасалып, 4500 метр биіктікте 3445 км/сағ жылдамдықпен ұша алатындай деңгейге дейін келтірілді. Жәкең осы самолеттердің ең жетілдірілген соңғы сериясының ұсақ-түйегі мен ұңғыл-шұңғылына дейін меңгерген кәнігі маман болатын. Сондықтан ол тек аға механик болып қана қоймай, қажет кезінде ұшқыш пен пулеметшінің орнын ауыстырып, жау ұясын талқандап та жүрді.

Жаңабай аға сапында болып, жау төбесіне жасылдай тиген 214-ші шабуылдаушы әуе полкі кейін соғыс кезінде 120 мыңнан астам рет әуе шабуылын жасап, ең бір ірі әуе операциясын жүзеге асырған 6-шы әуе армиясының құрамына кірді. Бұл армия 1942 жылдың 14 маусымында қайта жасақталып, оған авиация генерал-майоры Д.Ф.Кондратьюк (1942 ж., қаңтар-1943 ж., қаңтар), авиация генерал-лейтенанты Ф.П.Полынин (1943 ж., қаңтар-1944 ж., қазан) тәрізді атақты қолбасшылар басшылық етті.

6-шы әуе армиясының соғыстың ең бір қызу жүріп жатқан жерлерінде қырандай батыл қимылдарымен көзге түскен кезі – 1944 жылдың 24 ақпанында құрылып, 1945 жылдың 10 маусымына дейін жауды біржола жеңгенше әрекет еткен II Беларусь майданында Белоруссия мен Польшаны, Шығыс Пруссияны азат ету ұрыстары болды. Құрлық жаяу әскерлерінің 47-ші, 61-ші, 70-ші армияларымен, Днепр әскери флотилиясымен біріге отырып, жауға әуеден әңгіртаяқ орнатқан бұл даңқты армияны П.А.Курочкин (1944 ж., ақпан-сәуір), И.Е.Петров (1944 ж., сәуір-маусым), Г.Ф.Захаров (1944 ж., маусым-қараша), К.К.Рокоссовский (1944 ж., қараша-1945 ж., маусым аралығында) сияқты тәжірибелі маршалдар басқарды.

Соғыс қалың халыққа айықпас қайғы-қасірет пен ауыртпалық әкелгенімен, жекелеген ержүрек адамдарды атақ пен даңққа да бөледі. Цифрларды сөйлетсек, Ұлы Отан соғысы кезінде айрықша қаһармандығымен көзге түсіп, батыр атағын алғандардың арасында құрлықтағы жаяу әскерлерден – 1800 атқыштар, 1142 танкист, 650 инженер жауынгер, 290 байланысшы, 52 тылдағы әскери адамдар, 44 медицина қызметкері, барлаушылар мен тыңшылардан – 400-ге жуық, шекарашылардан – 150-ден астам, Әскери Теңіз Күштерінен – 500-ден астам, ал Әскери Әуе Күштерінен – 2400-ден астам адам ең жоғарғы наградаға – Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болыпты.

Рас, Жәкең олардың санатында болған жоқ. Бірақ ол ел тағдыры сынға түскен сәтте «Не өлім, не өмір!» деген сертінде тұрып, Брест қамалынан бастап Берлинге дейін созылған кескілескен майданда қаныпезер жауды ініне қуып тыққанша қанкешуді бастан өткерген басқа да қаруластарымен бірге қадари-халі келгенше Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосты. Соғысты сурет пен кинодан ғана көріп, естеліктерден ғана еститін базбіреулер сықылды емес, жан алысып, жан беріскен, арман мен ажал итжығыс түскен, қидаласқан қиын сәттер мен қанды қасап шайқастарды өз басынан өткеріп, жуан ортасында жүрді. Талай рет бірі қолынан, бірі аяғынан, енді бірі көзінен айырылып, ойбай-

лап жатқан обалы фашистке мүгедек жолдастары мен ышқынған даусы жүрегінді тітірентіп, ыңырсыған жаралы достарын бас көтертпей бораған оқ пен оттың ортасынан арқалап шығуға, қазір ғана тірі отырған қаруластарын қас пен көздің арасындай сәтте жоғалтуға тура келген, қасына да тілемейтін қан жұтқызған оқиғалардың куәсі болды. Кейіннен елге келгесін:

– Бастапқыда қатты қиналып, жылап жүрдік. Күн сайын шыбындай қырылып жатқан қаруластарыңды, жолдас-жораларыңды көргенде, жүрегің ауырады. Бойыңды «Осы соғыстан аман оралар ма екенбіз?» деген уайым билейді. Алла өзі қорғайын десе, қорғайды ғой. Артынан тіпті соғысқа да етің үйреніп кетеді екен, – деп өзі айтқандай, «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді», Алланың басқа салғанына мойынсұнбасқа, ауыртпалықты қаранардай қайыспай көтермеске амалы жоқ еді. Сөйтіп, небәрі 24-25 жасар жауқазындай жас жігіт алау атқан, жалаулатқан жастығын майдан даласында қалдырды.

Ерлік те сын сағатта танылады. Ешкім де анадан айқайлап туа салып, батыр болмайды. Адамды батыр қылатын – амалсыз жағдайлар мен ар мен намыс сынға түскен алмағайып кезеңдер. Жаңабай аға да талай осындай тар, қысталаң сәттерді басынан кешіре жүріп, өзі де қалай батырға айналғанын байқамай қалды.

Қандықол дұшпанға ажал оғын аспаннан жаңбырша жаудырып, гитлершілдердің күндіз ойынан, түнде түсінен шықпай, зәре-құтын қашырған қаһарман ұшқыштар Н.Әбдіров, И.Н.Кожедуб, А.И.Покрышкин, В.В.Талалихиндер сияқты болмағанмен, Жәкең де олардың қан майданда қатар жүріп, қас дұшпанға соққы берген әріптесі ретінде әлі келгенше ерлік көрсетті. Бір жолы ұшқыш пен пулеметші қаза болып, самолеті басқарусыз қалғанда жау самолетін атып түсіріп, көлігін жерге аман-есен қондырғаны үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, енді бірде барлауда жүріп, бірнеше неміс жанысыздарын қолға түсіргені үшін «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен наградталды. Бұл туралы інісі Нұрлыбай ағаның естелігінде толыққанды, жан-жақты жазылғандықтан, біз оны тағы да қайталап, Жәкеннің екі бірдей ерлігін тәптіштеп жазып жатуды жөн көрмедік.



Тек мұның бәрі Құлмәлі, Махамбет, Айса сияқты батыр бабаларынан мұра болып қалған қаһармандық пен қылт еткенді қағып түсер қырағылық, аңғарымпаздық, алғырлық қасиеттер екенін айтқымыз келеді.

Сондай-ақ ол КСРО Қорғаныс министрі, Кеңестер Одағының маршалы А.Гречконың бұйрығымен «Ерлігі үшін» медалі, 1945 жылдың 17 қаңтарында «Варшаваны азат еткені үшін», КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1944 жылғы 1 мамырдағы Указымен «Кавказды қорғағаны үшін», 1945 жылғы 9 мамырдағы Указымен «Германияны жеңгені үшін» медалі, т.б. ондаған наградаларға омырауын толтырып, елге Жеңіс туын желбіретіп оралды. Тіпті Жаңабай ағаның өзінің айтуынша, ол 214-ші Қызыл Тулы Гданьск шабуылдаушы әуе полкінің құрамында 1945 жылғы 9 мамырда Қызыл аланда өткен Ұлы Жеңіс шеруіне де қатысыпты. Жәкеңнің қызы Бағдат Сәлімгереева арада 50 жыл өткен соң сол тұңғыш Жеңіс шеруіне қатысқан жауынгер ретінде Ресей мемлекетінің Атырау облысы бойынша екі-ақ адамға ресми шақырту жібергенін, бірақ әкесінің сол мерейтойлық шеруге соншалықты барғысы келгенімен, денсаулығына байланысты, қасында алып баратын адамның реті болмағандықтан, ол салтанатқа бара алмай қалғандығын қынжыла айтады.

Әскери өмір мен соғыс тарихынан аз-кем хабары бар адамдар білетін болар, кешегі Кеңестер Одағының биік наградаларының бірі «Қызыл Жұлдыз» ордені кім көрінгенге берілмейді. Ол ел басына екіталай күн туып, ер етікпен қан кешіп, ат ауыздықпен су ішкен алмағайып шақтарда ажалға басын тігіп, айрықша ерлік көрсеткен адамдарға ғана беріледі. Жәкең де – сондай атадан артық туған азамат, тумысы бөлек тұлпар, суылы ерек сұңқардың сойынан еді.

Бір ғажабы – ол бес жыл бойы оқ пен оттың ортасында белшеден бейнет пен қан кешіп жүрсе де, денесіне бірде-бір оқ дарытпай, елге есен-сау келді. «Көресінді көрмей, көрге кірмейсің», «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген осы. Бұл да болса, Алла Тағаланың өзі жәрдем беріп, періншелері қақпаны

болар. Қанша жерден Алланы ауызға алуға тыйым салып, дүйім жұртты діннен бездірмекші болғанмен, сол бір «Дін – апиын» деген кісәпір қоғамның өзінде Жәкең бір Жаратқан Иеге сыйынып жүргенінің арқасында талай тағдыры талқыға түскен сәттерден алдырмай-жұлдырмай, аман-сау шыққанын кейін бауырларына жыр қып айтып берді.

Қайнаған соғыстың қақ ортасында жүріп, Жәкең 1941 жылдың желтоқсан айында Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының қатарына мүшелікке қабылданды. Кейбіреулер ол кісіні «Соғыстан келгеннен кейін ғана партия қатарына қабылданды» деген әңгіме айтады. Бірақ бұл туралы оның әскери билетінде де, партиялық билетінде де тайға таңба басқандай етіп анық жазылған. Жәкеңнің балдызы, республикаға танымал мұнайшы, экономика ғылымдарының кандидаты Мендеш Салихов ағамыз ол кісінің кейін жасы ұлғайған кезінде Компартия қатарында 50 жыл болғанына байланысты арнайы төсбелгімен марапатталғанда, айрықша қуанғандығын айтады. Осы деректің өзі Жәкеңнің партия қатарына 1941 жылы қабылданғанын қуаттай түседі.

Ол қанша жерден қабырғадан қан кешіп жүрсе де, қамықпай, алыста қалған анасы мен тума-туыс, бауырларының қамын ойлап, алаңдап, көңілі сүйген ғашығын да жадынан шығармай, оларға үзбей хат жазып, үнемі амандығы мен саулығын біліп тұрды. Бұл да болса, оның даладай кең жүрегіне адамзатқа деген асыл махаббатты сыйғыза білген дариядай дархан пейілінің белгісі еді.

Жәкең жүрген жерінде басқаларды сыйлай да, өзін сыйлата да білетін, кесек турайтын ірі мінездің иесі болды. Оның қарулас достары мен әскери басшылары алдында абырой-беделі жоғарылығының бір белгісі – соғыстың өрттей тұтанып, күйіп тұрған уақытында құрамында ол да бар экипаж Сталинград майданына ұшып бара жатып, жолда Атырауға аялдағанда, командирінен екі тәулікке сұранып, қияндағы ауылына самолетпен ұшып келуінің өзі неге тұрады?! Ол оқиға туралы да Нұрлыбай ағаның естелігінде қызықты етіп баяндалған.

Тумаластары мен жан жары Ағиба апайдың айтуынша, ол

Кеңестер Одағы фашистік Германияны тізе бүктірген Ұлы Жеңістен кейін де елге біржолата келмеген. Тек азғана күнге демалыс алып, уақытша келіп кетті.

– Менің әскери қызметімнің мерзімі біткен жоқ, әлі бір жылым бар, – деді інілеріне.

Сөйтіп, Жаңабай аға күндей күркіреп өткен қаһарлы соғыс біткен соң бір жылдан кейін, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1946 жылғы 20 наурыздағы Указы негізінде, Бас қолбасшының арнайы бұйрығымен сол жылдың шілде айында алты жыл дегенде аңсатқан ата-мекенге ат басын бұрып, бірatalа босап, туған өлкесіне оралды.

## ЖӘКЕҢ КҮЙЕУ БОЛҒАН ЖҰРТ

«Шарболат қайнауда шыңдалады, ер жігіт майданда шыңдалады» дегендей, бес жыл бойы өлім мен өмірдің ортасында белшеден қан кешіп, болаттай берік болып шынығып, өмірдің ең ауыр өткелдерінен өтіп келген батыр жауынгер бейбіт күннің қадірін бір кісідей білетін. Сондықтан келген бойда «Мен бірнеше жыл бойы соғысып келдім ғой. Кішкене белімді жазып, демалайыншы» деп, шалқайып жатпай, бірден еңбекке бел шеше кірісті.

Ол кездегі ел ішінің ауыр тұрмысы мен отбасының жағдайы да ондай арқаны кеңге салар арқайын жайбасарлық пен арсыз жалқаулыққа мүмкіндік бермейтін. Соғыстан кейінгі құлазыған ауыл, қираған халық шаруашылығы. Бірі әкесінен, бірі жан жарынан, енді бірі тума-туыс, бауырынан айырылған қаралы шаңырақтар. Аждаһаның аузынан аман келгендерінің өзі жеті мүшесінің бірі жоқ мүгедек. Тіпті Жәкеңнің бес жыл бойы тағдыры талайлы қайбір қаруластары секілді тұтқынға да түспей, денесіне бір оқ та тимей, қол-аяғы балғадай болып оралғаны кейбір азаматы майданнан қайтпай қалған шаңырақтар мен кемтар жандардың қызғанышын да оятқан болар. Сол үшін бейне бір өзін кінәлідей сезініп, олардың сұқ көзі мен сыпсыңдаған сөзін көтеріп жүру де елге есен-сау оралған бірен-саран жауынгерге

оңай болған жоқ. Қайтесің, жазмыш солай. Алланың басқа салғанына көніп, тағдырдың дегеніне мойынсұнғаннан басқа амал бар ма?! Елде еркек кіндікті аз. Бала-шағаға бас-көз болып, бас көтерер азамат санаулы қалған. Осындай қиын халде аяқты аспанға көтеріп, шалқасынан түсіп, шалжиып жатып алуға кім-кімнің де дәті шыдамас еді. Оның үстіне Жаңабай аға сияқты жан дүниесі жұқа, жастайынан еңбек көрігінде ысылған, отызға келіп қалған сақа жігітке бұлай ету арына дақ, намысына сын болатын.

Жәкең бірден баяғы өзі алты жыл бұрын әскерге кетерде еңбек жолын бастаған автокөлік кеңсесінің жүргізушілер паркіне механик болып жұмысқа кірді. Бұрынғы тәжірибелі әріптесін кеңсе басшылығы да құшақ жая қарсы алды. Сөйтіп, бейбіт күннің берекелі тынысы басталып жүре берді.

Ол туралы сәл кейінірек толық әңгімелейтін боламыз.

Осы жылы Жәкеңнің өмірінде ең қуанышты оқиға болды. 29 жастағы жалындаған жігіт өзін алты жыл бойы аңсап күткен ғашығымен қауышып, отбасын құрды.

Пенде болып өмірге келгесін, он екі мүшесі сау ер жігітке ак некесін қиып, үй болу – атам заманнан бері жалғасып келе жатырған жаратылыс заңы, Пайғамбар сүннеті. Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз: «Неке – менің сүннетім. Кімде-кім менің сүннетіммен амал етпесе, менімен бірге емес. Үйленіңдер, көбейіңдер! Себебі, мен қиямет күнінде басқа үмбеттердің қасында сендердің көптіктеріңді айтып, мақтанамын. Кімнің үйленуге шамасы жетсе, сол үйленсін» деген өсиет қалдырған.

Осынау өмірлік қағиданың маңыздылығын терең түсінген Жаңабай аға бас екеу болмай, мал екеу болмайтынын, адам баласы үшін «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» екенін жақсы білетін. Оның өзінің таңдаған өмірлік жары өзгермейтін бір-ақ адам еді. Ол – атақты Қосан қажының немересі, Еңсепқалиқызы Ағиба болатын. Арада өткен алты жыл мен аласапыран соғыс қасіреті де бірнеше жыл бойы хат арқылы ынтық сезімі мен ыстық ықыласын арнап, бір-

бірін қабағынан-ақ түсінетін екі жастың сыйластығына сызат, татулығына тат түсіре алмады. Сол баяғы жүрек түбінде сақталған саф алтындай сара сезім сарғайса да, сабыры таусылмай, сағынса да, сабасынан аспаған болатын. Сондықтан Жәкең майданнан келген бойда болашақ жары Ағибаға:

– Біз енді бала емеспіз ғой, есейдік. Маған тұрмысқа шықшы, – деген ақи-тақи ақырғы шешімін, түпкілікті ұсынысын айтты.

Ұсыныс қабыл алынды. Екі жас шаңырақ көтерген шаттық тойын жасады. Ол кездегі ел ішінің жадау тұрмысы белгілі. Үйлену тойларының ешқайсысы баяғы баракатшылық дәуірдегідей ат шаптырып, айқабақ атып, балуан күрестіріп, бәйгі тіккен аста-төк, отыз күн ойын, қырық күн тойын қылатындай кең заман емес. Бірақ ешкімнен де кем емес, ел қатарлы бір малын сойып, алыс-жақын ағайын-тума, құда-жекжат, дос-жарандарды шақырып, қуанышты той қызығын бөлісті. Оның арты сол кездегі кеңестік өмір салты бойынша ұжымдағы комсомолдық тойға ұласты. Сонымен қашаннан қатар отырып, қанаттас көшіп-қонып жүрген, бір-бірін жақсы білетін екі қасиетті шаңырақтың ұлағатты ұлы мен қырмызы қызы жұбайлық өмірлерін жұптастырып, бақыт тойын жасап бас қосты. Заман қанша тар, қиыншылық уақыт болды дегенмен, екі жақ ата-бабалардың салған сара жолымен жүріп, Жәкеңнің шешесі Қайша анамыз қызды арнайылап барып, құда түсіп алды. Сөйтіп, 1946 жылы Ағиба апай Сәлімгерей әулетінің босағасынан келін болып аттады.

«Ер жігіттің үш намысы болады, – дейді қазақ. Алғашқысы – ар-намысы. Екіншісі – алтын елі. Ал соңғысы – алған жары». Енді Жәкеңде осының үшеуі де бар, ешкімнен де кем емес, еңселі шаңырақтың ер тұлғалы басшысына айналды.

Осы жерде бірер сөз Жәкеңнің қайын жұрты, яғни Ағиба апайдың төркіні турасында.

Жәкеңнің нағашы жұрты да Ысық болса, қайын жұрты да – Ысық руы. Оның ішінде Тоғызбай ауылы. Ысықтан ел тарихында елеулі орны бар қандай белгілі адамдар, берен батырлар шыққандығын жоғарыда атүсті болса да атап өттік. Ал осы

Тоғызбай тақтасынан шыққан тұмарлы тұлпар секілді тұлға Құныскерей Қожахметұлына тоқтала кетпесек, болмайды.

Құныскерей Қожахметұлы – Құдай Тағала берген құдіреті мен қасиетін өлшеулі өмірінде армансыз ашып көрсете алмай, ел үшін еңіреп туса да, ел ішінен ешқандай барқадар таба алмай, басы қаңғырған, заманының зарпынан зардап шегіп, онсыз да өзі қамшының сабындай қысқа ғұмырды қысталаң уақыттың қысымына беріп, өмірі өкінішпен өткен трагедиялы тағдыр иесі. Ол әуелгіде жылы сөзімен жыланды да інінен шығарып, бір тырнағын ішіне бүге келген кеңестік билікті «Жарлы-жақыбайды жарылқайды, жақсылыққа жеткізеді» деп түсініп, біраз уақыт қызыл үкіметке қызмет те жасап көреді. Артынан алым-салықты көбейтіп, жалдының жайылса жонға, жабылса көлге сыймаған жайқалған малы мен жарлының аяқ артар жалғыз атына дейін тартып алған жауыздығын көрген соң, ашынып атқа мінеді. Оның алғаш рет Кеңес үкіметінен көңілі қалуы оралдық Олжабай есімді «контрреволюционердің» көз алдында өлтірілуі мен артынан ағайыны Сәлмен байды қызылдар аяусыздықпен жазалап, мал-мүлкін тәркілемек болғанда байқалды. Ақыры бала күнгі досы Мұхаммедиярды жалғыз атын бермегені үшін жазықсыз, сотсыз, үкімсіз аттырып тастағанда, тұла бойында тұтанған қарсылық пен кектің ұшқыны жаңа үкіметке деген сенімсіздік пен жаулықты оятты.

Құныскерейдің 1922 жылы өзінің құдасы, атақты әнші, сазгер Ерғали Аязбаевтың жанына араша түсіп, паналатқаны халық аузында жиі айтылып жүр. Қызылдар үйін қамап, тентек Ерғалиды тез шығарып беруін сұрағанда Құныскерейдің:

– Қазақ ешқашан қонағын жауына бермеген. Керек болса, оны менің үйімнің артындағы төбеден асқасын, ұстай беріңдер. Мен өйтіп, өз қолыммен қонағымды сендерге бермеймін! – деуі оның тектілік пен мықтылықты бағалай білетін батыр екендігін байқатады. Сол жолы Құныскерей аудандық ОГПУ-дің бастығы Ырзаны атып өлтіріп, бала кезінен білетін Зиманға (академик Салық Зимановтың әкесі) аяушылық танытып, аяғынан атып, жаралы қалдырып, қашып құтылып кетеді.

Құныскерей – Жәкен туған Қызылқоға өңірінің тумасы.

Оның қара қайраты мен көздемей көзден тигізер мергендігі туралы аңызға бергісіз ақиқат әңгімелер жеткілікті. Солардың бірпарасы былай деп сыр шертеді:

«..Совет өкіметіне қарсы жасақ жинап, қол астына жүздген қарулы адамдарды топтастыру оның көкейкесті арманы болған шығар. Бірақ онысын жүзеге асыруға талпынғанымен, шамасы жетпеді. Бір жылдай жалғыз өзі әрекет етіп, 1921 жылдың аяғына таман 25-30 адамнан қарулы отряд құрып, өзі соған басшылық етеді. Көкжар мен Саралжының ортасында бұларды 150-дей мұздай қаруланған солдаттар қоршап, оның командирі, патша өкіметі кезіндегі Көкжар базарының қожайыны Николай Антонов соғыс тәртібін білмейтін Құныскерей отрядын быт-шыт қылады. Біразы қолға түсіп, алтау-жетеуі оққа ұшады. Осы қолма-қол ұрыста Құныскерей аса мергендігімен, асқан жаужүректілігімен көзге түссе керек, Антонов: «Мынау адам емес, дию ғой! Құдайым енді мұнымен екінші рет кездестірмесін!» – деп жағасын ұстаған екен. Бұл қанды шайқас 1922 жылдың көктемінде, яғни сәуір айының орта шенінде болған..» деп жазады Марат Мәжитұлы.

Ал Азамат Майтанов атты автор: «Құныскерей Тайсойғандағы ауылдардың бірінде қонақта отырғанда оның киіз үйіне жергілікті ауылдық кеңестің төрағасы кездейсоқ кіріп келеді. Ол кезде билік өкілінің әрқайсысының қалтасында қарақшы Қожахметовты көрген жағдайда ОГПУ-ге тез арада хабарлау жөніндегі нұсқаулық жататын. Ұсталмайтын батырды көрген төраға қорыққанынан есік көзінде тұрып қалады.

– Қорықпа, кір. Мен саған тиіспеймін, – дейді Құныскерей.

Қалшылдап-дірілдеген төраға кірген кезде дәстүр бойынша амандасып, үй-ішінің амандығын, жұмыс-шаруасын сұрай келіп:

– Біздің ауылдағы комсомол басшысы қалай? Аман-есен бе? – деп сұрайды.

– Аман. Сіз соңғы кездескенде оны жараладыңыз... – деп жауап береді төраға.

– Ол жерде былай болды. Менің ізіме он шақты милиционер мен чекист түсті. Қуғын басталды. Мен қара үзіп кеттім. Сол кезде жүйрік ат мінген бір жігіттің қалмай келе жатқанын, жүзіне қарап, таныс ақсақалдың баласы екенін байқадым. Комсомолдың белсендісі болғанын естігенім бар еді. Біз оқ жетер жерге теңестік. «Ойпырмай, атсам – баланы өлтірем, атпасам – мені өлтіреді-ау» деп ойладым. «Жеңіл жараласам, қабырғасын сүйкеп атсам, тірі қалатын шығар» деп шештім. Аттым. Комсомол кейін қала бастады. Біртіндеп көзден ғайып болды. Одан бері екі ай өтті. Мен әлі күнге дейін «Мүлт кетіп, байқамай өлтіріп алған жоқ па екенмін?» деп алаңдадым. Обалына қалған жоқпын ба? – деп сұрайды Құныскерей.

Төраға оның сөзін толық растайды:

– Иә, жігіт жеңіл жараланған. Оқ қабырғасын жанай өткен екен..» деп жазады. Осы оқиғаның өзінен-ақ оның қаншалықты сұрмерген және жөнсіз несие оқ шығармаған, халыққа зияны тимеген адал адам болғандығы аңғарылады. Ол базбіреулер сияқты «Батыр екенмін» деп, басшыны өлтіріп, қосақ арасында қосшысын да атып, Алланың берген бағы мен қасиетін бағаламай, қараша халыққа қырғидай тиіп, қынадай қыра бермеген.

Қызылқоға, Тайсойған өңірін паналай алмайтын болғасын, Құныскерей әуелі Маңғыстау арқылы Иранға өтіп кетпекші болады. Бірақ Қарақалпақстан мен Түркіменстанға барып, Иран шекарасына жете бергенде ой түсіп, кенеттен кері қайтады. 1933 жылы 38 жасында Қазақстанды біржола тастап шығып, Уфаға барады. Онда Мәриям деген татар қызына үйленеді. Одан Айман, Шолпан атты екі қыз сүйеді. Олар алдымен Қарақалпақстанға, сосын Түркіменстанға барып, сонда «Әбілқайыр Жаманов», «Қара Андрей», «Елемес», «Шеркеш Әндірей» деген лақап аттармен жасырынып өмір сүреді. Ұста, бригадир, жергілікті кеңшар төрағасының орынбасары болып жұмыс жасайды. 1961 жылы 66 жасында дүниеден өтеді. «Өлерінде молданы шақырып алып: «Менің азан шақырып қойған шын аты-жөнім – Құныскерей Қожахмет баласы. Қазақстанның Гурьев облысында, Қызылқоға



ауданында, Тайсойған құмында дүниеге келгенмін. Руым – Ысық Тоғызбай. Менің жаназамды солай деп шығарындар», – деп өсиет айтыпты» деседі.

Қызыл өкімет Құныскерейдің өзі құтылып кеткенмен, артындағы бала-шағасына тыныштық берген жоқ. Құдай қосқан қосағы Әсемді Саратов қаласына жер аударып, екі жас қызын Махамбет ауылындағы балалар үйіне өткізді. Олар сол жерде қайтыс болды. Ұлдары Айтмұқан мен Айтжанды жақын туыстары жасырып үлгерді.

*Ей тірлік!*

*Шарабыңнан маған да құй!*

*Апырмау, біткені ме жаманға ми?!*

*Кешегі ел қыдырған есер шақта*

*Мен едім «банды» атанған Аманғали.*

*Қолымда бір қамшым бар сәліңгірдей,*

*Кей жаман сөз сөйлейді әлін білмей.*

*Бір тентек жүрмес пе еді ел ішінде,*

*Соңыма неге түстің бәрің бірдей?! –*

деп Нарын құмында зарлап өткен Себек Беріш Аманғали мен алғашқыда аяр өкіметке алданып қалып, артынан қолына қару алып, қарсы шыққан, ақыры сайын даладан сайғақ құрлы сая таппай, қызылдардың қолынан оққа ұшқан маңғыстаулық Тоқабай Құрмаш Қосжанұлымен тағдыры бір болып, таяқты ортақ жауынан жесе де, үш арыс бір-бірін білгенмен, кездесіп, келелі кеңес құрғанмен, неге екені белгісіз, білек біріктіріп, тізе қосып, бірігіп күресе алмаған.

Құныскерейдің әдеби бейнесі ең алғаш рет қазақ жұртшылығына Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романы арқылы танылды. Онда жазушы батырды барлық қырынан ашып көрсете алмағанмен, айтарын астарлап та болса жеткізе білді.

Міне, осындай айтулы мерген, батыр Құныскерейдың ата тегі Бес Тоғызбай ауылынан қараңғы елдің көзін ашып, тілін кәлимаға келтіріп, бетін құбылаға бұрған дін ғұламасы Хасан хазірет.

ақылман ойымен, аталы сөзімен асауды жөнге салып, ақымақты елге кіргізген Тел мен Түзелбай абыздар, сәл кейінірек белгілі партия және кеңес ардагері, жазушы, ғалым Жәрдем Кейкин, Атырау мен Маңғыстаудың мұнай саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ардақты мұнайшы, ғалым, қоғам қайраткері Меңдеш Салихов сияқты талай-талай ту ұстар тұлғалар шықты.

Ағиба апайдың өз атасы Қосан қажы да кезінде 1910 жылы Меккеге қажылыққа барған, аузынан Алласы, қолынан Құраны түспеген дін ғұламасы болған. Ал әкесі Еңсепқали қарапайым шаруа адамы болғанымен, халқына сыйлы, абыройлы адам болып өмірден өтті.

## КЕНДІ ДОССОР МЕН КЕҢ ЖЫЛЫОЙ ҚҰШАҒЫНДА

Бес жылғы соғыстан кейін бейбіт күннің берекелі еңбек майданына бел шеше кіріскен Жаңабай аға «Қазақстанмұнайбарлау» тресіне қарасты Доссордағы автокөлік кеңсесінің жүргізушілер паркінде механик болып жұмысын бастағанын жоғарыда айтып өттік. Ол өзінің қандай ауыр істен де қашпайтын жұмыскерлігімен, тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай етіп орындайтын тындырымдылығымен, қай уақытта да құр аттай болып құлшынып тұратын ширақтығымен, істің ыңғытын білетін алғырлығымен, кез келген нәрсенің қиюын келістіріп, қиындастырып жіберетін пысықтығымен аз уақыттың ішінде абырой-беделге ие болды. Экспедиция бастығы Мұтиғолла Маташев есімді азамат болатын. Ол кісі Жәкеңнің жұмысқа деген ынта-ықыласын жоғары бағалады.

1946 жылдың шілдесінде қарапайым механик болып жұмысын бастаған Жәкең арада бес ай өтпей жатып, сол жылдың желтоқсан айында трестің кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланды. Сондай-ақ трестің бұрғылау комитеті төрағасы қызметін қоса атқарды. Бұл Жәкеңнің басшылық қызметтегі алғашқы басқшытарының бірі болатын.

Жаксының аты жақынға да, алысқа да тез тарайды. Қашанда

жұмыс десе жұлқынып тұратын жас та жігерлі маман кім-кімнің де көңілінен шығып, көзіне түседі емес пе?! Соғыстан кейін қалжырап қалған өндірісті қайтадан қаз бастырып, тез арада аяғынан тік тұрғызу үшін басшыларға да осындай жарқырап танылып келе жатқан, жалындап тұрған жас кадр керек болатын. Сондықтан Жәкең ерді кебенек ішінен танитын көреген басшылардың көмегімен және олардың тікелей ұсынысымен Құлсарыдағы автокөлік кеңсесіне қызметке шақырылды. «Еңбек етсең, емерсін», «Еңбегіне қарай – өнбегі» дегендей, еселі еңбегі мен ерекше қабілетінің арқасында осыдан кейін оның қызмет дәрежесі жоғарылап, өсу сатылары басталды.

1948 жылы Жаңабай аға қызмет бабы бойынша отбасымен бірге Құлсарыға көшіп келді. Сөйтіп, Жәкең қасиетті Кең Жылыой топырағына қадам басып, он төрт жылдан астам өмірін осында өткізді. Осы өңірде нағыз кемеліне келіп, кемеріне толған ардақты азамат, білікті басшы, іскер маман ретінде танылды.

Кең Жылыой – қашаннан бері қасиетті топырақ.

*Кең Жылыой – біздің елдің жайлаған жер,  
Белдеуге кертторы атты байлаған жер.  
Етегін ақ көйлектің дөңгелентіп,  
Құрбымен таң атқанша ойнаған жер.*

*Орынбор, Тұзтөбенің тұзын көрсең,  
Жылыойдың таң қаларсың қызын көрсең.  
Атыңа түскен қайтып міне алмайсың,  
Сұлудың судан қайтқан ізін көрсең.*

Немесе:

*Кең Жылыой – біздің елдің тиянағы,  
Даусыңды ести алмадым қиядағы.  
Даусыңды естір едім қиядағы,  
Талпынған біз балапан ұядағы, –*

делініп, атақты «Кең Жылыой» әнінде айтылатын, ұясынан ақсұңқар түлеп ұшып, қиясына қыран бүркіт қонақтаған, құт дарыған киелі қоныс бұл.

Бағзы замандардан бері бабалар аузында «Кең Жылыой» аталып, байтақтық пен кеңдікті енші еткен Жылыой топырағы туралы жырлар жеткілікті. Белгілі халық әнінде:

*Біздің ел Кең Жылыойдың ақпарында,  
Ер жігіт талтаңдайды бақ барында.*

*Жігітке мың бір пәле жабысса да,*

*Кең Құдай сақтаушы еді сақтарында, –*

деп шырқалады. Ал Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, ақын Фариза Оңғарсынова:

*Қыз көркем шашбау, айна-тарағымен,*

*Түз көркем аққулы айдын жанарымен.*

*Айта бар, барсаң сәлем Кең Жылыойға,*

*Тербеген мені сезім самалымен, –*

деп тебіренеді. Тіпті қазақ әдебиетінің қабырғалы дарыны Ғабит Мүсірепов те жас кезінде:

*Жылыойдың көгі шалғын, қызы балғын,*

*Шетінен бойшаң келер, болмай шарғын.*

*Паң келер, өжет келер, жолай алмас,*

*Сыртынан қызығатын болса да әркім, –*

деп, Жылыойды жырға қосқан.

Міне, осы Жылыой ауданының орталығы – 1952 жылдан бері Құлсары қаласы. Іргетасы 1939 жылы қаланған. Облыс орталығынан 230 шақырым шалғайда жатқан, Қамыскөл көлінің оңтүстік-шығысында, Ембі өзенінің жағасынан 11 километр жерде орналасқан, Атыраудың ең ірі аудандарының бірі Жылыойдың жүрегі, ежелден тағлымды тарихы бар тарлан қала. Ел ішіндегі естіміш әңгімелерге ден қойсақ, Құлсары – адам аты. Бұл жер ХІХ ғасырдың басында өмір сүрген көріпкелдігі мен әулиелігі де бар Құлсары батырдың есімімен аталған. 1934-1938 жылдар аралығында Құлсары елді мекенінің маңайынан мұнай кенін іздестіру жұмыстары жүргізілді. Барлау-бұрғылау экспедициясын Кеңес өкіметін орнатуға ерен еңбек сіңірген танымал жазушы Сабыр Шәріпов басқарды. 1938 жылы Құлсары мұнай кенішіндегі №10-ұңғымадан алғаш рет мұнай бұрқағы атқылады. Оның арты-

нан 1939 жылы Құлсары мұнай өңдеу басқармасы құрылды. Сөйтіп, жаңарған, жасарған Құлсарының жарқын дәуірдегі жаңа өмірі басталды.

*Қиялдай қала – нұр сағым,  
Жылыойым менің, мың сағым.  
Көркі бар қайталанбайтын  
Құлсарым менің, Құлсарым! –*

деп Сәулеш Шәтеновадай ақын қыздары асыл жырына арқау еткен Құлсарыңыз осы.

Жәкең үшін де Құлсары құтты мекен болды. Осында тұла бойы тұнғышы Бағдаттан басқа барлық балалары дүниеге келді. Осы жерде ол басшы ретінде қалыптасып, қызметтің біраз белестерінен өтті.

1951 жылдың қаңтар айында Жаңабай аға «Қазақстан-мұнайбарлау» тресіне қарасты Құлсары мұнай өндіру кәсіпшілігіндегі автокөлік кеңсесінің трактор паркіне директор болып тағайындалды. Әуелден әкесінің тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп, еңбек жолының ең алғашқы баспалдағынан-ақ алдыңғы толқын ағалардың өнегелі қасиеттерін көріп өскен, оның бергі жағында әскери тәртіппен жүріп-тұрып үйреніп қалған Жәкең бастық болған күннен бастап ең бірінші еңбек тәртібін жолға қоюды қолға алды.

Ел болғасын, естісі де, есері де болады. Кез келген үлкен ұжым секілді бұл трактор паркінде де арақ ішетіндер мен адамның үстінен күн көретін жанаяр жалқаулар, жоғарыдағы биліктің бишігін ұстап, тіреп тұрған әкесі мен көкесіне сеніп, әуіріммен күнелтіп жүрген «әләулайлар» мен тапсырған жұмысты тиянақты орындамай, жетер жеріне жеткізбей, орта жолда тастап кететін тәнтәнай жетесіздер жетіп артылатын. Жәкең алғашқы жұмысқа кіріскен күннен-ақ бүкіл ұжым мүшелерін жиып алып, жиналыс өткізді. Онда енді бұдан былай ондай оспадарлықтарға жол берілмейтіндігін жайлап айтып отырып, жақсылап шегелен, ұғынатын құлақ пен түсінетін жүрекке түбіршіктеп тұрып жеткізді. Жиналыс біткен соң, жұртшылық бұл кәсіпорынға темірдей

тегеурінді тәртіп пен бұрын-соңды болмаған мүлде жаңа леп, жаңаша басқару стилі келгенін бірден сезінді. Бұғалыққа түскен асаудай болып, бұған дейінгі бұла дәуреннің келмеске кеткендігін, бұдан былай елең-селең еткен ебедейсіздер мен еркетотайларға бұл мекемеде орын жоқ екендігін еңбек тәртібін жиі бұзатындар терең түсінді.

Барлық нәрсе басшыға байланысты. Осыдан бастап парктің тыныс-тіршілігі бірден өзгеріп, оңала бастады. Жаңабай аға трактор паркінің бас механигі Сабыр Қаменов, кіші механигі Сейілхан Шамқұлов, нормалаушы Жаролла Ақмұрзиндермен бірге қоян-қолтық еңбек етіп, парк жұмысын жолға қойды. Мәжен, Салық, Құлжан, Төкеш есімді тракторшы жігіттер Жәкеңнің көңілінен шығып, еселі еңбектерімен парктің жұмысы жандануына зор үлес қосты.

Жәкең былайғы өмірде, үй ішінде қандай қарапайым да қайырымды, ақкөңіл де аржайы, биязы да бипаз, сыпайы да сырбаз болғанмен, жұмыс барысында туғанына да бұрмайтын турашыл, турап түсетін тұлғалы, кесіп айтатын кескекті, берген уәдесін орындамай тынбайтын берен мінезді, айтқанын істетпей қоймайтын аса ықпалды, дәйекті сөзін дәлелдей білетін алғыр, істеген ісіне жауап бере алатын ілкімді басшы болды. Көп сөйлеп, көбік уәдеге тойдырмайтын. Артық әңгіме айтып, бекерге сөз шығындамайтын. Екі ауыз әңгіме айтса да, тура ондыққа тиетін мерген-сөздерімен естияр адамның санасына сәуле түсіретіндей етіп, жетесіне жеткізіп, жерге сіңіріп тұрып айтатын. Шындығын айту керек, жұмыс болғасын, аяу да, айқайлау да, ұрсу да, ұлықтау да, сыйлау да, сыйпау да – бәрі де болады. Кейбір жөн сөзді жүре тындап, түзелгісі келмеген төмен ойлылар мен кердендеген кержалқауларға кешірім болған жоқ. «Төре-төре» дегенге төбеңе шығатын, «жаным-жаным» дегенді «жалғыз менмін» деп ұғатын әпербақандар мен әумесерлердің Жәкең тілерсегін қиып, тізесі батты демей-ақ қояйық, бірақ тізелерін дірілдетіп, тәубесіне келтіріп отырды. Дегенмен, оның бәрі де өзінің орнымен, ешқандай артық-кемсіз, ең бір шектен шыққан шетін жағдайларда ғана болатын.

Бұған қарап, оны «Қарсы келгенді қағып тастайтын, өзінікін ғана жөн санайтын өпірем біреу болды» деп ұқпау керек. Ол қатал басшы, қатыгез жаналғыш болған жоқ. Өзінен ақылы асқан дананың сөзіне жас та болса құлақ қойып, қабілеті асқан баланың қасиетін де байқай білетін. Сондай-ақ ол адамдарға қайырымды, айналасына қадірлі жан еді. Талайларға тарыққан жерінде таяныш, сүрінген кезінде сүйеніш, қорыққан уақытында қорғаныш бола білді. Жәкеннің жас жүрегінен шашылған шапағаты талай қиналғандарды қызық пен қуанышқа бөлеп, қысылғандардың жерін кеңітіп жіберетін.

Ол өзі ешқашан жұмысқа кешікпейтін. Қайта бірер сағат бұрын, ерте барып, кеш шығатын. Таңертең ертерек келіп, мекеменің хал-ахуалын өз көзімен бір сүзіп, көріп шықпай, көңілі тыншымайтын. Сондықтан да әрбір техниканың жай-жапсарын қол астындағыларға қарағанда жетік біліп отыратын.

Осындай еселі еңбегінің арқасында халық сеніміне ие болып, 1953 жылы Жылыой аудандық еңбекшілер депутаттарының Құлсары поселкелік кеңесіне Завод сайлау округінен депутат болып сайланды.

Арада алты жыл уақыт өткен соң, 1957 жылдың сәуір айында Жаңабай Сәлімгереев Құлсары автокөлік кеңсесінің (АКК) директоры болып бекітілді. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1958 жылғы 18 тамыздағы қаулысымен бұрынғы «Қазақстанмұнайбарлау» тресінің Құлсары автокөлік кеңсесінің атауы Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының Құлсары автокөлік кеңсесі болып өзгертілді.

Сол кезде бұл мекемеде 300-ден астам автокөлік, 150-дей жүргізуші жұмыс істеді. Олардың ішінде Қаби Бекпенбетов, Бегім Нұрмашев, Нұрхан Сүйінбаев, Ғайса Бекқалиев, Жұмабай Нұртазин, Шабай Нұрмашев, Наров сияқты озат шоферлер Жәкеннің тікелей басшылығымен үздік көрсеткіштерге жетіп, Құлсары АКК-сінің атағын шығарды. Мекеменің бас инженері Бакиров, бас есепшісі Наху Нұржанов, жоспарлау бөлімінің бастығы Сәден Айтжанов, механиктері Сабыр Отаров, Мырзабай Медеубаевтар

Жаңабай ағаның қас-қабағын бағып, қажет кезінде жұмысын жеңілдетуге тырысып, қолдарынан келгенше қолғанат болды.

Жәкең осы қызметте табаны күректей алты жыл бойы абыроймен жұмыс жасап, кетеуі кеткен кеңсенің кем-кетігін түзеп, кемшіліктерін жойып, алдыңғы қатарлы автокөлік мекемесіне айналдырды. Жақын-жуықтары ғана емес, әріптестігі болмаса, таныстығы, туыстығы жоқ көптеген адамдарға жақсылық жасап, қарапайым халықтың шын жүрегінен шыққан ақжарма алғысы мен риясыз ықылас-пейіліне, ризашылығына бөленді. Биік адамгершілігі мен белсенді қызметінің арқасында «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер» дегендей, елі қадір тұтқан абыз ақсақалдардың «Мың болғыр! Көсегең көгерсін!» деген ақ батасын алып, жасы кішілердің «рахметі» мен «сау болсынын» арқалады. Бірақ «жақсы атты көрінейін» деп жадағайлық пен жайдақтыққа салынып, «қарапайым боламын» деп, қалыбынан шығып, қалбаңдаған принципсіздікке, қасиетсіздікке ұрынған жоқ. Екі тізгін, бір шылбырды жіберіп-тартып ұстап, ретгі жерінде іркілмей, тіліп айтып, орынды жерінде осып тұрып, шындығын шыжғырып бетке басып, қандай жағдай болмасын, адамгершіліктің ақ туын асқақ ұстап, кез келген нәрсені ар таразысына салып шешті. Артық кетіп аспады, кем соғып, кейінгі күні өкінішке ұрынбады. «Болдым» деп шалқымады, «толдым» деп төгілмеді. Қашан болсын, өзінің қарапайым да биязы, ақжарқын да аңқылдақ, бірақ қаталдық қажет кездерде сұсты да суық, өткір де өр қалпынан танбады. Керекті жерінде кешірімшіл де кеңпейіл, кеңесті кезінде келелі де кемел екендігін танытты.

Ол жұмысты адал жасайтындарды көтермелеп, сыйақы беріп, маңдай тердің мәуесі – қажырлы еңбекті бағалай білді. Жатыпішер жалқаулармен ымырасыз күрес жүргізіп, кейбір керауыздар мен бетімен кеткен бейпіл тентектерді тезге салып, дұрыс жолға түсірді. «Тез қасында қисық ағаш жатпас» дегендей, темірдей тәртіп пен теректей түзу тәрбие талай «менмін» деп көкірегін соққан кеудемсоқтарды да сабасына түсіріп, шамасына қарай шалқайтып, шаңыраққа қарауды үйретіп, көрпесіне қарай көсіл-



діретін. Әсіресе, мұндай жағдайлар азғана үйренгенін асқар тауға шыққаннан кем санамай, алған білімі мен артық білгенін бұлдап, өздерін жергілікті халықтан жоғары санайтын өзге ұлттың өкілдері арасында жиі кездесетін. Кейін ірі-ірі лауазымды қызметтерде болған, өзін «Сәлімгереевтің мектебінен өттім» деп есептейтін Ерсайын Қосанов өзінің естелігінде автокөлік кеңсесінде адамды менсінбейтін Крайнов деген сияқтыларды жездесінің ұрмай-соқпай, ұрыспай-жекірмей, қалай қалпына түсіргенін жыр қылып айтады. Ал мұндай оқиғалар ол күнде оған дейін бос тәртіппен босбелбеу басшылыққа үйреніп қалған, «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожасы жоқ, «тәк-тәк» пен «тәйт, қарағымға» мойынсұнбаған, қайыру мен тек көрмеген тентегі мен телісі көп, есік-терезесіне дейін аңғал-саңғал, ашық-шашық жатқан АКК-де бір емес, ондап-жүздеп болып жататын. «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы сөйлейді». Жәкеңнің сабырын шашпай, төзімін төкпей, артық әңгіме шығармай, адамның жанына тимей, асып-саспай, асықпай отырып, орнымен айтылған жүйелі уәжіне тоқтамайтын жан болмайтын. «Асауға – тұсау» демекші, небір құрық тимей, құтырынып тұрған, ауыздық үзген асау жылқыдай шылбырын үзіп, шығынған тентектердің өзі Сәлімгереевтің аты естілсе, ноқтаға үйретіліп, бас білдірілген байғұс аттай болып, жуасып сала беретін. «Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолынды біл» демекші, әркім өзінің шама-шарқын білді. Өздерінікі дұрыс болмағасын шығар, қанша жерден Жәкеңнің қаталдығын жақтырмаса да, автокөлік кеңсесінде басшылық жұмыстар атқарған он жылдан астам уақыттың ішінде бірде-бір адам оның үстінен арыз жазып, жоғарыға шағынып барған жоқ. «Аққа күйе жұқпайды», «Ақтың бір беті ашық» деген аталы сөздің ақиқаты осы болар.

«Жәкең таңертең жұмысқа келгенде әуелі кеңсеге соғатын. Көлеңкеде әңгімелесіп отырған жігіттер:

– Жәкең келіп қалды, – дегенде, тым-тырақай қашып, ішке кіріп кететін.

Жәкең оларға ұрыспайды. Жалпы, ол кісі ешуақытта қарапайым жұмысшыларға ұрсып, боктық айтпайтын. Ұрысса, тек бастықтарға

ұрсатын. Сондай халыққа жақын, қарапайым да қадірлі адам болды», – деп еске алады Жәкеңнің қол астында бірнеше жыл жұмыс істеген Жаролла Ақмұрзин. Сондай-ақ ол Жаңабай ағаның ешқашан қолына қойын дәптер ұстамағанын, сонда да қай жерге қандай көлікті жібергенін, қай машинаның қайда бұзылып жатқанын, оған қандай қосалқы бөлшектер қажет екенін – бәрін ұсақ-түйегіне дейін басында ұстайтын жады мықты жан болғандығын таң қала әңгімелейді. Осындай айрықша қабілеті үшін оны қазақ, орысы аралас бүкіл ұжым сыйлайтын.

Ал оның өз жұмысын бүге-шігесіне дейін жетік білетін білгірлігін, кейбір өтірік жылдыртпалатып, өзінің білместігін техниканың ақауына жауып, құтылып кетпекші болған қуаяқтардың шыжғырып тұрып шындығын бетке басатын әділдігін, басшы ретінде ғана емес, қарапайым жүргізуші ретінде де техниканың жілігін шағып, майын ішкен дерліктей майталман маман болғандығын кезінде Жәкеңмен қызметтес болған жандардың барлығы аузының суы құрып, қайран қала айтады.

Осындай тәжірибелі де тәртіпті, өткір де өрелі, адуынды да алғыр басшыны ол кезде қай сала болсын қажетсініп тұратын.

Жәкеңнің жақсылығы мен жайсандығын бұрыннан да білетін, Маңғыстау мұнайын алғашқы болып тауып, ақ бұрқағын атқылатқан «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («ММГБ»-«МНГР») кешенді экспедициясының басқарма бастығы Халел Өзбекқалиевтің қырағы көзі трест құрылған кезінде өзіне оңтайлы орынбасар іздеген сәтте бірден Жаңабай Сәлімгереевке түсті. Ол сол кез үшін айшылық алыс жер болмағанмен, ара қонып жететін қияндағы Маңғыстаудан қиырдағы Жәкеңе қолқа салып, өзі басқаратын мекемеге жұмысқа шақырды. Жаңабай аға бұрыннан сыралғы таныс, сыйлас досы Халекеннің сөзін жерге тастаған жоқ, бірден келісті. Бір-біріне сенген, сүйенген нағыз достар ғана осылай бір-бірінің сөзін жықпай, көңіл қимастықпен көшелі қадамға бара алады. Әйтпесе, ол кезде елсіз, сусыз ең даланың қарсақ жортпас қара жондарында қатал табиғаттың қатыгез сынына төтеп беріп, қажымай-талмай еңбек етіп жатқан Маңғыстау бұрғышыларының жай-жағдайы анау

айтқандай, адам қызығарлықтай жайлы да жақсы емес еді. Қанша жерден қаһарлы партия жұмсаса да, кез келген адам жылы орнын суытып, жұмақ мекен іздеп Маңғыстауға бара салуы қиын болатын. Бір жағынан, Халекендей азаматтың ұсынысын жерге тастамай, оның кашанда ардың туын асқақ ұстаған адамгершілігіне сенген болса, екіншіден, өмірдің небір өткелектерінен өтіп, ыстық-суығында шындалған Жаңабай аға Маңғыстаудың кемел келешегін көкірек көзімен, көреген көңілімен болжай білді десек те болады.

Сөйтіп, 1962 жылдың сәуір айында Жәкең бұдан былайғы бүкіл өмірін осында өткізген қасиетті Маңғыстауға қадам басты.

## МАЙЛЫ ҚИЯН МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІНДЕ

Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының 1962 жылғы 31 наурыздағы және «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің 1962 жылғы 1 сәуірдегі бұйрығымен Жаңабай Сәлімгереев Форт-Шевченко қаласындағы №1 автокөлік кеңсесінің директоры болып тағайындалды.

Сол жылдың тамыз айында оның Құлсарыдағы отбасын осында көшіріп әкелу хикаясын көз көрген кісілер мен жақын-жуықтары әлі күнге дейін аңыз қылып айтады. «ММГБ» тресінің басшылығы қажетті кадрдың қадірін білгендігі болар, Ж.Сәлімгереевтің үй ішін анау-мынау автокөлікпен емес, арнайы самолетпен көшіріп алды. Жәкеңнің келіні, Нұрлыбай ағаның зайыбы Қайша (Қанымай) Ақмұрзина өзінің естелігінде сол бір есте қаларлық оқиғаны қызықты етіп әңгімелейді.

Алғашқы бір жарым жылдай уақыт бойы, трест Ералиев елді мекеніне қоныс аударғанға дейін Жәкең осы Форт-Шевченкодағы автокөлік кеңсесінің директоры қызметін атқарды.

Жаңа орта, жаңа жер, жаңа адамдар...

Ежелден қатар жатқан қанаттас өңір болғанмен, қасиетті Маңғыстаудың жөні бөлек.

*Маңғыстау – машайықтың басқан жері,  
Талаптың таудай өрлеп, тасқан жері.  
Жер жүзін желмаямен жеті айналып,  
Ауғанға Асан бидің асқан жері, –*

деп Балтабастың Түмені бастан-аяқ жырлаған қашаннан қасиетті өлке, қазыналы түбек.

Маңғыстаудың «қасиетті өлке» атануы қадымнан бергі баба тарихында жатса, «қазыналы түбек» атануы 1961 жылдың 5 шілдесінде Жетібайдағы №6 ұңғымадан мұнай фонтаны атқылаған атаулы күннен бастау алады. Жәкенді жылы орнынан қозғап, Жылыойдан Маңғыстауға келуге мәжбүр еткен де осы «қара алтынның» қасиеті, кәрі түбектің дүр сілкінген дүбірлі оқиғасы болатын. Сондықтан осы жерде аз-кем Маңғыстау мұнайының тарихына тоқтала кеткеннің артықтығы болмас.

Байтақ қазақ даласындағы, оның ішінде Батыс Қазақстан өңіріндегі мұнай кенін барлау жұмыстары секілді Маңғыстау мұнайын іздестіру экспедициялары осыдан екі жарым ғасыр бұрын, сонау XIX ғасырдың орта шенінде патшалық Ресей заманында басталғаны белгілі. 1827 және 1832 жылдардағы Г.С.Карелиннің, 1857 жылғы Н.А.Северцев пен И.Борщовтың, оның артынан 1887 жылғы Н.А.Андрусовтың, М.О.Клер мен М.В.Баярунастың сапарлары, оның бергі жағында өзіміздің төл перзентіміз, жан-жақты ілім иесі Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының зерттеулері бұл өлкеде мұнай мен газдың, басқа да сирек кездесетін пайдалы қазбалардың мол қоры жатқанын нақтылай түсті. Оның бәріне шолу жасап жатсақ, ұзаққа кетеміз. Әрі бұл тақырып бұған дейін де талай ғылыми зерттеулерге, жекелеген тарихи-танымдық кітаптарға арқау болып, сан мәрте сарапталып, елеп-екшеліп, талдап-таразыланып, жан-жақты жазылды. Сондықтан біз тек Кеңес үкіметі кезіндегі геологиялық барлау жұмыстары жөнінде ғана азғана айтып өтейік.

XX ғасырдың басында жүргізілген зерттеулер әуелі Форт-Шевченкодан 50 км қашықтықтағы «Қанға баба» жеріндегі бор түзілімдерінде мұнайға ұқсас зат бар екенін анықтады. Екі ортада

Ұлы Отан соғысы киіп кетіп, үзіліп қалған Маңғыстауды барлау жұмыстары кейін қайтадан қолға алынып, 1947-1948 жылдары Каспий маңында аймақтық сейсмикалық зерттеулер жүргізілді. 1955 жылдан бастап кең көлемдегі зерттеулер бүкіл Оңтүстік Маңғыстау аумағын қамтыды. 1956 жылы республиканың көмір-сутек шикізатын, геологиялық барлау жұмыстарын бір орталықтан жоспарлау және жүргізу мақсатында Қазақ КСР Геология министрлігі құрылды. Маңғыстауда мол минералды шикізат ресурсы бар екендігі анық болған соң, Форт-Шевченко қаласында 1957 жылдың 1 сәуірінде «Қазақстанмұнай» бірлестігінің құрамында «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («ММГБ»-«МНГР») тресі құрылды. Трестің алғашқыда түбектегі тұңғыш қала Форт-Шевченкода орналасуының да өзіндік себебі бар еді. Өйткені, бұл қала қажетті құрал-жабдықтарды су жолы арқылы тасымалдауға ыңғайлы теңіз айлағы бар, Маңғыстаудың ең ежелгі мұнайы табылған Түбіжік жазығына жақын орналасқан болатын. 1958 жылдың аяғында Гурьев қаласында Қазақ КСР-інің Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Батыс Қазақстан геологиялық басқармасын құрды. «ММГБ» тресі осы басқарманың құрамына берілді.

1961 жылдың 5 қаңтарында Өзендегі №18 құрылымдық ұңғыманы бұрғылау барысында 367,5 метр тереңдіктен алғаш рет газ бұрқағы алынды. Газ деген мұнайдың екінші тынысы екендігін жақсы білетін, «Қай жерден газ табылса, сол жерден мұнайды да ізде» деген қағидаға сүйенген барлаушылар Өзен қойнауын терең бұрғылау жұмыстарын зор қарқынмен жүргізді. Сонымен қатар бұл уақытта 1959 жылдан бері Жетібайда да бұрғылау жұмыстары жүріп жатқан болатын. Ақыры 1961 жылдың 5 шілдесінде осынан алғашқы мұнай бұрқағы атылды. Маңғыстау мұнайының бастау-бұлағы осы күн болды. Сөйтіп, осы жылы Оңтүстік Маңғыстаудан екі бірдей мұнай кен орны – Өзен мен Жетібай кеніштері ашылды.

Бүкілодақтық геофизика институты мен Қазақ геология және геофизика институттарының ғылыми қызметкерлері осы екі кеніштегі көмірсутегі қорын есептей келіп, Өзендегі мұнай қоры

1 млрд. 150 млн. тонна болып, Татарстанның Ромашкино, Батыс Сібірдің Самотлор кен орындарынан кейін КСРО бойынша үшінші орында тұрғанын, ал Жетібайдікі одан екі жарым еседей аз екендігін анықтады.

Маңғыстаудағы көмірсутегі шикізатының бұрын болжанғаннан да анағұрлым артық болғаны соншалық, тіпті «Маңғыстаулық мамандардың мұрнына әлі мұнай исі бармаған. Сондықтан Қазақстан мұншалықты мол мұнайды өз күшімен игере алмайды» деген желеумен алдымен Каспий теңізі арқылы қажетті жабдықтар мен материалдарды тасымалдауға арналған көпір салып, артынан Маңғыстауды мұнай өндіруде мол тәжірибесі бар Түркіменстан мен Кавказға беріп жіберу сияқты ұшқары пікірлер мен ұсыныстар жиі айтылды. Қашанда қазағы үшін отқа да, суға да түскен ұлтшыл тұлғалар – сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің I-хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Жұмабек Ахметұлы Тәшенов, Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтардың шыр-пыры шығып, жанұшыра арашаға түсіп, бұл ел өз мұнайын өзі игере алатындығын тоңмойын Мәскеудің алдында толық дәлелдеп шыққанының арқасында Маңғыстау жат елдің қанжығасына бөктерілмей, аман қалды.

«Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1962 жылдың 19 қаңтарында «Маңғыстау түбегінде және Каспий маңы ойысының оңтүстік-шығыс бөлігі аумағында жүргізілетін мұнай мен газға деген геологиялық барлау жұмыстарының қарқынын күшейту және осы аудандарда ашылған мұнай кен орындарын игеруге дайындау туралы» деп аталатын арнаулы қаулы қабылдады. Оңтүстік Маңғыстау байлығын өнеркәсіптік игеру мақсатында 1964 жылдың қаңтарында «Маңғыстаумұнай» өнеркәсіптік бірлестігі құрылды. Тыңнан табылған мұнайлы өлкені игеруге Әзірбайжаннан, Татарстаннан, Башқұртстаннан, Краснодар және Ставрополь аймақтарынан мыңдаған білікті мамандар мен тәжірибелі инженер-техникалық қызметкерлер тартылды. Ералиев, Жетібай сияқты мұнайшы кенттері мен Жаңаөзен қаласы пайда болды... 1965 жыл-

дың 10 маусымында Маңғыстаудың алғашқы мұнайы темір жол арқылы Гурьев мұнай өңдеу зауытына жөнелтілді.» деп жазылған «Қазмұнайгаздың» сала тарихы туралы мәліметтерде.

Міне, сол Маңғыстау мұнайын кең көлемде игеру туралы үкіметтің әйгілі қаулысы қабылданатын жылы түлеген түбекке ат басын тіреген Жаңабай аға «ММГБ» тресінің Форт-Шевченко қаласындағы №1 автокөлік кеңсесінің (АКК) тұңғыш директоры болды. Әуелден автокөліктің қыр-сырын жетік білетін алғыр маман АКК жұмысын дөңгелентіп алып кетті. Осы жерде ол кісінің кәсіби жұмысынан бөлек, кәдімгі қарапайым адам ретіндегі азаматтық, адамгершілік тұлғасын айшықтайтын бір оқиғаны айта кетпесек, болмайды.

Қай кезде де халықтың ықылым замандардан бері келе жатқан ата тарихына тіл тигізіп, әулие-әнбиелердің әруағымен алысып, қадір тұтқан қасиетті орындарына көз алартатын әулекілер мен әпербақандар аз болмаған. Сондай шолтандаған шолақ ойлы белсенділер Форт-Шевченко қаласына қашық емес, 25 шақырымдай жердегі Жанай Саназар әулиенің басына салынған түнеухананы тілге тиек қылып, «Ескіліктің қалдығы, дінді уағыздаушылардың әрекеті» деп, қалалық партия комитетіне арыз түсірді. Партия комитеті бұл мәселені арнайы бюрода қарап, түнеухананы бұзу жөнінде шешім шығарды. Ол шешімді орындауды сол кездегі көлігі мен техникасы сақадай-сай, өңірдегі бірден-бір қажарлы мекеме «ММГБ» тресіне тапсырды. Ақыры бұл шешім бірнеше құзырлы орындардың қолынан өтіп келіп, жүзеге асыру жөнінде шиырып қолы қойылған нән бастықтың пәрменімен міндеттеліп, Ж.Сәлімгереевтің алдына келіп түсті. Енді қайтпек керек?

Ол кезде қылышынан қан тамып тұрған қызыл режимнің, дегені жүріп тұрған коммунистік партияның бірде-бір пәрмені орындалмай қалмайтын. Ал орындайын десе, ата-бабаның әруағына қарсы қол көтертетін абыройсыз жұмысқа итермелеп, екі оттың ортасына түсіп тұр. Алайда, өмір-бақи ақ жүріп, адал тұрған, ата-бабасынан бері арсыз әрекетті жасамақ түгілі, ойына да алып көрмеген Жаңабай ағаның ондай орашолақ, ойсыз нәрсені жасауға дәті бар-

мады. Ақыры қандай қиындықтан да қиюын тауып шыға білген, талай тар жерден тарықтырмай жол тапқан Жәкеңнің адастырмас ақылы мен пайым-парасаты бұл тығырықтан да аман-сау алып шықты. Ол түнеухананы бұзу үшін автокөлік кеңсесінен арнайы бульдозер бөлген, оны әулие басына жұмсаған болды да, артынша тракторшы жігітке:

– Сен жолда бара жатып, бұзылып қалған бол, – деп тапсырды.

Осылайша Жаңабай аға бірнеше рет арнайы көлікті жұмсап, бірақ орта жолда ана жері сынған, мына жері бұзылып қалған қылып, «Көлікті жөндетіп жатырмыз. Жібереміз, орындаймыз» деген жалтарма жауаппен сиырқұйымшақтатып жүріп, ақыры әулие басындағы түнеухананы аман сақтап қалды. Бұл бәлкім Жәкеңнің өзіне тапсырылған жоғарының бұйрығын тұңғыш рет орындамаған, ал қаһарлы партияның қаулысы алғаш рет жүзеге аспай қалған сәті болар. Қалай болғанда да, Жәкең мен бастығы Халел Өзбекқалиев бұл сыннан сүрінбей өтіп, Алла Тағаланың алдында да, айнала ел-жұрттың арасында да, қала берді, өздерінің ар-намысы алдында да абырой-беделіне шаң жуытпай, кіршіксіз күйінде қалды. Бұл туралы кейін Жаңабай ағаның жеделдес ізбасар інісі, жақсы сыйлас әріптесі болған, Қазақстанға еңбегі сіңген жер қойнауын барлаушы Тұрсынғали Көшенев:

«..Компартияның сұсы мен сесі қанша зәрлі болса да, елі қадірлеген ерекше тұлғаның – Саназар әулиенің түнеуханасын бұзып, абырой таппайтыны, олай етер болса, алдымен Алла Тағаланың, қала берді, халықтың қарғысына ұшырайтындығы ақиқат. Өзі де ата-баба әруағын сыйлайтын, адал сүт емген арда қасиет бойына сіңген адам өйтпеске амалы да жоқ еді... Х.Өзбекқалиев деген бастығымыз да – табиғатынан бірдеңені жасауға болмаса, қиратуға, бұзуға қарсы адам. Соның ішінде әулиелерді, қасиетті орындарды талқандау ешкімге опа бермесін бір кісідей біледі. Оның үстіне Маңғыстау – бұрын-соңды келмеген жері. «Өзбекқалиев пен Сәлімгереев Адайлардың жеріне келіп, молаларды қиратып жатыр» деген сөзге қалмауы керек. Екеуі де – ақылды адамдар ғой... Қалай



болғанда да, Жәкеңнің ондай қасиетсіз іске қолы бармады. Оның орнында тек бастықтың айтқанын ғана орындап жүретін, ақылсыздау, жеңілтек адам болса, білек сыбана кірісіп, бір күнге жеткізбей, ол түнеухананы әлдеқашан бұзып тастаған болар еді», – деп еске алады.

Міне, осы оқиғаның өзінен-ақ Жаңабай ағаның ата-баба әруағын қаншалықты қадірлейтіндігін, отырған креслосы үшін бабалардың рухын садақаға шалмайтын сара ақыл иесі екендігін, Компартияның қаһары қанша жерден қатты болса да, өлінің үрейі мен тірінің мерейін арттыратын қандай шаруадан да болсын тартынбайтын кең ойлылығы мен кемел пікірлілігін байқауға болады. Әйтпесе, қызыл империяның қырқып түсер қылпыған қылышы айдаһардың тіліндей жалаңдап тұрған ол уақытта мұндай әрекетті жасамақ түгілі, ойлаған адамның өзі орнынан мұрттай ұшып, атқарып отырған қызметі мен барлық атақ-дәрежесінен айырылып, бірнеше жыл арқалап, айдауға кете баруы да күмәнсіз болатын...

Аз уақыттан кейін Геология министрлігі «ММГБ» тресін мұнай игеріліп жатқан Өзен мен Жетібай кеніштеріне жақындатып, жедел басқаруды жеңілдету мақсатында министрліктің бұйрығымен басқарма кеңсесін Форт-Шевченко қаласынан Ералиев кентіне көшірді.

Ол кезде трестің басшысы – 1952 жылы Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы мұнай-газ институтын бітірген соң, Даңғар мұнай бөлімшесі (1952-56 жж.) мен Мақат мұнай бұрғылау мекемесінде (1956-59 жж.) кәсіби шеберлігін шыңдаған кәнігі геолог Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиев болатын. Жалпы, Маңғыстау мұнайының тарихы, оның ішінде Жаңабай Сәлімгереев туралы сөз болғанда, Халел Жағыпарұлының ерен тұлғасы жөнінде екі ауыз сөз айтпай кету мүмкін емес. Өйткені, Х.Өзбекқалиев Жаңабай ағаның ұзақ жылдар бойы бастығы болумен қатар, жан қиыспас жақсы достарының бірі болды.

Халел Жағыпарұлы – 1928 жылы 27 желтоқсанда Атырау қаласында дүниеге келген, бірақ өмірінің көпшілігін Маңғыстау жерінде өткізген, Маңғыстау мұнайын іс жүзінде тұңғыш игеруді

ұйымдастырған атақты тау-кен инженері. Ол қажырлы еңбегімен, қабілет-дарынымен Маңғыстаудың атағын аспанға шығарды. Өз кезегінде Маңғыстаудың «қара алтыны» да оны өшпес даңққа бөледі. Х.Өзбекқалиевтің тікелей басшылығымен «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясы Оңтүстік Маңғыстаудағы Жетібай, Өзен, Теңге, Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Қаламқас кен көздерін алғаш рет ашты. Сол үшін ол 1966 жылы Лениндік сыйлыққа ие болды. 1959-1978 жылдары «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресіне басшылық етті. 1972 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы атағын алды. 1978-1991 жылдары Қазақ КСР Геология министрінің орынбасары қызметін атқарды. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 1988 жылы оған «Құрметті жер қойнауын барлаушы» атағы берілді. Х.Өзбекқалиев 2004 жылы 76 жасында Алматы қаласында өмірден өтті. Жәкең, міне, осындай ардагер азаматпен үзеңгі қағыстырып, ұзақ жылдар бойы бірге қызмет жасады.

«Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің 1963 жылдың 10 тамызындағы бұйрығымен Жәкең басқарма бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болып бекітілді. Осы қызметте табан аудармастан 20 жылға жуық қызмет етіп, 1983 жылы жасы келгеніне байланысты құрметті зейнеткерлікке шықты. Арасында Қазақ КСР Геология министрлігінің 1972 жылдың 27 шілдесіндегі бұйрығымен «ММГБ» тресіне құрылымдық өзгерістер жүргізіліп, «Маңғышлақмұнайгазбарлау» кешенді экспедициясы болып қайта құрылды. Жәкең «ММГБ» кешенді экспедициясы бастығының орынбасары деген, аты өзгергенмен, заты өзгермеген бұрынғы қызметінде қала берді.

«ММГБ»-ға қандай жетекші келіп, қаншама бастық ауысса да, мызғымайтын бір адам бар еді. Ол – табанды еңбегімен, тапсырылған істі тап-тұйнақтай етіп орындайтын іскерлігімен, барлық жұмысты да үйлестіріп, ұтымды ұйымдастыра білетіндігімен кез келген адамның көңілінен шыға білетін Жаңабай аға Сәлімгереев болатын. Жәкеңнің қол астында бірнеше жыл жұмыс істеген

«ММГБ» ардагері Сатыбалды Нұрлыбеков өзінің естелігінде тамсана жазғанындай, ол кісі сол кезде қазіргі ірі мекемелердегі қаптаған орынбасарлардың жұмысын жалғыз өзі атқарып отырды.

1960 жылдардан басталған жиырма жыл қарт Маңғыстаудың қазыналы аймағын адам танымастай етіп түлеткен алапат өзгерістер жылы болды. Өзен, Жетібай, Теңге, Қансу, Қаракұдық, Тасболат, Қарамандыбас, Оңтүстік Аламұрын, Рақушты, Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бозашы, Жалғызтөбе, Асар, Ақтас, Доңға, Еспелісай, Оймаша сияқты ірілі-ұсақты мұнай және газ кеніштері бірінен соң бірі ашылып, ондағы мұнай қорлары барланды. Кеңестер Одағының барлық қиырынан майталман мамандар мен шәуімбас ғалымдар лек-легімен Маңғыстауға ағылып жатты. Жәкең мамандығы мұнайшы болмаса да, өзіне тиесілі зіл батпан жүкті арқалап, осынау жаңғыру мен жасарудың бел ортасында болып, жасампаз өмірді бірге құрып, жана заманды бірге орнатты.

Жәкеңнің басшы ретіндегі барлық қарым-қабілеті жан-жақты ашылып, жарқырай көрінген тұсы осы кез еді.

«ММГБ» тресі басқарма бастығының жалпы мәселелер бойынша орынбасары деген жалпақ тілдегі атауы болғанмен, Жаңабай ағаның құзыры мен қызмет ауқымы өте үлкен болатын. Ол трестің барлық көлікке қатысты шаруаларымен шұғылданып, жұмысшылардың тұрмыстық-әлеуметтік жай-жағдайларын жасаумен тікелей өзі айналысып отырды. Ардагер мұнайшы Меңдеш Салихов айтқандай, Жәкең өзінің бастығы Х.Өзбекқалиевтің басқа қосалқы шаруалардан мойнын босатып, тікелей геология саласындағы жұмыстарымен алаңсыз айналысуына жағдай жасап, былай қарағанда көзге көрінбейтін, бірақ артылған жүгі атан нардың да белін қайыстырар ауыр жұмыстардың бәрін өзі атқарып, он алты жыл бойы оның оң қолы болды. Ал Х.Өзбекқалиевтей талапшыл да қатаң басшыға жағу оңай емес болатын. Оның темірдей тегеурініне Жаңабай аға секілді жұмыс десе жанын беретін, қашық жолға қажымас, шаршамайтын Шалқұйрық тектес адамдар ғана шыдас беретін. Және Жәкең өмір бойы осы қатал басшысымен күнделікті

тіршілікте болсын, қым-қуыт қиыншылығы көп қызмет бабында болсын, бірде-бір рет сөзге келіп, «шәй» десіп, бет жыртысқан жоқ. Қайта оның жақын досы, жанашыр жолдасы бола білді.

Халел Жағыпарұлы да Жәкеңді өзіндей көріп, қатты сенетін. Жәкең сол үлкен сенімнің үдесінен шыға біліп, бірде-бір рет Халекеңді ұятқа қалдырған жоқ. Оған шама келгенше салмақ түсірмей, әлеуметтік және көлік салалары бойынша барлық проблемаларды ешқандай дау-дамайсыз, басы артық әңгімесіз, басалқалы ойымен, байсалды сөзімен, байыпты ісімен шешіп отырды. Сол себепті Х.Өзбекқалиев кезекті шаруаны Жәкеңе тапсырып тастаған соң, оның оң шешілетініне шүбәсіз сеніп, ешқандай алаңдамайтын. Ал кейбір шешімі көп уақытты талап ететін немесе күрмеуі қиын күрделі мәселелер болса, Жәкең жасырмай, бірден ашығын айтып, не үшін кідіріс пен кедергілер болатындығын дәйекті дәлелдер келтіре отырып, баяндайтын. Бірақ ол ешуақытта «Жоқ, бұлай болмайды! Ол мүмкін емес!» деген айттым-бітті, кестім-үзілді пікір айтып көрген емес. Кез келген шаруаның да шешімін табудың жолдарын шебер ұйымдастыра білетін.

«..Жәкең Х.Өзбекқалиевке: «Мына жұмыс қиын ғой, болмайды ғой», – деп ешуақытта айтпайды. «Жақсы, ұйымдастырайық», – дейді. Арнайы жоғары білімі болмаса да, жұмысқа күшті болды, әрі іскер, әрі ұйымдастырушы, өте бір қабілетті адам еді», – дейді көзі тірісінде «Бұрғылау ерітіндісінің ханшайымы» атанған, КСРО Геология министрлігінің жер қойнауын барлау ісінің үздігі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы, бүгінде 88 жастағы Қамқа Үмбеталина.

Ж.Сәлімгереевке тапсырылған істің сәтімен шешілмей қалған кезі некен-саяқ. Сондықтан да оның іскерлігі мен ілкімділігін тек Х.Өзбекқалиев қана емес, одан кейін «ММГБ»-ға басшы болып келген талай-талай азаматтардың барлығы да бағалап, басын иіп мойындап, қашанда қадірлеп, құрмет тұтатын.

Бір-бірінен ара қашықтығы 300-400, кейде 500-1000 шақырымға дейін жететін алыста жатқан барлау-бұрғылау алаңдарына әртүрлі керек-жарақтар мен бұрғылау қондырғыларын, құбырлар

мен құрылыс материалдарын, вахталық вагондар мен алуан түрлі агрегаттарды, трактор, кран, арнаулы техника сияқты автокөліктерді, жанар-жағармай мен отын-суды, азық-түлік пен киім-кешектерді, басқа да тұрмысқа қажетті нәрселердің барлығын дер кезінде, уақытылы тасымалдап жеткізу ауызбен айтуға ғана жеңіл болғанмен, адам ресурсы мен арнайы мамандары, күш көліктері жеткіліксіздеу ол уақытта оңай шаруа емес еді. Өмір болғасын, адамдар да ауырып немесе жарақаттанып, техника да сынып, бұзылып жатады. Сондайда жедел шешім қабылдап, тез арада тиісті шарасын алып, қарыштап дамып жатқан өндіріс қарқынын бір сәтке де бәсеңдетпестен, адамдардың күш-қуатын бір мақсатқа жұмылдырып, жұмысқа кесірін тигізбей, жұмыла ауыртпалықты көтеріп отыру керек. Жәкең осының бәрін оңтайлы ұйымдастырып, қардер нәрсенің барлығын уақытында жеткізіп, қажет кезінде шұғыл шешім қабылдап, бастан-аяқ барлығын өзі тікелей қадағалап отырды.

Жәкеңнің басшы ретіндегі байыпты қимылы мен жақында келсе де, Маңғыстаудың жер жағдайын жетік ұғынған жан екендігін алғаш рет қалай байқағанын онымен бірге тақтан түссе де, аттан түспеген ақпанның күнінде, сақылдаған сары аязда сегіз күндей сапарлас болған Тұрсынғали Көшенов былайша баяндайды:

«Бірде қыстың көзі қырауда Форттан Жетібайға керекті заттарды (жанар-жағармай, құбырлар, цемент, құрылыс заттары, т.б.) тиеп, ішінде трубопровод, самосвал, бензовоздар, т.б. бар 60 автокөлікпен жолға шықтық. Қар қалың, аяз күшті болды. Осы екі ортаға 8 күн жүрдік. Жәкеңнің ұйымдастыру қабілетінің күштілігін, көпті көргендігін, осындайда көрген қиындықтарынан қорытынды шығарып, өмірде іске асыра білетіндігін сонда көрдім. Техникалар батып, жыраларға түсіп кетіп, үстіндегі жүгімен аударылып, сырттан көріп тұрған қарапайым адам жанынан түңіліп, үмітін үзетін, сайға түсіп кеткен көліктерді «тастап кету керек» дейтін мезгілдерде Жәкеңнің ойшылдығы мен әдістік шеберлігі тығырықтан шығарып, қиындықтардан құтқарып қалып отырды. 60 техниканың қайсысы қай жерде, оларды кім басқарып отырады – осының бәрін

өзі бас болып қадағалап, мезгіл-мезгіл жүргізушілермен жиналыс өткізіп, түсіндіріп, талап етіп отырды. Ол бұл жолға керекті құралдардың (тростар, автоген және дәнекерлеу агрегаттары, т.б.) бәрін түгелдей қамтамасыз етіп шығарған екен. Қатты қиындық көрген жерлеріміз – Жабағының ойы мен Бекінің ойының жалғасындағы «Ақ жол» деген тік көтерілетін жолдың бөлігі болды. Осы қиындыққа толы сапарды күні-түні Жәкеңнің өзі жаяу басқарып отырды», – дейді ол.

Маңғыстауда қара алтынның көзі көрінгеннен кейін оны жедел өндіру мәселесі басты міндет болып қойылған жылдары Коммунистік партия тарапынан «Мақсатымыз – Маңғыстауды игеру!» деген ұран тасталды. Республиканы былай қойғанда, КСРО Геология министрлігінің өзі бүкіл күштің бәрін осы мақсатқа жұмылдырып, бұл ұлы шаруаға Мәскеудің өзі мән беріп, қатаң бақылауында ұстап отырды. Бірақ әуел баста Маңғыстауды Кавказ бен Түркіменстанға бергісі келіп, желіккендер бекер қауіптенбепті. Шындығында да, дәл осы кезде алақандай ғана шағын аумақтан тым тереңнен емес, жақын жерден табылып, барланған мол мұнай қорын игеріп, оны өндіретін мамандар тапшылығы қатты сезілді.

Енді не істеу керек? Жергілікті жерде жоқ маманды қайдан табуға болады? Елдің әр жерінде енді-енді білім алып жатқан жас мамандардың оқу бітіріп келуін күтіп отыруды уақыт көтермейді. Қалайда тығырықтан жол тауып шығу қажет. Х.Өзбекқалиев бастаған «ММГБ»-ның басқарма басшылығы ақылдаса келіп, «Қазақтар өз мұнайын өздері өндіре алмайды» деген табаға қалмау үшін қалайда намысты қолдан бермеуге бекінді. Бұл іске осы туған топыраққа жаны ашитын ұлты қазақ мамандарды көптеп тартуды, қажет болса, көршілес елдерден көмек шақыруды ұйғарды. Сондықтан кезінде, 1930-38 жылдары аласапыран қуғын-сүргін мен аштықтың, зобалаңның уақытында атамекенді тастап кеткен жергілікті халықтың ұрпақтарын іздеп тауып, Түркіменстан Республикасының Небидтау қаласынан көшіріп әкелуге күш салды. Сөйтіп, 1965 жылы Х.Өзбекқалиевтің өзі бастап барып,

бірнеше күн үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Артынан арада екі ай уақыт өткенде, Жаңабай ағаның басшылығымен кілең сайдың тасындай сайланған мамандардан құралған бірнеше бригаданы, 100-ден астам отбасыны Маңғыстауға көшіріп әкелді. Осы шаруаның басы-қасында екі ай бойы бастан-аяқ Жәкеңнің өзі жүрді. Біле-білген адамға 100 үйді көшіріп-қондыру түгілі, құт қара басың, бір өзіңнің үйелменіңмен-ақ бір жерден екінші бір мекенге қоныс аударып, көшіп-қону оңай емес. «Көшкен жерде көсеуің қалады» дейді атамыз қазақ. «Екі рет көшкен – бір жолғы жұтпен тең» дейді орыстар. Ал сол қаншама шаңырақты қара орманымен, қазан-ошағымен көшіріп әкеліп, жаңа жер, жаңа қонысқа орналастыру, олардың барлығының бірдей жағдайын жасап, үймен, материалдық жәрдеммен қамтамасыз етіп, мамандығына сай жұмыс тауып беру – осының бәрі ойлаған адамға ұшы-қиыры көрінбейтін, ұшан-теңіз шаруа болатын. Жаңабай аға өзінің қабақ шытпас қаранарлығының, қажуды білмес қайраттылығының арқасында бұл істі де тиянақтап, жеріне жеткізіп, абыроймен атқарып шықты. Бұл туралы Тұрсынғали Көшенов өзінің естелігінде өте жақсы, жатық тілмен қызықты етіп баяндайды.

«Мына жақтан, Маңғыстаудан Небидтауға барып, қайтып келу деген – әрлі-берлісін есептегенде, 1000 шақырымдай жер бар шығар. Небидтаудың ар жағында 250 шақырым тағы жүреді. Оның үстіне бөшке-бөшке соляркасымен, қап-қап тамағымен, су таситын және жүк таситын көліктерімен бір тайпа елді тұтас керуен қылып алып жүру, 100-ден астам отбасыны басқарып, елдің шеті мен желдің өгінен арытпай, ашықтырмай, тарықтырмай жеткізу деген де оңай шаруа емес. Ол үшін де мықты жүйке, мызғымас денсаулық, терең біліктілік пен текті тәрбие, көреген басшылық пен көшбасшылық қабілет керек. Ал бұл айтылғандардың бәрі де Жәкеңнің бойынан табылатын. Қысқа қайырып айтқанда, 100 машинамен барып, елді көшіріп алып келу деген – табанымен отырған бүкіл бір ауылды көшіріп әкелумен бірдей шаруа ғой. Міне, Жәкең осынау жауапты жұмысты да абыроймен атқарып, Халекеңнің өзіне артқан сенімін ақтай білді. Соншама ұзақ, мех-

натты сапардан соң қашық жолдан қажып келген жігіттердің бір-де-бірі қыңқ етіп, артынан Жәкеңнің үстінен арыз-шағым айтқанын көрген де, естіген де жоқпын», – дейді ол...

Барлаушылардың ешқандай алаңсыз жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, барлық керекті нәрселерімен жабдықтап отыру оңайға түскен жоқ. Ең алдымен «ММГБ» кешенді экспедициясына жан-жақтан келетін алуан түрлі жүктерді тиеп-түсіріп, қабылдап алу және оларды ойдағыдай етіп орналастыру үшін Каспий теңізінің жағасынан база салу қажеттігі туды. Ол үшін арнайылап теңіздің түбінен бес мың шақырымдық арна қазылып, Ералиев елді мекенінің қасынан жүк кемелері келіп тоқтайтын айлақ салынды. Кейін ол базаға да келген жүктер мен материалдар, трестің техникалары сыймайтын болып, тарлық еткесін, 1966 жылы Ақтау қаласының маңайынан аумағы жағынан әлдеқайда кеңейтілген алып база тұрғызылды. Сол жұмыстардың барлығы да Жәкең басқарған кешенді экспедицияның күрделі құрылыс бөлімінің күшімен жасалды.

Жәкең жұмыс барысында қол астындағыларға қатаң талап қоя білді. Әрбір шаруаның мезгілінде орындалып, тиянақты бітуін өзі тікелей қадағалап, ұсақ-түйегіне дейін ұмытпай, бас-көз болып отырды. Өзі ешқашан жұмысқа кешікпейтін. Жұрттың да жұмысқа кешігіп жүретінін кешірмейтін. Жұмысты сағатпен санаспай, күн-түн демей, артығымен істейтін. Сонда да белін жазып, бір демалмай, күндіз-түні шапқылап жүрсе де, «шаршадым» деп шағынып, «қажыдым» деп қамығып көрген емес. Ешуақытта ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп, жұмыстан бас тартпады. Махамбет бабасы айтқандай, «қабырғасын бір-біріндеп сөксе де, қабағын шытпас» қайсар ер секілді, қандай ауыр жүкті де қатепті қара нардай болып қайыспай арқалап, жабығып, жаны қиналмай, жанындағыларға шұғылалы шуағын шашып, жайсаң мінезімен жадырап күліп, жарқылдап сөйлеп жүретін. «..Жәкең ешуақытта «Мен шаршадым, мына жұмыс қиын» деп, ауыртпалықтан қашпайтын. Немесе «Мен ананы істедім, мынаны істедім» деп мақтанбайтын. Ол өмірде өте қарапайым болды.



Сондай-ақ айналасындағы адамдарға мейірімді, жақсылық жасауға, қол ұшын беруге дайын тұратын кісі еді», – деп ілтипатпен еске алады Қамқа Үмбеталина.

Ол ешуақытта қолына қағаз-қалам ұстамайтын, ғажап есте сақтау қабілетімен ерекшеленіп, айналасындағыларды қайран қалдыратын. Қол астындағы екі бірдей автокөлік кеңсесінде жұмыс істейтін барлық шоферлердің аты-жөнін жатқа біліп, қай автокөліктің қай жерде, қанша қашықтықта бұзылып жатқанын, оған қандай қосалқы бөлшек немесе басқа да көмек керек екендігін жаңылмай, жадында ұстайтын. Және ешқашан қателесіп, бір нәрсені кейінге қалдырып, ұмытып кетпейтін. Таңертең ұстаған затын түсте қай жерге қойғанын ұмытып, басы айналып, бағытынан адасып, ашық күнде алжып жүретін, өзінің жадына өмірі сенбейтін қазіргінің адамдары секілді қолына қойын дәптер ұстап, сәл нәрсенің бәрін түрткілеп, инеге іліп, жіпке тізіп, қағазға жазып жүретін қатыбас адам емес еді. Жаңабай ағаның жадының күштілігі мен жаңылмайтын, жаза баспайтын миының мықтылығы адам таң қаларлықтай болды.

Ол кісі үшін жұмыстың кішкентайы да, үлкені де болмайтын. Барлық кезек күттірмес келелі мәселелер дер кезінде шешілуге тиісті, маңызды болып есептелетін. Жәкеңнің өз жұмысын уақтүйегінен бастап ұлы шаруаларға дейін жетік талдайтындығы, техниканың терең сырларын қолындағы малының жай-жағдайын жақсы біліп, жатқызып-өргізетін тәжірибелі шопандай бес саусағындай білетіндігі, сондай-ақ тек жұмыста ғана емес, қарапайым күнделікті өмірде де адам жанының инженері секілді кісіні қасқабағынан-ақ қапысыз ұғатын аңғарымпаздығы, қайырымдылығы мен қамқорлығы, қашанда арнасынан аспайтын, кемерінен таспайтын, барлығын да ақылға жемдіре білетін байсалдылығы еріксіз сыйлауға мәжбүр ететін.

Сол себепті мындаған адам жұмыс істейтін үлкен ұжымда оған бірде-бір рет ешкім қарсы келіп, ұрсысып көрген емес. Бәрі де оны «Біздің Жәкең» деп сыйлап, алдын кесіп өтпейтін. Қай-қайсысы да «Жәкең айтса, болды ғой, жасаймыз, орындаймыз»

деп елпек қағып, жүгіріп кететін. Әрі ол кісі сол кездегі ұжымның ең жасы үлкен ақсақалы болды. Дегенмен, әңгіме жасы үлкендікте емес, жалы биіктікте еді. Жаңабай ағаның қандай да бір даулы мәселелерде де қарсыласын қажап, мінемей, көңіліне тиетін ауыр сөз айтпай, басы артық әңгімесі жоқ, қысқа да нұсқа ой орамдарымен, мәдениетті де мәнді сөздерімен адамның алды-артын орап, шыға алмастай етіп шырмап, байлап-матап тастайтын ұтымды уәждеріне тоқтамайтын жан болмайтын. Өйткені, ол Маңғыстауға өз ісін жетік білетін, өмірдің қиыншылығын да, қызығын да бір адамдай бастан кешкен, салиқалы азамат болып сақайып, сабыры толысқан шағында келді. Нағыз кемеліне келіп, шаршысына толған дер шағында – қынсыз қылыш қырық бестен бастап ердің жасы елу мен ақылы толысқан алпыс жастың аралығында ел басқарып, еңбекке белсене араласқан азамат өзінің қиядағыны шалар қыран-ойымен, қияндағыны алар, қиып түсер алымдылығымен кез келген кісіні жағынан жаңылдырарлықтай жайқалған жасында тұр еді. Жәкең әріден орағытып, әңгімені көбейтіп, бос былшылбай, бостекі сөздер айтып жатпастан, не айтқысы келетіні түсініксіз немкетті дүбэралық пен көлем толтыруды көздейтін көпсөзділіктен ада, айтар ойын нағыз нүктесіне дәл тигізетін нақты тіркестермен тұспалдамай, тура жеткізетін. Сондықтан да ол кісі сөйлегенде, орынды уәжге басын шұлғып, қолын қойып, қостамайтын жан иесі сирек еді. Бір сөзбен айтқанда, ол сөздің емес, істің адамы болды.

«ММГБ» басшыларының арасында жасы үлкені де – Жәкең еді. Оның ұрысканы да көбіне ақыл түрінде естілетін. Адамға жекіріп, орынсыз қызбалыққа салынып, қудалағанын көрмек түгілі, естіген де емеспіз. Біреуге жала жабу, жазықсыз айыптау ол кісіге жат еді. Кешірімі көп, білмегенінді түсіндіріп, мәселені шешу жолдарын тапсырма беру арқылы өзі шешіп беріп отыратын», – дейді Жаңабай ағамен ұзақ жылдар жұмыстас болған Сатыбалды Нұрлыбекұлы.

«Жәкең – салмақты, өзінің ортасында беделі бар, топырағы мықты адам. Өзіне берілген жұмысты күніне, сағатына дейін

калай болса да дәл уақытында орындайды. Трест бойынша айына бір рет жоспарлау жиналысы (планерка) болады. Сол жиналыстың алдында экспедициялардың әрқайсысымен байланысады. Кешке телефон байланысы бөліміне (телекомға) тапсырыс беріп қояды. Таңертең сағат сегізде телефонға отырады. Содан бастап сағаттап отырып сөйлеседі. Түске дейінгі уақыттың барлығында Жәкең телефонда отырады. Ертеңіне біздер жүреміз телефон соға алмай. Өйткені, бос емес, Жәкең сөйлесіп жатады. Өзіне тапсырылған жұмысты сөйтіп жасамаса, ол үлгере алмайды. Бұрғылаудың материалға келіп тірелетін шаруасы көп, оның барлығын сөйтіп жасамаса, үлгеру мүмкін емес. Жәкең, міне, осындай үлкен ұйымдастырушылық жұмыстармен айналысты», – деп еске алады «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарының иегері Мантық Төлеуғалиев.

Жәкең тек телефонның құлағында отырып алып, жан-жаққа тапсырма берумен ғана шектелмейтін. Өндірістің жай-күйін аяқтай жүріп аралап, өз көзімен көріп, дереу шешім қабылдайтын. Ол туралы сол уақытта Жетібай мұнай барлау экспедициясында бұрғышы болған Сатыбалды Нұрлыбекұлы 1966 жылдың күз мезгілінде Теңге барлау алаңына Жаңабай ағаның өзі аяқтай келіп, қандай кемкетіктер бар екеніне көз жеткізіп, сол жерде тұрып басшыларға тікелей тапсырма бергенін және ол тапсырмасының көп кешікпей тиянақты шешімін тапқанын әсерлі етіп әңгімелейді.

«Шындығында, мен «Жәкеңдей адамның дәл осындай күрделі шаруашылықта жұмыс істеуі – өте бір сәтті шыққан нәрсе» деп ойлаймын. Бұл жұмысқа кез-келген адам шыдай бермейді. Өйткені, сол кездегі өндірістің күретамыры іспетті роль атқарған және қай мекемеде де үлкен проблема болған көлік мәселесінің шыншыз шешу, оны ұйымдастыру, әрқайсысын орын-орындарына қоя білу, жұмсай білу, осының бәрін үйлестіру – тек Жәкең сияқты шебер адамның ғана қолынан келетін шаруа. Бұл – бір өте нәзік те қиын жұмыс. Біреуі болмаса, біреуінің көңілі толмаса, үстіңнен арыз жазып жібереді. Бір арыз жазылып, соның кесірінен құйрығыңа қоңырау байланса, одан құтылуыңның өзі қиын. Жәкең соның

бәрінің де орнын тауып, үйлестіріп отыратын еді. Соған ғажап қайран қаламын. Мен әрқашанда бұл кісінің осындай еңбегіне, ерекшелігіне риза болатын едім», – дейді сол кезде «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі болған Қазақстанның құрметті журналисі Саламат Хайдаров.

Ал Өзен және Қаражанбас кен орындарын алғаш ашқан ҚР жер қойнауының құрметті барлаушысы, «Жер қойнауын барлау үздігі» атағының иегері Әділ Нұрманов: «Жәкеңнің жұмысты ұйымдастырудағы қабілеті кез келген жоғары білімді инженерлерден ілгері еді. Жасалған жұмыстардың орындалысын ешуақытта көзінен таса қылмайтын», – деп жазады.

Жәкеңнің жұмысы тек өзі қызмет ететін «ММГБ» тресінің өндірістік нысандарымен ғана емес, темір жол, әуе кәсіпорны сияқты сан түрлі салалармен тығыз байланысты болды. Темір жол бөлімшелерінен тиісті вагондар составын бөлдіріп, әуе тасымалы қызметімен айналысатын мекемеден «МИ-1», «МИ-8» вертолеттері мен «АН-2» самолеттерін сұрап алып, олардың қызметкерлерінің де көңілін тауып, әртүрлі мекеме басшыларымен қоян-қолтық сыйласып жұмыс істеу үшін де Жаңабай аға сияқты жаны жұмсақ, мәдениетті де сабырлы азаматтың дипломатиялық тілі мен кісінің жүрегіне жол тапқыш кішіпейіл қасиеттері керек болатын. Сондай-ақ, сол кездегі Кеңестер Одағының түкпір-түкпіріндегі мұнай өндірісіне қажетті қондырғылар мен техникаларды шығаратын зауыттар мен кәсіпорындардың басшыларымен сөйлесіп, кейбіріне аяқтай барып келіп, келіссөз жүргізіп, қажетті құрал-жабдықтарды тасымалдап жеткізу де Жәкеңнің міндетіне кіретін. Ойлап қарасаңыз, ұшы-қиыры жоқ осыншама ұланғайыр жұмысты Жаңабай ағаның жалғыз өзі ешкімге салмағын салмастан ұйымдастырып, үйлестіріп отырғаны қайран қалдырады.

Жәкең «Мен – бастықпын. Сондықтан менікі ғана жөн» деп кеудесін көтермеген, керек кезінде қарауындағылардың пікір-ұсыныстарымен де санаса білетін сарабал ақыл иесі еді. Базбіреулердей шалқайған күйі шатқаяқтап барып, шалқасынан түскенше шакшиған

көзін аспаннан алмайтын шікірею мен шірену, кердендеген кем-ақылдық пен кеуде көтерген ақымақтық оған жат еді. «Бидайдың кеудесін көтергені – дақылының жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылының жоқтығы» деген халық даналығы мен түркімен классигі Мақтымқұлы Пырағының «Асқар таулар, «биікпін» деп мақтанба! Сен де бір күн жермен-жексен боларсың» деген қанатты сөздерін қанына сіңіріп, санасына тоқып өскен ол ешқашан өзін халықтан биік қойған жоқ. Қайта өзі де сол халықтың бір ұлы екендігін терең сезініп, қанша ірі лауазымды басшы болса да, қарапайым жұртшылықпен тонның ішкі бауындай араласып, етене жақын елдің перзентіне айналды. «Шалқайғанға – шалқай: ол Құдайдың ұлы емес. Еңкейгенге – еңкей: ол әкеңнің құлы емес» деген қағиданы берік ұстанды.

*«Жол бастаған ағаның  
Ізінен ер де, жолын қу.  
Болайын деген баланың  
Етегін баспа, белін бу»*

дегендей, жасы үлкендерді жалпылдамай, жалбақтамай-ақ, шын ниетімен сыйлай білді, жасы кішіні тұқыртпай, бетінен қақпай, маңдайынан сыйпай білді.

Жәкеңнің қандай қарапайым да халыққа жақын адам болғандығы хақында «Қазақ мұнайының ардақтылары» сериясымен 2008 жылы шыққан Наталья Задерецкаяның «Киікбай Рзаханов» атты кітабында бір оқиға былайша баяндалады:

«Жәкең қасындай Киікбай бар, бір сапарында Теңгеге келген. Онда қазақтардың үйлері бар. Бәрі де қонақ күте алады. Сонда да Жәкең бірден асханаға тартты.

Басшылар әдетте сырт жақтан кіріп, жапсар бөлмеден тамақтанатын. Жәкең олай еткен жоқ, залға кірді. Тәртіп бойынша жұрт мұнда әуелі буфетке келіп, сол жерден ішетін тамағын қағазға жаздырып есептесетін. Бұлар да солай етті.

Буфетші де, аспаздар да жаңадан келген Жәкеңді танымайды. Ол «Келе жатырмын» деп хабар бермеген. Ал Киікбай танымал. Мұндағылар тіпті жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді. Киекең

келсе, «Бір шапағаты тиеді» деп, қуанып қалады. Сондықтан К.Рахановтың залға елеусіздеу келгеніне таң қалысып тұр.

Қонақтар тамақтанып болғаннан кейін мына еңгезердей сары кісінің трест бастығының жаңа орынбасары Жаңабай Сәлімгереев екенін білгенде, бәрі абдырап қалды.

– Тамақтарын дәмді екен, қарақтарым, рахмет, – деп, Жәкең ризашылығын білдірді.

Жәкең сонда жұртқа қарапайым болып көрініп, арзан жақсы атақ алайын деп емес, жұмысшылардың қалай тамақтанатынын білу үшін солай етуді әдетке айналдырған ғой», – деп жазады кітап авторы.

Осы оқиғаның өзінен-ақ ерте замандағы ел билеуші, халық «Әділ патша» атап кеткен Нарон-эр-Рашидтің басқалар сияқты өмір-баки хан сарайынан шықпай, алтын тақтан түспей, айналасындағы уәзірлерінің айтқанына сеніп отыра бермей, ара-тұра қараңғы түнде қарапайым, ескі-құсқы киімдерін киіп алып, дәруіштің кейпіне еніп, халықтың қайнаған ортасына барып, бұқараның жай-күйін көзімен көріп, жағдайға қанығып қайтатын ел билеу әдісі еске түседі.

Ал мұндай жайттар бір бұл емес еді. Жәкең үнемі қарапайым болса да қадірлі қалпынан танбайтын.

Жабудың астынан жал-құйрықсыз жүйрікті тани білу де, жарбайлар мен жабылардың арасынан жақсыны көре білу де – көшелі кісілік пен көреген кемеңгерліктің белгісі. Жәкең жарқ еткен жақсыны да тап басып тани білетін, жалт еткен ұшқынды да үрлей білетін көш бастар көрегендік пен көсемдік қасиеттің иесі еді. «Ол қарауындағы жоғары оқу орындарын жаңа бітіріп келген жас мамандарға өзінің білімі мен білігін, іс тәжірибесін үйретіп, олардың еңбек жолдары дұрыс қалыптасып кетулеріне көмектесті», – дейді кезінде «ММГБ»-да өндірістік-техникалық бөлімнің аға инженері, артынан Қарақия мұнай барлау экспедициясында ауысым бастығы, бастықтың орынбасары болған Сақыш Құспанов. «Жәкеңнің өзінің қарауындағыларға пәтер, автокөлік және басқа да мұқтаждықтарын шешуде аянбай көмектескенін кешенді экс-

педия басқару аппаратының автокөлік жүргізушілері күні бүгінге дейін аңыз ретінде айтып жүр. Ал осы жылдары Жәкең қызметке тағайындаған кадрлар мен іс тәжірибесін үйренген шәкірттерін айта берсек, ол бір кітапқа да сыймас еді», – деп жазады ардагер мұнайшы Сатыбалды Нұрлыбекұлы.

Жәкең талай үйсіз-күйсіз, жан-жақтан қаңғып келген талапты жастардың етегін жауып, еңсесін түзеп, ел қатарына қосылып кетуіне себепші болды. Ол қол астындағыларға қолынан келгенше көмектесіп, қолғабысын тигізді. Олардың әрқайсысының үйлі-баранды, баспаналы болып, тұрмыс жағдайларының түзеліп кетуі үшін ештеңені аяған жоқ. Ешкімді ұлттына, руына бөліп, алаламады. «Ала қойды бөле қырыққанның жүнге жарымасын» жақсы біліп, «Руға бөлінгеннің ұрты тілінсін, жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін!» деген аталар сөзін айқын қазық, адастырмас бағдар етті. Қарауындағыларға алдымен адам ретінде, сосын маман ретінде қарап, олардың бойындағы жылт еткен жақсылықтың отын жалындатып жаға білді. Ол орыс па, қазақ па, кәріс пе, неміс пе – бәрібір, ең бастысы – еңбек еткісі келетін жұмыскер жан болса, болды. Бұл сөзімізді онымен бірге жұмыстас болған азаматтардың барлығы да қуаттап, өздерінің естеліктерінде айрықша мән бере айтады.

Жәкең «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі қызметкерлерінің бәрінің де тұрмыстық-әлеуметтік жағдайларын жасап, үнемі олардың тек құт қара басын ғана емес, отбасыларының да күй-жайын ойлап отыратын. Өйткені, үй ішінде ұядай жылылық пен ұйыған татулық орнамай, жұмыста да береке болмайтынын жақсы білетін.

Жәкеңнің зайыбы Ағиба апайдың: «Кейде мен әйелшілікке салып, кешке жұмыстан үйге келгенде: «Сен өзің – бірінші басшының орынбасарысың. Қолыңда билік те, мүмкіндік те бар. Пәтерлерді қалай бөлу керек – бәріне қожасың. Енді соныңды пайдаланып, бір кеңдеу үй алмаймысың?» – десем: «Жоқ, әуелі жұмысшыларға беру керек. Жұмысшылар түгел үй алып болмай, олар үйсіз тұрғанда, мен бастыққа «4 бөлмелі үй бер» деп айта алмаймын», – дейтін» деген сөздері – осының дәлелі.

Ал Жәкең сияқты Ұлы Отан соғысы кезінде ұшқыш болған, бейбіт өмірдегі де әріптесі Қамқа Үмбеталина апамыз:

«Ол кісі қол астындағы әрбір жұмысшының отбасын, бала-шағасын, олардың тыныс-тіршілігін, хал-жағдайын, немен күнелтіп, не ішіп, не киіп отырғандығын – бәрін әріден, жан-жақты қамтып, ойлайтын жүрегі кең, қайырымды адам еді. Бірде бізге: «Үш мың кісіге тамақты қалай тауып берейін деп отырсындар?» – деді. «Қайдағы үш мың?» – десек: «Әрбір қазақтың үйінде 4-5 баладан бар ғой. Оларға да тамақ керек. Күнделікті жұмыс көлемін орындамаса, ол күндерге ақша берілмейді. Оның бәрін қалай асырайын деп жатырсындар?» – дейтін», – деп еске алады.

Осының бәрі – Жаңабай ағаның қара басынан гөрі қарапайым халықтың қам-қайғысын көбірек ойлайтын үлкен жүректі адам болғанының айқын айғағы.

Жәкеңе тікелей тапсырма беріп, әрдайым ірі шаруаларды иығына артатын Х.Өзбекқалиевтің де әуел баста нығыздап тұрып тапсырған негізгі жұмыстарының бірі осы – қарапайым жұмысшылардың хал-ахуалын үнемі назарда ұстап, олардың жай-жағдайын жасап отыру болатын. Ол жайында Киікбай Рзахановтың естелігінде: «Халекең И.Ф.Титков кеткеннен кейін тағайындалған орынбасары Жаңабай Сәлімгереевке де сондай талап қойыпты.

– Алдымен жұмысшым, әсіресе алыс барлау алаңындағылардың тамағы тоқ, жатар орындары жайлы, сайлы болсын. Естідім, ана бір жылдары жұрт машинамен қарақұйрық, киік аулап кетіпті. Солар сонда саятшылық құрып жүрген жоқ, көжесінің қатығы болмағандықтан аң қуып жүр. Сол жағдай қайталанбасын, – депті Жәкеңе.

Сол талап орындалып, Жаңабай Сәлімгереев келген соң, бұрын да жақсы барлаушылардың жағдайы тіпті жақсарып кетті» делінеді...

Қазақтың біртуар ақын қызы Фариза Оңғарсынованың «Барлаушылар» атты өлеңінде:



Мен гашықып  
Ұлы істерді дүбірлеткен бұл гасырға,  
Ой-арманы асқақ жылдасыма –  
Дарияларды селдетіп сайларынан,  
Мұнараларды самсатқан қыр басына!

Жете алмайтын шығар-ау қыран да, сірә,  
Ақ мұнаралардың шынар басына!  
Батырлық дегенді білмейтіндерің  
Осынау барлаушылардан сұра!

Бұлар ма, бұлар –  
Елсізден елге сый арнап жүргендер,  
Үстіртке қонып, қияннан өргендер.  
Сұраңдар осы ержүрек ерлерден  
Қиындық дегенді қиялда көргендер!

Аттаған шақта ол шартараптарға,  
Үмітті көзін қадап ақ таңға.  
Сұра қандай деп қуаныш дегеннің  
Бұрқырап тыңнан фонтан атқанда.

Барлаушы жүрер  
Шатырлап аяз, дала қар құшқанда,  
Өртеп өзекті, «саратан» қысқанда.  
Барлаушы барда басқаның бәрі  
Ұқсайды кілең балапан құстарға! –

деп асқан махаббатпен, асқақ үнмен жырлаған мұнай барлаушылардың еңбегі, шындығында да, ерлікке пара-пар, ештеңемен теңгеруге келмейтін ерен еңбек еді. Ал сол алты ай қыс пен ала жаздай аптап пен аяздың бетінде, елдің шетінде, желдің өтінде қар төсеніп, мұз жастанып жүрген барлаушылар мен бұрғышылардың әлеуметтік жай-жағдайы алғашқыда анау айтқандай «бәрекелді» болған жоқ.

Ол туралы «Ленин», «Кұрмет» ордендері мен бірнеше медальдардың иегері, белгілі бұрғышы Жолдас Токжанов: «..1966 жылы Қазақстанның XII съезіне делегат болып бардым. Сол кездегі «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері бас редакторларының қабылдауында болдық. Олар бізге:

– Жағдайларың қалай? – деп сұрақ қойды.

Біз Маңғыстау барлаушыларының ауыр жағдайы жөнінде айттып бердік.

– Үй жоқ, күй жоқ, жертөледе тұрамыз. Жол жоқ, маман жоқ. Маман болса да, баспанасы жоқ, жетіспестік көп, – дедік.

Шындығында да, сол кезде Маңғыстаудағы жас мамандардың жағдайы сондай қиын еді», – дейді.

Міне, сол жас мамандардың жағдайын жасап, баспанамен қамтамасыз ету, жазатайым ауырып-сырқай қалса, үй ішінде өлім-жітім, той-садақа сияқты тіршіліктің түйткілді мәселелері туындай қалса, әлеуметтік жағынан көмек көрсетіп, қол ұшын созу – Жәкеңнің тікелей міндеті болатын. Жәкең сол қастерлі парызын ешкімге қарыз қылған жоқ. Қамқор қолы мен аялы алақанының арқасында талай тарығып жүрген жастар мен қамығып жүрген қарапайым жұмысшылардың басындағы қара бұлтын серпіді.

Әрине, жұрттың бәрін бірдей жарылқау мүмкін емес. Бірақ Жәкеңнің алдына жаны қиналып келген азаматтардың риза болмай аттанғаны жоқ. Ал орындалуы қиын, орасан үлкен шаруа болса, орнымен жүйелі сөзін айтып, түсіндіріп жіберетін.

Жаңабай ағаның осы қасиеті жайында Қамқа Үмбеталина: «..Жәкең – қайтсе де уәдесін орындайтын, айтқанын істейтін кісі... Өмірінде қабағын шытуды білмейтін, жұрттың бәріне аяушылықпен қарайтын, қолынан келгенін аямай, көмектесетін. Болатын болса – «Болады», болмайтын болса – «Болмайды» деп, шындығын айтады, күлбілтелеп жатпайды», – десе, Тұрсынғали Көшенов: «Жәкең қандай қиын жағдайларда болмасын, мәселені шешеді немесе орынды сөзін айтып, келешекке қалдыратын еді. Ешкімді ренжіткен жері болған жоқ», – дейді.

Бірақ ол жаңағы алдына кіріптар болып келген кісіні көзден

таса, көңілден қағажу қалдырмай, қалайда болсын, артынан кам-қорлап, азаматтық жәрдемін көрсететін. Сол себепті де Жәкенді жұрттың бәрі жақсы көрді, алдынан қия өтпей, ардақ тұтты.

Алғашқыда елсіз, сусыз мидай далада ағаш вагоншаларды баспана етіп, көшіп-қонып жүріп еңбек еткен мұнай барлаушылардың жағдайы уақыт өте келе жақсара бастады. «Геологтардың қызметі мұнай көзін елсіз даладан, жаңа алаңдардан іздеумен байланысты. Сондықтан оларға тұрақты тұратын баспана, үй дегеннің қажеті жоқ» деген Мәскеудің кісінің күлкісін келтіретін ақымақ түсінігінің талқанын шығарып, олардың да отбасылары бар, адамның баласы екендігін жоғарғы басшылықтың алдында дәлелдеп, бюджеттен қаржы қарастырылуына қол жеткізу де оңай-оспақ шаруа болған жоқ. Содан кейін ғана барып, Ералиев, Жетібай, Ескі Өзен сияқты «ММГБ» тресінің базалық кенттерінде жаңа заманға лайық тұрғын үйлер салынып, барлаушылар баспанамен қамтамасыз етіле бастады. Міне, осы шаруаларды рет-ретімен, ешкімді ренжітпей жүзеге асыру да Ж.Сәлімгереевтің мойнына жүктелді. Жәкеннің әділдігі мен әрқашан қолы қайырымды, мейірімділігінің, іскерлігі мен шаруақорлығының арқасында бұрын жертөледе немесе уақытша салынған бір қабатты үйлерде тұрып келген мұнайшылар енді жарығы мен жылуы бар, канализация жүйелері жүргізілген заманауи тұрғын үйлерде өмір сүретін болды.

«Қарапайым қатардағы жұмысшылар үшін салынған бұл үйлердің барлығы бірдей мәңгілікке халық қажетіне жарап, кәдеге асып кетті» деуге тағы болмайды. Уақыт өте келе, ескіріп, тозып, істен шыққан су құбырлары мен жылу жүйелері арада ондаған жыл өткен соң табиғаттың сынына төтеп бере алмай, жарылып, бүлініп жататын. Мұның басты себептерінің бірі – ар жағы құзыреті күшті орталықтан, Мәскеудегі Одақтық министрліктен басқарылатын басшылықтың елді мекендерде іргелі құрылыстар салуға рұқсат бермей, тиісті деңгейде қаражат бөлінбегендіктен, «ММГБ» тресі өзінің қолда бар ресурстарымен шағын бу қазандарын салғандықтан, олар шағырмақ жұлдыз, шарт аяздарда жиі жарылып, істен шығып жататын. Ондайда жарылған

құбырлардың жамау-жыртығын бітеп, тез арада тұрғындардың қажетіне беру, сөйтіп, мұнайшылардың жайлы да жақсы тұрмыс кешуіне жағдай жасау да Жәкеңнің мойнында болды.

Осындай қиын кездер туралы сол кездері Қарақия мұнай барлау экспедициясында бұрғышы, техникалық қауіпсіздік жөніндегі инженер болған Жақсылық Ерубасов: «..Тұрғындар Жәкеңнің келгенін естісе, үйлеріне жылу берілетініне сенімді болатын. Себебі, Жәкеңнің кең маңдайы мен ашық та жарқын жүзі бұл адамның жақсы кісі екенін сездіріп тұрушы еді. Ол кісі анадайдан көрінсе, бүкіл қиын мәселе өздігінен шешіліп сала беретіндей сезілетін», – деп жазады.

Адамға өмір сүру үшін ең қажетті нәрселердің бірі – ауа мен су, сосын тамақ. Елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз етіп, ондағы тұрғын халықты тарықтырмау үшін Жәкеңнің тікелей басқаруымен Ақтау-Ералиев су құбыры тартылды.

Аймақтағы бірнеше елді мекендердің құрылысын салу ісіне жергілікті жерден шығатын табиғи құрылыс материалдарын пайдалану мақсатында трестің күрделі құрылыс бөлімінің күшімен ағаш кесетін шеберханалар мен әк дайындайтын пештер, артынан Жетібайда іргетасы қаланған «Маңғышлақұлутас» бірлестігінің негізі болған тас кесетін карьерлер ашылды. Осының барлығында да Жаңабай ағаның жарқын қолтаңбасы сайрап жатыр.

«Жәкең қолға алған бастамалардың барлығы бірдей сәтті болды» деп айтуға болмайды. Жұмыс болғасын, кем-кетігі де, кейбір асыра сілтемегенмен, ағат кеткен тұстары да болады. Ондай орашалақ жайлардың орын алуына көп ретте жоғарыда отырған жуан қарын бастықтар мен биліктің ұшар басындағы бишікештер себепші болып жатады. Сондай бір Жаңабай ағаның жүрегіне жүк түсірген жайсыз жағдай туралы әріптес інісі Тұрсынғали Көшенов былай деп әңгімелейді:

«1978-1980 жылдары «Асханасы бар мекемелер қалған тамақтарды ысырап қылмау үшін шошқа, мал ұстап, өсіріп, өзін-өзі қамтамасыз ететін болсын. Елге керекті күнделікті ұстап, тұтынатын бұйымдар жасайтын мүмкіншіліктері барлар керекті

бұйымдар жасап, сатсын» деген Үкіметтің тапсырмасы болды.

Геологтардың бәрі 20-30-дан бөлініп, далада жүреді. Әрбір бригаданың тамақ пісіріп беретін асханасы болды. Мен ол кезде экспедицияда болдым да, Жәкең «ММГБ»-ның басшылығында болды. Әлгі міндетті орындауды Жәкең екеумізге тапсырды. Малды бағып-қағудан екеуміздің де хабарымыз жоқ екен. Тапсырманы орындаған болып, Исантүбек деген жерден қора салып, 600 қой ұстадық. Қойшыны да әрең дегенде таптық. Ол кезде шаруашылық есептің кезі. Шаруашылық өзін-өзі өтей алмады. Бәле іздейтіндер көбейіп кетті. Екеуміздің үстімізден арыз жазушылар шықты. Жылдық есеп беру кезінде белсенділер бізді сөгіп, «Айыпқа тарту керек» деп сөйлеп, балағаттады. Сондағы айтатындары – «Егіздің сынарын жеп жатыр», «аурудан өлген малдардың актілері өтірік», «өздері жеп қойған», т.б. жала көбейіп кетті. Мен көрген жерде Жәкендей ісі де, сөзі де, жүріс-тұрысы да таза адам жоқ. Ол қойлардың егізін жемек түгілі, шөп шабу, қоздату, қырқу, жылына екі рет дәрілер егу, мал дәрігерлерімен келісімшарт жасау, жүнін өткізу, т.б. қосымша жұмыстар біздер үшін қиынға түсті.

Ақыры Жәкеңнің аудандық партия комитетінің алдына орынды мәселе қойып, дәлелдегенінің арқасында 600 бас малды алған жерімізге тапсырып құтылдык. Олай істемегенде, бәлекорлардың қырсығынан партиядан шығарылып, сотталып кетуіміз де мүмкін еді. Сол кездегі бәле көздеп, арыз жазушылар бүгінде біреуге нақаттан жала жапқаны үшін ұяттан қара жердің тесігіне кіріп кетпей-ақ, шортыып костюм-шалбар киіп, шоқпардай қылып галстук тағып, әлі күнге арамызда жүр», – дейді Тұрсынғали аға.

Әрине, бұл алдын-ала жан-жақты ойластырылмаған, сарапқа салынбаған шаруаның оң шешілмеуіне Жаңабай аға мен Тұрсынғали ағалар кінәлі емес. Бұл сол кездегі кеңестік үкіметтің кейбір мекемелердің мүмкіндігі мен шама-шарқын есептемей, артық салмақ, ауыр жүк арқалатып қоятын асыра сілтеу әрекеттерінің жемісі еді.

Жәкеңнің жиырма жылға жуық уақыт «ММГБ» тресі басқарма бастығының орынбасары болғанда тындырған іргелі істерінің бірі

– сол кезде «ММГБ» тресі құрылыс-монтаж кеңсесінің бастығы болған Киікбай Рзаханов, бұрғылау комитетінің төрағасы болған Мантық Төлеуғалиевтермен бірге 1965-66 жылдары Солтүстік Кавказдың курортты қаласы Железноводскіден кейін «Қазақстан геологтары» деп аталған пансионат болған «Маңғышлақ» пионер лагерін, Ералиев елді мекенінен «Аққу» демалыс орнының құрылыстарын салуы болды. Х.Өзбекқалиевтің тікелей тапсырмасымен Маңғыстау мұнайшылары мен олардың балаларының жай-жағдайын жасап, жазғы демалыстарын ұйымдастыру мақсатында салынған бұл демалыс орындарының сол кез үшін маңызы орасан зор еді.

Осы шаруаның жайымен Солтүстік Кавказға бірнеше рет арнайы іссапармен барып, ондағы жергілікті шеберлермен келіссөз жүргізіп, олар өз жерінде қазақстандықтардың лагерь құрылысын салып беруге онша ықылас танытпағасын, осыннан арнайы құрылысшылар бригадасын апарып, лагерь құрылысына қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды уақытында Железноводск вокзалына жеткізуді, оларды тиіп-түсіруді ұйымдастырып, бір сөзбен айтқанда, ол жақтағы құрылысшылардың алаңсыз жұмыс жасауын қамтамасыз ету шараларын Жәкең тікелей өзі қадағалап отырды. Жаңабай аға бастаған жанкешті азаматтардың үлкен күш-жігерімен, қажымай-талмай тер төккенінің арқасында аталған демалыс орындары аз уақыттың ішінде пайдалануға берілді. Кейін мұнда жүздеген барлаушы, бұрғышылар мен олардың бала-шағалары жыл он екі ай бойы кезекпен демалып, тиісті ем-домдарын алып, сауығып, денсаулықтарын түзеп қайтатын болды.

Ардагер құрылысшы Киікбай Рзаханов бұл үлкен шаруаның қалай басталғандығын былай деп еске алады:

«..Ешбір мекеме құрылысты салғысы келмейді. Сырлары белгілі: қазаққа жерлерін қимайды. Оларға іштей тілеулес жергілікті жердің басшылығы да шарасыздық танытып шыға келді... Олардың әуелгі нашар ыңғайын көріп-білген Халекең өзінің белгілі мінезіне салып, олардың «Осы қазақтардың қолынан не келер екен, көрелік» деген пиғылын байқаған соң, ерегесе түсті. Сол

жазда кенеп шатырларын тігіп, жұмысты бастады да жіберді. Өзбекқалиев пен Сәлімгереев қажетті материалды Ақтаудан Бакуге су жолымен, одан әрі темір жолмен уақытылы жіберді де тұрды. Құрылысшылар да – түгел маңғыстаулықтар. Және көбі қазақ жігіттері. Ұшақпен келіп, шатырда жатып, ауысым әдісімен жұмыс жасады... Таудың қотыр тасынан қабырғаны теп-тегіс қылып шығаратын шеберлер үшін ұлутасты қалау бұйым болып па?! Жұмыс өніп жүре берді. Әуелі көзінің қиығымен, мұрнын шүйіре қарайтын жергілікті жердің шеберлері біртіндеп қызығушылық танытты. Көтеріңкі еңбекақы және ол жерде өте тапшы қабырғалық тас, цемент, құбырлар жеткілікті екеніне көздері жеткен соң, өздері келіп: «Жұмыс беріңдер», – деп шықпайтын болды».

Ал осынау әлеуметтік маңызы зор іргелі шаруаның қандай қиындықпен біткенін Мантық Төлеуғалиев: «...Лагерьдің барлық құрылыс материалдарын сол жаққа жеткізу жұмысы Ж.Сәлімгереевке тапсырылды. Ол Кавказда құрылыс салып жатқан кісілер қандай зат керек десе, соны ешқандай кідіріссіз тауып беретін болып міндеттелді. Қаншама қыруар қаражат шығарып, қарайған құрылыс материалдарын мына жақтан Кавказға апарып, одан темір жолмен Железноводскіге жеткізіп, Железноводск темір жолының вокзалынан жүкті түсіріп, ол жерге жеткізу оңай болған жоқ. Лагерь бір жылдан кейін іске қосылды. Әуелі 20 балалық 10 палатканы ағаштан тұрғызды, тамақтанатын ғимарат (пищевблок), изолятор, душ салынды, бірден керекті заттар алдын-ала салынды. Осылайша құрылыс жұмыстары жалғаса берді. Бір жылдан кейін балалар лагерьге қабылданды. Алғашында 200 бала болды. Кейін 350 балаға дейін көбейді», – деп әңгімелейді...

Табиғаттың бермесін тартып алуды емес, бергенін қанағат тұтып, берекелі тіршілік кешуді ойлау, «Құдайдың бергені – құлдануға, адамның бергені – мақтануға» дегендей, Алланың берген аста-төк байлығын ел ризығына пайдалану – қара жерді қастер тұтып, туған табиғатпен туыстасып кеткен адамның қанына сіңген қасиетті дағдысы. Алла Тағаланың өзі беріп тұрған асыл игілігін қажет кезінде халықтың кәдесіне жарата білудің өзі де – өнер.

Жаңабай аға өзі бас болып, «Құм мүйісі» («Песчаный») деп аталатын жерден адамдарды ыссы сумен емдейтін арнайы шипажай салдырды. Қара жердің қойнауынан атқылап жатқан тұщы суды құр бекерге далаға ағызып қоймай, ырғын несібені ысырап қылмауды ойлап, арнайы ұнғы орнатып, су шығарды. Сөйтіп, Қызылқұмнан бау-бақша ашып, жапан даланы жайқалған егіс алқабына айналдырды. Ол үшін кешенді экспедицияның жанынан қосалқы шаруашылық ашып, арнайы білімі бар агроном алдырды. Білікті ауыл шаруашылығы маманын баспанамен қамтамасыз етіп, барлық жағдайын жасады. Бұл бақша айдаладағы оазис секілденіп, көк желегімен сонадайдан көз тартатын. Арада азғана уақыт өткен соң, қауын, қарбыз, қызанақ, қияр секілді неше түрлі бау-бақша өнімдері барлаушылар дастарханынан табылды. Өлкедегі өркениеттің бұл белгісі «Маңғыстау – ешқандай егін өспейтін құлазыған қу медиен шөлді мекен» деген тайыз түсінікті жоққа шығарды. Жаңабай аға «Қалауын тапса, қар жанар» дегендей, ыңғытын тауып, ықыласпен істей білсе, реті келмейтін, іске аспайтын шаруа жоқ екендігін дәлелдеді. Жәкең ашқан бау-бақшаның жемістері мен көкөністерінің бал дәмі арада қаншама жыл өтсе де, таңдайларынан кетпейтінін әріптестері әлі күнге тамсана айтады.

Сондай-ақ ол кісінің базалық кентте сауықтыру санаториі мен «Геолог» қысқы клубын салдырғаны, тағы да басқа жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында атқарған алуан түрлі істері туралы осы кітаптың екінші бөлімінде берілген Сатыбалды Нұрлыбекұлы мен Мантық Төлеуғалиевтің естеліктерінде өте ауқымды, жан-жақты жазылған. Сондықтан оның бәрін тағы да қайталап, тоқталып жатуды жөн көрмедік.

Мұның бәрі – шынында да, басшылық тарапынан қарапайым мұнайшылардың хал-ахуалын жақсарту бағытында жасалған оң қадамдар еді. Жәкең осы шаруаларға аянбай атсалысып, үлкен үлес қосты.

Ел үшін еткен еңбегі текке кетпей, мемлекет тарапынан лайықты бағасын алып отырды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1966 жылғы 4



шілдедегі жарлығымен «Құрмет белгісі» орденімен, оның артынан бірнеше ондаған медальдармен марапатталды. 1973 жылы халықтың зор сенімімен, ыстық ықыласымен еңбекшілердің Маңғышлақ облыстық кеңесіне депутат болып сайланды.

Ол кезде өндіріс орны бар аймақтағы ауыл шаруашылығымен айналысатын мекемелердің техникасы, күші бар қуатты кәсіпорындарға күні түспейтін кезі сирек. Қазір де солай. Қай жерде ірі өнеркәсіп ошағы орналасса, сол айналадағы ауыл шаруашылығы мекемелері науқандық жұмыстар мезгілінде оған алақан жайып, көмек сұрамай тұра алмайды. Сондай күзгі жиын-терім, шөп шабу науқандары кезінде сол маңайда орналасқан кеңшар, ұжымшарлардан көмек сұраған хаттар мен адамдар «ММГБ» кешенді экспедициясына көп келетін. Басқарма бастығы ондай қамқорлыққа мұқтаж адамдар мен мекемелер өкілдерін өзінің жалпы мәселелермен айналысатын орынбасары ретінде Жаңабай ағаға жұмсайтын.

Жәкең ол мекемелерге күні түспейтін болғандықтан, танауын шүйіретін таңқы ойлы, тар мінезді кейбіреулер сияқты ондай өтініштерге қалай болса солай, жүре сөйлесіп, жүрдім-бардым қарамай, әрдайым сезімталдық пен сергектік танытып, ешуақытта аянып қалмады. Соның бір мысалы ретінде кезінде Ералиев кеңшарының бас инженері болған Қалпақ Наурызмағанбетов 1978 жылы Жәкеңнің шөп шабу науқаны кезінде өздеріне қалай көмектескенін есіне алады. Ол алдымен шабындыққа арнайылап вертолетпен өзі ұшып келіп, шабылған шөптің көлемін көзімен көріп, қанша техника, қандай күш көлігі қажет екенін есептеп, жер жағдайын да жетік зерттеп кеткендігін, артынан айтқан уәдесінде тұрып, кеңшар басшылығы қанша артық техника сұратса да, тауып беріп, құнарлы мал азығын жауын-шашынға ұрындырмай, дер кезінде тасып алуға мүмкіндік жасағанын ризашылықпен айтады. Олай ету, әрине, кез келген керенау басшының қолынан келмейді. Ондай қолғабыс пен қол қайыры тек Жәкең сияқты қашанда адам баласына жақсылық жасауға ұмтылып тұратын, жаны жайсаң азаматтардың ғана қолынан келеді.

Ал мұндай жан-жақтан жалынып жәрдем сұрайтын жағдайлар жалғыз бұл емес еді. Күн сайын, ай сайын болмағанмен, жыл сайын бірнеше шаруашылыққа көмектесуге тура келетін. Соның бәрінде де Жаңабай аға ешкімнің де көңілін қалдырып, меселін қайтарып, тауын шағып, талабын тасқа тигізген кезі болған жоқ. Өзінің күнделікті қызметіне қоса «артық жұмыс» деп ауырсынбай, осындай қайырымдылық шараларын да жиі жасап, көмекке зәру көп адамның сауабын алды.

Жәкең қол астындағы қызметкерлеріне тек «маман, жұмысшы» деп қана қарамай, олардың үй ішілік, отбасылық мәселелері де оңынан шешілуіне, шаңырақтарының түтіні түзу ұшуларына да талай рет себепші болды.

*«Омырауымнан бір самал шайқап есін,*

*Ажырасқанды жүремін қайта қосып» –*

деп ақиық ақын Төлеген Айбергенов айтпақшы, болмашы нәрсеге бордай тозып, араларына сызат түсіп, кикілжің кірген кейбір отбасылардың шаңырағы шатынамай, керегесі кең, уығы мықты, босағасы берік жанұяға айналып кетулері үшін жанын салып көмектесті. Ардагер апа Қамқа Үмбеталина сондай бір жанжалды оқиғаның арты Жаңабай ағаның араласуымен жақсылықпен біткенін, ақыры жаңағы отбасы жарасымды ғұмыр кешіп, жақсы жанұяға айналып кеткенін айтады. «Болмасын деген – оңбасын!» деп атамыз қазақ айтпақшы, Жәкең қашанда жұртың бәріне «болсын» дейтін, араларына ала мысық жүгірген адамдарды татуластырып, табыстыруға дайын тұратын, жаны жаз, көңілі көктем, жақсылыққа құштар жан еді.

Жаңабай аға «Ақырын жүріп, анық бас – еңбегің кетпес далаға» деген Абай атамыздың ақылды сөзін үнемі басшылыққа алып, қандай жұмыс тапсырылса да, қанына сіңген дағдысымен қара жауды қапталдай, қай уақытта да қапылмай, алды-артын, оң-солын бағамдап барып кірісетін. Бірақ жұрт сияқты жұмысты сылбыр, баяу жасамайтын. Барынша екпінмен еңбек етіп, көздеген межелі уақытында мәресіне жеткізетін. Сосын онысына ешуақытта «Мен мынаны анадай қылып жасадым! Ананы мынадай қылып қиратып

тастадым!» деп тау жығардай екпінмен тасып, лепірмейтін, масаттанып, мақтанбайтын. Үндемей жүріп үлкен іс тындыратын, уәденің құлы, уақыттың ұлы еді.

Ол қандай шаруаны қолына алса да, бар ынты-шынтысымен беріліп, ықыластана кірісетін. Жағдайды жан-жақты сарапқа салмай, жаушы-жалам, жадағай ұғынып, жалаң шешім қабылдап, атүсті қарап, асығыс жасау оның ғадетінде жоқ болатын. Не нәрсені де жеті рет өлшеп, бір рет кесетін салқын ой мен сарабал ақылдың таразысына тартып барып, ақырғы шешім қабылдайтын. Және онысы әрқашанда дер кезінде қабылданған, ең оңтайлы, дұрыс шешім болып шығатын.

«Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясы басшыларының орынбасарға жарыған уақыты – осы Жаңабай аға қызмет еткен жылдар болды. Әрине, бұл сөзіміз одан кейін бұл орында жұмыс жасаған қаншама адамның елге сіңірген еңбегін жоққа шығарып, белінен бір сызып тастау емес. Қайта Жаңабай ағаның шоқтығы биік шоң тұлғасын айқындап, дара дарынына, тақ талантына берілген баға деп есептейміз.

Бұл сөзімізге Қамқа Үмбеталинаның: «Сол кісілердің қажырлы еңбегінің арқасында біздің мекемемізге 1967 жылы Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі деген атақ берді, мекемеміздің аты СОКП Орталық Комитетінің «Құрмет кітабына» екі мәрте енгізілді», – деп айтқан ақиқат бағасы мен Жақсылық Ерубаевтың: «Жәкеңмен жұмыстас болған бес жылдың ішінде экспедициямыз СОКП Орталық Комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесінің, Кәсіподақтардың Орталық Кеңесі мен БЛКЖО Орталық Комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын және дипломын үш жыл қатарынан жеңіп алды. КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің «Құрмет кітабына» жазылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Республика Үкіметінің ұйғаруымен «ММГБ» кешенді экспедициясының аты республиканың «Алтын кітабына» жазылды», – деп жазған, шын жүрек түбінен шыққан шынайы сөздері даусыз дәлел бола алады.

«ММГБ» кешенді экспедициясы басқармасының 1983 жылғы 4 қаңтардағы бұйрығымен Жаңабай аға жасы келгеніне байланысты бастықтың орынбасары қызметінен босатылып, құрметті еңбек демалысына шықты. Бірақ тағы да үш жылға жуық уақыт 1985 жылдың 25 желтоқсанына дейін өз қолымен құрған кешенді экспедицияның қосалқы шаруашылығының директоры қызметін атқарды. Сосын барып, ширек ғасырға жуық қызмет жасаған «ММГБ» кешенді экспедициясымен біржола қош айтысты. «Қош айтысты» деу ертерек болар, өзі зейнеткерлікке шықса да, қашан көзі жұмылғанша осы мекеменің жиындары мен салтанатты кештеріне ардагер ақсақал ретінде жиі шақырылып, үнемі қатысып тұрды. Өзінің екінші үйіндей болған бұл мекемемен ешуақытта байланысын үзбеді.

Жастайынан еңбекке ерте араласқан, жалқаулықты жаны сүймейтін Жаңабай аға зейнеткерлікке шыққанмен, бәрібір де үйінде қарап жата алмады. Әрі «Үкімет белгілеген еңбек ететін жас мөлшері келді» дегені болмаса, Жәкеңнің тұғырдан тайып, күш-қуаты қайтқан ештеңесі жоқ, әлі де болса, бұла қайраты бойында еді. Ол кісі сияқты өмірлік тәжірибесі мол өнегелі жандардың барлық қажыр-қайратын сарқып, халық қажетіне жарату керектігін айналасындағы жанашыр азаматтар жақсы түсінді. Сондықтан Меңдеш Салихов сияқты азаматтар көмектесіп, Жәкеңе жаңа жұмыс тауып берді. Енді ол 1986 жылдың маусым айынан бастап «Автосервис «Жигули» атты техникалық қызмет көрсету мекемесінің көлік құралдарын қабылдау жөніндегі аға маманы болып жұмыс жасай бастады.

Бұл қызметін де үлкен ұқыптылықпен, тындырымды тиянақтылықпен, асқан жауапкершілікпен, абыроймен атқарып, бірде-бір рет мекеменің атына кір келтірмеді. Ол кісінің қартай бастаса да, қандай жауапты жұмысқа да қабілетті болғандығы туралы: «..Кейін Жәкеңе зейнеткер болса да, автокөлік жөндейтін жерден жұмыс тауып бердік. Ол жерде де шаршамай, жұмысын жақсы атқарды», – дейді Меңдеш Салихов. Ал жан жары Ағиба апай болса, ол күндерді: «..Ол уақытта зейнеткерлікке шығатын жас

– 60 қой. Ол кісі 65 жасқа дейін жұмыс істеді. Бірақ зейнеткерлікке шықса да, қызметтен қала қойған жоқ. Сау болсын, жігіттер: «Үйде босқа отырмаңыз», – деп, 7-ші және 11-шағын аудандағы екі автотұрақтың бастығы қылды. Сол екі автотұрақтың жұмысына жауапты болды. Үйге: «Әйтеуір «Директор» деген жерге қол қоямын», – деп, күліп келетін», – деп есіне алады.

Жанабай аға осы қызметінде 1991 жылдың қаңтар айына дейін бес жылға жуық жұмыс істеп, 74 жасында денсаулығына байланысты өзі арыз беріп, біржолата демалысқа шықты.

Жәкең одан әрі де қайраты қайтпаған күйінде қарқынды еңбек ете берер ме еді, қайтер еді, осы екі аралықта болған оқыс оқиға оның бүкіл өмірін ойсыратып, денсаулығына ақау түсіріп, дерт жамап кетті.

## ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЗА

1987 жылғы қараша айының 18-жұлдызы, күрең күздің күңгірт күні Жаңабай ағаның отбасы үшін орны толмас қайғылы қаза әкелген қаралы күн болды.

Жәкеңнің Бағдаттан кейінгі үлкен ұлы Мақсұт таңертеңгілікте Ералиев кентіндегі жұмысқа баратын болып, вахталық автобусқа мінейін деп кетіп бара жатқанда, ағызып келе жатқан автокөлік қағып кетіп, қайтыс болды.

Үйден шығарда балаларының бетінен сүйіп, сүйікті жары Ұлмекенге:

– Кешке келем ғой, – деп кеткен Мақсұт бұл өзінің оларды соңғы рет көруі, сол күн өзінің осынау өлшеулі өмірдегі ең соңғы жарық таңы екендігін сезбеп еді.

Есіктен шығып, енді ғана вахталық автобусқа қарай беттей бергенде, қатты жылдамдықпен келе жатқан көршісінің көлігі абайсызда қағып кетіп, қаза тапты.

«Машина соққаннан кейін оны медициналық санитарлық бөлімге («медсанчастьқа») алып барыпты. Егер қалалық ауруханаға

алып келгенде, кім екенін фамилиясынан бірден білер еді ғой. Бір уақытта жұмыс орнынан телефон соғып:

– Мақсұт жұмысқа келген жоқ, – депті.

Үй іші түстен кейін, сағат 3-терде бір-ақ естіген.

«Қайдан ғана сол «медсанчастьқа» алып барды екен?! Мүмкін біраз уақытқа дейін тірі болған шығар» деп ойлаймыз ғой кейін. Өлімнің өкініші таусыла ма?!» – дейді бөле жеңгесі Гүлжан Кәрімбаева өкініштен өзегі өртеніп.

Мақсұттың өлімі естіген адамдардың бәрін есеңгіретіп, төбесінен жай түсіргендей болды.

«Мен ол кезде Ақтауда сол кездегі Шевченко қалалық партия комитетінде екінші хатшы болып жұмыс істейтінмін. Қандай да бір мәлімет (сводка) ең бірінші бізге келіп түсетін. Хабарды оқып көрдім де, өз көзіме өзім сенбей, моргке барып көрдім. Содан кейін барып, Жәкеңнің үйіне келіп, естірттік», – дейді Меңдеш Салихов.

Ал сол кезде «ММГБ» кешенді экспедициясы партия комитетінің хатшысы, кейін «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалының президенті болған белгілі мұнайшы Нури Қайыров болса: «Өткен жолғы әкемнің қазасынан кейін болған ауыр жағдайлардан соң жүрегім қозғалған мен артынан көңіл айтуға әрең бардым. Сонда Жәкеңнің мықтылығына, қайраттылығына таң қалдым. Іштей мүжіліп, іші-бауыры үгітіліп тұрса да, сырт көзге сыр бермеді. Әйтпесе, өзегінді жарып шыққан өз балаңның өлімі қандай ауыр екенін басынан кешкен адам ғана білетін болар. Марқұм Халел Өзбекқалиев бір жолы әңгімеден әңгіме шығып кеткенде: «Өмірде барлық қиыншылықты да көрдік. Әкем де, шешем де, тумаластарым да – бәрі де өмірден кетті. Бірақ соның ішінде туған балаңның артында қалған жаман екен», – деп еді. Сол айтқандай, бұл орны толмас ауыр қаза болатын», – деп қинала еске алады.

Шындығында да, әке мен ана үшін бауыр еті баласының артында аңырап қалғаннан ауыр азап бар ма екен?! «А, Құдайым, баламды алғанша, өзімді ала гөр! Олардың табанына кірген шөгір

менің маңдайыма қадалсын. Бар өмірім мен байлығым осы балаларымның жолында садақа!» деп тілемеуші ме еді қазақ?! Кім-кім де болса, бақиға кеткенше бала күйігін арқаламай, балашағасының алдында абыроймен көз жұмғанды артық көреді.

Мақсұттың мезгілсіз қазасы әсіресе әкесіне ауыр тиді.

*«Ата кетіп, бала қалса – мұратына жеткені,*

*Бала өліп, ата қалса – арманы іште өлгені»*

дегендей, өзегін жарып шыққан өз баласының өлімі кім-кімді де күйретіп кетері сөзсіз. Жаңабай аға үшін жарық жалғанның барлық қызығы сарқылып, балбұлағы тартылғандай болды. Аспан айналып жерге түскендей, ай сөніп, жұлдыз жылап, арманы өшкендей, қарағайлы қара орманы жапырылып, қара жердің бетін гүл емес, күл жапқандай болды.

«Әкеге баланың алалығы жоқ» қой. Дегенмен, Мақсұты бес баласының ішіндегі берені, тіршіліктегі тірегі, үміт артар үлкені, шоқ жұлдыздың ішіндегі Үркері, көп жүйріктің ішіндегі көмбеге бұрын келер тұлпары, көп сүйіктің ішіндегі сұлуы да сұңқары еді. Өзінің өнегелі жолын жалғастырар өрені, ел алдындағы ерегі санайтын. Басынан кешкен қызығы мен қиындығы мол өмір жолдарын да, бар сыры мен шынын да көбіне осы Мақсұтына айтатын. Мақсұт та әкесінің әрбір сөзін ықыласпен тыңдап, ынтышынтысымен жақсы көретін.

«..Ол кезде 15 күн далада вахтамен жасаймыз. Жәкең ол уақытта үйде, зейнеткер. Сонда жұмыстан келе жатырғанда, Мақсұт бірден үйіне бармайтын. Әуелі папасына барып, «ММГБ» тресінің жұмыстары қалай жүріп, қалай қойып жатыр, кім қалай жұмыс жасап жатыр, сондай хабарларын айтып, содан кейін ғана өзінің отбасына баратын», – дейді есімі «Қазақ КСР-інің Алтын Құрмет» кітабына енгізілген атакты бұрғышы, Мақсұттың туған бөлесі Еркін Төреханов.

Әкелі-балалы екеу – Жаңабай аға мен ұлы Мақсұттың махаббаты елден ерекше еді. Екеуі бір-бірін өте жақсы көретін. «Нар баласын қарпып сүйер» дегендей, Жәкең Мақсұтын басқадан алабөтен жақсы көретінін сырт көзге көп сездірмей, ұлына жұрт қатарлы

жұмыс жасатып, ауырлыққа да аямай салып, шымыр да шыдамды етіп тәрбиеледі.

*«Ат болатын құлынның бауыры жазық келер,  
Адам болар баланың маңдайы жазық келер»*

демекші, Мақсұт та маңдайы жарқыраған нағыз жігіттің төресі еді.

«Адам болар бала алысқа қарайды» дегендей, жастайынан жарқ етіп көрініп, Жаңабай ағаның жақсы қасиеттерін бойын сіңіріп өскен Мақсұт әкесінің әрбір басқан қадамынан үлгі алып, әрбір сөйлеген сөзі мен істеген ісін өзіне өнеге тұтты.

*«Алаяқ болатын бала – айырбасмышл,  
Адам болатын бала – ағайыншыл» –*

дегендей, Мақсұт та әкесіне тартып, алыс-жақын ағайын-туысқа бауырмал, жүрегі жұқа, жүзі жайдары бала болып өсті. Кішкентайынан кішіпейілдік пен кісілік дағдыны бойына дарытты. Адам баласын алаламады, күні үшін күліп, дәрежесі үлкен, дәуірі жүріп тұрғандарды жағаламады. Алты жасынан атан қомдап, ат тағалап ержеткен баяғы бабалары секілді әкесіне ес болып, ерте есейді. Кісіні киген үлде мен бүлделі киіміне немесе жылтыратып таққан моншағы мен жұлдызына қарап емес, аузынан шыққан аталы сөзіне, елі үшін еткен елеулі еңбегіне қарап бағалады.

«Ат болатын тай саяққа үйір, адам болатын бала қонаққа үйір» дегендей, құйттайынан үйге келген құтты қонақтардың қолына су құйып, ғибратты әңгімелері мен тағлымды тәрбиелеріне құлақ түріп, аяғы жеткенше ағайынды аралады. Адамдарды байлығы мен барлығына емес, адамгершілік, адалдық, арлылық қасиеттеріне қарап бағалады. Жігіттің сұлтанына кезіксе, оның жарлылығы мен жалғыздығына қарамады. «Үйіңнің жан-жағын таспен емес, доспен қала» деген аталы сөздің адалына бағып, жанына жақсы дос пен жанқияр жолдас-жораны көп жиды.

*«Бір бала бар – атасына жете туады,  
Бір бала бар – атасынан өте туады,  
Бір бала бар – кері кете туады» –*

деген халық даналығының қапысыз өлшеміне салар болсақ,



барлық кісілік пен кішілік, қарапайымдылық пен қайырымдылық қасиеттерімен Максұт әкесінен өте тумағанмен, Жаңабай ағаға жете туған жетелі ұл еді.

Амал қанша, ажалдың құрығы ұзын, Алланың құдіреті күшті. Адамды қанша қимағанмен, Алла Тағала одан артық ғұмыр бермесе, асыл жанын алтын сандыққа салып, арқалап жүре алмайсың.

Жәкең базбіреулер секілді күніренген күйреуік жан емес еді. Елдің алдымен ең бірінші өзі құлайтын болса, айналасындағы ағайын-туыс пен жақын-жуығы, жан жары мен жаққан шырағы балаларының басына Қараспан таудай қайғы түсерін түсінді. Сондықтан өзінің қасіретін ішке жиып, бордай үгілсе де, ботадай боздамай, іші-бауыры езіліп бара жатса да, еркектік мінез танытты. «Жә-жә, болар! Сабыр ет!» – деп, жанындағы жар қосағын жұбатты. «Алланың салғанына адам қарсы тұрып, қарық қыла алмайды», – деп, айналасындағы ағайын-туысқа басу айтты. Сол жолы Жәкеңнің басына түскен қайғыға қаншалықты шыдамдылық көрсетіп, сабырлылық танытқанын көзімен көрген жұрттың бәрі оның соншалықты мықтылығына қайран қалып, бастарын шайқады.

Қанша сыртқа шығармағанмен, қайғысы құрғыр жүрегіне жүк боп түсіп, бүкіл жұлын-жүйесін, жүйке-тамырын жаншып, езіп бара жатыр еді.

*Белгілі биік көк сеңгір  
Басынан қара ұшырмас –  
«Ер қарауыл қарар» деп,  
«Алыстан қара шалар» деп.  
Балдағы алтын құрыш болат  
Ашылып шапса, дем тартар,  
«Сусыным қанға қанар» деп.  
Арғымақтың баласы  
Арыған сайын тың жортар –  
«Арқа мен қосым қалар» деп.  
Ақ дария толқын күшейтер,  
«Құйрығын күн шалмаған балығым*

*Ортамнан ойран салар» деп.*

*Азамат ердің баласы*

*Жабыққанын білдірмес –*

*«Жамандар мазақ қылар» деп, –*

деп Қазтуған жырау айтқандай, Жаңабай аға қайғы белін қайыстырып, қасірет қанша шөктіріп бара жатса да, қамыққанын халыққа білдірмеді, жабыққанын жанындағыларға сездірмеді. Жанын езген жаманат хабарды Хак бұйрығындай қабылдады. Ер қайратын бойына жиып, еңсені езген қайғы бұлтын серпіді, иіні түсіп имимей, иығына түскен ауыр салмақты аударып тастады.

*«Атаның өлсе – сойысқан,*

*Адамың өлсе – қойысқан,*

*Жауыңды бірге қуысқан,*

*Араздаспайды ешқашан*

*Түбі бірге туысқан»*

дегендей, алыс-жақын ағайын туыстар мен құдайласқан құда-құдағи, құрмаласқан жекжат-жұрағаттың, «Ағаш – тамырымен мықты, адам – дос-жарымен мықты», «Аз қайғыны ас басады, көп қайғыны дос басады» дегендей, басына қара түндей түнек күндер түскенде, қаумалап келіп, қайғысын бөліскен дос-жарандары мен жолдас-жораларының аркасында басын көтеріп, ел алдында еңсесін тіктеді.

Құран хикаяларына құлақ қойсақ, Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыздың кезінде Уммусуләйм деген анамыз өмір кешіпті. Ол кісінің асқан сұлулығы мен ай мен күндей ажары, ақылы мен парасаттылығы теңдессіз еді. Сондықтан оған қол жеткізуге көптеген адамдар ынтызар болатын. Сол кезеңдегі белді ру басшысы, бірақ өзі мұсылман емес Әбу Талха Уммусуләймды айттырып, қалыңмалы мен қарайған алтынын, қазыналы байлығын ұсынады. Бұған Уммусуләйм ана: «Мен сізге күйеуге шыға алмаймын. Бірақ сіздей адамның мені айттыруы – үлкен абырой», – дейді. Сонда Әбу Талха: «Неліктен олай еттіңіз? Әлде менің берген алтындарымды азсындыңыз ба?» – дегенде, ол: «Өйткені, сіз мұсылман емессіз», – деп жауап береді. Әбу Талханың: «Ал мен қалай мұсылман

боламын?» – деген сұрағына: «Алла Тағаланың алдында «Лә иләһа иллаллаһ, Мұхаммадур Расулаллаһ» деп айтсаңыз ғана мен сізге күйеуге шығамын», – деп шарт қояды. Сөйтіп, Әбу Талха Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына барып, тілін кәлима шаһадатқа келтіріп, мұсылмандыққа өтіп, Уммусуләйм анамызбен бас қосады. Көп ұзамай, Алла Тағала екеуіне ұл перзент береді. Бірақ ол перзенті 4 жасында ауырып, шетінеп кетеді. Әбу Талха үйге келсе, әйелі қолына құман ұстатып, дәрет алуын сұрайды. «Балам қайда?» – деп сұраған отағасына: «Оны ешқандай уайымдамаңыз», – деп жауап береді. Одан әрі күйеуіне ас-суын береді. Сосын екеуі бірге намаз оқиды. Содан кейін ғана барып күйеуінен: «Егер сізге біреу бір затын аманат етіп берсе, сіз оны күтіп-баптасаңыз, содан кейін уақыты біткенде ол кісі: «Ана затымды қайтар» десе, жылайсыз ба?» – деп сұрайды. «Неге жылайын, ол біреудің заты емес пе?! Мен оны тіпті уайымдамаймын да», – деп жауап береді Әбу Талха. Сонда Уммусуләйм: «Ендеше, Алла Тағала бізге аманатқа ұл бала беріп еді. Сол перзентін уақыты жеткенде қайтып алды», – дейді. Жалғыз баласының жарық дүниеден өткеніне сабыр қылған Уммусуләйм ананың бұл ісін естіген Мұхаммед (с.ғ.с.): «Алла Тағала сендердің өмірлеріңе береке беріп, тағы да перзентті қылып, сүйіншілесін», – деп дұға етеді.

Уақыт өткен соң, Уммусуләйм анамыздың бойына тағы да бала бітеді. Сол баланың дүниеге келетін күні жақындағанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ана сүтін емізбес бұрын маған алып келіндер», – деп тапсырады. Әбу Талха екінші перзентін дүниеге келген бойда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына алып келеді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шайнап тұрған құрмасын баланың аузына салады. Қасиетті асыл дініміздің тарихында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аузындағы тәтті құрмадан ауыз тиген екі адам ғана бар. Бірі – осы Әбу Талханың баласы да, екіншісі – Абдуллах ибн Аббас деген сахаба. Міне, жалғыз қуанышын тартып алғанда да төзімділік танытып, сабыр қылған Уммусуләйм анамызды Жаратқан Ием осылайша жарылқап, балалы-шағалы еткен екен.

Алла Тағала «Құран Кәрімнің» «Бақара» сүресінде: «Мен сабыр сақтаушылармен біргемін» деген болатын.

Жаңабай аға да «Сабыр – иманның жолдасы» екенін терең ұғынып, басқа түскен қайғыға байсалдылық пен сабырлылық таныта білді. Жан-жағындағы көңіл айтуға келген жұрттың оған қайран қалып, шыдамының шынжыры соншалықты беріктігіне таңдануының себебі де сондықтан...

Мақсұттың бөлесі Еркін Төреханов: «Бәрінен де мен Мақсұтпен жақсы араластым. Мақсұт өте ақкөңіл, күлгенде шын ниетімен ақтарылып, қарқылдап күлетін, көңілі жарқын, өте ақпейіл жігіт болатын. Жәкеңнің балаларының ішіндегі ең жақсысы, өзімнің жақсы көретінім де сол еді», – десе, оның зайыбы Гүлжан Кәрімбаева: «..Мақсұтымыз ақжарқын, күлгенде күлкісі ашық, біртүрлі адамды тартып тұратын жігіт еді. Ол адам баласының бәріне «болсын» деп тұратын, титтей қуанышыңның өзіне сенімен бірге жүрегі жарыла қуанатын тамаша жан болатын», – деп еске алады.

Расында да, Мақсұт Жәкеңнің балаларының ішіндегі ең бір ерекшесі еді. Мұнымыз «Жоғалған пышақтың сабы алтын» дегендей, тіршілікте титтей де қадірін білмей, адамды ажал құшқаннан кейін барып, жоқ кезінде ғана қадірін біліп, өмірден өтіп кеткесін жер сабалап, артынан аһ ұратын, өзекті өртер өкініштен туған ой емес.

Мақсұт шындығында да, бес күн тіршілікте ешкімнің бетіне жел боп тимеген, өзінің аңқылдаған ақкөңіл мінезімен, ақжарқын көңілімен адам баласына жақсылық қана тілеп тұратын жайдары да жайсаң жан болды. Оны «Жәкеңнің ұл-қыздарының ішіндегі ең бір ерегі еді» деуіміз де сондықтан. Әрине, Жәкеңнің балаларының ішінде жаманы жоқ. Барлығы да – әкесінің тәрбиесі мен анасының өнегесін көріп өскен, тәртіпті де тәрбиелі, «әйкәпір» атанған жері жоқ, әрқайсысы да белгілі де беделді, ұлағатты ұл-қыздар. Бірақ Мақсұт солардың ішіндегі артықша туған айрықша азамат еді. Оны Мақсұттың көзін көрген жора-жолдастары мен туған-туыстарының бәрі де айтады.

Мынау жарық жалғанмен ертерек қоштасып, өмірден ерте кетеріне көрінді ме, ол қым қуыт, қып-қысқа тірлігінде жалтыл боп жарқылдап, жалын боп лапылдап жанып өтті. «Құдайға да жақсылар керек» дейді ғой, жан баласына жамандығы жоқ, жайдары да ақжарқын азамат отыз жеті жасында оқыс жағдайда опат болды.

Асылы, ажалдың аяусыз араны жақсыларды бұрын жалмайтыны несі екен?! Әрбір жақсы адам өмірден өткен сайын пендешілікпен «Бірде-бір рет адам баласына жақсылық жасап көрмеген, өмірінде өзінен басқа ешкімді де ойламайтын, қайыры қара басынан артылмайтын, өзінің басындағы тұманды көрмей, жұрттың басындағы мұнарды көргіш, жақсыны көре алмайтын, жарлыға бөліп бере алмайтын талай тар түсінікті, тақыс ойлы жандар талтаңдап, құзғын құсап жүз жыл өмір сүргенде, ақиық қыран секілді ақбөрен азаматтарға бұл фәни-жалғанда азғана күн өмір беретіні несі екен?! Алла Тағала сондай жақсы адамдардың ғұмырын ұзақ еткенде, қара жердің бетінде қарау ойлылар емес, қайырымдылық салтанат құрар еді ғой» деп налысың кей-кейде. Қайтесің, барлығы да – Алланың ісі. Барды базарлы етем десе де, жокты назалы, назарлы етем десе де, бір Алланың өзі біледі. «Анау неге олай болмады, мынау неге былай болмады?» деп, құдіреті күшті Құдайдың құзыретіне қол сұғып, күпірлік етуге тағы болмайды. Біреуге Алла бес күн тіршілік сыйласа, енді біреуге он күн өмір береді. «Ол неге олай болды?» деп опынуға, «Өмір неге қысқа? Мен анаған, ол мынаған үлгере алмадық қой» деп, Жаратқанның жазмышына дау айтуға хақымыз жоқ. Ерте ме, кеш пе, басы жұмыр пендесіне Жасаған Иеден жарлық келген күні жарық дүниемен қош айтысып, қараңғы көрге кіріп, қара жердің құшағына енеді. Алланың әміріне артық сөз айттып, маңдайға жазған тағдырдың пешенесіне күмән келтіретін күш пенде баласына берілмеген. Бір жағынан, осындай жақсыларды ортамыздан ертерек алып кетуі арқылы Алла Тағала адамдарға жақсылықтың бағасын жанында жүргенде сезініп, мынау берекесі жоқ бес күн тіршілікте бір-біріміздің қадірімізді біліп, шама келгенше шалт қимылға бармай, сырт айналмай, сыйласып өтуді ұғындырғысы келгендей...

Мақсұт оған дейін де бірнеше рет ажалдан аман қалған болатын. Ол жайында Гүлжан Кәрімбаева: «Мақсұт өз өмірінде екі рет авариядан аман қалып, үшіншісінде ақыры сол жол апатынан кетті. Бірінде жұмыс кезінде вахтадағы жұмысшыларға бір айдай вертолет келмей, келген вертолетке біраз адам отырып, бір бөлімше қалып барады екен. Мақсұт екі айдан бері ауылға бармаған бір жұмыстасына:

– Сен міне ғой, – деп, өзінің орнына отырғызады да, өзі қалып қояды.

Сол вертолет ұшып бара жатқанда құлап, ішіндегі адамдардың бәрі қайтыс болады. Сол жолы Мақсұт бір ажалдан аман қалды. Содан кейін тағы бір жол апатына түсіп, басымен терезеге соғып, бет-аузын түгел кесіп кетті. Сонда садақа берген шығар. Бірақ «Аңдыған ажал алмай қоймайды» дегендей, ақыры сол жол апатынан қаза болды», – деп күрсіне отырып, сыр шертті.

Ол жағдай туралы Табын Оржановтың естелігінде де таратып айтылады.

Мақсұттың өзі де туған үйін қанша сағынып, барғысы келіп тұрса да, келіп тұрған вертолетке мінбей, өзінің орнына екі ай бойы елге бармай, ауылын аңсаған әріптесін мінгізіп жіберуі мен бөле інісі өз күшімен оқуға түскенде, өзі оқуға түскендей жүрегі жарыла қуануының өзі оның қашанда өзгеге «болсын» деп тұратын кеңпейілдігі мен өзінің мүддесін былай ысырып қойып, өзгеге орнын босатып беретін жомарт жүректі жан болғандығын аңғартады.

Мақсұт 1950 жылдың 14 желтоқсанында Атырау облысының Құлсары кентінде дүниеге келді. Ол кезде Құлсары әлі қала мәртебесін алмаған елді мекен болатын. Осындағы орта мектепке оқуға барды. Артынан Жәкеңнің отбасы Маңғыстауға көшкенде, 5-кластан бастап апа-жездесі Мәрияш Базарбайқызы мен Кәкім Ғұмаровтың үйінде жатып, Ералиевтегі білім ордасын бітіріп шықты. Оның жан біткенге жақсылық жасағысы келіп тұратын адамгершілігі, қасындағы адамдарға қашанда көмек қолын созатын қағылездігі мен қайырымдылығы бала күнінен байқалды.

«Жәкеннің Мақсұт деген баласы үй шаруасына көмектесуге, бір нәрсені жасап тастай қоюға әзір тұратын елгезек бала еді. Біздің үйдегі апасына: «Керек болған кезде маған айтыңыз, мен өзім істеп беремін», – деп айтып қоятын. Ағаш кесу, отын жару, не болмаса үйдің жайындылары мен төсеніштерін қағып-сілкіп тастау сияқты жұмыстардың бәрін өзі істейтін, қолы қайырымды, өте бір тәуір бала болды. Мен 1965 жылы Ералиевтен Ақтауға көштім. Сонда мені көшіріп әкеліп тастаған – осы Мақсұт. Ол өзі жүгіріп жүріп, тоңазытқыш, шкаф сияқты ауыр заттарды үшінші қабатқа көтерісіп, шығарып берді. Менің балаларым ол уақытта әлі жас, кішкентай. Бұл – Мақсұттың 8-9 класта оқып жүрген кезі», – дейді Жәкеннің үйімен бірнеше жыл көрші отырған әріптесі Мантық Төлеуғалиев.

Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң, сол кездегі Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай және газ кен орындарын өңдеу факультетіне оқуға түсті. Жыл сайын каникул кезінде «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясына қарасты Жетібай кен орнында өндірістік тәжірибеден өтіп жүрді. Сол себепті, жоғары оқу орнын бітіріп, мұнай-газ инженері болып елге оралғанда, ол өз жұмысын жетік білетін кәсіби маман ретінде бірден бұрғылау шебері болып бекітілді.

Жұмыс жасай жүріп, кәсіпорында құрылған комсомол жастар бригадасына жетекшілік етті. Өндірісте шындалып, өзінің біліктілігімен көзге түскен жас маманның аты көп ұзамай-ақ ауызға іліне бастады. 1979-80 жылдары Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы (БЛКЖО) Орталық Комитетінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Мақсұт басқарған бұрғышылар бригадасы бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындағаны үшін Қазақ КСР Геология министрлігі мен Геологиялық барлау жұмысшылары кәсіподағы Орталық Комитетінің «Құрмет грамотасын» иеленді.

Ол тек кәсіби маман ғана емес, кәнігі спортшы да болды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған Мақсұт денсаулығы күшті, қарулы да қарымды жігіт болатын. «Маңғыстаумұнай-

газбарлау» кешенді экспедициясының командалары құрамында бірнеше рет футбол мен баскетбол жарыстарына қатысып, үздік ойын өрнегін көрсетті.

Ол кішкене жүріңкіреп барып, жасы отызға таяғанда ғана отау көтерді. 1979 жылы Алматының Іле ауданындағы Покровка селосында туып-өскен, өзінен екі жас кішілігі бар Ұлмекен Жұмағалиқызына үйленді.

«Мақсұт үйленгенде, біз бәріміз қатты қуандық. Ұлмекен өзіне сай, жайлы, өзі сол Алматы жақтың баласы болғасын ба, тіпті бөлек, өзгеше жақсы адам еді. Мектепті алтын медальмен, институтты қызыл дипломмен бітірген қыз. Бірақ өзі – сондай жәй сөйлейтін, жуас адам», – дейді Гүлжан Кәрімбаева.

Расында да, Мақсұттың тандап сүйген жары өзіне лайық алтын адам болып кезікті. Ұлмекеннің әкесі Жұмағали Орынбаев та – Жәкең сияқты Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер азамат, ал анасы Тоқтасын Сәрсенова қарапайым шаруа адамы болғанымен, өмірдің мұзын да, сызын да көрген, бала-шағасына жақсы тәрбие берген көргенді отбасының иесі еді. Ұлмекен артынан ерген төрт сіңлісі мен үш інісіне бас-көз болып, қарғадайынан қамқорлап өскен, отбасының тұла бойы тұңғышы, сегіз баланың үлкені болатын. Кішкене кезінен-ақ оқуға зеректігімен, алғырлығымен танылған ол Д.Фурманов атындағы №8 орта мектепті алтын медальмен, Алматы Мемлекеттік медицина университетінің емдеу факультетін қызыл дипломмен бітіріп шықты. Орта дәрежеде өмір сүрген қарапайым отбасы үшін бұл үлкен мерей, үлгілі мәртебе еді. Қазіргі күні қанша жамандағанымызбен, ол кез оқу мен білімнің, еңбек пен қызметтің лайықты бағаланатын, біршама әділдік бар кезең екені ақиқат. 1976 жылы жоғары оқу орнын үздік бітіріп, Дмитриев учаскелік ауруханасында хирург болып қызмет жасап жүрген Ұлмекеннің маңдайына тағдыр Мақсұттай жігіттің сырттанын жазды.

Екі жас тез тіл табысып, қол ұстасып, үш мың шақырым жерде жатқан қияндағы Маңғыстауға аттанды. 29 жастағы Мақсұт мәңгілік махаббатын адаспай тауып, адамгершіліктің ақ туын асқақ



ұстаған алтын медальді, қызыл дипломды Алматының аппак қызын Сәлімгереевтердің шаңырағына тұңғыш келін етіп түсірді. Сөйтіп, бақытты отбасының балдай тәтті жарасымды ғұмыры басталды.

«Ұлың өссе, ұлықтымен ауылдас бол. Қызың өссе, қылықтымен ауылдас бол» демекші, өздері сияқты өнегелі жанұяның тәрбиесін көріп өскен келінге Жәкеңнің де, Ағиба апайдың да көңілі бітті. Ұлмекен бұл шаңырақтың аяғы құтты асыл келіні болды. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, бала шағынан болашағына жол салған ата-ана тәрбиесі оны ұятқа қалдырған жоқ. Өзінің ұяң да ибалы, инабатты мінезімен жаңа ортаға тез сіңісіп, аз уақыттың ішінде абыройға ие болып, алтын асықтай ұл мен қызды дүниеге әкелді.

1982 жылы алғашқы перзенті Асылбек туғанда қатты қуанған ата-анасы оның тегін Жаңабай ағаның атына жаздырды. Оның артынша 1985 жылы өмірдің есігін ашқан сүйікті қызы Меруерт пен 1986 жылы інгәлап дүниеге келген үшінші бала Алмаз жас шаңырақтың бал қызығы мен бақытты қуанышын одан әрі еселей түсті. Мақсұт жанұясына мейірбан әке, адал жар, асқар таудай пана бола білді. Ол ұл-қыздарының әрқайсысын емірене, елжірей жақсы көріп: «Бұлар – менің бағалы асыл тастарым», – деп, айналып-толғанатын. Мақсұт вахтадан келген сайын отбасының ортасында өткізетін әрбірі күн мереке сияқты болатын. Оның дархан жүрегінен төгілген дариядай жылу мен аңқылдаған ақпейіл күлкісі тек өзінің шаңырағына ғана емес, жан-жағындағы қоршаған ортасына түгел жететін.

*«Қошқар болар қозының маңдай алды дөң болар,  
Адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар»*

дегендей, көңілі кең, көкірегі арманға толы аңқылдақ жігіт көпшілікпен тез тіл табысатын. Өмірден ерте кетеріне көрінді ме, жұрттың бәрін жиып, думандатып жүргенді ұнататын. Елдің бәріне жақсылық жасап үлгеріп қалғысы келген адамдай жанталасып, жұрттың бәрімен араласып, жас шағында-ақ жан-жағына шапағын шашып өтті.

Мақсұттың ішінде арманы көп еді. Ата-анасы мен бала-шағасына көбірек қызық көрсетуді армандайтын. Тәтті үмітін талбесік қып тербетіп, Асылбегін қолынан жетелеп, мектепке апаруды қиялдайтын. Сол жолы соңғы рет вахтаға барып, еңбек демалысын алып келуге кеткен беті болатын. Содан кейін тезірек қалаға жұмысқа ауысып, өз үйінен кіріп-шығуды көздеп жүрген еді. Амал не, аяусыз сұм ажал дегеніне жеткізбеді.

«Әр мүшелде – бір қатер» дегендей, «Қауіп қайдан болса – қатер содан», ақыры аңдыған ажал алмай қоймады. Үшінші мүшелге аяқ басқанда, артында аңыраған ата-анасы мен сүйген жарын, бала-шағасын қалдырып, бақилыққа сапар шекті. Бұл тек Сәлімгереевтер отбасы үшін ғана емес, Мақсұтты білетін барша адамдардың қабырғасын қайыстырып, жан-жүрегін ойсыратып кеткен орны толмас қаза болды.

Мақсұттың қайын енесі, Ұлмекеннің анасы Тоқтасын Өмірзаққызы: «Оған тіл-көз тиді. Ұлмекенді ұзатып жатқанда тойға келген көрші орыстардың бәрі: «Саған басқа сыйлықтың керегі жоқ. Күйеу балаңның өзі – керемет сыйлық» деп, жабыла қызығып, жарыса мақтаған болатын», – деп, сол алғашқы қызын ұзату тойындағы оқиғаны есіне алды. Бәлкім, ол солай да шығар. «Жақсыға көз тиеді, жаманға сөз тиеді». Мақсұттай маңдайы жарқыраған жайсаң жігітке тілдің сұғы мен көздің оғы тимеуі мүмкін емес болатын.

*«..Аргымаққа оқ тиді*

*Қыл майқанның түбінен.*

*Аймадетке оқ тиді*

*Отыз екі омыртқаның буынынан», –*

деп Доспамбет баба жырлағандай, бұл опасыз дүниеде жаудың жарасынан, жауыздың жаласынан ғана емес, тілдінің сұғынан, көздінің оғынан мерт болған жақсы мен жайсандар қаншама! Мақсұт та – сондай сығалай көздеп ататын сұрмерген-ажалдың нысанасына іліккен нысаналы ердің тұқымы еді.

Қалай болса да, жарқ етіп жанған жас ғұмыр жалт етіп, мезгілсіз сөнді. Әлпештеген әке мен әлдилеген ана қалды артында аңырап. Тар төсекте жагысқан, асық ойнап атысқан, тай-құлындай тебіскен,

екі айтқызбай келіскен тума-туыс, бауыр қалды көз жанары мөлтілдеп.

*Жатырмысың, жампозым,  
Жығылған жерің егесте –  
Жастықсыз, жайсыз емес пе?!  
Жараңды маған сипатпай,  
Жантаю саған тыныш па  
Жалаңаш, жайдақ дөңесте?!  
Босайды-ау менің бар топсам,  
Жайнағым, түссең сен еске.*

*Бір топан-тасқын сырғыпты  
Алдымнан өткел бермеуге.  
Сен жолығар сұмдықты  
Сезбепті-ау сонда көр-кеуде.  
Үзеңгіңе ілесіп,  
Мұз көңілім сіресіп,  
Шығарып салған екем ғой  
Қайтадан сені көрмеуге... –*

деп, Меңдекеш ақын жырлаған «Жесірдің жоқтауын» айтып, желегі желбіреп, сегіз-ақ жыл отасқан соң сергелдеңге түсіп, жан жары қалды зар илеп.

Бірақ жазмыш солай, жан бөлек болғасын, амал жоқ екен. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Өлген қайтып келмек жоқ». Қанша зарланса да, қатыгез ажалдың дегені болғасын, Мақсұттың қайтып келмесін көріп, көңіл суынды. Бауыры суық қара жер қайтып жібімеді. Басына қайғы шұлғанса да, Мақсұтын қайтып бермеді.

Жаңабай аға мен Ағиба апай, жан жары Ұлмекен тума-туыс, дос-жарандармен бірге зар еңіреп жылап жүріп, ардақтаған Мақсұтын ақырғы сапарға аттандырды. Ақ жуып, арулап жерлеп, талай тарландардың жамбасы тиген Ақтаудың күнбатыс бетіндегі «Қошқар ата» қауымына қойды. Басына зәулім күмбез салып, ескерткіш белгі орнатты.

Мақсұттың жыл садақасы өткен соң, Жәкең мен Ағиба апа:

– Қарағым, әлі басың жас қой. Біз бағыңды байламайық. Алматыда ата-анаң мен тума-туыстарың, туған елің, тұтас жұртың бар. «Соларға қайтып барамын» десең, ұстамаймыз, бізден рұқсат. Ендігі тағдырыңды өзің шеш. Үйіңе баратын болсаң, көмектесейік. Министрлікке барып, сол жақтан жұмысқа тұруға жағдай жасайық, – деп, Ұлмекенге рұқсатын берді.

Бірақ Ұлмекен:

– Жоқ, мен ешқайда бармаймын. Мақсұт осы жерде қалды. Мен де балаларымды осы жерде өсіремін, – деп, ақылды шешімін, ақырғы кесімін айтты.

Аққудың махаббатындай аппақ, адал көңілмен қосылған сүйген жарының сүйегін тастап кетуге қиындады. Бір жағынан, үйелмелі-сүйелмелі үш баласының да болашағын ойлап, естілік танытты. «Ер – елінде, жекен – жерінде» дегендей, Мақсұттың артында қалған үлпершекттей үш баласының келешегі осы атамекенімен кіндігі байласқанын терең ұғынды. Алғашқы да ақырғы махаббатына дақ түсіріп, әруағын қорламады. Онсыз да ақ шашы мен ақ сақалын жас жуып отырған ата-анасын тағы да тағдырдың талқысына салып, жылатқысы келмеді.

Бұл – аяқ жолын білетін ақылды келіннің адами шешімі еді. Онысы дұрыс та болды.

Ұлмекен келін болып түскен әуел бастан-ақ от басы, ошақ қасын бағып, отырып қалған жоқ еді. Маңғыстау облыстық ауруханасының терапия бөлімшесінде ординатор болып қызмет еткен-ді. Жұмысында беделді, сыйлы болды. Мақсұт дүниеден өткесін, үш баласын сүйретіп жүріп, үздіксіз демалысы жоқ ауыр жұмыс жасау қиын болғасын, атасына айтып, жұмысын ауыстырды. 1989 жылы арнайы кәсіби мамандығын жетілдіріп, физиотерапевт қызметіне ауысты. Ол бүгінде 1998 жылдан бері №1 Ақтау қалалық емханасының физиотерапиялық бөлімшесін басқарып келеді. Адамдарға денсаулық пен өмір сыйлаған ақ желеңді абзал жанның ұзақ жылдардан бергі жемісті еңбегі желге ұшқан жоқ. Басшылық тарапынан елеп-ескеріліп, бірнеше мәрте мақтау мен марапатқа ие болды. Халық денсаулығын сақтау саласындағы

қалтқысыз қызметі үшін 2001 жылы «Денсаулық сақтау саласының үздігі» атағын алды.

Қазір Мақсұтының артында қалған үш баласын үкілеп өсіріп, үміті ақталған абзал ана. Жаңабай аға мен Ағиба апайдың аялы алақаны мен Мақсұттың інісі Мәліктің ағалық қамқорлығы арқасында ұлдары ержетіп, қызы бойжетіп, әрқайсысы өмірден өз орындарын тапты.

Жәкеңнің өз балалары мен немерелеріне, әсіресе Мақсұттың артында қалған перзенттеріне қаншалықты қамқор, мейірімді болғаны жөнінде қарындасы Сәлима Жұматова: «Жәкең мен Ағиба екеуі балаларының ешкімнен кем болмай, қатарларының алды болып өсуі үшін ештеңеден аянған жоқ... Жәкең Мақсұттың балаларын өзі кете-кеткенше қамқорлығына алып, қашан қанаттанып, өсіп кеткенше аталық мейірімін төгіп, аялаумен болды», – деп тебіренсе, өмірінің соңғы кезіне дейін көршісі болған Жақсылық Ерубәев: «Жәкең балаларын өте жақсы көретін. Немерелері Айдана мен Әсет сыртқа шыққан ағамыздың аяғына оралып, алдына отыруға таласатын еді.

Кейде мен Жәкеңді автобустың аялдамасынан да көремін.

– Қайда барасыз? – десем:

– Мақсұтжанның балаларына барамын. Күніне бір көріп, иіскемесем, көңілім көншімейді. Ал үйі көзге көрініп тұрғанымен, менің жасымдағы адамға өрге өрмелеуден гөрі, асықпай автобуспен айналып барған жеңілдеу болады, – деп күлегін», – деп еске алады.

Ал балдызы Меңдеш Салихов: «Баласының қазасы бұл кісіге қатты тиді, көп уайымдады. Мақсұттың балалары ол уақытта кішкентай еді.

– Айналайындар-ай, мына балаларды қалай жетілдіреміз? Осыларды өсіріп-жеткізуге біздің өміріміз жете ме? – деп, Ағиба апа екеуі қатты уайымдап еді. Қазір, шүкір, олардың бәрі азамат болып өсті», – дейді.

Мақсұттың артында қалған тұңғыш тұяғы, үлкен ұлы Асылбек әке жолын құды. Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің мұнай және газ кен орындарын

өңдеу факультеті мен ҚР Президенті жанындағы Қазақ менеджмент және экономикалық болжау институтының (ҚМЭБИ-КИМЭП) әкімшілік іс жүргізу мен бухгалтерлік есеп факультетін – екі бірдей ірі жоғары оқу орнын тәмамдады. Қазір «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы жер қойнауын пайдалануды жоспарлау жөніндегі департаментінің бас менеджері болып қызмет етеді. 2008 жылы шаңырақ көтерді. Жолдасы Әсел – Әлем тілдері университетін бітірген жоғары білімді маман. Ол «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның адам ресурстарын басқару департаментінде менеджер болып жұмыс жасайды. Олардың екі жасар Әлішер атты сүйкімді ұлдары бар.

Мақсұттың қызы Меруерт Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін экономика және құқық мамандығы бойынша бітіріп, қазір «Арман» біріккен кәсіпорнында есепші болып қызмет етеді. Оның жұбайы Рүстембад Айдарханов – ұзақ жылдар бойы партия және әкімшілік қызметкері болған, елімізге танымал геолог, ардагер азамат Тергеу Айдархановтың ұлы. Ол И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай, химия және газ өнеркәсібі институтын бітірген соң, «Қарақұдықмұнай» ЖШС-нде мұнай және газ кеніштері жөніндегі менеджер болып жұмыс жасайды. Бақытты жас жұбайлардың Альмира атты қыздары биыл 1-класты бітірсе, Жан есімді ұлдары бар болғаны 2 жаста.

Мақсұттың үшінші кенже баласы Алмаз Шаһмардан Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің мұнай және газ кен орындарын өңдеу факультетін аяқтап, қазір осы мамандық бойынша Италияның Турин қаласында магистратураны бітіріп жатыр.

«Орнында бар – оңалар» дегендей, Мақсұттың өзі өмірден ерте кеткенмен, көзі бар. Екі ұлы мен қызынан тараған үш немере-жиендердің арты әлі де жалғасып, үрім-бұтақтары жайылған үбірлі-шүбірлі отбасыларға айналарына күмән жоқ. Олар Жаңабай атасы мен Мақсұт әкесінің жақсы атын жалғастырып, Ағиба әжесі мен Ұлмекен анасының үмітін ақтап, үлкен азамат болып өсіп келеді.

## АТАДАН АСЫП ТУҒАН ҰЛ

Жаңабай аға ғұмыр бойы халқына қалтқысыз қызмет етті. Ол кісінің таза еңбек өтілінің өзі 55 жыл еді. Сол замандағы ұрпақтың Құдайдай сенген идеялық көшбасшысы Коммунистік партия қатарында 50 жылдай болды. Соғыс кезіндегі наградаларын есептемегенде, «Еңбек озаты», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Жер қойнауын барлауға сіңірген еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Лениннің туғанына – 100 жыл» медальдарымен, 1973-1980 жылдар аралығында сегіз жыл бойы қатарынан «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгілерімен марапатталды. Өзінің міндетті жұмысына қосымша «Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай» сияқты халықаралық ұйымдарға мүше болып, қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысты. Бірнеше рет Атырау облысының Жылыой аудандық және Маңғышлақ облыстық еңбекшілердің халық депутаттары кеңесіне депутат болып сайланды.

Жәкең зейнеткерлікке шығып, жұмыс жасауды қойғаннан кейін де қатардан қала қойған жоқ. Әрдайым өзі еңбек еткен «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясында өтетін салтанатты жиындарға құрметті қонақ ретінде шақырылып, мектептер мен оқу орындарында, еңбек ұжымдарында өтетін кездесулерге барып тұрды. Онда ардагер аға ретінде жас ұрпаққа өзінің өмірбаяны мен еңбек жолдары, Маңғыстау түбегінің қаз басып, қалыптасу кезеңдері мен осы өлкені түлетуге ерен еңбек сіңірген азаматтар туралы сыр шертіп, естеліктер айтатын. Сондай-ақ жыл сайын Ұлы Жеңіс шеруі кезінде орталық алаңға шығып, мерекелік жиналыстарға қатысып жүрді.

«Папам үшін ең құрметті, ең қуанышты күн – Ұлы Жеңіс мейрамы болатын. Бұл күні ол ерте тұрып, сықиып киініп, орден-медальдарын тағып, тіп-тік басып, алаңға баратын. Өтіп жатқан солдаттар сапына қарап тұрып, терең ойға бататын. Шерудегі солдат етіктерінің тарсылы, жалтыраған мылтық найзаларының сартылы оның ойында қандай оқиғаларды жаңғыртып, қандай естеліктерді көз алдына әкелетінін кім білсін?!» – деп толғанады қызы Бағдат.

Жәкеңнің бауырмалдығы мен жүрегі жұқа мейірімділігін оны білетіндердің бәрі жыр қып айтады. Ол тек өзінің балаларына ғана емес, жасы кіші басқалардың барлығының да атына «жан» деген жылы лебізін қосып, «Мақсұтжан», «Мәлікжан», «Жібекжан», «Мәрияшжан» деп, айналып-толғанып отыратын. Қайырымды, қамқор адамды кім жақсы көрмейді?! Осындай ізгі қасиеттері үшін Жаңабай ағаны тумаластары да, былайғы жұрт та жақсы көріп, іш тартып, ілтипат білдіретін. Жәкеңнің туған жиені, жазушы Ғабдол Сланов пен Бәтима апаның қызы Мәриям Сланова өзінің анасы мен әжесі де бәрінен де гөрі Жәкеңді жақсы көргендігін айтады. Ол бала күнінде Зейнолла Қабдолов бастаған азаматтар атасының қазасын естіртуге келгенде есіктен кірген бойда олардың жүрісінен секем алған анасы Бәтиманың ең бірінші:

– Не болып қалды? Әйтеуір Жаңабай тірі ме? – деп сұрағанын есіне алады.

Сондай-ақ анасы да басқа балаларынан гөрі Жаңабай ағаның амандығын көбірек тілейтін. Қарындасы Жібек те «Жаңабай ағам соғыстан аман-сау келсе, болды. Басқа ештеңенің керегі жоқ», – деп, тілегін көп тілеген болатын. Жәкең де іні-қарындастары мен бауырларының барлығын қамдап, қолынан келгенше қорғаныш бола білді. Оның соғыс біткен соң, жеңілген Германияның қалаларын талан-таражға салып, тонап жатқан басқаларға қосылмай, тек «Құйтақандай болып, еңбек майданында тырбандап жүрген Жібекжан қарындасыма апарайыншы» деп, бір күміс қасық қана алғанының өзі қарындасына деген туыстық махаббаты қаншалықты болғанын аңғартады.

Жәкең өзінің тумаластары ғана емес, апа-қарындастарынан туған балалардың барлығын да қанатының астына алып, қамқорлады. «Апамнан туған жиенім, өзімнің алтын сүйегім» деп, жиендеріне нар мінезді нағашылық қасиетін көрсетті. Олар әрбір ауылға келген сайын қой, жылқы, бұзау, тана атайтын. Әрқайсысын, мейлі, бесіктен белі шықпаған кішкентай бала болса да, үлкен басымен өзі арнайылап келіп, күтіп алып, шығарып салып, құрметтеп қонақ қылып жіберетін.



Ол сондай-ақ үш жұртына бірдей үлкен жүрегінен шапағаты мол нұрлы сәулесін шаша білді. «Жақсы жезде – әкендей» дегендей, барлық балдыз-бажаларына, қайын жұртына да қамқор болды. Жәкеңнің балдыздарының бірі, Атырау облысының өркендеуіне үлкен үлес қосқан азамат Ерсайын Қосанов: «Жездеміздің жүріс-тұрысынан, берген бағытынан, үлгі-өнегесінен біраз тәрбие алдық. Одан жаман болған жоқпыз», – десе, тағы бір балдызы Мендеш Салихов: «Жәкеңді сыйлағанымыз сондай – ешуақытта біз оған «жезде» деп те айтқан жоқпыз», – дейді.

Жәкең өзінің отбасы үшін асқар таудай пана, Алатаудай дара болды. Ол жұмыстағы кір мен кірбінді ешуақытта үйге алып келмейтін. Барлық кикілжің, ренішті жұмыста қалдырып, үйге жайрандап, жарқылдап кіретін. Шаршап-шалдыққанын ешқашан үй ішіне бала-шағасына білдірмейтін.

«Ағибаны қадірлеп-қастерлеп, еркелетіп, «Ақас» деп отыратын. Екеуі бір-біріне қарап сөйлегенде, Ағиба: «Қосағасы», ағамыз: «Отағасы», – дейтін», – дейді қарындасы Сәлима Жұматова.

Ал ұзақ жылдар бойы отбасылық жолдастары болған Қырмызы Қонысбаева: «Жаңабай ағаның өмірдегі басты наградасы – өмірлік жары Ағиба жеңгей деп ойлаймын. Себебі, Ағиба жеңгеміз – мінезі жұмсақ, табиғатынан адал жан. Ол – қолы ашық, өте қонақжай адам. Шаңырағынан ешқашан қонақ үзілмеген, дастарханы жиылмаған кісі», – десе, Жәкеңнің қарындасы Мәрияш Базарбайқызы: «Жаңабай ағаның жиі айтатын бір мәтелі, сөзінің сырағысы – «Ой, бар болғыр!» еді... Ағамыздың сол «Бар болғыр!» деген сөзі Ағиба жеңгеміз бен бала-шағасына дарыды-ау деймін, бүгінде жеңгеміздің жасы 85-тен асса да, жүріс-тұрысы ширақ, тың. Бала-шағасы да өнегелі де өркенді әулетке айналды», – деп тебіренеді.

*Шындығында да:  
Керуен бастар жігіттің  
Нары өзіне лайық,  
Адам болар жігіттің  
Жары өзіне лайық, –*

дегендей, Жаңабай ағаның өмірлік жар қосағы Ағиба апай екеуі бір-біріне сай, нағыз теңін тауып қосылған жандар еді.

*Менің жарым болсаң сен,  
Мен жоқта да қабылдай бер қонақты,  
Қонағасың болсын дәйім қомақты.  
Қабақ шытпа,  
Жұтамассың сен одан –  
Күніне үйге түссе-дағы он атты...*

*Менің жарым болсаң сен,  
Досым түгіл, қасым келген кезінде  
Аяғыңның ұшымен жүр, көз ілме.  
Ең бастысы – мен көтерер қайғыға  
Егілсең де, менен бұрын езілме! –*

деп Мендекеш ақын айтқандай, Ағиба апай – қашан барсаң да, қай кезде де дастарханы жиылмайтын дархан көңілді, қонақ күтуден шаршамайтын меймандос, айнала жұртқа, ағайынға мейірімді жан.

Ол кісінің атақты Қосан қажының немересі болғандықтан, сонау кеңес өкіметінің кезінде де дінге жақын, «Құдай – бір, Құран – шын, Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарым – хақ» деп өскен тәубашыл жан екенін айналасындағы жұрттың бәрі біледі. Жәкеңнің өзі оны толық мойындап, бір жерлерге көңіл айта, бата оқи барған кездерде оған жолын беріп:

– Сен молданың қызысың ғой. Оқып жібер, – деп отыратын.

Өмірде екі жақсы адамның бір-бірін тауып қосылуы – өте сирек кездесетін жайт. Жәкең мен Ағиба апайдың некелік одағы – сондай сәтті шыққан сирек некелердің бірі.

Жұмыс барысында талай жанды күйдіріп, отқа-суға салатын сәттер кез келсе де, Жаңабай аға ешқашан біреуді боқтап-боралап, жанына жара салып, беталбаты бейпіл сөздер мен кілауыз әңгіме айтпайтын. Ол кісінің ең қатты ашуланғанда айтатын сөздері «Ой, бар болғыр!» мен «Ісің құрысын!» дейтініне елдің бәрі куә. Жәкең қаршадайынан сіңген тәртіп пен тәрбиенің арқасында

өзін-өзі ұстай білетін, өте мәдениетті де өнегелі кісі болды.

Жаңабай аға жасы ұлғайғасын, көпті көрген, талай қиындықты бастан кешкен ақсақал ретінде ағайын-тума мен жолдас-жоралардың ақ түйенің қарны жарылған ақжарылқап қуанышты кездерінде абыздық ақ батасын беріп, бастарына түскен қайғылы сәттерде басу айтып, бас-көз болып жүрді. Ол кісінің әсіресе белгілі мұнайшы Бақытжан Қайыровты ақтық сапарға аттандыру кезінде жерлеуге қатысып келе жатқан көліктердің бірі қайтар жолда апатқа ұшырап, тағы да үш адам қайтыс болып, қара жамылған отбасының адам айтқысыз ауыр қасіретке ұшыраған сәтінде қандай көшелілік пен көсемдік танытқаны туралы Тұрсынғали Көшенов пен Нури Қайыровтың естеліктерінде бастан-аяқ баяндалады. Сондай-ақ елге белгілі азамат Сәлім Қосановты соңғы сапарға шығарып салу жұмыстарын да азаматтықпен атқарғаны жайында Сәлима Жұматова мен Ерсайын Қосановтар үлкен ризашылықпен әңгімелейді.

Ал азаматтың білімі мен білігі, адамгершілігі мен ақылдылығы сынға түсетін мұндай сәттер аз емес еді. «Түйенің үлкені көпірден өтерде таяқ жейді» дегендей, қандай да бір қысылтаяң сәттерде жастар жағының жасы үлкеннің аузына қарап, одан кісілік пен кеменгерлік күтетін әдеті ғой. Жәкең осындай ел басына күн туған екіталай шақтар мен тайталасқа толы тар кезеңдердің барлығында да арына дақ түсірмей, абыроймен өте білді.

Жаңабай аға сан қырлы қасиеттің иесі еді. Адамгершілік, арлылық, кішіпейілдік, кісілік, бауырмалдық, мейірімділік, төзімділік, салмақтылық, іскерлік, ұйымдастырушылық, көрегендік, қажырлылық, табандылық, жады мықтылық, турашылдық, шыншылдық, адалдық, мәдениеттілік, қонақжайлық, кеңпейілдік, ақкөңілдік, ақжүректілік, айта берсе таусылмайтын осыншама ізгі қасиеттердің барлығы бір адамның басына келіп тоғыса қалуы – табиғатта өте сирек кездесетін құбылыс. Қазақ мұның бәрін жинақтап, бір-ақ ауыз сөзбен «Жақсы адам» дейді. Жәкең сондай жақсылардың санатына жататын жайсаң жан болатын.

Сондықтан да Маңғыстау мұнайын игеруге үлкен үлес қосқан

азамат Нури Қайыров: «Сол кісілермен бірге жүргеніме өзімді бақытты санаймын. Жәкең – мен үшін шыңына көз жеткізбес шырқау биік тау іспетті. Біз ол кісінің қасында баламыз ғой», – деп, асқан кішіпейілділікпен Жәкеңнің асқар биіктігін мойындайды.

Ал бүгінде 92 жасқа келіп, «абыз ақсақал» атанып отырған қарт журналист Саламат Хайдаров: «Кейде біреулердің екіжүзділігін көрсем немесе сатқындықтарына куә бола қалсам, марқұм Жәкеңнің екі айтпайтыны, екі сөйлемейтіні есіме түседі. Екі сөйлемей – нағыз ердің еріне ғана тән мінез. Жәкеңдей адам, шынында да, сирек кездесетін дара тұлға сияқты болып көрінеді маған. Ол бүкіл тұр-тұрпатымен, болмыс-бітімімен, заңғар тұлғасымен ерекшеленетін арда азамат еді ғой», – деп, жоғары бағалайды.

Ол кісінің айнала жұртына қаншалықты сыйлы, қадірлі болғандығы хақында айтылатын әңгіме аз емес. Біз солардың бәрін бірдей тізбелемей-ақ, ардагер мұнайшы Сатыбалды Нұрлыбекұлының: «Елдің Жәкеңе деген ыстық ықыласын, сый-құрметін 70 жасқа толу мерейтойында да көрдік. Той иесін құттықтауға қонақтар тек Маңғыстаудан ғана емес, Қазақстанның Атырау, Орал, Ақтөбе, Алматы және КСРО-ның Москва, Ленинград, Қазан, Уфа қалаларынан да келді», – деген сөздерін келтірсек те, жеткілікті болар.

Өкінішке қарай, абзал аға өзінің 80 жылдық мерейтойын дәл сондай етіп тойлай алмады...

Жәкеңнің мәңгілік қонысы өзінің өсиеті бойынша сүйікті ұлы Максұтының жанынан «Қошқар ата» қойымшылығынан бұйырды.

Кейін Киікбай Рзаханов бастаған азаматтардың тікелей атсалысуымен 2005 жылы 9 мамыр күні Жәкеңнің өзі өмірінің соңғы сәтіне дейін ұзақ жылдар бойы тұрған Ақтау қаласының 14-шағын ауданындағы 19-үйге ескерткіш тақта орнатылды.

Бұл – Жәкеңді кейінгі ұрпақтың жадында қалдыру мақсатында жасалған қадамдардың басы ғана еді. Ол кісінің есімі мен қысқаша өмірбаяны 1999 жылы 2005 жылы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығарылған «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» енгізілді.

## АДАМ – ҰРПАҒЫМЕН ҰЛЫ

Жақсы адамның өзі өмірден кеткенімен, артында ардақ тұтқан ағайын жұрты, ізетті үлгісін жалғастырар ізбасар шәкірттері, көзін көрген жора-жолдастары, ең бастысы – жан жары мен ұлан ұрпағы, бала-шағасы мен немере-шөберелері қалды.

Жанабай ағаның бүгінде Бағдат, Максұт, Ондасын, Светлана, Мәлік атты үш ұлы мен екі қызынан тараған он үш немересі, жеті шөбересі бар. Жәкеңнің Қазақстанның мұнай саласына сіңірген еңбек жолын екі ұлы мен алты бірдей немересі жалғастырып, ата жолын қуып келеді.

Бұл шаңырақтың тұла бойы тұңғышы Бағдат 1946 жылы Атырау облысының Доссор елді мекенінде дүниеге келген. Мамандығы – дәрігер. 1969 жылы Алматы Мемлекеттік медицина институтын бітірген соң, үздік оқыған студент ретінде осы институттың адам анатомиясы кафедрасына ассистент болып қалдырылды. Институтта дәріс бере жүріп, 1989 жылы Харьков қаласында кандидаттық диссертациясын қорғап, доцент атағын алды. 2000 жылдан бері Қазақстан-Ресей медицина университетінің анатомия кафедрасының меңгерушісі. 60-қа жуық ғылыми еңбектері жарияланған, 2 медицина ғылымының кандидатын дайындаған белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз.

Оның жолдасы Абай Кенжебайұлы Жанғабылов та – денсаулық сақшысы. Қазақстанға белгілі ғалым, дәрігер. Ақтөбе Мемлекеттік медицина институтын тәмамдап, 1963-1966 жылдар аралығында Қызылорда облысының Сырдария ауданында алдымен учаскелік аурухананың меңгерушісі, артынан аудандық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс істеді. 1966-69 жылдары Украинаның Киев қаласындағы Н.Д.Стражеско атындағы клиникалық институтта аспирантурадан өтіп, Д.Н.Яновскийдің жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғады. Аспирантураны бітірген соң, Алматы Мемлекеттік медицина институтында (Қазіргі Қазақ Ұлттық медицина университетінде) әуелі ассистент, сосын доцент, ішкі құрылыс аурулары кафедрасының меңгерушісі қыз-

меттерін атқарды. 1985 жылы докторлық диссертациясын қорғап, профессор атағын алды. 1991 жылдан бері Қазақстан-Ресей медицина университетінің ішкі құрылыс аурулары кафедрасының меңгерушісі. 200-ге жуық ғылыми еңбектердің авторы. Оның ішінде 3 монографиясы, авторлармен бірлесіп дайындаған 3 бірдей қазақша-орысша медициналық сөздіктері, екі медициналық жетекші құралы жарық көрген. Оның жетекшілік етуімен 3 медицина ғылымының докторы мен 15 ғылым кандидаты дайындалды. Абай Жанғабыловтың ғылыми еңбектері негізінен гастроэнтерологияның патологиясы жайында. Бұл бағытта ол АҚШ, Германия, Италия, Ресей және басқа да елдердің ғалымдарымен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Әбекең жыл сайын Азия-Тынық мұхиты аймағында, Америка Құрама Штаттарында, Еуропада өтетін гастроэнтерологтардың әртүрлі халықаралық симпозиумдары мен конгрестеріне, конференцияларына қатысады. Сондай-ақ Алматы қаласында гастроэнтерологтардың халықаралық конгрестерін тұрақты түрде өткізіп келеді. Өзі – Еуразия гастроэнтерологтары ассоциациясы ұйымының Қазақстан Республикасындағы президенті.

Осындай екі бірдей білікті дәрігер ғалымның отбасынан шыққан балалары да – білімді де тәрбиелі өрендер.

Үлкені Сәуле Алматы Мемлекеттік медицина университеті мен Халық шаруашылығы академиясын бітірген, екі бірдей мамандықтың иесі. «Toyota Center» фирмасының Алматыдағы бөлімшесінде қызмет атқарған. Қазір банк қызметкері болып жұмыс істейтін жұбайы Тимурдың қызмет бабымен Чехия мемлекетінің астанасы Прагаға қоныс аударған. Олардың 13 жасар ұлы Арсен мен 7 жастағы қызы Сабина сондағы британдық мектепте оқиды.

Екінші қызы Мәдинаның мамандығы – заңгер. Алматыдағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетін бітірген. 1997 жылдан бері Америка Құрама Штаттарында тұрады. Бостон қаласындағы атақты Ель университетінің магистратурасын тәмамдап, әділет докторы атағына ие болды. Қазір Нью-Йоркте көші-қон қызметінің адвокаты болып жұмыс істейді.

Абай мен Бағдаттың кенжесі Әнуар да Америкада 7 жыл компьютерлік технология саласының менеджері мамандығы бойынша оқыды. Елге келгесін, «Аджип» компаниясында жұмыс істеді. Қазір өз мамандығы бойынша жеке меншік кәсіпорын ашып, кәсіпкерлікпен айналысып жүр. Оның зайыбы Айнұр – «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны» ЖШС-інде мұнай сату жөніндегі департаменттің директоры.

Жаңабай ағаның үлкен ұлы Мақсұт пен оның жолдасы Ұлмекен және балалары туралы жоғарыда айтып өттік. Бағдат пен Мақсұттың ортасындағы бір қыз бала кішкене күнінде шетінеп кетті.

Жәкеңнің екінші ұлы Оңдасын 1953 жылы 24 тамызда туған. Мектепті бітіргеннен кейін 4 жылдай Форт-Шевченкодағы кеме жөндеу цехында жұмыс жасады. Екі жыл әскер қатарында болып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келген соң, КСРО Ішкі істер министрлігінің Қарағанды қаласындағы жоғарғы милиция мектебінде оқыды. 1984 жылдан бастап Астрахань қаласындағы Каспий бассейнінде су милициясы қызметінде болды. 1990-95 жылдар аралығында политехникалық институтта оқып, машина құрылысы саласының металл кесуші станоктар мен құралдар технологиясының маманы деген екінші мамандығын алды. 1990 жылы Ақсай қаласындағы газ өндіру кәсіпорнына вахталық кенттің бастығы болып бекітілді. 2002 жылдан бері мамандығы бойынша қызметін жалғастырып, Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы «ҚаратөбеОйл» компаниясында инженер-технолог болып қызмет етіп келеді. Зайыбы Ғалия Шабдарқызы «Теңіз-шевройл» кәсіпорнында дәрігер болып жұмыс істейді. Бауыржан, Олжас атты екі ұлы бар. Бауыржан да Мақсұттың ұлы Асылбек бауыры сияқты екі бірдей оқу орнын – ҚР Президенті жанындағы Қазақ менеджмент және экономикалық болжау институтының (ҚМЭБИ) бухгалтерлік есеп факультеті мен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің мұнай және газ кен орындарын өңдеу факультетін бітірген. Қазір «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны» ЖШС-нің жоспарлау және бақылау департаментінің директоры. Бауыржанның келіншегі Ботагөз

Оразғалиқызы Қазақ Әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетін бітірген. Екеуінің 6 жасар Айша есімді қызы бар. Оңдасынның екінші баласы Олжас 1987 жылы 16 қарашада дүниеге келген. Қазір нағыз жалындаған жігіт жасы – жиырма беске келіп қалды. Ол былтыр Алматыдағы Қазақ-Британ техникалық университетінің энергетика және мұнай-газ өндірісі факультетін тәмамдады. Мұнай-газ ісінің маманы. «Коммұнай» компаниясында оператор болып еңбек етеді.

Жәкең екінші қызы Светлананың атын өзі өмір бойы ардақтап өткен Генералиссимус И.В.Сталиннің қызының құрметіне қойған болатын. Светлана 1957 жылы 1 қазанда дүниеге келді. Мектеп қабырғасынан кейін Алматы Мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін бітірді. Бір жыл интернатурадан өткен соң, Ақтау қаласындағы балалар емханасында учаскелік педиатр болып 3 жыл жұмыс істеді. 1984-1986 жылдары Алматыдағы Қазақ педиатрия ғылыми зерттеулер институтының ординатурасын бітіріп, сонда педиатр-дәрігер болып жұмыс істеп қалды. 1997-2004 жылдар аралығында осы институттың функционалды диагностика бөлімшесінде дәрігер, 2004-2006 жылдары шаруашылық есептегі клиникалық-диагностикалық бөлімшенің меңгерушісі, 2006-2009 жылдар аралығында функционалды диагностика бөлімшесінің аға ғылыми қызметкері болды. Жұмыс істей жүріп, бірнеше рет Алматы мен Мәскеуде білімін жетілдіру курстарынан өтті. 2009 жылдан бері Астана қаласындағы «Шұғыл медициналық көмек республикалық ғылыми орталығы» АҚ-ның УЗИ және функционалды диагностика бөлімшесінің меңгерушісі. Жоғары санатты дәрігер. Медицина ғылымының кандидаты. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі.

Оның жолдасы, марқұм Жұмағали Рахымұлы Адамзатов та жоғары санатты дәрігер, медицина ғылымының кандидаты болатын. 1955 жылы 3 маусымда дүниеге келген. 1978 жылы Семей медицина институтын педиатр мамандығы бойынша бітірген соң, Семей облыстық балалар клиникалық ауруханасында хирург-дәрігер болып қызмет етті. 1980-82 жылдары Алматы қалалық №1



балалар клиникалық ауруханасы шұғыл хирургия бөлімшесінде, 1984-1986 жылдары Қазақ педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми институтының урология бөлімшесінде дәрігер, 1986-1997 жылдары Ақсай республикалық балалар ауруханасында урология бөлімшесінің меңгерушісі, 1997-2001 жылдары облыстық балалар клиникалық ауруханасында хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, 2001-2006 жылдары ҚР Ұлттық туберкулез проблемалары орталығында аға ғылыми қызметкер, урогениталдық бөлімшенің меңгерушісі, 2007 жылдан бастап урологиялық бөлімшенің меңгерушісі, жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. 2009 жылы докторлық диссертациясын жазып, аяқтай бергенде, аяқ астынан қайтыс болды. Ол тамаша дәрігер, талай адамның жанына араша түскен ақ желеңді абзал жан еді. Жұмағали Рахимұлы өзінің көзі тірісінде 63 еңбегін жариялады. Олардың ішінде 49 ғылыми жұмыс, 4 рационализаторлық ұсыныс, 4 методикалық кепілдеме, 5 өнертапқыштық патент алдындағы жұмыстар бар. 54 жасында өмірден ертерек кетсе де, ол артына біраз өлмес мұра, медицина саласына қажетті құнды ғылыми еңбектер жазып қалдырды.

Светлана мен Жұмағалидың Ілияс атты ұлы қазір Италияда магистратурада оқып жатыр.

Жәкең мен Ағиба апайдың ең кенже ұлы Мәлік – қазіргі күні Сәлімгереевтер әулетінің арқа сүйер асқар тауы, айбын тұтар асу белі. Барлығы да оны маңдайға ұстап, мақтаныш етеді.

Ол 1960 жылдың 14 тамызында Атырау облысының Құлсары қаласында дүниеге келді. Ақтау қаласындағы он жылдық орта мектепті аяқтаған соң, 1977 жылы Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы мұнай және газ өнеркәсібі институтының мұнай факультетіне оқуға түсті. 1982 жылы осы институттан мұнай және газ кен орындарын барлау және геология мамандығы бойынша тау-кен инженері-геолог болып шықты.

Еңбек жолын 1982 жылдың қыркүйек айында сол кездегі «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігіне қарасты «Комсомолмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының ғылыми-зерттеу және өндірістік

жұмыстар цехында 5-дәрежелі оператор, ұңғыларды зерттеу жөніндегі шебер болып бастады. 1983 жылдан бастап үш жыл бойы осы басқармадағы пласты қысымды бекіту бөлімшесінің аға геологы, 1986 жылдан мұнай-газ өндіру цехының аға геологы болып қызмет етті. 1987 жылы «Қаражанбастерммұнай» тәжірибелік-эксперименттік мұнай өндіру басқармасына мұнай және газ кен орындарын игеру жөніндегі технологиялық бөлімнің бастығы қызметіне ауысты. Осы қызметте 7 жыл жұмыс істеген соң, өзінің біліктілігімен көзге түсіп, 1994 жылдың басынан бастап басқарманың бас геологы болып тағайындалды. 1994-1999 жылдар аралығында «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамында мұнай және газ кен орындарын игеру мен геология жөніндегі вице-президент және бірінші вице-президент қызметтерін атқарды. 1999-2000 жылдар аралығында «ҚазНИПИмұнай» мекемесінде директордың орынбасары, 2000-2001 жылдары «Қазмұнайгаз» Ұлттық мұнай компаниясында жаңа жобалар департаментінің директоры, 2001-2004 жылдары Атырау қаласындағы «Қазақойл-Ембі» АҚ-нда өндіріс жөніндегі вице-президент, 2004-2007 жылдары «Қазмұнайгаз» Барлау Өндіру» АҚ-на қарасты «Ембімұнайгаз» өндірістік бірлестігінде директордың өндіріс жөніндегі орынбасары сияқты сан алуан жауапты жұмыстарда болды. 2007 жылы «Қазмұнайгаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директорының кеңесшісі болып жұмыс бабымен Астанаға ауысты. Сол жылдың қазан айында ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігі мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры болып бекітілді. Осы қызметте үш жылдай жұмыс істеген соң, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на қызметке шақырылды. Қазір осы АҚ-ның мұнай-газ активтерін басқару директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі. Көріп отырғанымыздай, өз ісін жетік білетін кәсіби маманның еңбек жолдары үнемі өсу мен үздіксіз жоғарылау сатыларынан тұрады. Осының бәрі – Жаңабай аға мен Ағиба апай сияқты асыл текті ата-ананың берген тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесінің арқасы.

Мәлік 1991-1995 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Ұлттық Ғылым Академиясының геология институтының аспирантурасында оқыған. 2005 жылы Америка Құрама Штаттары Сауда министрлігінің арнайы бағдарламасы бойынша АҚШ-та, 2006 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында білімін жетілдіріп, халықаралық стандарттарға сай тәжірибеден өткен. 2008 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Әкімшілік реформа: жаңа мемлекеттік менеджмент» бағдарламасы бойынша оқыған. Геология-минералогия ғылымының кандидаты, 15 ғылыми еңбегі жарық көрген. Мұнай саласына жаңалық енгізген авторлық куәліктің иегері.

Мәліктің алған атақтары мен наградалары да бір басына жетерлік. Ол 2001 жылы «Доссор мұнай кен орнына – 90 жыл», 2004 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің, 2005 жылы «Қазмұнайгаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның «Құрмет грамоталарымен», «Мақат мұнай кен орнына – 90 жыл», «Қосшағыл мұнай кен орнына – 70 жыл» естелік белгісімен, 2009 жылы Атырау-Самара мұнай құбырымен 400 миллионыншы тонна мұнай жіберілу құрметіне шығарылған «Қазтрансойлдың» арнайы естелік белгісімен, сондай-ақ Қазақстан мұнайының 110 жылдығына орай Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің «Алғыс хатымен», 2011 жылы «Доссор мұнай кен орнына – 100 жыл», «Маңғыстау мұнайына – 50 жыл» естелік белгісімен марапатталды.

Ағайынның қамқоры, айналасына абыройлы Мәлік қазір ердің жасы елуден енді ғана асқан нағыз дер шағында тұр. Оның халқына берері мен қылар қызметі әлі де көп екені даусыз.

Жұмыста абыройлы, ұжымына беделді Мәлік – өнегелі отбасының басшысы. Зайыбы Гүлшара – Маңғыстауға белгілі ардагер азамат, марқұм Өзбек Құлжановтың қызы. Жоғары білімді дәрігер. 1985 жылы Алматы Мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін бітірген. Сосын Маңғыстау облыстық балалар ауруханасында интернатурадан өткен соң, сегіз жыл бойы Ақтау қалалық балалар емханасында учаскелік педиатр, жеті жыл

бойы УЗИ дәрігері, сосын Атырау қаласындағы «Интертич» медициналық мекемесінде УЗИ дәрігері болып жұмыс істеді. 2009-2011 жылдар аралығында «Астана медициналық университеті» АҚ-нда невропатолог мамандығы бойынша резидентурадан өтті. Ол – өнегелі ұядан түлеп ұшқан жан, өз мамандығының білгірі. Жұбайы Мәлік екеуі – 88-ге келген қарт анасы Ағиба апайды бағып, қазіргі таңда шет елдерде білім алып жатқан Айдана, Әсет есімді ұл-қыздарын өсіріп отырған ұлағатты шаңырақ иесі.

Сәлімгереевтердің шаңырағы бүгінде керегесі кеңейіп, кемерінен асып шалқыған, үбірлі-шүбірлі, үлкен әулетке айналды. Лайым, сол әулеттің босағасы берік, іргесі мықты болып, Жаңабай ағаның жақсы істерін жалғастыра бергей!

---

## Екінші бөлім

### *Замандастар ой толғайды*

*(Естеліктер)*

#### **БІЛІКТІ БАСШЫ, ОРНЫҚТЫ ОРЫНБАСАР БОЛҒАН ЖӘКЕҢ**

**Әділ НҰРМАНОВ,**

*Қазақстан Республикасының  
құрметті жер қойнауын барлаушысы,  
Өзен кен орнын, Бозашы мұнайлы  
аймағын алғаш ашқан геолог.*

Менің Жәкеңмен алғашқы кездесуім 1962 жылғы маусым айының ортасында болды. Оның алдында ол кісі жақында ғана Құлсарыдан Форт-Шевченко қаласына келіп, «Маңғыстаумұнайгаз-барлау» («МНГР») тресіне қарасты автокөлік кеңсесіне (АТК-ға) директор болып тағайындалғанын естігенмін.

Бұл кезде «МНГР» тресі оңтүстіктегі барлау алаңдарын жақын жерден басқару мақсатында теңіз жағасындағы Ералиев елді мекеніне (қазіргі Құрыққа) көшіп, қызметкерлердің отбасыларын да сол жаққа көшіру жұмыстары қауырт жүргізіліп жатқан болатын. Тресте жұмыс жасайтын инженер-техник қызметкерлер, экономистер мен есепшілер – бәрі де Ералиевтегі барак үйлерде отбасынсыз, салт басты жүріп жұмыс жасап жатқан еді. Сондықтан трест қызметкерлерінің отбасыларын тездетіп Ералиевке көшіру керек болды. Бұл жұмысты Жәкең ұйымдастырды.

Бұдан бір жыл бұрын – 1961 жылы Жетібай, Өзен алаңдарынан

куатты мұнай мен газ фонтандары алынып, бұл аландардағы барлау жұмыстарының көлемі күрт өскендіктен, трест қызметкерлеріне демалыссыз, қауырт жұмыс жасауға тура келді.

Мен ол кезде «МНГР» тресінің құрамындағы Маңғыстау геологиялық мұнай іздестіру экспедициясында аға геолог болып қызмет атқаратынымын. Жанұямды Ераливке көшіру үшін көлік алуға АТК-ның бастығы Жәкеңе келдім. Ол кісімен алғашқы кездесіп, танысуым осылай басталды.

Жәкең АТК-ны бір жыл басқарғаннан кейін «МНГР» тресі басқарма бастығының орынбасары болып тағайындалды.

Кейін Жәкеңмен, оның отбасымен өте жақсы танысып, білісіп, ағайындай болып араласып кеттік.

Жәкеңнің білімі небәрі Гурьев (Атырау) қаласындағы ФЗО мектебін бітірген болса да, жұмысқа деген қарымы, ұйымдастырушылық қабілеті өте күшті еді. Өзі – Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер. Оның треске келгенге дейінгі еңбек жолдарына көз жүгіртер болсақ, 1931 жылы ФЗО-ны бітірген соң, Ембідегі мұнай кәсіпорындарында слесарь, механик, автокөлік цехының бастығы болып жұмыс жасаған екен.

Орталықтан жырақ орналасқан көптеген барлау аландарындағы әрқилы жұмыстарды тоқтатпай, жүргізу үшін дер кезінде транспортпен, керекті техникалық құрал-жабдықтармен, әртүрлі материалдармен қамтамасыз ету, оларды күнілгері жоспарлап, дайындау – ауызбен айтуға ғана жеңіл шаруа. Бұл материалдар шалғайдағы бұрғылау аландары түгілі, кейде орталықтағы базада да болмай, үнемі тапшы болып, жетіспей жататын. Осы жұмыстарды Жәкең ағамыз «МНГР» тресінде тапжылмастан 25 жылдан астам уақыт бойы басқарма бастығының орынбасары болып отырып, зейнеткерлікке шыққанша ойдағыдай атқарды. Ұжымда өзімен бірге жұмыс жасаған қызметкерлер арасында сыйлы болды.

Жәкеңнің балалары көз алдымызда өсіп, ержетті. Қызы Бағдат орта мектепті бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы медициналық институтта оқып, оны ойдағыдай аяқтағаннан кейін мамандығы бойынша жұмыс жасады. Үлкен баласы Мақсұт Қазақ политехникалық институтын бітіріп, Маңғыстауда инженер мұ-

найшы болып қызмет атқарды. Кенже баласы Мәлік 1976 жылы Ақтаудағы орта мектепті бітірген кезде Жәкең маған:

– Әділ, менің Мәлігім биыл мектепті бітіріп жатыр. Оның қандай мамандық алғаны дұрыс? – деп сұрады.

Мен:

– Жәке, өзіңізге белгілі ғой, Маңғыстауда кен орындары ашылып, кең көлемде мұнай өндіріліп жатыр. Меніңше, геолог мамандығын алғаны дұрыс болар. Өзі қандай мамандықты қалайды? – деп сұрадым.

– Онда сенің айтқаның дұрыс шығар. Өзің сияқты геолог болсын, – деп, Мәскеу қаласындағы И.М.Губкин атындағы мұнай институтына оқуға жіберді. Мәлік институтты ойдағыдай бітіріп, Маңғыстауда мамандығы бойынша жауапты жұмыстар жасады. Қазір ол «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорында бір департаментті басқарады.

Жәкеңнің кіші қызы Света да жоғары оқу орнын бітірді, медицина қызметкері болып жұмыс жасайды.

Жәкең – артына осындай өрелі ұрпақ, өнегелі із қалдырған абыройлы азамат.

Кезінде атағы аңызға айналып, даңқы жер жарған «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің айта қаларлықтай жетістіктерге жетіп, Маңғыстаудың мол мұнайын ашып, игеруіне Жәкеңнің де қосқан үлесі айрықша зор деп санаймын.

## КІСІЛІК ПЕН КІШІЛІКТІҢ ҮЛГІСІНДЕЙ ЕДІ

**Табын ОРЖАНОВ,**  
*ардагер мұнайшы.*

Мен 1947 жылы Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы институтқа оқуға түстім. Содан 1952 жылы Әбу Атшыбаев, Нариман Айтжанов, Халел Өзбекқалиев, Хамит Ғабдуллин, Қобылан Даярдиев, Нұрбек Шаманов, Қамысбай Мырзағалиев, Сәлімжан Асылханов

бар – барлығы тоғыз жігіт болып оқу бітірдік. Алғашқы еңбек жолымды Қаратон мұнай кәсіпшілігінде оператор болып бастадым. Сосын бұрғылау шебері, учаске бастығының орынбасары, техникалық бөлімнің бастығы болдым. Одан кейін Байшонаста, 1958 жылдан бастап «Доссор» ұлғайтылған мұнай кәсіпшілігінде бас инженер болып істедім. 1962 жылы «Ембімұнай» бірлестігі мен «Совнархоз»-дың ұсынысымен өзімнің еңбек жолымды бастаған «Қаратон» мұнай кәсіпшілігі басқармасына бас инженер болып бардым.

Сол қарсаңда «Маңғышлақмұнай» бірлестігі құрылды. «Осылай да-осылай, Маңғыстауда жаңадан кен көзі ашылып жатыр, барасыңдар ма?» дегенде, ол кезде жаспыз ғой, бірден: «Барамыз», – деп, келісімімізді беріп, салып ұрып жеттік. 1964 жылдың аяғында, 25 желтоқсанда «Қазақстанмұнайбірлестігі» бастығының орынбасары Өтеп Балғымбаев бастаған мұнайшылар легімен Адайбай Раев, Темірхан Сарбөпин үшеуміз Маңғыстауға келдік. Мен техникалық бөлімнің бастығы – бас механик болып келдім. Ол күнде қазіргі Ақтаудың 2-шағын ауданында 3-4 үй ғана бар. Қалған жердің бәрі – бос жатқан дала. Қала құрылысы жаңадан басталып жатыр. Мен осында келген бойда, 1965 жылы ауырып қалдым. 10 ай емделіп, 230 укол алдым...

Маңғыстауда 3-4 жыл еңбек еткеннен кейін, 1969 жылы Сафи Өтебаев маған:

– «Ембімұнай» бірлестігіне бас инженер болып бар, – деді.

Оның алдында да мен Қаратонда бас инженер болып жасағаным бар, өзімнің үйренген ортам, үйренген Ембім. Сол кезде Қаратон Қазақстан мұнайының 65 пайызын өндіретін. Бүкіл Қазақстан бойынша тәулігіне өндірілетін мұнай көлемі 4000 тонна болса, соның 2300 тоннасын күніне Қаратон береді. Қаратон жоспарды орындамаса, Қазақстан орындамайды. Оның шығынының орнын ешбір мұнай кеніші жаба алмайды. Мұнда екі жылдай жасағаннан кейін, еткен еңбегім еленіп, басшылардың көзіне түскен шығар, «Маңғышлақмұнай» бірлестігіне бас инженер етіп қайтадан шақырды. Осы жолы мен Маңғыстауға біржола келдім.



Мен өзім Жәкеңмен көп жұмыстас болған жоқпын. Біздер бірлестікте жасадық. Міндетіміз – май табу, олар – барлаушы, бұрғылаушылар. Жәкеңнің Доссорда бір қарындасы болды. Мамандығы оқытушы болуы керек. Жақсы азаматша еді. Кейін Алматы жаққа тұрмысқа шығып кетті. Сол кісінің фамилиялас екенін ғана білетінмін. Ал Жәкеңнің өзін ол кезде көп біліңкіремейтінмін.

Жәкеңмен жеке танысуым Маңғыстауға алғаш келген 1965 жылдан басталды. Мұнда келгесін, Х.Өзбекқалиевпен бірге жұмыстас болдық. Сол арқылы Жәкеңмен таныстым. Х.Өзбекқалиевпен қатар жүрген жолдас жігіт ретінде, онымен араласқанда Жәкеңмен де жақын танысып, Халелдің үйінде бірге қонақта болып, сөйтіп, бірте-бірте жиі араласа бастадық.

Ал ең бір етене жақын араласуыма мына оқиға себеп болды. Қазақ политехникалық институтының деканы Нығмет Тұяқбаев дейтін жақсы жолдас жігітіміз бар еді. Менің үлкен балам соның қарамағында оқыған. Сол жігіт «Теңізге түсемін, қыдырамын» деп, отбасымен бірге осында келді. Әуелі екі күндей біздікінде болды. Сосын:

– Мына жердің суы салқын екен, – деп, Ақтаудың тұсындағы теңіз суына түсе алмады.

– Ералының суы жылы көрінеді ғой. Сонда барайық, – деді.

Құрметті қонақты күтіп, қалайда бабын табуымыз керек қой. Жалма-жан Халелге соғып едім, ол:

– Жақсы. Жәкеңе айтам, – деді.

Сосын Жәкеңе хабарласып едім, ол сөзге келген жоқ.

– Ал жүр, кеттік, – деді.

Нығметтің қасында әйелі, бір ұлы мен қызы бар еді. Бәрін машинамен алып бардым. Ералының бергі жағында, 20 шақты шақырым жерде пионер лагері бар екен. (Қазір сол жерге кеме жөндейтін зауыт салып жатыр). Лагерь өте жақсы, демалуға жайлы екен. Тамағы, бәрі бар. Қонақтарым 12 күндей сонда жатып, жақсылап демалып, Алматыға риза болып аттанып кетті. Сонда Жәкең үлкен басымен жас балаша бізбен бірге жүріп, қонақтарымды

алып барып, күтісіп, атқарысып жіберді. Ол кісінің азаматтығын алғаш рет сонда көргенмін.

Мұнайшы болғасын, арасында жазғы еңбек демалысы кезінде санаторийлерге демалуға барамыз ғой. Бірде Кавказдағы Железноводскідегі барлаушылар санаториіне барғанымызда, алдымыздан Жәкең шыға келді. Бірнеше күн бірге болып, демалып жаттық. Сонда жасы үлкен кісі болса да, біздің асты-үстімізге түсіп, жанашырлығын білдіріп, қамқорлап жүретін. Сондай кішіпейіл, жақсы адам еді. Ағиба апайдың өзі де сондай адам ғой.

Жәкең күнделікті өмірде сондай мінезі жұмсақ, жәй адам болғанмен, жұмысқа дегенде жанын салатын, еңбекқор жан еді. Мен ол кісіні осындай қырынан білемін. Әйтпесе, онымен бірге жұмыстас болып, қызмет бабында айқайласқан да, керіскен де жоқпын. Халел де қанша жыл тікелей бастығы болса да, оған дауыс көтермейтін.

– Жәкеңе ешуақытта айқайлаған емеспін. Ол кісі ондайға жеткізбейтін еді ғой, – деп айтатын артынан.

Өйткені, Жәкең жұмысты жанын салып жасайды. Егер бір нәрсенің қиюы келмей, сәті түспей жатса, «Осындай жағдаймен кешігіп, болмай жатыр» деп, себебін түсіндіріп айтады.

Мен Жәкеңнің балаларынан Мақсұттан гөрі Мәлікті жақсы білемін. Өйткені, ол менің балам Сабыржанмен бірге оқыды. Сонда Жәкең менің баламды өзінің баласындай көріп, жанына жақын тартып сөйлесетін.

– Мәлік Мәскеуге оқуға барады екен. Қой, онда мен де барамын, – деді. Сөйтіп, менің балам Сабыржан Жәкеңнің ұлы Мәлікпен бірге Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы институтта оқыды. Сол балалардың арқасында да біз бір-біріміздің отбасымызбен жақсы араластық. Талай рет балаларымызға Мәскеуге бірге барып тұрдық.

Жәкеңнің өзі – былайша өмірде салмақты, сабырлы болғанымен, кейде қаңғалақтаған қызық адам. Аздап аңғалдығы да бар.

Бірде «Ертең министр Шақабаев келеді» деген күні осындағы

кеңсесінде – Ақтаудағы жұмыс орнында токтың қысқа тұйықталуы («короткое замыкание») салдарынан кішкентай өрт болады. Соның алдында ғана тазалап, дайындап қойған үйдің сым желілері жанып кетеді. Сонда әуелгіде сасып қалған Жәкең:

– Әй, ана «пожарныйға» қалай соғатын еді? – деп, Қаламқасқа телефон соғатын көрінеді.

– Ойбай, 01-ге соғасыз ғой, – дейді андағылар.

Сонысына кейін бәріміз күлгенбіз. Содан апыл-ғұпыл өртті сөндіріп, жалма-жан кісі шақыртып, кеңсені қайтадан жудыртып, әлекке қалғаны бар. Енді ол жолы пәлендей өртенген ештеңе жоқ. Тек қабырғалары қара күйе болып қалған. Соның бәрін әктетіп, бастықтар келгенше бір күннің ішінде қара түтін болып кеткен ішін тазалатып үлгереді...

Жәкеңнің жұмысы өте қиын еді. Ол атқарған қызметтің жауапкершілігі де мол болатын. Оған шамалы адам шыдамайтын. Кең Маңғыстаудың ана шетінде – бір бұрғылау алаңы, мына шетінде – бір бұрғылау алаңы. Екі бұрғылау алаңының ара қашықтығы – 500-600 шақырым. Ең аз дегенде 250 шақырымнан жақыны жоқ. Соның бәріне де уақытылы машина керек, құбырлар жеткізілуі керек, ағаш керек, тас керек, тағы сол сияқты қажеттіліктері тауыстырмайды. Жәкең соның бәріне уақыт тауып, керекті нәрсенің бәрін дер мезгілінде үлгеріп жеткізіп, шаруаның бәрін үйлестіретін. Сондай ауыр да жауапты жұмыстар жасады.

Халел Өзбекқалиевтің өзі – жұмысқа қатал, талап қойғыш жігіт. Жәкең сол Халелдің сенімінен шығып, тапсырмасының бәрін орындап жүретін. Ол күндері демалыс деген жоқ. Жауапты адамдар сенбі, жексенбі күндері де тынымсыз жұмыс жасайды...

Жәкеңнің Мақсұт деген баласын Ералыдағы жұмысқа апаратын автобусқа мінейін деп бара жатқанда көршісі машинамен қағып кетіп, қайтыс болды. Сол қасірет Жәкеңнің жанына қатты батып кетті-ау деймін.

Оның алдында да Мақсұт бір ажалдан аман қалған еді. Бұл оқиға 1981-1982 жылдары болды. Бір күні Қаламқастан жұмысшыларды алып келе жатқан вертолет апатқа ұшырайды. Ол кезде

Жәкең «МНГР»-де жұмыста. Кен орнына мезгіл-мезгіл телефон соғып, жұмысшылардың хабарын біліп отырады.

– Вертолет авария болды, – дегенде, жүрегі тас төбесіне шығып, шошып кетеді. Сөйтсе, бұл – баласы Мақсұттың да кері қайтатын вахтасы көрінеді. Дереу қайта телефон соғады. Жоқ, баласы аман екен. Мақсұт ол кезде Қаламқаста жұмыс жасайтын. Сол күні вахтасы бітіп, вертолетпен қайтуы керек болатын. Құдай сақтап, дәл вертолетке мінейін деп жатқанда, бір нәрсесін ұмытып кетіп:

– Кейін машинамен барармын, – деп қалып қояды.

Ал адамдар мінген вертолет Қаламқастан Қаражанбасқа қарай ұшқан уақытта апатқа ұшырайды. Ол кезде «Ауа райынан немесе техникалық ақаудан шығар» деп ойладық қой. Кейін білгеніміз – Долгий деген жердегі сынақ алаңында әскерилер сынақ жасаған екен. Сынақ кезінде ұшырылған ракетаны атқан оғы біздің вертолетке тиіп, қаншама адамды мерт қылыпты. Қазір анық есімде жоқ, 8 бе, 12 ме, кісі опат болды. Сынақ жасайтын арнайы алаң да сол жерге жақын болатын. Бірақ ол кез – Кеңестер Одағының уақыты. Кез келген әскери құпияны ашып айта бермейді. Әйтеуір арнайы құрылған комиссия «Тұман болды. Соның салдарынан вертолет апатқа ұшырады» деген қорытынды шығарады. Ал шын мәнінде ол вертолеттегі адамдар әскерилер сынағының құрбандығына айналып кеткен болатын. Оның алдында да – 1965-1966 жылдары дәл осындай жағдай Атырауда болған еді. Онда ұшырылған ракетаны көздеп атқан снаряд бір үйдің үстіне құлап, шаңырағын ортасына түсірген болатын. Бүкіл бір үйлі жан опат болды. Тек сол үйдің бір кішкентай баласы дәл сол мезетте нан алуға дүкенге шығып кеткен екен. Сол ғана аман қалады.

Міне, біз өмір сүрген кеңестік кезеңде озбыр империяның осындай жазықсыз адамдарды қырып тастап, артынан дәретін көмген мысыққа ұқсап, ол қылмысын жауып-жасырмалайтын жымысқы әрекеттері де болып тұратын.

Құдай сақтап, сол жолы Жәкеңнің ұлы Мақсұт аман қалды. Бірақ артынан көп ұзамай кенеттен жол апатынан көз жұмды. Осы

қаза Сәлімгереевтер отбасын ойсыратып, оқсатып кетті. Жәкең бірақ нарға лайық шыдамдылық, төзімділік танытты.

Жәкеңнің зейнеткерлікке шыққаннан кейін тұрған Ақтау қаласының 14-шағын ауданындағы үйіне жақын жерде менің күйеу балам да тұратын еді. Тарас Қасымовтың үйі де жақын болатын. Күйеу баламның үйіне барған кезде көретінмін: Жәкеңмен бір корпуста тұратын бір математик жігіттің бұрғылаушы болып жұмыс істеген атасы – бәрі далада әңгімелесіп отыратын. Сонда амандасқанымда, Жәкең:

– Халың қалай? – деп, үй ішімнің амандығын, басқа жақын-жуықтарымды да сұрап, асты-үстіме түсіп жататын. Басқа шалдар болса, кейде таныса да, танымағансып, көзін сығырайтып қарап: «Әй, мынау қай бала?» деп шалқаяды ғой. Ал ол кісі іші-бауырына кіріп, «Ана бала қалай, мына бала қалай?» деп, ешқайсысын ұмытпай, бәрін сұрап жататын. Сондай кішіпейіл, есте сақтау қабілеті мықты жан еді...

Жәкеңнің жолдасы Ағиба апа да – тамаша кісі. Аққұбаша келген, жақсы киініп жүретін, кезінде әдемі болған адам. Менің мамаларыммен бірге болып, араласып-құраласып тұрды. Менің анамның өзі – Кеңес үкіметі құрылған жылдары уездік атқару комитетінің жауапты хатшысы, Гурьев қалалық милиция бөлімінің бастығы, кейін Балық өнеркәсібі техникумында оқу ісінің меңгерушісі болған, нәубет жылдарында «Халық жауы» деп нақақтан жала жабылып, атақты 58-баппен ұсталып кеткен Қазмұқаш Ыбырашевтің туған қарындасы. Ыбыраштан – Қазмұқаш, Нұрнияз, менің анам Зияда, Іскендір, сосын Сәлима туады.

Жәкеңнің өзі де, Ағиба апай да – өте жақсы адамдар. Олар жан біткеннің бәрімен жарқылдап амандасып, адамдардың барлығымен тіл табысып жүретін. Тіпті үлкендермен де тең дәрежеде сөйлесіп, кішілердің өзін баласынбай, бауырына тартып, өзінің қатарындай, теңіндей көріп сөйлесетін.

Жәкең менің жадымда сол кісіге ілтипатты да кішіпейіл қалпында сақталып қалды...

## МАҢҒЫСТАУ БАРЛАУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАМҚОР АҒАСЫ

**Тергеу АЙДАРХАНОВ,**

*Қазақстанның құрметті геологы.*

Міне, жылжып аққан жылдардың жетегімен Маңғыстау мұнайына 50 жыл толды. Сол мұнайды Маңғыстау тереңінен іздеген, тапқан, барша халыққа сүйінші фонтанын аттырған – «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі болатын. Осы бір өлке үшін қадірлі де қасиетті ұжымды еске алғанда, әрине, оның басында болған азамат аға ұрпақ өкілдері білетіндер үшін бірінші кезекте тұрады. Игілікті барлау істерінің әр саласын абыроймен басқарған Халел Өзбекқалиев, Салтанат Балғымбаев, Валентин Токарев, Виктор Нечаев, Жаңабай Сәлімгереев, Асабай Хисметов, Тұрсынғали Көшенов, т.б. аттары алтын әріппен жазуға тұрарлық. Олар бұл күнде ел жадында ұмытылмасқа жатталған азамат тұлғалар еді.

Олардың сан жылдарын сарп еткен еңбектері жемісті болды. Маңғыстау Одақ көлемінде ірі мұнайлы өлке болып танылып, жоғарыда аты аталған азамат ағалар басқарған ұжым «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған болатын. Әрине, осы мемлекеттік марапат бізге сол азаматтардың әрқайсысының кеудесінде жарқырап тұрғандай сезілетін.

Тау-кен инженер-геологы мамандығын алып, бірінші мұнай фонтанынан бастап, барлау жүйесінің бірнеше бөлімдерінде аға геолог, бас геолог қызметтерін осы ағалармен бірге жүріп атқарғанымды бүгінде үлкен қуаныш сезімімен еске аламын.

Сол уақыттарда табиғаты қатал Маңғыстау даласында үш мың жарымға жуық барлаушылардың басын қосып, әр жерлерде орталықтарын тұрғызып, тұрмыстық жағдайға лайық қажеттерімен дер кезінде қамтамасыз етіп отыру оп-оңай іс емес еді.

Міне, осы істердің басында Жаңабай Сәлімгереев аға болды.

Жаңа аландарға шығу, терең бұрғылау істерінің тоқтаусыз орындалуы керекті құрал-саймандардың, техника май-суының, адамға қажетті тағамдар мен тұрмыс бұйымдарының, дәрі-дәрмектердің уақытымен келтіріліп тұруына тығыз байланысты.

Терең бұрғылау орталықтарында рация байланыс тетіктері болатын. Сонау Оңтүстік, Солтүстік Үстірттерде, Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас кен орындарын былай қойғанда, Ақсу-Кендірлі, Қауынды-Қорғанбай, Толқын-Қарақұдық, Доңға-Еспелісай, т.б. аландардың рация тетіктерінде күн демей, түн демей: «УНХ», «УНХ», мен – Сәлімгереевпін. Қалай естіп отырсыңдар? Жауап беріңдер! Кешегі жіберген бұйымдар барды ма? Қандай қажеттіліктерің бар?» деген Жаңабай ағаның қамқор қоныр даусын күнбе-күн еститінбіз. Тиянақты жауабын алмай, ол кісі еш тынышталмайтын.

Сұрақ-жауап қорытындысы бойынша Ж.Сәлімгереев қажетті шарасын алатын. Нәтижесі – барлау істері еш тоқтаусыз жалғасын тауып жататын...

Жаңабай ағамен, отбасымен жанұялық дос болдық. Өзбек, Тергеу, Жаңабай – бәріміз қарсы құдалар болып жиі кездесетінбіз, бірге қуанатынбыз. Рүстемабад Айдарханов атты баламның жолдасы Меруерт келінім – Жаңабай ағаның қолынан жетектеп мектепке апарған немересі. «Орнында бар – оңалады» деген осы ғой. Әрі құда, әрі аға Жаңабайдың ұлы, қазіргі құдам Мәлік Сәлімгереев – ата жолын қуған, республикадағы мұнай саласының белгілі басшыларының бірі. Оған «Сәлімгереев Жаңабай әулетінің азаматтық тұлғасын жалғастыра бер, абыройың арта берсін, құдаінім Мәлік!» дейміз.

Бұл естелікті кейінгі ұрпақ – Альмира, Жан бастаған немерелерім нағашы аталары Жаңабай Сәлімгереев қандай тұлғалы азамат болғанын оқып-білуге қажет деген ниетпен жазып отырмын...

## МАҚТАН ТҰТАР МАЙТАЛМАН АҒА

**Киікбай РЗАХАНОВ,**  
*«Мұнайшы» қозғамдық қоры Маңғыстау  
аймақтық филиалының үйлестірушісі,  
ардагер құрылысшы.*

Өнегелі өмірі кейінгі ұрпақтарға үлгі, тіршілікте тындырған ісі ел игілігіне арналған, өзі бұл өмірден кетсе де, өмірге көзқарасы, істеген ісі, азаматтық тұлғасы өскен ортасында ықыласпен айтылып, есімі үнемі халық аузында жүретін ағаларымыздың бірі – Жаңабай Сәлімгереев деп есептеймін. Және бұл сезімім Жәкенді көрген, Жәкенмен жұмыстас болған барлық жерлестеріміздің көңілінен шығатыны анық.

1961 жылы шілдеде Жетібайда, қаңтарда Өзенде атылған мұнай бұрқақтарының даңқы тек Маңғыстау өлкесі ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағы еліне тарады. Ол ауылдан өндіріске талпынған жастарды теңіздегі жарқыраған маяк сияқты қол бұлғап, өзіне шақырып тұрды.

Мен ол кезде Гурьев облысының Маңғыстау ауданында ауыл құрылысын салатын құрылыс бірлестігінде бас инженер болып қызмет жасап жүр едім. Қара жердің қабат-қабат қойнауын бұрғылап, қара алтын өндіріп жатқан мұнайшыларға қызығып, ол кезде «құпия» саналатын Ақтауда басталып жатқан қала құрылысына кеткім келіп, қанша сұрансам да, жергілікті басшылар «Маман жоқ» деген сылтаумен менің өндіріске жұмысқа ауысуыма рұқсат бермеді. Ал Маңғыстаудың оңтүстігіндегі Илан түбегінде жүріп жатқан Ақтаудағы, Ералыдағы, Жетібайдағы, Өзендегі құрылыстарды көрген сайын менің оған деген ынтызарлығым арта түсті. Ақыры «Менің құрылысшы ретінде болашақ тағдырым – өндірістік құрылыста» деген шешімге келдім.

Сөйтіп, 1963 жылы күзде Жәкеңе бардым. Жәкең бірден жылы қабылдады.

– Сен сияқты жас жігіттер, құрылысшы мамандар бізге өте қажет. Басқа еш жаққа көңіл бөлме. Істеп жүрген жұмысыңды



бастықтарыңды ренжітпей тапсырып, бізге жұмысқа кел, – деді.

Сонымен 1963 жылдың қараша айында мен «Маңғыстау-мұнайгазбарлау» («МНГР») тресінің құрылыс бөлімшесіне қатардағы инженер маман болып жұмысқа кірістім.

Сол кезде «МНГР» тресі болашақта ірі елді мекенге айналуға тиісті Каспий теңізі жағасындағы Ералы (қазіргі Құрық) поселкесіне жаңадан қоныстанып, тұрғын үйлер, мектеп, балабақша, сауда орындары сияқты көптеген құрылыстар жаңадан басталып, жұмыстың қызу жүріп жатқан мезгілі екен. Құрылыс басшылары түгелдей орыстар және отбасылары көшіп келмеген, салт басты, жеке қара басы жүрген адамдар болғандықтан, құрылыс бөлімшесінің бастығынан бастап ұжымда тәртіптің жоқтығы бірден белгілі болды. Бұл жағдайды Жәкең бірінші кездескенде-ақ айтып:

– Киікбай, басшыларыңның, жұмысшылар коллективінің тәртіптері нашар. Сен де соларға еріп, қосылып кетіп жүрме. Оларға жергілікті жігіттердің күш-жігерін, іскерлігін, мәдениетін көрсеткейсің, – деп тапсырған болатын.

Жәкеңнің сол айтқаны рас болып шықты. Ұжымдағы еңбек тәртібі өте нашар еді. Тіпті көпшілігі кейде ішімдік ішіп алып, бірнеше күндеп жұмысқа шықпай қалады екен. Мен бірден ондайлардан бойымды аулақ салдым.

Арада екі айдай уақыт өткен соң, 1964 жылдың 5 қаңтары күні Жәкең мені шақырып алып:

– Міне, Жаңа жылдан бері бір жұма болды. Ана бастықтарың жұмыста жоқ, әлі тойлап жатыр. Мына бұйрық бойынша ертеңнен бастап трестің барлық құрылысын сен басқарасың, – деп, трест басшысы қол қойған бұйрықты қолыма ұстатты.

Сол күннен бастап мен тікелей Жәкеңнің қарауында 6 жыл бойы трестің құрылысын басқарып, ол кісімен қоян-қолтық араласып, жұмыс жасадым.

Жәкең ол кезде «МНГР» тресі басқарма бастығының орынбасары ретінде құрылыстың, транспорттың, жабдықтау мекемелерінің жұмысын қадағалайтын. Бір сөзбен айтқанда, трестің барлық жұмысын жүргізетін.

Жәкеңнің өндірістегі барлық жағдайды бүге-шігесіне дейін то-

лық біліп отыратындығы және барлық істелетін жұмысты уақытында алдын-ала жоспарлап, мекеме басшыларына тапсырма беріп, берген тапсырмасының уақытында орындалуын талап ете білуі, өзінің берген уәдесін мезгілінде орындауы біздерге үлкен сабақ болды. Мен Жәкеннің осы басшылық, ұйымдастырушылық қасиеттері өзімнің алдағы өміріме, басшы ретінде қалыптасуыма үлкен үлгі болды деп есептеймін.

1960 жылдан басталатын 10 жыл Маңғыстау өңіріне адам айтса сенбейтін ірі тарихи өзгерістер әкелсе, сол өзгерістерді жасаған – геолог-бұрғышылар еді. Бұған дейін бұрын тұрақты қоныстанушы ел болмаған ең даладан Өзен, Жетібай, Ералы, Ақсу сияқты елді мекендер салып, ол поселкелерге 70-80 шақырым жерден су тасып, электр жүйелерін тартып, бұрғышы геологтардан бұрын Қорғанбай, Көкімбай, Ақсексеуіл, Қансу разведкаларының тұрғын жайларын салған құрылысшыларға, әрқайсысы 300-400 шақырым жердегі осы бұрғылау разведкаларына бұрғышыларға керекті барлық заттарын тасыған жүк тасушы мекемелерге тікелей басшылық еткен Жәкен – Маңғыстау бұрғышы-геологтарының ішінде есімі ілтипатпен аталатын бірегей тұлға.

Оның жарқын бейнесі мен жақсы аты жерлестерінің есінде мәңгілік сақталады.

## ҚАРАПАЙЫМ ДА ҚАЖЫРЛЫ АЗАМАТ

**Күріш ТАСБОЛАТОВ,**

*Қазақстан Республикасына  
еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, әнші.*

Мен Жәкенді 1963 жылдың желтоқсан айынан бастап біледі екенмін.

Бұл кісіге кез-келген адам іш тартып, барлық ойында бар сұрақтарға жауап іздеп баратын еді. Алдағы жұмыс жоспары, өткен жолы істелген істің біту реттері, жіберген кемшіліктерімізді ақылдасуға жұмыс кабинетіне кіріп, көңіліміздегі барлық сұрақтары-

мызға жауап алып шығатынбыз. Жәкең адамды қабылдағанда алдымен асықпай мұқият тыңдап алып, содан кейін барып жан-жақты жауабын беретін. Барлық шаруаны да асқан қарапайымдылықпен, байсалдылықпен асықпай шешетін еді.

«Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресі – кейін экспедиция болып құрылған, көп адамнан, көп ұлт өкілдерінен тұратын үлкен мекеме болатын. Трест болып тұрған кезінде бұл мекеме Жетібай кентінде орналасқан Жетібай мұнай-газ барлау экспедициясы, сол кездегі Ералиев, қазіргі Құрық кентіндегі Қарақия мұнай бұрғылау экспедициясы, орталығы алдымен Тенге кентінде, кейін Ақсу жерінде орналасқан Оңтүстік Маңғыстау мұнай-газ барлау экспедициясы, Қызылсай жеріндегі Өзен мұнай-газ барлау экспедициясы, тағы да басқа бөлімшелері бар ірі ұжым болды.

Мен 1964-1967 жылдары осы ұжымның жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде жұмыс жасадым. 1967 жылы Жетібай мұнай-газ өндіру басқармасы құрылып, сонда басшылық қызметке кеттім. Ол мекемеде 1967-1974 жылдар аралығында жеті жылдай жұмыс істедім.

1973 жылы Маңғыстау облысы құрылды. 1974 жылы наурыз айының аяғында, сәуір айының басында аудан орталығында орналасқан Қарақия жұмысшыларды жабдықтау бөліміне ауыстырып жіберіп, қайтадан барлаушылар ұжымында жұмыс жасауыма тура келді.

Алдымен Халекеңнің (Халел Өзбекқалиевтің), сосын Жәкеңнің қабылдауында болып, менің бұл жұмысқа ауысыма осы кісілердің ықпалы болғанын түсіндім.

Халекеңнің де, Жәкеңнің де қойған сұрақтары, айтқан әңгімелері келісіп қойғандай бір жерден шықты. Ол мынадай мәселе еді:

Осы уақытқа дейін әрбір бұрғылау алаңында орналасқан асханаларды жұмысшыларды жабдықтау бөліміне тапсыру керек. Себебі, мұнайшылар бұл саланың мамандары емес. Аспаздар бұйрық бойынша слесарь, механик, моторист маман ретінде қабылданады, мезгілінде медициналық тексерістен өтпейді. Соның салдарынан жиі-жиі тамақтан улану болып тұрады. Тамақ

пісіргенде сапасын қадағалап отыратын ұдайы бақылау жоқ. Бұған қоса тағы да басқа себептерден мұнайшыларды тамақтандыру саласы сапасыз болғандықтан, жұмыста қиыншылықтар көп болып, басты қатырып тұрғанын айта келіп, Халекен де, Жәкең де бұл проблеманы менің алдыма тез арада шешуге тиісті мәселе қылып қойды.

Комиссия кұрып, бір айдың ішінде осы мәселелерді тездетіп шешуге тура келді. Бір жақсысы, бұл проблема өзім бұрынғы қызмет жасаған мекемеде де кездесіп, оңынан шешілген болатын. Бұған дейін әртүрлі мұнай өндіру және бұрғылау мекемелерінде жұмыс жасап, сауда мекемесінің асханаларына ауысып үлгерген, бірнеше жылдардан бері үйренісіп қалған, іс тәжірибеміз де жеткілікті еді.

Аз уақыттың ішінде Қаражанбаста нан пісіретін орын (хлебопекарная) тұрғыздық. Сөйтіп, нанды Ералыдан Қаражанбасқа тасуды қойдық. Өзбекстан мен Түрікменстан шекарасындағы барлау алаңдарында жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің асханалары ашылып, бұрғылау шеберлері мен учаске бастықтары тамақ тасу, оны дайындап, пісіру сияқты жұмыстарға бастары ауырмай, әркім өз мамандығы бойынша қызмет жасап кетті.

Бұл тындырған ісімізге Халекен де, Жәкең де рахметтерін айтып, иықтарынан бір ауыр жүк түскендей, «уһ» деп бір дем алғандай болды...

Жәкеңнің қарапайымдылығы адамды таң қалдырғандай болатын. Үлкен ұжым болған соң, әрбір адамның басына ауыртпалық түспей немесе қуанышты мереке, тойлар болмай тұрмайды. Сондай сәттерде Жәкең «Мен – бастықпын» деп шіреніп қалмай, өзі бас болып, жігіттерді жинап, ұйымдастырып, әрдайым кімге болса да, ұжымның әрбір мүшесіне де көмектесуге дайын тұратын еді. Оның жұмысқа деген ынта-жігері мен өте берілгендігі, шаршамай, талмай, қашанда «жұмыс, жұмыс» деп шапқылап жүретін қажыр-қайраты баршаны да таң қалдыратын.

Мұндай арда азаматтар адам өмірінде өте сирек кездеседі.

Жәкең де сондай жүз жылда бір туатын сирек тұлғалардың қатарынан болатын.

## ЕКІ СӨЙЛЕМЕУ – ЕРГЕ ТӘН

**Саламат ХАЙДАРОВ,**  
*Қазақстан Журналистер Одағының  
құрметті журналисі, жазушы.*

Бұл 1976 жылы болатын. Мен ол уақытта қазіргі «Егемен Қазақстан», сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінің Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі болып жұмыс істеймін. Редакцияға түскен бір материал бойынша, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») кешенді экспедициясына бардым. Оның бастығы – Халел Өзбекқалиев болатын. Сол кісіге материалды апарып, көрсеттім. Екеуіміз біраз әңгімелестік. Арызда айтылған мәселелер көбінесе көлікке қатысты екен. Х.Өзбекқалиев бір мезгілде кабинетіне бір кісіні шақырды. Жаңағы адам келіп, отырғасын, Халел:

– Бұл кісі – менің транспорт жөніндегі орынбасарым. Жаңабай Сәлімгереев деген ағамыз осы. Көп мәселелерді осы кісімен шешуге болады, – деп, Жәкеңді менімен таныстырды. Жәкеңнің менен бір-екі жас үлкендігі бар екен.

Қоштасарда Халел редакцияға келіп түскен хат туралы тағы да:

– Бұл материал – шынында да, жалған материал. Ол ешқандай шынайы жазылмаған, ішінде шындық жоқ. Тек бір нәрсені сипай салды жазылған сияқты, – деді.

Материалда «МНГР» мекемесіндегі әлдебір «Жигули» жеңіл машинасы туралы айтылады. Жалпы мазмұнын айтар болсам, онда «Мен бұл машинаны пайдаланып едім. Ол жөнсіз сатылып кетті. Ол машинаны ана кісі тегін алды. Мен соған қарсымын. Сол машинаны кейін қайтарса, дұрыс болар еді» делінген.

Содан Жәкең екеуіміз отырып, мен ол кісіден: «Бұл қалай?» – деп, мәселенің мән-жайын сұрап, біраз әңгімелестік.

– Ол машина ешқандай да сатылған жоқ, гаражымызда әлі тұр. Сатамыз ба деген ойымыз болып еді. Бірақ артынан сатпайтын болдық. Қазір өзімізге де машина керек, – деді Жәкең.

Тексере келгенде, расында да, ол арыз негізсіз жазылған болып шықты.

Жәкеңмен алғаш рет осылай таныстым. Кейін бір-бірімізбен ұдайы байланыс жасап отырдық. Бірте-бірте аралас-құралас болып, тіпті әрі қарай дастархандас та болдық. Талай тойларда бірге отырдық. Біздің жақсылығымыз болса, ол келіп жүрді. Оның той-томалақтарына біздер барып жүрдік. Не керек, сөйтіп, жақынырақ араласа келгенде, ол жақсы адам болып шықты.

Жәкең адамгершілігі мол, парасатты, орнықты сөйлейтін, екі сөйлемейтін адам еді. Мен кейде:

– Бастығына тартқансың-ау өзің. (Бастығы – сірә, Халел ғой енді). Екі сөйлемейсің, бір айтасың. Соның ұнайды маған, – деп әзілдеп қоятын едім.

Сонда ол:

– Осындайды қайдан білесіңдер сендер осы? – деп, қарқылдап күлетін еді...

Жәкең – Ұлы Отан соғысына да қатысқан, талай ордендермен, медальдармен марапатталған кісі. Бейбіт күнгі еңбекке де белсене атсалысып, жақсы жұмыс істеген адамдардың бірі. Өзі еңбек жолын соғыс біткеннен кейін, слесарьлықтан бастапты. Токарь, механик, автокөлік кеңсесінің директоры болыпты. Міне, содан кейін біраз жылдар бойы «МНГР» кешенді экспедициясы сияқты үлкен кәсіпорын жетекшісінің орынбасары болып жұмыс істеді. Бір жерде мекеме бастығының орынбасары болып, әсіресе транспорттың айналасында жұмыс істеудің өзі қиын ғой. Бұл – бір айкай-ұйқайы, дау-дамайы көп қызмет. Оған кісі шыдай бермейді. Ауыса береді. Ондай жердегі басшыларды жоғарыдағылар да жиі ауыстыра береді. Жәкең ондай болған жоқ. Ол жұмысын жақсы білетін, орынды сөйлеп, дұрысын айтатын, екі сөйлемейтін адам болды. Біз әрқашан оның сонысына сүйсініп отыратынбыз.

Талай рет дастархандас болдық. Дастархан үстінде өзінің жайдары жақсы күлкісімен жайнап, күліп қойып айтатын әңгімелері ерекше болатын. Кейде маған сөз арасында:

– Әй, Сәке, осы заманның өзі қалай болып бара жатыр? – дейтін.

Мен:

– Заман өзінің ағысымен жүріп жатыр ғой, Жәке. Оны айтып неғыламыз? Заманды айтпай-ақ қояйық, – деймін.

Сонда ол:

– Әй, ол да дұрыс-ау! – деп қарқылдап күлетін...

Кейде біреулердің екіжүзділігін көрсем немесе сатқындықтарына куә бола қалсам, марқұм Жәкеңнің екі айтпайтыны, екі сөйлемейтіні есіме түседі. Екі сөйлемей – нағыз ердің еріне ғана тән мінез. Жәкеңдей адам, шынында да, сирек кездесетін дара тұлға сияқты болып көрінеді маған. Ол кісі туралы көп айтып неғыламыз? Жәкең – бүкіл түр-тұрпатымен, болмыс-бітімімен, заңғар тұлғасымен ерекшеленетін арда азамат еді ғой.

Зайыбы Ағиба екеуі бір-біріне сәйкес адамдар еді. Ағиба – дастарханы кең, ешқашан тарылып көрмеген, қолда барын ұқсата білетін адам. Жәкеңнің барлық балаларын тәрбиелеп, әрқайсысын шаңырақ көтертіп шығарған да – осы Ағиба апаларыңның күшқайраты. Ағибаның алысты жақын ететін, тіпті танымайтын адамды да таныстырып, бір-біріне бауырдай жақын қылатын өзінің бір жайсаң мінезі бар. Мен әрқашанда Ағибаны қадір тұтамын.

Бәріміз бірге дастархандас болдық, бір-біріміздің үйімізге барып жүрдік, талай той-думандарда бірге болдық. Міне, осының барлығы кейде ойға түскенде, мен «Екі жақсы қосылмас, қосылса да – бір болмас» дегендей, жалпы тіршілікте Жәкең сияқты жақсы адамға Ағибадай адамның тап келіп, екі жақсы адамның бір шаңырақ астында бірге ұзақ жылдар өмір сүруі – табиғатта өте сирек кездесетін құбылыс-ау» деп ойлаймын. Өйткені, олардың ізгілігінің, жақсылығының шынайы дәлелі – өздерінен өнген балаларының бәрі тәрбиелі, тәртіпті, зиялы болып өсті. Олардың алды үлкен қызметте. Мұның өзі көбінесе отбасындағы тәрбиеге байланысты. Әкесі мен анасының жақсы тәрбиесін көрген бала әрқашанда өзінің жоғары биігіне жететіні сөзсіз. Міне, сол биікке бүгінде Мәлік бауырымыз шығып отыр.

Біз Сәлімгереевтер отбасына «Шаңырақтарыңыз аласармасын, биіктей берсін!» дейміз.

## ТУМЫСЫ БӨЛЕК ТҰЛҒА

**Тұрсынғали КӨШЕНОВ,**  
*Қазақстанға еңбегі сіңген жер  
қойнауын барлаушы, Қарақия ауданының  
құрметті азаматы.*

Мен – Көшенұлы Тұрсынғали 1934 жылы Форт-Шевченко қаласында туылдым. 1954 жылы Форт-Шевченко қаласындағы Киров атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Әзірбайжан КСР-інің Баку қаласындағы Әзірбайжан өндірістік институтына түсіп, оны 1959 жылы бітіріп шықтым. Мамандығым – геолог барлаушы, бұрғышымын. 1960 жылдан бастап, осы жүйеде жұмыс жасадым. Бұрғышының көмекшісінен бастап, экспедициялардың бастығына дейін көтерілдім.

1957 жылы Маңғыстауда мұнай кендерін іздеу, табу үшін «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресі құрылғаны баршамызға белгілі. Трест әуелі Форт-Шевченкоға келіп, орналасты. Алдымен өзінің кеңселерін салды, сосын халыққа үйлер салып берді, жылу жүйелерін орнатып, жергілікті адамдарды жұмысқа алды. Сөйтіп, сол жердің халқының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын бір көтеріп тастады. «МНГР» мұнай көзін іздеп әуелі Қызанды, Түбіжікті қазды. Сосын трестің үлкен құрылымдары Жетібайға келетін болды.

Мен еңбек жолымды Атыраудағы Жанбай деген жерде бұрғышының көмекшісі болып бастадым. Артынан бұрғышы, бұрғылау шебері болдым. Бір жарым жылдан кейін Маңғыстауға ауыстым. Маңғыстауға жұмыс орнымнан арнайы жолдамамен келдім. Бұл 1960 жыл еді. Менің жаңа үйленген кезім болатын. Ол кезде Батыс Қазақстан геологиялық басқармасы тресінің бастығы Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиев еді. Сол кісіден «бұрғылау шебері» деген жолдама алдым.

– Бұрғылау шебері болып жасайтын болсаң, Қызанға немесе Түбіжікке барасың, – деді ол.



– Халеке, ол жаққа қазір бара алмаймын.

– Неге?

– Үйленгеніме 1-2 ай болып еді, – деп едім, ол кісі қарқылдап күлді.

– Онда Форттағы әуежайдың қасында Қоянқала дейтін жер бар. «Нұрқабай» шыңырауында бір скважина тұр. Соған бұрғылаушы болып, ең жоғарғы айлықпен барасың, – деді.

Сөйтіп, Қоянқалаға қатынап, жұмыс істеп жаттым. Сонда жүргенде Жаңабай Сәлімгереев ағамыздың ардың туын бәрінен де асқақ ұстайтын азаматтығы мен адамгершілігіне алғаш рет куә болдым.

Ол кез – Коммунистік партияның «түф» деген түкірігі жерге түспей, «ақ» дегені алғыс, «кара» дегені қарғыс болып, гүрілдеп тұрған уақыты. Қоянқаладан 10 шақты шақырым, Форт-Шевченкодан 25 шақырым жерде Форт-Шевченкодан «Тамшалыға» қарай жүргенде Жаңай атаның тұқымы Саназар дейтін әулие бар. Жаңай атаның ұрпақтары соның басына түнеухана салған екен. Біздің қазақ бір-бірін түрткілемей, қарап жүре ме, сол жөнінде арыз жазылып, жергілікті партия ұйымының бюросында қаралды. Қалалық кенестің төрағасы Жазмағанбет Қызылбаев дейтін адам еді. Сол кісіге тапсырма берілген болса керек, әулиенің басындағы әлгі қонақүйді «бұзу керек» деген шешім алынды. Ол кезде қажырлы техникасы бар жалғыз мекеме – осы трест. Аудандық партия комитеті трестің жігіттеріне жаңағы қонақүйді «бұзу керек» деп тапсырма береді. Партия айтты – бітті, орындау керек.

Ол уақытта трестің барлық транспортын Жәкең басқарады. Партияның бұйрығына қарсыласып, онымен келіспеуге тағы шама жоқ, бастығының тапсырмасын тағы орындау керек. Түнеухананы бұзайын десе, ата-бабаның әруағынан, әулиенің қасиетінен қорқады. Енді не істеу керек? Амал жоқ, Жәкең «Осы тапсырманы орында» деп АТК-дан бір бульдозер жібереді. Бірақ өзі ешкімге айтпай, бір қулыққа көшуге тура келеді. Сонда көпті көрген, ауылдық жерде өскен, мұсылманшылықтан, қазақылықтан, ата-

баба дәстүрінен – бәрінен хабары бар Жәкең бульдозерші жігітке:

– Сендер жолда кетіп бара жатып, әдейі бұзылып қалыңдар, – деп тапсырады.

Жоғарыдағылар:

– Әлгі түнеухананы не істеп жатырсыңдар? – десе:

– Көлікті жіберіп жатырмыз. Бульдозеріміз бара жатып, жолда бұзылып қалды, жөндетіп жатырмыз. Сосын қайтадан жібереміз, – деп қояды.

Бұл – неғылса да тығырыққа тірелген қиын жағдайдан «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай», аман шығудың амалы еді. Әйтпесе, ол уақыт – трестің жаңадан құрылып жатқан кезі. Бульдозерлердің, жалпы техникалардың бәрі жап-жаңа, бұзыла қоятындай емес еді.

Сонымен Жәкеңнің айтуы бойынша жігіттер бульдозерді қайта жөндейді, қайта жібереді. Әйтеуір жоғарыдағылар сұраған сайын «Бүйтіп жатырмыз, сүйтіп жатырмыз» деп, 5-6 ай бойы жүріп алады. Ақыры неғылса да, Жәкең ананы-мынаны айтып, қырық сылтау тауып, сол қонақүйді бұздырмай, аман-сау құтылып шықты.

Ол уақытта мен Жәкеңдермен бірге жүргенім, жұмыстас болғаным жоқ. Қарапайым бұрғылаушымын. Жұмысыма барып, қайтып келемін. Ел болғасын, қаңқу сөз жата ма, халықтың арасына «Сөйтейін деп жатыр екен, бүйтейін деп жатыр екен» деген алыпқашпа әңгіме тарайды ғой. Бізге Қоянқаланың үстімен жүретін адамдар көп келеді. Қой іздегендер, түйе жоғалтқандар жиі ат басын тірейді. Солардан:

– Саназар әулиенің қонақ үйін бұзды ма, бұзған жоқ па? – деп сұраймыз.

– Бұзылған жоқ, – дейді олар.

Қалай болғанда да, Жәкеңнің ондай қасиетсіз іске қолы бармады...

Мен Жәкеңді сол 1960 жылдардың басынан бастап танымын. «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі Фортта болғанда Жәкең АТК-ның бастығы екен. Соңынан басқарманың, экспедиция бастықта-

рының көлік, шаруашылық жүйесі бойынша орынбасары болып жұмыс жасады.

1960 жылы жазда мен «ЖНРЭ»-ға – Жетібай мұнай барлау экспедициясына аға инженер болып тағайындалып, жолдасыммен бірге Жетібайға көшіп келдім. Жерден қазылған үйде тұрдық.

Бірде қыстың көзі қырауда Жәкен екеуміз бастап 60 автокөлікпен жанар-жағармай, құбыр, цемент сияқты керекті заттарды Форттан Жетібайға дейін алып бару үшін сапарға шықтық. Жәкең екеуміз жаңадан келген су таситын «Урал» машинасында болдық. Қар қалың, жол өте ауыр болды. Осы екі ортаға сегіз күн жүрдік. Сонда мен Жәкеңнің көпті көрген, тәжірибелі, білікті азамат екендігін бірінші рет өз көзіммен көрдім. Небір қиын-қыстау жерлерде ақылымен жол тауып, бізді адастырмай, аман алып шығып отырды.

Артынан кейде кездескен уақыттарымызда сол жолғы белшеден бейнет кешкен сапарымызды есімізге алып отыратын едік...

Осыдан кейін 1969 жылға дейін Жәкеңмен жұмыс бабында бірге болғаным жоқ. Мен барлау аландарында болдым. «Оңтүстік Маңғыстау мұнай барлау» («ЮМНРЭ») мен «Қаракия мұнай барлау» («ҚНРЭ») экспедицияларына бастық болғаннан бастап, Жәкеңмен жұмыс бабында мәселелерді шешу үшін қайтадан кездесіп тұрдық. Жәкең қандай қиын жағдайларда болмасын, мәселені шешеді немесе орынды сөзін айтып, келешекке қалдыратын еді. Ешкімді ренжіткен жері болған жоқ.

1961 жылы ма екен, әлде 1962 жылы ма екен, бір жолы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев «АН-2» самолетімен Жетібайға ұшып келді Экспедиция басшысы – Рақымжан Сағындықов дейтін жасы үлкендеу адам, бас инженер – Захаров дейтін кісі еді. Ол уақытта үйіміз де, кеңсеміз де жартылай жердің астында. Бәріміз де жертөледе тұрамыз. Жердің бетінде клуб пен асхана ғана бар. Екеуінің арасы қашықтау. Асханадан тамақ ішіп болған соң, Д.Қонаевтың қасындағы жігіттер анадай жерде тұрған самолетке қарай жүргенде, Д.Қонаев клубтың қасына жиналған халыққа

қарай жүрді. Ақырын аяңдап келіп, бір сақалды шалға жақындады. Ұмытпасам, ол – марқұм Шәкірттің әкесі Сахан болуы керек. Оның баласы Шәкірт бізде бұрғылаушы болып істейтін. «Қонаев келді» дегесін, «Қандай кісі екен?» деп, Сахан шал да елмен бірге көруге келген ғой.

– Жағдайыңыз қалай ақсақал? – деп сұрады одан республика басшысы.

– Жағдай жаман емес. Балдарымызға жұмыс бар, тамағымыз бар. Тек осы біздің қазақты үнді шайы өлтіреді ғой. Сол жағы үлкен адамдарға жетіспейді. Күн ыссы. Біздің ыстығымызды басатын, шөлімізді қандыратын – осы шәй ғой, – деді ақсақал.

Д.Қонаев қасындағы жігітке бұрылып:

– Жазып ал, – деді.

Сол кезде әскер қатарында азаматтық борышын өтеп жүрген, демобилизацияланған жігіттерді, әскери училищеде оқитын балаларды бізге көмекке жіберетін. Арамызда сондай 5-6 орыс бала бар еді. Көпшіліктің ішінде солардың бір-екеуі бар екен. Д.Қонаев олардан:

– А у вас как дела? – деп сұрады.

– Так ничего. Но немного скучно. Танцы бывает, кино бывает. Но здесь наших ровесников, молодых девушек нет, – деген әңгіме айтты олар. Д.Қонаевтың қасындағысы осы айтылғандардың бәрін қағазға түсіріп, жазып алды. Сосын ол кісілер Алматыға ұшып кетті.

Артынан Сахан шалдың Д.Қонаевқа айтқан базынасының арқасында ақсақалдың сұрауымен кешегі Кеңестер Одағы құлаған 1991 жылдарға дейін трестің жұмысшыларды жабдықтау бөліміне (ОРС-қа) үнді шәйі тікелей Мәскеуден келіп тұрды. Ақтаудың ОРС-ының адамдарының өзі біздің ОРС-тан үнді шәйін алатын. Сондай-ақ манағы екі-үш орыс баланың айтқан назы да жерде қалған жоқ. Соның артынан Атыраудан 60 құрылысшы қыз келді. Оның ішіндегі үш қыз осында келін болып қалды: олардың екеуі – Ералыда, біреуі – Жетібайда. Қалғандары қайда кеткенін білмеймін.

Сол кезде Д.Қонаевты күтіп алу, басы-қасында жүру, орналас-тыру, самолетке тапсырыс беру сияқты көзге көрінбейтін, былай қарағанда елеусіз болып көрінгенмен, аса маңызды, жауапты жұмыстардың бәрі Жәкеңнің мойнында болды. Артынан Сахан шал сұратқан үнді шәйін Мәскеуден алдырту мен жеткізумен, Атыраудан келген 60 қызды тек барлаушыларға ғана емес, Жетібайға, барлық поселкелерге де бөлумен, оларды орналастырып, жай-жағдайларын жасаумен де Жәкең тікелей айналысты.

Бір риза болатының – ол кезде республика деңгейіндегі ірі бастықтардың өзі қарапайым халықтың мұң-мұқтажына өте сергек қарайтын, қатардағы жұмысшының да бір ауыз сөзін ескерусіз, жерде қалдырмайтын. Мен сол Д.Қонаев сияқты кемеңгер кісілердің «Ұлық болсаң – кішік бол» деген даналық сөзді үнемі басшылыққа алып, қарапайым халықпен санасып, әрбір сөзіне мән беретініне әлі күнге дейін қайран қаламын...

1961 жылы Жетібайда мұнайдың көзі көрінгеннен кейін жан-жақты барлау жұмыстары жасалды. Бірақ жұмыс көлемі өте ауқымды болды да, маман барлаушылар жетіспей жатты. Бұрғылаушы, бұрғышының көмекшісі, мотористер тапшы еді. Өндірісті маман кадрлармен жасақтап, жұмыстың ауқымын көбейту керек болды. Маңғыстаудың өзінен өндіріске қажетті бұрғышыларды жинастыра алмады. Атыраудан келген бригадалар бар. Бірақ олардың өзі аздық етті. Енді жан-жақтан жаппай әкелу қажеттігі туды. Бұрын бес-алты бұрғылау бригадасы бар болса, енді оның санын жиырмаға жеткізу керек болды. Қажетті кадрларды қайдан табу керек?

Осы мәселені оңынан шешу үшін трест басшылары ақылдаса келіп, өндіріске керекті жұмыс күшін көршілес Түркіменстаннан алдыртуды ұйғарады. Сонымен Халекең бастап, ішінде Жәкең де, трестің кадр бөлімінің бастығы да бар, бір топ АТК-ның жігіттері 10-15 адам болып Түркіменстанға аттанады. Бұл 1965 жыл еді. Небидтауға барғаннан кейін орталыққа келіп:

– Үлкен кісілеріңіз бар ма? – дегенде, жұрт Құсайын Шалабаевтың үйін көрсетіпті. (Құсайын Шалабаев кейін бізге бұрғылау

шебері болып жұмысқа келді). «Үлкен кісі» дегенде, бұл үйдің де ер адамы жоқ екен, шешесін «ақсақалымыз» деп есептейді екен. Бұлар сол кісінің үйіне барып түседі. Үй иесі малын сойып, қонақ қылып, күтіп алады. Халекең бастаған топ аман-түгел алысып, мән-жай сұрасқаннан кейін «Осындай шаруамен келдік» деп, келген жұмыстарын айтады:

– Біз Маңғыстауда жұмыс жасаймыз. Ол жерде қазір мұнай көзі ашылып жатыр. Соған жұмысшылар жетіспейді. Үлкен ақсақалдардың, жергілікті жердегі кісілердің айтуына қарағанда, осы жерде бұрынғы ата-бабалары Маңғыстауда болған, кейін осы жаққа көшіп кеткен ағайындар бар көрінеді. Соларды «Ата-бабаларыңның жеріне жүріндер, атамекенге оралындар» деп шақыра келдік. «Көшіп келемін» деушілерге барлық жағдайды жасаймыз. Үйлерін, заттарын, тақтайын тақтай күйінде, малын мал күйінде тірілей апарам десе де, машина береміз. Барғасын, тегін үй береміз, жұмысқа орналастырамыз, қосымша ақша (подъемный) да береміз. Қанша адам «келем» десе де, бәрін көшіріп аламыз. Көші-қонына кеткен шығындарға ешқандай ақша сұрамаймыз, – деп, бәрін түсіндіреді.

Сол жерге ауылдың біраз жігіттері жиналып қалған екен. Шамамен елу шақты жігіт болған көрінеді. Ішінде аздап ішіп алғандары да бар. Бастапқыда гу-гу әңгіменің буымен, ет қызуымен желігіп алған, әсіресе жастар жағы бірауыздан:

– Қалайда барамыз! Шалдарымыз қалған жаққа, ата-бабамыздың жеріне неге бармаймыз? Барамыз, – депті.

Содан Небидтаудың өзінен қарайған адам Маңғыстауға баратын болғасын, шаруалары біршама шешілгендей болып, бұлар да көңілденіп сала береді. Небидтаудың арғы жағында тағы бірнеше елді мекендер бар екен. Келген шаруаларының жайымен солай қарай кетеді. Ол жақтарда 4-5 күн жүріп, енді «Түнеугі алғаш келген үйімізден кетейік. Бір жағы үй иесіне рахмет айтайық» деп, жаңағы Қ.Шалабаевтың үйіне келеді. Олар тағы бір мал сойып, күтеді.

Сөйтсе, арада өткен 4-5 күннің ішінде қабырғаларымен кеңесті ме, кім білсін, баяғы «Барамыз» дегендердің көбі бармайтын бо-

лып, айнып қалыпты. Ішінара баратындары да бар. Бірақ түнеугідей емес, қарасы аздау. Содан бұлар үй иесі кемпірге болған жайтты айтып:

– Түнеугі сіздің үйдегі әңгімеден кейін «Осынша жігіт келетін болды. Машина дайындандар, көшіріп аламыз» деп, ана жаққа хабар да беріп қойып едік. Бірақ енді жігіттердің көбі көшпейтін болып қалыпты, – деп шәй мен еттің ортасында әңгіме қылады. Кемпір кейінірек отыр екен.

– Не дейді? – деп ұмсынып, ілгерірек озып жіберіп, жағдайға қанығып алады да, баласына «Пәленшені шақыр, түгеншені шақыр» деп, біраз жігітті шақыртады. Жігіттердің бәрі жиналып қалады. Арасында сыймағандары ортада отырады. Ой, сонда бір кемпір суырылып сөйлейді дейсің келіп!

– Сендер неге құтырасындар? Алтын басымен осындай азаматтар келіп отыр. Ата-бабаларыңның жері екенін, шалдарыңның сол жақта қалғанын, бәрін айтып отыр. Әнеугүні «Барамыз» дедіндер. Енді бармайтын болып қалдыңдар. Немене, қатындарыңның айтқанын тындап отырсындар ма? Әлде «Барма!» деп біреу аян берді ме? Әлде біреу сендерді «Бармаңдар!» деп зорлап, үгіттеп жүр ме? Ондай болса, оның кім екенін айтыңдар! Ал ондай ешкім жоқ болып, тек өздерінің ақылдарымен айтып отырсаңдар, ненің желігуі, ненің жетісуі сендердікі? Пәленше, сен неге құтырасың? Сен әкеңнің қай жерде көмусіз қалғанын білесің бе? Бұрын кім болғаныңды, қандай болып өскенінді ұмыттың ба? Ал, Түгенше, сен ше? Сен әкеңнен төрт айлығыңда қалып, шешен біреудің есігінің алдында тезегін теріп, қазанын асып беріп жүріп, сені өсіріп, жеткізді. Қазір нанға тойғасын, бәрін ұмытайын деген екенсіңдер, – деп бәрін жерден алып, жерге салыпты.

Кемпірдің тілінің өткірлігі мен ділмарлығы соншама, үй толы отырған еңгезердей еркектердің бірде-біреуі оған қарсы келіп, бір ауыз сөз айта алмай:

– Болды, болды, жеңеше! Бізді ұятқа қалдырдың, – деп жабыла кешірім сұрапты. Тіпті жүйелі, жөн сөз көңілдерін босатып, кейбіреулері көздеріне жас алып, жылап та жіберіпті.

Кейін Халекең айтады ғой:

– Өмірімде мұндай адуын да ауызды, ауыл-аймағына беделді адам көргенім жоқ. Мен пәленбай жыл партияда жұмыста жүрсем де, ана кісідей болып сөйлей алмайтын шығармын. Үлкен кісі отырғандардың әрқайсысының жанына тигізіп, тебіrentіп, қатты сөйледі. Тіпті кейбіреулерінің әкелерінің өлген жерлерін, шешесінің күнін көре алмай, амалсыздан күнелтіс үшін балашағасын тастап, басқа біреуге күйеуге тиіп кеткеніне дейін қатты айтты. Біздер өйтіп бетін тіліп тұрып, ашық сөйлей алмаймыз ғой. Өмірінде оқымаған, ешқашан жиналыстар мен отырыстарда болмаған, тіпті қала көрмеген, орта көрмеген қазақтың мұндай әйелінің, үлкен адамның мынадай болып шешен сөйлегенін тұңғыш рет көріп, таң қалдым. Елдің ішінде небір от ауызды, орақ тілді адамдар бар екен ғой. Мен ол кісіні өмір-бақи ұмытпаспын. Бет-әлпеті әлі күнге дейін көз алдымда тұрады, – деп Халекең қатты әсерленіп, көпке дейін айтып жүрді.

Хош, сонымен не керек, кемпірдің сөзі сүйектерінен өтіп кетсе керек, жаңағы жігіттердің барлығы таңертең жүретін болыпты. Халекең мен Жәкең бастаған топ сөйтіп, бірнеше күннің ішінде Түркіменстаннан 6-7 бригаданы әкелетін болып мәселені оңынан шешіп келді. Бүткіл бұрғышылардың машиналарын, автобазаның барлық машиналарын, вахтаға адам таситын «полуторкаларға» дейін, барлығы 100-дің үстінде машина жіберіп, қаншама отбасыны көшіріп алды. 4 вахтаның әрбір вахтасында 7 адамнан болады, сонда бір бригадада машинисі, лаборанты бар деген сияқты, 28-35-тей адам болады. Сонда қанша адам келгенін өзіңіз есептей беріңіз. Халекең мына жақтан арнайы дайындық жасаттырып, оларды алып келуге Жәкеңнің өзін жіберді.

– Әнеугүні жігіттерді өзің жайлап көрдің ғой, бәрін танысың. Ешқайсысын ренжітпей, бәрін алып кел, – деді.

Келген бойда жігіттердің көтерме ақшаларын (подъемныйларын) бергізді. Оның көлемі қанша екенін білмедім. Халекең «Берем» десе беретін, «Істеймін» деген нәрсесін істейтін. Бірақ оның да өзінің заңы бар. Дегенмен, ол уақытта трестің жағдайы жақсы



болды. Сондықтан Түркіменстаннан келген отбасылардың әрқайсысын да риза қылғанына күмәнім жоқ. Көшіп келген жігіттердің отыратын үйлерін, жұмыстарын – барлығын жоспарлап, ешқандай проблема қылмай, бәрін ың-шыңсыз көшіріп алды. Жәкең осы шаруамен айналысып, екі айдай жүрді...

1964 жылы Жетібайдағы клубта екі күн бойы Геология министрлігінің көшпелі мәжілісі болды. Мәжіліске Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі де қатысты. Ол уақытта КСРО-ның Геология министрлігі, Қазақ КСР-інің Геология министрлігі деген екі бөлек министрлік болды. Біздің министріміз Шаһмардан Есенов еді. Геологтар отырысқа мықтап дайындалып-ақ келген екен. Әртүрлі карталардың бәрін қабырғаларға самсатып іліп тастап, бірінен кейін бірі шығып, сөйлей бастады. Министр Ш.Есенов:

– Бұл қағаздарыңыздың керегі жоқ, бәрін былай жиып қойыңыздар. Мәселе – Маңғыстаудың мұнайын қалай игеру керек, сонда. Табылған мұнайды қалайда тездетіп игеруіміз керек. Сондықтан тақырыптан ауытқымай, нақты мәселелер жөнінде сөйлеңіздер, – деді.

Х.Өзбекқалиевтің өзіне баяндама жасауға 10-ақ минут уақыт берілді. Ш.Есенов сала басшыларының әрқайсысын орнынан тұрғызып қойып, қайсысына қанша трактор, қанша машина, қандай құрал-жабдықтар, нендей нәрселер керек – бәрін жеке-жеке өзі сұрап, әркімге тиісті тапсырмаларын берді. Көшпелі мәжіліс біткеннен кейін оның қорытындысында қабылданған шешімдерді орындау жауапкершілігі мен ауыртпалығы, айналып келгенде, артынан Жәкеңнің иығына түсті. Жәкең өндіріске қажетті әртүрлі материалдарды әкелу, тиеу, түсіру, жеткізу, жан-жақтағы – Кеңестер Одағының түкпір-түкпіріндегі сан қилы мекемелердің директорларымен, заңгерлерімен кездесіп, келісімшартқа отыру мәселелерімен жеке өзі айналысып, барлығының басы-қасында өзі жүгіріп жүрді.

Жалпы, экспедицияға қажетті шаруашылық және әлеуметтік нысандарының барлығының құрылысы Жәкеңнің қатысуымен

шешілетін. Өндірісті қажетті заттармен жабдықтау, елдің әр қиырындағы зауыттарға барып, келісімшарттарға отыру, құрал-жабдықтарды сатып алып, оларды үлкен машақатпен Маңғыстауға жеткізу – мұның бәрі өз алдына бөлек хикая жазуға тұрарлықтай қиямет-қайым жұмыстар еді. Жәкең соның бәрін қабақ шытуды білмейтін қара нардай мінезімен, қажымастан, талмастан, шаршамай шапқылап жүріп атқарды.

Сол кездегі Ералыдағы демалыс орнын, Солтүстік Кавказдағы Железноводскідегі «Маңғышлақ» пионер лагерін (кейін «Геолог» пансионаты) салу кезінде де Кавказдағы шеберлермен келісіп, қажетті нәрсенің бәрін жеткізіп, реті келмеген шаруалардың бәрін қиындастыру міндеттері Жәкеңе жүктелетін.

Қазіргі Құрық, сол кездегі Ералиев кентіндегі, Жетібай елді мекеніндегі базалар, Ақсу, Оңтүстік Үстірт, Ескі Өзен, Опорный, Бейнеу базалары – осының бәрі де Жәкеңнің тікелей басқаруымен салынды. Сол құрылыстардың әрқайсысында да Жәкеңнің қолтаңбасы сайрап жатыр...

Біз жұмыс істейтін барлау алаңдарына жұмысшыларға арналған тамақтар бірнеше сатыдан тұратын тасымалдаулардан өтіп, біршама кідіріп келеді. Азық-түлікті шаруашылықтармен екі жақты келісімшартқа отырып, әр жерден тасымалдап алдырады. Мысалы, колхоздан барлаушыларға мал алады. Тиісті ақшасын аударады да, пәленбай 100 қойды бір-ақ айдап әкеледі. Оны демалыс күні поселкенің ортасына әкеледі де: «Айлықтың есебінен жаздыртып алыңдар», – дейді. Әрқайсымыз әліміз келгенінше екіден-үштен аламыз. Мекеменің адамы бәрін тіркеп, жазып отырады да, артынан айлығымыздан ұстап қалады.

Жұмысшыларға берілетін тамақты да сөйтіп әр жерден алдыратын болса керек. Сауданың адамы деген де қашанда пайда қуып жүреді ғой. Кейде тауар өткізушілердің бізге берген заттарының арасына ескірген азық-түліктерді де байқатпай тығып жіберетін кездері болады. Әйтпесе, тақа бір қаражүрек, қаскүнем болмасаң, өзіңдей адамдарға мерзімі өтіп кеткен, ескі азық-түлікті тамақ қылып бермейсің ғой. Сондайдан шыққан болуы керек, бірде

жұмысшылар асханасында пісірілген күріштің арасынан құрт шығыпты. Тамақтың арасынан табылған құртты жұмысшы жігіттер жарып жіберіп, құрт шыққан тамақты арнайылап бөлек орап қояды да, «Жұмысшыларға шіріп кеткен, ескі тамақтар беріп жатыр» деп, біздің үстімізден арыз жазады. Ол кезде қазіргідей емес, кәсіподақ комитетінің құзыреті күшті. Арыз бойынша Алматыдан кәсіподақтың адамы, арнайы нұсқаушы келіп, комиссия құрылады. Және олар тексеруге келгесін жерде әдейілеп жұмысшылар тамақ ішіп жатқан кезде барады ғой. Содан ішінде Жәкең де бар, комиссия мүшелері асханаға келіп:

– Ал, жігіттер, хал-жағдайларың қалай? – десе, алдын-ала «Комиссия келді» дегенді естіп, ішінде эзер шыдап жүрген, алдында арыз жазған адамдар:

– Хал дегенде, бізде не хал болсын?! Жағдайымыз нашар. Бастықтар бізге құрттаған тамақ береді, – деп шулап қоя береді.

– Кәне, қайсы, ол неғылған құрт? Ал көрсетіндерші бізге, – дейді ғой комиссия мүшелері.

Арыз жазғандар:

– Міне, – деп баяғы арнайылап орап, дайындап қойған күрішті көрсетеді. Келген адамдар тамаққа үңіліп қарай бастайды. Көп күріштің ішінен қапелімде құрт бірден көзге көріне қоя ма?! Сол жерде тұрғандардың арасында күн қақап тұрғанда да жаланбас жүретін, қазақшаға судай Борис Яковлевич Энтин деген ұлты еврей, жабдықтаушы болып жұмыс жасайтын қызметкеріміз бар еді. Сол кісі келіпті де:

– А, ну-ка, – деп күрішке үңіліп, ішіндегі әлдеқашан кеуіп, қатып қалған құртты алыпты да, аузына салып жіберіп, қышыр-қышыр еткізіп шайнап-шайнап жіберіп:

– Это же киш-миш, – депті.

Жұрттың бәрі аң-таң болып тұрып қалыпты. Комиссия мүшелері бір-біріне қарайды. Жәкең анадай жерде қып-қызыл болып тұр дейді. Баяғы жазылған арыздың заттай айғағы – күріштің арасынан шыққан құрт «кішіміш» болып, Б.Энтиннің ішіне кетіп қалды. Көрсетейін десе, басқа «запас» құрт жоқ. Жұмысшылар аңтарылып

қалады, не дерін білмейді. Енді бұлар өтірік айтқан болып шығады ғой. Комиссия тамақты әрі қарайды, бері қарайды, ештеңе таба алмайды. Әйтсе де, жұмысшылардың көзінше:

– Дегенмен, тамакка қарау керек, ондай жағдайлар болуы мүмкін, – деп ұрысқан болып, ескерту жасапты. Енді оларға да бәле қуып керегі жоқ қой. Жағдайдың айқай-шу мен жанжалға ұласпай, тыныш біткені өздеріне де жақсы.

Жұмысшылар кеткесін, комиссия мүшелеріне дастархан жайып, тамақ берілген кезде комиссияның төрағасы:

– Жаңағы адамдарыңды әдейі дайындадыңдар ма, әлде өзінің тауып кеткен әрекеті ме? Ну, ты, Борис Яковлевич! – деп таңдайын қағып, басын шайқап, таң қалыпты.

Жәкең де сол мезетте сасып қалған көрінеді. Бірақ ішінен қанша таң қалып тұрса да, сырт көзге білдіре қоймапты. Жалпы, ол – сезімін көп сыртқа шығара қоймайтын, ұстамдылығына адам таң қалатындай сабырлы кісі еді ғой.

– Әй, бұл Энтин шығарады. Бұдан бәрі де шығады, – деп, артынан күліп отыратын.

Ақыры Б.Энтин туралы айтып қалдық қой, сөз орайында оның мінез-құлқын ашатын мына бір жайтты да айта кетейін. Ол кісі ешқашанда жолдасын сатпайтын, «еврей» десе дегендей, табан астында жол тапқыш, өте ақылды адам болатын. Бірде Х.Өзбекқалиев Атырау бетінде экспедиция басшысы ма, әлде кеңсе басшысы ма болып жүргенде аудан орталығындағы басшыларға мал береді. Экспедиция ол кезде қосалқы шаруашылық ашып, мал баққан болатын. Сол малдан аудандық атқару комитетінің адамдары өздеріне қонақ келгенде «Артынан ақшасын төлейміз» деп, қой алады. Соны қалт еткеннің қабағын бағып, қасындағы көршісінің қазанын аңдып, қолы қышып жүретін жазғышбайлар жоғарыға жазып жібереді. Сол арыз бюрда қаралады. Бюро болғанда да, анау-мынау емес, облыстық партия комитетінің бюросында. Малды біздің экспедиция Халекендерге берген ғой. Заттай айғақ ретінде «Қойшыға бер» деген сөз жазылған записка қағаз ғана болады. Бірақ онда кімге және кімнен екендігі жазылмаған.

Соған қарағанда, алдын-ала қойшымен ауызша келісіп қойған сияқты. Мұны ешкім мойнына алмайды. Тиісті акт мен құжаттардың бәрі жасалынған. Ол кезде шаруашылықпен Б.Энтин айналысады екен. Бюро мүшелері Борис Яковлевичті тұрғызып қойып:

– Осындай қойды «Бер» дегендерін рас па? – деп сұрайды.

– Да, да, – деп жауап береді ол.

– Пәленшеге «Бер» дегендерін рас па?

– Да, да.

– Пәлені күні пәлен қойды жібердіңдер ғой?

– Да, да.

Не сұраса да, «Дадан» басқа жауап жоқ. Аналар да соған риза болып отырады.

– Ал енді кімге бердіңдер? Солардың фамилиясын айтшы?

Сонда Б.Энтин:

– А вот этого я не помню, – депті.

Аналар ауыздарын ашып, отырып қалыпты. Сасқанынан:

– Сіз не, өзіңіз «Да, да» деп алып, «Берген адамдарымның фамилиясын білмеймін» дейсіз? Мұны қалай түсінуге болады? – деп қаншама қадалып сұраса да, жаңағыдай жауаптан басқа ештеңе ести алмапты. Неше рет қайталап сұраса да, барлық сұраққа: «Да, да», – деп жауап береді де, нақты адамдардың атына келгенде: «Аты-жөні есімде жоқ», – деп жалтарып шыға келеді. Былай қарағанда, ол мойнына алғандай болып тұрады да, бірақ жеме-жемге келгенде, ана кісілердің фамилиясын айтпайды. Өзі сондай өте қу адам еді. Артынан бастықтар:

– Борис бізді сүйтіп құтқарып жіберді, – деп айтып отыратын...

1973 жыл еді. Бірде сенбі күні Жәкең телефон соқты:

– Алматыдан қонақтар келді. Соларды ешкімге айтпай, Бекет атаның басына өзің апарып кел. Жігіттер болып ақылдасып, сенен басқа адамның ретін таба алмадық, – деді.

– Олар кімдер? – деп едім.

Ол уақытта қазіргі Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті В.И.Ленин атын-

дағы Алматы политехникалық институтының филиалы болатын. Талапкерлердің құжатын қабылдайтын комиссия Алматыдан келетін.

– Сол институттан келген қабылдау комиссиясын біздің жігіттер қонақ қылатын болып жатырмыз, – деді.

– Вертолеттің ішінде жолға керектінің бәрі бар ма? – деп сұрап едім:

– Бәрі бар, дайын тұр, – деді.

– Жақсы, – деп, келісімімді бердім.

– Онда қонақтар таңертең сағат сегіз жарымда барады, – деді.

Ертесіне сағат 8-ден бастап Ералыдағы әуежайда күтіп тұрдым. Қонақтар дәл уақытында келді. Ол уақытта «АН-2» самоләті мен вертолеттері Құрықтан жанар-жағармай құйып ала беретін. Вертолетке сол жердегі өзіміздің АЗС-тен жанармай құйып алдық. Қонақтардың ішінде политехникалық институтта сабақ беретін Толыбай Мұқанұлы деген ұзын бойлы, үлкен кісі бар екен. Басқа да жігіттер, келіншектер бар – барлығы 20 шақты адам. Вертолеттің ішіне шағын кілемше төселген, журнал үстелдері, жәшік-жәшік тамақтары, жеміс-жидектің түрі бар екен. Сонымен келген кісілермен жақынырақ танысып алдық та, ұшып кеттік. Бекет атаға барғанда вертолетті астына қондырдық. Ол да біраз қона алмай жүріп, зорға қонды. Күн ыссы, өргеніп тұр. Алып шыққан судың бәрі жылып кетті. Қонақтардың бәрі тілдері саяндап, қатты шөлдеді. Жас жігіттер көйлектерін шешіп алған. Сосын Шопан атаның басына алып келдім. Құдықтың басында шелек бар екен. Аптап ыстықта қаталап келген қонақтар мұздай суды ішіп, кейбіреулері үстіне құйып, мәз болып жатыр. Құдық суының кермегі бар ғой, Алматының тұщы суындай қайдан болсын, келіншектер жағы бір ұрттап, түкіріп жатыр. Ал жігіттер ішіп жатыр. Сөйтіп, ол жерде бір-жар сағаттай болып, алып шыққан пісірілген еттері бар екен, соны жеді. Арақтары бар екен, бірақ әулиелерді зияраттап жүргесін, иба сақтап, ішкен жоқ. Қайтар жолда мені тастап кету үшін Ералыға келдік. Сол жерден вертолет тағы да жанармай құйып алды. Жанармай құйып жатқан кезде

вертолеттің ішінде отыруға болмайды. Сыртқа шығып, әңгімелесіп тұрдық. Ол кезде теңіз жағасында трестің демалыс орны бар еді. Толыбай Мұқанұлына:

– Ендігі жоспарларыңыз қалай? Қайда барасыздар? Бізде демалыс орны бар. Қалып, демалыңыз. Қазір малды соямын, қонақ қыламын, – дедім.

Ондағы менің ойым – «Алдағы уақытта жігіттердің біреуіне болмаса, біреуіне керек болар» деп, келесі жылға алдын-ала қам жасап қою болып тұр.

– Сен бала, шын айтып тұрсың ба? – деді ол маған сынай қарап.

– Енді бірінші рет кездесіп тұрған адаммен қалжыңдаспаймын ғой. Шын айтамын, мүмкіншілігіміз бар, демалыс орны да бар. Барлық жағдайды жасап, ақ төсекке ақ жаймамен жатқызамын, – дедім бастырмалатып.

– Бәрімізді ме?

– Иә, бәріңізді де. Бір қойдың етін тауыссаңыздар, екіншісін соямын, –деп қоямын.

– Әңгімең рас болса, қазір қала алмаймыз, қалада біреу қонаққа шақырып қойды. Әйтпесе, қала беруге болатын еді. Таңертең сағат сегіз жарымда бізді жолдың бойынан күтіп ал. Сол уақытта келеміз, – деді.

Сөйтті де, фамилиямды, бәрін жазып алды. Сол күні барып, Жәкеңе айтыпты:

– Сіздерде қызмет істейтін бір жігіт: «Ертең бізге кел, мал соям» деп, қарық қылып жатыр. Былай өзі қалбалақтаған жақсы жігіт екен. Кім болып жұмыс жасайды? Айтқан сөздері рас па? – деп сұрапты.

Жәкең:

– Ә-ә, ол жігіт айтса – жасайды, жағдайы бар. Өзі – менің інім, – депті.

Содан қонақтарым таңертең дәл айтылған уақытта келді. Мен кеше қызметші келіншектердің бәрін тұрғызып, төсектердің бәрін ауыстырып, малын сойғызып, суын, тамағын, қазан-ошақтарды

апарып, түнгі сағат 1-ге дейін бәрін дайындатып қойғам. Қонақтар мұндай мұздай дайындыққа ауыздарын ашып, таң қалып жатыр. Бәрін әкеліп, орналастырдым. 20 шақты адам келген бойда шешінді де, теңізге қойып кетті. Күтуші жігіттерді дайындатып қойып, бәріне теңіздің жағасынан үйге кіргізбей, 100 грамын, сірә, беріп жатырмын. Содан олар менде қонақ болып үш күн бойы жатты. Толыбай Мұқанұлы:

– Бізге Ақтауыңның қажеті жоқ. Осы жерден артық ештеңе жоқ екен, – деді. Сонда Жәкең:

– Біздің айтқанымызды тыңдамайды, Ақтауға келгісі келмейді. Сен мыналарға неғылдың? – деп қайран қалғаны бар.

Олардың арасында Болат Қасымжанов деген кафедра меңгерушісі болды, мамандығы – математик-физик. Ол кісі артынан осында ауысты. Толыбай Мұқанұлы қабылдау комиссиясының төрағасы да, Болат Қасымжанов хатшысы екен. Сосын қазақ тілінен емтихан алатын Сәуле Сабырғалиқызы Шақабаева деген ұзын шашты, әдеміше келген әйел болды. Геология министрі Шақабаевтың туған қарындасы. Ол кейін біздің институтта сабақ берді. Қазір Алматыда тұрады.

Сонымен не керек, теңіздің жағасында Толыбай Мұқанұлы, Болат Қасымжанов үшеуіміз бірге отырып, жақынырақ танысып, дос болып алдық. Сөйтсем, Толыбай Мұқанұлы академик Қаныш Сәтбаевтың туған күйеу баласы болып шықты. Сәтбаевтың әйелі еврей екен. Қызының аты – Мейіз. Толыбай мен Мейіз студент кезінде махаббат құрып, бірге жүрген. Артынан Толыбайдың мінезінен екеуі айырылысып кетіп, мынау басқа әйел алып, анау басқа күйеуге тиіп, артынан тағы кездесіп, анау күйеуінен айырылып, мынау әйелін жіберіп, екеуі қайта қосылған екен. Кетерде Толыбай маған әбден риза болып:

– Келесі жылы тағы келемін. Өзіңнің балаң бар ма? – деп сұрады.

– Бар, – дедім.

– Болды онда. Келесі жылы да өзім келемін. Өзім келе алмасам, келетін басқа адамға тапсырамын. Келесі жылы келсем, ешкімге



телефон соқпаймын, «Пәлені күні келе жатырмын, күтіп ал» деп, бірден саған хабарласамын. Күтіп аларсың, – деді.

Сол жылы Жәкеңнің бір баласы оқуға түсті.

Ол келесі жылы тағы келді, күтіп алдым. Тағы қонақ қылдым. Сөйтіп, келесі жылы менің де балам оқуға түсті. Енді жұрттың бәрі:

– Сенің осындай сыйлы қонақтарың бар көрінеді. Менің оқуға тапсыратын балам бар еді. Сен қасында жүрсің ғой, айтсайшы, – деп, маған келетін болды.

Амал жоқ, «Осындай жігіт келіп тұр еді» деп, аналарға айтамын. Қашаннан бері танитын адамың, айтпасаң – ренжиді. Артынан Сәуле мен Болат осында ауысты. Ағайын-туыстың балалары емтиханнан құлап қалып жатса, салып ұрып Сәуле мен Болатқа жетіп барамын. «Ағам келді», – деп, олар да жылы шыраймен қарсы алады. Ешқашан меселімді қайтармайды. Сәуле – келісті келген, шашы өкшесіне түскен, жақсы бала. Болат – бойы кішкентай жігіт. Өзі – ғылым кандидаты. «Мен сендей қырсық қатынды алмаймын», – дейді Сәулеге. «Тең – теңімен, тезек – қабымен» дегендей, екеуі де – әзілқой адамдар, қалжыңдары жарасып, бір-бірін қағытып жүреді. Болат қазір Оралда жүр.

Міне, сөйтіп, Жәкеңнің тапсырмасымен Бекет ата басына жолбасшы болып барып, қайтарда Алматыдан келген комиссияны қонақ қыламын деп, артынан талай адамның сауабына қалып, алғысын арқалағаным бар...

Ол кезде әр айдың 2-3-терінде Ералы кентінде барлық бұрғылау шеберлерінің өткен айдағы есептері тыңдалады. Ол жиынға экспедициялардың басшылары, бөлім меңгерушілері, орынбасарлары, бұрғыны құралдаушылар, көлік мекемелерінің басшылары түгел қатысады. Жиналыс сағат таңертеңгі 9-дан түнгі 10-11-ге дейін созылады. Жиын үлкен айқай, өзара сындармен өтеді. Жоспарын орындамаған мастерлер себебін мекеме басшыларынан көреді, «Көлік бермеді», «затты кезінде әкелмеді», «сұрап едім – бермеді», тағы сол сияқты түрлі дәлелдер айтады. Бір-екі күннен кейін Ақтауда барлық мекеме басшыларымен

тағы жиын болады. Бұл жиынға Х.Өзбекқалиев бастаған басшылар түгел қатысады. Онда өткендегі жиындағы бұрғылау шеберлерінің шағымдарының жауабын сұрайды. Бұл жиында да мекеме басшылары бірінен-бірі көріп, өзара қырқысып жатады. Жәкең кешенді экспедицияның көлік және шаруашылық жөніндегі орынбасары болғандықтан, көптеген мәселелер Жәкеңе тіреліп жатады. Бірақ өзара сында мекеме басшыларының бәрі Жәкеңді сыйлайды, оның атын атамайды. Сол айқайлар шырқау шегіне жетіп, шиеленісіп кеткенде, Жәкең:

– Бастықтар, айтып тұрғандарыңыздың бәрі – өздеріңіздің илейтін пұшпақтарыңыз ғой, – дегенде, шыбын даусы естілмей тұрған тыныштықта отырғандардың бәрі күліп, мәселенің бәрі шешіліп кеткендей болып кететін еді...

Жәкең сондай тапқыр сөзді, салмақты мінезді, дауыс көтеріп сөйлемейтін, жекіріп, ұрсып айтатын нәрсені жай ғана салмақпен айтып та, түп-түбіріңе жеткізетін адам еді. Жігіттер Жәкеңнің айтқанын екі етпейтін. Жұмыс бабында талай үлкен-үлкен тапсырмалар беріп, оларды бұлжытпай орындап жүрдік.

Жәкең менің өзіме екі рет жұмысқа қатысы жоқ тапсырма берді. Ол кезде екі тапсырманың екеуі де ішімізде жүрген жазғыштар жазып жіберсе немесе бір жиында сын ретінде «Пәленшелер сүйтті» десе – бітті, су түбіне кететіндей қауіпті жұмыстар еді. «Бұл – Жәкеңнің маған сенгендігі, сыйлағандығы» деп білемін. Мен ағамның айтқанын толықтай орындадым...

Жәкең қайтыс болғаннан кейін, қырық күндік пе, жүз күндік пе садақасында жиылған адамдар:

– Жәкең туралы жақсы әңгімелер мен естеліктер айта отырайық, – деді. Сонда мен мына бір күлкілі оқиғаны (қазір күлкілі болған-ымен, ол кезде біз үшін бұл арылмас азап, таусылмас тауқымет іспетті болған еді) есіме түсіріп, отырғандарға әңгімелеп берген едім:

Бұрынғы Кеңестер Одағы деген алып мемлекетте 1985 жылғы «сәуір самалы» есіп (атақты «Апрель пленумы» кейін ақпарат құралдарында солай деп мадақталды ғой), «Қайта құру» процесі жүріп жатқан М.С.Горбачевтің кезінде «құрғақ заң» («сухой за-

кон») деген болғаны тарихтан белгілі. Ол кезде жәй, қарапайым күнделікті өмірді былай қойғанда, мерекелік бас қосулар мен жиын-тойлардың өзінде ішімдік ішкізбеді. Сол арқылы М.С.Горбачев елдегі маскүнемдік деген алапат дертті ауыздықтамақ болды. Бірақ оның арты ауыр зардаптарға соғып, арақ-шарап өнімдері өте аз мөлшерде, кісі басына өлшеніп қана сатылатын болғандықтан, адамдар әртүрлі улы химиялық заттар мен ерітінділерді араластырып, қолдан арақ жасап, уланып өліп жатты. Сол кезде «сухой законмен» бірге жоғарыдан «Жұмысшыларға арналған асханасы бар мекемелер тамақ қалдықтарынан шошқа ұстау керек, мал ұстау керек, сосын өзін-өзі етпен қамтамасыз ету керек» деген нұсқау келді. Ол кезде мұның арнайы заң болып шыққан-шықпағанын білмедім. Әйтеуір бізге сондай тапсырма берілді. Экспедицияның басшысы Болат Өтебаев еді. Ол: «Х.Өзбекқалиев бізге «Қосымша шаруашылық ашып, мал бағындар» деп жатыр» деген тапсырма берді.

Мен ол кезде Ералиевте өндірістік қызмет көрсету базасының бастығы едім. Оның алдында Маңғыстауда бірнеше экспедиция болды ғой. Ақсудағы экспедицияның басшысы мен болдым. Одан кейін А.Хисметовтің орнына Қарақияға мұнай барлау экспедициясының бастығы болып кеттім. Сөйтіп жүргенде, жұмысымыз жеңілдетіліп, экспедицияның орнына тек РИТС-1, РИТС-2, РИТС-3 деген аудандық диспетчерлік қызметтер құрылды. Х.Өзбекқалиев маған:

– Тұрсынғали, экспедиция басшыларының бәрі РИТС-тің бастығы болады. «Қалам» десең, осы орнында қаласың. «Қалмаймын, басқа жұмыс істеймін, десең, онынды айтарсың, – деді.

– Халеке, осы бұрғылау деген жұмыс та жүрекке түсіп болды. Өзім де біраз жасқа келдім. Түу Үстіртті шарлап, оралып келе жатырмын. Біраз жыл Үстіртте барлаушылардың бастығы болдым ғой. Шынымды айтсам, бұл жұмыс шаршатып бітті. Оның үстіне отбасың да қасыңда емес, кемпір-шал да Жетібайда, – дедім.

– Онда осыларға қызмет ететін өндірістік қызмет көрсету базасы деген бар. Ж.Сәлімгереев пен маған ғана бағынасың. Басқа

адамға бағынбайсың. Тек бізге ғана есеп бересің. Оған осы экспедиция басшысының айлығымен барасың, – деді Халекең.

– Жақсы, – деп қуанып кеттім.

Енді самолеттер мен вертолеттердің барлығына анықтама беретін мен болдым. Бүткіл өндірісті керек-жарақтармен жабдықтау, цемент, жанар-жағармай, азық-түлік, тамақ апару – барлығы менің мойнымда. Жаңағы нұсқау келген кезде мен осы қызметте жүр едім.

Сонымен мал іздейтін болдық. Мал ұстаудан менің де, Жәкеңнің де хабары жоқ еді. Жәкең Доссор ма, Құлсары ма, әйтеуір Атырау жағының бір қойшысымен 600 қойға келісіп, алып келді. Әуелі 600 саулық алып келді. Ішінде еркегі жоқ, кілең туатын мал. Малға керекті тұщы суды «Песчаныйдан» алдық. Ол уақытта Ералыдағы экспедиция треске қарады. «Песчаныйдан» 10 скважина қазып, күніне 400-500 тонна су алып тұрдық. Өзіміздің насосымыз, қанша су кеткенін көрсетіп тұратын есептеу құралы, өзіміздің электростансамыз болды. Ақтауда ол уақытта су құбыры болған жоқ. Сөйтіп, тұщы судың басынан қора салдық, жаңағы қойшыға үй салып бердік. Қораның астына топырақ төсеп жіберіп, биіктен өзі тамшылап тұратын 25 текшеметрлік солярка құйылған темір ыдыс (емкость) қойдық. Оның ішін соляркамен толтырдық. Ұзын қораның екі шетінен ондық тұрбадан пеш жасадық. Тұрбаның ұзындығы – 8-9 метр. Қораның екі шетінен тұрбасын шығарып, емкостьтан кішкентай тұрба шығарып, солярка өзі тамшылап ағып тұратын қылдық. Сөйтіп, өзімізше қысқа дайындық жасадық. Енді ол кезде қолымызда күш те, мүмкіндік те бар ғой. Сөйтіп, мал бағуды бастап кеттік.

Күзде қойға қошқар салу керек болды. Жәкең манағы айтылған 600 қойды келісіп алып келген жерден 30 қошқар алдырды. Кілең мүйіздері арқардың мүйізіндей үлкен, кері айналып, құлағына оратылып жатқан мәліш қошқарлар. Жәкең маған:

– Ана жақтан машинамен шығыпты. Тіке Ералыға, саған барады. Сосын өзің әрі қарай қойшыға жіберерсің, – деп айтқан.

Қошқарларды тиеген машина кешке қарай, қараңғы түсіп бара жатқанда келді. Шофердің қасына адам мінгіздім де:

– Қойшыға апарып, жеткіз, – деп, аттандырып жібердім.

Машина қойшы малдан келіп, кешкі шәйін ішіп жатқанда барыпты. Ол баласына:

– Қошқарларды қораға қоя бер, – деген ғой.

Таңертең «Жиырма шакты саулық өлейін деп жатыр» деген хабар келді. Зәреміз ұшып кетті. Дереу апыл-ғұпыл жиналып, бәріміз шауып жетіп барсақ, жаңағы айтқан жиырма саулықтың бәрінің мойны қайырылып қалған. «Баксақ – бақа екен» демекші, кілең бауырынан жарап, құтырынып тұрған 30 қошқар саулықтардың қайсысы күйлеп тұр, қайсысы күйлемей тұр – қарамастан, бәріне түнімен қырғидай тиіп, қойларға аш қасқырша шапқан ғой. Сөйтсек, малды қашыра алдында күйлеп тұрғаны бар, күйлемегені бар, тоқтысы бар, ауруы бар – бәрін айырып, арасын бөліп қою керек екен ғой. Әрі қошқарларға арнайы күйек тағып, бөлек бағатын көрінеді. Оны біз қайдан білейік?! «Қой көрмеген – қуалап жүріп өлтіреді» дегендей, өмір-бақи өндірісте жүрген, әкелеріміз айтпақшы, «өңшең қойлы орыс» біз сөйтіп бүлдіріп ала жаздадық. Жәкен екеуміздің, сірә, малдан хабарымыз жоқ. Жаңағы тауып жүрген шопанымыз да бұрын қойға қошқар салып көрмеген, жаңадан қойшы болған адам екен. Әбден «қызық» болды. Содан комиссия шақырып, акт жазылып, ол уақытта кәсіподақ ұйымының өкілі міндетті түрде қатысуы керек, әлгі актымызды өткізе алмай, әбден әлекке қалдық.

Сөйтіп жүргенде, қыс келді. Бір күні қойшыдан:

– Мына қойларың бірінің үстін бірі жеп жатыр, – деген хабар келді.

Барсақ, шынында да қойлардың жүнінің бәрі жұлынып, ар жағынан қып-қызыл болып терісі көрініп тұр. Астапыралла! Қайран қалдық. Бұл не болғаны?! Сөйтсе, қойшы қойды кешке қамайды да, пешті жағады. Жабық қораның іші ысып кетіп, қойлардың бәрі биттеп, қотыр болған екен ғой. Оны біз қайдан білейік?! Әрі ол кез пеш жағатын мезгіл емес екен. Жәкен қаладан мал дәрігерлерін шақыртып еді, олар:

– Бұған дуст шашу керек, – деді.

Содан іздеп жүріп, Жәкең бір тоннадай дуст тапты. «Енді мәселе шешілген шығар» деп мәз болып, оны қойшыға беріп жібердік. Қойшы оны малдың үстіне шашуды балаларына тапсырған. Балалары апарған да, бас-көзге қарамай, қойлардың үстіне шелек-шелектеп құя салған. Таңертең «Он шақты қой басы айналып, жығылып жатыр» деген хабар келді. Сөйтсе, өзі жылы әрі тар жерде оларға иіс тиген ғой. Қанша күш салсақ та, оларды тірілте алмадық. Сосын олардың бәрін бауыздаттырып, «Қолдан сойылған ет керек» деп акт жазып, асханаға бердік. Алдыңғы қошқарлардың әлегіне қарағанда енді оның жарасы жеңілдеу болды.

Сонымен не керек, «Көтере алмайтын шоқпарды белімізге байлағандай» болып, бұл шаруамен итшілеп жүріп, үш жылдай айналыстық. Бұрын мал бақпаған адам үшін бұл атакәсіптің ұнғыл-шұңғылы, иірім-қайырымы көп, өз алдына жатқан бір ғылым екен. Негізінде, малшылар әбден қой қоздап болғаннан кейін барып есебін беретін көрінеді. Олардың ішінде артынан өліп қалатыны бар, шала туғаны бар, соны егіздің орнымен толтырып, есебін келтіріп, нағыз болмаса, жоспарын орындау үшін өздерінің қойын да қоса салады екен ғой. Біз оны қайдан білейік?! Қара қойдың етін жегеніміз болмаса, қалай өсіріліп, бағылатынынан хабарсыз, бұл салада хас надан болып тұрмыз ғой. Шопанымыз қойы бүгін туса, бүгін есебін береді. Біз оны сол бойда дәптерге жазып, тіркеп, ай сайын есеп беріп отырамыз. Алда-жалда бір-екеуі өліп қалса, оған тағы акт жасау қажет. Қойшы, сонымен не керек, бұл шаруаның әбден азабы жетті.

Оның үстіне жұрт «Ж.Сәлімгереев пен Т.Көшенов екеуі егіздің сыңарын жеп жатыр. Қарапайым халық ол қойдың қызығын көріп жатқан жоқ» деп әңгіме қылып, тіпті кейбір жайына қарап жүре алмайтын, тасада тұрып тас ататындар үстімізден шағым жаза бастапты. Бұл сөз тіпті жиналыстарда да әңгіме болды. Ол қой қоздауы керек, қозысы тоқты болып, бойдақ болып өсуі керек. Содан кейін барып, екі-үш жылдан кейін ғана жейтінімен хабары жоқ.

Жәкең де – шамалыға қыңбайтын, сәл нәрсеге селт ете қоймайтын, көп қозғалмайтын адам. Ара-тұра кездескенде:

– Жәке, осы әңгіменің өзі көбейіп бара жатыр, – деймін.

– Біліп жүрмін, Тұрсынғали, біліп жүрмін, – деп қояды ол. Бірақ шешімін айтпайды. Жәкең Ақтауда, мен Ералының басындамын. Қойшымен байланысатын – мен. Бір күні Жәкене тағы да:

– Жәке, осы малдан құтылу керек. Бұл бізге абырой беретін емес. Мына бағытымен кете берсе, бір күні мәселемізді партияда қарауы мүмкін. Халықтың алдында жаманатқа қалып, бізге мал неге керек? Мұның шығыны сатып алатын еттен де асып кетті, – дедім.

Жәкең:

– Жақсы айттың. Оны өзім де біліп жүрмін. Бірақ Болат біздің сөзімізге қалай қарайды? Неғылса да, сәл шыдайық, – деді. Сол «шыдайық-шыдайықпен» тағы да біраз уақыт өтіп кетті. Содан тағы бірде үш-төрт кой өліп, кезекті акт жазылғанда Жәкең:

– Ай, Жәке, осыдан енді қалайда құтылайық. Бұдан әрі соза беруге болмайды, бәлеге қаламыз, – деп тағы да айттым.

Жәкең келісімін бергендей болды.

Бір күні Жәкең шаруаларымыне экспедиция басшысы Болатқа кірген екен. Содан шыға сала, маған келіп:

– Тұрсынғали, бүгін осы Болаттың көңіл күйі жақсы. Өткендегі шаруаны оған бүгін айтайық, – деді.

Екеуміз Болатқа кірдік. Ол екеуміздің нағашылы-жиендігіміз бар еді. Соны желеу қылып:

– Болат, саған бір жақсы хабар айтуға келдік, – дедім.

– Айт, – деді ол.

Енді қалжыңды қойып:

– Болат, осылай да-осылай. Мына қойдан құтылайық. Бұдан бізге пайда да жоқ. Баққалы бергі шығынын есептеп шығарып, саған әкеліп отырмыз. Шынында да, мұның әлегі басымыздан асып кетті. Жиналыстарда әңгіме болып жатқанын өзің де біліп отырсың. Халық біз үшеумізді «Малды жеп жатыр» деп әңгіме қылып жатыр. Оны бұдан әрі баға алатын емеспіз, – деп бастыр-малатып, мәселенің төтесіне көштім.

Ол әуелгіде шошып кетіп:

– Қой, онымыз қалай болады? Кішкене кідірейік, – деді.

Ар жағында Х.Өзбекқалиевтен де ықты ма, қайдан білейін?! Әйтеуір бірден кесімді шешімін айтпай, «анау-мынау» деп сөзбұйдаға салып, қала берді. Артынан бұл әңгіме ұмытылып кетті де, тағы да айтуға тура келді. Бұл жолы Жәкең Болатқа:

– Халекене өзім айтамын. Ертең барып, шешіп келемін, – деді.

Сосын Халекеннен келгенде, қойларды қайтадан тапсыратын болып шешіп келді. Артынан Жәкең өзі келісіп, қойларды баяғы алған жеріне апарып тастады. Олармен қалай келіскенін білмеймін. Жалпы, бізден барғанда олар дұрыс мал болып барған жоқ. Әйтеуір біз басы артық машақаттан құтылғанымызға қуандық.

Сөйтсек, әуел баста біз мал бағатын жерді де дұрыс таңдамаған екенбіз. Ол жерге мал бағуға болмайды екен. Исан түбегі уақ мал жаятын жер емес екен. Топырағы ашымық, жан-жағының бәрі – сор, шөп қанша қалың шықса да, оны мал жемейді екен. Біріншіден, шөп ащы. Екіншіден, шілдеде сордың тұзы ұшады. Ол барып, шөптің басына қонады. Оны мал жейді. Сосын түнгі уақытта үнемі тұман болады. Сағат 10-11-лерде күн көтерілгесін, шөптің басына тұман тағы отырады. Ол жақта шыңыраудың тұщы суы жоқ. Ащы сорға жайылған малдың ындыны кеуіп, жаңағы жегені ас болып батпайды екен де, артынан бүйендеп шыға береді екен. Содан мал байғұс қоң ала алмай, арықтай беретін көрінеді. Жалпы, сортаң жерге жайылған қойдың ішкен-жегені өмірінде бойына ас болып жұқпайды екен. Оның бәрін артынан біліп жатырмыз ғой. Сөйтіп, бір маскара болғанбыз.

Енді тағы бір қызығымыз бар.

Жаңағы жоғарыда айтылған нұсқаудың бір бөлігінде «Барлық мүмкіншіліктері бар өндірістік мекемелер елге керекті, халық күнделікті ұстап, тұтынатын бұйымдар жасап, сатсын» деген де тапсырма болды. Енді оны жүзеге асыру керек болды. Мекемеміздің өзінің жөндеу цехы да, шеберханада станоктарымыз да бар. «Сол мүмкіншілігімізді пайдаланып, халықтың күнделікті қолданып жүрген заттары: қақпан, ошақ, мосы жасаңдар» деген тапсырма



берілді. Содан жан-жақтағы бұл кәсіпті білетін кісілерге хабар жіберіп, ошақтың өлшемі, мосының биіктігі, қақпанның түрлері сияқты мәліметтерді жинастырып, бұл шаруаға да белсене атсалыстық. Адам бір нәрсеге ниет етіп, шындап кіріссе, алмайтын қамалы, аспайтын асуы жоқ қой. Бұрын-соңды істеп көрмеген кәсібіміз болса да, қолымыздан келетініне деген нық сеніммен құлшына кірістік. Мосыны жасағанда дәнекерлеу аппаратын пайдаландық. Ол бізге онша қиын тиген жоқ, оңай болды. Сосын қақпанның тышқан қақпан, қасқыр қақпан деген түрлерін анықтап, өлшемдерін алып, қақпан жасауға кірістік. Қолымыздан келгенше қақпанның барлық түрінің қаңқасын, сүйегін жасадық. Бірақ біз үшін ең қиыны – қақпанның серіппесін жасау болды. Серіппені темір ілгішпен қысып, қайырып қояды ғой. Аң немесе жануар аңдамай қақпанның тілін басып қалып, қақпан жабылып қалғанда серіппе тістей қатып, жібермеуі керек. Міне, біз осыны келістіре алмадық. Оны түрлі металдардан жасап көрдік. Біздің қолымызға түскені – машинаның рессоры сияқты қатты темірлер болды. Олар бар болғаны екі-үш рет серпеді де, содан кейін қайтадан шаппай қалады. Маңғыстауға белгілі аңшы Бабық Нұр деген болған ғой. Ол кезде ол кісі өмірде жоқ. Соның Үштағанда балалары тұрады екен. Өзенде де бір баласы бар екен. «Кезінде шалдың жасағанын көрген балалары бар ма, солар біле ме екен?» деп, солардан да сұрастырдық. Сол кезде олардың өзі жігіт ағасы, үлкен адамдар еді. Бірақ арнайылап кісі жібергенімізде, олар да білмейтін болып шықты. «Мұның құпиясын білетін Бозашы бетте бір Жары шал бар» дегенді естіп, оған да адам жібердік. Сол уақытта ол 80-дегі шал екен. Негізінде, қақпан жасаған кезде серіппені бірнеше секунд ауаға ұстайды да, қайта отқа ұстап, суара ма, бірденесі бар көрінеді. Әлгі шал өзі келе алмайтын болғасын, соны айтып жіберіпті. Біреулердің айтуымен оны да, тағы басқа технологияларды да пайдаланып көрдік. Бірақ болмады. Біреулер: «Майға суару керек», – деді. Біреулер: «Суға, ауаға ұстап тұрып, қайта отқа қыздыру керек», – деді. Соның бәрін жасадық. Ақыры қанша әуреленсек те, қақпанның серіппесін келістіріп жасай алмадық.

Бірақ колхоздың жігіттеріне қақпанды да, мосыны да тегін жасап бердік, ақша алғанымыз жоқ. «Оны дүкенге салу керек, сату керек» деген де әңгімелер болды. Бірақ ол кезде ондай керек-жарақтар әркімнің де үйінде бар шығар, қанша саудаға шығарғанмен, біз жасаған мосыны да, қақпанды да алған адам шамалы болды. Барлығы 30 шақтысын жасадық. Бұның бәрі өзіміздің жөндеу-прокат цехымызда жасалды. Қолымызда бар темірлерден сақина тәрізді етіп доға жасап, оларды бір-біріне кигізіп, шынжырлар жасадық. Оларды да малшыларға тегін бердік. Соның бәрін шебердің қолынан шыққандай керемет мінсіз етіп, қарық қылып жасамасақ та, сәл де болса халыққа пайдамыз тигендей болды. Әйтеуір ар жағында ниетіміз құбыла, тілегіміз түзу еді. Көңіліміз бен көкірегімізде «Халыққа тамшыдай болса да пайдасы тиетін нәрсемен айналыссақ» деген ізгі ниет жатыр еді...

Адам-пенденің бес күн тіршілігі тек қана ақ түйенің қарны жарылған ақжарылқап тойлардан, көңілдің сарайын ашқан көрікті сәттерден ғана тұрмайды ғой. Өмір болған соң, қайғы да, қуаныш та қатар жүреді емес пе?! Жәкең қасындағы азаматтардың қабағынан қар жауған қасіреті пен қайғысында да, жүрегі жарыла қуанған шат-шадыман сәттерінде де жағдайларын жақсы түсініп, жанына сүйеу, көңіліне демеу бола білді.

1984 жылы Маңғыстау мұнайын игеру ісінде өзіндік орны бар азамат, беріректе «Өзенмұнайгаз» АҚ басшыларының бірі болған Нури Қайыровтың әкесі Бақытжан деген кісі қайтыс болды. Бақытжан Қайыровтың өзі де Қарақия мұнай барлау экспедициясында басшылық қызмет атқарып, Маңғыстау мұнайын игеруге зор үлес қосқан азаматтардың бірі еді. Сол кісіні ақ жуып, арулап, жерлеу рәсімін Жәкең екеуміз басқардық. Жаназа намазына жиылған адамдар мәйітті жерлеу үшін «Қошқар атаға» алып кеткен кезде Жәкең екеуміз ауылдағы садақаны ұйымдастыру шаруаларымен Ералыда қалып қойдық. «Сүйекшілер енді келеді-ау» деген уақытта қыздар, әйелдер жиналып жатқан. Бір мезгілде бір машина келді. Одан түскен адам бірден Жәкеңе қарай барды. Мен де Жәкеңнің қасында тұр едім.

– Ойбай, Жәке, аяқ астынан мынадай жағдай болды: қайтып келе жатқанымызда жол апаты болып, үш адам қайтыс болды, – деді анау. Төбемізден мұздай су құйып жібергендей болды. Қапелімде не істерімізді білмей, абдырап қалдық. Ең бірінші болып есін жиған Жәкең болды. Сөйтсек, оқиға былай болыпты:

Экспедицияның коммуналдық шаруашылығын басқарған, сол үйдің өздеріне ағайын болып келетін Ибрашев Рашидтің баласы рульде келе жатады. Қасында Атыраудан келген екі құдасы бар, Рашид бар. Күнімен, түнімен садақаның шаруасымен жүріп, шаршаған болар, жүргізуші жолда қалғып кетеді де, машина жолдан шығып кетіп, аударылады. Ішіндегі үш адам: Рашид, Атыраудан келген екі құдасы қайтыс болады. Екі құда да – Бақытжанның кемпірінің інілері. Жердің түбінен бөтен адам жаназаға келмейді ғой, қалай болғанда да, жақын адамдары. Енді не істеу керек? Жәкең бұрын ондайды көрмеген бе, білмеймін, қапелімде терлеп-тепшіп, сасқалақтап:

– Енді қайтеміз, енді қайтеміз? – дей берді.

Бір уақытта ақылдаса келіп, «Рашидтің әйелін үйіне, Ақтауға қайтарып жіберейік» деп шештік. Ол кезде, сірә, қазіргідей заматта хабарласып, жағдайды дереу біліп отыратын ұялы телефон байланысы жоқ. Содан Рашидтің Алматыда ағайындары бар екенін сұрастырып біліп алып:

– Сол кісілер қонаққа келіп, Рекең сол жақта қалып қойыпты. Сізге «Келсін» деп жатыр. Машина дайын тұр, – деп өтірік айтып, жеңгейді Ақтауға аттандырып жібердік. Оған естіртуді Ақтаудағы жігіттерге тапсырдық. Оларға:

– Жеңгейді есіктің алдынан күтіп алып, үйге кіргізіп, «Рашид қайда? Қонақтар қайда?» деген кезде естіртесіңдер, – дедік.

Енді манағы жерлеуге кеткен адамдар келместен бұрын екі құданың қазасын естірту керек. Жасы үлкен көрші әйел адам бар еді. Үйге кіріп келе жатқанымызда, сол кемпір есік алдында отыр екен. Мен оны танитынмын, «құдағай» дейтін едім. Біздің түрімізден бірдеңені сезгендей ол кісі де:

– Не болып қалды? – деді.

«Осылай да-осылай, тағы да бір қиын жағдай болып жатыр, соны айтайық», – дедік. Жаңағы кісі бізбен бірге кірді. Өлік шығарған үйге адамдар келгенде әйелдердің жылайтыны бар ғой. Диванның үстінде Бақытжан Қайыровтың кемпірі отыр еді. Қасында басқа қыздары да бар. Ол жақтың балдары көп жоқтап білмейді ғой, бірақ енді бізді көрген бойда дауыс етіп жатыр. Жылағанда, Рашидтердің хабарын білмейді, бұрынғы ретпен жылап жатыр. Жәкең айтайын деп дайындалып, бірақ сәтін келтіре алмай отыр. Сонда манағы бізбен бірге кірген кемпір:

– Әй, пәленше, немене, қартайған шалды осынша жоқтап?! Тағы бір жағдай болып қалды. Мына кісілер соны айтайын деп келіп отыр. Қой енді, тоқтат! – деді.

Бәкеңнің кемпірі:

– А, не дейді байғұс? – деп, диваннан төмен түсіп, жылауын қоя қойды. Әйелдер жағы жауаңдап бетімізге қарап қалды. Сол кезде Жәкең кемпірдің тоқтағанын, үй ішіндегі жылау-сықтаудың сәл саябырсығанын пайдаланып, жеделдетіп Рашид пен құдалардың көлік апатынан қайтыс болғанын естіртіп, айтып үлгерді.

Содан не керек, манағы жылау жылау ма, сол жерде ұлардай шулаған ұлан айқай, азан-қазан жоқтау болды. Шешесіне ермей, қалып қойған Рашидтің қыздары да бар еді. Олар жер бауырлап жылап, сұмдық трагедиялық қайғылы жағдай болды бұл. Есіме алсам, әлі күнге жүрегім ауырып, бойымды қорқыныш билейді. Асылы, қазақтың «Алла Тағала өлімнің егіздеп кеткенінен сақтасын! Артының қайырын берсін!» дейтіні де осындай көлденең, оқыс оқиғалардан сақтандырып айтылса керек...

Міне, сөйтіп, Жәкең қашанда ел-халықтың басына ауыртпалық түскен осындай ауыр сәттерде азаматтық, ақсақалдық танытып, қазалының көңіліне басу айтып, қаралының көз жасын сүртіп, қандай қиын жағдайда да қалың көпшіліктің, қарапайым халықтың қақ ортасынан табыла білді...

Ол кішіпейіл, артық сөйлемейтін, барлық істі де басқалармен келісіп және келістіріп жасайтын кісі еді ғой.

## **ЖАНАБАЙ САЛИМГЕРЕЕВ – МОЙ КОЛЛЕГА И ДОБРЫЙ ТОВАРИЩ**

**Виктор Васильевич НЕЧАЕВ,**  
*Лауреат Государственной  
премии СССР.*

Нефтеразведчики Мангистау и знаменитого Орденоносного треста «Мангышлакнефтегазразведка» с гордостью вспоминают своих коллег, которые во второй половине двадцатого века совершили великий подвиг в деле открытия в Западном Казахстане в пределах Эмбенского нефтегазоносного региона и Мангистау новых нефтяных провинций, что позволило Казахстану выйти на третье место в Советском Союзе по запасам и добыче нефти и газа.

Их имена известны – они навечно занесены в Нефтяную Энциклопедию Казахстана.

Я же хочу вспомнить и рассказать об одном из таких заслуженных работников, отдавших более пятидесяти лет делу освоения нефтяных богатств в Западном Казахстане – имя его Жанабай Салимгереев.

Первое наше знакомство с Жанабаем Салимгереевым состоялось в 1955 году в поселке Кульсары Жилокосинского района Гурьевской (ныне Атырауской) области, где он работал начальником автотранспортного цеха Кульсаринской конторы глубокого бурения. В этом году, я возвратился в Казахстан из Горьковского Геологического управления после отработки там в течение пяти лет, и направлен трестом «Казнефтеразведка» на работу в Кульсаринскую контору бурения.

Работая старшим геологом управления конторы бурения, мне часто приходилось общаться с Жанабаем Салимгереевичем в части использования автотранспорта и спецтехники на наших разведках для доставки различных грузов, бурового оборудования, цементировочных агрегатов, цементосмесителей для цементиро-

вания скважин. Надо сказать, что автотранспортный цех Кульсаринской конторы бурения, которым руководил Жаңабай Сәлімгереевич, считался одним из образцовых в системе треста «Казнефтеразведка».

В Кульсарах, я и моя супруга Лидия Николаевна, познакомились с супругой Жаңабая Сәлімгереевича – Агибой и их семьей. Нас сближало и то, что мы оба были участниками Великой Отечественной войны. Так мы работали в Кульсарах вместе в течение семи лет, до 1962 года. Так случилось, что мы, в том же 1962 году вместе оказались на Мангышлаке. В то время на Мангышлаке трестом «Мангышлакнефтегазразведка» были открыты два крупных нефтегазовых месторождения Узень и Жетыбай и работы по их освоению и подготовке запасов нефти и газа проводились с большим опозданием, срывался график буровых и опробовательских работ. В это время в тресте «МНГР» не хватало рабочих кадров – буровиков, механиков, автотранспортников, но и опытных руководителей подразделений и инженерно – технических работников. Буровики часто простаивали из-за несвоевременной доставки материалов, бурового оборудования, ГСМ. Ощущался острый недостаток автотранспорта, особенно высокой проходимости. В это трудное время для треста «МНГР» нас – Жаңабая Сәлімгереевича и меня – Нечаева Виктора Васильевича Западно – Казахстанское Геологическое управление в середине 1962 года направляет на Мангышлак. Жаңабая Сәлімгереевича на должность директора автотранспортной конторы треста, а меня – начальником геологического отдела и зам. Главного геолога треста «МНГР».

Направляя нас на Мангышлак, ЗКГУ считало, что мы работая каждый на своем месте, будем принимать действенные меры по ликвидации отставания в проведении геологоразведочных работ трестом «МНГР».

Надо сказать, что с прибытием на Мангышлак, Жаңабай Сәлімгереевич, как директор автотранспортной конторы, имевший солидный опыт, связанный с автомобильным транспортом, смог выправить создавшееся положение в деятельности автотранспорт-

ной конторы, в результате уменьшились до минимума простои буровых по причине недовозки необходимых материалов.

Затем Жанабай Салимгереевич был назначен заместителем управляющего трестом «Мангышлакнефтегазразведка» (в последствии переименованного в Комплексную экспедицию «МНГР»). Он всегда был правой рукой управляющего трестом Узбекгалиева Халела Жагапаровича. Постоянно проявлял свои организаторские способности для мобилизации коллектива на новые свершения. С его участием решались основные производственные и социальные вопросы. Он внес серьезный вклад в создание и развитие поселков разведчиков – Старый Жетыбай, Ералиево (ныне Курык – райцентр) – базовый поселок нефтеразведчиков.

Назначение на должность заместителя управляющего трестом «МНГР» Жанабая Салимгереева основывалось на его производственном опыте работы на Эмбе и автотранспортной конторы на Мангышлаке, умении организовывать работы всех служб треста, его высокой эрудированности в области снабжения всем необходимым для проведения нефтепоисковых и разведочных работ.

Для Жанабая Салимгереева хорошей школой закалки были 60-70-ые годы двадцатого столетия, когда он работал заместителем управляющего трестом, а работы проводились на полуострове Бузачи и Северном Устюрте, когда открывались новые месторождения нефти и газа и когда приходилось отдавать все свои силы и знания ради этого великого дела.

Я знаю Жанабая Салимгереевича очень много лет и он представляется мне как человек, преданный своей работе, неутомимый труженик, требовательный к себе и другим, он пользовался большим авторитетом среди коллектива треста «МНГР». Я безмерно благодарен судьбе, которая предоставила мне возможность долгие годы работать с прекрасным, доброй души человеком.

Жанабай Салимгереевич более полувека проработал в системе Министерства Геологии СССР, из них более тридцати лет – на Мангышлаке, его отличала верность и преданность избранной профессии. Не смотря на свою постоянную занятость, Жанабай

Салимгереевич находил время заниматься общественной работой. Он неоднократно избирался в партийно – советские органы – был депутатом областного, городского, поселкового совета народных депутатов.

За заслуги на фронтах Отечественной войны и в труде, Жанабай Салимгереевич награжден Орденами «Красной Звезды», Отечественной войны 2-ой степени, «Знак Почета», медалями «За трудовое отличие», «За доблестный труд», «За заслуги в разведке недр» и др.

У Жанабая Салимгереевича прекрасная, дружная семья. У них с Агибой пятеро детей, которые получили хорошее образование и у детей уже свои дети, растут внуки и правнуки.

С сожалением приходится констатировать, что в настоящее время уже нет с нами нашего уважаемого товарища, коллеги Жанабая Салимгереевича. Он ушел из жизни в 1996 году. Память о нем у нас останется навсегда.

## **НАСТОЯЩИЙ ЧЕЛОВЕК, ДОСТОЙНЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ**

**Нина Ивановна ТОКАРЕВА,**  
*ветеран трудового фронта, пенсионерка.*

Жанабая Салимгереевича я знаю с 1962 года, когда он приехал на работу в Ералиево из Гурьева (Атырау) сначала директором автотранспортной конторы (АТК), а затем заместителем начальника треста «Мангышлакнефтегазразведка» («МНГР»). Он вплоть до пенсии работал в этой должности.

А работать приходилось в очень сложных природно-климатических условиях. Именно Жанабай Салимгереевич организовывал быт и рабочие места геолого-разведчиков. Сначала жили на барже, затем в землянках, пока не построили рабочий поселок Ералиево. Он организовывал доставку продуктов в поселок из



Махачкалы и Атырау. Водным путем, ведь железной дороги не было, рейсового автотранспорта тоже не было. А сколько было радости, когда к 8 марта он организовал доставку мороженого из Махачкалы!..

Жанабай Салимгереевич был всегда правой рукой первого руководителя треста «МНГР». За трудовые заслуги он был награжден «Знак Почета», «За трудовые отличия», «За доблестный труд». Будучи на пенсии он не терял связь с геолого-разведчиками, интересовался их бытом, по возможности помогал советом и чем мог.

Мы помним Жанабая Салимгереевича как чуткого отзывчивого человека и желаем доброго здоровья и всех земных благ его многочисленным родственникам.

## КІСІЛІГІ МОЛ АЗАМАТ

**Қамқа ҮМБЕТАЛИНА,**  
*Қазақстанға еңбегі сіңген  
геолог барлаушы, КСРО жер қойнауын  
барлау ісінің үздігі.*

Мен 1945 жылы Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жапон соғысы біткен соң, қазіргі Атырау, сол кездегі Гурьевке келдім. Алдында соғысқа да сол Гурьевтен алынғанмын. Әке-шешем ертеде қайтыс болған. Мектеп қабырғасында оқитын екі інім мен бір сіңлім бар еді. Оның біреуі мен жоқта іш аурудан қайтыс болыпты, қалған сіңлімнің жасы 14-те де, інім 10-да. Екеуі де әркімнің үйінде жүр.

1900 жылы туған Қойшы Сарбөпин деген немере ағам болды. Менің әкем мен Қойшы ағайдың әкесі бірге туған. Мен соғыстан келгенде ол кісі 45-те екен, Гурьевтегі Қазақстан мұнайы бірлестігі жоспарлау бөлімінің бастығы. Жататын үйіміз жоқ, сол кісінің үйіндеміз.

Бір күні ағамның үйіне досы Сапар Қарымсақов келді. Ол –

1935 жылы Әзізбеков атындағы Баку өндіріс институтын бітірген үлкен маман, сол кезде Қазақстан мұнайы бірлестігі орталық ғылыми-зерттеу лабораториясының бастығы. Оның басқарып отырған лабораториясында Москвадан, Ленинградтан келген, кілең кезінде соғыстан қашқан оқымыстылар жұмыс істейді екен. Қойшы ағам:

– Мына қарындасымды 10-класс бітіргесін армияға алып кетіп еді, жақында ғана келді. Ана лабораторияға лаборант қылып жұмысқа алшы, – деді.

С.Қарымсақов:

– Жақсы, ертең келсін, алам, – деді.

Лаборатория ағамның үйіне жақын екен. Таңертең барсам, лабораторияның меңгерушісі кезінде ақ патшаның уағында Ленинградтағы «Благородная девицаны» бітірген Надежда Андреевна Маргацкая деген химик екен. Оның дипломының сыртында патшалық Ресейдің ең беделді жоғарғы оқу орнының белгісі – екі басты самұрықтың суреті бар еді. С.Қарымсақов сол Н.Маргацкаяға:

– Мына қыз жақында соғыстан оралған. Осыны лабораторияға лаборант етіп алайық, – деп еді, анау:

– Алмаймын, – деп, бірден азар да-безер болып, қарсы болды.

– Неге?

– Өйткені, сіз осыған дейін де үш қазақ қызын алып едіңіз. Олардың бәрі лабораторияның жұмысын «лас» деп, жасағысы келмей, жиіркеніп, шығып кетті

– Жақсы, бара беріңіз, – деді де, ол кеткесін, С.Қарымсақов маған қарап:

– Қарындас, жаңағының не айтып кеткенін естіп отырсың ғой. Бұлардың бәрі – соғыстан қашқан адамдар. Олар ертең елдеріне кетеді. «Осылар кетпей тұрғанда қазақтың ұл-қыздары бірденені біліп, үйреніп қалсын, мамандық алсын» деп, қазақтың қыздарын, балаларын жұмысқа аламын. Бірақ олар қиындыққа шыдамай, шығып кетеді, – деді.

– Ағай, мен шықпаймын, ондай саздың балшығынан қорықпаймын, – дедім мен.

– Оны «техникалық балшық» деуге болмайды. Балшық деген ауруханада болады. Ал мынаны жуып тастасаң, кетіп қалады. Сонымен жұмыс істейсің бе?

– Істеймін, жұмыстан шықпаймын. Қалайда сол мамандықты игеруім керек.

– Е-е, міне, мұның жөн. Дұрыс айтасың, – деді де, хатшысына:

– Кадр жөніндегі инспекторды шақыр, – деді.

Лезде бір қазақ жігіт жетіп келді,

– Мені директор қылып отырғызғанда бұл жерде бірде-бір қазақ жоқ екен. Мына жігітті де мен келгесін алдым. Мынау – қарындастың арызы, сазды цемент ерітіндісі лабораториясына жіберіңіз, – деді,

– Болады. Қарындасыңыз таңертең 9-да жұмысқа шықсын, – деді анау.

Үйге келгесін ағам:

– Жұмысқа алды ма? – деп сұрады,

– Бір кемпір «Алмаймын» деп әрі-бері қарсы болды, – деп, болған жағдайды айтып беріп едім, Қойшы ағам:

– Ол айта берсін, ол кемпірдің сөзі не керек?! Директор Сапар алса, болды ғой, – деді жайбарақат..

Сол жолы Сапар Қарымсақов ағаның маған айтқан мына сөзін үнемі жадымда тұттым: «Қазақстан мұнай өндіруден Кенес Одағы бойынша бесінші орын алады. Бәрібір Өзбекстанның артында. Сендер – 20-дан жаңа ғана асқан жассындар. Сондықтан білекті сыбанып, мұнай өңдеуге кірісіңдер. Өйткені, бізде жер астында жатқан мұнай көп. Осы әліппесінен бастап мамандықты игеріңдер», – деген еді ол.

Кезінде Москваның бір белгілі профессоры маған:

– Бұрғылау ерітіндісін таңдаған адам – ең бақытсыз адам. Өйткені, бұрғылау ерітіндісі ешбір фундаментальды ғылымға бағынбайды. Бұл 3 ғылымды қамтиды: химия, геология, физика. Соны жақсы білетін болсаң, содан хабарың болса ғана жақсы маман боласың, – деген болатын.

– Жок, мен оны білемін, үйренемін, – деген едім.

Содан күн-түн демей, жатпай-тұрмай үйреніп, техникалық кітапханаға жазылып, жан-жақты ізденіп, оқи бастадым. Америкалық ғалымдардың еңбектерін орысша аудармасынан өз бетіммен оқыдым. Екі жыл жұмыс жасағаннан кейін, аналардың қатесін таптым.

Бұл оқиға былай болды:

Ол кезде Татарстаннан құрылысқа арналмаған, біздің жұмысқа арналған цемент шығарылатын. Ол неғұрлым суда көп тұрса, темір құсап қатая береді. Соның ГОСТ-ы – мемлекеттік стандарты бар, жақшаның ішінде кішкене жазумен «Отклонение от ГОСТа преследуется законом» деген жазуы бар. Онда цементті қандай қысымда ұстайтындығы, қай уақытта қататыны туралы қолмен қойғандай етіп жазылған. Неге екені белгісіз, Н.Маргацкая басқаратын біздің лаборатория осы цементті үнемі «пайдалануға жарамсыз» деп, кері қайтара берді. Қаншама тонна қымбат цемент жарамсыз болып, өз мақсатына пайдаланылмай, құрылысқа жұмсалды.

Екі жыл Америкада болып, тәжірибеден өтіп келген бұрғылау бөлімінің бастығы Николай Кондратьевич Шевченко деген орыс бар еді. Сол қайта-қайта шауып келіп:

– Сендер бұл цементті неге «жарамсыз» дейсіңдер? Маған Татарстандағы цемент зауытының директорынан хат келіп жатыр. Ол: «Әзірбайжанда, Өзбекстанда, Түркіменстанда, Шешенстанда, Ресейде жарамды цемент Қазақстанда неге жарамсыз болып қалады?» – деп, маған айқайлап жатыр, – деп, шыж-быж болып, күйіп-пісетін.

Бұған жауапты адам бар ғой, сондықтан мен үндемей отыра беретінмін. Бір күні маған:

– Бүгін сен кезекші боласың, – деп әлгі кемпір (Н.Маргацкая) лабораторияға жалғыз өзімді қалдырып кетті. Ол уақытта Кеңестер Одағында прибор жоқ, бізде ондай химиялық құрал-жабдықтар шығарылмайды. Барлық приборлар – Франция, Америка, Германия елдерінікі. Содан әлгі цементтің ГОСТ-ын қарап отырсам, екі жерде 2 прибордың көрсеткіші тұр. Стандарт бойынша, ұзын при-

борды 1/7-ге, қысқасын 1/2-ге көбейтеді екен. Ал біздікілер ГОСТ-тағы нұсқауды дұрыстап оқымаған. Қысымды тек қана 1/2-ге көбейтеді екен де, қоя қояды екен. Сөйтiп, қысым жетпегендіктен, цемент осыған дейiн жарамсыз болып есептелiп келiптi.

Таңертең бәрi келгенде мен:

– Цемент жарамды, – дедiм.

32 жастағы Василий Григорьевич Бенковский деген Одессаның жiгiтi менi «Кама» дейтiн.

– Кама, как годно? – дедi таң қалып.

Мән-жайды бiлгесiн, бұрғылау бөлiмiнiң бастығы аналарға келiп, айқайға басты:

– Мен бәлен мың тонна цементтi «Бiзге жарамайды екен» деп, құрылысқа бердiм. Ендi мынаны «жарамды» деп отырсындар. Бұлардың бәрi – бiр партия ғой. Ай, бәсе, зауыттағылардың ұрсуы дұрыс екен-ау... Кiм тапты мына қатенi?

– Мен.

– Қайдан келдiң?

– Армиядан.

– Қайда оқисың?

– Технологиялық мұнай техникумының кешкi бөлiмiнде.

– Сендердiң қателерiңдi табу үшiн мына қыз армиядан келуi керек болды ғой, – дедi ол аналарға қарап. Сосын менен:

– Қанша айлық аласың? – деп сұрады.

– 650 сом.

– Бiзге iшiнде су жаңа приборлары, барлық жабдықтары бар жаңа лабораториялық машина келдi. Соған барасың ба? Онда 1350 сом айлық аласың, «ГАЗ-51» машинаң, шоферiң, қасыңда 2 лаборантың болады.

– Барамын, – дедiм.

Өйткенi, бала-шағаны асырауым керек, қарауымда екi бала – iнiм мен сiңлiм бар ғой.

Сонымен не керек, жұмыс жасап кеттiк...

Ол кезде бiзсiз – бұрғылау ерiтiндiсi маманының қорытындысынсыз 1 метр де жер қазылмайды. Бұл мамандықтың құпиясын ешбiр институт үйретпейдi. Институтта оқыған бiр басқа да,

өмірдегі тәжірибе бір басқа. Мен Москваға барып, техникалық әдебиеттерді оқып, анда-мында іссапарларға барып, аударма кітаптарын оқып, әбден маман болып алдым. Осы салада 45 жыл жұмыс жасап, 67 жасымда зейнеткерлікке шықтым. Мекемем жұмыста жүре тұрғанымды жақсы көріп еді, өзім: «Шығамын», – дедім. Сол кездегі КСРО Министрлер Кабинетінің басшысы Рыжков деген кісі бізге 3500 сом зейнетақы тағайындап еді, Кеңес өкіметі құлағасын, ол да жойылды...

Бірді айтып, бірге кетемін-ау, негізгі тақырыбыма оралайын.

Сонымен не керек, 1957 жылы Маңғыстауға келіп, трест ашылды. Әуелі Бердіғожин деген бастық болды. Ол жұмысты дұрыс істей алмады, жұмыс жүрмеді. Сосын Доссордан 29 шақырым жердегі «Заңғар» деген разведканың бастығы, Москвадан оқу бітірген мұнайшы, 1928 жылы туған, 31 жастағы Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиевті осында жіберді. Бұл 1959 жыл еді.

Ол кезде Маңғыстауда Форт-Шевченкодан басқа жер елсіз ғой. Әлі мұнай көзі ашыла қоймаған кез. Елдің жағдайы өте нашар, тіпті райкомның контторының өзі қи жағады, көмір жағуды білмейді екен.

«Көмір» дегеннен шығады, мына бір оқиға есіме түсіп отыр. Мен – ол кезде лабораторияның бастығымын, бұрғылау ерітіндісімен жұмыс жасаймын. Ол күнде темір жол жоқ қой. Жүктерді Аташқа үлкен 100, 200 тонналық баржамен тасиды. Бірде біз баржамен химиялық ерітінділерді, тағы да басқа құрал-жабдықтарды жіберіп жатсақ, Х.Өзбекқалиевтан жеделхат келді: «Жүктің бәрін тиендер. Көмір жағатын подтубалкасы, тепкісі, плитасы бар 3 пешті тиендер. Сосын 300 тонна көмір тиендер. Механикалық көмірдің керегі жоқ, жалтыраған Қарағандының тас көмірін тандап салыңдар» депті. «Мәссаған, мына Халекен әбден жұмысты қойған ғой. Мынасы несі?!» – дедік. Сөйтсек, мұның мәнісін артынан білдік қой, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ибаш Жанболатова шаруасымен Халекенді шақырып алса, райкомның контторынан қидың, қамыстың исі шығып тұрған көрінеді. Содан Халекен бізге көмір мен оны жағатын пештерді

тиеуге бұйрық беріпті. Баржа келді. Біз барлық затымызды тиемей, жинап қойдық та, Халекеннің айтқан көмірін тиедік. Енді басқарма бастығы солай дегесін, амал бар ма?! Ол кезде қазіргідей емес, бұйрыққа қатаң бағынатын уақыт қой. Сөйтіп, Халекеннің бастамасымен Форт-Шевченконың халқы үйлерінен көмір жаға бастады...

Халекен Жәкенді – Жаңабай Сәлімгереевті бұрыннан біледі екен. Жәкен ол кезде Құлсарыда АТК-нің (автотранспорт кәсіпорнының) бастығы еді. Халекен Батыс Қазақстан геологиялық зерттеу институтының басшылығына: «Маған транспорт пен шаруашылықты басқаратын жалпы мәселелер бойынша орынбасар етіп Жаңабай Сәлімгереевті беріңдер», – депті. Ол уақытта «Маңғыстауға сұраған кадрды ешқандай сылтаусыз, қарсылықсыз жіберіп тұрыңдар» деген Мәскеудің бұйрығы бар. Сөйтіп, 1959 жылы Х.Өзбекқалиев Құлсарыдан Жәкенді алдырды.

Жәкен – өмір бойы АТК басқарып келген адам, мұнайшы емес. Бірақ сол басқарма бастығының орынбасары қызметін өзі зейнеткерлікке шыққанша соңына дейін абыроймен атқарып, өзіне тапсырылған міндетті қалтқысыз орындады.

Ол сағатқа карамайды, уақытпен санаспайды, күндіз-түні жұмыс жасайды.

Осы жерден 550 шақырым қашықтықта, Оңтүстік Үстіртте Ақсексеуіл деген жерде бұрғылау алаңы бар, Темір бабаның арғы жағында, Түркіменстанның территориясында Аламұрын дейтін, Бейнеуден 60 шақырым жерде Шаршықұдық деген бұрғылау алаңдары бар. Әрбір бұрғылау алаңы мен учаскенің арасы – 500 шақырым, тіпті кейбірі 1000 шақырым. Соларға тұрбалар, моторлар, жанар-жағармай, солярка, әуе көлігінің майы, вахтаға вагон, оны жылытатын отын, тағы да басқа әртүрлі құрал-жабдықтар апару керек, жұмысшылардың асханасын жабдықтау, тамағы, басқа да керек-жарақтары – соның бәрі Жәкеннің мойнында болды. Кешенді экспедицияның АТК-1, АТК-2 деген екі көлік мекемесі болды. Екеуі де Жәкеңе бағынатын. Соның барлығының жұмысын жүргізу де Жәкеннің шаруасы еді.

Менің Жәкеңе таң қалатыным: экспедицияда қаншама шофер-

лер, тракторшылар, кран жүргізушілері, тягач деген ауыр машинаның жүргізушілері, бульдозершілер болды, солардың бәрінің, әрбір шофердің атына, фамилиясына дейін жатқа білетін. Олардың әрқайсысының қай жерде сынып қалғанын, қай жерде тұрып қалғанын бес саусағындай біліп, оған қандай көмек керек болса, соны дереу ұйымдастыратын. Далада қалған шофердің атымен қоса фамилиясын да жатқа біледі, соған вертолет жіберткізеді, ұшқанда қара жоқ, мидай далада, елсіз жерде қалдырмай, қалай болса да сол адамды алдыртады. Жәкең – өмірінде ешуақытта блокнот ұстамаған адам, бәрін есінде сақтайды. Ол өте жады мықты адам болатын. 1000 шақырым жерге кімді жібергенін, машинаның нөмірі мен шоферіне дейін шатастырмай айтып отыратын.

Сосын Жәкең – қайтсе де уәдесін орындайтын, айтқанын істейтін кісі. Қашанда бастығы Х.Өзбекқалиевтің аузына қарайды, соның тапсырған шаруасын мүлтіксіз орындап, оң қолы болған адам.

Бас инженер технологиямен айналысады, шаруашылықты ұйымдастырады. Мидай далаға бұрғылау қондырғысын апарып, орнатады. Барлау-бұрғылау жұмыстары өте қиын ғой. Терең бұрғылаудың тереңдігі – 4000-5000 метр. Бұрғылаудың ең тайызы – 3000 метр. Бұрғылау монтажи кезінде 25 тоннаны көтеретін кран керек. Бір бұрғылау, бір терең бұрғылау – толық зауытпен бірдей. 8 танкалық моторды қояды, әрбір моторда 450 аттың күші бар. Бәлен мың метр жердегі бәленбай тонна құрыш тұрбаны көтеріп, қайтадан ана жерге жіберіп, қазу оңай шаруа емес. Транспорт та онша көп емес, нормамен беріледі, болғанының өзі күнде сынып қалады. Ол күнде бәрі Мәскеуге бағынады, барлық техника, керек-жарақтың бәрі орталықтың рұқсатымен ғана бөлінеді. Қондырғы барғасын, ол жерге ауыз су апару керек, тамақ апару керек, асхана вагонын қою керек, жанар-жағармай керек, бәрі керек қой. Соның бәрімен қамтамасыз ету Жәкеңнің мойнында болды.

Сондай кездерде мен Жәкеңе таң қалып:

– Жәке, осының бәрін жазып алатын блокнотың бар ма? – десе:



– Блокнотты мен неғылам? – деп күледі...

Ол кезде Маңғыстауда Кавказ халқының, басқа да ұлттардың өкілдері көп болатын. «Біздің қазақ байғұстар теңіздің арғы жағына барса, мыналардай болып күн көре алмайды. Осы жерде, өзінің атамекенінде үйіндегі 5-6 баласын бағып, аузына келіп тұрған тамағы – жерінің байлығын өздері игергеніне де шүкір» дейтін Жәкең. Ол кезде орыстар бөлек, қазақтар бөлек, кавказдықтар бөлек, әрқайсысы өз алдына бір бригада болатын. Бұрғылау алаңына іссапарларға барғанда сол бригадаларға тапсырма жазамыз. Мен, мысалы, ерітінді жөнінде жазамын. Сондай кездерде Жәкең ешуақытта тапсырма жазбайды, ол кісі тапсырманы ауызша береді. Бізден:

– Не жазып жатырсындар? – деп сұрайды.

Мән-жайды білгесін:

– Сендер қиын жұмысты орыстар мен кавказдықтарға жазындар. Олар жұмыскер ғой, бітіреді. Қазақтарға оңай жұмыс қалсын, – дейді. Жәкең айтқасын, солай істейтін болдық. Сонда ана орыстар немесе басқа ұлт өкілдері: «Қиын жұмысты неге бізге жасатып жатыр?» – деп бір ауыз сөз айтпайды. Ешқайсысы Жәкеңе қарсы келе алмайтын. Қазір айтуға болатын шығар, ол кезде мұндайды айтпақ түгілі, ойлаудың өзі қорқынышты еді ғой. «Қанына тартпағанның – қары сынсын» дегендей, Жәкең қазақтарға қатты жаны ашитын, сондай ұлтшыл адам еді.

Жәкең – кітап жазуға тұратын, тірлікте тындырған ісі мен жасаған жақсылығы бір кітапқа жүк болатындай адам. Ол ешқашан асықпайтын, мінезі сабырлы, «Бастыкпын» деп айқайлап, дауыс көтермейтін. Қолынан келгенше кімге де болса көмектесуге әзір тұратын. Осы сөзіме дәлел ретінде кішкентай ғана бір мысал айтайын:

Менің Қадірбек деген балам Ералиевте аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы болып жұмыс жасады. Бір күні аудандық комсомол ұйымының бірінші хатшысы «Сенектің арғы жағындағы бір колхозға барып кел» деп түү жердің түбіндегі, қиырдағы бір ауылға жұмсапты. Мен Жәкеңе келіп:

– Жәке-ау, мына бала орысша оқыған, ана жақтың бәрі – қазақ.

Ол жерге автобус бармайды екен. Ол тіпті адасып кетуі де мүмкін ғой. Осыған барып келуге бір машина беріңіз, – дедім. Жәкең сөзге келместен, оперативті машинасын берді. Шоферге:

– Осы баланы апарып, алып келесің, – деп, шегелеп тұрып тапсырды. Сөйтсе, шофердің ол жерде тумалары мен таныстары көп екен, бұларға шәй қайнатып, ет асып, дұрыстап күтіп, қонақ қылып жіберіпті. Балам екі күн жүріп, тиісті құжаттарын түгендеп, шаруаларын бітіріп келді. Ол жұмысқа да баламды Жәкең мен Х.Өзбекқалиев айтып, алдырған болатын. Баламның мамандығы тарихшы еді, кейін қайтыс болды.

Жәкең ешуақытта «Мен шаршадым, мына жұмыс қиын» деп, ауыртпалықтан қашпайтын. Немесе «Мен ананы істедім, мынаны істедім» деп мақтанбайтын. Ол өмірде өте қарапайым болды. Сондай-ақ айналасындағы адамдарға мейірімді, жақсылық жасауға, қол ұшын беруге дайын тұратын кісі еді.

Бірде мынадай бір қызық оқиға болды:

Қазіргі күні өсіп қалған бала-шағасы бар шығар, аты-жөнін айтпай-ақ қояйын, Жәкеңнің бір жақын немере інісі бар еді. Оның мамандығы – оқытушы, физик-математик. Бізге жоспарлау бөліміне жұмысқа кірді. Соның әйелі – менің руласым, мені «Апа» деп, жақын тұтатын. Үй болғасын, ыдыс-аяқ сылдырламай, ерлі-зайыптылар ренжіспей тұрмайды ғой. Сол бір күні маған келіп: «Ана күйеуім өйтеді-бүйтеді. Апа, арыз жазып берші. Мен оны сотқа беремін», – деді. Мен де Гурьевте жұмыста кілең орыстың арасында болғанмын, қазақтың жайын онша жөнді біле бермеймін. Әйелінің айтуы бойынша күйеуінің үстінен сықитып тұрып, көшқұлаш қылып сотқа арыз жазып бердім.

Ол кезде Жәкең Ақтауда (сол кездегі Шевченкода), біз Ералиевте тұрамыз. Содан әлгі әйел қолында арызы бар, Жәкеңнің үйіне келіпті.

– Аға, мен ініңіздің үстінен сотқа арыз жазып әкелдім, – дегенде, Жәкең:

– Не дейді? – деп шошып кетіпті.

– Арызды кім жазды?

- Қамқа апам жазды.
- Құдай ұрсын оны! Ешқандай сотқа берме! Ауылға қайт. Онымен өзім сөйлесемін, жөндеймін, – депті.
- Содан сіңліміз Ералиевке қайтып келді.
- Арыз қайда? – десем:
- Жәкеңде, – дейді.
- Сен сотқа бармайтын ба едің? Ол үйге неге бардың? – десем:

– Түс болғасын, шәй ішейін, бір жағынан оларға да жолығып кетейін деп барғам, – деп қарап тұр.

Мен де қайбір оларды айыра қояйын деп жүр дейсің?! Туған сіңлімдей болып кеткен адам жылап келіп, жағдайын айтқасын, аяп кетіп, жаным ашып, күйеуінің көзін қорқыту үшін арыз жазып бергенім ғой. Әйтпесе, олардың бірге тұрғанына бірнеше жыл болған, 2-3 баласы бар адамдар еді. Бір ғажабы – Жәкең кейін бұл туралы маған «Ол неғылғаның?» деп, бір ауыз лим-мим деп әңгіме айтып, тіс жарған жоқ. Сонымен не керек, Жәкеңнің арағайындық, бітімгершілік әңгімесінің, ағалық қамқорлығының арқасында кейін олар татуласып, тым жақсы отбасы болып, бірге тұрып кетті...

Арада ондаған жылдар өткен соң, 1995 жылы арнайы Геология министрлігінің шақыртуымен Виктор Васильевич Нечаев, Жәкең және мен үшеуміз Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерейтойына Алматыға бардық. Сонда байқағаным – Жәкеңнің құлағының естуі кішкене нашарлап қалған екен. Менен: «Анау не айтты, мынау не айтты?» деп сұраумен отырды.

Жиынға барлаушылардан 450 адам жиналды. Ол кезде Х.Өзбекалиев – министрдің орынбасары, министріміз – артынан Атыраудың әкімі болатын Серікбек Дәукеев деген жас жігіт. Салтанатты жиналыста Халекен сахнаға шығып, мен жайында:

– Мына кісінің техникалық орта білімі бар. Бірақ бұның Мәскеу оқымыстыларының қателігін жөндеуге білігі жетеді, – деп мақтады.

Сосын Жәкеңді тұрғызып:

– Жәкең ешуақытта «Мына жұмыс қиын, болмайды» деп айт-

пайды, қолынан келгенінше орындайды. Сосын бұл кісінің есте сақтау қабілеті өте күшті. Блокнот алып, бейнетке қалмайды, бәрін басында ұстайды. Жәкең бізде жұмыс жасаған кезде бұрғылау алаңдарына жақсы жағдай орнатып, асхана ашып, барлаушы мұнайшыларға баспана жасады, бұрғылау алаңдарын деруақытында керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп отырды. Маңғыстау мұнайының игерілуіне, қазіргідей қара алтынның игілігін көріп отырғанымызға, сонын бәріне осы кісінің еңбегі өте зор, – деді.

Жәкең екеуміз президиумда отырдық, В.Нечаев залда отырды.

Жиналыстан кейін бәрімізді мейрамханаға шақырды. Отырыс өте көңілді өтіп жатты. Роза Рымбаева бастаған еліміздің белгілі әнші, күйші, өнер саңлақтары бірінен кейін бірі өнерін шашу етіп, думанды қыздырып жатыр. Дастархан басында менің бір жағымда Х.Өзбекқалиев, бір жағымда Жәкең отырған. Халекең айтты:

– Қамеке, ана орыс шалдар қазір арақ ішіп алып, даурығады. Олар мас болмай тұрғанда тұрып, сөйлеңіз, – деді.

Мен С.Дәукеевке:

– Мен бір ауыз әңгіме айтайын, ана жерге алып барыңыз, – дедім. Министріміз өте елгезек екен.

– Сөйлеңіз, апа, сөйлеңіз, – деп, мені сахнаға жетелеп алып барды.

Алтын, мыс сияқты қымбат металл іздейтін барлаушылардың бәрі мақтаншак, кілең бір даурыққан орыс шалдар екен. Қасымда министр Дәукеев тұр, залда Халекең мен Жәкең отыр, мен неден қысылайын, сахнаға шықтым да, екпіндеп сөйлеп кеттім:

– Товарищи, геологоразведчики, коллеги наши! Когда вы выступаете, забываете одну вещь: полезное ископаемое номер один, это – нефть. Золото, уголь, железо тоже нужны. Но без нефти они будут мертвы, ваш механизм не будет работать. Вы лопатой не будете копать землю 50-100 метров. Вы все хвалитесь, что добываете золото, борат, железо, медь. Но без нефти вы ничего не можете делать, потому что без нефти у вас ни бульдозер, ни станок не будут работать – если не будет горючего, нет солянки и нет

бензина. В следующий раз вы не забываете об этом! Мы – нефтяники, но не добычники, а разведчики, – дедім.

Бәрі жаппай қол соғып, сөзімді құптап, шулап кетті.

– Шындығында да, біз тіпті мұнайды айтпаймыз ғой, – деп мойындады орыстар.

– Бұл – сіздердің қателіктеріңіз, – дедім мен...

...Жәкең қайтыс боларының алдында қатты ауырып жатқанда Ақтаудағы 14-шағын ауданның 19-үйіндегі мекен-жайына көңілін сұрауға бардым. Барсам, Ғизат деген бастық жігіт отыр екен (ол жігіт те кейін қайтты ғой).

– Ғизат, әзірлене бер. Мен – енді ел қатарына қосылмайтын адаммын, – деді Жәкең.

– Неге олай деп айтасың? – дегенімізде:

– Жоқ, босқа көңіл жұбатып не керек?! Өзім сезіп, біліп жатырмын ғой, – деді. Сонда өзі де құр емес, қасиетті кісі, ажалдын жақындап қалғанын алдын-ала сезіп жатыр екен ғой.

Ғизат та әлі көп ештеңені біле қоймайтын жастау жігіт қой:

– Бәрі әзір, қойды семіртіп, тайды жемдетіп жатырмыз, – деп қояды. Ол күнде қазіргідей емес, тамақ та тапшылау, қиындау заман ғой.

– Ой, Жәке, оны қойшы, біз әзірміз ғой, сіз әлі жазыласыз, – деп жұбатқан болдық...

Жәкеңнің Максұт дейтін баласы болды. Алматыдағы политехникалық институтты бітірген, сауатты, жан-жүрегі таза, тәрбиелі, дұрыс бала еді. Талай рет менің баламмен бірге үйге келіп, шәй ішіп кетіп жүрді. Кейін үйленген соң, біраз уақыттан кейін таңертең Ералиевке жұмысқа бара жатқанда жолдан жүгіріп өтем дегенде машина қағып кетіп, қайтыс болды. Артында келін мен балалары қалды. Келін – Ақтөбенің қызы, мамандығы – дәрігер, балаларының бәрін өсіріп, жетілдірді, азамат қылып тәрбиеледі. Жәкеңнің сол баласы сабырлы, жақсы жігіт еді.

Ол күнде кенжесі Мәлік Москвада Губкин атындағы институттың мұнай факультетінде оқиды. Бірде Мәлік трамвайға мінейін деп жатқанда іліге алмай қалып, қолын сындырып алады. Соны Жәкең естіп, «Дәрігер гипс салып тастайды, ол кейін

теріс бітіп кетеді» деп, баланы Москвадан алып келіп, осындағы сынықшыға қаратып, иығын салдырып, қайтадан оқуына жіберді. Жәкең, міне, бауыр еті балаларына осындай қамқор, нағыз асқар таудай азамат әке болатын. Мен Жәкеңнің балаларынан Мақсұт пен Мәлікті ғана білемін, қыздарын көп танымаймын.

Жәкеңнің зайыбы Ағибамен Жылыой деген жерде 3-класта бірге оқыдық. Ол кезде Жылыой – ауданның орталығы, поселкеге теңіз келеді. Ағиба жас күнінде көзі бақырайған, арықтау қыз еді. Мұнда – Маңғыстауға келгенде Жәкеңе үйленіп, Құлсарыдан отбасылы болып келді. Ағибаның мінезі жақсы ғой, Жәкеңді ауырғанда да бақты-қақты, қатты сыйлады. Жалпы, Жәкеңнің өзі де қандай қиындыққа да, неге де болса шыдамды, ұстамды, салмақты, көп үндемейтін кісі ғой.

«Песчаный мүйісі» деген жерде тұщы су бар. Сол жерге Жәкең Халекең екеуі ұңғы қойып қаздырып, су шығарып, барлаушы мұнайшыларға қауын-қарбыз, помидор егіп, бақша ашты. Ол бақшаның қарбыздары қазандай, қауындары – май қауын, қияр, помидорлары керемет тәтті болды. Жәкең жоғарыдан арнайы жарлық келмесе де, сол жерден экспедицияның ақшасына қосалқы шаруашылық (подхоз) ашты, оның қазандай қарбыздары пышақ салсаң жарылып кететін қып-қызыл, керемет еді. Бір күні Жәкеңмен бірге сол жерге бардым.

– Қарбыз бар екен, – деп едім:

– Тиетіп беремін, – деді де, машинаға толтырып тиеп берді. Ол сөйтіп, бүкіл барлаушылардың отбасыларын – біздерді тегін қауын-қарбыз, қияр-помидормен қамтамасыз етті. Өзі осы істің басы-қасында жүрді. Шаруашылыққа арнайы агроном алды, үй салдырды. Соның арқасында адамдар мал ұстады. Ол бір керемет жер ғой: скважинадан ағып тұрған суы бар, жері де жақсы, жусанды алқап, қасында үлкен маяк тұр...

Осының бәрі – Халел Өзбекқалиев пен Жаңабай Сәлімгереев сияқты ардагер ағалардың аянбай еңбек еткенінің арқасы. Мен бүгінде ол кісілердің рухына үлкен құрметпен бас иіп, ризашылықпен еске аламын.

## ЖҮРЕГІНЕН ШУАҚ ТӨГІЛГЕН ЖАҢАБАЙ АҒА

**Құспан БЕРЖАНОВ,**

*Маңғыстау облыстық ІІД бастығының  
кеңесшісі, ІО және ІӘ ардагерлер  
ұйымының Маңғыстау облыстық  
филиалының төрағасы, ҚР ІІМ-нің  
құрметті ардагері.*

Мен Жаңабай ағамен алғаш рет 1964 жылдың қаңтарында танысқан едім. 1963 жылы Маңғыстау жеріне қоныс аударып келген кезім. Ақтау қалалық милиция бөлімінде қылмыстық іздестіру саласының жедел уәкілі болып қызмет жасап жүрдім. Марқұм Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиев деген ағамыз болды. Туған ағамдай болып араласқан абзал азамат еді. Сол кездегі «Трест МНГР» («Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі) деп аталатын үлкен мекеменің басшысы еді. Жаңабай ағамыз осы кісінің орынбасары болды.

Бір күні Халел Жағыпарұлы ағамыз маған:

– Құспан, мен сені бір ағаңмен таныстырайын. Осында сенің бір ағаң бар, – деді.

Ол кезде «МНГР» тресі мекемесінің базасы Ералы поселкесінде орналасқан болатын. Қыстың кезі. Халел аға екеуміз Ералыға келдік. Сондағы алғаш рет Жаңабай ағаны көрген сәтім есімнен кетпейді. Қараторы келген, еңселі, жүзінен жылулық есіп тұрған, лебізінен қарапайымдылық пен кішіпейілділік қасиеті сезіліп тұрған келісті азамат екен. Бір-жар сағат әңгімелесу үстінде байқағаным: Жәкеңнің айналасындағы адамдармен қарым-қатынасындағы өте бір мәдениеттілігі. Кім-кіммен де әңгімесін «Айналайын», – деп бастайтын жан еді. Осылайша Жаңабай ағамен алғаш рет кездесіп, танысудың сәті түсті.

Кейіннен үй-ішімізбен араласып кеттік.

Жәкеңнің зайыбы Ағиба жеңгеміз де – өте бір асыл адам. Қазақта «Құдай қосқан қосағы» деген сөз бар ғой. Мінеки, осы ағамыз бен жеңгеміз – нағыз кәдімгі Құдай қосқан адамдар. Талай рет Ағиба жеңешеміздің қолынан дәм таттық. Осы бір киелі шаңырақтың тағы бір асыл қасиетінің бірі менің есімде мәңгі сақталып қалды. Ол: Жаңабай ағамыздың дастарханына қонақтар жиналғанда, ең алдымен «біссімилләсы» Ағиба жеңгеміздің ыстық пештен жаңа шыққан, буы бұрқыраған таба наны мен сары майдан басталатын еді. Және де осы дәстүр бұл шаңырақтың құдды бір заңмен бекітілген қағидасындай еді. Жылдың қай мезгілінде барсаң да, ол үйдің дастарханы осы дәммен басталады...

Бұл өмірде талай адамдар болады ғой. Соның ішінде қандай керемет, лауазымы биік болса да, өзі қарапайым, жан дүниесінен күн шұғыласындай төгілген жылулықпен айналасындағы адамдарды шуаққа бөлейтін ерекше жандар болады. Жаңабай ағамыз бен Ағиба жеңгеміз де – осындай, нағыз адами қасиеттің биік белесінен көрінген асыл тұлғалар.

## ЖАҚСЫ ЖЕЗДЕ, ЖАМПОЗ АЗАМАТ

**Мендеш САЛИХОВ,**

*Жаңабай Сәлімгереевтің балдызы,  
ардагер мұнайшы.*

Жаңабай Сәлімгереев маған жезде болып келеді. Жәкеңнің жолдасы Ағиба апай мен менің әкем екеуі – бел немере. Қосан деген шалдың Салих пен Еңсепқали деген екі баласы болған. Ағиба апай – Еңсепқалидан, менің әкем Халел – Салихтан тарайды.

Біздер бала кезімізден бастап Ағиба апай мен Жаңабай жездеміздің үйімен Құлсарыда бір үйдің әр подъезінде көрші тұрдық. Ол кісінің балаларымен бірге өстік. Қазір Алматыда тұратын Бағдат атты қызы, менен жасы кішілеу, жас кезінде қайтыс болған Мақсұт атты ұлы, Света, Оңдасын, Мәлік деген



балалары бар. Бағдат менен бір жас үлкен. Екеуміз Құлсарыда бір мектепте оқыдық. Кейін олар Маңғыстауға көшіп кетті. Барлығымыз отбасымызбен бір-бірімізді өте жақсы білеміз. Осы күнге дейін қатынасып тұрамыз.

Мен Жәкеңнің қол астында жұмыс жасаған жоқпын. Бірақ біздің жастық шағымыз ол кісінің көз алдында өтті. Үйіміздің арасы жақын болғасын, балаларына «Тәйт!» десе де, «Әй, анау бірдеңе болып қалды» десе де, біз естіп жататынбыз. Бәріміз де ол кісілердің көз алдында жүгіріп ойнап жүрген балалар болдық.

Кейін мен есейіп, оқу бітіріп келгеннен кейін, 1973 жылы Маңғыстауға келген кезімде ол кісі осында жұмыс істеп жүрді. Келгеннен кейін қарым-қатынастарымыз бұрынғыдан да нығайып, жақындай түсті. Ол кезде Мақсұт жұмыс істеп жүрген, Бағдат пен Света Алматыда, институтта оқиды, Ондасын пен Мәлік – әлі балалар, мектепте оқиды.

Енді «Жәкең қалай жұмыс жасады?» деген сұраққа жәй ғана қатардағы бұрғылау шеберінен бастап экспедицияның бастығы деңгейіне дейін көтерілген іскер азамат, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») кешенді экспедициясының бастығы болған, өмірден ерте кеткен, марқұм Ғизат Балмұханбетовтің мына сөзі толық жауап бере алады деп ойлаймын. Ол Жаңабай жездем туралы:

– Бұл кісі – жұмысқа мықты, жақсы ұйымдастырғыш, істің тетігін қалай табуды білетін білікті маман. Халел Өзбекқалиевтай ірі мұнайшы, іскер басшыға сай болу, ол кісінің бабын табу оңай емес. Бұл кісілер көкжиекке дейін созылған көл-көсір даладан басқа ештеңе де жоқ жерден барлау жұмыстарын «нөлден» бастап ұйымдастырып, Маңғыстау мұнайын алғаш болып игеріп, тек өндірісті ғана жолға қоймай, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайларын да жасап, экспедицияны осындай кемелденген кезеңге дейін көтерді ғой, – деп айтатын.

Шындығында да, ол кісілердің тындырған еңбектері ересен болды. Маңғыстаудың қатал табиғатымен арпалыса жүріп, жер астындағы пәленбай мың метр тереңдіктегі мұнайды тауып, бар-

лау, бұрғылау жұмыстарын бір сәт те кідіртпестен, құлан жортпас құла дүзге, құлазыған кең далаға жайнатып қалалар салып, қап-татып өндіріс ошақтарын орнату – ерлікке пара-пар еңбек болатын.

«МНГР» кешенді экспедициясы ең әуелі Форт-Шевченконың басында болды. Аз уақыттан кейін Ералыға көшіп келді. Жәкен кешенді экспедицияны көлікпен қамту мәселелеріне, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайларына, оларды баспанамен, азық-түлікпен, басқа да қажеттіліктермен, балаларын балабақшамен қамтамасыз ету шаруаларына жауапты болды. Және бұл міндетті ол кісі абыроймен атқарып, соның барлығының ыңғытын тауып, келістіріп, небір қиюы қашқан істердің де қиынын келтіріп, үйлестіріп, шебер ұйымдастыра білді. Өзі зейнеткерлікке шыққанға дейін Халел Жағыпарұлының оң қолы болып жұмыс жасады. Менің естуімше, Халел Жағыпарұлы өз жұмысын жетік білетін, өте күшті ұйымдастырғыш, істің орындалуын қатаң қадағалап, сұрайтын, талап ететін білікті басшы болған. Ал жұмысты жасай алмайтын, келістіре алмайтын болса, Халекең көп кісіні шыдатпайтын көрінеді. Ол маман ретінде мықты еді. Маңғыстаудың мұнайын ашқан – сол кісі басқарған кешенді экспедиция.

Міне, биыл «Маңғыстау мұнайының ашылғанына 50 жыл толды» деп, тойлағалы отырмыз ғой. Осы ретте көп еңбек – сол кісінің басшылығымен күн-түн демей жұмыс жасаған қажырлы геологтардың, қайратты ұжымның еңбегі. «Соның ішінде Жаңабай жездемнің үлесі қандай?» деп процентке шағатын болсақ, мен айтар едім, соның 50 проценттейі – сол кісінің еңбегі. Өйткені, оның жұмысы былай қарағанда көзге көрінбейтін елеусіз болғанымен, нағыз қайнаған өндірістің ортасында жүрген, тынымсыз, мігірсіз еңбек болатын. Жаздың аспан айналып жерге түскендей аптапты, от-жалынды ыстық кездерінде, қыстың қақаған ақтүтек бораны мен аязды, қарлы мезгілдерінде, көктем мен күздің қара суық, жауынды-шашынды, лайсаң сәттерінде – табиғаты өте қатал климатта өмір сүре жүріп, далада шаңмен, топырақпен араласып, жол жоқ, су жоқ, елсіз жерлерде еңбек етіп, ауыр жұмыстың алға басуын ұйымдастыру, жұмысшылардың бәрінің жағдайын табу,

оларды тек машинамен қамтамасыз етіп қана қоймай, қажет кезінде вертолетпен де ұшырып, түрлі транспортпен дiттеген жерiне дер уақытында жеткiзе бiлу, жұмысшыларды мезгiлiнде тамақтандырып, күнделiктi тұрмысқа қажеттi заттарының бәрiмен қамтамасыз ету, мiне, осының бәрi – айтар ауызға ғана оңай болғанымен, бiр адамның иығына түскенде атан нардың да белiн қайыстыратындай алапат ауыр жүк.

Соның барлығы – тiкелей бастығы Халел Жағыпарұлының жұмысын жеңiлдету, «Ол кiсi ондай шаруаларды шешуге уақытын кетiрмей, тек жеке геология, барлау iстерiмен айналыссын» деп, бар жыртығын жамап, кем-кетiктерiн жауып отыру мақсатында атқарылған қыруар жұмыстар болатын. Жәкең жалғыз өзi бiрнеше орынбасардың орнында болып, соның бәрiн ұйымдастырды. Қалай дегенмен де, Халел Жағыпарұлына сай бола бiлдi. Негiзiнде, Жәкең одан он шақты жас үлкен болуы керек. Бiрақ екеуi өмiр бойы сыйласып, бiрге қызмет етiп, дос-жолдас болып өттi.

Жәкеңнiң қандай жұмыс iстегенiн, не бiтiрiп, не тындырғанын кешендi экспедицияда бiрге қызмет еткен адамдар кеңiрек айтатын шығар. Сондықтан мен ол туралы толығырақ тоқталмаймын. Мен тек ол кiсiнiң бiзге туыскандық жақындығы жөнiнде ғана айтқым келедi.

Бұл кiсi – салмақты, мiнезге бай болған адам. Өзi өте бауырмал, мейiрiмдi жан едi. Балаларына ренжiгенде де, ең қатты ұрысқаны:

– Әй, iсiң құрысын! – дейтiн.

Көбiнесе:

– Айналайындар, қалайсындар? – дейдi.

Сосын көпшiл, жұртпен араласқыш едi. Менiң әкеммен екеуi қатты дос болды. Екеуi бiр-бiрiн өте сыйлайтын. Кейде менiң әкем Ақтауға келген кезде әуелi бiздiң үйге келедi де, сосын Жәкеңнiң, апайдың үйiне барып, екi-үш күн сонда қонып жататын. Екеуi әңгiмелесiп, сырласып, бiр-бiрiмен қалжыңдасып ойнайтын. Ойындары да, әзiлдерi де жарасып тұратын. Сондай тамаша татулықта жүретiн едi.

Ол кісі – соғыс ардагері. Отан соғысы кезінде ұшқыш па, механик пе болған. Ара-тұра кездескенде соғыс туралы сұрасақ:

– Оны неғыласындар? Қиын кез болды ғой, – деп, ешуақытта соғыстың жағдайын терең айтпайтын.

Былайғы өмірде өзі өте қарапайым жан еді. Ондай елге еңбегі сіңген кісілердің ішінде де «Мен ананы бұйттім, мынаны жасадым, мынаны келістірдім» деп, кеудесін соғып, мақтанатын адамдар болады ғой. Ондай адамдар өзінен-өзі ісіп-кеуіп, жұрт жиылған кезде өзін көрсеткісі келіп, халықтың өзіне назар аударуын қалап тұрады. Тарыдай іс тындырса, таудай қылып көрсетуге құмар келеді. Ал Жәкең ешуақытта ондай әңгіме айтпайтын еді. Өзіне тапсырылған жұмысты аянбай істейді. Бірақ ешқашан «Мен мынаны тындырдым» деп мақтанбайды.

Жәкең зейнеткерлікке шыққаннан кейін осындағы көптеген достарымен бірге, мерекелер кезінде соғысқа қатысқан ардагерлер болып кездесіп, немерелерін ертіп шерулерге шығып, салтанатты жиындарға қатысып жүрді. Сол жылдары, 70 пен 80 жасының арасында ол кісіге «Коммунистік партияға – 50 жыл» деген төсбелгі табыс етілді. Соны алған кезде:

– Міне, біздер партия қатарында 50 жыл болдық, – деп, балаша қуанып, мээ болып отыратын. Сонда ол кісі партияға соғыс кезінде қабылданған болып тұр ғой.

Жәкең өз өмірінде өте бір қайғылы жағдайға тап болды: Мақсұт деген баласы таңертеңгілікте үйден жұмысқа шығып, автобуска отырайын деп бара жатырғанда машина қағып кетіп, қайтыс болды. Мен ол кезде Ақтауда сол кездегі Шевченко қалалық партия комитетінде екінші хатшы болып жұмыс істейтінмін. Қандай да бір мәлімет (сводка) ең бірінші бізге келіп түсетін. Хабарды оқып көрдім де, өз көзіме өзім сенбей, моргке барып көрдім. Содан кейін барып, Жәкеңнің үйіне келіп, естірттік...

Мақсұттың балалары тым жас қалды. Қазір, шүкір, олардың бәрі азамат болып өсті. Қызы тұрмысқа шықты, ұлдары үйленді. Меруерт деген қызы – Тергеу Айдархановтың келіні. Асылбек деген үлкен баласы – мұнайшы, Астанада жұмыс істейді.

Мақсұттың өзі де жақсы азамат еді. «Мұнайшы боламын» деп,

экспедицияда жұмыс жасады. Жақсы маман болып өсіп келе жатырған жігіт еді. Ерте дүниеден өтті. Сол кезде әке-шешесі қатты қайғырды. Баласының барлық шаруаларын жасап, бейітін тұрғызды, артында қалған балаларын бағып-қақты.

Дәл қай жылы екені есімде жоқ, Жәкеңнің зейнеткер кезі болуы керек, Ақтауда жұмыс жасап жүрген уақытым еді. Бір күні маған телефон соғып:

– Әй, Меңдеш, маған келіп кетші. Бір шаруа шығып тұр, – деді.

Барғаннан кейін айтқаны:

– Мына Мәлік деген балам біраз жүріп қалды. Осының үйленетін уақыты келген сияқты. Осында Өзбек Құлжанов деген елдің белгілі азаматы бар. Соған екеуміз барып, құда түсейік, – деді.

Содан Өзекеңнің үйіне барып, қызына құда түстік. Басқа ешкімді ертпестен, Жәкең екеуміз бардық. Шәй үстінде жақынырақ танысып, әңгімелестік. Олар да – келісті адамдар, интеллигент, зиялы отбасы екен. Оның үстіне елдің ақсақал азаматы мен екінші хатшы келіп отырғасын, артық сөз болған жоқ.

Сөйтіп, Мәлікті үйлендірдік. Кейін олар өте жақсы отбасы болды. Бүгінде балалары өсіп жатыр, алды шет елде оқиды. Мәлік әуелі еңбек жолын осы Қаражанбастан бастап, үлкен маман болып өсті. Көп жылдар «Ембімұнайгаздың» бас инженері болды. Сосын «Қазмұнайгазға» жасады. Қазір «Самұрық-Қазынада» мұнай-газ активтерін басқаратын департаменттің директоры. Мәліктің қайынатасы Өзбек Құлжанов та – елге сыйлы, жақсы азамат еді. Жақында қайтыс болды.

Жалпы, Жәкеңнің отбасымен қарым-қатынасымыз өте жақсы болды. Бір-бірімізді жиі қонаққа шақырып, тонның ішкі бауындай болып араласып тұратынбыз. «Енді 80-ге толған мерейжасын тойлаймыз» деп жүргенде Жәкең ауырды. Негізінде, қылтамақ дертіне шалдыққан сияқты. Бірақ аяқтай жүрді. Мәлік ол кезде жастау, 30-дың о жақ-бұ жағында. Қайтарынан бір айдай уақыт бұрын, бір күні менің әкемнің інісі Мырзаш Сыдиықов екеумізді шақырып алып:

– Маған көп уақыт қалған жоқ. Мен енді бұл дүниемен қоштасамын. Мына дәптерге кімге хабар беру керек, не айту керек, сүйегімді қай жерге қою керек, қалай қою керек – бәрін жазып қойдым. Мақсұт балам болса, дүниеден өтті. Басқа ер балаларым жас, көп ештеңені біле бермейді. Осы менің шаруамды сендер екеуің басқарып, өздерің өткізерсіңдер, – деп, бізге тапсырмасын айтты.

Біздер:

– Қой, Жәке, жақсы, уайымдамаңыз. Ондай болып жатса, көре жатармыз. Талай нәрселерді көріп жүрміз ғой. Оның бәрін жазбасаңыз да, білеміз. Бірақ о дүниеге асықпаңыз. Әлі-ақ жазылып кетерсіз, – деп жұбату сөздерін айтып отырдық. Мен ол кезде жаспын ғой. Мырзекең «Жезде» деп әзілдей береді.

Сонда біздер өзі сайрап сөйлеп, арасында әзіл айтып отырған адамды «Әне-міне кетіп қалады» деп тіпті де ойлаған жоқпыз. Бірақ ол сол кезде өзінің жағдайын шамалап, бәрін алдын-ала сезіп-біліп отыр екен ғой.

80-ге таяп қалған кезінде дүниеден өтті. Мақсұт баласының қасына, бір күмбездің ішіне жатты.

Бірақ, менің білуімше, өзі артына ештеңе жазып қалдырған жоқ сияқты. Жалпы, ол кісі өмірінде бірдеңе жазумен айналысқан жоқ-ау деймін.

Жәкеңнің балаларымен әлі күнге дейін араласып тұрамыз. Мен Бағдатты «Апа» деймін, Мәлік пен Света мені «Аға» дейді. Сондай тығыз байланыстамыз. Балаларының бәрі жоғары білім алып, институт бітірді. Жәкең мен апай бәрін өсірді, жетістірді, жақсы тәрбие берді. Жаңа айтқанымдай, Мәлік үлкен жұмыста, Астанада жүр. Бағдат – ғылым кандидаты, оның жолдасы Абай жездеміз де – ғылым докторы. Света да – ғылым кандидаты, Астанада тұрады. Олардың осындай өнегелі де жақсы балалар болып өсуіне ата-анасының ұлағатты тәрбиесі себеп болды деп санаймын. Бәрі де – сол кісілердің үлкен еңбегімен, үйретіп, айтуымен, «тәйтiмен» өскен балалар. Оны мына біздер әлі күнге дейін ұмытпаймыз. Бәрі де есімізде.

Адамзат пен айуанаттың жақсысы мен жаманын салыстыра суреттегенде, атақты Махамбет ақынның:

*Арғымақтан туған қазанат –  
Шабуыл салса нанғысыз.  
Қазанаттан туған қаз мойын –  
Күніне көз көрінім жер шалғысыз.  
Айырдан туған жампоз бар –  
Нарға жүгін салғысыз.  
Аруанадан туған мая бар –  
Асылын «айуан» десе нанғысыз.  
Жақсыдан туған жаман бар –  
Күндердің күні болғанда,  
Бір жарамды теріге алғысыз,  
Қасына адам барғысыз.  
Жаманнан туған жақсы бар –  
Атасын айтса нанғысыз, –*

деп, төгілтіп келетін төкпе жырлары бар ғой. Сол айтқандай, Жәкең – нағыз «Арғымақтан туған қазанат, айырдан туған жампоз» сынды асыл азамат, жақсы жездеміз еді.

Ол ешуақытта біреуге жарбандап жағынуды, сол арқылы ұпай жинап қалуды, жалпы, жағымпаздық дегенді білген жоқ. Туғаны болса да, турасын айтты. Ақ жүріп, адал тұрды. Нендей мәселенің болсын, қашанда тікесін, дұрысын айтатын. Әркімнің де дұрысын «дұрыс», терісін «теріс» дейтін әділ адам, нағыз өз заманына лайық, таза коммунист болды.

Жәкең сияқты азаматтар көп емес. Бірақ ішінара кездеседі. Жанкешті жұмыскерлігі, қаншама іргелі істер тындырып, қыруар жұмыстар жасай тұрса да, ешқашан мақтанбауы, қарапайымдылығы, отбасында үлгілі болуы, үлкенмен де, кішімен де қарым-қатынас жасауы – барлық жағынан алғанда да, орыстар айтатын сондай «идеальный» Жәкең сияқты адамдар өте сирек. Ол кісі – «Үлгілі еңбеккер» «Үлгілі отбасы иесі», «Үлгілі әке», «Үлгілі ата» деп атауға болатындай, қай қырынан алғанда да, жан-жақты үлгі алуға тұратындай абыз ақсақал еді.

## АҒАЙЫН-ТУЫС БОЛМАСА ДА, АҒАМДАЙ БОЛҒАН АЗАМАТ

Нури ҚАЙЫРОВ,

*«Кендірлі и К» ЖШС-нің директоры.*

Жәкеңді – Жаңабай аға Сәлімгереевті мен өзім Маңғыстауға келген 1966 жылдан бері білемін. Сол жылы әке-шешем осында көшіп келген болатын. Ол кезде мен жаспын. Халел Өзбекқалиев «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресі басқармасының бастығы, Жәкең соның орынбасары болды. Менің әкем Бақытжан Қайыров Жәкеңнің қарауында жұмыс істеді. Ол Қаракия мұнай барлау экспедициясы бастығының орынбасары болды. Яғни Жәкең оның тікелей бастығы еді.

Біз Ералыда, олар Ақтауда тұратын. Біздің үй мен ол кісінің үй іші отбасылық дос-жаран болып, араласып тұрды. Жәкеңнің менің әкемнен жасы кішілігі бар еді, атын атамай, «Бәке» деп, сыйлайтын. Біз ешқандай рулас емеспіз, ағайын-тумаластық жақындығымыз да жоқ. Жәкеңнің руы – Беріш, біз – Төреміз. Бірақ әкем екеуінің көңіл татулығы, бір-біріне деген сыйластығы керемет еді.

Ол кезде «МНГР»-де тәртіп қатал болды. Жәкең жұмыс бабында ұрсатын жерінде ұрсатын. Бірақ ешкім оны сол ұрсуға дейін жеткізбейтін. Жәкеңді бәрі сыйлап, тыңдайтын, ешкім оған қарсы келмейтін. Кейде Жәкеңнің басқаруымен өтетін жиналыстарға барғанымызда, тек шыбынның ызыңы ғана естілетін. Жұмыс бабында кездесе қалсақ, шаруаны бірден қолына алып, мен келгенше шешіп қоятын. Ол кісінің айтқаны – заң. Оған тіпті кез келген адам кіре де алмайтын. Мен ол кісімен, Халел Өзбекқалиевтермен жұмыстас болғанымда көп нәрсені үйреніп, өміріме үлкен сабақ алдым.

1965 жылы ма екен, әлде 1966 жылы ма, бір жылы менің әкем экспедициясымен бірге демонтаж жасап жүріп, адасып кетті. Ералыдан шыққанан кейін адасып, 5-6 күн бойы жоқ болып кетті. Соншама уақыт бойы Маңғыстаудың қатал табиғатына қалай шы-



дап, қалай аман қалғанын бір Алла біледі. Сол кездегі Жәкеңнің жанашырлығы мен жоғалған адамдарды күн-түн демей жантала-сып іздеген қарекетінің арқасында әкем табылып, аман қалды. Ол қияндағы елсіз далаға трактор апартып, жолды аршып, адамдарды құтқарып қалды. Бұл бір жағы өзінің қызметтік міндеті де шығар, бірақ азаматтық ісі де зор еді. Сол оқиғадан кейін ол жерге жол салынды. Бұл да болса, Жәкеңнің арқасы. Сол жағдай туралы сол кездегі баспасөз беттерінде біраз жазылды. Ол газеттердің қиындылары менде әлі күнге дейін бар, сақтаулы.

1984 жылы менің әкем қайтыс болғанда соңғы сапарға аттандыру рәсімін Жәкеңнің өзі басқарып, отбасымызға көп көмегін көрсетті. Ол кезде Жәкең зейнет жасында болатын. «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» дегендей, Жәкең қашаннан бері көзкөрген, қаншама уақыт жұмыстас болған, әрі ауылдың ақсақалы ретінде өлімнің барлық шаруасын өз қолына алды. Сол жолы әкемді Ералыдан әкеліп, Ақшұқырдағы «Қошқар ата» қорымына жерлеп, қайтып келе жатқанда сұмдық жол апаты болды. Әкемнің немере інісі, маманның туған ағасы, маманның туған нағашысы – үш адам жеңіл машинада келе жатып, қарсы келе жатқан машинаға соғып, опат болды. Бұлар мінген көліктің жүргізушісі ұйықтап кеткен екен. Ол өзі аман қалды. Сөйтіп, ауылға тағы да үш кісінің денесін алып келдік. «Енді мұны қалай естіртеміз?» деп, бәріміз дағдарып отырып қалғанда, осы Жәкең бар міндетті өз мойнына алып, үлкен азаматтық жасады. Өйткені, басқа құдаларымыз, тумалас адамдарымыз айта алмай, қатты қиналып, не істерлерін білмей, абдырап қалған болатын. Бұл бір өте ауыр жағдай болды. Соны естігеннен кейін маман жаман күйзеліп, ауырып жатып қалды. Артынан бір жылға жетпей ол да қайтыс болды. Сол оқиғадан кейін үй ішімізбен бәріміз де сең соққан балықтай болып, өз-өзімізге келе алмай, қатты шаршап қалдық. Сондағы Жәкеңнің жасаған азаматтығын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес...

Мен «МНГР»-де партия ұйымының хатшысы болып жұмыс істеп жүргенімде ол зейнеткерлікке шықты. Денсаулығы жақсы, тың еді. Тек ол кісіні ұлы Мақсұттың мезгілсіз қазасы қажытып кетті.

Мақсұт бізден 3-4 жас кіші еді. Оның отбасымен де араласып тұрдык. Өте кішіпейіл, жаны таза жігіт болатын. Нағыз «Менің інім болса екен» дейтіндей, отағасы ретінде де, азамат ретінде де, жолдас ретінде де жігіттің төресі еді. Өттен, өмірі қысқа болды. Кездейсоқ жол апатынан қыршын кетті. Мақсұтты «Машина қағып кетіп, ес-түссіз жатыр» дегенді естіп, енді «Жәкеңе қалай естіртеміз?» деп ойланып, басымыз қатты. Сол кезде Шевченко қалалық партия комитетінде екінші хатшы болып жұмыс істейтін Жәкеңнің балдызы Меңдеш Салиховқа айттым. Сосын олар Жәкеңе барып, естіртті. Өткен жолғы әкемнің қазасынан кейін болған ауыр жағдайлардан соң жүрегім қозғалған мен артынан көңіл айтуға әрең бардым...

Шүкір, Жәкеңнің өзі кеткенмен, артында жапырағын жайған ұл-қыздары қалды. Ол кісінің отбасы – өте жақсы, үлгілі жанұя. Мақсұттың өмірден ерте кеткені болмаса, кемдігі жоқ.

Жәкеңнің кенже баласы Мәлікпен арамыз он шақты жас болса да, әлі күнге дейін жақсы сыйласып, араласып тұрамыз. Тек жұмыс бабында ғана, әріптес ретінде ғана емес, ағайын-тумаластардай, ағалы-інілі болып, сыйласып келе жатырмыз.

Мен Жәкеңді тіршілікте адамдарға тек жақсылық қана жасап өткен, жаны жайсаң, азамат аға ретінде қадір тұтамын.

## ОТАН ҮШІН ОРНЫ БӨЛЕК ЖАН

**Сақыш ҚҰСПАНҰЛЫ,**  
*ардагер мұнайшы.*

Жиен ағамыз Жаңабай Сәлімгереевтің еңбек жолдарын ой елегінен өткізсем, айтарым төмендегідей:

1964 жылы Жоғарғы геология бірлестігінің бұйрығымен біздің «Мақатмұнайгаз» мекемесінің Салтанат Балғымбаев бастаған бұрғышылар тобы Ералы елді мекеніне келіп, қоныстанды. Біз келгенде «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің ұжымы Ералыда екен. Сол бір өткен ауыр кезеңде министр Шаһмардан Есенов

Маңғыстау бұрғышыларының іс-әрекеттерін бақылай жүріп, Жоғарғы Геологиялық бақылау бірлестігінің келісімімен Халел Өзбекқалиевті Жетібайға бастық етіп тағайындаған болатын. Ералыдағы трест басшыларының Жаңабай Сәлімгереевтен басқасының бәрін жаңартты. Бірінші бастық – Дмитриев, бас инженері – Қамысбай Мырзағалиев болатын. Қалғандары менің есімде қалмапты. Осы кісілер трестке басшылық етті. Трестің басқа мекемелері – АТК-лары (автотранспорт кәсіпорындары), базалары, шеберханалары, т.б. қосымша мекемелері түгелдей осы Ералының басына шоғырландырылды.

Ал біздің Жаңабай ағамыз осы жаңарған мекеменің қондырғыларын құрал-саймандармен жабдықтаумен айналысып, жүктерді көліктердің әрқилы қабілеттілігіне, сыйымдылығына сәйкестендіріп отырды. Ол кісі әрбір тасымалдау көліктерінің жағдайларын өте жақсы білетін тәжірибелі маман ретінде жауапты жұмыс атқарды.

Мен – Жәкеңнің қарапайым, адал жан екендігіне қатты тәнті болған бұрғышылардың бірімін. Сол бір басымыздан өткен ауыр кезеңдерде Қарақия бұрғылау мекемесінің өндірістік-техникалық бөлімінде аға инженер болып жұмыс істедім. Осыған байланысты Жәкеңнің күнделікті өзінің басшылығымен жүзеге асырылып отыратын жұмыстар барысында куә болған, есімде қалған кейбір сәттерге тоқтала кетейін.

Әдетте біздің күнделікті жұмысты жоспарлау жөніндегі отырыстарымыз көпке созылмай, екі сағаттай уақыттың ішінде өз мәресіне жетіп, тәмамдалып отыратын. Жәкең мұндай отырыстарға қатысатын мамандар нақтылы әзірленіп, тыңғылықты дайындалып келуін талап ететін.

Бір күні осындай отырысымыз аяқтала бергенде кабинетке бастық Дмитриев пен бас инженер Қамысбай Мырзағалиев кіріп келді. Қ.Мырзағалиев әдеттегідей өзінің қалтасында жүрген жұмыс кітапшасын ашып:

– Ертеңгі жұмыс барысының болжамы қалай болды? – деп сұрай бастады.

Жәкең оған:

– Сіз талап етіп отырған болжамдарыңыздың бәрі ескерілді. Ертең олардың сөзсіз орындалуын өзім қадағалаймын, – деп еді.

Қамысекең ертеңгі жасалатын жұмыстардың бәрін түгелдей оқып шығып:

– Сендердің мына жоспарларыңның кемістігі көп екен. Бұрғыланып жатқан қондырғыларға қажетті заттардың көбі ескерілмей қалған. Ана қондырғыға жеткізілетін жабдықтар мүлдем ұмытылып қалған, – деп, даусын қатты шығарыңқырап, өз пікірінің орындалуын қатаң ескертті.

Сонда отырысқа басшылық етіп отырған Жәкең асқан кішіпейілділік пен сабырлылық танытып, көп уақытқа созылып бара жатқан отырысымызды «жабық» деп жариялап, жиналысқа қатысып отырған мамандарды таратып жіберді. Әйтпесе, бас инженердің айтатын нұсқаулары мен сын-ескертпелері көбейіп бара жатыр еді.

Оның орнында басқа біреу болса, қол астындағылардың көзінше сын-ескертпе естігенін көтере алмай, сәл нәрсеге шатынап, шамданып шыға келуі мүмкін болатын. Ал Жәкең әрдайым ұстамдылық пен инабаттылық танытып, үлкеннің де, кішінің де пікірлерін ескеріп, әркімнің де көңіліндегі ой-тұжырымдарымен санаса білетін.

Сол кезде мен жаңадан көшіп келіп, орналасып жатқан бұрғылау мекемесінің техника бөлімінде аға инженер болып қызмет істеп жүргенмін. Мекемемізде осы саламен арнайы шұғылданатын бөлімше ашылып, оған қажетті мамандармен қамтамасыз етті. Ал мен өзім жасайтын техника бөлімінде өз мамандығым бойынша жұмысымды жалғастыра бердім. Жоғарыда айтылғандай көлік жабдықтау мәселелеріне араласқаным жоқ.

Шаһмардан Есеновтің шешімі солай болған болуы керек, аз уақыттан соң Халел Өзбекқалиев Жетібайдан өз орнына қайтып оралды. «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі өз жұмысын осы Ера-лыда жалғастырып, артынан Ақтауға қоныс аударды. Жәкең



От кешкен жылдар.  
1943 ж.




Әскери міндетін өтеу кезі.  
Подмосковье, 1940 ж.



Досы Түсіпқалимен. Мәскеу, 1940 ж.



Жаңабай Сәліх әулетімен



Махмет Айтбаев,  
Смағұл, Сәлім  
Иманғалиев  
достарымен



Біліктілікті арттыру курсында. Мәскеу, 1952 ж.



КСРО ГеоМиннің үкіметтік делегациясымен өнеркәсіп  
нысандарында. 1975 ж.



Мәжілістен кейін. Тюмень, тамыз 1970 ж.



1 мамыр мерекесінде. Шевченко, 1969 ж.






«Маңғыстаумұнайгазбарлау» басшылары: *солдан оңға қарай:*  
В.Токарев, Ж.Сәлімгереев, Х.Өзбекқалиев, Х.Тәжиев. 1 мамыр, 1976 ж.



8 мамыр, 1975 ж.



ММГБ мәжілісі. Ералиев, 1983 ж.



Ә. Атшыбаев, Ж.Сәлімгереев, Х.Өзбекқалиев. 1967 ж.



Жаңабай, Сәліх аналарымен. Құлсары, 1951 ж.



Жәкең Р. Өтесіновпен бірге



Жанабай, Ағиба, Тыным, қарындастары Нағжан, Жібек,  
балалары – Лариса, Қанат, Мақсұт. *Талдықорған, 1959 ж.*



Ағибаның  
апасы Рахима  
балаларымен.  
*Құлсары, 1956 ж.*



Нүркей құда, Сусын,  
Жібек, Қаражан және  
балалары.

*Шевченко, 1968 ж.*



Анасы, қарындастары Нағжан, Жібек, інісі Жәңгірбай,  
келіні Нағия, күйеу баласы Тыным. 1956 ж.



Жаңабай анасы және отбасы, Ғалия Қосанова. Құлсары, 1960 ж.



Қызыл алаң.  
Мәскеу, 1977 ж.



Жаңабай, Ағыба, Салихов Халел, Жиғаш. Шевченко, 1984 жс.



Жаңабайдың 60 жас мерейтойы. Шевченко, 1977 жс.



Жаңабай, Ағиба, Мақсот, Ұлмекен, Жұмағали, Света, Мәлік, Майра,  
Сәуле, Асылбек, Меруша, Алмаз, Ильяс. *Шевченко, 1987 жс.*



Жаңабайдың 70 жас мерейтойы. *Шевченко, 1987 жс.*





Бақытты әулет. Шевченко, 1991 ж.



Жаңабайдың келіні Нағия, баласы Оспан мен келіні Света



Нұрлыбай мен Қайшаның отбасы: Дариға, Бақытжан, Талғат, Әлібек,  
келіндері Әлия, Гүлдана, Ақкенже. Құлсары, 2011 ж.



Нұрлыбай мен Қайшаның немерелері. Құлсары, 2011 ж.




Жәңгірбай мен Нағияның отбасы. Ақтау, 2011 ж.



Света, Абай, Бағдат, Гүлшара, Мәлік. 2008 ж.



Ағиба, құдағи Шырын балаларымен. Алматы, 2008 ж.



Ғұмаров Хәкім  
баласы Кәдікпен.  
Ералиев, 1966 ж.




Жаңабай баласы Мәлікпен. *Ералиев, 1965 ж.*



*Гагра, 1967 ж.*



*Ессентуки, 1976 ж.*



*Железноводск, 1976 г.*



*Москва, 1966 г.*



Жаңабай, Ағиба, Абу мен Рая Атшыбаевтар. *Ессентуки, 1978 жс.*




София, 1966 жс.



Жаңабай, Света, Киікбай, Тарих.  
Пятигорск, 1966 ж.



Ағибаның ағасы Сабыр  
(оң жақта). Ессентуки, 1981 ж.



Железноводск, 1978 ж.





Ағибаның  
сіңілісі  
Ғалия,  
баласы  
Рүстем,  
келіні Айгүл,  
немерелері



Шеруде. Шевченко, 1976 ж.



Ағибаның жеңгесі Күнзі, баласы Мейрам,  
келіні Жұма балаларымен. *Атырау, 2011 ж.*



Нағия, Жиғаш, Ағиба, Алма той үстінде



Х.Өзбекқалиев Жаңабайдың мерейтойында сөз сөйлеп тұр.  
*Шевченко, 1967 ж.*



Жаңабайдың інілері Мұсташ Хұсайынов, Бари Халелов,  
Хәкім Ғұмаров. *1967 ж.*



Ағибанаң ағасы Қосанов Сәлімнің отбасы. Алматы, 1969 ж.



Раиса Сәліхова, Хадиша, Ағиба, Фарида, Сәлима,  
екінші қатарда: Гүля, Мағжан, Ардақ



Бари, Рауаш Халеловтар. 1981 ж.



Бисебаевтар отбасы. 1965 ж.



Б.Қуандықов, М.Салихов, Ж.Жанғазиев, Гүлшара, Мәлік.  
*Астана, 2010 ж.*



Қуандықовтар отбасы



Жанабайдың немерелері. Астана, 2010 ж.



Немерелері мен жиендері. Алматы, 2009 ж.



Жаңабайдың құдалары: Айдархановтар, Күлжановтар,  
інісі Рзаханов Киікбай. Ақтау, 2008 ж.



Әмина, Әділ Нұғмановтар, Табын, Оңай Оржановтар отбасы





Жанабайдың құдалары: Өзбек-Шырын, Қалпақ-Шарқат.  
*Атырау, 2003 ж.*



Өзбек құданың  
отбасы



Жаңабайдың құдалары Өзбек-Шырын балалары Мәлік, Гүлшарамен




Қызы Бағдат,  
күйеу баласы Абай



Абай мен Бағдаттың саяжай үйінде. Алматы, 2005 ж.




Жаңғабыловтар отбасы. 1991 ж.




Жаңабай немерелері Сәуле, Мәдина, Әнуармен. Алматы, 1982 ж.




Жаңабайдың немерелері: Сәуле, Мәдина, Әнуар, Бауыржан, Асылбек.  
Шевченко, 1983 ж.




Жаңабай немерелері  
Сәуле, Мәдина, Әнуармен.  
Алматы, 1982 жс.



Немересі Әнуар,  
жолдасы Айнұр



Мақсоттың отбасы: жолдасы Ұлмекен, балалары Меруерт,  
Асылбек, Алмаз



Мақсот балалары Асылбек, Меруертпен. 1986 ж.




Мақсоттың  
баласы  
Асылбек  
отбасымен



Ондастың отбасы – жұбайы Ғалия, балалары Бауыржан, Олжас



Ондастың баласы Бауыржанның отбасы: жұбайы Бота, қызы Айша. 2011 ж.



Мақсоттың қызы Меруерт, күйеуі Рүстем, балалары Әлмира, Жан



Адамзатовтардың отбасы: Света, Жұмағали, Ільяс.  
*Шевченко, 1987 ж.*



Адамзатов Ільястың мектеп бітіру кеші. Алматы, 2004 ж.





Мәліктің отбасы:  
жұбайы Гүлшара,  
балалары Айдана, Әсет



Мәліктің отбасы: жұбайы Гүлшара, балалары Айдана, Әсет. 2009 ж.



Жаңабай соңғы жылдары тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды



Мәліктің отбасы эке бейнесі жанында



Белгілі мұнайшыларға арналған мәңгілік ескерткіш



Ескерткіштің ашылу салтанатында





Еңбек ордендері мен медальдары

## УДОСТОВЕРЕНИЕ

За доблесть и отвагу  
в Великой Отечественной  
войне.

*Сейтершича отставне*  
звание

Министр обороны СССР  
Маршал Советского Союза

*Салимгереев*  
фамилия

*Жанабай*  
имя

отчество



А. ГРЕЧКО

Награжден медалью:

*Медаль за Трудовые  
подвиги*



*А. Горкин*

## ИЗВЛЕЧЕНИЯ

из „Положения о медали „За отвагу“  
(Утверждено Указом Президиума Верховного Совета  
СССР от 17 октября 1938 г.).

1. Медалью „За отвагу“ награждаются военнослужащие рядового, командного и начальствующего состава Рабоче-Крестьянской Красной Армии, Военно-Морского Флота и Войск пограничной охраны за личное мужество и отвагу в боях с врагами Советского Союза на театре военных действий, при защите неприкосновенности государственных границ или при борьбе с диверсантами, шпионами и прочими врагами Советского государства.

2. Награждение медалью производится Президиумом Верховного Совета СССР.

3. Награжденные медалью должны вода-

„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941—1945 гг.“



## УДОСТОВЕРЕНИЕ

За участие в Великой  
Отечественной войне

*Сторшича*  
*Салимгереев*  
*Джанайбай Салимгереев*  
УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР от 9 мая 1945 года  
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР

„ЗА ОСВОБОЖДЕНИЕ ВАРШАВЫ“



17 ЯНВАРЯ 1945 г.

А № 100584

### УДОСТОВЕРЕНИЕ

ЗА УЧАСТИЕ В ГЕРОИЧЕСКОМ  
ШТУРМЕ И ОСВОЖДЕНИИ  
ВАРШАВЫ

*Старшина*

*Савицкий Анатолий*

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР от 9 июня 1945 года  
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЮ

„ЗА ОСВОБОЖДЕНИЕ  
ВАРШАВЫ“

МЕДАЛЬ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА  
1945 г.



Награжден медалью:

*„За трудовую доблесть“*



Д № 386772

*23. Сентября 1954*

### ИЗВЛЕЧЕНИЯ

из „Положения о медали „За отвагу“

Утверждено Указом Президиума Верховного Совета СССР от 17 октября 1938 г.).

1. Медалью „За отвагу“ награждаются военнослужащие рядового, командного и начальствующего состава Рабоче-Крестьянской Красной Армии, Военно-Морского Флота и Войск пограничной охраны за личное мужество и отвагу в боях с врагами Советского Союза на театре военных действий, при защите неприкосновенности государственных границ или при борьбе с диверсантами, шпионами и прочими врагами Советского государства.

2. Награждение медалью производится Президиумом Верховного Совета СССР.

3. Награжденные медалью должны подавать личный пример храбрости, мужества и отваги в борьбе с врагами Советского государства и служить образцом для других граждан при исполнении государственных обязанностей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1995 жылғы 12 қаңтардан  
Жарлығы бойынша  
Салимгереев  
Жанабай

„1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан  
соғысы Жеңісінің елу жылдығы“  
мерекелік медалімен  
нағрадалды

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
атынан медаль 1995 28 сәуіріне  
күні тапсырылды  
М.О. Аманжол Әлжанұлы  
(медальді тапсырушы)  
Қиық Аманжол  
қызметімен қолы

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

Салимгереев  
Жанабай

в соответствии с Указом  
Президента Республики Казахстан  
от 21.02 1995 года  
награжден юбилейной медалью  
„Пятьдесят лет Победы  
в Великой Отечественной  
войне 1941 – 1945 гг.“

От имени Президента  
Республики Казахстан  
медаль вручена Жарлығай  
1995 года.  
М.П. Аманжол Әлжанұлы  
(должность и подпись)  
Қиық Аманжол  
(лицо, вручившего медаль)

„СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941 – 1945 гг.“



УЧАСТНИКУ ВОЙНЫ

УДОСТОВЕРЕНИЕ

Салимгереев  
Жанабай

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
от 12 апреля 1985 года  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЕ 1941 – 1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

5 мая 1985 года  
М.П. Шевкеновский совхозаққа  
(должность и подпись)  
Қиық Аманжол  
(лицо, вручившего медаль)

„50 лет ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СССР“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

Серияңыз  
Салимгереев  
Жанабай


В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
от 26 декабря 1967 года  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ  
„50 ЛЕТ ВООРУЖЕННЫХ  
СИЛ СССР“

От имени ПРЕЗИДУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА





„60 лет ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СССР“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Салигерев*  
*Жанабай*

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
ОТ 28 ЯНВАРЯ 1978 ГОДА  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„60 лет ВООРУЖЕННЫХ  
СИЛ СССР“

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА



ЗА НАШУ СОВЕТСКУЮ РОДИНУ!



— УДОСТОВЕРЕНИЕ —

ЗА УЧАСТИЕ В ГЕРОИЧЕСКОЙ ОБОРОНЕ

**КАВКАЗА**


*Старшина*

*Салигерев Джучибабай Гайванович.*

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР ОТ 1 МАЯ 1944 ГОДА  
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ОБОРОНУ КАВКАЗА“

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ „ЗА ОБОРОНУ  
КАВКАЗА“ ВРУЧЕНА „Мая 1945г.“



„70 лет ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СССР“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Саммигереев*  
*Джонабон*

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
ОТ 28 ЯНВАРЯ 1988 ГОДА  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„70 ЛЕТ ВООРУЖЕННЫХ  
СИЛ СССР“

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

д. 8 1988 года

*М. П. Саммигереев*  
(должность, инициалы, фамилия и

М. П. *М. П. Саммигереев*  
(подпись лица, вручившего медаль)



А № 142806

*Саммигереев*  
*Джонабон*

ЗА ХРАБРОСТЬ, СТОЙКОСТЬ И МУЖЕСТВО,  
ПРОЯВЛЕННЫЕ В БОРЬБЕ С НЕМЕЦКО-  
ФАШИСТСКИМИ ЗАХВАТЧИКАМИ,  
И В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 40-ЛЕТИЯ  
ПОВЕДЫ СОВЕТСКОГО НАРОДА  
В БЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941—1945 ГОДОВ

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

ОТ 01 МАРТА 1985 Г.

НАГРАЖДЕН ОРДЕНОМ  
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ  
I СТЕПЕНИ

Секретарь Президиума  
Верховного Совета СССР *М. П. Саммигереев*

№ ордена 5408906



„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД, В ОЗНАМЕНОВАНИЕ  
100-ЛЕТИЯ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ  
ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА“



## УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Салимгереев*

*Жанабай*

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД,  
В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ  
СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ  
ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА“



марта..... 1970 года.



## УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Салимгереев*

*Жанабай*

за длительный добросовестный  
труд от имени Президиума  
Верховного Совета СССР  
решением исполкома

*Магымшакеевского*  
*областного*


Совета народных депутатов  
от *9 января*..... 19*80* г.

награжден медалью  
„ВЕТЕРАН ТРУДА“



9 января..... 1980 г.

*Қадырменгі ардагер!  
Зважамайы ветеран!*



*Сол И. И. Герасов*

*Жанобай*

Қопұлтты Қазақстаниы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығыны барлық елдерінің жарқын мерекесі — Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығымен Сізді шын жүректен құтқастаймын.

Біздің елдеріміздің халықтары жасымас жігірімен, қайтпас қаһармандығымен, берік бірлігімен, жадыды отанышаддығымен тұталайып қорығып Сіздің ұрпақ жасыған ерліктің ұлылығын арқашан қастерлеп жадында сақтайды. Сіздер небір ауыр сындарды — қанқуыл душпанмен жан аямас шайқасты, жауынгер достардан айырлудың азасын, соғыстан кейінгі жанқиярлық еңбекті қайыспай бастан кештіңіздер. Сонда да сыр бермедіңіздер. Сіз жаны Сіздің достарыңыз бар ауылталықта моймай арқалап шықты, сондықтан біз өз өмірімізбен сіздерге қарыздармыз, сондықтан да Сіздер қазіргі ұрпақ үшін де, келер ұрпақ үшін де мәңгі-бақи Жеңімиздар болып қала бересіздер.

Сіздердің алдағы уақытта да ортақ саптан қалмай, халықтарымыздың достығын, Қазақстан жұртының рухани бірлігін нығайту, жастарға тәрбие беру үшін көп іс тыңдыра алатындарыңызға менің сенімім қозіл. Еліміздің саяси, экономикалық өміріндегі өзгерістерді тереңдету жолында жұмсап келе жатқан күш-жігерімді Сіздер құлшына қолдайды деген үміттемін. Мемлекет те өз тарапынан оңайға түспей тұрып осынау кезде өзінің ардагерлерін қолдау үшін қолынан келгенін беріп істейді. Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға береке, басыңызға бақыт, деніңізге дөйім сәрегікті тілеймін.

Сердечно поздравляю Вас с 50-летием Победы в Великой Отечественной войне — светлым праздником многонационального Казахстана, всего Содружества Независимых Государств.

Из благодарной памяти народов наших стран никогда не изгладится величие подвига, совершенного Вашим поколением, отличающимся сильной волей, мужеством, самоотверженным трудом в послевоенные годы. Но все пережили, вынесли Вы и Ваши товарищи на своих плечах, оставаясь для нынешних и грядущих поколений Победителями, которым мы обязаны самой жизнью.

Я глубоко убежден, что и впредь Вы будете в общем строю, сможете многое сделать для укрепления дружбы наших народов, духовного единения казахстанцев, воспитания молодежи. Надеюсь, Вы активно поддержите мои усилия по углублению преобразования в политической, экономической жизни страны. Государство со своей стороны сделает все возможное, чтобы в наше, также нелегкое время, поддержать наших ветеранов.

Желаю Вам крепкого здоровья, семейного благополучия, счастья, бодрости духа на долгие годы.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Президенті  
Республики Казахстан*

*Р. Назарбаев* Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

9.V.1995

## ҚҰРМЕТТІ ДЕ, ҚАДЫРМЕНДІ АРАДАҒЕР!

Сізді бейбітшілік сүйгіш барлық елдердің жарқын мерекесі - Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз.

Қошұлтты Қазақстанның ұл-қыздары қатарында сіздер қатығыз, қанқұйым дұшпанымен жап аямай шайқасып, елдік пен ерліктің, батымадық пен батырлықтың үлгісін көрсете бідіңіздер.

От-жаалыңа орана жүріп көрсеткен қаһармандық пен соғыстан кейінгі жылдардағы отаншылдық қасиеттеріңіз кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге, өмірлік тәлім-тәрбие. Сондықтанда Сіздерді қадір тұтамыз, құрметтейміз. Ел мен жер, жарқын болашақ жамбыдағы ерлік істеріңіз ешқашан ұмытылмайды.

Сіздер аладегі уақытта да алғы саптан көрініп облыс халықтарының достығын, рухани бірлігін нығайтуға үлес қосады, Республикамыздағы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ізі бастамалары мен жүргізіп отырған саясатын қолдауда деген сенімдеміз.

Құрметті арадагер, Сізге ел қорғауды және бейбіт еңбектегі ерліктеріңіз үшін шын жүректен рахмет айтамын, мықты денсаулық, отбасыңызға береке-бақыт, бейбітшілік тілеймін!

Манғыстау облысының  
Әкімі

А. К. Құлыянов

## Сашиңерев Жаңабай!

### ДОРОГОЙ, ГЛУБОКОУВАЖАЕМЫЙ ВЕТЕРАН!

50-летие Победы в Великой Отечественной войне - это особая дата. Ее отмечают не только народы стран СНГ, но и все прогрессивное человечество нашей планеты Земля!

Главная тяжесть в этой войне легла на плечи народов стран Содружества Независимых государств. Есть тут и немалая доля казахстанцев. Тогда все эти народы плечом к плечу встали на защиту своей земли, своих домов, детей, отцов и матерей. И победили!

Низкий Вам поклон за Ваш труд на мирном поприще. Вернувшись с войны, Вы сразу же приступили к восстановлению народного хозяйства. Это требовало многих крепких рабочих рук не только там, где пролился пот, но и в ее тылу, где все четыре военных года этих рук хронически не хватало.

День Победы назвали праздником со слезами на глазах. Многие, очев, многие не вернулись с ратных полей. Наша вечная память им!

Сейчас у нас непростое время. Страна находится на пути коренных преобразований. Надеюсь, что Вы и теперь не остаетесь в стороне. Ветераны войны, познавшие на фронте, перед лицом смертельной опасности, цену интернационализма, и сейчас могут многое сделать в укреплении дружбы и взаимопонимания между народами различных национальностей, населенных республику, в воспитании подрастающего поколения. Ваш голос в поддержку инициатив Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева, направленных на стабильность в регионе, взаимопонимание, сотрудничество по всем направлениям, является весомым и уважаемым.

От всей души поздравляю Вас с 50-летием Победы в Великой Отечественной войне. Искренне желаю Вам и Вашим близким доброго здоровья, счастья и душевного покоя передо мной на долгие, долгие годы!

Глава Манғыстау облысы

А. К. Кішнов

## Ғважаемый Жаңабай!


Примите мои самые искренние поздравления с профессиональным праздником **Днём геолога**, который отмечается в этом году в преддверии **50-й годовщины Победы** в Великой Отечественной войне.

Вам, геологу-ветерану ВОВ, желаю крепкого здоровья, мирного неба и долгих, счастливых лет активной жизни.

С глубокой благодарностью за Ваши трудовые и фронтовые заслуги перед Родиной,

Министр геологии  
и охраны недр  
Республики Казахстан

С.Ж. Даукеев



# ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА


САЛИМГЕРЕЕВ ЖАНАБАЙ — заместитель начальника Комплексной экспедиции "Мангышлакнефтегазразведка" за многолетний и безупречный труд в геолого-разведочном производстве и в связи с уходом на заслуженный отдых награждается Почетной грамотой Совета и профкома ЦГО "Турьвенефтегазгеология".



Генеральный директор объединения  
"Турьвенефтегазгеология"

*Салимгереев*

С. Б. Балгимбаев





Председатель профкома объединения

*Аккулов*

А. А. Аккулов

15 января 1983 г. прот. № 9 от 7.01.83 г.









**Сәлімгерей - Қайша**

1865-1938 1895-1968

**Берден**

**Бәтима - Ғабдол**

Сланов  
10.10.1915 14.09.1911

**Жаңабай - Ағиба**

Еңсепқалиева  
07.11.1917 10.10.1923

**Нағжан - Тыным**

Рысқалиев  
01.01.1921 1915

**Нұрлыбай - Қания**  
*(Қайша)*

Ақмураиева  
01.01.1925 23.02.1932

**Жібек - Сусын**

Қалжанов  
10.03.1927 22.11.1924

**Жәңгірбай - Нағия**

Нурмуханова  
01.05.1927 24.02.1937

Қызы-**Мәриям**  
10.10.1934

Ұлы - **Мадик**  
21.02.1938

Ұлы - **Мухит**  
18.03.1947

Ұлы - **Дулат**  
26.08.1950

Қызы- **Бағдат**  
29.05.1946

Ұлы - **Мақсот**  
14.12.1950

Ұлы - **Оңдас**  
24.08.1953

Қызы-**Светлана**  
24.09.1957

Ұлы - **Мәлік**  
14.08.1960

Қызы- **Лариса**  
08.09.1939

Ұлы - **Марат**  
17.01.1943

Ұлы - **Қанат**  
14.05.1946

Қызы- **Марипа**  
27.04.1949

Қызы- **Алма**  
13.08.1951

Қызы- **Дариға**  
04.08.1951

Ұлы - **Бағытжан**  
15.05.1955

Ұлы - **Талғат**  
17.10.1957

Қызы- **Гүлшөт**  
29.02.1960

Қызы- **Майра**  
11.06.1962

Ұлы - **Марат**  
17.04.1964

Ұлы - **Өлібек**  
23.02.1967

Қызы- **Зәуре**  
14.03.1963

Қызы - **Майра**  
14.05.1965

Қызы- **Дана**  
06.06.1967

Қызы- **Әлия**  
01.01.1971

Қызы- **Шолпан**  
21.08.1957

Ұлы - **Қуспан**  
17.03.1960

Ұлы - **Оспан**  
11.11.1962

Ұлы - **Спан**  
15.12.1965

Ұлы - **Мәди**  
25.02.1969

Ұлы - **Ақан**  
21.04.1972

**Жаңабай - Ағиба**  
Сәлімгереев Еңсеңқалиева  
07.11.1917 10.10.1923

Қызы  
**Бағдат - Абай**  
Жанғабылов  
29.05.1946 14.05.1939

Ұлы  
**Мақсот - Ұлмекен**  
14.12.1950 09.12.1952

Ұлы  
**Оңдас - Ғалия**  
24.08.1953 07.05.1958

Қызы  
**Светлана - Жумағали**  
Адамзатов  
24.09.1957 03.06.1955

Ұлы  
**Мәлік - Гүлшара**  
14.08.1960 23.05.1962

Қызы  
**Сәуле-Тимур**  
Жақселеков  
11.02.1971 24.12.1966

Ұлы  
**Асылбек - Әсел**  
Жаңабай  
07.01.1982 19.12.1984

Ұлы  
**Бауыржан - Бота**  
Жаңабай  
05.01.1982 01.02.1985

Ұлы  
**Ильяс**  
21.05.1986

Қызы  
**Айдана**  
26.08.1989

**Арсен, Сабина**  
19.04.1999 08.09.2004

**Әлішер, Искандер**  
08.10.2009 28.09.2011

**Айша**  
11.08.2005

Ұлы  
**Әсет**  
05.02.1991

Қызы  
**Мәдина**  
01.01.1973

Қызы  
**Меруерт - Рүстем**  
Айдарханов  
12.02.1985 04.03.1983

Ұлы  
**Олжас**  
16.11.1987

**Әлмира, Жан**  
02.04.2004 22.01.2009

Ұлы  
**Әнуар - Айнұр**  
23.05.1980 16.07.1979

Ұлы  
**Алмаз**  
29.10.1986

**Еңсеп - Рухия**  
1892-1931 1891-1977

Ұлы  
**Сабыр - Жаңыл**  
Қосанов  
23.07.1913 08.03.1914

Ұлы  
**Сәлім - Фәрида**  
Қосанов Орынқаева  
01.10.1915 03.04.1927

Қызы  
**Рахима - Мұқаддас**  
Төреханов  
1916 1913

Ұлы  
**Шөкір - Күнзі**  
Еңсепқалиев Дауылбаева  
1917 1923

Қызы  
**Ағиба - Жаңабай**  
Еңсепқалиева Сәлімгереев  
10.10.1923 07.11.1917

Қызы - **Зоя**  
08.09.1937

Қызы - **Нәйля**  
14.06.1953

Ұлы - **Ғадельше**  
01.01.1936

Қызы - **Ұлмерек**  
06.01.1953

Ұлы - **Ерсайын**  
10.04.1941

Қызы - **Халида**  
27.06.1957

Ұлы - **Әдельше**  
24.01.1938

Қызы - **Дина**  
20.08.1955

Қызы - **Ғалия**  
17.01.1947

Ұлы - **Мағжан**  
13.11.1958

Қызы - **Күляш**  
09.04.1942

Ұлы - **Мейрам**  
29.04.1958

Ұлы - **Тарғын**  
23.06.1952

Ұлы - **Еркен**  
26.06.1945

Қызы - **Рая**  
22.06.1960

Ұлы - **Әбес**  
01.10.1947

Ұлы - **Асхат**  
06.02.1963

Ұлы - **Аман**  
06.08.1953

Ұлы - **Ақыл**  
11.09.1955

бұрынғыша өзіне тиесілі маңызды жұмыстарымен айналысып отыра берді. Ол қызметке бар күш-жігерін жұмсап, өте мұқияттылық пен алғырлық, іскерлік танытып, бүкіл трестің қондырғыларын қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, елеулі еңбек үлгісін көрсете білді. Қарауындағы жоғары оқу орындарын жаңа бітіріп келген жас мамандарға өзінің білімі мен білігін, іс тәжірибесін үйретіп, олардың еңбек жолдары дұрыс қалыптасып кетулеріне көмектесті.

«Сөз – сөздің қуғыншысы» деген осы ғой, ертеде ардақты аналарымыз өзара әңгімелесіп отырып: «Бірін айтып, екіншісіне кете береміз-ау» дегеніндей, бір әңгіме есіме түсіп, соны да айта кетуді жөн көріп отырмын.

Бірде менің жанашыр тумаласым Темірхан Сарбөпиннің үйінде Жәкең жанұясымен қонақта болады. Көңілді дастархан басында Темірхан мен екеуі әртүрлі тақырыпта жарасымды әңгімелер айтып, мәз-мейрам болып отырады. Әңгіменің бір реті келгенде Жәкең:

– Темірхан-ау! Сен білмейтін боларсың, сенің әкең Құспан Оразбайұлы мені бала күнімде ойнап жүргенімде қолымнан ұстап алып, Доссордағы трактор жөндейтін шеберхананың бастығына барып: «Мына бала – менің жиенім. Мұны осы өзің басқарып отырған шеберханаға слесарь етіп орналастыр. Басқа әңгіме болмайтын болсын. Біреу келіп: «Бұл кім еді?» деп сұрап жатса, өзім жауабын берермін» деп тастап кетті ғой, – деп ағынан жарылады.

Кейін мен Тәкеңнің үйіне көрісе барғанымда, ол кісі:

– Сақыш-ау, сен бұрын Жәкеңнің бұл айтқандарын естімеген боларсың, – деп, маған осы әңгімені айтып бергені есімде қалыпты. Сөйтіп, Жәкеңнің ұлы жолға ұласқан ұланғайыр еңбек жолы сол баяғы Құспан қарттың қолынан жетектеп апарған Доссордағы шеберханадан бастау алған көрінеді.

Шындығында да, мен Жәкеңнің бұл әңгімесін бұрын естіген жоқ едім. Дана халқымызда «Ашта жеген құйқанды тоқта ұмытпа!»

деген қанатты сөз бар ғой. Осы әңгіменің өзінен-ақ Жәкеңнің алдыңғы өткен ағалардың жақсылығын ұмытпай айта жүретін адамгершілігі мол кісі екендігі байқалады. Сондай-ақ бұл – оның есте сақтау қабілетінің ерекшеленіп тұратынын, халқымызда сирек кездесетін, теңдесі жоқ ірі тұлғалардың қатарында болғанының айқын көрінісі...

Мен жұмыс бабымен трестке барып жүрген кездерімде кездесе қалсақ, амандық-саулық сұрасқаннан кейін Жәкең:

– Менің Маңғыстаудағы жалғыз нағашым, біздің «Левитанымыз» келді ғой, – деп әзілдесетін...

Жәкең Ағиба апамыз екеуі үлгілі отбасын құрды, балалы-шағалы болды. Өздерінен өрбіген ұрпақтарына әкелік, аналық қамқорлық жасап, бәрінің де жоғары білімді болуына көмектесті.

Оның саналы өмірінің көпшілігі Маңғыстаудың байлығын игеруге жұмсалды. Қай өңірден болса да, осындай еңбек ардагерлеріне арнап ескерткіш мүсіндер қойылса, ол солардың алдыңғы шебінде тұрар еді. Ол – Отаны алдындағы парыз-міндетін абыроймен орындаған орны бөлек тұлға.

Менің Жәкең жөнінде әрі қарай айтатын басқа әңгімем жоқ.

Ол кісінің еңбек жолы менікінен мүлде басқаша. Жәкең сияқты азаматтар – өз бастығының күнделікті нұсқауларының нәтижелі орындалуын қатаң қадағалап отыруға қалыптасқан, тағдырдың талай өткелектерінен өтіп, құрыштай берік болып шындалған өмір мектебінің озат түлектері ғой.

Жәкең жарық дүниемен қоштасқаннан бері көптеген жылдар өтті. Артында қалған балаларының осындай ғибраты мол алып әке туралы «естелік кітап шығарамыз» деп талаптануын өте орында деп санаймын.

Сөз соңында «Жаратқан Ием оған иман байлығын, сусынға хауыз кәусар көлін берсін! Жатқан жері жайлы болып, мәңгі-бақи жұмақтан орын берсін! Артында қалған тума-туыс, балаларын желеп-жебеп, қолтықтарынан демеп, қауіп-қатерден аман жүрулеріне септігін тигізсін!» деген тілек білдіремін.

## ЖАҢАБАЙ СӘЛІМГЕРЕЕВ – ЕЛДІҢ ЖӘКЕҢІ

**Сатыбалды НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,**  
*геологиялық барлау және іздестіру  
саласының ардагері, «ММГБ» кешенді  
экспедициясының зейнеткері.*

Маңғыстау өлкесінің жер асты байлығын іздеп табу жолында ерекше еңбек етіп, түбектегі «қара алтынның» республикаға әйгілі кен орындарын ашушы ағалар қатарында Жаңабай Сәлімгереевтің алатын орны ерекше. Ағаны үлкен сыйластықпен, ел «Біздің Жәкең» деп атап кеткендіктен, мен де сол әдетті сақтағым келіп отыр. Мамандығы геолог немесе бұрғылау инженері болмаса да, Жәкеңнің аты түбекті түрлендірген атақты геолог барлаушылар Халел Өзбекқалиев, Асабай Хисметов, Хасан Тәжиев, Салтанат Балғымбаев, Валентин Токарев, Қамысбай Мырзағалиев сияқты ағалармен бірге аталады.

1961 жылдан бастап, ширек ғасырдай уақыт бойы «Еңбек Қызыл Ту» орденді «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресі, кейіннен сол атпен кешенді экспедиция болған түбек мұнайшыларының кәрі шаңырағы – осы ұжымда Жәкең трест басқарушысының орынбасары, кейіннен тек аты өзгерген, қызметі сол күйінде қалған экспедиция бастығының орынбасары болып абыройлы қызмет жасады. Ол кезде трест карауында 1 экспедиция, арнаулы жұмыстарды атқаратын 7 контор және адамдарының саны кей жылдарда 1500-ден 5000-ға жетіп жығылатын. 1961 жылы атылған алғашқы мұнай фонтанынан кейін, Тенгеден газ, Шығыс Жетібай, Қарамандыбас, Тасболат, Актас, Доңға, Еспелісайдан мұнай табылғандықтан, жаһан далада Жетібай, Ескі Өзен, Теңге, Ералиев жұмысшы кенттері бой көтерді, мұнайшылар қаласы – Жаңа Өзен салына бастады. Тенгеден газ табылуы Жаңа Өзен қаласында Қазақстандағы тұңғыш газ өңдеу зауытын салуға негіз болды. Қазыналы түбектің өндіргіш күштерінің дамуы, әуе, темір, су жол-

дары, мұнай, газ тасымалдау құбырларының салынуы – міне, мұның бәрі «МНГР» барлаушыларының «геологиялық ашулары» нәтижесінде мүмкін болды. Ал «Маңғыстаудың екінші тынысы» атанған Бозашы түбегіндегі Қаражанбас, Қаламқас, Арман, Қаратұрым, Жалғызтөбе және Өлі Қолтықтағы Комсомол, Өлі Қолтық және басқа да мұнай, газ кен орындарының ашылуы, олардан бүгінгі таңда «қара алтынның» көптеп өндірілуі нарық заманында Қазақстан экономикасының дамуына қосылған зор үлес еді.

Осы өлкені өзгерткен ұжымның басшылары Х.Өзбекқалиев және осында 15 жылдай орынбасар қызметін атқарған Жаңабай Сәлімгереевтің де сіңірген еңбегі ерекше екенін болашақ ұрпақ жадында ұстауға тиісті. Х.Өзбекқалиев ағамыз туралы көп жазылғандықтан, ол кісінің еңбегіне тоқталмай, Жәкең туралы қысқаша естелігімді айтуды жөн санадым.

Бір ғажабы: трестің басқару аппаратында бастықтың орынбасары жалғыз, ол – Жәкең еді. Осы күнгі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге (ЖШС-ларға) қарап отырып қайран қаласың: қарауындағы жұмыскерлері жүзге жетпесе де бастығы бар, ол – президент немесе бас директор. Оның міндетті түрде кеңесшісі болады, ал кейде оны азсынса, референт ұстайды. Ал орынбасарлары немесе вице-президенттері салалық жұмыстар бойынша бірнешеу, яғни транспорт, құрылыс, экономика, қоғамдық орындармен байланыс, жалпы жұмыстар және басқалары. Жәкең осынша бастықтардың атқарғанын жалғыз өзі атқарды. Бұған қалай таңданбасқа?!

Мен 1961 жылдың аяғында әскердегі міндетімді атқарып, елге оралғасын, Жетібайдағы экспедицияның бұрғылау бригадасына дизелист-моторист болып жұмысқа орналастым. Реті келгенде айта кеткенім жөн, әскерге шақырылғанға дейін, 1959 жылдың 18 шілдесінен бастап, осы алаңдағы «МГПНЭ»-ның құрылымдық партиясы бригадасында моторшы мамандығы бойынша қызмет жасаған едім. Атағы сол кездің өзінде аңызға айналған Жәкеңнің есімін өндірісте ұдайы естиміз, сыртынан анда-санда көреміз, бірақ қатардағы жұмысшы болғандықтан мәселе талқылау, бірге жүру мүмкіндіктері болған жоқ. Сөйтіп жүргенде, 1966 жылдың



күзінде Теңге алаңындағы ұңғы басына Жәкең бастаған бір топ кісілер сау етіп келе қалды. Күн бұлыңғыр, аздап шықтап, жауып тұр. Жәкең қасындағы басшылармен бұрғылау қондырғысының ішін және айналасын аралап шыққасын, траптың үстінде тұрып, қасындағыларға және қондырғы шеберіне ескертпелерін айтып, тапсырмасын берді:

– Саздарың әр жерге төгілген, бульдозермен бір жерге неге үймеске?! Сен, шебер бала, не ойлайсың, мына техника ертең басқа қондырғының басына кетеді, сонда күреппен жинап, мына жігіттеріңнің обалына қаласың ғой;

– Неге дизель отыны сақталатын темір емкостарыңның астына топырақ аз үйілген? Ертең Ералиевтен жанар-жағар май әкелген машина асты аласа болғасын ішіндегісін түгел құя алмайды ғой, оны неге ойламадыңдар?

– Мына вагонындағы пешің әлден жарамсыз, ертең бұрғышылар киімін қалай кептіреді? Үстіне су өткесін, олар ауырады ғой;

– «Вахтовка» машинаңның үстіндегі қалқан қайда кеткен? Мына сиқыңмен жігіттерді тоңдырасың ғой. Күн болса енді жылынбайды, суыта береді, алдың – қыс. Монтажниктер барында қондырғы сарайларын неге жауып алмадыңдар?

Осындай бірнеше ескертпелерін айтқан ол сол бойда «ЖНРЭ» бастығының орынбасары Б.Я.Энтинге жетіспейтін заттардың тізімін рация арқылы бүгін жіберуді, ертең тапсырмалардың орындалуын жеке өзіне хабарлауды тапсырды. Келесі күні кешке қарай кешегі Жәкең тапсырған заттар Жетібайдағы базадан келіп, монтажниктер уақытында жасап берді.

Мен 1971 жылы «ЖНРЭ»-да партия ұйымының хатшысы болып жұмыс жасадым. Сол жылы шілде айының аяқ кезі ғой деймін, қай күні екені дәл есімде жоқ, шақырғасын бастықтың кабинетіне барсам, онда Республика Ғылым академиясының Президенттігінен босап, қайтадан Геология министрі болып тағайындалған Ш.Есенов, Ералиев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ю.Г.Казаченко, экспедиция басшылары Х.Өзбекқалиев, Ж.Сәлімгереев, «ЖНРЭ» бастығы Х.Тәжиевтер отыр екен. Кезде-су күшті жел және бұрқыраған шаң көз аштырмағандықтан,

Ералиевке тікұшақпен бармай-ақ, Ақтауға машинамен тіке кетіп, одан обкомға барар алдында өзара ақылдасу болып шықты. Халекен жағдайды бірінші болып баяндап, «ЖНРЭ»-нің аудандық инженерлік-технологиялық қызмет болғанын, енді кеңсесі мен адамдары отбасыларымен таяу арада Ералиевке көшірілетіндігін баяндады. Екінші болып сөйлеген Ю.Г.Казаченко аудан экономикасы және Ералиев кентіндегі құрылыс жұмыстары жөнінде қысқаша хабарлама жасап жатыр еді. Ш.Есенов хатшыны кідіртіп, былай деді:

– Ералиев ауданының орталығын алғашқы жер үйлерден бастап салған – мына Халел мен Жәкең ғой. Мен де ол кезде жиі келіп тұрдым, жағдайды біршама білемін. Уақытты тиімді пайдаланып, ауданның маған айтатын, шешуі министрлікке тірелетін мәселелерін талқылағанымыз дұрыс болар деп ойлаймын, – деді.

Бірінші хатшы Ақтаудан Ералиевке тұщы су құбырын салу туралы мәселе қойды. Халекен мен Жәкең өзара келісіп алған болуы керек, Жәкең Саржадан айдалатын тұщы судың көлемі Ералиев халқының қажетін өтеуге жеткіліксіздігін, ал күні ертең осы Ақсу мен Жетібайдағы елді көшіріп әкелгенде, оның мүлде жетіспейтіндігін айтты.

– Судан шөлдеген жағдайда мекеменің автокөліктері мен автоцистерналарын Ақтаудан су тасуға бөлеміз. Сонда бұрғылау қондырғыларына техникалық суды жеткізе алмай, қиын жағдайда қалуымыз мүмкін. Тағы өзіңізді қинап, қосымша техника сұрауға тура келеді, – деп сөзін аяқтады Жәкең.

Министр сәл ойланып отырды да, Ералиевке Ақтаудан су құбырын тартуды өзі де қолдайтынын айтты. Сонымен бірге су құбырының жобалық-сметалық құжаттарын жасақтауды министрліктің өз қаражаты есебінен шешетіндігін айта келіп:

– Бірақ Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Одақтық министрлік қаржы және материалдық ресурстарды бөлместен бұрын, міндетті түрде бөлінген қаржыны игеріп, іске қосатын құрылыс тресі және оның министрлігінен уәде-кепілдік қатынас керек, – деді.

Ю.Г.Казаченко бұл облыс басшыларымен келісілген шаруа екендігін, жұмысты атқаратын КСРО Мұнай және газ министрлігінің Жаңа Өзендегі «Мангышлакнефтегазстрой» тресі болып белгіленгендігін еске салды және хатты тез арада жіберетіндігін айтты. Сол бойда Ш.Есенов Алматыға телефон соғып, жоғарыда айтылған екі адреске хат дайындауды тапсырып, «Жобалау институтымен жасалатын келісімшарттың жобасына өзім барғасын қол қоямын», – деп тапсырма берді. Экспедиция басшыларына су құбырының өткізу мүмкіндігін Ералиевтегі болашақ халықтың санына сәйкестендіру үшін, облыстық атқару комитетінің бөлімдерімен байланысып, олардың жазбаша ұсыныстарын министрлікке тездетіп хабарлауды тапсырды. Соңында Жәкең:

– Су құбырын салып берерміз-ау, бірақ су таситын жаңа машина сұрап, бізді қорқытпандар, – деп әзілдегені есімде қалыпты.

Басталуы осылай жоспарланып, кейіннен салынған Ақтау-Ералиев су құбырын қаржыландырушы және тапсырыс беруші министрліктің атынан Жәкең басқарған кешенді экспедицияның күрделі құрылыс бөлімі қадағалап отырды. Іске қосылғаннан кейін, міне, 15 жылдан астам уақыт бойы осы су құбыры халыққа қызмет етуде.

Жалпы, Ералиев (Құрық), Жетібай және басқа да бұрғышылар кенті трест құрылысшыларының күшімен ең далада Жәкең басқарған трестің күрделі құрылыс бөлімінің (Н.А.Сарычев, В.Н.Лаврентьев) жігіттері сызған уақытша жобамен тұрғызылды. Осы аталған кенттерді салуға жергілікті құрылыс материалдарын пайдалану мақсатында сонау өткен ғасырдың 60-жылдары сол жерлерден ұлутас өндіретін карьерлер ашылып, әк күйдіретін пештер, балшық ерітінділерін дайындайтын қондырғылар және тақтай шығаратын аралау шеберханалары салынды. Есік, терезе және құрылысқа керекті ағаш бұйымдары сол жерлерде жасалды. Реті келгенде айтып өткен жөн болар, 70-жылдарда Жетібайда құрылған «Мангышлакракушечник» бірлестігінің құрамында Жәкеңдер ашқан тас кесу карьері де бар еді.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғына таман геолог барлаушылардың отбасылары бұрынғыдай барлау алаңында

қондырғымен бірге көшіп жүрмей, базалық кенттерде шоғырландырылып, ал бұрғышылар жұмыс орындарына әуе, темір жол және автокөліктермен апарылатын болды. Жетібай, Ескі Өзен кенттерінің тұрғын үйлері, сауда орталықтарымен түгелдей мұнайшыларға беріліп, Ералиев «МНГР»-дың базалық кенті ретінде таңдап алынды. Бұрынғыдай уақытша мерзімге салынған бір қабатты үйлердің орнына инженерлік системалары (КНС) бар, екі қабатты, төбелері бетон плиталарымен жабылған, жайлы тұрғын үйлерді тұрғызу қолға алынды. «Барлау және іздестіру жұмыстары жоспарында бұрғылауға жеткілікті мөлшерде қаражат қарастырылған. Бірақ геологтар мұнайды елсіз жаңа алаңдардан іздейді, қалалы жерде тұруы міндетті емес» деген керітартпа қағидаға сүйеніп, күрделі құрылысқа қажетті корлар (металл, темір, бояулар, ағаш және басқалары) қарастырылмаған. Сондықтан да Жәкең Ақтаудағы Орта машина жасау министрлігінің мекемелерінен құрылысқа керекті ЖБИ, сыр-лак және басқа да материалдарды сұрап алып беріп отырды. Бүгінгі Қаракия ауданының орталығы Құрық кентінің карапайым жертөледен осы заманғы үйлері бар орталыққа айналуына Жәкең өлшеусіз еңбек сіңірді. Мұны Қаракия ауданының басшылары әрдайым есінде ұстағаны жөн.

Әуелгіде бұрғышылар барлау алаңындағы жұмыс орнына тамағын алып барып, зор қиыншылықтармен өздері пісіріп жүрді. Бірінші бастық тапсырмасы негізінде, Жәкең өзі бас болып, барлық бұрғылау, мұнара құралдау, ұнғыларды сынау бригадаларында далалық асхана жұмысын ұйымдастырды. Одақтың зауыттарында жасалған вагондар бір, екі ұнғыны бұрғылау кезіндегі көшуді көтере алмай, шашылып, сынып қалатын. Бұл жағдайдан шығу үшін Жәкең Ералиевтен вагонды қолдағы материалдардан жасайтын арнаулы бригада ұйымдастырды. Көп жылдар бойы осы бригаданы әкелі-балалы Борисенколар, В.Квитель сияқты шеберлер басқарып, бүкіл кешенді экспедиция бригадаларын мықты жасалынған, көшіп-қонуға төзімді, ішінде электр пештері, желдеткіштері бар, демалуға ыңғайлы, тасуға икемді вагондармен қамтамасыз етті. Ералиевке келген сайын Жәкең қалайда ретін тауып, осы бригадаға соғатын. Жағдайын біліп, керек материал-

дарды жібертіп отыратын. КСРО Геология министрлігі ұйымдастырған бұрғылау қондырғылары басындағы вахталық кенттер байқауында «МНГР»-дың вахталық кенті бірінші орынды жеңіп алуына Жәкеңнің қосқан үлесі зор екендігі айтпаса да түсінікті.

Барлаушылар және олардың отбасыларын тамақпен, жылы киіммен қамтамасыз ету үшін Жәкең жұмысшыларды жабдықтау бөліміне үнемі қолдау көрсетіп отырды. Экспедиция күшімен бірнеше сауда нүктелері, азық-түлік қоймалары, асхана, наубайхана, ал жүк келетін темір жол станцияларында жеміс-жидек, картофель, ет-сүт қоймалары, мұздатқыштар салынды. Тез бұзылатын көкөніс, ет, сүт тағамдарын Ақтау, Жаңа Өзендегі қоймалардан кідіріссіз тасып алу үшін арнаулы мұздатқышы бар фургон автокөліктері ОРС мекемесіне ұдайы бөлініп отырды. Жәкең министрлік пен бірлестіктің алдына сауда мекемесінің кейбір өндіріске байланысты шығындарын жабу туралы мәселе қойып, талай рет ақша алып берді. «МНГР» ОРС-ының ауданда, облыста, тіпті республикадағы озат сауда мекемесіне айналуына Жәкеңнің де қосқан ауқымды үлесі бар.

Жалпы, менің Жәкеңді жақсы біліп, сыйластықпен жұмыс жасауым 1977 жылы кешенді экспедиция кәсіподақ комитетіне төраға болып сайланғаннан басталды. Ол кезде кәсіподақтар тек социалистік жарысты ұйымдастырумен шектелмей, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, жұмыскерлерді өндіріс басында жылы үй, жайлы төсек, калориялы тамақпен қамтамасыз ету, ал базалық кентте олардың отбасыларын медициналық, мәдени, сауда және спорттық шаралармен қамту жұмыстарымен экспедиция басшыларымен бірге айналысатын. Барлаушылар балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру, яғни оларды Железноводск қаласындағы бір кезде трестің өзі салдырған, әуелі «Маңғышлақ», кейіннен «Қазақстан геологтары» деп аталған пансионатқа жіберу, қала берді, Ералиевтегі теңіз жағасындағы демалыс орнынан «Аққу» пионер лагерін ашып, оның жұмысын жолға қою да – Жәкеңмен бірігіп атқарылған жұмыстар еді.

Базалық кентте кәсіподақ комитеті тікелей басқаратын сауықтыру санаториі, қысқы «Геолог» клубы, оның жанында

төбесі ашық жазғы кинотеатр, би алаңы, теңіз жағасында жазғы демалыс базасы жұмыс жасады. Осы нысандарды күрделі жөндеу, көктемгі-жазғы маусымға дайындау, сырлау, әктеу, айнала-сына ағаш отырғызып, көгалдандыру жұмыстары да Жәкең арқылы уақытында шешіліп отырды. Әсіресе, сауықтыру санаторийінің жұмысын өз дәрежесіне көтеру үшін экспедиция басшылығына, соның ішінде бастықтың орынбасары Жәкең едәуір тер төгуге тура келді. Бұған дейін санаторидің аты бар да, заты жоқ, шығып жатқан шипалы суға түсетін ванна бөлмесі және ОРС асханасынан талонмен емделушілерге тамақ беру және жатып демалатындар үшін үш бөлмелі пәтер пайдаланылған екен. 1979 жылы «Казсовпрофтан» санаторий жұмысымен танысуға келген комиссия экспедиция басшыларынан ВЦСПС ережелеріне сүйене отырып, жағдайды ереже талаптарына сәйкестендіруді талап етті. Атап айтқанда, санаторийде:

- емдеу кабинеттері, онда міндетті түрде болуға тиісті медициналық аппараттар мен құралдар;

- емделушілер жататын жұмсақ мебельмен жабдықталған демалу корпустары;

- бір мезгілде отырып тамақтанатын 15 немесе 50 орындық асханасы;

- емдеу ванналары бөлмесі және асхана жүйелері инженерлік (ЖНС) сетьке қосылуы және басқалары болуы тиіс.

Ережеге сәйкес, сауықтыру санаторийінің шаруашылық шығындары мекеме есебінен төленіп, ал кәсіподақтардан штат кестесі бойынша қызметкерлердің айлықтары, дәрі-дәрмектер құны, жыл сайын емделетін 600 адамның тамақтану шығындары бөлінуі тиіс болатын.

Жәкең мен экспедиция басшы П.Арыстанов екеуі ақылдаса келе, сол жердегі мұнара құрастырушылар конторын басқа жерге көшірді. Босаған контор үйін бір айдың шамасында күрделі жөндеуден өткізіп, бір жағы асхана, бір жағы емделушілер жататын демалыс корпустары етіп, қайтадан жасады. Ішіне керекті жұмсақ мебельдер мен төсек-орындар сауда орындарынан, қажетті медициналық аппаратуралар «Облмедтехникадан» алынды.

Сөйтіп, бас-аяғы екі айдың ішінде айына 50, жылына 600-дей адам емделетін сауықтыру санатории іске қосылды. Кейіннен бұл сауықтыру санаториине тек бұрғышылардың отбасылары ғана емес, бүкіл облыстың алыс жайылымдарда мал бағып жүрген шопандары, республиканың, қала берді, Одақтың түкпір-түкпірінен келген науқастар да келіп, денсаулығын түзеп жатты. Бұл ретте осы жұмыстардың орындалуын тікелей басқарған Жәкеңнің еңбегін қалай айтпай кетесің?!

«Бозашыдағы мұнай, газ кен орындарын ашу, игеру жұмыстарын айтпағанның өзінде, «МНГР»-дің 1970-80-жылдардағы басқа алаңдарда жүргізген зор көлемдегі бұрғылау жұмыстары трестің өз техникасы күшімен атқарылды» десек, бұл шындықтан аз да болса ауытқығандық болар еді. Жыл сайын тасылатын жүктердің кейбір түрлері мемлекеттік жоспар бойынша (металл конструкциялары, болат құбырлар, жанар жағар майлар, құрылыс материалдары, қондырғы басына тасылатын техникалық сулар және басқалары) түрлі министрліктерге бөлініп берілетін. Сондықтан да Жәкең облыстық мекемелер – әуе кәсіпорны (Баландин, Поляков), автотрест (С.Жиенбаев, З.Шөкенов, Т.Жұмағұлов), темір жол, мұнай базасы және басқаларымен қоян-қолтық бірігіп жұмыс жасады. Әсіресе, облыстық әуе кәсіпорны кешенді экспедицияның қажетіне күніне екі «МИ-8», бір «МИ-1» вертолетін, 11-ден астам «АН-2» самолеттерін бөліп отырды. Олар барлау алаңындағы вахтаны (бұрғышыларды) ауыстыру, далалық асханаларға азық-түлік жеткізу, арнаулы тапсырма негізінде жіберілетін мамандар мен комиссияларды, кейде өндіріс қажетіне шұғыл түрде керек құралдар мен бөлшектерді апарумен айналысты. 1980-1981 жылдары Өлі Қолтықтағы Николаев, Терешкова, Қолтық сияқты алаңдарды су алып кеткендіктен, салмағы ауыр металл конструкцияларын, ұзын турбобурларды, тіпті жанар-жағармайларды да қондырғы басына вертолетпен апаруға тура келді. Біздің облыстағы әуе самолеттері командирлерінің тәжірибесі аз дау болғандықтан, бұл жұмыстарды бұрын Сібірде, Солтүстік Арктикада вертолеттерге ауыр, ұзын жүктерді бауырына іліп ұшқан, арнаулы рұқсаты бар, тәжірибелі экипаждар атқарды. Жәкең

уақытында Одақтық Геология министрлігіне, Бүкілодақтық «Аэрофлот» компаниясына хатпен шығып, бұл мәселелерді дер кезінде ойдағыдай шешіп отырды. Барлау алаңдары өте қашық, ауа райы қолайсыз, барып-келуге керосиндері жетпей қалуы мүмкін болғандықтан, Бейнеу басында вертолет қонатын алаң және жанармай құятын орталық салынды. Ауырған адамдарды ауруханаға жеткізу, қыстың қақаған бораны мен жаздың от шашқан ыстығында жолда машиналары бұзылып, тұрып қалғандарды іздестіру, сайлау науқаны кезінде дауыс беру нәтижелерін, ал кейде алыс мал жайылымындағы толғағы келген аналарды облыс орталығына жеткізу жұмыстарына да Жәкең өз көмегін аяған жоқ. Әуе техникаларының қауіпсіз ұшуын қамтамасыз ету үшін экспедиция қаржысына Ералиевте шағын әуе порты, Ақтау қаласында қазіргі 19-шағын аудан мен «Сары базар» тұрған маңайдан «АН-2» самолеттері ұшып-қонатын жолдар салынды. Әсіресе, жаз айларында самолетке билет алу қиынның қиыны еді. Іссапарға барушылар немесе отбасы жағдайына байланысты ұшуға тура келетіндер Жәкеңнің көмегіне сүйенетін. Жәкең де өз кезегінде ұшқыштарға көмегін аяған жоқ. Ол кездерде жеңіл автокөлікке сұраныс көп, тізім бойынша кезекке қойылып берілетін. 1979 жылы Жәкең ұшқыштарға министрлік арқылы бір «Жигулиді» бөлдіргені есімде қалыпты.

Жалпы, Жәкеңнің негізгі өндіріс: терең бұрғылау, мұнара құрастыру, автотранспорт, арнаулы техника, қосымша шаруашылық, жалпы мәселелер жөніндегі атқарған алуан түрлі қызметтерін бір естелікке сыйғызу мүмкін емес. Жәкең сол жылдары іссапармен келген қаншама жоғары лауазымды басшыларды, ғалымдар мен елдің атақты азаматтарын қабылдады, жататын орынмен қамтамасыз етті және шығарып салды. Олардың бәрін жіпке тізіп айту – шаруаның ең қиыны. Бұлардың көбі – министрлікті, бірлестікті және облысты, ауданды басқарған азаматтар, бір кезде Жәкеңмен қызметтес болғандар немесе қарауында жасағандар екенін айтсақ та жеткілікті...

Бұдан 1 жыл бұрын 50 жылдығын атап өткен, ерен еңбегімен құлазыған түбекті республиканың мұнайлы аймағына айналдырған



бұрынғы «Еңбек Қызыл Ту» орденді «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі ұжымының тарихы Жәкеңнің қызметімен тығыз байланысты. Жүзден астам құрылымда терең бұрғылау жұмыстарын жүргізіп, оның 18-інен мұнай, газ кен орындарын тапқан, республика картасынан ойып тұрып орын алған Құрық, Жетібай, Ескі Өзен елді мекендерінің, Жаңа Өзен қаласының, Маңғыстау облысының құрылуына себепші болған бұл ұжымның атақты геолог барлаушылары қатарында қиыннан жол тауып, өндіріс және тұрмыс мәселелерін орнымен шешкен, 15 жылдан астам уақыт бойы осы ұжымды басқаруға атсалысқан, Ұлы Отан соғысының ардагері, көптеген Отан марапаттарының иегері, қадірменді Жәкең ағаның алатын орны ерекше.

Алып таулар жақындаған сайын биіктей беретіні сияқты, жылдар өткеніне қарамай, болашақ ұрпаққа да Жәкеңнің бейнесі зәулім биіктен көріне беретін болады.

## ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫСЫ

**Қамысбай МЫРЗАҒАЛИҰЛЫ,**  
*КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі.*

Кенес үкіметінің елді алғашқы индустрияландыру заманында – өткен ғасырдың 30-жылдарында машина жүргізушілердің киімі былғары плащ, қолғабы да етекті, сапты былғарыдан болатын. Сирек кездесетін машиналар осындай таңдаулыларға берілетін. Сондықтан олар «Дала капитаны» атанған. Соның бірі – Сәлімгереев Жаңабай еді.

Қазақтың алғашқы мұнайшы зиялыларының негізін құрағандардың бәрі – ФЗО-ны бітіргендер. Сол қатардағы азаматтардың бірі Жаңабай Сәлімгереев 1931 жылы Атыраудағы ФЗО мектебін бітірді. Ол 1916 жылы Атырау облысының Қарабау селосында дүниеге келген болатын. Мұнайшылар астанасы саналатын Доссор мұнай өндіру кәсіпшілігінде 1931-1939 жж. автокөлік цехы-

ның слесары, шебері, механигі болып, өздігінен техника сырына жетіп, еңбекте барынша шындалды.

Сол кездегі Ералиевте (қазіргі Құрықта) автокәсіпорынның алғашқы директоры болған Жаңабай Сәлімгереев аз уақыт ішінде мекемені төрт аяғынан тік тұрғызды. Автокөлік шаруашылығы күрделі болатын. Жұмыс күшін жинақтау, әр салаға бөле білу, базасын құру шаруалары ойдағыдай орындалды. Ол күнде Ералиев жаңа салына бастаған қалашық, құлазыған дала болатын. Талдықорғаннан 200 машина жүргізушісімен Ералиевке келгенде, барлық тауқымет Жәкеңе түсті. Жатақхана жоқ, тамақ та аз, жоқтың қасы. Жәкең шоферлерді әуелі ағаш вагоншаға, теңіз жағасында тұрған баржыға орналыстырды. Тамақ мәселесі аз да болса шешіле бастады...

Жаңабай Сәлімгереев 1963 жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресіне бастықтың орынбасары болып тағайындалды. Мен де Қазақстан Геология министрі Шаһмардан Есеновтің бұйрығымен трестің бас инженерлігіне тағайындалдым. Көп жылдар бойы трест жұмысының ауыртпалығын Жәкеңмен бірге көтердік.

Басты мақсат – Жетібай мен Өзеннің мұнай-газ қорларын сапалы есептеп, Мәскеудегі Одақтық пайдалы кен байлық комитетінде қорғау және көптеген жаңа мұнай-газ кен орындарын аша беру болатын. Геологиялық іздеу-барлау, әлеуметтік жұмыстар көлемі, жаңалығы жағынан соншама ауқымды болатын, тіпті ойға да сыйыңқырамайтын. Қазақстан бұрын мұндай зор кен орындарына кездеспеген, бұл саланың құпия сырлары да жеткілікті еді. «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі 1957 жылы Форт-Шевченко қаласында ашылды. Онсыз Маңғыстау байлығы ашылып, игерілмеген болар еді. Трестің аяғынан тұрып кетуіне Жәкең көп еңбектенді. Басты әлеуметтік шаруалар, көлік, құрылыс жабдықтау мәселелері дер мезгілінде шешіліп, орындалып тұрды. Жәкеңнің іскерлігі сонша – күнбе-күн трест бойынша өткізілетін өндірістік таратуда (разрядкіде) трестің екінші орынбасары Байбарақов Орынбасармен бірге мәселенің дұрыс шешімін көрсетіп беретін.

Одақтық Мұнай өндірісі министрі К.Байбаков Ералиевке келгенде Жәкең трестің жасаған жаңалықтарын көрсете білді. Трестің басшылары жиі ауысатын. 1957-1967 жж. он жыл аралығында трест басшылығы бес рет ауысты. Ал Жаңабай Сәлімгереев тресте бастықтың орынбасары болып 25 жыл істеді. Ол 1963-1988 жж. аралығында мұнай өндірісіне 50 жылдан астам уақыт еңбек сіңірді.

Алпысыншы он жыл ішінде Өзен, Жетібай, Теңге кен орындарының мұнай-газ конденсат қорлары есептеліп, үкіметке тапсырылды. Тасболат, Қарамандыбас, Оңтүстік Жетібай, Асар, Донға, Оймаша газ конденсаты, мұнай кен орындары ашылды. Бұл жұмыстарда Ж.Сәлімгереевтің еңбегі осал болған жоқ. Сондай-ақ Ералиевте демалыс орнының ашылуына, Қызылқұмда бау-бақша өсуіне де Жәкеңнің қолы тиген-ді. Жәкең Лениндік сыйлықтың лауреты Халел Өзбекқалиевтың сүйеніші бола білді. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында соғыстың қайнаған жерінде болды. Соғыстағы және еңбектегі ерлік белгісінің куәсі – «Қызыл Жұлдыз», «II-дәрежелі Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендері. (Ол кісінің майдан жолдарындағы жанқиярлық ерліктерін жазуды басқа авторларға қалдырдық).

Жаңабай Сәлімгереев – келбетті, өте сабырлы, замандастарын төреше сыйлай білген адам. Оның ар жағындағы ата тегі де атақты адамдар еді. Жайық Беріш Құлмәліден Өтеміс пен Шыбынтай туады. Өтеміс – айтулы ақын, аруақты батыр Махамбеттің әкесі. Ал Сәлімгереевтер – Шыбынтайдың ұрпақтары. Махамбеттің:

*Өтемістен туған он едік,*

*Онымыз атқа мінгенде,*

*Жер қайысқан қол едік, –*

деп келетін сөздері бар ғой. Міне, сол жер қайысқан қолдың бірі – осы Жәкеңнің арғы аталары.

Жәкеңнің үлкен ұлы Мақсұт инженер болатын. 1987 жылы Ералиевке жұмысқа бара жатқанда жол апатынан – машинадан мерт болды. Жәкең зайыбы Ағиба апаймен, келіні Ұлмекенмен бірге

қайғыра жүріп, «Қошқар Ата» әулие қауымында зәулім мавзолей там тұрғызды. Бұл – оның Мақсұттың рухына қойған ескерткіші еді. Жәкеңнің өзі де осында мәңгілік орын алды.

Жәкеңнің жұбайы Ағиба жеңгей-апай Тоғызбай Ысық руынан. Ол – көп жылдар бойы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің ақшасын ұстаған қызметкер. Оның ағасы – белгілі мемлекет қайраткері, ғалым, жазушы Жәрдем Салихұлы Кейкін.

Жәкең мен Ағиба апай екеуі үш ұл, екі қыз тәрбиелеп, азамат қатарына жеткізді. Үлкен ұлы Мақсұт Алматыдағы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген инженер мұнайшы еді. Ортаншы ұлы Оңдасын қатардағы жұмыскер. Кіші ұлы Мәлік – Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы мұнай-химия, газ өндіру институтын бітірген геолог, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты (1995 жылы қорғаған), философия ғылымының докторы (1998 жылы қорғаған). 1982-1994 жж. «Комсомолмұнай», «Қаражанбастерммұнай» кәсіпшіліктерінде жұмыс істеген, Маңғыстау мұнай-газ байлықтарын ашушы әрі игерушілердің бірі.

Жәкең – келіндерін түсіріп, қыздарын ұзатып, жан-жақты құдалы болған адам. Құдаларының бірі Өзбек Құлжанов – Маңғыстаудың белгілі азаматы. Тағы бір құдасы Тергеу Айдарханов – Маңғыстауды молынан зерттеген атакты геолог. Шүкір, Жәкеңнің немере, шөбере, жиендері баршылық.

Жәкеңнің үлкен ұлы Мақсұттың жұбайы Ұлмекен Жұмағалиқызы – ғылым докторы. Оның ұл-қыздары: Асылбек Жаңабай, жұбайы – Әсел, ұлы – Әлішер. Қызы Меруерттің жолдасы – Рүстем-Абад Айдарханов. Олардың қызы – Альмира, ұлы – Жан. Мақсұттың кіші ұлы – Алмаз.

Жәкеңнің екінші ұлы Оңдасынның жұбайы – Ғалия Шабдарқызы, ұлдары – Бауыржан, оның жұбайы – Ботагөз, қызы – Айша. Оңдасынның тағы бір ұлы – Олжас.

Жәкеңнің үлкен қызы – Бағдат, жұбайы – Абай Кенжебайұлы Жанғабылов. Екеуі де – медицина ғылымдары. Олар Алматыда тұрады. Ұл-қыздары: Сәуле, оның жолдасы – Тимур Жақселеков,

баласы – Арсен, қызы – Сабина. Абай мен Бағдаттың бір қызы – Мәдина. Абайұлы Әнуардың жұбайы – Айнұр.

Жәкеннің бір қызы – Светлана, оның жұбайы – Жұмағали Рахметұлы Адамзатов, ұлдары – Ілияс.

Мәліктің жұбайы – Гүлшара Өзбекқызы. Олардың ұл-қыздары -- Айдана, Әсет.

Жәкеңнің ұрпақтарының бәрі – жоғары білімді, шет елден білім алған мамандар.

Жұмыста бет жыртыспай, «сіз-бізбен» өмірімізді өткізген Жәкеңнің біз – қосшы, серіктестеріміз.

Махамбет пен Исатайды орыстың ақ патшасы арыстанға тенегеніндей, Жәкең де арыстан еді-ау!..

Сәлімгереев Жаңабайдың тұлғасы да, ісі де, жүріс-тұрысы да айтарлықтай еді.

## АБЫРОЙ БИГІНДЕГІ АДАМ

**Мантық ТӨЛЕУҒАЛИЕВ,**  
*еңбек ардагері.*

Мен Жәкеңмен «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресінде бірге жұмыс жасадым. Оған дейін Мақаттың бұрғылау конторында кәсіподақ комитетінің төрағасы едім. 1962 жылы Маңғыстау ашылған кезде Жетібайға келдім. Сол жылы Маңғыстауда мұнай көзінің ашылуына байланысты жан-жақтан мамандарды шақырды. 1960 жылы Өзбекқалиев келді, 1961 жылы Бөлекбаев Жетібай экспедициясы бастығының орынбасары болып келді. Мен 1962 жылы келдім. Жәкең де сол жылы келген болуы керек.

Ол «МНГР» тресінде кешенді экспедиция бастығының көлік және материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі орынбасары болды. Мен кәсіподақ комитетінің төрағасы болғаннан кейін шаруашылық жұмысына көп араластым. Жәкең таза транспортпен

және материалдық-техникалық жабдықтаумен айналысты. Ол жұмыстың бас-аяғы үлкен жұмыс қой. Қажетті материалдың біреуі жоқ болса, бұрғылау станогының жұмысы тоқтап, тұрып қалады. Бұрғылау алаңы есікті немесе терезені ашып бере қоятын-дай жақын жерде емес, орталықтан 300, 500, тіпті кейде 800 шақырым жердей алыста. Сол уақытта осы бұрғылау алаңдарының барлығын керекті материалдармен қамтамасыз етумен Жәкең айналысты. Мен қызмет көрсету жағын алып жүрдім.

Бізде бұрғылау орындары 400-500 шақырым жерде. Оған тек ұшақпен ғана қатынайсың. Қажетті жүктер машинамен, адамдар ұшақпен барады. Екі-үш АН-2, бір тікұшақты қадағалап, соларға жұмыс жасату да – Жәкеңнің мойнында. Барлаушылардың жұмысы өте ауыр. Оны ауызбен айтып жеткізу, бұл салада жұмыс жасамаған адамға түсіндіру өте қиын. Мұны тек көзбен көріп, мойынмен көтеру керек. Мен өзім мұнай техникумын бітіріп, барлау саласына келдім. Соның өзінде кәсіподақ комитетінде жүрдім. Жұмысты өзімше маңдай терімді сыпырып жүріп жасап жүрдім деймін. Бірақ ол жасаған жұмысым мына кісілердің жұмысына қарағанда түк емес.

Бірде Атыраудан 230 шақырым жердегі Мұқырдағы бұрғылау станоктарын Атыраудың мына жағындағы Мыңтөбе дейтін жерге құру керек болды. Сол үшін тиісті жүктерді 30 шақты вагон платформаға тиеп, Атыраудан Аққыстауға дейін жеткізіп, сосын 290 шақырым жерге құмның ішімен машинамен тасу керек. Кілең ауыр машиналар, үлкен станоктар. Құмның іші, жол ауыр әрі ұзақ. Соны әйтеуір бірдене қылып жеткіздік. Барлау жұмысының қаншалықты қиын екендігін мен сонда ғана түсіндім. Кәсіподақта жүргенде жоспарлау жиналысы болып жатқанда оның бәрін көз алдыға келтіре алмайсың. Ал енді тікелей келгенде, бәрін көзіңмен көріп, жан-тәніңмен сезінген кезде барып, түсінесің, түйсінесің.

АТК-1, АТК-2, яғни 1-автотранспорт конторы, 2-автотранспорт конторы деген мекемелер бар. Солардың бастықтарына тиісті тапсырмаларды беріп қояды да, сол тапсырманың орындалуын өзі

катаң қадағалап отырып, жұмыс жасатады. Базаның айналасындағы адамдармен, жұмысы көлікке қатысты адамдармен, басшылармен жұмыс жасады.

Ол кісі айтқанын қалайда жасатады. Бірақ «Сен өйтпедің, бүйтпедің» деп мыжып жатпайды, бір айтады, айтқанын дереу орындатады.

Жәкеңнің өзі қызметте жүрген кезде салдырған үлкен объектісінің бірі – ештеңе жоқ жерден, мидай даладан, Каспий теңізінің жағасынан база салдырды. Ол базаға ауыр жүктерді әкелу үшін, кемелер келуі үшін 5000 шақырым теңіздің түбінен канал қаздырды, пристань салдырды. Сол жұмысқа үлкен белсенділікпен басшылық етті. Оған мен көп араласқаным жоқ. Мен тек жаңадан жасалып жатқан жұмыс біткеннен кейін соған ризашылық білдіріп, актив жиналыстарына қатынасып жүрдім.

Барлаушыларды жабдықтау жұмысы оңай болған жоқ. Алғашқы база 1965-1966 жылдары салынды. Оған дейін Ералиев кентінің қасында, теңіздің жағасында базамыз болды. Сол жерден пристань, база салынды. Ол базаның жеріне трестің материалдары мен техникасы сыймайтын болды. Күнделікті жұмыс сол базада жүріп жатты да, ары қарай перспективалық жағын ойластырып, кеңейту үшін базаның көлемін үлкейту керек болды. Содан кейін үлкен база Ақтау қаласының шетіне, темір жолдың бойына салынды.

Одан кейін тындырылған бір үлкен шаруа – «МНГР» тресі Железноводскіден пионер лагерін салдыртты. Бүкіл материалдары мен құрал-жабдықтарын осыннан – Маңғыстаудан алып барып салдық. Железноводск – ауасы таза, жасыл жер. Ол уақытта жаздыгүні біздің өлкеде демалу мүмкін емес, ауа жоқ, қапырық ыстық болып, өртеніп тұрады. Өзіміз үшін теңіздің жағасынан демалыс орындарын салдырдық. Ал лагерь барлаушылардың балаларын ауасы таза, табиғаты жайлы басқа жақта демалдыру мақсатында салынды. Мен мұны кейін өзінің естелігімде «Кавказдың таза ауасын Маңғыстауға жақындату» деп жаздым. Кавказға арнайы іссапармен барып, лагерь салуға қажетті жер

учаскесін мен алып келдім. Х.Өзбекқалиев лагерьдің барлық техникалық құжаттарын жасатқызып, трестің жабдықтау бөлімінің, күрделі құрылыс жөніндегі бөлімінің бастығымен бірге барып, лагерьдің алдын-ала жылдам тұрғызылатын объектілерін тұрғызды.

Жаңабай Сәлімгереевтің бұл жерде атқарған негізгі жұмысы – пионер лагерін салатын болып шешім қабылдап келгесін, Х.Өзбекқалиев нақты тапсырма берді, осы пионер лагеріне не керек, қандай материал қажет, оны қалай етеміз, соның бәрін керек кезінде тауып, қамтамасыз етіп отыру болды. Бұл шаруаны ұйымдастыру өте қиынға түсті. Киікбай Рзахановты мамандығы құрылысшы-инженер болғасын, лагерьдің құрылысын тұрғызатын бастық етіп тағайындады. Оның идеясын іске асырып, қалай болғанда да сол лагерьді салу керек болғасын, мен бұл шаруаға белсенді түрде атсалыстым. Үлкен қиындықтармен бір жылдан кейін лагерьді салып бітіріп, іске қостық.

Жәкең өмірде өте қарапайым, салмақты адам болды. Кез-келген адамға онымен басында сөйлесіп кету қиындау. Бірақ бірте-бірте араласа келе, оның адамгершілік, азаматтық тұлғасы көз алдында биіктей түсетін. Сақыш Құспанов, Тұрсынғали Көшенов, Қамқа Үмбеталина, Шадау Нұрғазин – бәрі ол кісімен тікелей араласып, жұмыс жасады.

Ол кісі артық сөйлемейді, бір жұмысты жасату керек болса, соған бар күшін сарқып жұмсайды. Базбіреулердей сабырсыздығы, ұшқалақтығы жоқ. Қай шаруаны болмасын, жеті рет өлшеп, бір рет кесетін іскер адам еді.

Жәкең өзіне тапсырылған жұмысты ешкімге салмақ салмай атқаратын, өз жүгін өзі көтеретін, өз жұмысына мықты адам болды. Жәкең екеуміз бір-біріміздің жұмысымызға араласқан жоқпыз, екеуміз екі салада жұмыс жасадық. Жәкең туралы көп әңгіме айта алмайтыным да сондықтан. Оған қарағанда мен Көшенов Тұрсынғалимен бірге көп жұмыс жасадым.

Жақын адамдарымыз қайтыс болған мезгілдерде, бақытсыз жағдайлар болған кездерде бәріміз де жүреміз ғой. Ал Жәкең он-



дай кездерде сол үйге көмектесіп, қол ұшын беру жұмыстарына белсене араласатын.

Біз ол үймен Ералиев кентінде бірге отырдық. Үйлерімізді сарай ғана бөліп тұрды. Рулас болғандықтан емес, жұмыстас болғандықтан да бір-бірімізді жиі шақырысып, отбасыларымыз жақын араласты, жақсы тұрдық.

Жәкеңнің кемпірі Ағиба – белсенді, жақсы адам, Жәкеңнің бабын тапқан кісі. Кейбіреулердің отбасы иә әрі, иә бері бола алмай, итыркылжың болып жүреді ғой, бұлар ондай емес, өте тату отбасы болды...

Жәкең қайтыс болған кезде мен Атырауда болдым. Хабар келгенде, менің де бір құдам қайтыс болып, бара алмай қалдым. Бірақ Атыраудан көп кісілер баратын болғасын самолет те, көлік те ұйымдастырылды. Бұл да болса, ол кісінің қаншалықты беделді, сыйлы болғандығының белгісі болса керек.

Ол айналасына абыройлы, өте сыйлы адам еді ғой. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Жаны жәннатта болсын!

## **ІСКЕР БАСШЫ, АРДАГЕР АЗАМАТ**

**Жолдас ТОҚЖАНОВ,**  
*Қазақстанға еңбегі сіңген  
жер қойнауын барлаушы.*

Мен 1934 жылы туғанмын. Жасым қазір 77-де. Туып-өскен жерім – Атыраудың Қызылқоға ауданындағы Миялы ауылы. Әкем шопан болып жұмыс жасады. Ұлы Отан соғысы жылдарында мен әкемнің қасында көмекші болдым.

Маңғыстауға 1958 жылы келдім. Мамандығым барлаушы болғандықтан, Жетібайдағы №6 ұңғыда бұрғышы болып жасадым. Атыраудан политехникалық шеберлік курсын бітіріп келіп, өз алдыма бригада құрып, Қарамандыбас, Тасболат, Теңге, Қансу, Оймаша, Жыланды, Сәрсенбай, Оңтүстік Жетібай, Солтүстік

Жетібай, Оңтүстік Үстірт, Солтүстік Үстіртті аралап, «Қарақұдық», «Қаламқас», «Қаражанбас», «Алатөбе», «Атанбай», «Аққар» деген көптеген мұнай алаңдарының ашылуына үлес қостым. Қазақстанға еңбек сіңірген жер қойнауының барлаушысымын.

Екі рет съезге қатыстым. Бірінші 1966 жылы Қазақстанның XII съезіне делегат болып бардым. Съезге мені жас маман ретінде шақырды. Президиумға сайлады.

Сол кезде Маңғыстаудағы жас мамандардың жағдайы қиын еді. Мен өзім 7 жыл бойы жертөледе тұрдым. Салынып біткен үйлерді көбінесе жаңадан келгендерге беретін. Ал бізге:

– Сендер жертөлеге үйренгенсіңдер ғой. Сәл шыдай тұрындар, – деп, үй бере қоймайтын. Сөйтіп, сол «Шыдай тұрындармен» жеті жыл өмірімізді жертөледе өткіздік.

Сондай қиын жағдайларда еңбек еткен Маңғыстау мұнайын алғаш игерушілердің еңбегі ерен. Солардың қатарында білікті басшы, ардагер азамат Жаңабай Сәлімгереевті де атауға болады.

Жәкең – біздің бастығымыз. Ол көптеген жылдар бойы «Маңғыстау мұнайгазбарлау» («МНГР») тресі басқарма бастығының орынбасары болды. Тресте сала көп. Жәкең соның көлік және әлеуметтік салаларын басқарды. Трестің бірнеше экспедициясы болды. «Жетібай» экспедициясы, «Қарақия» экспедициясы, «Оңтүстік Маңғышлақ» экспедициясы, «Өзен» экспедициясы сияқты экспедициялар көп болды. Әрқайсысы әр жерде. Ара қашықтықтары – 300-400 шақырым. Қай уақытта да, екі бастан, көліксіз жұмыс бітпейді. Ағашы бар, құбыры бар, цементі бар, басқа да керек-жарақтары бар – бәрі де көлікпен әкелінеді. Қажетті бұрғылау құралдарын тасып, жеткізу, оларды дер мезгілінде жұмысқа кірістіру – соның бәрі оңай шаруа емес. Жәкең – сондай жұмыстардың ортасында көп жүрген, үлкен қызметкер, маман адам.

Маңғыстаудың Оңтүстік Үстірт, Солтүстік Үстірт, Жетібай жерлеріндегі мұнайдың аумағын, көлемін есептеу ісіне көптеген кісілердің еңбегі сіңді. Қаншама адамдар күн-түн демей жұмыс жасады. Солардың ішінде Жәкеңнің де сіңірген еңбегі ерекше. Ол

кісі өзіне жүктелген саланы жан-жақты да сауатты басқара білді.

Жұмыс барысында әртүрлі қиын жағдайлар болып тұрады. Кейбір жерлерде жер астының фонтаны болады, солар атқылайды. Сондай кездерде мұнайшылар 3-4 тәуліктеп күндіз-түні ұйықтамайды. Ұзақ уақыт бойы ұйықтамай, тіпті жұмыс киімдерін шешінбей жүретін де кездері болады. Соның бәрін басқару оңай емес, денсаулыққа зиян.

Әсіресе барлаушылар мұндай жағдайларға көп кезігеді. Бірде Теңгедегі №5 бұрғылау алаңында үлкен фонтан болып, бір жылдай уақыт бойы атқылап тұрды. Сондай-ақ Өзенге кетіп бара жатырғанда Ақтас деген жер бар. Сол жерде де жоғары кернеулі желінің бойында бұрғылау фонтаны атқылап, желіні бұруға тура келді. Өзеннің бүкіл өндірісі тоқтап қалды. Желінің бойында ұшқын болып, 2 километрдей жерді бұру керек болды. Барлаушылар екі тәулік бойы арпалысып, ақыры Өзенді қайтадан іске қосты. Әйтпесе, жоғары кернеулі желіге газ тиіп, өртеніп кетуі мүмкін еді. Сондай апатты жағдайларда жұмысты жан-жақты ұйымдастыратын, басы-қасында болатын Жәкең сияқты адамдардың қабілет-қарымы көп керек болды.

Аққұдықтың арғы жағындағы Қансу деген жерде де бір рет фонтан атқылады. Бұл 1971-1972 жылдардың шамасы. Мен осы жерде барлау (разведка) бастығы болып жұмыс жасағам. Сонда фонтан атқылағанда, керек-жарақты жеткізуге, тығырықтан шығып, қиыннан жол табуға Жәкеңнің көрсеткен көмегі көп болды. Бұл бір құмның іші, қиындау жер екен. Оған кез келген машиналар жүре алмайды. Тракторлар, басқа да құмды жерде жұмыс істейтін машиналар керек. Сазға эксковатордың әлі келмейді, әуелі оны босатып, сосын барып машинаға тиеу керек. Соған жол салып, саз төселгенде Жәкең самолетпен арнайылап ұшып келіп, жан-жақтан саз тиейтін эксковаторларды, 20-30 машинаны ұйымдастырып, күндіз-түні сондай жұмыстарды басқарып, басы-қасында жүрді.

Негізінде, Жәкеңнің өзі – ар жағында біздің руы Құлмәлі Беріш

құдағайымыздың інісі. Бізге құда болып келеді. Доссорда сол үйде жатып оқып жүргенімде, бір күні құдағайым:

– Мына жерде менің інімнің үйі бар. Сол үйге барып, таныс, – деп, ертіп барды. Бірақ Жәкең ол кезде ауылда болған жоқ. Жәкеңнің жолдасы Ағиба құдағай үйінде екен. Бізді жарқылдап қарсы алды. Сол үйден шәй ішіп, қонақ болып кеткенбіз. Ол уақытта мен № 19 Доссордағы колонер училищесінде (ремесленное училище), бұрғылау саласында оқып жатқанмын. Бұл 1951-1952 жылдардың шамасы.

Кейін Жәкеңнің үйімен Ақтауда көрші болып отырдық. Арасында кездесіп тұрамыз. Артынан зейнеткерлікке шықты. Көрші болғасын, көбіне теңіз жағасында отырып, әңгімелесіп жүреміз. Екеумізді кейде жиналыстарға, көбіне осы Ақтаудағы №1 мектепке, басқа да училищелерге кездесуге шақырады.

Сондай кездесулерде ол кісі оқушыларға, жастарға өмір жолдарын баяндап, өсиетін айтып, өткен-кеткен оқиғаларды, Маңғыстау облысының құрылу тарихын айтып отыратын.

Балалары жөнінде айтатын болсам, қазір мен білетін Мәлік деген баласы бар. Бір баласы осы жерде машина қағып кетіп, қайтыс болды. Ендігі немерелері де өсіп, жігіт болып, үйленген шығар.

Жәкеңнің жолдасымен осында келгенде ара-тұра кездесіп, амандасып тұрамыз. Ол кісі зейнеткерлікке шыққанға дейін «Маңғыстаумұнайгазбарлау» мекемесінде қаражат беретін кассир болып жұмыс жасады. Балалары тәрбиелі, көргенді, инабатты, ибалы болып өсті. Бұл өзі – сондай, Қазақстанға белгілі, үлгілі, жақсы отбасы.

Жәкең – жақсы азамат, адамгершілігі мол, ақсақал кісі. Кезінде соғысқа қатысқан, соғысқа барып келген соң, өндірісті басқарған, ешуақытта жұмыстан қалмаған, өте жұмыскер адам. Атыраудың Жылыой, Мақат аудандарының көркеюіне, артынан Маңғыстауға келіп, облыстың құрылуына, Ақтау қаласының салынуына, мұнайдың ашылуына көптеген үлес қосқан ардагер кісі.

## АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ, ӨНЕГЕЛІ АҒА

**Жақсылық ЕРУБАЕВ,**  
*Еңбек ардагері.*

Белгілі қоғам қайраткері, атақты жазушы, жерлесіміз Әбіш Кекілбайұлы «Өз жақсыларымызды өзіміз ұлықтамасақ, өз жайсаңдарымызды өзіміз қызықтамасақ, онда ол өз ырысымызды өзіміз тепкендік, өз тілеуімізді өзіміз кескендік болар еді» деген болса, сондай жақсыларымыздың, жайсандарымыздың бірі – абыройлы азамат, білгір маман, әділ басшы, өнегелі аға, асқар таудай ата бола білген Ұлы Отан соғысының ардагері Жаңабай Сәлімгереев.

Киелі Маңғыстау өнірінің кешегісі мен бүгінгісі әнгіме болғанда, жұмысты мықты ұйымдастыру қабілетімен, транспорт (көлік) саласын жетік білетіндігімен Жәкеңнің есімі қазыналы түбектегі негізгі «қара алтын» қорын ашуда үлкен ұйымдастырушылық, біліктілік қабілетін көрсеткен бұрынғы «Еңбек Қызыл Ту» орденді «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресінің басшы қызметкерлері, бүгінде өмірден өткен ардагер ағаларымыз, атақты геолог барлаушылар Х.Өзбекқалиев, А.Хисметов, С.Балғымбаев, Н.Бөлекбаев, В.Токарев, Х.Тәжиев, К.Қазиевтермен қатар аталады. Ол өте орынды да. Өткен ғасырдың 50-90-жылдары аралығында Атырау, Маңғыстау өніріндегі мұнай өндіру, бұрғылау жұмыстарында болған азаматтардың ішінен Жәкең ағамыздың есімін естімегендер жоқ шығар.

Өз басым ағамызбен сол 60-жылдардағы студент кезімнен, өндірістік тәжірибе алуға Маңғыстауға келген уақытымнан бері таныспын. Бұрынғы Одақтық партия, кеңес органдарының және Қазақстан мемлекетінің шешімімен, Маңғыстауда жаңа мұнай-газ кен орындарын ашу жұмысын қарқынды жүргізу үшін Мақат терең бұрғылау кеңсесі Атыраудан Маңғыстауға көшіріліп, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің құрамына беріліп, сол кездегі Ералиев (қазіргі Құрық) кентінде «Қарақия мұнай барлау экс-

педициясы» деген атпен қайта құрылды. Мен сол мекеменің техникалық қауіпсіздік жөніндегі инженері болып тағайындалдым.

Жаңа мекеменің ашылуына байланысты Құрық кентінде жаңа құрылыс қарқынды салынып, халық саны бірнеше есе өсе бастады. Осыған байланысты елді мекен тұрғындарын судың тапшылығы, ал қыс мезгілінде жылу проблемалары көп мазалайтын еді. Себебі, өсіп келе жатқан поселкеге 80 шақырымда орналасқан Ақтау (сол кездегі Шевченко) қаласынаң су таситын көлікпен ауыз су тасып жеткізу тиімсіз де, мүмкін де емес еді. Сондықтан Жәкеңнің ұсынысымен Құрық кентінің айналасынан су қоры ізделіп, «Құм мүйісі» деген жерден су көзін ашып, құбырмен елді мекенге жеткізілетін болды. Бұл шешім халыққа үлкен жеңілдік әкелгенмен, болашақта су мәселесін түбегейлі шеше алмайтын еді.

Себебі, технология бойынша бұл қазылған ұңғылардан тәулігіне 710-730 текшеметр мөлшерден артық су өндіруге болмайтын. Одан асыра алынса, ұңғыдағы сулар ашып кетіп, жарамсыз болып қалатын.

Жәкеңнің басшылығымен елді мекенде жаңа типті тұрмысқа қолайлы, бір-екі қабатты үйлер салына бастады, ыссы сумен емдейтін шипажай ашылды.

Одақтық министрлік поселкеде іргелі құрылыс салуға рұқсат бермей, орталық бу қазанын салуға қаражат бөлмегесін, трест өз күшімен бірнеше уақ бу қазандарын салуға мәжбүр болды. Бірақ ол қазандар қатты аяздарда жиі істен шығып, үйлер арасындағы құбырлар жарылып, тұрғындардың әбден берекетін кетіретін.

Сондай кездерде трест бастығының орынбасары Жәкең келіп, трестке қарайтын он шақты мекеменің күшін жұмылдырып, істен шыққан бу қазандары мен құбырларды шапшаңдатып оңдатып, алмастырып, тұрғындарға жылу беру жұмысын қалпына келтіретін.

Сол кездерде Жәкеңнің Маңғыстау мұнайын игеруге келген алғашқылардың бірі, іскер басшы, өз кәсібінің маманы, салиқалы да сабырлы, өз жұмысына жауапты қарайтын азамат екені жиі

айтылатын. «Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей, Жәкең жөніндегі жақсы пікірлердің дұрыс екендігіне өзім ол кісімен 1977 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясында қоян-қолтық жұмыс істеген бес жыл ішінде, одан кейін ол кісінің өмірінің аяғына дейін бір подъезде аралас-құралас көрші болған кезде толық көз жеткіздім.

Ол уақытта ұжымда ертеден қалыптасқан тәртіп бойынша, әрбір айдың басында, өткен кезеңде істелген жұмысқа талдау жасалып, жаңа айдағы әр өндіріс бөлімдерінің іс-қимылдары белгіленетін шара бекітілетін мәжілістер өтетін. Оған кешенді экспедицияның мекеме басшылары түгел қатынасып, есеп беретін. Партия ұжымының жетекшісі болғасын, мұндай мәжілістерді жібермей, мен де қатынасып отыратынмын.

Негізгі бұрғылау жұмыстары ол күндері Бозашы түбегінде, қазіргі атышулы Қаламқас, Қаражанбас, Солтүстік Бозашы кен орындарында жүргізілетін. Яғни ұңғылар барлаушылардың базалық поселкесінен 350-450 шақырымнан кем орналаспаған. Оның үстіне Бозашының бұрынғы теңіз табаны, сор, батпақты жерлерінде бұрғылау мұнараларын, станоктарды, жанармайларды, т.б. жабдықтарды белгіленген ұңғыға жеткізу үлкен күшке түсетін. Ал тасымалдаумен айналысатын екі өндірістік бөлім (АТК-1, АТК-2) тікелей Жәкеңе бағынатын. Сол бес жылдың ішінде қай отырыстарда, мәжілістерде болмасын, бұрғылау мекемелері басшыларының аузынан «Жәкең жауап беретін мәселелердің уақытында шешілмегенінен бұрғылау жұмысы ақсап қалды» деген сөзді естіген де, тасымалдау жұмысынан жіберілген ірі кемшіліктерді көрген де жоқпын.

Осындай еңбекқор, ұйымдастырғыш, әділ басшылар, білікті мамандардың арқасында Жәкеңмен жұмыстас болған бес жылдың ішінде экспедициямыз СОКП Орталық Комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесінің, Кәсіподақтардың Орталық Кеңесі мен БЛКЖО Орталық Комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын және дипломын үш жыл қатарынан жеңіп алды. КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің «Құрмет кітабына» жазылды. Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитеті мен Республика Үкіметінің ұйғаруымен «МНГР» кешенді экспедициясының аты республиканың «Алтын кітабына» жазылды. Сонымен қатар, осы жылдары «Қаламқас, Қаражанбас, Солтүстік Бозашы кен орындары бойынша мұнай қоры 1 млрд. тонна болады» деген есеп КСРО Мемлекеттік кен орны жөніндегі комитетте бекітілді.

Жәкеңнің тағы бір қасиеті – әрдайым адамға көмекке келуге, өзінің білетінін өзгелерге үйретіп, жастарды қолтықтап, демеуге дайын тұратын.

Бірде АТК-1-дің жаңа келген басшысы:

– Жаңа вертлюгті Солтүстік Бозашыға қай күні жеткізесің? – деген сұраққа жолдың қиындығын айтып, «Сор жүргізбейді» деген сылтаумен дәл жауап бере алмай, кібіртіктеп қалды. Сол мезетте Жәкең атып тұрып:

– Жаңа ғана АТК-2-нің басшысымен келістім. Қаламқастағы таяғач қарсы алады. Оның жүргізушісі жерді де, жолды да жақсы біледі. Айдың 5-і күні вертлюг ұңғыда болады, – деп, жас басшыны сол жерде арашалап алды.

«Жақсыдан – шарапат» дегендей, ол кісі сөйтіп, әрдайым айналасына нұрын төгіп, көмегін беріп жүретін еді.

Жәкең әңгімешіл де адам еді. Кешке қарай көршілер болып, Жәкеңмен бірге теңіздің салқын самалына кеудемізді тосып, әңгіме-дүкен құратынбыз. Сонда біз ол кісінің газет-журналдарды жібермей оқып, теледидардан берілген жаңалықтарды толық қарап отыратынын аңғаратын едік.

Ол кісі тек қиыншылықтарды ғана тізбелей бермей, елде жасалып жатқан жақсылықтарды көбірек әңгіме ететін.

– Бүгінгі қиыншылықтардың бәрі уақытша. Қазақстан ертең-ақ алдыңғы қатарлы елдің біреуі болады. Оған біздің жеріміз де, байлығымыз да, саналы азаматтарымыз да жеткілікті, – деуші еді Жәкең.

Міне, біз бүгінгі күні Жәкеңнің сол сөздерінің куәсі болып отырмыз...

Бүгінде Жәкеңнің балаларының, немерелерінің бәрі де жақсы



білім алып, алды азамат болып, отбасын құрып, мамандығы бойынша еңбекке араласуда.

«Орнында бар – оңалар» демекші, өз басым Жәкеңнің ұрпақтарының абыройлы болып өскеніне, елеулі қызметтерде жүргеніне қуаныштымын. Лайым, жақсының жапырағы жайқала берсін! Жәкеңнің жатқан жері жарық болып, артындағы ұрпақтарын желеп-жебей берсін!

## СОЛ БІР КҮНДЕР СУРЕТІ КӨЗ АЛДЫМДА

Дариға ЖАСАРОВА,  
*мұғалім.*

1962-1965 жылдары біз комсомолдық жолдамамен қазіргі Атырау, сол кездегі Гурьевтен Жетібайға келдік. 17 жас Гурьев педучилищесін, 18 жас Гурьев педагогикалық институтын бітірдік. Ол кезде оқу бітіргесін, екі жыл міндетті түрде тәжірибеден өтіп, жұмыс жасауың керек. Бәрімізді Маңғыстауға жіберді. Алдымен сол кездегі Шевченко, қазіргі Ақтау қаласына келдік. Бізді «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресінің басқарма бастығы Халел Өзбекқалиев жас мамандар ретінде қабылдап алды. Сосын мұғалімдердің жыл сайынғы кезекті тамыз мәслихаты өткен соң, бізді жан-жаққа бөлді. Салық Рысқалиев деген бұрғышысы бар екен. Мен – С.Рысқалиевтің келіншегі Ибаштың сіңлісі Зибаштың құрбысымын. Екеуміз оқуды бірге бітіргенбіз. Біз сол С.Рысқалиевтің үйінде жаттық. Менде Х.Өзбекқалиевтің, ол кісінің келіншегі Софияның, С.Рысқалиевтің зайыбы Ибаштың – бәрінің суреттері бар. Тек С.Рысқалиевтің суретін ғана көшіп-қонып жүргенде жоғалтып алдым.

Сөйтіп, біздер мұғалім болып жұмысқа кірдік. Жетібайдың мұнайшыларға арнап жаңадан салынған мектебінде еңбек еттік. Сол уақытта Майлыбай Өрбісінов деген шет тілдер институтын

бітірген жігіт те бізбен бірге жұмыс істеді. Ескі Жетібайда мұнайдың мұнарасы тұр. Алғаш рет соның 15 күн бойы жанып тұрғанын көріп, таң қалғанымыз бар.

Х.Өзбекқалиев көбіне біз жатқан С.Рысқалиевтің үйіне келеді. С.Рысқалиев Социалистік Еңбек Ері атанғанда газеттерден тілшілер көп келді. Күндіз таңертеңнен кешке дейін жұмыс жасаймыз да, кешке үйге келген қонақтарды күтеміз. Х.Өзбекқалиев пен С.Рысқалиевтің үйлерінің арасы жақын.

Сол күндердің суреті әлі күнге дейін көз алдымда. Ол уақытта көп қабатты үйлер жоқ еді. Адамдардың бәрі жертөледе тұратын. Бір қабатты үйлер жаңадан салынып жатты. Сол кездің өзінде елді мекендегі жалғыз дүкенде кавказдықтар жұмыс істеді.

Жәкең – Жаңабай Сәлімгереев ағамыз келген азық-түлік, тамақтардың бәрін ешкімді алаламай, халыққа теңдей етіп бөліріп беретін. Күндіз-түні елсіз, сусыз жерлерді кезіп, жер астынан мұнай іздейтін қарапайым барлаушылар мен бұрғышылардың барлығын да керек-жарақтарымен қамтамасыз етіп отыратын. Әсіресе ол мұнайшылардың көлік мәселесін шешумен көбірек айналысты. Соның ішінде біз жұмыс істейтін мектепке де көп көмектесті. Жаңадан салынған жас мектептің керек-жарағы мен қардер нәрселері таусыла ма?! Сондай кездерде мектеп басшылығы «МНГР»-ге алақан жаятын. Айналып келгенде, сан-сапат шаруаның бәрі басқарма бастығының орынбасары Жәкең келіп тірелетін. Жәкең ешуақытта мектеп басшылығының меселін қайтарып көрген емес. Өздерінің негізгі жұмысы – өндірістің қат-қабат, қауырт шаруаларының арасынан уақыт тауып, мектептің қандай проблемасы болса да, шешіп беретін. Сол жерлерін мен ешқашан ұмытпаймын. Сол бір ескі күндердің елесі күні кеше ғана болғандай, көз алдымда жайнап, көкірегімде сайрап тұр.

Ол кісі өте байыпты, салмақты, сабырлы кісі еді ғой.

Мен Жаңабай аға секілді ардагер азаматтардың көзін көре қалғаныма, олардың халқына шашқан шапағатының, еліне еткен жақсылығының куәгері болғаныма өзімді бақытты санаймын.

## САНАЛЫ ҒҰМЫР КЕШКЕН САРАБДАЛ ЖАН

**Қырмызы ҚОНЫСБАЕВА,**

*Құсайыновтар жанұясының атынан.*

Өзінің саналы өмірін ел игілігіне арнаған, замандастарының есінде игі істерімен қалған талай зиялы азаматтар болған. Солардың бірі – асыл азамат Жаңабай ағамыз еді.

Мен Жаңабай ағамен жолдасым Мұсташ Құсайынов Маңғыстау облыстық партия комитетіне жұмысқа ауысып келгеннен кейін таныстым. Әр уақытта жиын-тойларда, мерекелерде бірге болып, семьяларымыз араласып тұратын.

Жаңабай аға – білікті басшы, мықты ұйымдастырушы, қол астындағы қызметкерлеріне қатаң талап қоя білген іскер азамат болатын. Ол өмірінің соңына дейін биік адамгершілік мораль дәрежесіне сай өмір сүріп, адалдық пен тазалықты ту етіп өмірден өтті. Өзі өмірден өтсе де, артында сүйікті жары, балалары қалды.

Жаңабай ағаның өмірдегі басты наградасы – өмірлік жары Ағиба жеңгей деп ойлаймын. Себебі, Ағиба жеңгеміз – мінезі жұмсақ, табиғатынан адал жан. Ол – қолы ашық, өте қонақжай адам. Шаңырағынан ешқашан қонақ үзілмеген, дастарханы жиылмаған. Қай уақытта барсаң да, ыссы таба нанын алдыңа әкеліп: «Сары маймен жеңдер», – деп бәйек болып жатқаны. Ыссы таба наны қолымызды күйдіріп, сары майы ағып жатады, сонда да оның тәттілігі сондай – ыстығына қарамай жеп алатынбыз.

Үйге келген қонақтың бабын тауып, дастарханды басқару үлкен ұлы Мақсұт пен келіні Ұлмекенге тиісті болатын. Жаңабай аға әр уақытта баласы мен келініне бағыт-бағдар беріп, ақылын айтып отыратын. Мақсұт өмірден өткен соң үйге келген қонақты күтуді кенже ұлы Мәлік пен келіні Гуляға (Гүлшараға) тапсырды. Бала-

келіндерін қонақ күтуге, үлкенді сыйлауға, көрген жерде «ағалап», «апалап» амандасуға үйретіп, өз туыстарындай іші-бауырына кіріп тұратындай қылып адамгершілік қасиеттерін қалыптастырды.

Қазіргі таңда Ағиба жеңгеміз кенже ұлы Мәлікпен бірге Астана қаласында тұрып жатыр. Балаларын тәрбиелеп, осы кезге дейін ағайын-туыстарымен сыйласып, немере, шөбере жиендерін бағып, үлкен шаңырақтың ұйытқысы болып отырған ақ жаулықты әже, аяулы ана. Ол кісі қазір «Жиырмасыншы ғасырдың Гомері» атанған жыр алыбы Жамбыл атамыздың мына бір өлеңіндегідей нағыз кемеліне келіп, кемеріне толған кезінде тұр:

*Жамбылдың ардақталып бұлбұл сөзі,  
Гауһардай нұрын төккен екі көзі.  
Тоқсанда қайтып алып жиырма бесті,  
Жасарып қарт бабаңның тұрған кезі.*

Ағиба жеңгемізге осы өлең жолдарын тарту ете отырып, ағамызға «Топырағыңыз торқа болғай! Жұбайыңыздың ғұмыр жасы ұзақ болып, ұрпақтарыңыз аман болсын, өсе берсін, өне берсін!» деген тілек айтамыз.

## **АЖАЛДЫ ДА ҚАЙМЫҚПАЙ ҚАРСЫ АЛҒАН**

**Жәмиға ИХСАНОВА,**  
*ҚР білім беру ісінің ардагері.*

Біз Жаңабай ағайдың отбасымен 1970-жылдардан бастап жақсы араластық. Ағиба апай біздің өзіміздің туған апамыз сияқты болды. Жәкеңнің жұмыскерлігі, біліктілігі жөнінде жұрттың бәрі де білегін шығар. Біз ол кісіні жанұялық жағынан жақсы білетінбіз. Ол отбасында өте жайлы, дұрыс, жақсы адам болды. Өзінің туғандарына да жақсы қарайтын. Ағиба апай оған: «Отағасы», –

деп, ол апайға: «Қосағасы», – деп, екеуі бір-бірін керім сыйлайтын.

Ағайдың Жібек деген қарындасы болды. Мен сонымен дос болдым. Жібек екеуміз бірнеше жыл бойы Ақтау қаласындағы №3-мектепте бірге жұмыс жасадық. Мен де, Жібек те бастауыш кластарға сабақ беретін мұғалім едік. Кейін ол Алматыға көшіп кетті. Жаңабай ағайдың үйі Ақтау қаласындағы 4-ші шағын ауданда болғанда талай рет қонаққа бардық. Ол кісінің бір ерекшелігі – туғандарына деген жылы сезімі, жақсы көруі, махаббаты өте күшті еді. Минут сайын Жібек апайдың атын атап:

– Жібекжан, Жібекжан! – деп отыратын.

Сонда біздер:

– Апай, сіздің не арманыңыз бар? Ағай сізді ылғида «Жібекжан! Жібекжан!» деп іздеп отырады, – дейтін едік.

Біздің ондай туғандарымыз болған жоқ. Болса да, жақын жерде емес, алыста – Атырау жақта қалған болатын.

Бүгінде ол кісілердің балаларының бәрі өсті, үйленді, үйлі-баранды болды. Солардың бәрінің тойында болып, қуанышына да, қайғысына да – барлығына да ортақ болдық. Артынан осы 14-ші шағын ауданда да үйіміз жақын болды. Олар 19-үйде тұрды, біздер 21-үйде тұрдық.

Жаңабай ағай зейнеткерлікке шыққасын, аздап жұмыс жасады да, сосын үйде отырды. Үйде отырғанда да қарап отырған жоқ, балаларды өзі бақты, Мақсұттың балаларына қарады.

Менің жолдасым Егізбай Сатыбалдиев ол кезде жұмыс жасайтын. Екеуі көп нәрселер жөнінде сөйлесетін. Ағай кешке үйге телефон соғып:

– Қарындас, Егізбай келді ме? – дейді.

Мен Егізбайды шақырамын. Сосын екеуі біраз мәселелер жөнінде әңгімелеседі. Кейде телефонмен азғантай сөйлеседі де, үйдің қасындағы мектептің ауласында отырып, сол жерде біраз әңгімелер айтып, сөйлесіп келеді. Не жөнінде айтатынын көп біле бермеймін. Осы қаланың жайын, билік басындағы ауыс-түйістерді, сайлау науқандарын, өндірістегі жаңалықтар жөнінде сұрайтын

шығар. Әйтеуір Жаңабай ағай Егізбайды өзінің туған інісі сияқты көріп, өте жақсы көретін.

Ол кісінің басында жасы ұлғайған кезінде қиыншылық жағдайлар да болды. Үлкен баласы Максұтты машина қағып кетті. Соны естіп, көңіл айтуға бардық. Ағай өте сабырлы кісі ғой. Апайға қайта-қайта:

– Қосағасы! Жарар, жарар енді, қой, – деп басу айтып, дем беріп отырды.

Ол кісі – өзі арабша оқымайтын адам. Әрдайым Құран сөздерін апай оқитын еді. Кейде өзінің үйіне қонаққа барғанымызда немесе біреудің үйіне «Арты қайырлы болсын!» деп айтуға барғанымызда, Ағиба апайға:

– Әй, қосағасы! Сен молданың қызысың ғой. Оқып жібер, – деп отыратын.

Артынан ағай ауырды. Алматыға барып, қаралып келді. Алматыдан келгесін, біздерді шақырды. Мұсташ Құсайынов, Бәри Халелов, сосын біздер – үш үйдің отбасы болып бардық. Олар – Беріштер. Егізбайдың шыққан тегі – төлеңгіт. Бірақ біздер руға бөлінбейміз. Бұл үшеуі – сонау Форттан бері қарай жолдас. Бәри мен Мұсташ Маңғыстауға 1952-жылдары келген. Егізбай 1953 жылы келген. Мен 1955 жылы келдім. Біздер – содан бері дос-жаран болып, бірге келе жатқан адамдармыз. Бәри мен Мұсташ екеуі Беріш болғасын, олар – сірә, ағайындары ғой. Бірақ ағай Егізбайды да ешуақытта бөлмейтін.

Сол жолы бізді шақырып алып, өзінің қандай науқасқа шалдыққанын айтты. Өкпеге түскен жаман ауру екен. Алматыда күйеу баласы мен қызы бар еді. Сонда барып, аппаратқа түсіп, анықтатып келген беті.

– Ондағы дәрігерлерге: «Мен енді жасарымды жасадым. Біраз өмір сүрдім. Жақсылықтың, жамандықтың барлығын көрдім. Маған қандай ауру екенін ашып айтындар, жасырмаңдар!» – дедім. Сосын барып олар осындай ауру екенімді айтты, – деді біздерге.

Содан кейін шақыртып алдырған үш інісіне алдағы уақытта не істейтіндерін, не тапсыратынын айтып:

– Азаматтарға айтарсыңдар. Енді Мәлікжан әлі жас қой. Сендер солай етіп, бәрін өздерің ұйымдастырарсыңдар, – деп, өзін дүниеден өткеннен кейін қалай жөнелтудің барлық шаруасын өзі айтып отырды. Ешқандай шыдамсызданып, күйгелектенген жоқ.

Сол Алматыдан келгеннен кейін көп шыдаған жоқ. Бар болғаны екі айдай ғана жатты.

Қайтыс боларының алдында кешке қарай біз Мұсташтың жолдасы Қырмызы екеуіміз көңілін сұрап бардық. Ағай өзінің бөлмесінде жатыр екен. Сол кезде халі шамалы болып, нашарлап жатты. Сонда да ол кісінің соншалықты шыдамдылығы бізді қайран қалдырды. Бізге түк болмағандай, жайбарақат қана:

– Әй, қарактарым, ана жаққа барыңдар. Апаларыңмен бірге шәй ішіңдер. Апаларың шәй береді ғой. Ана жаққа барыңдар, – деді.

Содан басқа ештеңе айтқан жоқ. Бәзбіреулер сияқты «Шырақтарым-ау, осылай болайын деп жатыр ғой, анау-мынау» деп күйзеліп, ештеңесін сездірген жоқ. Шамасы, біздерді «Ойланбасын, уайымдамасын» деген шығар.

Сонда Қырмызы:

– Жүрегі жоғары шығып кеткен екен. Көп шыдамайтын шығар, – деген әңгіме айтты.

Апайдың қасында бір-екі аяқ шәй ішіп, аз уақыт қана отырдық та, кетіп қалдық. Сыртқа шыққасын, екеуіміз:

– Апай әңгіме соғып отырғанда, ағай кетіп қалар-ау. Апамыз мына жақта отыр ғой. «Мәлікжан, папаңды қарап қой!» деп айқайлап қояды, – деп күліп қойғанбыз.

Айтқандай, Жанабай ағай біз кеткен соң жарты сағатқа жетпей, жан тапсырыпты. Біз де тек үйімізге жеттік, ол кісіні «қайтты» деген хабар да келді. Дереву жүгіріп жеттік. Кейін барлық кәдесіне қатысып, абыроймен жөнелтістік.

Қазақ болғасын, қонақта отырғанда үстел үстінде әңгімеден әңгіме шығады ғой. Сондайда:

– Осы ажал қайсымызға бұрын келеді екен? – деген де сөз бо-

латын. Әсіресе, Құдай сездірді ме, ол кісі ауырарының алдында, өмірінің соңғы кездерінде осы әңгіме жиі айтылып қалып жүрді. Сондайда әрқашанда кемпіріне:

– Әй, қосағасы! Сен тұра тұр. Сен ана Мақсұттың Асылбек деген баласын үйлендір. Содан кейін келерсің. Әуелі мен кетейін. Сен Асылжанды аяқтандыр. Мақсұттың үш кішкентай баласын бақ. Соларға қара, – деп отыратын...

Мен өмірімде мұндай ажалға қасқайып тұрып қарсы қарап, қаймықпай қарсы алған қайратты адам көрген жоқпын.

## **БЕЙНЕСІ САНАМЫЗДАН ӨШПЕЙТІН АРДАҚТЫ АҒАЙ**

**Рауаш ХАЛЕЛОВА**

Мен үшін күні кеше ғана бірге жүрген аяулы азаматтар жайлы естеліктер айту өте ауыр. Өйткені, Жаңабай ағадай ардақты да асыл адам туралы ойлағанда, өткен күндер мен бастан кешкендерді еске түсіргенде, бүкіл өткен өмірің, болған оқиғалар, қуанышты да қайғылы кездер көз алдына елестейді екен. Бірақ білетініңді айтпауға тағы да болмайды.

Соншама жылдар бойы қажырлы еңбек еткен, Атырау, Маңғыстау облыстары сияқты бірнеше аймақтардың мұнай саласын көтеруге үлкен еңбегі сіңген, Ұлы Отан соғысының ардагері Жаңабай ағаның еңбек жолдары кейінгі жас ұрпаққа өшпестей үлгі болады деп айта аламын.

Ол кісінің туған-туысқандарына, ағайын-достарына ағалық қамқорлығы, әлсізді қорғай білетіндігі – ағайдың адамгершілігінің молдығы деп есептеймін. Жаңабай аға мен Ағиба апайдың ұрпақ тәрбиесінде үлкен әріппен жазылып қалатын еңбектері мол. Олар – үш ұл, екі қыз тәрбиелеп, балаларының әрқайсысына өмірлік жол ашып, ұлды ұяда ұстап, қызды қияға ұшырған Қазақстанның үлгілі отбасы.



Жолдасым Бәри екеуміз ардақты ағай мен апайдың ұл-қыздарының ұзату, үйлену тойларының, ағайдың 60, 70 жасқа толған торқалы тойларының бәріне де қатысып, үлкен қуаныштарына куәгер болдық. Ағай Бәри, Мұшташ, Егізбай сияқты інілеріне ақылшы аға да, қадірменді ұстаз да бола білді.

1977 жылы мамыр айында біздің үлкен ұлымыз Тарас Нұбигаға үйленетін болып, Құлсары қаласына барып, құда түсу керек болды. Біздер ол уақытта жаспыз, сондықтан ол жағынан түсінігіміз шамалы еді. Енді осы жерде жол білетін кісі қажет болды. Бәри ойланып-толғанып, біз үшін өте маңызды сол үлкен жұмысты атқаруға ағайға қолқа салды. Себебі, бізбен құда болғалы отырған азамат Әбутай Беклиевті ағай жақсы таниды екен. Осы ағайдың көпті көрген азаматтығының арқасында балалар үйленіп, отау құрды. Қазір олар бақытты өмір сүріп жатыр, үш баланың ата-анасы, немерелерінің ата-әжесі.

Бұрынғы Шевченко, қазіргі Ақтау қаласында тұрған кезімізде жыл сайын көрісуге ағай бастаған бір топ жолдастарымыз, араласып жүрген жанұяларымыз біздің үйге келетін. Себебі, Бәридің анасы бәрінен де үлкен кісі болатын. Анамыз наурыз айы басталмастан бұрын маған:

– Даярланып қой, – дейтін.

Сонда мен жорта:

– Неге әзірленем? – десем:

– Менің қайным келеді, – деп, күтіп отыратын.

Ағай келген соң:

– Жеңгей, халыңыз қалай? – деп жағдайын сұрап, екеуі біраз әңгімелесіп отыратын.

Осы жеңгесінен кейінгі үлкеніміз Жаңабай ағай болатын. Кейіннен бәріміз көрісуге ағай мен апайдың үйіне баратын едік.

Ағайдың халыққа, елге жасаған жақсылықтарын, бойына сіңген адамгершілік қасиеттерін және еңбекқорлығын айта берсе, әңгіме ұзаққа кетеді.

Біздер – Халеловтар әулеті осындай рулас, туыс, алтындай асыл ағамен және де оның отбасымен Маңғыстау жерінде ұзақ жылдар бойы бір туған бауырдай қатар өмір сүріп, ешқандай көңілімізде

кірбің болмай, өсірген ұрпақтарымыз біздің жолымызды жалғастырып, еңбек етіп жүргендеріне қуаныштымыз.

Ол кісінің елі мен жеріне сіңірген еңбегін еске ала отырып, Халеловтар әулеті атынан «Аяулы азамат ағаның ақ жолы ұзағынан жалғаса берсін!» деген тілегімді білдіремін. Ағаның шапағаты ұл-қыздарына, оның орнындағы Ағиба апайға тиіп, рухы желеп-жебеп жүргей!

Ағайдың жарқын бейнесі санамыздан ешқашанда өшпейді.

## ЖАҢАБАЙ АҒА ЖАНАШЫРЫМЫЗ ЕДІ

**Мәрияш БАЗАРБАЙҚЫЗЫ,**

*Немере қарындасы.*

Мен – Мәрияш Базарбайқызы 1962 жылы Каким Гумаров деген азаматпен бас қосып, сол кездегі Ералиев, қазіргі Құрық кентіне келдік. Жолдасым мектептің директоры болатын. Ол уақытта мектеп Форт-Шевченко қаласына қарайтын еді.

Бірде мектепке қажетті парта, үстелдерді алу үшін жолдасым Форт-Шевченкоға барып, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресінен көлік сұрайды. Жәкең ол кезде автокөлік кеңсесінің директоры екен. Екеуі танысып, жөн сұраса келгенде, жолдасым менің әкемнің атын айтқан кезде Жәкең:

– Онда Мәрияш менің жақын қарындасым болып шықты ғой, – депті.

Міне, сол күні танысып, біліскен жақындығымыз күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Шындығында да, біздің туыстығымыздың қапысы жоқ, ар жағында әкелеріміз үш атадан қосылады.

1962 жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі Ералиевке көшіп келді. Сол кезде Жәкең біздің үйде жатты.

Ағай өте бауырмал, адамды аяғыш, жақындарына жанашыр кісі еді.

Ол уақытта Ералиевте тамақ ішетін асхана да, келген кісі жататын қонақ үй де жоқ болатын. Форт-Шевченкоға барып келген сайын, жол жаман, шаң-тозаң болғандықтан, үсті-бастары шаң-шаң болып келетін. Үйді жылыту үшін де, суға түсу үшін де пешке от жағамыз. Сондайда мен суды жылытып:

– Суға түсіп, жуынып-шайынып алыңыз, – десем:

– Мәрияшжан, онсыз да шаруаң көп, қолың бос емес қой. Біз үшін неге осынша әлекке қалып, әуре болып жүрсің? – деп, мені қатты аяйтын.

Шынында да, менің шаруам басымнан асып жататын. Өзім мектепте математика пәнінен сабақ беремін. Үйімізден қонақ арылмайтын. Сол кезде трестке іссапармен бір адам келсе, біздің үйге әкеліп, қонақ қылатын еді. Ол уақыттағы Маңғыстаудың бораған шаңы мен ұйтқыған желі қандай десеңші! Талай рет үйдегі заттарымызды топырақ басып қалса да, төрдегі кілемімізді аударып, сілкіп салып, трестке келген қонақтың астына жаятынбыз. Сөйтіп, талай меймандарды күтіп, каншама қонақтарды сый-құрмет көрсетіп, аттандырғанбыз...

Жолдасым Каким Жаңабай ағамның туған інісіндей болып кетті. Екеуі ақылдасып, әңгімелесіп отырып, шәйларын ұзақ ішетін.

Бірде Какимді аудандық партия комитетінің бюросына шақырды. Оның себебі – мектепте оқитын бір қыз мезгілінен бұрын, балиғат жасына толмай тұрып, күйеуге қашып кетіпті. Сол кезде ондай жағдайлар Ералиевте жиі болып тұратын. Бюрода Какимге біраз сындар айтылса керек, ол үйге қатты налып, ұнжырғасы түсіп, ренжіп келді.

Сонда Жәкең оған:

– Тым басыңды салбыратып, ұнжырғанды түсіре берме! Бастықтарыңның олай айтуы орынды. Жұмыс болғасын, ондай-ондайлар болып тұрады, – деп біраз ақылын айтып, жігер беріп, қайратын жаныған болатын...

Бірнеше жылдан кейін Жаңабай ағамның отбасы Ақтауға көшіп

кетті. Сол кезде ағам да, жеңгем де алаңсыз жұмыс істеу үшін үлкен ұлы Мақсұтты біздің үйге қалдырып:

– Мына балаға осы жерден 10-класты бітіргізіңдер, – деді.

Содан Мақсұт 5-кластан бастап 10-класқа дейін біздің үйде жатып оқыды...

Тағы бір оқиға есім түсіп отыр.

Мақсұт та, Каким де дүниеден өткен кез болатын. Бір күні мен жұмыстан келсем, Ағиба жеңгем сыртта немерелерін ойнатып отыр екен. Мені қасына шақырып:

– Кел, отыр, – деді. Сосын:

– Қарағым, Мәрияшжан, біздің ауылдан ендігі жерде екеумізден басқа бас көтеретін де адам қалмады-ау, – деді мұнайып. Бұл жеңгеміздің көңіліне кішкене қаяу түсіп, қамығып жүрген кезі болатын...

Жаңабай ағаның жиі айтатын бір мәтелі, сөзінің сырағысы – «Ой, бар болғыр!» еді. Соны еске алғанда ойыма бір оқиға түсіп отыр.

Ағиба жеңгем – өте таза, тирақ кісі. Қашан көрсең, үйдің барлық адамы жатып қалғанда да үйдің ішінен бастап есіктің алдына дейін жуып, тазалап шығатын еді.

Бірде Жаңабай аға екеуміз далада, есіктің алдында әңгімелесіп отырғанбыз. Мен:

– Апам қайда? – деп сұрап едім, ағам:

– Ол бар болғыр, жерді тырналап жатыр, – деді қалжыңдап.

Ондағысы – жеңгеміздің тағы да әдеттегідей үйді тазалап жатқанын меңзегені.

Бұл сөзге ағам екеуміз қосыла күлдік...

Ағамыздың жиі айтатын сол «Бар болғыр!» деген сөзі Ағиба жеңгеміз бен бала-шағасына дарыды-ау деймін, бүгінде жеңгеміздің жасы 85-тен асса да, жүріс-тұрысы ширақ, тың. Бала-шағасы да өнегелі де өркенді әулетке айналды.

Өсе бер, өне бер, жайыла бер, жасай бер, Жаңабай аға шаңырағы!

## ӘКЕМДЕЙ БОЛҒАН АСЫЛ ЖАН

### Ақтоты БАҒЫТҚЫЗЫ.

Біздер Жаңабай ағаның балаларымен Атырау облысының Жылыой ауданындағы Құлсары деген жерде, бір ауылда бір мектепке барып, әрі ағайын, әрі көрші болып өстік. Әкелеріміз Жаңабай Сәлімгереев, Бағыт Сарқытов деген азаматтар – соғыстан аман-есен келіп, достықтары ағайындыққа жалғасқан, ар жағы бір рудан шыққан адамдар. Олардың жұмыстары әртүрлі салада болса да, бір-біріне деген бауырмалдықтары өте жақын еді.

Аналарымыз да – Ағиба апам мен Алма анам екеуі Доссорда бір мектепте оқып, 6-кластан бастап дос болған. Осы күнге дейін арамыз үзілмей, ата-анамыздың бастап берген ағайыншылығын біздер – бала-шағалары жалғастырып келе жатырмыз.

Біздің әкеміз өмірден ертерек кеткен. Бірақ «Әкең өлсе де, әкенді көрген өлмесін» дегендей, Ағиба апамды көргенде, өзіміздің анамызды көргендей боламыз. Осы күнге дейін ағаның інісі Нұрлыбай көкемізбен араласып тұрамыз. Біз Балтабек екеуіміз Алматыға алғаш көшіп келгенімізде, Жаңабай аға мен Ағиба апам екеуі арнайылап келіп, «Құтты болсын!» айтып, қонақ болып кеткен. Олардың әкемнің жоқтығын білдірмейтіні осы бір ниеттерінен-ақ аңғарылатын еді.

Жаңабай ағаның ерекшелігі – ағайын-тумаға, жақын-жуыққа деген қамқорлығы, жанашырлығы мол еді. Әлі есімде, сол Құлсарыда тұрғанда талай рет демалыс сайын ата-анамыз қонаққа кеткенде, барлық балалар бір үйдің балаларындай болып, улап-шулап қалатын едік. Бір-бірімізді бағып, ойнап-қунап, бір жасап қалатынбыз. Сондай мәңгілік есте қалатын сәттер өте көп. Сол кезден басталған татулығымыз, достығымыз әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Сол бір алаңсыз балалық шағымыз ешуақытта есімнен кетпейді. Аузынан тек жылы сөз ғана ақтарылатын ол кісі марқұм «Мақсұтжан», «Оңдасжан», «Мәлікжан», «Светжан», «Бәкөшжан» деп,

балаларының бәрін айналып-толғанатынын мамам жыр қылып, әрқайсысының қылықтарын айтып отыратын. Жаңабай аға мен Ағиба апам біздің үйдегі Ерсайын ағаны, Нұрланды, Гүлнарды, Салаватты «Салаужан» деп, бәрімізді де өз балаларындай көріп, ерекше жақсы көретін. Апа, тек саулығыңыз зор болсын! Сізді көргенде, анамызды көргендей болатынымыз да сондықтан.

«Жақсы әке – балаларына қырық жыл азық» дегендей, артында қалған ұл-қыздары ол кісінің тіршілікте тындырған ізгі істерін ілтипатпен еске алады. Үлкен қызы Бағдат Алматыда тұрады. Медицина саласында жұмыс істейді. Әбекең жездеміз екеуі – ғылым докторы.

Ағаның көре алмай кеткен қызығын Ағиба апамыз көріп отыр.

Қазақтың арынды ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Өкінбе, әке» атты өлеңінде:

*Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,  
Ол мәңгілік жананы, көрмей тыным.  
Ұрпағың бар – ел менен ер намысын  
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын, –*

деп айтылғандай, ол кісі – ұлағаты ұрпағына дарыған, өкініші жоқ өмір сүрген адам.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді қазақ.

Ондай жандар өзінің адамгершілік қасиетімен айналасын нұрландырып, жан-жағындағы ағайындарын шуағына бөлеп жүреді. Біздің Жаңабай ағамыз да сондай шұғылалы, мейірімді жан еді.

Ол – ағайын-туысына қадірлі, сыйлы болып, елінің есінде жақсы істерімен ғана қалған, әкемдей болған асыл жан.

Ол кісінің артында қалдырған жақсы ізін ұмытпаған құда-жекжаттары, ағайын-туыстары, балаларының дос-жарандары осы күнге дейін бұл шаңырақтан дәм татып, риза болып аттанып жатады. Өзіміз де Астанаға барсақ, Жаңабай ағаның үйіне соқпай кетпейміз. Ол үйден өмірі қонақ арылмайды.

Ағаның топырағы торқа, жаны жаннатта болғай!

## НАР ТҮЛҒАЛЫ НАҒАШЫМ

**Мәриям СЛАНОВА,**  
*жүзін.*

Алдымен өзіміздің отбасымыз туралы бірер сөз айта кетейін.

Менің мамам – Бәтима Берденқызы. Папамның аты-жөні – Ғабдол Сланұлы. Ол Қазақстанға белгілі жазушы болған. Биыл папамның 100 жылдығы болады. Облыс-облыстар бізді шақырып, қамданып, барлығы да «тойлаймыз» деп жатыр. Оның ішінде Атырау облысы, сірә, бөлекше дайындық үстінде. Өйткені, ол – папамның туған жері ғой.

Мен Алматыда туып-өскенмін. 1934 жылы туылдым. Қазір 76-дамын. Алла бұйыртса, биыл желтоқсанда 77-ге толамын. Біз төрт ағайындымыз. Мен – ата-анамның ең тұңғыш қызымын. Үш інім бар. Бір інімнің аты – Баян. Бірақ оны үйдегілер «Мадик» дейміз. Ол қазір Санкт-Петербургте тұрады. Баяғыда сол жаққа – Ленинградқа оқуға кеткен. Сол жақтан үйленіп, өсіп-өніп, үйренісіп, қалып қойды. Ал одан кейінгі Мұхит деген інім кезінде политехникалық техникумды бітіріп, сол кездегі Шевченко, қазіргі Ақтауға барып, Жанабай ағамның қол астында 3-4 жыл жұмыс істеген. Қазір осында Алматыда тұрады. №12 орталық қалалық ауруханада бас дәрігердің орынбасары, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы. Отбасы, балалары, немерелері бар. Одан кейінгі ең кішіміз – Дулат. Ол әуелі Халық шаруашылығы институтына оқуға түсіп еді. Бірақ онда оқығысы келмеді. Сөйтіп жүргенде, әскерге алып кетті. Әскерден келгеннен кейін, анда-мында жұмыс істеп жүрді. Сосын менің жолдасым оны хирургия институтындағы фотолабораторияға апарып еді. Сол жерден фотограф болып шықты. Осы күнге дейін фотограф. Қазір өз ісінің білгірі, өте жақсы маман. Жақында 60 жасқа толғанында арнайы көрме жасады. Талай адам келіп, көріп, тамашалап, мақтап кетті.

Сол Дулатымыз 18-ге толғанда, 10-класс бітірген жылы мамам қайтыс болды. Одан кейін 4 айдан кейін папам қайтты. Екеуінің өмірден өткен күндері де бір. Мамам 17 қазан, жұма күні қайтыс

болды. Папам 17 ақпан, жұма күні қайтты. «Жақсы адамдар жұма күні дүниеден өтеді» дейді ғой. Соған қарап-ақ, иманды болғыр әке-шешемнің тілегі бір, дұрыс адамдар болғанын аңғаруға болады.

Осы жерде реті келіп тұрғанда, мамамның өмірбаянын қысқаша айта кетейін. Менің білетінім – жас күнінде мамамды үлкен кісіге күйеуге беретін болыпты. Сосын мамам: «Оған бармаймын», – деп Доссордан қашып кетіпті. Қасында бір кісілер болған екен. Солармен бірге Ташкентке келіпті. Ташкент арқылы Алматыға келіп, бірден папамды кездестіріпті. Артынан мамам:

– Ол кездесуге күнде бір костюм киіп келетін, – дейтін.

Екеуі қол ұстасып, бірге театрға барады екен. Сонда мамам «Ойпырмай, мынау күнде бір киім ауыстырып киетін, қандай интеллигентный жігіт!» деп таң қалады екен. Сөйтсе, папамның түгі де жоқ, тіпті бір костюмі де жоқ болып шығыпты. Мамаммен кездесуге жолдастарының костюмін киіп келетін көрінеді. Содан олар үйленгеннен кейін, папам пәтер алды. Ол үй қазір де бар. Совет көшесі, 13 «А» үй, 8-пәтер. Мұны «Кейінгі балалар естеріне сақтасын» деп айтып жатырмын. Мен перзентханада емес, сол үйде туылған екенмін. Сол үйде әкеммен бірге 11 іні-қарындастары тұрды. Ылғи үлкен кісілер. Солардың арасында жалғыз мен ғана кішкентай баламын.

Бүгінде папамның жеті немересі, он шақты шөбересі бар. Әкемнің 100 жылдық мерейтойы биыл қыркүйекте аталып өтейін деп жатыр. Жазушылар Одағының не істейтінін, қандай шаралар ұйымдастырып жатқанын білмеймін. Ал ең үлкен дайындықты Атырау облысы жасап жатыр. Ондағы тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері бізге алдын-ала арнайы қағаз жіберді. Олар: «Әкеңіздің өздеріңізде қалған киімдерін, қағаздарын, кітаптарын жіберіңіздер», – деп жатыр. Соларды қолдан келгенше жиыстырып, жіберіп жатырмыз. Мұражайға жіберіп жатқан ең үлкен нәрсеміз – әкемнің қазақша жазу машинкасы.

Папамның қандай дарынды жазушы болғандығын сол кеңестік кезеңде қазақша көркем әдебиет оқығандардың бәрі біледі. Әсіресе олар «Дөң асқанды» жақсы білетін болар. Әкемнің кітаптары



қанша данамен шықса да, жарық көргеннен кейін дүкен сөрелерінде ұзақ жатпайтын, азғана уақыттың ішінде өтіп кететін. Оқырмандар ол кісінің шығармаларын жарияланған бойда пышақ үстінен талап әкететін. Осыдан-ақ оның еліміздегі ең көп оқылатын, мықты жазушы болғандығын білуге болады.

Ол кісі орысшадан өте тамаша аударатын. Әлі күнге дейін есімде, машинка басушы қыз үстел басында отырады да, папам кереуетте жатады. Өйткені, ол кісі көп ауырды. Сонда әкем орнынан тұрмастан, ұзақ уақыт бойы кереуетте жататын. Қолында – А.Фадеевтің кітабы. Соны еш жерге жазбастан, кітапты қолына ұстап отырып, ана кісіге «диктовка» жасап, бірден оқитын. Сөйтіп, бүкіл кітапты тікелей аударып шықты. Мұның өзі оның айрықша таланттың, асқан қабілеттің иесі екенін білдірсе керек. Папам еш жерде оқымаған, тек қана ФЗО бітірген. Бірақ ол кісі қазақша да, орысша да өте сауатты жазатын.

Енді Жаңабай ағам туралы әңгімеге көшейін.

Олар, жалпы, 5-6 ағайынды болған ғой. Мамам – ең үлкені. Одан кейінгісі – Нағжан апам. Ол да Алматыда қайтыс болды. Одан кейін Жаңабай ағам, Нұрлыбай, Жәңгірбай, Жібек апам. Ең кенжесі – Жібек апам. Ол кісі Жібек десе дегендей, жібектей, өте әдемі, көрікті болатын.

Жаңабай ағамның әкесі Сәлімгерей деген кісінің екі кемпірі болған. Біріншісі – Дене шешеміз, екіншісі – Қайша шешеміз. Дене шешемізден Жұмазия деген қыз болған. Ол өте әдемі кісі болыпты. Жұмазия апамды жас күнінде ауылдағы бір бай шалға күйеуге береді. Содан екі бала тапты. Ілияс деген баласы мен Мая деген қызы болды. Соларды құшақтап, сүймей қосылған күйеуінен қашып, Алматыға келіпті. «Сонда ол кісі неткен шешімтал, өткір болған!» деп қайран қаламын мен. Беріректе апама қонаққа екі кемпір келіп, қонып кетіп жүрді. Бұл – сонау жас кезінде бірге оқыған дос қыздары екен. Жұмазия апам солармен бірге университет бітіреді. Мамандығы – педагогика және психология болатын. Алматыға келіп, оқуын бітіргесін, екінші рет Жүкенов Нұрман деген кісіге күйеуге шықты. Одан 1941 жылы туған Ганнибал деген баласы болды. Ол кейін қайтыс болып кетті. Нұрман жездеміз

ҚазПИ-де мұғалім болып жұмыс істеді. Апам алдымен Фурманов пен Киров көшелерінің қиылысындағы педагогикалық училищеде сабақ берді. Сол педучилищеде Жібек апам да оқыды. Кейін Жұмазия апам Қыздар педагогикалық институтына жұмысқа ауысты. Сол жерде зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеді. Қызы Маяны сол кездегі Ленинград, қазіргі Санкт-Петербург университетінде оқытты. Баласы Илияс осы жерден ҚазПИ-ді бітірді. Сонда мен анама:

– Мама, мен де Мәскеуге барып оқиыншы, – дейтінмін.

– Ойбай-ау, Жұмазия жұмыс істейді ғой. Ол ай сайын Маяға ақша жіберіп тұрады. Мен саған өйтіп ай сайын ақша жібере алмаймын, – дейтін анам.

Себебі, папам басқалар сияқты ай сайын тұрақты жалақы алмайтын. Тек кітабы шыққанда ғана қаламақы алатын. Оған дейін жұрттың бәрінен қарыз алады да, кітабы шыққанда, алған қаламақысын түгел жұртқа үлестіріп, қарызын қайтарып беретін...

Жаңабай аға маған нағашы аға болады. Ол – мамамның туған інісі. Мен бала күнімнен бері Жаңабай ағаны «үлкен кісі» деп сыйлайтынмын. Мамамнан естіген әңгімелеріміз бойынша, Жаңабай аға соғыста болған екен. Сонда бала күнімде мамам:

– Жаңабай соғыстан аман келсе, бізге басқа ештеңенің керек жоқ, – деп, күнде Құран аяттарын оқитын. Неге екені белгісіз, мамам басқа інілері болса да, Жаңабай ағамды алдына ұстап, айрықша қадірлейтін.

Мамамның Жаңабай ағам дегенде шығарда жаны ғана бөлек, тілегі соның үстінде еді. 1946 жылы сол кездегі Гурьев, қазіргі Атырау облысының Доссор ауылынан шыққан Зейнолла Қабдолов бастаған Қазақ Мемлекеттік университетінде оқитын бір топ жігіттер сау етіп үйге кіріп келді. Сонда мамам олардың келісіне біртүрлі көзбен қарап, жүрегі бірдеңені сезгендей:

– Ойбай, не болып қалды? Жаңабай тірі ме? – деді.

Анамның аузына түскен алғашқы сөзі – Жаңабай ағамның аты болды. Демек, жатса да-тұрса да, сол кісіні ойлап, уайымдап жүретін болғаны ғой. Сөйтсе, біздің атамыз қайтыс болған екен.

Мына жігіттер соны естіруге келіпті. Мамамның Жаңабай ағамды ерекше жақсы көргенін осыдан-ақ білуге болады. Ол кісіні тек менің мамам ғана емес, барлығы да жақсы көрді.

Жаз болса, мама-папам бізді, әсіресе мені каникулға демалуға Доссорға жіберетін. Жібек апаммен бірге поезбен баратынмын. Ол кезде Жібек апам осында оқуда болды. Жаңабай ағам Құлсарыда тұратын. Мен ең бірінші рет 1951 жылы барғанда Құлсарыдағы автопарктің бастығы еді. Біз барғанда, Жаңабай ағам Ағиба апаммен, Мақсұттың кішкентай кезі, қайтыс болып кеткен тағы бір бала бар еді, сол баласымен бірге төртеуі арнайылап машинамен келіп, алдымыздан шығып, күтіп алатын. Ол кезде қазіргідей шетелдік қымбат көліктер жоқ. Кәдімгі «полуторка» машина. Сондай екі машинамен келіп, бізді қарсы алатын. Сөйтіп, Құлсарыға барып, жаз бойы жатамыз.

Әлі есімде, бір жолы бізді сөйтіп тағы да екі машинамен Доссордан күтіп алды. Көлігіміз – жүк машинасы, «полуторка» болатын. Ол кезде біз үшін бұл көліктер қазіргі «Мерседестен» кем емес. Жолда келе жатып, Сағыз стансасына келгенде машинамыз сөніп қалды. Ағиба апамның таныстары бар екен. Сонда барып, қондық. Сол үйде шәй ішіп отырғанда, Ағиба апам маған:

– Міне, бұны нағашыңнан көр! Қаншама машиналардың ішінен сені күтіп алуға ең жаманын мініп келді, – деп, Жаңабай ағамды қағытып, күлгені бар.

Не керек, сол үйде екі күн жаттық. Ана екінші машина барып, бұзылған машинаға керекті бөлшектерін әкеліп салып, содан кейін ғана Құлсарыға бардық. Құлсары қазір үлкен қала шығар. 2001 жылы қала статусы беріліпті ғой. Ол кезде ауыл болатын. Бар болғаны екі қабаттық екі үй ғана бар еді. Ауылдың маңында «Қамыскөл» деген көл бар. Ол Жем өзеніне құяды. Жас балалар сол жерге барып, шомылады.

Сонда таңертеңгілікте біз Жібек апа екеуміз ұйықтап жатамыз. Ағиба апам жүгіріп, базарға барып, таңертеңгі шәйға құятын 1 литр сүт әкелетін. Түйенің сүті. Біз жаңағы айтқан екі қабатты екі үйдің біреуінде тұрамыз. Екі үйге ортақ аулада асхана салынған. Осы үйде тұратын барлық кісілер сол асханаға барып, тамақ

пісіреді. Асханада үлкен екі пеш бар. Күндіз-түні, үнемі газ жанып тұрады. Пештің үсті қып-қызыл болып, оты сөнбейді. Ағиба апам таңертең сол жерге барып, бізге бауырсақ пісіретін. Жаңабай ағам ерте жұмысқа кетіп қалады. Сол сурет әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Сөйтіп, біздің курортымыз – сол Құлсары болды. Жылда сонда барамыз.

Сол жерде Нұрлыбай ағам да, Жәңгірбай ағам да бар. Бірақ сонда да әжем Жаңабай ағамды айрықша жақсы көріп, алақанына ұстап, сол кісінің тілегін тілеп отыратын. «Неге?» десеніз, әулеттің ең үлкені – сол Жаңабай ағам. «Қыз бала ғой» деп, мамамды, сірә, балаға санамайды. Бірақ Жаңабай аға олай емес еді. «Ұл-қыз» деп бөлмей, барлық тумаластарын алаламай, айналып-толғанып, жақсы көретін.

Жаңабай ағам мен Құлсарыға барған сайын:

– Мәрияш, саған биыл тана атаймын, – дейтін.

Сөйтіп, әрбір барған сайын, біресе тана мініп, біресе бота, біресе ат мініп қайтатынмын. Сонда папам:

– Барған сайын саған нағашыларың атап, мал береді. Соның барлығын санағанда, бір отар болады. Сен байсың ғой, – деп күлетін.

Шындығында да, солай болды. Бірақ ол кісі өзі мал ұстамайтын. Малды Ағиба апамның ауылындағы әке-шешесі ұстайтын.

Жаңабай ағам Құлсарыда тұрғанда арасында карта ойнайтын еді. Ағиба апам ол кезде бір жерде дүкенші болып жұмыс істейтін. Жалпы, апам өмірінде көбіне жұмыс істеген жоқ. Бірақ сол жылдары жұмыс істеп жүрді. Содан Ағиба апам жұмыстан келеді де, киіздің үстіне отырып алып, уағы бар, ірісі бар, әртүрлі ақшаны жайып жіберіп, санап отыратын. Сонда апам есі кетіп ақша санап отырғанда, Жаңабай ағам оған білдірмей, «Бура ойнауға барам» деп, көп ақшаның шегінен 3 немесе 5 сомдығын алып, қалтасына салып алатын. Ағиба апам оны көбінесе білмей қалатын. Кейде біліп қалса:

– Әй, неге аласың? Бұл – үкіметтің ақшасы ғой, – деп ұрсып жататын.

Сондай қызықты күндер есімде қалды.

Құлсарыда біраз жыл тұрғаннан кейін Жаңабай ағамдар Маңғыстауға көшті. Артынан ол жаққа да барып, Ақтаудағы үйінде де болдық. Ол кісінің барған жерлерінің бәріне біз де барып, сыйқұрметін көріп жүрдік. Жаңабай ағамды сол кезде жұрт «Атақты бастық» деп айтатын. Біз ол кезде бастықтың не екенін де түсінген жоқпыз. Қазір үлкейгеннен кейін ғана «Ә, ол кісі сондай жұмыстар істеген екен ғой» деп, енді біліп жүрміз.

Менің інілерім де Ақтауға барып, Жаңабай ағамның кол астында жұмыс істеді. Мадик 7-класты бітіргеннен кейін, мамам Құлсарыға жіберіп, сонда слесарь болып жұмыс істеп келді. Сол кездері бірге жұмыс істеген құрдастарымен ол осы күнге дейін кездесіп тұрады. Құлсарылық бір жолдасы тіпті оны іздеп, Санкт-Петербургқа да барыпты. Одан кейін Мұхит інім мен мамамның Нағжан деген сіндісінің баласы Қанат деген інім екеуін Жаңабай ағам сонда жұмыс істеп жүргенде Маңғыстауға жіберді. Олар трестегі екінші бастықтың туған жиендері болса да, жұртпен бірге жатақханада тұрып, жұмысқа да қарапайым қызметкерлердің мінетін автобусымен барып келіп жүріпті. Сонда олар «Жаңабай ағама сөз келмесін» деп, ешуақытта ағамның машинасына отырмайды екен. «Біз бастықтың машинасына мінбейміз» дейтін екеуі де.

Мамамның ең кіші інісі Жәңгірбай ерте қайтыс болып кетті. Туберкулез еді. Менің жолдасым Ақзат қоярда-қоймай Бурабайға жатқызса да, болмады, жатпады. Бурабайда 3-4 жыл жатып емделуі керек болатын. Тыңдамай, Доссорға кетіп қалды. Сөйтіп, қайтыс болды. Артында 5-6 баласы қалып еді. Соның барлығын Жаңабай ағам Ақтауға көшіртіп алды. Олар осы күнге дейін сол жақта тұрады. Жаңабай ағамның арқасында сол балалардың ешқайсысы да жетімдік көрген жоқ. Барлығы да оқыды, білім алды, үлкен азамат болып өсті.

1989 жылы Жаңабай ағамның үлкен баласы Мақсұт қайтыс болды. Соған барлығымыз бардық. Осындағы туысқандардың бәрі барды. Жаңабай ағамды жұрттың қалай сыйлайтынын сонда көрдік. Әрине, Мақсұт деген – ең бірінші ер бала. Бағдатқа «қыз бала» деп, көп мән бермейді. Және Бағдат кішкене күнінде

әжесінің тәрбиесінде болып, есейгесін, Алматыға кетіп қалды. Ал күнде қасында жүрген Мақсұттың өмірден ерте кетіп қалуы Жаңабай ағамның қабырғасына қатты батты.

Артында үш баласымен келіні қалды. Ұлмекен келін – алматылық. Осындағы Іле ауданына қарасты Покровка деген жерде тұратын. Әке-шешесі бар. Ұлмекеннің бұл жерде іні-сіңлілері де бар. Бірақ Ақтауда қасындағы Жаңабай ағам мен Ағиба апам көмектеспесе, балаларын өсіріп, бақпаса, ол бұл жерде – төркінінде қалай тұрар еді?!

Жаңабай ағам кеткесін, Мақсұттың барлық балаларын оқытып, үйлендіріп, қамқоршы болған – Мәлік. Қазір енді Мақсұттың ұлы Асылбек оқуын бітіріп, үлкен жігіт болды, өзінің отбасы бар. Меруерт деген қызы ол кезде кішкентай еді. Бізден:

– Папам қашан келеді? – деп сұрайтын.

Бала жүрегі әкесінің қазасына әрі-беріге дейін сенбеді ғой. Сонда менің кішкентай балам:

– Мама, кто он? – деп сұрайтын.

– Мамин двоюродный брат, – десем, балам:

– Не знаю, двоюродный, троюродный, вообще, брат, – дейтін.

Кейбіреулер «Ағасының, апасының, қарындасының балалары» деп, ағайын-тумаластардың ара жігін ашып, жіліктеп жатады ғой. Біз олай деп бөлмейтінбіз, «Тумалас па – тумалас» деп түсінетінбіз. Оны айтып отырған себебім, бүгінде құдағиым менің немерелеріме:

– Әй, бұл – жиен ғой. Сен әрі тұра тұр. Мына жерге менің немерем келіп отырсын, – дейді.

Ал біз «Ұлдан туғанның ұйығы жоқ, қыздан туғанның қиығы жоқ» дегендей, ұл мен қыздың баласын бөліп, алаламайтынбыз.

Мен – акушер-гинеколог дәрігермін. 42 жыл бойы осы салада жұмыс істедім. Акушерлік-гинекологиялық институтта бір бөлімді басқардым. 1991 жылы Ақтауға іссапармен бардым. Ол кезде Кеңестер Одағы ыдырап жатқан болатын. Мекемелердің көпшілігі жабылып жатқан. Мені «Әйелдер босанатын бөлімге лайықты дәрігер тап» деп жіберген болатын. Сол кезде Жаңабай ағамның

кенже баласы Мәліктің жаңадан үйленген кезі. Мені Мәліктің қайын жұрты, құдалар қонаққа шақырды. Сонда Жаңабай ағам жарқылдап сөйлеп, өзінің әсерлі әңгімелерін айтып отырды. Сол отырысты осы күнге дейін ұмытпаймын.

Сонда Маңғыстауда бір митинг болды. Ол неғылған митинг екенін білмеймін, ұмытып қалыппын. Сол жолы Жаңабай ағам бүкіл орден-медальдарын тағынып, митингге шықты. Сонда бастықтар оны жұртқа:

– Мынау алдарыңыздағы кісі – соғысқа қатысқан, атакты мұнайшы, талай тәрбиелі балаларды өсірген адам, – деп айтып жатты...

Ол кісі бірінші рет ауырған кезде Алматыда кездестік. Сол кезде Сәлім Қосанов деген Ағиба апамның ағасы қайтыс болып, олар соған келіп еді. Менің жолдасым өкпені қарайтын, өкпеге операция жасайтын дәрігер, профессор болатын. Жаңабай ағам:

– Ақзат, менің өкпеде бір нәрсе бар. Қарап, тексеріп көрші, – деді.

Тексере келгенде, ол өкпеге түскен жаман ауру болып шықты. Бірақ ол:

– Менің жасым келді. Маған енді ештеңенің керегі жоқ. Операция жасатпаймын. Емделмеймін, – деді.

Бұл – 1995 жылдың аяғы. 1996 жылы ол кісі өмірден өтті.

Біздің Бөлекбай Сағынғалиев деген жездеміз бар. Жұматова Сәлима апамның Қадиша деген сінлісінің жолдасы. Жақында ғана Алматыға келіп кетті. Ол кісімен қалжыңымыз жарасып, қатты ойнаймыз. Басқа жезделерімізбен олай ойнамаймыз. Ол Бағдатты «Түйе қыз», мені «Жылауық қыз» дейтін. Мен тиіп кетсе, жылайтын бос болғанмын ғой. Ол кісі осында Алматыға көшіп келгеннен кейін өміріміздің көп күндерін бірге өткіздік. Осы жақында ғана Қадиша апам келіп кетті. Сол күні Бөлекбай жездеміздің туған күні болатын. Сонда баласы Асқардың үйінде жиналып, Жаңабай ағамызды, апаларымызды, көп нәрсені еске түсіріп, тағы бір мәрте өткен өмірімізге ойша шолу жасадық.

Жаңабай ағамды бәріміз де жақсы көретінбіз. Ол кісінің азаматтығы, адамгершілігі ешқашан есімізден шықпайды. Соның

бәрін бүгінгі күні балаларымызға, немерелерімізге айтып отырамыз. Қазір олар аңғармайды ғой, бірақ өскеннен кейін білетін шығар. Ертеңгі күні «Осындай Жаңабай деген ұшқыш, әскери ағамыз болған» деп айтып отыратын шығар. «Әжеміз осылай деп айтып еді-ау» деп еске алатын шығар деп ойлаймын.

Тағы есімізде қалғаны...

Айтар болсаң, талай-талай нәрселер бар ғой... Оның бәрін тізбелеп айта берсең – уақытқа, қазбалап жаза берсең – қағазға сыя ма?!

Былай қарап отырсам, біраз өмір сүрген екенбіз, біраз нәрсені көрген екенбіз. Бірақ оны тыңдайтын құлақ, ұғатын жүрек керек. Қазіргі балалардың көбі біздің айтқан әңгімемізді тыңдамайды. Оларға біздің естелік сөздерімізден гөрі зулап өтіп жатқан қазіргі жалт-жұлт еткен күндері, күнделікті қызылды-жасылды өмірлері қызығырақ.

Қазір біздің алдымыздағы ең үлкен адам – Сәлима апа. Содан кейін Ағиба апа. Ағиба апамның көзі тірі. Ол кісі әлі тың, қуатты. Солай күш-қуаты мықты болып, аман-сау отыра берсін! Оған Құдай ұзақ өмір жас берсін!

## ӨРКЕНІН ЖАЙҒАН ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ

**Сәлима Хариқызы ЖҰМАТОВА.**

*қарындасы.*

Біз – Жаңабай ағамызбен бір атадан тараған ұрпақпыз. Ата тек шежіремізді таратсақ, былай болып келеді:

Жайық Беріш Құлмәліден: 1. Өтеміс, одан – он бала. 2. Шыбынтай, одан – 4 бала.

Біз – Өтемістен тараған ұрпақпыз, Жәкең – Шыбынтайдан тараған ұрпақ.

Шыбынтайдан: 1. Тілеміс. 2. Тілес. 3. Бәйтілек. 4. Бәйден.

Тілемістен: 1. Айса. 2. Сүйінәлі. 3. Дүйсенбі.

Айсадан: 1. Сәлімгерей. 2. Дәуіт. 3. Шардан. 4. Кереш.



Сәлімгерейден: 1. Берден. 2. Жаңабай. 3. Нұрлыбай. 4. Жәңгірбай.

Сәлімгерей атамыз ауылдың беделді, ел сыйлаған ақсақалы болған. Біздің Лұқпан атамызбен қатар өскен. Менің әке-шешем осы Сәлімгерей атамыз бен Дене шешеміздің жасаған жақсылықтарын, адамгершілік қасиеттерін, жомарттығын жиі айтып отыратын. Ауылға қонақ келсе, атамыз бен Дене шешеміз біреуі текеметін, біреуі көрпе-көпшігін алып, қонағын қашанда ақ пейілімен күтіп, малын сойғызып, қазан көтеріп, абыр-сабыр болады екен.

Дене шешеміз сондай керемет жақсы адам болған. Той-мерекелер кезінде мамам қайнылары келіп отырса:

– Енді Дене келеді, Дене келеді. Сол көп әкеледі, – деп айтады екен.

Шамасы, Дене шешеміз – қолы ашық кісі, ірімшік-құртты дорба-дорбасымен әкеліп, шашуға шашатын болса керек. Сондай мырза адам болған көрінеді. Мен «Жәкеңнің үлкен қызы Бағдаттың мырзалығы сол шешемізге тартқан» деп ойлаймын.

Дене шешемізден туған Жұмазия деген кісі – Жәкеңнің апасы. Яғни, Жәкеңнің үлкен мамасы – Дене. Қайша шешеміз – Сәлімгерейдің кіші әйелі. Отын дайындайды, от жағады, тезек тереді, даладан бірденелерді әкеледі.

Ол күнде бәйбішені «Үлкен мама» дейді. Бала соның қолында болады. Сол дәстүр бойынша Дене шешеміз Жаңабай туғаннан кейін бала қылып, бауырына басады. Сонда Қайша шешеміз үндемей, жұмысын жасай береді екен. Арасында балаларына қант әкеліп, оны әрқайсысына бөліп береді. Ол кезде қант деген тәтті-пәттілер өте қат, онша көп емес уақыт. Бір шақпақ қантты анаған, бір шақпағын мынаған. қылдай етіп тең бөліп береді. Кішкентай Жаңабайға да бір шақпағы тиеді. Жәкең ол кезде үш жаста. Ол томпаңдап, шешеміздің қасына барса, Дене шешем:

– Әй, Жаңабайжан-ау! Сен қантынды жедің бе? – десе, Жәкең қантын тығып қояды да:

– Иә. Міне, жоқ. Жеп қойдым, – деп айтады екен.

Сонда шешеміз тағы бір шақпақ қантты Жәкеңнің алдына лақтырып тастайтын көрінеді.

Бұл кісілер – балаларына да жақсы тәлім-тәрбие берген адамдар.

Сәлімгерей атамыздың үлкен ұлы Берден ағамыз 1930 жылы өзінің отбасымен Атыраудың Қызылқоға ауданынан Оралдың Қаратөбе жағына қоныс аударған.

Жаңабай ағамыз Доссорға ФЗО училищесінде оқыған соң, Доссордағы автокөлік кеңсесінде жұмыс жасады. Артынан 1930 жылдардың аяғында әскерге кетті. Одан әрі 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға алынды. Сол жылдарда балаларын асырау үшін Қайша шешеміз қала шығып, менің Мәйкі мамамызбен (Ағибаның кәрі шешесі, Еңсептің мамасы. Ол да Қайша шешеміз сияқты қарулы, қайратты адам еді) бірге бірде түйеге мініп, бірде жаяулап, тары әкеліп тұратын. Жаңабай ағамның іні-қарындастары Нұрлыбай, Жібек, Жәңгірбай – бәрі де ел басына күн туған сол бір ауыртпалық кезеңде, қиын-қыстау мезгілде халықпен бірдей еңбек етіп, жұмыс істеді.

1945 жылы Ұлы Отан соғысы бітіп, Жаңабай ағамыз аман-есен ауылға келіп, Қайша шешеміз балаларымен, бүкіл ағайынтумаларымен бірге шексіз қуанышка бөленді.

Осы жылы ағамыз Ағибамен отасты. Ағиба мен екеуіміз бір үйдің баласындай апалы-сіңлілі болып бірге өстік, бірге жүрдік. Себебі, Ағиба – ұлдан туған, мен – қыздан туған екі ағайынды кісілердің балаларымыз. Ол – Қосан қажының немересі, Еңсепқали деген менің туған нағашымның қызы.

Жәкең мен Ағиба екеуі көп жылдар бойы Доссорда, Құлсарыда тұрды. Тұңғыштары Бағдат Доссорда дүниеге келді. Одан кейін Мақсұт, Ондасын, Света, Мәлік дүниеге келіп, үбірлі-шүбірлі отбасына айналды.

1960-жылдардың басында олар Маңғыстауға көшіп барды. Жәкең сол жердегі мұнай саласында көп жылдар бойы ерен еңбек еткен ел ағасы болды. Ағамыз жүрген ортасына сыйлы, айналасындағы адамдарға қамқоршы болды. Ол өте мәдениетті, сыпайы, мінезі сабырлы кісі еді. Ешуақытта дауыс көтеріп, ашу шақырмайтын. Адамгершілігі мол, өте мейірімді, кең пейілді, жомарт көңілді, үлкен жүректі, ақжарқын адам болатын. Үлкенге

ұлағатты, кішіге қамқор, ақылшы, ісіне берік, сөзіне мығым, халқына қадірлі, ағайын-жекжатқа жанашыр жан еді.

Кейде балалары арғы ата-бабаларының кім болғандығын білгісі келіп, Жәкеңнен сұраса, ол:

– Мен көп біле бермеймін ғой. Ана Сәлима апаңнан сұраңдар. Сол бәрін біледі, сол айтып береді, – дейді екен.

Өйткені, сондай ескілікті әңгімелерді менің әкем жиі айтып отыратын еді. Мен әкемнен естігенімнен жадымда қалғандарын айтамын. Әкем – тарихи әңгімелерді көп білетін, кәріқұлақ, шежіре кісі еді. Сол әкемнен естіп, бұрынғы жазғандарым бар. Өзімнің Өтемістен тарағандарды түгел жазып шықтым. Енді, Құдай қаласа, Шыбынтайдан тарағандарды да толықтырып жазамын ба деп отырмын. Жас келгесін, қолым да кішкене жүріңкіремей, қағаз жазу қиындау соғып жүр. Көбін аттың жалында, атанның қомында жүріп, кейін ұмытып қаламын. Жазғандарымның бірқатарын Дәуіт ағамыздың балалары мен Құлсарыдағы тумаластарымның балалары сұрап, алып кетіп еді. Осы күнгі адамдар өмірі уақыт жетпей, қапылады да жүреді ғой. Сондықтан жұмыстан қолы тимеді ме, Мақсұттың да, Ондасынның да балалары менен ата тек шежіресін сұрамады, маған кездеспеді.

Жәкең отбасында өнегелі әке, қадірлі жар болды.

Мақсұттың үш баласының біреуін арқалап жүретін. Кейде алдына алып отырып:

– Әй, осы балаларым тезірек аман-сау болып, өсіп кетсе, мен осыларға пенсиямды берсем, – деп армандап отыратын.

Сөйтіп жүргенде, Мақсұтжан мезгілсіз кетіп қалды ғой. Жәкең оның балаларын өзі кете-кеткенше қамқорлығына алып, қашан қанаттанып, өсіп кеткенше аталық мейірімін төгіп, аялаумен болды.

Сәлім ағам қайтыс болғанда Жәкең мен Ағибалар басы-қасында болып, ағамызды жөнелтті. Жәкең – ағайын-тумаға қолынан келгеннің бәрін жасайтын, сондай қамқорлығы күшті адам. Маңғыстауда болғанда ол жақтағы ағайындарды да сөйтіп, қамқорлап жүреді.

Екеуі де балаларына аса мейірімді болды. Оларға жақсы тәлім-

тәрбие берді. Ұл-қыздарының барлығы жоғары оқу орындарын ойдағыдай бітіріп, алғыр, іскер, білімді, талапты, тәрбиелі, білікті маман иелері болып шықты. Бәрі де өмірден өз орындарын тапты. Еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтар болды. Жәкең мен Ағиба балаларының қызығына бөленіп, немерелерін сүйіп, бақытты ата-ана атанды.

Артына осындай тамаша ұрпақ қалдырған Жаңабай ағамыздың арманы жоқ деп ойлаймын. Өйткені, тәрбиелеп өсірген ұрпағың ел алдында беделді еңбек етсе, ата шаңырағын ортайтпай биік ұстаса, ата-ана үшін одан артық қуаныш бар ма?! Осындайда атам қазақ:

«Атадан бала туса игі еді,

Ата жолын қуса игі еді» деп бекер айтпаған ғой.

Жаңабай ағамыз бен Ағибадан өсіп-өрбіген, инабатты ұрпақ ата-ананың игі істерін жалғастыруда. «Ағамыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа, жаны жәннатта болғай!» деп тілеймін. Сәлімгереевтер әулетіне аманшылық пен шат өмірдің иелері болуларына тілектеспін.

## **БАБАЛАРЫНЫҢ ІЗГІ ҚАСИЕТТЕРІ БОЙЫНА ДАРЫҒАН**

**Хадиша ХАРИЕВА,**  
*қарындасы.*

Біздің арғы атамыз Құлмәлінің тегі туралы жазушы қауым бірталайдан бері жазып жүр. Бірақ кейбіреулерінің пікірі әкеміз Хари Жұматовтың айтқанына сәйкес келмейді. Біреулер Құлмәліні «Жаугершілікте қолға түскен жас бала екен» деп жазады. «Ал шындығында, Құлмәлі атамыз кеме апатынан кейін Каспий теңізінің жағасына шығып қалған 9-10 жасар бала екен. Оны Жайық Беріш руының азаматтары тауып алыпты. Атын сұраса, бала:

– Мәлі, – дейді.

Кейін ауыл-аймақ оны «Құлмәлі» атап кетіпті», – деп айтатын әкеміз.

Баланы алған ақсақал оған өз баласынан кем қылмай тәрбие береді. Кейін Құлмәлінің өзі алғырлығымен, сөзге шешен қасиетімен ауыл-аймағына беделді ақсақал болады.

Құлмәліден төрт ұл тарайды: үлкені – Шыбынтай, одан кейінгісі – Өтеміс, үшіншісі – Қобылабай, төртіншісі – Айтбай, ол жастай қайтыс болған. Соңғы екеуінен ұрпақ қалмаған.

Өтеміс атамыз Бөкей ханның белді биі болыпты. Өзінің ата тегі туралы Махамбет ақынның бір жырында:

*Біздің жайды сұрасаң –  
Ерте көшіп, кеш қонған  
Санаулы, сәнді орданың бірі едік, –*

деп келетін жолдар бар.

Осының өзінен-ақ аталары Құлмәлі өзінің шыққан тегін балаларына үнемі еске түсіріп, айтып отырғаны байқалады.

Өтемістің ханның төңірегіндегі би, сұлтандармен шығысып жүрген мезгілдері көп болған сияқты. Ханның жанындағы сұлтандар, билер Өтеміске «Шеттен келген кірме, тегі белгісіз құл» дегенді еске салып, үнемі шеттететін болған.

Сондай бір кезде үлкен жиынның үстінде Өтеміс өзінің тапқырлығымен табан астында суырып салып:

*Өзен-өзен, өзен ит,  
Өз суы тұрғанда,  
Басқа суға қонған ит!  
Түбінде өзі болған жігіттің  
Түп атасын сұраған ит! –*

деп, әлгіндей сөз айтқан бір биді жерге қаратыпты.

«Өтеміс бірде әкесіне келіп:

– Бір сұрағым, бар. Берсең – айтамын, бермесең – айтпаймын, – дегенде, әкесі:

– Ол сұрағынды біліп отырмын. «Мен бұл өлкеде тұра алмаймын, өз еліме кетемін» демексің ғой. Сен «Кетемін» десең – кетесің, дегеніңе жетесің, оныңды сеземін. Менің шыққан жерім қашық, ат пен атанның табаны тиетін, құстың қанаты күйетін жер. Сен тілімді алсаң – кетпе, шырағым! Ана Шыбынтайым жуастау, ол саған еріп жүре алмайды. Екеуің бірге жүрсеңдер, ешкім тие

алмайды. Жалғыз-жалғыз бөлініп кетсеңдер, қайдан білейін?! – депті. Содан Өтеміс елден кетпей, қалып қойыпты», – деген сөзді әкем Хари да айтатын.

Осы сөзді жазушы Берік Қорқытовтың әкесінен естігенін оқығанда, мен таң қалдым. Екі қарт (Ыбыраш Қорқытов пен Хари Жұматов) Атырау облысының екі ауданында өмір сүрген, бірін-бірі мүлде көрмеген, танымайды. «Соған қарағанда, ұрпақтан-ұрпаққа тараған ақиқат шындық ғасырлар қойнауында көміліп қалмай, елге ақыр түбінде жетеді екен ғой» деп ойладым.

«Ата-бабаларымыз Нарын құмын Каспий теңізіне қарай жайлады» дегенді әкемізден де естігенбіз, баспасөзден де, ақиық ақын Махамбеттің өлеңдерінен де білеміз. Біз сол Жайық Беріш руының барлық тайпаларымен қоныстас болдық деп ойлаймыз.

Өтемістің өзі старшын, би бола тұра, Бөкей өлгеннен кейін оның інісі Шығай сұлтанның қудалауына ұшырайды. 1816 жылы тамыз айында Сүйінішқали, Бабағали төрелер бастап, Жайық Беріштің 45 адамы Өтемістің ауылын шауып, мал-мүлкін тонап кетеді. Өтеміс 1817 жылы тамыз айында Орынбордағы Шекаралық комиссияға Сүйінішқали сұлтанның озбырлығын айтып, арызбен барады. Мұны естіген сұлтан губернаторға арыз жазып: «Өтеміс ұрлық істеді, солдаттан қашқан орыс пен татарларды жасырды», – деп жала жауып, абақтыға жапқызады.

Артынан естияр балалары Тоқтамыс пен Бекмұханбет іздеп барып, әкесін ақтап, түрмеден шығарып алады. Олар Сүйінішқали бастаған 5 адамды қаматады. 1818 жылы Шекара комиссиясы таланған мүлікті өндіріп алуға қаулы шығарады. (Ә.Кекілбаев «Шандоз», 160-бет).

Менің әкем Хари Жұматовтың айтуынша, Өтеміс көп шырғалаңмен түрмеден шыққанмен, дұшпандары үзеңгісіне у жағып, сол қалада қайтыс болады. «Қайта тергеу басталып, сүйегін еліне алып кетуге Шекара комиссиясы бермейді. Тергеу біткен соң, екі баласына Өтемістің құнын өндіріп беріпті», – дейтін әкем. «Өтеміс бабамыздың сүйегі сол Орынбор қаласындағы мұсылман қорымына жерленіпті», – деп еді ол.

«Әкесін қойып, еліне келе бергенде, олардың алдынан

Шыбынтайдың балалары қарсы алады. Ішіндегі кішісі Бәйден Тілеміс ағасы ұлды болғанына сүйінші сұрапты. Өтемістің екі баласы әкесінің құнына берген күміс ақшаларын шашып, сүйіншісін беріпті», – дегенді де әкем айтатын. Оған біз кезінде мән бере қойған жоқ едік. Кейін бағамдасақ, ағайынның қайғысына қайғырып, қуанышына қуана білу – бауырмалдықтың бір белгісі екен ғой. Бұл да болса, бабадан қалған ізгі қасиеттердің бірі екенін енді түсініп отырмыз. Сол баланың атын «Сүйінәлі» қойыпты. Оның ұрпақтары Миялы селосында тұрады. Олар қарапайым, қатардағы қызметкерлер болды. Үлкені – Өтеген, кішісінің аты – Мұхтар еді.

Тілемістің үлкені – Айса, оның баласы Сәлімгерей – біз әңгіме етіп отырған Жаңабай ағаның әкесі. Бұл әңгіме «Жастай сөнген шамшырақ» (Алматы, 2004, 134-139-беттер) кітабындағы шежіреден алынды.

Бабаларымыздың алғыр, қайсар, кейде бірбеткей, алған бағытынан қайтпайтын өр мінездері тек Өтеміс балалары ғана емес, Шыбынтай ұрпақтарынан да соңғы дәуірге дейін көрінді. 1935 жылдары шашырап отырған ауылдарды біріктіріп, бір жерге қоныстандыру науқанын жүргізу үшін облыстың жер мәселесі жөніндегі бір топ комиссиясы келіп, біздің Құлмәлі ауылын өз мекендерінен басқа ауылға көшіру туралы қаулы шығарады. Сонда ауылымыздың бас көтерген азаматтары Борсан, Сәрсен Нұрғалиұлдары, Зейден, Жұмағали Нығымаш ұлдары, Жұмағұл Тасмағамбетұлы, т.б. ағалар елді біріктіріп, «Ата-бабамыздың мекенінен ешқайда көшпейміз!» – деп, келген комиссия мүшелеріне сес көрсетіп, ақыры өз қоныстарында қалып қойыпты. Сол ағаларымыз кейін ауылдың сыйлы азаматтары болып жұмыс жасады.

Бұлардың бәрі неміс фашистеріне қарсы соғысқа ең алғашқылардың бірі болып аттанды да, бәрінен де «қаза тапты» деген қара қағаз келді. Қызылқоға – бірде-бір орыс ұлтының өкілі тұрмайтын, таза қазақ ауылы, осы күнге дейін орыстары жоқ аудан. Ағаларымыздың жаппай қырылуына орыс тілін білмейтіні де себеп болған болар. Кеңес үкіметін қанша жамандасақ та, бір артықшылығы

– ауыл балаларын тегін оқытты, адамдарды ақысыз емдетті. Сол балалар соғыстан кейін әртүрлі қалаға барып, жоғары білім алды.

1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көп ағаларымыз қайтыс болып, өңкей жетім балалар қалды. Солардың біразы күнкөрісі дұрыстау болған соң, өндіріске кетті. Балаларын оқытып, соның арқасында бірталай ұрпақ сауатты азаматтардың қатарына кірді.

Ал біздің ағаларымыз орта мектептің білімімен-ақ өзінің ізінен ерген туысқан іні-қарындастарын оқытып, тәрбие берді.

Бабаларымыздың бізге қалдырған ерекше тәлімі – бауырмалдық. Сол бір ыстық туысқандық қарым-қатынастың арада екі-үш ғасыр өтсе де, үзілмей келе жатқанына, ағаларымыздың бір-біріне дұрыс жол көрсетіп, ақыл-кеңесін айтқанына бала күнімде көп куә болдым.

Біздің үлкен ағамыз Жұматов Сипат Хариұлы нағашым Кейкин Сыдиықтың қамқорлығымен әуелі елде – Қызылқоғада, кейін Оралда мектепте оқып, сауатты азамат болды. Ағам Сипат 1936-38 жылдары Доссор кенішінде өндіріс бастығының хатшысы болды. Жаңабай аға Сәлімгереев біздерден бұрын анасы Қайша шешемізбен, інілері Нұрлыбай, Жәңгірбаймен, қарындасы Жібекпен бірге осы қалашықта тұрады екен. Біз келген соң, ол кісілермен жақсы араласып тұрдық.

Құлмәлі ауылы әлі күнге дейін бөлінбейді. Бір-бірімен өте тату.

Бірде біздің ата-анамыз оларды қонаққа шақырғанда, жататын бөлmemіз кішкентай еді, ағаларымның әңгімесін құлағым шалып қалды. Сипат ағамның Жәкеңнен бес жастай үлкендігі бар. Әрі аз да болса көзі ашық, оқуы бар болған соң, Жәкең Сипат ағамнан болашағы туралы ақыл сұрай бастады. Бұл Жаңабай ағаның автокөлік кәсіпорнында слесарь болып жұмыс істейтін уақыты болуы керек. Өндірісте өзін адалдығымен, іскерлігімен, алғырлығымен көрсете білген болар, кәсіпорынның партия ұйымы оған партия қатарына өтуге ұсыныс жасапты. Сол туралы айта келіп, Жәкең Сипат ағамнан:



– Кейін біреулер: «Әкесі ауылдың беделді ақсақалы, белгілі, дәулетті адамы болды» деп қуалап, арыз жазып жүрмей ме? Мұның соңы не болады? – деп ақыл сұраған еді.

Ол кезде үлкендердің әңгімесін аяғына дейін тыңдауға балаға рұқсат етілмейді ғой. Ол дәуірдің саяси науқаны, 1937-38 жылдардағы зобалаң нәубет, қуғын-сүргін кезеңі көзі қарақты адамдарға белгілі болар. Жаңабай аға осыдан сескенген екен. Сипат ағам: «Әзірге қоя тұр», – деген болар. «Соның соңы не болды?» деп сұрау – ол күндегі жас бала бізге өте әбес нәрсе ғой. Әйтеуір сондай әңгімені құлағым шалғаны бар еді...

Жаңабай аға алғырлығымен, тез шешім шығара білетін ақылдылығымен техниканы тез меңгеріп, білімі аз болса да, институтты бітірген азаматтардан оқ бойы озық болды. Сол жақсы қасиетімен төңірегіндегі үлкен-кіші азаматтардың жадында сыйлы күйінде сақталып қалды.

Ол кісінің айрықша қасиеті – бауырмалдығы, ұлтымыздың салт-дәстүрлерін сақтай білетін адамгершілігі еді.

Менің үлкен ағам Сипат Жұматов 1942 жылы маусым айында Ұлы Отан соғысына аттанып, желтоқсан айында із-түссіз кетті. Калинин майданында болып еді. Сұрай-сұрай, ізін таба алмадым. Екінші ағам Мұхамбетжан Хариұлы Лұқпанов аудандық партия комитетінде лектор болып жұмыс істеді. 1949 жылы 30 жасында құрт ауруынан қайтыс болды.

Әкем Хари Жұматов кіші ұлы Сейілмен қалды. Баласының жұмысына байланысты Мұқыр елді мекеніне көшіп келіп, сол жерде 1959 жылы қайтыс болды. Жаңабай аға бұл кезде Ералиевте мұнай-газ барлау экспедициясында қызметте болатын. Екі облыстың жер шалғайлығына қарамай, самолетпен, машинамен арнайылап келіп, Хари ағасын ақтық сапарға жөнелтуге қатысты. Мұндай адамгершілік – кез келген адамның қолынан келмейтін іс.

Сәлімгерей атамызбен бірге туған кіші інісі Керештен – Мәден, оның екінші ұлы, 1925 жылы туған Кенжебай Рейхстагқа ту тіккен белгілі ер болған. Бұл туралы маршал Жуковтың кітабында да бар. Кенжебайдың ұрпағы қазір Атырауда тұрады.

Дүйсенбі атамыздың төртінші ұрпағы Жұмағалидан туған Қалыбай Қызылқоға ауданының бір совхозында «Еңбек ері» атағын алды.

Бұл қасиеттердің бәрі де – бабалардан қалған қайсарлық, іске тындырымдылық сияқты мінездердің жұрнағы ғой деп ойлаймын.

Шыбынтай атамыздың ұрпақтары да сауатты, ақылды, есті, ел сыйлайтын азаматтар болды. Тілес атамыздан Бақтыгерейұлы Білал көп жылдар бойы Атырауда ішкі істер қызметкері болды. Оның ұрпағы Болат қазір Ақтөбеде тұрады. Төртінші баласы Майжан – ерте сауатын ашқан, қазіргі Махамбет ауданында ұрпақтарын оқытқан білімді адам. Жалпы, Шыбынтай ұрпақтары туралы бұдан әрі де жаза беруге болар еді. Бірақ оның бәрі кітаптың көлеміне сыймайды ғой.

Шыбынтай ұрпақтарының белді азаматы болған Жаңабай Сәлімгереев аға туралы есімде қалғандары осы.

Халқының сүйіктісі болған, адал жүректі, абзал жанды ағамның жақсы қасиеттері кейінгі ұрпақтарында да кездеседі.

Біз ол кісіні өмір-бақи құрметтеп өтеміз.

## **АҚЫЛШЫ АҒА, ЖАҚСЫ ҚҰДА ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК**

**Шырын БАТЫҚОВА,**  
*құдағайы.*

1988 жылғы 12 наурызда қызым Гүлшара Жаңабай ағаның ұлы Мәлікке тұрмысқа шықты. Содан бері Жаңабай аға өмірден өткенше бізге ақылшы аға, жақсы құда болып дүниеден өтті.

Жәкең – Маңғыстау сынды маңғаз түбектің түлеуіне адал еңбегімен, маңдай терімен үлес қосқан ерен еңбеккер, иманжүзді, сабырлы, байыпты ақыл иесі, жақсы отбасының басшысы. Ол кісі жайсаң отырып, жайлы әңгімелерімен өзіне баурап алатын кен

пейілді азамат болатын. Болашағы қара алтынмен байланысты болып, жаңадан туғандай жаңғырып, түлеп жатқан Маңғыстау өңірі туралы, өзінің өткен еңбек жолдары жайлы Жәкең жақсы отырыстарда аздап әңгімелеп айтып отыратын еді. Табиғаты қатал Маңғыстауда бастапқыда бұрғышылардың тұрмыс жағдайы өте ауыр болғанын, машиналар жүретін жолдың жоқтығы, кей жерлерде құммен жүрсе, кейде сордың үстімен, терең сайдың бойымен жүріп отыруға тура келетінін, судың жетіспегенін, азық-түлік тапшы болғанын айта келіп: «Бұрынғы біздің бабаларымыз да өз заманында күшті геолог болған-ау. Әрбір 40-50 шақырымнан құдық қазып, Үстірттен асудың тура жолын қалай тапқан десеңші!» – деп, таң қалып отырушы еді.

Ол кісінің жүзі жұмсақ, жүрегі мейірімге толы, ізгі ниетті адам еді. Осындайда ойға түседі, қызым келін болып түскенде қонақ көп болып, жәй жататын кездері көп болыпты. Қонақтан кейін ыдыс-аяқ жуу, үйді тазалау сияқты жаңа келін түскен үйдің тынымсыз тіршілігі біте ме?! Сондай кездерде Жәкең құдағайға: «Әй, пәтшағар-ау, сен өзіңмен салыстырма, Гуляжан жас қой, таңертең жұмысқа барады. Жалдап алған құлық емес қой. Жатып демалсын, баланы жатқызсайшы», – деп келінін аяп, Ағибаға ескерту жасап отырады екен.

Жаңабай аға «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің басшылық қызметтерінде болып, Маңғыстаудың тұңғыш геолог барлаушыларымен бірлесіп жұмыс жасап, кейін зейнеткерлікке шықты. Өзі өмірден өткенше өнегелі әңгімесімен, зиялы азаматқа тән жүріс-тұрысымен, іс-әрекетімен айналасындағы адамдарға тек қана ізгілік нұрын шашып, адамгершілік пен азаматтықтың үлгісіндей болып кетті.

Жәкеңнің зайыбы Ағиба апай – ардақты ана, абыройлы әже. Жасы ұлғайғанына қарамастан, жүріс-тұрысы өте пысық, жанұяның қамқоршы анасы.

Жаңабай ағаның үлкен ұлы, өзінен бұрын өмірден өткен Мақсұт та мұнай саласының маманы еді. Жолдасы Ұлмекен – облысымыздың белгілі медицина қызметкері, білікті дәрігер. Олардың

үлкен ұлы мен қызы да – мұнай саласының инженерлері. Отбасын құрған. Кіші ұлдары шет елде оқиды.

Қазіргі таңда Жәкеңнің орнын басып келе жатқан кенже ұлы – Мәлік. Әкенің ұлағатты тәрбиесін көріп өскен, Москваның ең жоғарғы білім ошағы Губкин атындағы институтты бітіріп, мұнай-газ жөніндегі білікті маман болған ол – өз ортасына беделді, қадірлі азамат. Өмірден өткен Жаңабай ағаның атына кір келтірмей, перзенттік борышына адал болып, ағаның нұрлы бейнесін ту етіп жоғары көтеріп келеді. Бүгінде ол өзі – үлкен жанұяның иесі. Қасындағы жолдасы Гүлшара Өзбекқызы екеуі үлгілі балалар тәрбиелеп отыр. Ұлы Әсет пен қызы Айдана шет елдердің жоғары оқу орындарында білім алып жүр.

*«Жақсының аты өлмейді,*

*Ғалымның хаты өлмейді» –*

дегендей, осындай ұлағатты ұрпақтары бар кісінің қашанда аты өлмейді, ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға жалғасып, мәңгілік жасай бермек.

## ҚҰРМЕТТІ ҚҰДАМЫЗ ЕДІ

**Қалпақ НАУРЫЗМАҒАНБЕТОВ,**

*құдасы.*

Жәкеңмен құдандалы болғаннан кейін, Мәлік пен Гүлшара үйленген соң, құда ретінде араластық. Жәкең ол уақытта «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») кешенді экспедициясында бастықтың орынбасары болып қызмет атқаратын. Жұмыстары ол уақытта Ералыда (қазіргі Құрық кентінде). Өздері осында – Ақтауда тұрады.

Жәкеңмен құда болғаннан кейін бірінші кездескенім былай болды. Біз ол уақытта «Ералы» кеңшарындамыз. Мен сонда бас инженер болып жұмыс жасап жүргенмін. Бір жылы біздің жақта шөп шықпай, Ақпан дейтін жерден шөп шаптық. Ол жердегі шөп

те шамалы болғаннан кейін Атанияз деген жерге шығып кеттік. Бұл – Түркіменстанмен шекаралас жер. Біздің Сенектен 140-150 км-дей жерде. Екі ортадағы таудан әрі қарай дөңге шығып кетеміз. Дөңде шөп қалың болды да, соны шаптық. Бұл 1978 жыл еді. Ол кез – Компартияның уақыты. Науқандық жұмысқа жұрттың бәрін жұмылдырып, шөп шаптыру – біздің міндетіміз. Шөп шабуға қажетті трактор, косилка, тырма, престейтін машина сияқты барлық техникамыз бар. Бірақ шөпті шауып алғанымызбен, кеншардың оны тасуға күші келмейді. Сосын, амал жоқ, өндірістік орындардан көмек сұраймыз. Өндіріс болғанда да, ол кезде барлық шаруашылықтардың арқа сүйеп, иек артары – «МНГР» ғой. Біз де шабылған шөпті тасып алуға техника бөлуін өтініп, «МНГР»-ден көмек сұрадық.

Қыркүйек айының іші еді. Шөп шауып жатқан жерімізге бір вертолет келіп қонды. Вертолет келгесін, біз:

– Бұл не, жай ма екен? – деп, алдынан шығып, бардық. Сөйтсек, вертолеттен түскен адам – Жәкең екен.

– О, Жәке, құда, жол болсын! – деп амандастым.

Жаңадан құда болған кезіміз ғой. Амандасқан соң, біраз уақыт хал-жағдайымызды, хабарымызды сұрады.

– Біріншіден, шабылған шөптің көлемін, шамасын көрейін деп келдім. Ертең осы шөптің көлеміне байланысты тасымалды ұйымдастырып, көлік бөлуіміз керек болады ғой. Сосын ара қашықтықты жобалайын деп келдім. Жер жағдайы қандай екен, техниканың күшіне қалай әсер етеді, тасымалға қандай көліктер керек – соның бәрін өздеріңмен сөйлесіп, ақылдасайын деп келдім, – деді Жәкең.

Сол үшін арнайы уақытын бөліп, шөп шабылып жатқан алқапқа вертолетпен ұшып келіпті. Содан біраз әңгімелесіп, шәй ішіп отырып ақылдасып, барлық мәселелерімізді айтып, түсіндіріп жібердік. Сол жолы біз өндірістің күшімен шөпті уақытында тасып алдық.

Жәкең өзінің айтқан сөзінде тұрды. Біздің сұраған уақытымызда мекеменің автокөлік кеңсесінен қажетті техниканың бәрін бөл-

дірді. Өзінің негізгі жұмысындағы қат-қабат шаруаларға қарамастан, біздің сұраған күшіміздің де көптігіне қарамай, қалайда шөпті дер уақытында тасып алу керек екенін түсінді де, адамдарды, техниканы бірден жұмылдырып, бар күшін салды. Сөйтіп, Жәкеңнің тікелей басқаруымен кешенді экспедиция кеңшардың көп шығынын көтеріп, мал азығы – шөпті жауын-шашынға ұшыратпай, мезгілінде тасып алуға мүмкіндік жасап берді.

Жәкеңнің мінезінің өте қарапайымдылығын, мұқтаж адамдардың мұң-зары мен өтінішіне сергек қарайтын сезімтал азамат екендігін мен сол жолы байқадым. Одан басқа адам болса, сондай биік лауазымды қызметте отырып, алыстағы шөпшілердің қосына арнайылап аяқтай келмес еді. Қанша жерден бастықтар тарапынан өзіне тапсырма берілсе де, айдаладағы кеңшардың шөп шабу алқабына әдейілеп вертолетпен ұшып келе қоюы екіталай. Кез келген басшы олай істей алмайды. Қол астындағы қосшыларының бірін жіберіп қойып, соның берген ақпаратын малданып отыра беретін бастықтар көп қой. Ондайлар әуелі: «Жақсы», – дейді. Ол уәдесінің арты біразға созылып кетеді. Сосын қайта хабарласасың. Тағы да: «Болады. Міне, жіберейін деп жатырмын», – дейді. Сөйтіп жүргенде, пәленбай уақыт өтіп кетеді де, шөп шабу науқаны аяқталып, арты қара күзге ұласып, қарайған еңбегін зая кетіп, рәсуа болады. Өмірде ондай жағдайлар көп кездеседі ғой. Тіпті істегісі келмесе, сөзіңе құлақ аспай, жүре тыңдап, «Жоқ, болмайды, олай істей алмаймын!» деп кесіп те айтпай, бара-бара сөзбұйдаға салып, сиырқұйымшақтандырып, діңкеңді құртып шаршатып барып, ақыры өзіңді бірдеңе сұрауды доғаруыңа мәжбүр ететін талай керенау бастықтарды да көріп жүрміз ғой. Олардың алдына қажет нәрсенді сұрап бір рет барасың, екі рет барасың. Ақыры өзің түңіліп, қолыңды бір сілтейсің де, қоясың. Ал Жәкеңде ондай жоқ. Айтты – бітті, орындайды Ол ондай кесірлік пен кежірліктен ада, қарапайым халықпен біте қайнасқан, шаруа адамының жай-жағдайын жақсы түсінетін, кішіпейіл де кісілігі мол жан еді.

Жәкең бір жерде – кешенді экспедицияда бастықтың орынбаса-

ры болып көп жыл жұмыс жасады. Бір мекемеде тұрақты түрде ұзақ жыл жасау да оңай емес. Ондай ерекшелік адамның қабілетіне, адамгершілігіне, табандылығына байланысты. Себебі, оның жасаған жұмысы қарапайым халықпен тікелей байланысты болды. Мекемеде оған тірелмейтін мәселе жоқ. Ең азы кеңседе таза су болмай қалса да, ұрсуға тура келеді ғой. Ал бүткіл халықтың жағдайын жасап, күйін күйттеу деген оңай шаруа емес. Біреулер үй сұрап келеді. Иә болмаса, біреулер келін алады, той-садақасы болады. Соның бәрін атқаруға жағдайлары болмай жатады. Не болмаса, біреулер әдейі арнайылап келіп, бір-екі күнге машина сұрайды. Ол уақытта техника дейтін қиын болды. Кез келген адам шаруасымен бір жерге барайын десе, көлігі бола бермейді. Бүгінгідей екінің бірінде машина жоқ. Оны тек өзің жұмыс істейтін өндіріс орнына барып, сұрап аласың. Бұдан басқа да сан түрлі себептермен жүздеген адамдар әртүрлі көмектер сұрап келетін жағдайлар болады. Ол соның бәріне араласып, шешіп отырды. Және ешкімнің көңілін қалдырып, ренжіткен жерін естіген емеспін.

Жәкең өзінің дегенін өзінен жоғары бастықтарының алдында да дәлелдеп, орындата алатын. Жұмыстағы абыройлылығы мен беделінің, табандылығы мен іскерлігінің арқасы болуы керек, айтқанының бәрін орындатып, шеше білді.

Осы орайда бір қызық оқиға есіме түсіп отыр.

Құда болғасын жерде, екі жақ балалардың арқасында аралас-құраласы көбейіп, бара-бара ағайын-тумаластай болып кетеді ғой. 1991 жыл еді. Мен – ол уақытта «Сенек» кеңшарының директорымын. Бір күні менің Өзбек ағамның үлкен баласы Болат інім үйленетін болып, Өзекең бізді үйіне ақылдасуға шақырды. Барсақ, Жәкең құда мен Ағиба құдағай да келіп отыр екен. Ет жақын тумаластар бәріміз жиналды. Өзекең не үшін шақырған себебін айтты. Жәкең:

– Ал енді мен сіздерді жұмсайын деп отырмын. Мына құда балаң «үйленем» деп жатыр. Таңдаған адамы – Бәйбіше Жеменей ауылынан, Тергеу Айдархановтың қызы екен. Соған сол үйге құда түсуге баруыңыз керек болып тұр, – деді.

Жәкең күліп:

– Ай, Өзбек құда, саған мен «Бара алмаймын» деп айта алмаймын ғой. Бірақ мен Тергеуді күйеу бала қылатын едім, – деді.

Өзекең:

– Онда тұрған не бар? Енді, құда, оны «күйеу бала» дегеніңмен, ар жағында ол үйдегі құдағайға пәлендей жақындығың жоқ қой. Тек арғы беттен – Атыраудан келгеніңді айтып, күйеу қылып жүрген шығарсың. Неғылар дейсің? – деп еді, Жәкең де адамға жақсылық жасағысы келіп тұратын ақкөңіл адам ғой:

– Жақсы, онда барып келейін, – деп, келісе кетті.

Содан Өзекең құда ретінде өзінің Файзолла деген қайынағасын, мені, сүйемелдейтін інім төртеумізді жіберді. Бәріміз менің машинамен барып, Тергеудің үйіне сау етіп кіріп келдік. Үй иесі:

– О-о, жоғары шығыңыздар, төрлетіңіздер! – деп жатыр. Енді құдалар да алдын-ала хабарлы ғой. Біздің келетінімізді біліп, дайындалып, көрпе салып қойған екен. Соған барып отырдық. Амантүгел алысқан соң Тергеу:

– Ал жол болсын, бағыттарыңды айта отырындар, – деп еді, Жәкең:

– Әй, Тергеу, біз – құдайы қонақпыз, – деп қойып қалды.

– А? – деп Тергеу отырып қалды. «Құдайы қонақпыз» дегесін, Файзоллаға қарап (ол да – Жеменейдің Шолағы ғой):

– Ал, аға, сен неғып жүрсің? Жай жүрсің бе? – деп еді, ол:

– Әй, мен білмеймін. Өзбек «Бар» дегесін, келіп отырмын, – деді.

«Ай, бүлдірді-ау!» деп ініміз екеуміз бір-бірімізге қарап, күлдік те қойдық. Біз енді жаспыз ғой. Ана екеуі – үлкен адам. «Солар біледі ғой» деп отырғанбыз. Содан Тергеу зайыбына:

– Халимат, мына құдайы қонақтарға шай бересің бе, қалай? – деп айқайлады.

Халимат құдағай:

– Шәй әзір тұр ғой, шәй әзір, – деді.



Ал Жәкең әлі не бүлдіріп қойғанын түсінген жоқ. Шәйдан кейін үзіліске шыққан кезде:

– Ай, Жәке, ол неғылғаныңыз? Жаңа «Құдайы қонақпыз» деп неге айттыңыз? Құдайы қонақ деген – қыдырып жүріп, танымайтын бір үйге түскен адам ғой. Сол үйден шәй ішуге тап келіп қалсаң, «Құдайы қонақпын» деп айтасың. Біз деген арнайы құда түсіп келіп отырмыз ғой. Солай да-солай, «Біз – қызыңызға құда түсіп келіп отырған арнайы құдалармыз» деп айтуға болмай ма? Иә болмаса, «Арнайы қонақпыз» деп айтуға болмады ма? – десек, Жәкең:

– Ой, қайдан білейін?! Ол жағын Өзбек маған айтпапты ғой, – дейді.

Ол әңгімесіне біз бәріміз күлдік. Ал Тергеу біз кеткенше әрі-беріге дейін «Бұлар – құдайы қонақтар ғой» деп ойнап, тиісіп отырды. Кейін «Құдайы қонақпыз» деген сол сөз біздің ауылда қалжың болып кетті.

Содан шәй ішіп, ет жеп, шаруамызды айтып, қайтып келдік. Үйге келгеннен кейін:

– Ал барлық шаруа бітті. Құдамен сөйлестік, келістік, үйлестік. Тек мына Жәкең деген жасы үлкен аға шамалы жерден хабары бар ма десем, сөйдеп оқсатты, – десем, Жәкең:

– Қайдан білейін, қарағым-ау?! Мен бұрын ондайды кездестірген жоқпын ғой. Мұндай жұмыспен бұрын-сонды барған жоқ едім. «Өзі де білетін шығар, түсінетін шығар» деп айтып едім, – дейді.

Ол өзі – сондай, ар жағында арамдығы жоқ, аржайы, ақкөңіл адам.

Құда-жекжат болып араласып жүрген уақытымызда өмірімде ол кісінің бір нәрсеге ашу шақырып, кейігенін көрген жоқпын. Ұстамды, байыпты кісі еді. Мен Жәкеңмен көбінесе үйге қонақ шақырғанда, иә болмаса, арнайы бір келін алу, қыз ұзату, балалы болған тойларының тұсында кездесетінмін. Себебі, өзім қалада көп бола бермеймін. Облыстың орталығынан 200 шақырымдай жерде, алыста тұрамын. Сондай кездескен сәттерде өте ақжарқын,

қарапайым, бойында сондай бір адамға жылы ұшырап тұратын қасиеті бар адам болатын. Ол кісімен құда болып, араласып тұрған кезімізде бір-бірімізге ешуақытта «Ищай» дескеніміз жоқ. Барлық уақытта сыйлайтынбыз, сәлем беріп тұратынбыз. Ол мені жасым кіші болса да, «Қалпақ құда» деп, құрметтеп тұратын. Сондай жақсы, тату-тәтті болып, бірге жүрдік.

Жәкең – бес күн тіршілікте бетімізге жел болып келмеген, сондай құрмет тұтқан құдамыз еді. Жарықтықтың жатқан жері жарық, иманы саламат болсын!

## ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛҒАН ҚАДІРЛІ ЖӘКЕҢ

Жаролла АҚМҰРЗИН,  
құдасы.

Тарихтан белгілі, қазақ мұнайы ең бірінші 1899 жылы Қарашүңгілден ашылды. Ал Қосшағылдан мұнай табылғанына 85 жыл болды. Оны алғаш 1926 жылы Бешім Қызылбасов деген кісі құмның арасынан тапқан. 1932 жылы Қосшағылдан алғашқы мұнай бұрқағы атылса, 1935 жылы Қосшағыл мұнай өндіру кәсіпшілігі құрылды. 2005 жылы осы кәсіпорынның 70 жылдығына үш вертолетпен қонақтар келді. Олардың арасында Сафи Өтебаев, Зақаш Камалиденов, «Мұнайшы» қорының директоры Нәсіпқали Марабаев сияқты белгілі азаматтар болды.

Сол қара мұнай табылғалы бері халықтың несібесіне айналып, кәдеге жаратылып келеді. Мұнайдың арқасында талай адамдар белшеден бейнет кеше жүріп, даңқа бөленді. Солардың бірі де бірегейі – менің туған құдам Жаңабай Сәлімгереев.

Жәкең өте іскер басшы, жұмыскер адам болды. Біз ол кісінің қарауында жұмыс жасадық. Ол қызмет еткен Құлсары экспедициясы кейін қанатын кең жайып, екі мыңдай адам жұмыс жасады.

12 бұрғылау бригадасы болды. Автокөлік цехы, материалдық базасы, байланыс қызметі, балабақша, тағы да басқа құрылымдары бар үлкен ұжым еді.

Ол кезде автокөлік кеңсесі (АТК) Құлсарыда. Жәкең үнемі телефоннан түспейді. Есте сақтау қабілеті өте күшті еді. Ешуақытта қолына блокнот ұстамайтын, ештеңе жазбайтын. Жұмысқа керекті мәліметтердің бәрі басында жүретін. Жүргізушілер 4-5 қазандықты тракторға салып, май, солярка алып кетеді. Баратын немесе қайтатын жолында көлік бұзылады. Жәкең қажетті бөлшегін тиетіп, көмекке машина жібереді. Сонда жаңағы механиктерге: «Пәленше пәлен жерде қалыпты, мынаны алып кет, ананы апарып таста» деп айтатын. Бір таң қалатынымыз – соның бәрін ол жаңылмай, жадында ұстайтын. Сонда жұмсайтын жерлері – Құлсарыдан 100 шақырымдай жер, қазіргі «Теңізшевройлдың» қасы.

Жәкең өзі ешкіммен ұрсысып, жүз шайысқан адам емес. Бірақ ол келе жатқанда бәрі, сыйлағандықтан болар, орындарынан тұра-тұра жөнелетін.

Сәду Әубәкіров деген жөндеу цехының басшысы бар еді. Арнайы білімі жоқ болғанмен, машинаның хас шебері болатын. Жұмыс барысында арасында бастықпен керісіп, сөзге келіп қалады. Өзі оңайлықпен жеңіле қоймайтын, сөзге дес бермейтін кісі еді. Сонда Жәкең:

– Мұны кара төбе жеңбесе, ешкім жеңбейді, – деп күлетін...

Кейде Бакуден жаңа тракторлар келеді. Жүргізушілер тракторлы болады, сонысын жуады. Біреулер кішкентайлы болып, тойға шақырады. 600-дей үйі бар 2-ауыл деген бар. Соған қонаққа шақырады. Жәкең садақа болсын, той болсын, шақырған жерден қалмайды, барады. Барғасын, сірә, дастархан үстінде барлығы бастықтың қабағына қарап, жалтақтап отырады ғой. Ол кезде арақты қазіргідей құйттай рюмкаға емес, тостағанға құяды. Жәкең:

– Ай, жігіттер, неге ішпейсіңдер? Той құтты болсын! – деп тілегін айтып, өзі бастап тартып жібереді. Содан кейін барып, бәрі де тостағандарын көтереді. Сондай қарапайым жан еді. Қатардағы жай жұмысшылармен жақсы сыйласты.

Ол уақытта отын жоқ, көмір жоқ, май жоқ, бәрі жетіспейді. Жәкең:

– Сен жұмысыңа жүре бер. Мен өзім бітіремін, – дейтін. Өрдайым жоғымызды тауып, жыртығымызды бүтіндеп жүретін.

Бірде мен бензовоз машинамен май тасыдым. Қасымда Мариновский деген шоферім бар. Міндетіміз – солярканы 4 шелектен жұмысшылардың үйіне апарып құюымыз керек. Шоферім арақ ішеді. Қасында отырып, құйып беремін. Бір кезде қарасам, біз алған солярка жетпей қалды. Сөйтсек, біз қателесіп, шоферлерге 4 шелектің орнына 6 шелектен май беріп жіберіппіз. Жәкең бізге ұрысқан жоқ, кемшілігімізге кешіріммен қарады. Сосын қалай келістіргенін білмеймін, ағаттығымыздың артын жауып, жанар-жағармай құятын жерден тағы да құйдыртып берді. Сондай ұйымдастырғыш, жоқ жерден істің қиюын келтіретін іскер адам еді.

Жәкеңнің абыройының күштілігі сол – оны қазақты қойып, орыстарға дейін мақтайтын. Бізде Аязбаев бірінші директор болып кеткеннен кейін Воробьев деген директор болды. Ертеде зауытта директор болған көрінеді. Бір күні ол маған:

– Сен мұнда қайдан жүрсің? – деді.

Мен:

– Осылай да осылай, осында жасап жатырмын, – дедім.

– Ә-ә... Ал мына трактор паркінің бастығы сенің кімің болады? – деп сұрады.

Мен:

– Туған ағам, – деп жауап бердім.

– Вот это да! Өздерінен шыққан директоры қолдарында отыр. Ал бұлар даладан директор алдырады, – деп таң қалып, басын шайқады ол. – Мені мұнда «Директор бол» деп алып келді. Мен ертең райкомға (аудандық партия комитетіне) барып, айтам, – деді.

Өзі – мұнайшы. Ар жағы Володардікі. Қазақтың салт-дәстүрінің бәрін білетін еді. Осында 6-7 жыл директор болып, кетіп қалды. Сол кісі:

– Бүткіл Құлсарыда директор болуға лайық тек қана бір адам бар. Ол – жалғыз Сәлімгереев, – депті.

АТК-ның кеңсесінің есігі гаражының ішіне қарап тұратын еді. Воробьев:

– Что за директор? Директор бір жерге келсе, бір иненің басын былай аудару керек қой, – дейтін.

Сол Воробьев есікті көше жақтан салдырып, АТК-ның кеңсесінің алдына кіреберіс ауызғы үй (веранда) салдырды.

Жәкеңнің жолдас-жоралары көп болды. Солардың ішінде ең жақын, нағыз досы – Махмұт Айтбаев еді. Ол кейін милицияның бастығы болды. Сосын Доссорда мектеп директоры болған Ораз Сарбаланов, осында слесарь болып жасайтын Нәбидолла деген жолдас жігіті болды. Есқожиев Бізбай деген «Ембімұнайгазда» барлау бастығы болған құрдасы болды.

1965 жылы мен пароходпен Баутинге бардым. Ол кезде Жәкең Ералыда. Маңғыстауда әскери бөлім бар екен. Сол әскери бөлімнен машина алуға бардым. Аязбаев деген директорымыз, мен, сосын машинаның шофері үшеуміз бардық. Мен машинаның барлық жай-жағдайын тексеруім керек. Пароходпен барып, Баутиннен түстік. Форт-Шевченкодағы Күйік патша деген жерде жағалай бейіт екен. Сол жерде қонақ үй бар екен, сонда жаттық. Форт-Шевченконы алғаш көргенім сол жолы.

Жәкең сол Маңғыстауда ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп, ел-халыққа сыйлы, беделді болды. Маңғыстауға көшіп кеткенімен, күнде телефонмен сөйлесіп, хабарласып тұратынбыз.

Жәкең қызметте де, өмірде де ешкімді ұлтқа бөліп-жарып қарамайтын. Орыс болсын, қазақ болсын, бәріне бірдей қарайтын, алаламайтын. Оған тек жұмыс жасайтын, міндетіне адал адам болса, болды.

Ол кісінің ұлтқа бөлмейтіндігінің бір мысалы мынау: Құлсарыда АТК-да директор болып жүргенде Александров деген бас инженері болды. Маңғыстауға кеткенде сөйлесіп, соны өзімен бірге алып кетті. Милькина деген қызметкер қыз да болып еді. Соны да АГТО бастығы қызметіне Ералыға алып кетті.

«Би бол, би болмасан да, би түсетін үй бол» дегендей, Жәкеңнің үйі қарапайым ағайын-туғандардан бастап небір қасқа мен жайсаңдар мейман болған қонақжай шаңырақ еді. Шахмардан Есеновтен кейінгі Геология министрі бір орыс кісі болды. Мен ол кісіні Жәкеңнің Ералыдағы үйінен көрдім. Аппақ жігіт екен. Сол кезде ол іссапарға келіп жатырған болатын. Бұл 1964 жыл еді.

«Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресінің басшысы Х.Өзбекқалиев еді. Оның шыққан тегі – Төре. «Төре» десе дегендей, салмақты, нағыз төре кісі.

Жәкең көп жылдар бойы сол кісінің орынбасары болды. Сонда ойлап отырсаңыз, мұнай маманы емес, бұл салада арнайы сауаты жоқ Жәкең білгірлігі мен ұйымдастырушылық талантының арқасында «МНГР» сияқты еліміздегі ең ірі трестің басқарма бастығының орынбасары дәрежесіне дейін көтерілді. Ал екі бірдей дипломым болса да, қолымнан жұмыс келмегендіктен, мен қатардағы қызметкер деңгейінде қалып қойдым. Осыдан-ақ Жәкеңнің қандай мықты адам болғанын білуге болады. Әңгіме қалтадағы қатырма қағазда емес, өмірлік тәжірибе мен өнегелі істе екенін осы кісінің өмірбаян жолдарының өзі дәлелдей алады.

## «ЖАҚСЫ ЖЕЗДЕ – ӘКЕҢДЕЙ»

Ерсайын ҚОСАНОВ,  
*балдызы.*

Жаңабай жездем туралы ойланғанда, жадыма бала күнгі естеліктер оралады.

Жездемнің Қуаныш Молдаев деген шофері болды. Бір күні папам бәріміз Қызылқоғаға, Қарабауға қарттарға баратын болдық. Жездем «полуторкасына» мініп, Комсомолскіге келді. Сондағы жолдастары қарсы алып, барлығы түнімен қыдырды. Олар – сол кезде отыздың үстіндегі жігіттер. «Таңертең жүреміз» деп есеп

жасап қойған. Түнде жаңағы Қуаныш арақ ішіп алып, әбден масайған соң:

– Үйге жатқызбадыңдар! – деп, машинаны айдап кетіпті. Үстінде Ғабекен (Ғабдол Сланов), Жәкен, менің әкем – бәрі ұйықтап жатқан көрінеді. Барлығы да түнімен ішкен, әбден шаршаған. «Полуторканың» үстінде шөп бар екен, соған құлай-құлай кетсе керек. Таңертең бәрі іздеп, таба алмай жатса, кәсіпшіліктің ішіндегі качалканың қасына барып, сол жерге ұйықтап қалыпты. Қуаныш шофердің түнде машинаны айдап кеткенін білмей, үйдегілер бұларды «Қайда жоқ болып кетті?» деп, уайымдайтын көрінеді. Содан барлығы келіп, мәз болып, соны айтып әзілдесіп, түсқайта әрең шығып кетті.

Бұл жолы машинаны Нұрлыбай ағама айдатты. Сарыкөлге жақындағанда «полуторканың» моторы кетіп қалды. Ол кездегі көліктерде жөнді вкладыш та болмайды ғой. Содан анау-мынау деп, машинаны шұқылап, әрі-бері тұрды. Сонда жездем моторды ашып, армиядан келгенде тағып келген әскери белбеуін кесіп, коленваллға вкладыштың орнына салды. Ішін тесіп, май құйып, бәрін істеді. Жездем сондай машинаның жілігін шағып, майын ішкен дейтіндей, өте білгір маман еді. Сөйтіп, Қарабауға әрең барғанымыз есімде қалды. Бұл 1948 жылы болатын. Мен ол кезде 7-де екенмін.

Қарабау – Ағиба апамның ауылы. Әке-шешесі сонда тұрады. Малымыздың барлығын сол жақта ұстаймыз. Арасында сол жаққа барып тұрамыз.

Есейе келе, біз 1950 жылы Комсомолскіден Қаратонға көшіп келдік. 1949 жылы қазіргі «Теңізшевройл» сияқты үлкен кен орны ашылып, көптеген мамандарды шақырды. Сонда әкемізді мекемеге бас есепші қылып жіберген болатын. Құлсарыда соғысқа дейін салынған екі қабатты төрт үй болды. Соның бір жағында Жаңабай жездем, екінші подъездің бірінші қабатында Халел ағам тұрады. Екінші корпусында Ағиба апаның туған апасының күйеуі, Жәкеңнің туған бажасы Мұқаддас деген жездем тұратын. Содан біз екі машинамен келдік. «Газ-51»-дің жаңадан шығып жатқан кезі. Шоферлері – кілең кәрістер. Келіп, «Таңертең ерте кетеміз»

деп еді. Тағы туыстар қонақ қылып, түнімен қыдырыс болды. «Таңертең кетеміз» деген әңгіме қайда-а? Түс болды, кеш болды. Одан түн болғасын:

– Қой, ертең кетерміз, – деп, қонып қалды. Жездемнің үйінде, Халел ағамның үйінде, Мұқадастың үйінде, әйтеуір бір бітпейтін мереке болды сол жолы.

Біздің ауыл сондай тату, бірі-бірімен өте араласқыш еді. Бәрі алыстан да, жақыннан да адамдар келсе, жабылып күтетін, ұйымшыл, қонақжай болатын. Арасында Алматыдан Бәтима апай мен Ғабекендер, Мәрияштар келеді. Сонда олар да түгел туыстарды аралап, бәрін жағалап шығатын. Әрбір үй шақырып, меймандостығын білдіріп, құшағын айқара ашып, ақ көңілімен қарсы алатын. Соғыстан кейінгі уақыт. Соның өзінде заман қандай тар, жоқшылық кезең болса да, адамдардың көңілі кең, пейілдері дархан еді. «Бар, жоқ» деп, қиналып, бас ауыртып жатқан ешкім жоқ.

Ол кезде аудан орталығы Қосшағылда. Таңертең бізді «шығарып саламыз» деп, бәрі ерте тұрды. Жаңабай жездем қанша шаршаса да, жұмыстан қалмайтын. Сол уақытта Құлсарыда Құлқайыр Оспанов деген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Өте қатал адам еді. Содан қорқып, «Хатшының көзіне түсіп қалмайын» деп, айналма жолмен жүріп, жездем бізді Құлсарыдан шығарып салды. Олар кері қарай, біздер әрі қарай кеттік. Жер алыс, жол жоқ. Құлсарының арғы жағында 70 шақырым жер. Сөйтіп, әйтеуір 12 сағат бойы жүріп отырып, Қаратонға таңда эзер жеттік. Бәйден Баязов деген мектеп директоры болған ағам бар еді. Сол үйге бардық. Жездемнің араласқыштығын, ағайын-туыстарға деген ілтипатын, сый-құрметін, кеңпейілдігін осыдан-ақ байқауға болады.

Ол кісі қыздан, ұлдан тарағаны бар, өрісі кең, жан-жақты, өзі де көпшіл адам болатын.

Жездемнің ең көп араласқан жақын досы – Халел ағам. Ол – жездемнен гөрі жастау кісі, 1927 жылғы. Екеуінің арасы он жас болса да, сондай керемет дос еді. Бір-бірін «көрші» деп, қатты



сыйлайтын. Екеуі бір үйдің екі подъезінде қатар тұрды. Кейде жатар алдында бір-біріне қонаққа келіп, 50 грамын ішіп алып барып, жататын. Сондай етене жақсы араласты.

Мен 1957 жылы 10-класты бітірген соң еңбек жолымды «Құлсарымұнайгазбарлау» тресінің Жаңабай жездем басқаратын автокөлік кеңсесінде (АТК-да) слесарьдың шәкірті болып бастадым. Жазда біздің үй малға қырға кетеді де, мен көбінесе жездемнің үйінде жүретін едім. Таңертең жездем тұрып, шәйді қайнатып, мені оятып, шәйін беріп, жақсылап тұрып тамаққа тойдырады. Жездем жұмысқа жұрттан бұрын, ертерек барады. Таңертең ерте Қобдабай деген шофері келіп тұрады. Шәйімізді ішіп болғасын, жездем:

– Жүріңдер, – дейді.

Содан машинаға барып отырамыз. Мен машинаның артында отырамын. Машинаға кіргеннен кейін жездеміздің жылы мінезі қалып, бірден өзгереді, қабағы қатулы отырады. Қобдабай екеуміз бірдеңе деуге қорқамыз. Өзі бір нәрсе туралы сұраса ғана жауап береміз де, ал былай өздігімізден ешқандай әңгіме айтпаймыз. Мекемеге барғанша тып-тыныш, тымпиып қана отырамыз. Өйткені, ол кісі қабағының өзімен ықтырып, сұсы басып отыратын.

Қазір ойлап отырсам, балалық қой, жұмысқа барғасын, қатар жолдастарыма келіп:

– Директор маған шәй құйып берді! – деп мақтанатынмын.

– Соқ өтірікті! Сен түгілі, ол кісіге үлкендер де жолай алмайды, – деп, олар менің сөзіме сенбейтін. Ол кісі қызметте сондай қатал болды...

Жездеміздің жоғары білімі болған жоқ. Бірақ білгірлігі мен жұмысты ұйымдастырушылық қабілеті кез келген жоғары білімді маманнан асып түспесе, кем емес еді.

Әлі есімде, бас инженері Бакиров, эксплуатация бөлімінің бастығы Бастанжиев, өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы Александров деген кісілер болды. Мен жөндеу шеберханасында жұмыс жасадым. Оның бастығы Сәду Әубәкіров, шеберлері Нұрлыбай ағам мен Жұмағұл Рахметов болды. Олар кілең өз

жұмыстарын жақсы білетін білікті мамандар еді. Жездем солардың бәрін бір шыбықпен айдағандай қатал қабағымен-ақ ықтыратын. Ол келе жатқанда, бас инженерден бастап қол астындағылардың бәрі қорыққанынан мектеп директорын көрген оқушылар сияқты жым болатын. Себебі, ол кісі өте талап қойғыш, жауапкершілікті қатты сұрайтын. Оның көзінше бірде-бір адам тәртіп бұзып, былғандамайтын.

Жасыратын несі бар, үлкен мекеме болғасын, ол кезде арақ ішетін адамдар да көп болды. Сондай адамдар, тіпті Бастанжиевтің өзі де тығылып арақ ішіп жүретін. Мекемеде машина жуатын жер – «мойка» бар. Оны бір сөзбен «Профилактика» деп атайды. Асты темір еді. Әлгі арақ ішкісі келген адамдар кейде жездемнен тығылып, соның астына кіріп кететін көрінеді.

Бірақ ол кісі қанша қатал болғанмен, өте әділ, адамгершілігі мол еді. Мұқтаж адамдардың барлығына көмектесетін. Сондықтан оны бүкіл ұжым да, айналадағы араласатын адамдар да – бәрі де қатты сыйлайтын.

Ол кезде жездем сияқты жұмыс істеп, мекеме басқарған кісілерге де өте қиын болды. 150-200 км жердегі бұрғылау орнына бульдозер, кран, басқа да техникалар, жанар-жағармай, тұрбалар, анау-мынау материалдар жеткізілуі керек. Солардың біреуі уақытында жетіспей қалса, үлкен айқай болады. Бұрғылау жұмыстары бір-біріне тығыз байланысты, сәл нәрсеге байланып, бір материал дер кезінде бармай, кідіріп қалса, бүкіл өндіріс тұрып қалады да, былай да-былай да созылмайды, (оны бізде «прихват» дейді). Сосын апат болады. Сондай жағдайды болдырмау үшін жездем жұмысқа барлық күшін, бар потенциалын салып, бүкіл өндірістің барометрі сияқты болып, бақылауда ұстап отыратын. Сондықтан да болар, біздің АТК «социалистік жарыстарда» үнемі ауданның, облыстың Ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алатын. Мен де сол кезде аудандық газеттерге «үздік слесарь» деп шығып жүрдім.

АТК-ның акт залы кішкентай болды. Алдында мектеп бар еді. Ішінде машина жуатын, машина қарайтын «профилактика» деп

атайтын жеріміз бар деп айттым ғой. Сол жерге жиналыс жасайтын. Мекемеде екі жүз елудей адам бар. Солардың бәрі дабырласып сөйлеп отырғанда, жездем:

– Та-ак! Так во-от... – деп әңгімесін бастағаннан-ақ мектептің оқушылары сияқты болып, бәрі де тып-тыныш бола қалатын...

Жездем сондай қатал, салмақты, көп қозғалмайтын, топырағы ауыр адам еді. Ол әбден ашуланғанша, дауыс көтермейтін. Ретке келмейтін, әл бермейтіндер болса, оларды жездем көп әңгімеге апармайтын. Сөзін шығындап жатпайтын.

АТК-да бір арақ ішетін, өзінің қарны қабақтай, ешкімнен қорықпайтын Крайнов деген адам болды. Бәрі оны «Сәлімгереевтің кадры» деп санайтын. Ешкім оған ұрыспайтын. Себебі, оны жездем күні-түні неше шақырым жерге жіберсе де, барлық тапсырған жұмысын орындап келетін. Бір күні әбден ішіп, нағыз болмағасын, бастықтар оны жездеме алып барады. Келгеннен кейін біраз уақыт директордың қабылдау бөлмесінде отырады. Бастықтың кабинетінің мысы басты ма, шамалы уақыттан кейін әлгі «тентектің» жүні жығылып, жуаси бастайды. Ана жерде отырып, өзінің қандай қателік жібергенін, бәрін түсіне бастаған сияқты. Енді бас инженер Бакиров:

– Сізге кіргізейін, – десе, жездем:

– Жоқ, кіргізбей-ақ қой! Енді өзі де ретке келген шығар. Жүре берсін, – депті.

Сонда ол адамды кабинетке кіргізіп, дауыс көтеріп, жүйкесін жұқартқанша, ана жерде отырғызып қойып-ақ психологиялық сабақ беріп, тәрбиелеу, бұл – кез-келген кісінің ойына келе бермейтін, өте ақылды адамның ісі. Бұл да – мекемені басқарудың бір түрі, әдісі болатын.

Мен жездемнің үлкен ұлы Максұтты өте жақсы көрдім. Құлсарыда жұмыс жасап жүрген кезімде ол он екіде болатын. Жездем:

– Мынау ертең сендердің бастықтарың болады. Ана Байбаковтың орнына министр болады. Қазірден бастап құттықтап, айтқанын тыңдаңдар, – деп қалжыңдайтын.

Байбаков деген – сол кездегі бүкіл КСРО-ның Мұнай-газ өнеркәсібі министрі.

Мен АТК-да 1959 жылға дейін болдым. Барлығы екі жыл жұмыс істедім. Сол екі жылда біраз шыңдалып, Сәлімгереевтің мектебінен өттім. Сол уақыттағы жұмысқа қатаң талап қою, жауапкершілік, адамды сыйлау сияқты азамат болып өсу үшін қажетті алғышарттардың біразын осы мекемеде қалыптастырдым.

Кейін біраз жұмыста болдық. Аудандық партия комитетінде, атқару комитетінде, мұнай-газ саласында басынан бастап аяғына дейін, мекеменің басшысы да, вице-президенті де болдым. Соның барлығында жұмыс жасап, ысылуыма, қызметкер болып қалыптасуыма Жаңабай жездемнің де қосқан біраз үлестері бар деп есептеймін.

Оның қарауында Сәду Әубәкіров деген кісі болды. Біздің тікелей басшымыз, жөндеу шеберханасының бастығы еді. Ол да – тәртібі қатал, қатты адам. Былай-былай артық қозғалтпайды. Қақаған қыстың күнінде өтірік білмеген болып, машинаның блогын солярканы жылытып жуып жатсақ, бір-екі рет былай-былай өткенде боқтап, есімізді тандырып, кәдімгі мұздай соляркамен жуғызатын. Соны осы күнге дейін балаларыма:

– Ұлым, біз сондай-сондай күндерді бастан кешірдік. Ал сендер не көрдіңдер? – деп айтсам, қазіргі балалар түсіне ме:

– Папа, сен салқын соляркамен блок жуыпсың ғой, – деп мазақтайды.

Міне, сол кісілер – нағыз еңбек десе ішкен асын жерге қоятын, жұмысқа жан-тәнімен берілген адамдар еді. Ол кісі де – жездемнің тәрбиесінен өткен, тәлімін алған адам ғой. Одан масштабы кішілеу болғанмен, жездем сияқты сирек кездесетін, сондай керемет азамат болды. Сол С.Әубәкіровті кейін өзім айтып жүріп, Жылыойдың энциклопедиясына кіргіздім.

1959 жылы Атыраудағы мұнай техникумына оқуға түстім. Сонда оқып жүргенде де арасында ауылға келгенде бұрынғы жұмыс істеген мекеме хабарласып, араласып тұратынмын. Ол кезде екі жыл жұмыс істемесең, институтқа түсе алмайсың. 1962 жылы

техникумды бітірдім, институтқа тапсырдым. Марқұм Таумыш Жұмағалиев:

– Конкурстан өтесің. Оқуға түстің! – деп қолымды қысып, аттестат тапсырды.

Сол қарсаңда, дәл 25 тамызда жездем Маңғыстауға көшетін болды. Ол кезде Максұтжан бар. Мәлік әлі кішкентай. Мен Алматыға баруым керек. Бірақ өзімше «Жездемді көшірісемін» деп, оқуыма бармай, кешігіп, ауылда қалып қойдым. Жездем Маңғыстауға самолетпен көшті. Сол кісіні шығарып салып, 30 тамызға таман Алматыға келсем, конкурстан өтпей қалыппын. Оқуға түспесем, армияға алып кетеді.

Алматыда Сәлім деген ағам бар. Әкемнің інісі, Ағиба апаның ағасы. Жолдасы Фарида жеңгем – медицина ғылымының кандидаты. Ол кісі 1927 жылы туған. 1952 жылы 25 жасында ғылым кандидаттығын қорғаған. 1960 жылы бәрін дайындап, докторлығын қорғайын деп жүргенде ғылыми жетекшісі ауырып қалып, қорғай алмай қалыпты. Содан кейін жеңгем ғылыммен айналысқан жоқ. Әйтпесе, үлкен оқымысты кісі болатын. Сол үйге келгеннен кейін ағам:

– Ал не болды? Не істедің? – деп сұрады.

– Конкурстан өтпей қалыппын, – десем, тас-талқан болып ашуланып:

– Немене, Сәлімгереев сенсіз көшпейді ме? – деп, қатты ренжіді. Әуелі:

– Кет ауылға! Билет алып берейін, – деп біраз бұрқылдады да, сосын анда-мында барып, жүгіріп жүріп, әйтеуір не керек, оқуымның сәтін келтірді. Институттың ректоры Байқоңыров – ағамның досы. Екеуі – қатар оқып, бірге бітірген, бірге жүрген адамдар. Ол кісі мұндай кезде «Абитуриенттер мазамды алады» деп, басқа жаққа қашып кетеді екен. Сөйтіп, Байқоңыров қалада жоқ болды.

Ағам менің шаруаммен институтқа барып жүргенде, бір күні аяқ астынан сыртқы есіктің қасында бір нән орыспен кездесіп қалды. Екеуі құшақтасып көрісіп, біраз сөйлесіп тұрды. Сөйтсем,

бұл – сол институттың тау-кен факультетінің деканы Спицын деген кісі екен. Аман-түгел алысып, жөн сұрасқан соң, анау:

– Неғып жүрсің? – деп еді, ағам:

– Ойбай, солай да-солай, мына ақымақ конкурстан өтпей қалды, – деді.

– Ой, онда жүріңіздер, – деп, әлгі кісі деканның орынбасарына алып барып, құжаттарымды алдырып, көп көмектесті. Сонымен оқуға түсіп кеттім. Сөйтіп, Жаңабай жездемді көшіремін деп, оқудан қалып қоя жаздағаным бар. Соның бәрі жездемді жақсы көргеннен шығар.

Сәлім ағам Ұлы Жеңістің 50 жылдығын тойлады да, 1995 жылы 30 қарашада қайтыс болды. Сонда жездем мен Жетпісбай Есенжанов екеуі келді. Жетпісбай Есенжанов – жездеммен бірге көп жыл Маңғыстауда еңбек еткен белгілі мұнайшы, Жаңөзенде атқару комитетінің төрағасы болған, әкімшілікте істеген, қазіргі күні тоқсанға келіп қалған ақсақал. Ол кісі де – есте сақтау қабілеті өте жақсы, жады мықты жан.

Сол келгенінде, жездем ауырып жүр екен. Мені құшақтап, көзіне жас алды. Сонда мен қатты таң қалдым. Өйткені, жездем ешқашан өйтіп босамайтын. Артынан білдік, үйге келгесін, ауырып жүргенін айтты...

Ол кісінің көп хикаяларын ұмытып қалдым.

Сөз соңында өзімнің өмірбаяным туралы мағлұмат бере кетейін.

Мен Атырау облысының Жыңғылды деген жерінде дүниеге келдім. Атақты татар жазушысы Сабыр Шарипов сол жерде мұнай барлаудың бастығы болыпты. Ол кісі сол жаққа жер аударылған сияқты. Ол жұмыс істеген разведка Доссордан 8 шақырым жерде болатын, қазір жоқ. Мен мектепке 1946 жылы 5 жасымда бардым. Сөйтсем, көптеген 10-11 жастағы балалармен бірге мектепке барыппын. Себебі, оның алдында – соғыс мезгілінде тылдағы балалардың бәрі еңбекке тартылып, елде жөнді сабақ болған жоқ. Мен Жыңғылдыда туғанмен, бүкіл өмірім Жылыойда, Құлсарыда өтті. Құлсарыдан мектеп бітіріп, Жаңабай жездемнің қарауында жұмыс жасадым.

Кейін Гурьев мұнай техникумында, артынан политехникалық институтта оқыдым. Негізгі мамандығым – электрик. Өнеркәсіп кәсіпорындарын электрмен жабдықтау маманымын. Институтты бітіргесін, «Үстірт» деген экспедицияда бас энергетик болып жұмыс жасадым. Кемелов деген бастығымыз, Маңғыстауға белгілі атақты Нысанов деген геолог болды. Қазіргі Нысанов кен орны деген жер сол кісінің атында.

Сосын Құлсарыға келіп, компрессорда ауысым бастығы, цех бастығы болдым. 1970 жылы 9 наурызда «Жылыойдың үстінен жүретін жаңа газ құбыры, мұнай құбыры қосылып жатыр. Қажетті маман жоқ, жетіспейді» деп, аудандық партия комитетінің өнеркәсіп-көлік бөліміне нұсқаушы қылып алды. Онда бөлімше меңгерушісі, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болдым. Көптеген жаңалықтар аштық. Айта берсек, мақтанғандай болармыз, бірақ біз сол кезде Жылыойдың экономикасының көтерілуіне атсалыстық. 1985 жылы «Теңіз» ашылып, бірлестікті ұйымдастырғанда КСРО Мұнай-газ министрінің орынбасары Топлев деген кісі Мәскеуге әңгімелесуге шақырды. Сосын «Теңізге» бас директордың жинақтау, жабдықтау, көлік жөніндегі орынбасары қылды. Зауытты өз қолымызбен құрып, жинақтадық. Американдықтардың «Теңізді» біз аштық» деп жүргендері – құр әшейін далбаса.

1991 жылы 6 сәуірде зауытты іске қосып, жіберген – біздер. Американдықтар «Шевройлды» ұйымдастырды. Олар 1993 жылы келді. Біз көптеген әлеуметтік нысандарды салдық, елді мекендерді жаңарттық, шағын аудандарды салдық. Сосын партия комитетінің хатшысы болдым. Аудан өте үлкен, 1400-дей коммунист болды. 1991 жылы Компартия тарағаннан кейін қайтадан бас директордың орынбасары болдым.

1999 жылы екі бірлестікті қосып, біріккен кәсіпорын құрылды. Мен мұнай-газ өндіру басқармасына директордың әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары болдым. 2005 жылы зейнеткерлікке шықтым. 2007 жылы Алматыға қоныс аудардым. Отбасымызда екі қыз, екі ұлымыз, үш немереміз бар. Үлкен немереміз

П. Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінде халық-аралық қатынастар факультетінде оқиды.

Осындай күнге жетуіме Жаңабай жездем берген тәрбие мен ол кісіден алған өнегем де көп әсер етті деп ойлаймын. Ол – табиғатта өте сирек кездесетін адам.

Менің де жасым қазір 70-тен асты. Зейнеткермін. Бұрынғыдай барлық шаруаға бірдей араласа алмаймын. Андай-мындай мәселелер болса, Мәлік өзі тындырады. Ол әлі күнге дейін біздерге қамқоршы болып жүреді. Мәлікке арқа таңып:

– Астанада «крышамыз» бар, – деп қалжыңдап қоямын.

Қазір бәрі шүкір, Жаңабай жездемнің балаларының барлығы өсті. Әрқайсысынан немерелер, шөберелер бар. Балаларының алды шет елдерде оқып жүр, абыройлы еңбек етіп жатыр. Апам солардың қызығын көріп отыр. Бәрі орын-орнында.

Жездемнің жатқан жері жайлы болсын! Топырағы торқа болсын!

## ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚСЫ ЖЕЗДЕМІЗ

Ғалия ҚОСАНОВА,  
*балдызы.*

Жездеміз Жаңабай Сәлімгереев – жаны жайсаң, жүрегі кең, үлкен-кішіге деген адамгершілік қасиеті мол азамат еді.

Мен бала кезімнен сол жездемнің ағайынға-туысқа деген жылы мейірімін, қамқорлығын көріп өстім. Құлсарыда мектепте оқып жүргенімізде ара-тұра сол үйге қона қалсам, үлкен қызы Бағдат екеумізді сабаққа ертерек оятып:

– Сендер қыз баласыңдар ғой, шаштарыңды өріп болғанша уақыт керек, – деп, ал ұлдарын бізден кейін тұрғызып, бәріміздің шәйімізді беріп, мектепке шығарып салатын.

Кейін жездем Маңғыстауда – «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресінде қызметте жүргенде де бізге шапағаты тиді.



Менің жолдасым Усалиев Жақсылық институт бітіріп келіп, осы кісінің қолынан жолдама алып, Жетібайда алғашқы еңбек жолын бастады.

Жездеміз бір үлкен әулеттің берекесі, шаңырағының тірегі болатын. Ағиба апамыз екеуі үш ұл, екі қыз өсіріп, ұлағатты тәрбие беріп, халқына қадірлі, ағайын-жекжатқа сыйлы болған жандар еді.

Осындай қадірлі жездеміз артына тамаша ұрпақтар қалдырды.

Үлкен қызы Бағдат – медицина ғылымдарының кандидаты, ал оның жолдасы Абай сол салада доктор, профессор атағын алды.

Ұлы Мақсұт Алматыдан политехникалық институтты бітіріп келіп, Маңғыстауда еңбек етіп жүргенде 37 жасында көлік апатынан қаза болды. Жанұясы қазір Ақтауда тұрады. Жолдасы Ұлмекен – дәрігер. Екі ұл, бір қызы азамат болып өсті. Бүгінде олар мұнай саласында қызмет етуде.

Жездемнің кіші қызы Света да – медицина қызметкері, ғылым кандидаты. Қазір Астанада, ұлы Ілияс шет елден оқып, білім алып келді.

Кенже ұлы Мәлік, ол да – білікті маман, геология-минерология ғылымының кандидаты. Жолдасы Гүлшараның мамандығы – дәрігер. Олардың қызы Айдана мен ұлы Әсет екеуі де шет елде білім алып жатыр.

Ал «Жанабай жездеміздің адамға деген жылы сезімдері, біреуге тек «болса екен» деп тұратын таза пиғылы, ақ ниеті өзінің ұрпақтарына тегістей тарағанына куә болып жүрміз» десем, артық айтқандық болмас деп есептеймін.

Ол кісі қайтыс болғанда, Атыраудан Ақтауға самолеттің арнайы тікелей рейсі ұйымдастырылды. Біздер – Салихов Халел ағай бастаған көп ағайындар самолетпен ұшып бардық. Самолетпен 4 фляга су апардық. Сонда менің ұлым Рүстем фляганы әзер көтеріп, «Бұл қалай, Ақтауда су жоқ па?» – деп таң қалған болатын.

Жездемнің өмірден өткеніне де 15 жыл уақыт өтіпті. Сол уақыттың ішінде бірнеше немерелері тұрмыс құрып, талай

шөберелері өмірге келді. Немерелерінің көпшілігі бүгінде шет елдерде оқып, жетіліп, жемісті еңбек етіп жүр.

Қазір Ағиба апамыз өзінің ұл-қыздарының, немере-шөберелерінің қызығын көріп отыр. Біз ол кісінің және ұрпақтарының Жаңабай жездеміздің көре алмаған қызықтарын көріп, алда да ұзақ та бақытты өмір сүре берулеріне тілекшіміз.

## ЖОМАРТ ЖҮРЕКТІ, КЕҢПЕЙІЛ ЖАН

**Еркін ТӨРЕХАНОВ,**  
*балдызы.*

Жәкең бізге жезде болады. Ол кісінің жолдасы Ағиба апа мен менің шешем – апалы-сіңлілі адамдар. Менің анамның аты – Рахима. Ол – Ағиба апамның туған апасы. Анам 1965 жылы мен әскерге кетейін деп жатқанда жіңішке аурумен ауырып, 49 жасында ерте қайтыс болды. Ағиба апа мені әлі күнге дейін «Еркінжан, айналайын» деп, айналып-толғанып отырады.

Жәкең жасы үлкен адам болғасын, ол кісімен сырлас болған жоқпын. Ол – менің әкемдей адам. Бірақ бұл кісіні бір адамдай білемін деп ойлаймын. Ол өте қарапайым, салмақты жан еді. Өмірінде «Мен мынаны тындырдым» деп, мақтанған емес. Үйде жүргенде әңгіме айтқанда, әр сөзін абайлап, бірақ жетер жеріне жеткізіп, дәл нүктесіне тигізіп, сондай нақты сөйлейтін, гүрілдеген даусы бар кісі еді. Бізді әрдайым «Еркінжан», «Мақсұтжан», «Мәлікжан» деп еркелетіп, айналып-толғанып отыратын. Қай баласының атына да «жан» деген жылы сөзді қосып айтатын. «Мақсұтжан, ананы істей қойшы», «Мәлікжан, мынаны істей қойшы», – деп, жылы сөйлеп жұмсайтын. Сондай қылып еркелетсе де, ол кісінің балалары тентек болған жоқ. Бәрі де тәртіпті, өнегелі болып, оқуын бітіріп, өздерінің жұмыстарын ойдағыдай атқарып жүрді.

Жәкеңнің өзі – соғыс ардагері. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ

қатысып, жауды жеңіп оралған майдангер ақсақал. Әуелі Құлсарыда автокөлік кеңсесінің (АТК-ның) директоры болып жасаған. Біздер ол уақытта сол жақта тұратын едік. Кейін 1957 жылы мұнай көзін іздестіретін экспедиция құрылғасын, осы жаққа – Маңғыстауға Х.Өзбекқалиевтің қарауына «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») экспедициясы басшысының орынбасары болып келді.

Жәкең – жұмысқа өте алғыр, еңбекқор адам. Ол кісі қолына алса, шешілмейтін мәселе жоқ еді. Әсіресе Қаламқас, Қаражанбас кен орындары ашылып жатқан кездерде көп заттар жетіспейтін. Өндіріске анау жетпейді, мынау жетпейді, проблема деген шаштөктен. Қарбалас шаруалар бастан асып жататын. Жәкең соның бәрін жедел түрде орнына қойып, қысқа уақыттың ішінде өте жылдам жасайтын. Ол уақытта жетіспеушіліктер көп болды ғой: вагон жетпейді, самолет керек болады, вертолет керек болады, басқа да құрылыс материалдары қажет болады. Сондайда Жәкең барлығын өте шұғыл тауып, тез ұйымдастыратын. Жұмыста өте сыйлы адам болды. Қарауындағы адамдарға да талапшыл еді. Одан кейін зейнет жасына шықты. Зейнеткер кезінде де автокөлікке техникалық қызмет көрсету мекемесінде (СТО-да) жасап жүрді.

Біз – ол кісінің қарауында жасаған адамбыз. Сондықтан сыйластығымыз болғанмен, көп сырластығымыз жоқ. Өзі жасы үлкен адам, лауазымы да үлкен. Тек жақын тумаластығымыз болғасын, үйіне барып, дастархандас болып жүрдік. Ел мен жер тарихына қатысты айтқан әңгімелеріне де көп қатынасып көрген жоқпын. Өйткені, үлкен кісілер өзара әңгімелеседі де, біз жас болғасын, олардың сөздеріне көп араласпайтынбыз.

Жәкеңнің балалары – менің туған бөлелерім. Бағдат оқуын бітіріп, Абай деген жездемізге тұрмысқа шығып кетті де, көп араласқан жоқпыз. Алматыға барған кездерде үйінде қонақ болып кетіп жүрдім. Ал Света бізден кіші болды. Ол да Алматыға тұрмысқа шықты. Мәліктермен араласып тұрдық. Туған күн, мерейтойларды бірге тойлап жүрдік.

Бәрінен де мен Мақсұтпен жақсы араластым. Ол кезде Мақсұт ұңғыларды зерттеу кеңсесінде (КОКС-та) шебер, мен аудандық

инженерлік техникалық қызметте (РИТС-2-де) шебер болып жасап жүрдім. Мақсұт бір күні жұмысқа кетіп бара жатқанда машина қағып кетіп, қайтыс болды. Асылбек, Алмаз дейтін ер балалары, Меруерт деген қызы бар. Меруерт осында тұрмыста, Тергеу Айдархановтың келіні. Асылбегі Астанада жұмыс жасайды. Алмазы шет елде оқып жатыр.

Әуелгіде Құлсарыда тұрғанда да біздің үйлеріміз онша қашық болған жоқ. Арасында бір үй болды ма, болмады ма, білмеймін, әйтеуір жақын, корпус үйде тұрдық. Біздер Қосшағылдан Құлсарыға 1954 жылы көшіп бардық. Әкем Мұқаддас Құсайынұлы аудандық білім бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасады. Сол кісінің қызмет бабымен бүкіл Атырау облысының барлық жерінде – Атырау, Мақат, Доссор, Құлсары, Теңіз, Ганюшкинода болдық.

Ол үйдің қыздары да, балалары да – бәріміз де бөлеміз ғой. Бірақ соның ішінде Мақсұт екеуміз өте жақын едік. Бір-бірімізді жиі қонаққа шақырып, араласып тұратынбыз. Ол менен бес-алты жас кіші. Бірақ арамыздағы жас айырмашылығы көп байқала бермейтін. Көрші болғасын, бала кезімізде доп ойнап, бірге өстік. Мақсұтты сол бала күнімнен бері жақсы білемін. Кейін олар Маңғыстауға көшіп кетті. Алдымен Форт-Шевченкода, сосын Ералыда тұрды. 1965 жылы ма екен, армияға кетерде бір рет барып кеттім. Біздер Құлсарыдан Ақтауға 1969 жылдың аяғында көшіп келдік. Әділше деген ағамыз Алматыдан оқу бітірді де, КОКС деген мекемеге инженер болып келді. Бұл мекеме мұнай шығып жатқан ұңғыларды сынақтан өткізіп, зерттейді. 1976 жылы оған Ақтаудан пәтер берді. Сосын 1986 жылы келесі подъезден тағы да пәтер берді. Біз көшіп келген кезде әуелі Ағиба апам маған:

– Іздеу партиясының геологы деген бар. Әзірге соған кіре тұрсайшы. Кейінгісін сосын көре жатармыз, – деген.

Сөйтіп, бұл мекемеге бір кіріп кеттім де, содан кейін шыққан жоқпын, бұрғылау саласына кеттім.

Жәкең жақын-жуықтарынан ештеңені аямайтын, шамасы келгенше көмектесетін. Жомарт жүрегіне бәрін де сыйғыза білетін, сондай кеңпейіл адам болды. Ол кісінің қолында билігі бар кезде

көлік керек болған сәттерде ылғи баратынбыз. Бір жерге шаруамен баратын болсақ, үнемі сол кісі көлік тауып беретін. Бірақ ол кісі біреуге жақсылық жасау үшін заңсыздыққа барып, жақындарына көпе-көрнеу бұрмайтын. Қолы да, ары да өте таза адам болды.

Мен бұрғылау шебері болып жұмыс жасап жүрген кезімде ескі заттарды шығыстау керек болғанда, Жәкеңе қол қойғызатынбыз. Сондайда Жәкеңе келсем, мен балдызы болсам да:

– Әуелі бас есепшіге бар. Шығыстайтын заттардың бәрін тексерсін. Сосын барып, маған қол қойдыруға алып келерсің, – дейтін.

Бас есепшіге барып:

– Жәкең сөйдеп жатыр, – десем, ол:

– Ой, біздің Жәкең солай ғой өзі, – дейтін.

Сөйтіп, бәрін қарап, тексеріп болғаннан кейін ғана Жәкеңе барып, қол қойдырып алатынмын. Сонда ол кісі мен қанша жерден жақыны болсам да, жұмыс тәртібін бұзбай, бәрін де рет-ретімен жасайтын. Бұл – маған сенбегендігі емес, ол кісінің жұмысына өте адалдығының, қолының тазалығының белгісі болса керек. Жалпы, ол уақыттағы адамдардың көпшілігі қазіргідей емес, таза еді ғой.

Жәкең күнделікті өмірде жәй, қарапайым адам болатын. Ал жұмыста ұрсады да, айқайлайды да. Бірақ бәрін де орын-орнымен жасайтын, артық әрекетке бармайтын. Жәкеңнен көп адамдар ығысатын еді. Өйткені, ол талапшыл да принципті адам болды. Кейде жұмыс ойдағыдай болмай қалса, «Анау анда келсін, мынау мында келсін», – деп, АТК-ның басшыларын шақырып алып, дереу тезге салатын.

Менің әкем қайтыс болғанда, Жәкең басы-қасында болып, қызмет қылып, барлық кәдесінде шапқылап жүрді. Ол кезде қайтқан адамды жерлегенде үйден табытпен шығарады ғой. Сонда Жәкең әкемнің барлық өмірбаянын айтып, бейіт басында да, жерлердің алдында сөз сөйлеп, құрметтеп шығарып салды.

Бір сөзбен айтқанда, Жәкең – қалай айтса да, қалай мақтан тұтса да, тұрарлықтай тұлға.

## АҒАЙЫННЫҢ ҚАМҚОРЫ, АЗАМАТТЫҢ АРДАҒЫ ЕДІ

Гүлжан КӘРІМБАЕВА,

*балдыз келіні.*

Жаңабай ағайды біз есімізді білгелі танимыз. «Неге?» десеңіз, Ағиба апай – Ысықтың қызы. Шешелеріміз жас кезінде Құлсарыда бір ауылда бірге тұрған. Әуелден ар жағында таныс-біліс адамдармыз. Бала кезімізде біздер үйде жүргенде әке-шешеміз олар туралы жақсы әңгімелер айтып отыратыны құлағымызда қалған. Артынан мен тұрмысқа шыққанда, Ағиба апай жолдасымның нағашы апасы болып шықты.

Жаңабай ағаны көбінесе тойларда көретінмін. Басы артық көп сөйлемейтін, салмақты кісі еді. Атамыз ол кісіні «жұмыскер» деп айтып отыратын. Отбасы да, балалары да жақсы болды.

Мен – Таздың қызымын. Шешелеріміз – Ысықтың қызы. Біздің әкелеріміз бәрі бір-бірін жас кезінен таниды. Әкем де, атам да 1913 жылғы. Жаңабай ағамның жасы олардан сәл кішілеу. Олар Құлсарының бас көтерген мамандары еді. Жәкең мен менің әкем мұнайшы болса, атам білім саласында жұмыс жасаған. Үлкен кісілер бір-бірінің арғы жағын, шыққан тегін біліп отырады ғой. Олар өзара әңгімелесіп отырғанда, бізді қастарына отырғызбайды, біз басқа бөлмеде боламыз. Бірақ сонда олай-былай өткенде құлағымыз шалып қалғанда еститініміз – ол жерде негізінен ағайын арасының татулығы, тумаластың бірлігі жөніндегі әңгімелер айтылатын.

Атамдар 1969 жылы қарашада Құлсарыдан осында көшіп келді. Еркіннің үлкен ағасы политехникалық институтты бітіріп, жас маман болып келген болатын. Ол кезде жас мамандарға үй береді. Сонда оған 1976 жылы және 1986 жылы екі рет пәтер берді. Ол заманда бір адамға екі рет үйді кім бере қояды?! Бұл да болса – ағайдың демеуімен болған іс. Еркіндердің шешелері ерте қайтыс болған. Атамыз артынан тағы үйленді, екінші енеміз болды. Жәкеңнің көмегі сол – ол кісілер «Көшіп келеміз» дегесін, екі

пәтер бергізді. Сөйтіп, Құлсарыдан олардың бәрі көшіп келді. Бұлар – алты-жеті адам, кемпір-шал бар. Солардың бәріне ағай өзінің көмегін тигізді. Еркіннің Сиыков Тендібай деген жездесі де Жәкен бастықтың орынбасары болған «Маңғыстаумұнай-газбарлау» («МНГР») тресінде істеп, бір жыл, жыл жарымның ішінде үйлерін алып, бөлек кетті. Ағай сондай ағайынды қамқорлап жүретін, қайырымды адам еді.

1995 жылы біздің баламыздың үйлену тойында үлкен кісілер көп қатынасты. Солардың арасында ағай мен апай да болды. Біз ол кезде жаспыз, 46-47 жастамыз. Әке-шешеміз ерте кетіп қалғасын, сол кісілердің болғаны бізге үлкен демеу болды.

Апайдың өзінің әке-шешесі – ұзақ өмір сүрген адамдар. Құлсарыда тұрғанда, Ағиба апайдың ағасы Сабыр Қосанов біздің көршіміз болды. Апайлар Қарабауда тұратын. Арасында Құлсарыға келеді. Мен сол үйдің қызымен қатармын. Ол:

– Мынау – біздің ата мен әже, – деп, біраз жасқа келген кісілерді көрсететін.

Бірде Меңдеш Салиховтың әжесі қайтыс болып, Еркін Жаңабай ағаймен бірге Атырауға барды. Ол кезде Салих деген кісі бар болатын. Ол кісі мен Ағиба апайдың әжесі бірге туған. Еркін ол кезде жас. Ағай:

– Әже қайтыс болыпты. Жүр, бірге Атырауға барып қайтайық, – деп, Еркінді ертіп кетті. Сонда ағай сол сапарында:

– Барғаным қандай жақсы болды! Біраз адамдарды көрдім, – деп қуанып келді.

Ол кісінің балаларының ішінде бізге ең жақыны – Мақсұт еді. Мақсұт пен Еркін – туған бөле. Олардың бір-біріне деген бауырмалдығын сөзбен айтып жеткізе алмайсың. Қарабауда Ағиба апайдың ағасы Шәкір деген кісі бар. Ол да – белгілі, атақты адам. Еркін мен Мақсұт екеуінің бет-әлпеті сол нағашысына ұқсаған. Кейбір екі үйдің балалары басқаларға қарағанда бір-біріне жақындау болады ғой. Еркін мен Мақсұт та бір-біріне сондай жақын, көңілі тату болды.

Мақсұт мектеп бітіргесін, Алматыдағы политехникалық институтта оқып жүрді. Бірақ «Не үшін оқыдым екен?» деп еркелеп,

арасында бір жыл академиялық демалыс алды. Одан кейін тағы бір жыл бірдеңе деп жүрді. Сосын бір күні:

– Қой, оқу керек екен, – деп тырысып, ақыры бітіріп шықты.

Ол жасы біразға келіп барып, 29 жасқа келгенде үйленді. Үйленгеннен кейін біз жас жұбайларды есік көрсетіп, қонаққа шақырдық. Сонда олар сыйлыққа ол кезде өте қат 6 стақаны бар шай сервизін алып келді. Сол сыйлық біздің үйімізде әлі күнге дейін бар. «Мақсұттың көзі» деп, сақтап қойдық.

Мақсұтымыз адамдардың кішкентай табысына да балаша қуанатын ақпейіл жан болатын. Осы сөзімнің дәлелі ретінде бір ғана мысал айтайын. Біздің үлкен ер баламыз Алматыдағы политехникалық институтқа оқуға түсті. Ол кезде оқуға түсу де оңай емес. Бір-екі жыл жұмыс стажы бар еді. Осы жерден емтихан тапсырып, өз күшімен конкурстан өтіп кетті.

– Соны Мақсұт үйдің адамдарына айтып: «Мә-ә, Еркіннің баласы оқуға түсіпті!» деп мәз болып еді, – деп, әйелі Ұлмекен әлі күнге дейін еске алады.

Міне, ол сондай, адамға тек қана жақсылық ойлайтын, жүрегінде қылаудай жамандығы жоқ жан еді.

Мақсұт таңертең Ералыға вахтаға бара жатып, балаларын бір сүйіп кетіп, автобуска жүгіріп бара жатырғанда, «Жигули» автомашинасының шофері көрмей қалып, қағып кетті. Көліктің жүргізушісі – өзінің көршісі...

Мақсұт қайтқасын, апай Ұлмекенге:

– Алматыда шешен, апаларың бар ғой. «Соларға барамын» десен, ұстамаймыз, – деп, рұқсатын берген екен.

Бірақ Ұлмекен:

– Мен ешқайда бармаймын, – деп, осында қалды.

Әрине, онысы өте дұрыс болды. Мұнда Мақсұттың ата-анасы, ағайындары, өзінің қайнылары бар. «Балаларды тумаластарынан айырмайын» деген шығар.

Біз үшін Мақсұттың орны бөлек, қашанда ыстық. Өйткені, кейінгі балалар бізден кіші ғой: Мәлік 1960 жылғы, Оңдасын бұл жақта көп жүрген жоқ. Мақсұт – Еркіннің қатары. Екеуінің бауырмалдығы, жолдастығы, «Ха-ха-ха» деп қарқылдап күліп



койып, осы жерде – үйіміздің төрінде әңгіме айтып отыратындығы әлі күнге дейін жадымызда.

Ағайдың балаларының барлығы өте жақсы. Мәлік пен менің 1955 жылғы інім Ғалымжан Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы институтта қатар оқыды. Мәлік өте жақсы оқыды, институтты жақсы бітірді. Арасында інім Жетібайға өндірістік тәжірибеден өтуге келген кезінде Ағиба апа баласына «посылкасын» орап, Ғалымжаннан беріп жіберетіні есімде. Сонда Мақсұт:

– Біздерге осы шалдар сөйтіп қараған жоқ еді. Мынау деген нағыз ерке. Танертең Мәлік ұйқыдан тұрғанда, үстелдің үстінде шоколад тұруы керек. Анау-мынау емес «Мишка на севере» конфеті тұруы тиіс. Әйтпесе, Мәлік үйден шықпайды. Сосын оны машинамен апару керек. Бізді баяғыда ондай қамқорлаған жоқ еді. Мына балаға асты-үстіне түсіп жатады, – деп, қалжындап күлетін еді.

Мақсұт вахталық жұмысқа шығып кеткесін де, анда-санда біздің үйге келіп тұратын. Үйге кіріп келе жатқанда, жарқылдап күлген даусы төменнен естіліп жататын. Ол жоғары көтеріліп келе жатырғанда, атам:

– Ә-ә, Мақсұт келе жатыр! – деп, бірден даусынан танып отыратын. Марқұм балаларының қызығын көре алмай кетті ғой. Олар да ендігі азамат болды.

Ағайды біз ешуақытта ұмытпаймыз. Ол кісінің алып бейнесі біздің жүрегімізде мәңгілік сақталады.

## АСҚАР ТАУДАЙ ЖАН АҒАМ

**Нұрлыбай СӘЛІМГЕРЕЕВ,**  
*інісі.*

Біздің руымыз – Жайық Беріш, оның ішінде Құлмәлі. Құлмәлінің 2 баласының бірі – Шыбынтай, екіншісі – Өтеміс. Шыбынтайдан біздер тараймыз да, Өтемістен атақты ақын, әруақты батыр Махамбет Өтемісұлы туады. Сонда біз ар жағында Махамбет батырмен

аталас болып келеміз. Білетін үлкен кісілер «Шыбынтай мен Өтемістің бейіті Нарында бірге еді» дейді. Жылқының қылын балшыққа араластырып салған көрінеді. Сол аталарымыздың басына барамын деп екі рет талпынып көріп едім. Бірақ сәті түспеді. Бір жолы Алматыдағы апам келіп, отбасыммен арнайы шықтым. Ол кезде ұлым Талғат еңбектеп жүр еді. Мінгеніміз «УАЗ» машинасы еді, жолда бұзылып қалды. Оның алдында да бір рет барам дегенмен, жолым түспеді. Біздің Беріштер негізінен Атыраудың Нарын құмында туып, өскен.

Шыбынтайдың төрт баласының ең үлкені – Айса.

Біз Айсадан тарағанбыз. Атамның әкесі Айса деген кісіні «ақын болған» деседі. Жергілікті жандайшаптар «Исатай-Махамбет бастаған көтеріліске қатысы бар, солардың адамы» деп үстінен арыз түсіріп, атамызды Қызылқоғаға көшіп барғаннан кейін ұстап кетіпті. Ол кезде Айса 15 жасар жігітшік бала екен. Сонда шешесі: «Ана кетіп бара жатқан баланың тамағының ілгегін салып жіберейінші», – деп жасауылдардан рұқсат сұрап, ілгегін салып жатқан болып, оларға байқатпай, баласының тамағынан үш рет қысқан екен дейді. Онысы – «Исатай-Махамбет көтерілісі туралы ештеңе айтпа! Аузыңа ие бол, артық сөз айтпа, дымыңды шығарма!» дегенді ымдап білдіргені болса керек. Сол шешесінің ескертуі сеп болған шығар, Айса атамыз артынан бәле-жаладан құтылып, аман-сау босанып шығып, елге келіпті.

Сол кісінің түрмеде жатқанда шығарған өлеңдері де бар. Бір өкініштісі – мен тек оның бір-екі жолын ғана білемін, басқасы есімде жоқ. Әйтеуір:

*Өтіпті Өтеміс хан, Шыбын Тобай,*

*Шалқыған бабаларым жариядай.*

*Шығыпты бұл тұқымнан небір дүрлер,*

*Батыр да, ақын да бар дариядай, –*

деген жолдары ғана жадымда бар. Осыған қарағанда, Айсаның ақын болғаны рас болуы керек. Айсадан төрт бала туған: Кереш, Сәлімгерей, Дәуіт, Шағзам. Кереш кезінде саудагер болған, қызметке араласқан. Қызылқоғаға барып, сауда жасап, сонда тұрып, кейін Қаратөбе жаққа қарай кетіп қалған. Оның ұрпақтары

Қаратөбе жақта. Керештің баласы – Мәден. Мәденнен Өтеген бастаған төрт бала туған, ең кішісі Кенжебай болған. Кенжебай соғыста бастан-аяқ болып, Рейхстагты алу шайқасына қатысқан. Өтеген Қаратөбеде оқытушы, артынан аудандық партия комитетінде, аудандық атқару комитетінде бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеген. Мен Өтегенді екі-ақ рет Алматыда, Жәкеннен үлкен апайымыздың үйінде көрдім. Ол апайдың аты – Бәтима, атақты жазушы Ғабдол Слановтың жұбайы.

Кеңес үкіметі кезінде Қызылқоға деген қала болған. Ол ертеде салынса керек. Сол Қызылқоғада үш мектеп болған, оларды «Қызыл үй» деп атаған. Қызылқоғадан 14 шақырым жерде «Кермеқас», 7 шақырым жерде «Қарабау», 40 шақырым жерде «Қаракөл» мектептері болған. Бүкіл қазақтың баласы екі кластық «Кермеқас» мектебінде оқып, орысша да, қазақша да сауатты болып шығады. Сол мектепте біздің әкеміз Сәлімгерей де оқыған. Ол беделді, сөзшең адам болыпты, еті тірі, пысықтығының арқасында аузына аламан жұрт қарап, ел басқарыпты. Кеңес үкіметі келгеннен кейін Қызылқоғаны ауылдарға бөліп, оларды нөмірлегенде біздің ауыл реттік саны бойынша 11-інші болған. Сол 11-інші ауылдың старшыны Сәлімгерей әкеміз болыпты. Ол кісі орыс тілін жетік білген. Құранды да жақсы білген. Құмалақ та ашатын. Айтқаны дәл келетін. Екі жыл оқытқан, сол кездегі оқу да күшті ғой. Сол оқудың арқасында кейін прокурор да, сот та болған. Ал Құран оқуды қайдан үйренгенін білмеймін.

Анамыздың аты – Қайша. Өзі ер жігіттің қайратындай қайраты бар жігерлі адам еді. Руы – Ысық, оның ішінде Жамбыл тармағынан. Қызылқоғаның қызы.

Оны айтқаннан ара жігіміз ашылып кете қоймас деп ойлаймын, негізінде, менің нағашы жұртым – Адайдың Тәзікесі. Берденнің кемпірі, шешеміз Қаншаның әкесі Құрманғазы – бай болған адам. Төрт баласы болған, төртеуі де қайтыс болды. Біреуі арбадан құлап өлді, біреуі өкпе ауруынан қайтты, қалған екеуі өз ажалынан өлді. Құрманғазы бай болғандықтан, кәмпескеге ұшыраған. Сәлімгерей атамыздың арқасы болар, біздің ауылға, Қызылқоғаға жер аударылады. Қазіргі күні кейбіреулер:

– Сендердің аталарының көтерілісінің кесірінен біз мында қалып қойыппыз. Әйтпегенде, біз Нарында болатын едік, – дейді.

Шындығында, Тәзікелердің көпшілігі Нарын жақта.

Құрманғазының Жақия деген інісі бар еді. Мен оларды көп білінкіремеймін. Ол күнде біздің араласуымыз тіпті аз ғой. Құрманғазының Бижан деген жалғыз немересі бар. Қазіргі күні Мақатта тұрады. Оның 5-6 баласы бар. Анда-санда бір кездесеміз.

Сәлімгерейдің төрт ұл, үш қызы болған. Төрт ұлының аты – Берден, Жанабай, Нұрлыбай, Жәңгірбай. Жәңгірбай жас кезінде қайтыс болды. Сәлімгерейдің үлкен баласы Берден ерке өскен, үкіметке қызмет жасайын деген ниеті болмаған. Атты да ерттеп білмеген. Шешесі ерттеп береді де, мініп кетеді. Үйге келгенде алдынан адам күтіп тұрмаса, атты қақ басынан ұрып қоя береді де, өзі үйге кіріп кетеді. Сондай ерке болып өскен адам. Ол кісіні «Кеңес үкіметіне жақсы қызмет жасады» деп айта алмаймын. Берден 1945 жылы 48 жасында дүниеден өтті. Оның қыздары, балалары жас уақытында қайтты.

Сәлімгерейдің қыздарының ең үлкені Бәтима апа 1915 жылы туған. Ол 1968 жылы 53 жасында қайтыс болды. Жәкең 1917 жылы туған. Одан кейінгі апам Нағжан 1921 жылы туған. Мен 1925 жылы туғанмын. Жәңгірбай 1926 жылы туған. Ең кіші қыз Жібек 1927 жылы туған.

Жәңгірбай деген кішіміз салқамдау жігіт еді. Кемпір-шалдың қолында болды. Үйлендіріп, келін түсірдік. Келіншегінің аты – Нағи. Тоғызбай Ысықтың қызы. Ол да – Ағиба жеңгейдің сіңлісі. Жәңгірбай өзі сал-серілеу болғасын ба, шаруаға көп айналмайтын. Оның малын кемпір бағады, шөбін, астығын, соғымын мен таси-мын. Еркелігі сол – кейде шөбін апарып тұрып:

– Түсіріп ал, – десең де, түсірмейтін.

– Ой, сендер күштісіңдер ғой. Өзін түсіріп бер, – дейтін.

АТК-да слесарь, кейін шебер болып жұмыс жасады. Артынан ауруға шалдықты. Өкпе ауруымен көп ауырды. 49 жасында сол кеселден қайтыс болды. Артында Шолпан, Құспан, Оспан, Спан,

Мәди, Ақан деген алты баласы қалды. Жәкең інісі қайтқаннан кейін «Балаларды өскенше қамқорлаймын» деп, Ақтауға көшіріп алды. Қазір олар Ақтаудың 12-шағын ауданында тұрады. Оспаны ғана Атырауда. Бәрі де мұнай саласында жұмыс істейді.

Жәкеңді біреулер «1916 жылы туған» деп шатасады. Оның мәнісі былай. 1939 жылы Жәкең әскерге кеткенде Коммунистік партия мүшелігіне кандидат болып кеткен. Кейін келгесін, кандидаттық стажының уақыты асып кеткендіктен, партия қатарына алмаған. Сталиннің «Әкесі үшін баласы, баласы үшін әкесі күймейді» деген заңы бойынша артынан партия қатарына қабылданған. Сол кезде партбилетіне «1916 жылы туған» деп қате жазылып кеткен. Негізінде Жәкең 1917 жылы туған.

Ол әуелі ауылдағы сауат ашу мектептерінің бірінде жәдидше оқыды.

1931 жылы қазіргі Атырау қаласы, сол кездегі Гурьевте «Гор-промыш» деген техникумның іргесі қаланған еді. Сол үш жылдық оқу орнында орысы, қазағы аралас қаншама жастар дәнекерлеуші, электрик, токарь, слесарь, тігінші, сауда қызметкері мамандықтарына оқыды. Жәкең слесарь мамандығын таңдады.

Жәкең оқуға кеткен соң, ауылда қалған біздер 1932 жылы Қызылқоғаны (Тайсойғанды) тастап, Миялыға барып тұрдық. Миялы деген жер егіннің көп шығатын жері екен. Елдің бәрі егін салып, тары орады. Ол уақыт колхоздардың жаңадан ұйымдасып жатқан кезі еді. Колхозға мүше болмағасын ба, бізді кіргізбейтін. Жәкең оқудан келгенше біз оның анда-санда беріп жіберетін ұсақ-түйек заттарын сатып, оған тары сатып алып, күн көрдік. Ол тарыны арқалап үйге жеткізу де әлі қабырғам қатпаған маған оңай болған жақ. Жәкең келгенше біраз уақыт бойы қиналып жүрдік.

1934 жылы Жәкең оқуын бітіргеннен кейін Доссордың автокөлік гаражында бірнеше жігітпен бірге слесарь болып еңбек жолын бастады. Жәкеңмен бірге жұмысқа келгендердің ішінде Константинов, Целаскин, Әубәкіров деген азаматтар болды. Жәкеңмен бірге оқыған Назиев Мұса кейін электрмен дәнекерлеуші, Иманғалиев Сәлім монтер болып жұмыс істеді. Соғыстан кейін Мұса

Құлсарыда аудандық атқару комитетінің төрағасы, Сәлім аудандық милиция бөлімінің бастығы болды.

Жәкең оқуды бітіріп келіп, жұмысқа тұрғаннан кейін 1934 жылы бәрімізді Доссорға көшіріп алды. Бір бөлмелі үйде қарайған бала отырамыз. Бірақ бұрынғыдай емес, күйіміз жақсарды. Мен өзім – көп оқымаған адаммын. 1-2-кластарды оқыған жоқпын, 3-кластан бастап қана оқыдым. Жәдидше, латынша сауатым ғана бар. Доссорға келгесін, Жәкең:

– Осы оқып жүрген балалар сенен артық емес. Мен саған ауылдық кеңестен қағаз алып беремін. Сосын барып, оқы. Қараңғы емессің, сауатың бар, латынша білесің. Орышаны олар да енді үйреніп жатыр, – деді.

4-класқа барып едім, «Орыс тілін білмейсің» деп, 3-класқа қабылдады. Үлкен ағам Берден бұл уақытта колхоз жақта жүр, елдің астықтарын, керек-жарақтарын әкеліп беріп жүрген кезі.

1935-1936 жылдары мекеме басшылары комсомолдарды мектептерге пионер ұйымының жетекшісі – пионервожатый етіп жібере бастады. Жәкең де сондай пионервожатый болды. 1937 жылы автокөлік кеңсесінің слесарьлық цехының шебері, артынан осы мекеменің кәсіподақ комитетінің төрағасы болды.

1938 жылы Фин соғысы басталды. 1939 жылы наурыз айында Жәкенді әскер қатарына алып кетті. Кетпей тұрып, дәптерге былай деп жазып кетіпті: «Көкесі, Нұрлыжан! Мен армияға кетейін деп жатырмын. Оны мен кетіп қалғанша мамаңа айтпа, жарай ма?! Сен болашақ семьяның басшысы болып қалып отырсың. Мен тапсырманы тек саған беремін».

Жәкең әскерге 9 адам болып аттанды. Мамама наурыздың 8-і күні Жәкеңдер әбден кетейін деп жатқанда бір-ақ айттық. Кейін Жетібайда милиция бөлімінің бастығы болған Айтбаев Махмұт деген Жәкеңнің жанқияр жолдасы болды. Сол кезде көлік кеңсесінің бас директоры. Әскерге кетіп бара жатқандарды апаратын жауапты адам сол еді. Асығып-аптығып жүргенде Жәкеңнің киімі ұмытылып қалады. Қайтып келіп, алып кетейін десе, жер балшық, әрі мамам «Мен де пойызға барам» деп айта ма деп, кері келген жоқ. Сөйтіп, Жәкең анасы алдын-ала сарыуайымға салы-

нып жүрер деп, шешесіне білдірместен әскерге аттанып кетті.

Артынан «Наурыздың 12-сінде Москваға келіп түстік. Фин соғысы бітті. Енді бізді не істейтінін білмеймін. Қазір Москвадамыз» деген хат келді. Бір айдан кейін «Москваның қасындағы Ржев деген қалада үш жылдық авиациялық училище ашылды. Соған барып түстім. Ағаң аман болса, ауылға ұшқыш болып барады» деген хабар келді. Сол училищені 1941 жылы бітіріп, шабуылдаушы ұшқыш-пулеметші болып шықты. Авиациялық училищеде оқып жүргенде қасында бірде-бір қазақ баласы болмапты. Бүкіл оқу орнындағы жалғыз қазақ сол екен.

Оқуын бітіріп, қолына қағазын алғаннан кейін 1941 жылдың мамыр айында ауылға 15 күндік демалысқа келді. Сол келгенінде:

– Июньның аяғында соғыс басталады, – деп айтып кетті. Сонда үкімет оларды әрі пулеметші, әрі ұшқыш қылып, алдағы соғысқа алдын-ала дайындап, әдейі оқытқан болып тұр ғой.

Сөйтіп, соғыс басталып кетті. Жәкең майданда жүр. 1942 жылы бұларды тайгаға – тундраға жібереді. Ол күндерді кейін Жанабай ағам былай деп еске алған болатын:

– Біз келгенде күн батып, түн басталды. Біздің мақсат – немістің тылдарын, аэродром сияқты жерлерді бомбалау. Тундраға келіп, жасырынып жаттық. Түнде ұшып барып, бомбалап қайтамыз. 1942 жылдың аяғы болатын. Бірде бомба тастап қайтып келе жатқанымызда, немістің самолеті бізге оқ атып, ұшқышқа да, пулеметшіге де оқ тиді. Немістер біздің самолеттердің қайда орналасқанын білу үшін қайырмалай бастады. Ол жерді білдірмеу үшін ұшқыш бағытын өзгертіп, басқа жаққа қарай ұшты. Бір мезгілде самолет төмен қарай құлдилағасын, ұшқыштың өлгенін білдім де, пулеметті тастай салып, оның орнына отырып, жоғары қарай көтерілдім. Сол кезде жаудың самолеті маған қарай тіп-тіке қарсы ұшты. «Қарсы ұшса – қарсы ұшсын. Не де болса, ақыры бір өлім ғой. А, Құдайым, қолдай гөр!» деп мен де тура тарттым. Бір кезде екеуміз де бір-бірімізге таяп қалғанда, аяқ астынан күтпеген маневр жасап, тік көтеріліп, жоғары ұштым. Сол кезде ана самолет менің самолетімнің астына дәл келіп қалды. Жалма-жан

самолеттің астыңғы жағындағы пулеметпен атып едім, өртеніп, құлады. Бензин тұратын бакқа дәл тигізіппін. Екі кісі жаралы болса да, самолетті аман-сау әкеліп, қондырдым, – деп әңгімесін аяқтайтын Жәкең.

Осы ерлігі үшін оны «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградтайды.

Екі жыл бойына Жәкеңнен хат та, хабар да болмады. «Анамыз жиі уайымдай бермесін» деп, соңғы келген хатын:

– Кеше ғана келді, – деп, мамамызға қайта-қайта оқимыз.

Қанша дегенмен, шеше жүрегі сезеді емес пе, мамам көршілерге:

– Ай, ана баладан хат жоқ. Асылы, мыналар мені алдап жүр-ау, – деп күдіктеніп айтатын көрінеді.

Сөйтіп жүргенде, бір күні ойда жоқта Жәкеңнің өзі сап етіп келе қалды. Сөйтсек, Жәкең қызмет ететін авиаполктің ұшқыштары Сталинградқа кетіп бара жатады. Жолай жанармай құйдырып, әуе көліктерін жөндеп, қарап алу үшін бе, әйтеуір бір себеппен Атырауға аялдайды. Жәкең командиріне:

– Осы арадан 100 шақырым жерде үйім бар. Мен соғысқа кеткенде екі інім мен бір қарындасым, шешем қалып еді. Солардың жағдайын біліп келуге рұқсат етіңіз, – деп сұранады. Командирі:

– Онда осы самолетіңмен бар. Саған екі тәулік мерзім беремін. Біз сені осында күтеміз, – дейді.

Содан үстінде ұшқыштың киімі, бір жағында пистолеті, бір жағында планшеті, екі қолында екі чемоданы бар оны танып жатқан ешкім болмапты. Самолетін үй жанына қондырып, Жәкең үйге кіріп келгенде, қапелімде басқа түгілі, мамам да танымай қалыпты. Жәкең:

– Үлкен кісі, мені танымадың ғой деймін, мен – Жаңабаймын ғой, – дегенде, есі шығып кеткен шешеміз амандаспастан, баласын былай итеріп тастап, далаға атып шығып, көршілерге:

– Менің балам келді! Неге менен сүйінші сұрамайсыңдар? – деп айқайлаған көрінеді.

Содан көршілер келіп, ауылдың адамдары жиналып қалады. Жәкең:



– Балалар қайда? – деп сұрапты.

Біз ол кезде күні-түні, тәулік бойы жұмыс істейміз. Кереуетіміз қасымызда, тамақты асханадан өздері әкеліп береді. Әскери машинада жұмыс жасаймыз. Ешкіммен сөйлестірмейді, іші қараңғы, қолымызға кішкентай жарық алып жүреміз.

«Жәкең келді» дегесін, кезінде Жәкеңмен «Горпромышта» бірге оқыған Константинов деген бастығыма келдім. Әуелі бірден Жәкеңнің келе қойғанын айта қойған жоқпын.

– Маған пропуск жазып, рұқсат беріңіз, үйге барып, хабар алып келейін, – дедім. Бастық сөзге келместен, рұқсат қағаз жазып берді.

Үйге келіп, Жәкеңмен құшақтасып, амандық-саулық сұрастым да, жұмысыма барып, күн сұрайтынымды айтып, кетіп қалдым. Қайтып барып, Константиновқа айтсам, Жәкеңнің келгеніне сенбейді.

– Сенбесеңіз, барып, өзіңіз көрсеңізші, – дедім.

Үй заводтың қасында болатын. Сенер-сенбесін білмей тұрған ол да жүгіріп кетті. Жәкеңмен көрісіп, амандасып келгеннен кейін маған екі күнге рұқсат берді.

Үйге келіп, Жәкеңнің самолетін айналшықтап, қызықтап қарадық. Кішкентай ғана самолет екен. Екі жерден қазық қағып, жіппен бекітіп қойыпты.

Енді мамам:

– Бір мал садақа жасаймын, – деді.

Үйде азғантай уақ жандық – ешкілеріміз бар еді. Соларды көрген сайын мамам: «Жаңабайжан келгенде сойылғыр, Жаңабайжан келгенде сойылғыр», – деп қақсап отыратын. Тілегі ақ екен, ақыры сол ешкілердің біреуі Жәкең келгенде сойылды.

Енді Жәкеңнің келгенін әлі ести қоймаған көршілерді садақаға шақыруға барсам, ешкім сенбейді. Бұл – 1943 жылдың басы. «Соғыстың қайнаған ортасында жараланбай, мүгедек болмай, дым болмай, майданда жүрген жауынгер амандасуға ауылына келіпті» дегенге қапелімде кім сене қойсын?!

Мен:

– Мынау – Жәкеңнің әскери костюмі. Сендер сенбейтін бол-

ғасын, әдейі киіп келдім. Әйтпесе, ондай ұшқыштың киімін мен қайдан тауып аламын? – деп жүріп, эзер дегенде сендірдім. Сондай қызық болғаны бар.

Бір мал садақасын өткізіп, екі күндей ауылда болған соң ол қайтадан майданға кетті. Кетерде самолетті оталдырудың өзі үлкен бір әлек болды. Жәкең өзі рульге отырып:

– Мен «Контакт» дегенде, ана вентиляторды айналдыр, – дейді.

Мен:

– Онда вентилятормен бірге айналып, самолеттің астына кетіп қалам ғой, – деп қорқасоқтаймын. Содан жіппен алысырақтан тұрып айналдырып, самолет енді отала бергенде аулағырақ қашып кеттім. Қойшы, әйтеуір ақыры бірдеңе қылып самолетін қыздырып, ұшып кетті.

Сонда артынан ойлаймыз ғой, сол кезде соғыстың күркіреп тұрған уақытында самолетпен ауылға келіп-кету деген кез келген адамның қолынан келе бермейді. Бұл да болса, Жәкеңнің абыройының барлығы шығар. Өйткені, соның алдында анадай ерлік көрсетіп, «Қызыл Жұлдыз» орденін алғаннан кейін оған деген көрсетілген үлкен сенімнің арқасы ғой.

Жәкеңнің өз аузынан естіген тағы бір оқиғасын айтайын.

Сталинград майданында жүрген кезі көрінеді. Жауынгерлердің бәрі кезекпен кезекшілікке тұрады екен. Бір жолы кесте бойынша ұшқыштардың да кезегі келеді. Жәкең 7-8 жігітпен бірге түнде патрульге шығады. Жүріп келе жатып, сол жерде бір үлкен сай бар екен, сайға жақындай бергенде қараса, екі солдат өліп жатады. Анадай жерде милиция киімін киген екі адам кетіп бара жатыр екен. Бұлар қуады. Бірақ аналар ұстатпай кетеді. Сайдың арғы бетінде оқ-дәрі жинайтын қойма бар екен. Соған жақындап келсе, «ЗИС» деген машина тұр. Келсе, машинада бір подполковник отыр. Формасына қарап, бұлар бірден тіке баруға қорқады. Патрульдік топтың басшысы Жәкең жанындағыларға:

– Сендер ана жағынан барыңдар, мен мына жағынан барайын, – деп, пистолеттерін қолдарына ұстап, машинаның екі жағынан келеді. Жәкең алдыңғы жағынан келіп:

– Жолдас подполковник, құжатыңызды көрсетсеңіз, – дегенде, анау:

– Сендер кімсіңдер? Пошел ты!.. – деп балағаттап, ақырып жібереді. Жәкең сабырмен:

– Мен сіздің кім екеніңізді білмеймін. Маған документ керек. Біз – кезекшіміз, – дейді.

Содан не керек, әлгі подполковниктің құжатын тексерсе, су жаңа қағаз екен. Жәкең бастаған жауынгерлер ол құжаттардағы бір шикілікті сезіп, бұлардың тегін адам емес екенін біліп, құжаттарын, киімдерін, қаруларын тартып алып, машинаның ішіне байлап тастайды. Қару-жарақ қоймасының айналасында жүрген 4 милицияны да ұстап алып келеді. Сөйтсе, жаңағы подполковник те, 4 милиция да шпион болып шығады. Подполковник – милиция киімін киген жансыздарды қойманы өртеп жіберуге алып келіп отырған бастығы екен. Олардың құжаттары да қолдан жасалған, жалған болып шықты. Ал жаңағы өліп жатқандар – біздің солдаттар екен. Мына милициялар оларды өлтіріп, қойманы өртейтін зат іздеп жүрген көрінеді.

Осы шпиондарды ұстағаны үшін Жәкең «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен наградталады. Бұл – олар Сталинградқа келген күні түнде болған оқиға. Осындай оқиғалар жиілеп кеткесін, кейін Кеңестер Одағының басшысы Сталин «Милиция формасын киген адамдар жаппай ұсталсын, шын милиция болсын, өтірік милиция болсын, ұсталып, тергелсін» деген бұйрық шығарады.

– Сол кезде осындай шпиондар көп болды. Соларды жаппай ұстағаннан кейін Сталинград майданындағы жаудың қарқыны да бәсеңсіп еді, – дейді Жәкең.

Жәкең одан кейінгі оқиғаларды маған көп айтқан жоқ. Шамасы, жауды қуып, Берлинге дейін барған болуы керек. Олай дейтінім – бұлар енді ұшқыш болғасын, бомба тастап, қайтып келеді ғой. Ол жағын мен анық білмеймін.

1945 жылы мамыр айының аяғы, маусым айының басында 20 күндік отпускіге келді. Бұл – жауды жеңіп, соғыс аяқталған кез.

Бір таң қалғанымыз – бес жыл соғыста жүргенде денесіне бір-

де-бір рет оқ тимепті. Тіпті жараланбаған да. Тек бір саусағын ғана байлап алған екен.

– Оқ тиген бе? – деп сұрап едік.

– Жоқ, бірдене кесіп кетті, – деді.

Сол кезде қанша атеистік қоғам болса да, «Соғыста жүргенде күнде Құдайға сыйынып, «біссімілләмызды» айтып жүрдік» дейтін. Соғыстан келгеннен кейін екеуміз бірге жатамыз ғой. Ол жаңағыдай майдан әңгімелерін айтады. Түнімен жөнді ұйықтамайды. Арасында ұйықтап кетсе, соғыстағы жағдайлар түсіне кіре ме, арасында:

– Стреляйте!.. Подъем!.. Подбрось!.. – деп орысша айқайлап жатады.

Соғыс кезінде арасында хат жазып тұратын еді. Бірақ ол хаттарының бірде-біреуі сақталған жоқ. Хатты қара сөзбен, жартысын латынша, жартысын жәдидше, кейде орысша жазатын. Өйткені, өзі латынша онша білмейді, мені «жәдидше білмейді» деп ойлайды. Хаттардың бәрі үшбұрышты болып келеді. Хатында ешуақытта «Бәленді жеңдік, бәлен жерге бардық, бәлен жерді алдық» деп жазбайтын. «Шабуылдан келе жатқанда жаздым, шабуылға бара жатқанда жаздым, аманмын» деп қана жазатын. Ол кезде өйтіп барлығын ашық жазуға да болмайды. Өйткені, әрбір хат қауіпсіздік қызметкерлері тарапынан ашылып, оқылып, тексеріледі. Қай әскердің қайда бара жатқаны, қандай селоны, қаланы алғаны немесе жауға беріп қойғанының барлығын ашып айтуға болмайды, оның бәрі мемлекеттік құпия болып саналатын кез. Егер ондайлардың бәрін жазатын болса, ол хат жіберілмейді. Жәкең тіпті ордендер мен медальдар алғанын да артынан өзі келгесін айтты, хатқа жазған жоқ. Бір өкініштісі – сол хаттардың бірде-бірін сақтамаппыз. Жалпы, өзіміз де қағазға салақпыз ғой, кез келген жерге тастап жүре береміз. Сол уақыттағы хаттар түгілі, кейбір құжаттарымыз да сақталмапты. Мәселен, ол кезде «стахановшылар қозғалысы» деген болды. Біз соған қатысып, стахановшы болдық. «Социалистік жарыстың озаты» деген төсбелгіміз бар еді. Соғыстан кейін Сталиннің берген медалінің құжаты да, Министрлер Кеңесінің төрағасы Байбаковтың берген төсбелгісі де

болды. Соның бәрін салақтықтың салдарынан жоғалтып алдық.

Сол хаттарда дәл не жазылғаны қазір есімде жоқ. Әйтеуір соғыста жүргенде хат арқылы маған тапсырма беріп жататын. Үйдің шаруашылығын айтып, «Мамамды, інілерімді қара» дейтін. Жәкең өзі соғысқа дейін ауылда қасымызда жөнді болған жоқ қой. 1939 жылы әскерге кеткеннен 1945 жылы соғыс бітіп, бәрі елге қайтып жатқанда, ол:

– Менің әлі бір жылым бар, – деп айтатын.

– Неге? – дегенімізде:

– Менің қазіргі службамның срогы біткен жоқ, – дейтін.

Артынан бір жылын өтеп, 1946 жылы шілде айының басында елге біржола келді. Сол жылы бұрғылау экспедициясының кеңсесі Доссордан Құлсарыға көшті. 1946 жылдың шілдесінен бастап автокөлік кеңсесінде механик болып жұмыс істеді. Сол жылдың желтоқсан айында Доссордағы экспедицияда трестің кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. Ол кезде біз Доссордамыз. 1948 жылы Құлсарыға келді. Бұрғылау кеңсесінде жүргенде ұйымдас-тырмаған шаруасы жоқ, ұсақ-түйектен бастап ірі мәселелерге дейін шешуге атсалысты. Артынан Құлсарыға келіп, АТК-ға – автокөлік кеңсесіне директор болды.

Жәкең жұмыста жүргенде туғанын да танымайтын, өте принципшіл адам еді. Үлкен ұжым болғасын, неше түрлі тәрбие мен мінездің адамы, дені дұрыс естісі де, телісі мен тентегі де болады ғой. АТК-да жұмыс кезінде арақ ішетіндер де болды. Жәкең директор болған күннің ертесіне бәрін жинап алып:

– Ал, жігіттер, ішімізде арақ ішіп, жұмысқа шықпай қалатындар бар көрінеді. Менен қорықпандар. Кәне, қол көтеріңдер, сондай болып арақ ішем дегендерің маған арыз жазып беріндер, ақша берем, күн берем. Әбден арақты ішіп болып, «Болдым, енді жұмысқа шығам» деген кезде келерсіндер, – деді.

Оған кім «Мен арақ ішетін едім. Маған бәлен күн арақ ішуге уақыт беріңіз» деп, бастықтың алдында жұлқынып шыға қойсын?! Сөйтіп, Жәкең ә дегеннен-ақ арақ ішіп алып, жұмысқа шықпай қалатындардың мәселесін жолға қойып, еңбек тәртібін қатаң сақтауды талап етті.

Ол өзі таңертең ерте тұрады, ешқашан жұмысқа кешігіп барған емес. Жұмысқа бір сағат немесе жарты сағат бұрын барады. Сол уақытта гаражда тұрған машиналардың жай-жағдайын өз көзімен көріп, аралап шығады да, барлық өндірістік актілерді алып келеді. Әр күн сайын кешке ертеңгі күнді жоспарлау жиналысы – планерка болғанда сол қағаздарға қарап отырып, бәрін жинап алып, механиктерді тыңдайды. Бакиров деген бас инженер болды. Сол бәрін жазып отырады. Жәкең «Ана машина анадай, мына машина мынадай, оған бәлен жасау керек, түген жасау керек» деген механиктердің мәліметін жақсылап тыңдап алады да:

– Мен таңертең гаражды түгел аралап шықтым. Жөндеу жасауды талап ететін екі машина ғана бар. Басқасының бәрі жүріп тұр. Сендер не айтып отырсыңдар? Техниканы пайдалану бөлімінің бастығы қайда, журнал қайда? Дереву алып келіңдер. Бакиров, бас инженер болып отырып, осыларды өзің неге қарамайсың? Немесе, солардың бәрін аяқтай жүріп, мен қарауым керек пе? – деп ақыратын.

Сөйтіп, бастықтарды алдап, жұмысқа шықпай қалғысы келетін кейбір механиктер мен шоферлердің өтірігін шығарып, шыжғырып тұрып бетіне басатын.

Ол кісіге ешкім қарсы келе алмайды, ешкім ештеңе дей алмайды. Себебі, кемшілікті айтса да, біреуге жөнсіз тиіспейтін, дұрысын айтатын. Сосын қарапайым шоферлерге көп ұрыспайтын. Көбіне жұмысты солардың үстінен қарайтын бастықтардан талап ететін.

Мақашев дейтін барлау кеңсесінің директоры болды. Жоспар орындалмай қалса, «Осылардың кесірінен» деп, бәленің бәрін АТК-ға жабатын. 1957 жылы мамыр айында сол Мақашев «Разведкалардың бәрінде су жоқ, қырылайын деп жатыр» деген ақпар береді. Жәкең бізді шақырып алып, 15 машинаға су құйдырып, өзі басқарып, Қырықмерген, Қасқырбұлақ сияқты барлық барлау аландарын аралап шығады. Барса, «Ойбай, бәлен деген разведкада су жоқ, шөлден қырылайын деп жатыр» деген жерлердің бәрінде де су бар екен.

– Барлау бастығының «Су жоқ» дегені қайда? Бәрі өтірік. Мен

өзім 15 машинаға су толтырып алып, барлығын аяқтай жүріп, аралап шықтым. Бәрінде де су бар. Барлау бастығы неге өтірік айтады? Ол суды енді Қасқырбұлақтың төбесінен қазып алындар! – деді.

Сөйтіп, қит етсе болды, бәленің бәрін үнемі АТК-ға жабатын Мақашевтың да аузына құм құйды. Артынан кейбіреулер айтады ғой, «Оқуы жоқ дымы жоқ, Мақашевпен тіресетіні несі?! Мақашев деген – жоғары білімді инженер. Ертең-ақ оны орнынан қағып түсіреді ғой» дейтін. Бірақ Мақашев өзінікі дұрыс болмағасын, Жәкең ештеңе істей алмады. Өзінің қарауындағы бұрғылау басыларына тиіссе, тиіскен шығар.

Жәкең сондай тура жүріп, әділін айтатын адам еді. Біреулердің ауызша берген ақпарын малданып жүре бермейтін, бәрін де өзі аяқтай аралап, өз көзімен көріп, өзі басы-қасында жүретін.

Кей уақыттарда қолынан іс келмейтін жалқаулау механиктер: «Бәлен машина беріп едік, ол тиелген жоқ, түген машина беріп едік, оның бәлені жоқ, түгені жоқ» деп, қарапайым жүргізушілердің үстінен шағым айтса:

– Сол үшін енді мен барайын ба соған? Тиелмесе – тиет, түсірілмеген болса – түсірт. Сен басшысы емессің бе, не бітіріп жүрсің? Талап ет, жұмысты ұйымдастыр! – дейтін.

АТК деген кәсіпорын әуел баста құрылған кезден бастап шаруасы ілгерілеп, оңған мекеме емес еді. Кейін Жәкең келгесін, жоспарды да орындадық, сыйақыны да алдық.

Мен Жәкеннің қарауында, жөндеу цехында аға шебер болып істедім. Бұл мекемеде мен ол кісі бастық болып келмей тұрып жұмыс жасайтынмын. Ол кезде «Барлық мекемелердегі жұмысшыларды коммунистер қатарына өткізу керек. Ұйымдар мен кәсіпорындарды коммунистермен толтыру керек» деген ұран болды ғой. Сондай себеппен біз де АТК-дағы коммунистердің қатарын толықтырдық. АТК-ның жағдайы біз келгенде өте нашар еді. Жоспарды орындамайды, жұмыс сапасы төмен, ақшасы жоқ, жұмысшылардың жалақысын да соттасып алады. Сол кезде АТК-да 500-дей машина болды, гараждың ішінде қаптап тұрады. Негізінен ауыр, жүк машиналары. ЗИЛ, ГАЗ-63, ГАЗ-93 көліктері

бар. Біз 1953 жылы Әубәкіров екеуіміз жұмысқа бірге келдік. Келсек, жаңадан құрылған экспедиция, гаражда шарбақ та жоқ, әр жерден сым тартып қойған, машиналар әр жерде шашылып жатыр. Француздық «Франс» деген машина, «Татра» деген жаңа машиналар келген. «Ананың анаусы жоқ, мынаның мынауы жоқ» деген сылтаумен бәрі сынып тұр. Алдыңғы жылы алты бірдей «ГАЗ-53» самосвалдың келгенін көріп едік. Енді бір жылдан кейін қарасақ, бәрі қирап тұр. «Неге олай?» деп тексере келгенде, білгеніміз – аға механиктер кең далада киік қуып, машинаны ойға-қырға аямай салып, қиратып әкеліп тастайтын көрінеді. Бұл күйінде жоспарды орындау мүмкін емес. «Қайдан тапсаң, оннан тап – алдымен мекемеге қоршау салу керек» деп шештік. Іздестіріп жүріп, ақыры керекті материалдардың бәрін тауып, шарбақты тартып алдық. Жөндеу шеберханасынан екі боксты босатып, машиналарды ондап, жасауға кірістік. Күндіз-түні жан аямай жұмыс істедік. Манағы қирап тұрған машиналардың бәрін қалпына келтіріп, жөндеп шығардық. Бажайлап қарасақ, анау айтқандай, алып бара жатқан үлкен жөндеу керек емес, жеңіл-желпі ақаулар: біреуінің рессоры сынған, біреуінің моторы ағып кеткен. Кең даланың кедір-бұдырына қарамай, машинаны соқтырып, киік қуып келгесін, бір жері сынады ғой, сірә. Оны әкеліп тастайды да, басқасын мініп жүре береді. Мақтанғаным емес, еткен еңбегіміз зая кетпей, 8 айдың ішінде жұмысшылар қолдарына жалақы алды.

Бір ғана мысал айтайын. Бірде маған бір жүргізуші келіп:

– Нұреке, маған ана машинаны алып, ондап берші, – деді.

Гараждың арғы жағында «ЗИЛ-150» машинасы қисайып жатыр еді. Нөмір алмаған, зауыттан нөмірсіз күйінде алып келіп, киік қуып, моторын ағызып, дәретхананың қасына апарып, тығып тастаған. Жаңағы шофер:

– Ішке сүйреп апарып, бір подшипнигін салса болды, дымы да жоқ, – деп еді, айтқанындай болды. Ол күнде қазіргідей қылт еткен көліктің бәрін есепке алып, қылқылдап отыратын милиция органы жоқ. Өрт сөндіру бөлімшесінің бір инспекторына тексертіп, сосын барып ол нөмір беруі керек. Сөйтіп, оны да қатарға қостық. Сонда жұмысты ұйымдастыра білмеген шалағайлық пен техникаға



жаны ашымайтын салдыр-салақтықтың салдарынан ана бір алып бара жатқан ақауы жоқ көліктер су жаңа күйінде соры қайнап, гаражда тот басып жатыр екен.

Біз қыста жүретін көліктерді бір бөлек, жазда жүретін көліктерді бір бөлек етіп, бәрін ондап, сырлап, қатарға қостық. Адам таситын жалғыз автобусы бар екен. Ол да жөндеуде жатыр екен, ондап, адам тасуға шығарып, Шора деген ұзын бойлы, аяғы ақсақ жүргізушіге бердік. Сонда механиктер «Орденді механиктің ақсақ шофері» деп, екеумізді келемеш қылатын. «Орден» деп отырғандары – «стахановшы» деген төсбелгімді айтқаны. Сол кездерде үлкен бастықтар: «Механиктер неге жұмыс жасамайды?» – деп, артынан бізге келіп, түрткілеп, қуалайтын. Күншілдік деген өте көп болды. Жалпы, ондай үлкен мекемеде басшысы мықты болмаса, түк те істей алмайды ғой. Сол кезде Нұрша Аязбаев деген директор болған. Бірақ ол да қатты талапшыл, жұмысты ұйымдастырғыш емес еді, тек мекеменің қарауылы сияқты ғана болды.

Бір ғажабы – Жәкеңнің үстінен арыз жазғандар болған жоқ. Рас, көпшілігі оның тәртіпті қатаң сақтауды талап еткен қаталдығын жақтырмады. Бірақ Жәкең қашанда тіке жүріп, дұрысын айтатын. Сондықтан оған ешкім ештеңе дей алмайтын. Кейбір кәсіпкерлердің өзі Жәкең орынды жерінде әділ, дұрыс талап қоятын болғасын, жеңе алмайтынын білген болуы керек. Құрдастары: «Мұны тышқақ жеңбесе, ешкім жеңе алмайды», – деп қалжыңдайтын.

Жәкең үйге де, бізге де қатаң қарайтын. Тәртіп пен тазалықты, ақ жүріп, адал тұрғанды талап ететін. Кей уақытта:

– Жұмыстағы мінезінді үйдегі балдарға да көрсетесің бе? – деп жеңгеміз ұрсып отыратын...

Сөйтіп жүргенде, бір күні мені кабинетіне шақырып алып:

– Сен осы «Машина, машина» деп қақсайтын едің ғой. Мына кеңшар (совхоз) бір «Победа» сатайын деп жатқан көрінеді. Соны саған алып берейін. Бір айда бітетін жөндеу жұмыстары бар екен. Сен оны 15 күнде бітіресің ғой, – деді.

Қуанып кеттім. «Жақсы», – деп, салып ұрып бардық. Барсақ, «Победаның» қаңқасы ғана жатыр: моторы жоқ, коробкасы жоқ,

басқа да нағыз керекті бөлек-салақ заттары жоқ. Соған 10 мың сом ақша берді. (Ол кезде жұмысшылардың айлығы – 100 сом да, директордың жалақысы – 130 сом еді). Әлгі «Победаны» машинаға салып, тиеп алып келдік. Келгесін, машинаны әрі-бері қарап шықты да, Жәкен:

– 15 күннен кейін машина оңдалып, жүретін болсын, – деді. – Және есінде болсын: осы машина жөнделіп біткесін, сен де, мен де отпуск аламыз. Семеймызбен Нарынға барамыз. Одан шығып, Қарабауға барамыз. Соған дейін капот ашушы болмайсың, – деді.

– Жаксы, болады, – дедім.

Айтылған уақытында машинаны оңдап, жасап болып, Жәкеңе алып келдім. Ол әрі-бері айналдырып қарады да:

– Қай жерге барып шашылатынын Құдай білсін, – деді.

Екі-үш күннен соң кезекті еңбек демалысын алды. Екі үйдің адамы семьямызбен, Жәкеңнің үлкен баласы Мақсұт бар, бәріміз Атырауға бару үшін Доссорға тартып кеттік. Дүйсекенің көпірінен өте бергенде машинаның аккумуляторына салып қойған бір пружинасы шығып кетті де, газ аңылдап қоя берді. Енді:

– Бір тоқтап, түсіп, соны қарайын, – десем:

– Жок, түспейсің. Айттым ғой мен саған – бір жерден екінші жерге дейін тоқтауға болмайды, – деп, Жәкең рұқсат бермей қойды.

Сондағы ақауы – бір пружинаны ысырып, орнына сала қоятын құйттай ғана нәрсе, бір минутқа да жетпейтін уақытта бітіретін, сәлдей ғана жұмыс. Содан әлгіні тормозбен ұстап қойып жүре беруге тура келді. Жолда қайын жұртына соғып, бір үйге түсіп, шұбат іштік. Сол жерде әлгіні орнына сала қояйын десем, капотты ашқызбайды. Сөйтіп, капотты ашпастан Доссорға жеттік. Доссорға келгесін, бір-ақ аштым. Жолда бір жерге келгенде:

– Шойын жолды кесіп, өтіп кет, – деп бұйырды.

Ол кезде қазіргідей кез келген жерде жол өткелі (переезд) жоқ. Құдайға сыйынып жүріп, ол жерден де аман өттік-ау әйтеуір. Жол бойы Жәкеңнің айтқанының бәрін орындап қайттым. Сонда ол кісі менің кәсіби шеберлігімді де, жаңағы машинаның жағдайын

да сынап, сынақтан өткізіп жүр екен ғой. Сондай талапшыл адам еді ол.

Ол кісіні қатты сыйлайтындығымыз сонша – ешуақытта айтқанын екі етіп көрген емеспіз. Әрбір тапсырмасын бұлжытпай орындайтынбыз.

Артынан мен осындағы трактор паркіне бастық болдым. Жәкең Маңғыстауға – Ералиевке, Аязбаев АТК-ге директор болып кетті. Қыркүйек айы жақындап қалған кез еді. Бір күні Доссорға барып, трактор тапсырып жатыр едім, бір кезде:

– Ералиевтен саған ағаң телефон соғып жатыр, – деп шақырады. Барсам – Жәкең.

– Қайда жүрсің?

– Доссорда, заводта жүрмін, трактор тапсырып жатырмын.

– Қазір ауылға бар! Ондасынды алып, Атырауға апар, самолетке мінгіз.

Содан жұмысымды тастай салып, Жәкеңнің екінші баласы Ондасынды алып, тартып кеттім. Астымда қызметтік машина бар. Түнімен жүріп отырып, көкжиектен таң құланиектенгенде Атырауда болдым. Әуежайдағы аэромеханик інішекке тапсырып, Ондасынды оқуына самолетке мінгізіп жібердім. Ал енді ол тапсырманы орындамасаң – біттің. Міне, біз үшін Жәкеңнің әрбір сөзі сондай, міндетті түрде орындалуға тиісті заңмен бірдей болатын.

Менің зайыбымның аты – Қайша. Енесінің аты да Қайша болғандықтан, біз «Қания» дейміз. Руы – Тана, Жиёмбет жыраудың тұқымы. Негізінде менің оның алдында «алам» деп жүрген қызым бар еді. Ол кәмпескеге ұшыраған, руы Тоғызбай Ысық бір байдың қызы болатын. Ол да Жәкеңе байланысты болды. Жәкең:

– Сен бала ондайды қой. Мен не айтам, соны орындайсың! – деді. Ол кезде аға айтты – бітті, заң. Қазіргідей емес, жасы кіші іні ағасының алдынан кесіп өтпейтін, қарсы жауап қайырмайтын заман. Сол кісінің айтқанымен жүріп, Қайшамен бас қостым. Одан жаман болған жоқпын ғой. Құдайға шүкірміз.

Жәкең екеуіміз бірде кезекті еңбек демалысымызды алып, арнайылап барып, ата-бабаларымыздың бейітін тауып алдық. Сол

Қызылқоғаның басындағы бейітке үлкен плита жасатып, сол жерде жатқан ата-бабаларымызды жазып қойдық. Жәкең мені алып барып:

– Мынау – ата-бабаларымыздың бейіті, – деді. Сонда ол кісі болмаса, ешкім мені жетелеп апарып, «Белгі қояйық» деп айтпайды ғой.

Артынан барғанда төрт баламды, бәрін алып бардым. Мәлікті балаларымен, Жәңгірбайды балаларымен, барлық балаларды алып бардым. Барлығына ата-бабаларының жатқан жерін көрсеттім. Сонда Талғаттың кішкене баласы сол жерден бір жаман бәтеңкені тауып әкеліп:

– Мынау – көкемнің бәтеңкесі, – деп тұрған көрінеді. Сөйтсек, ол баяғы менің жаман бәтеңкем екен.

Жәкеңнің Ағиба жеңгемізбен бас қосуы да – өз алдына бір хикая.

Жоғарыда сөз арасында «Жәкең пионервожатый болды» дедім ғой. Ол кезде қыздармен сөйлесуге тікелей құқық жоқ. Қыздардың бәрі жас, 18-ге толмай күйеуге шықса – сотталады. Бірақ жоғары кластарда жасы үлкендері бар. Жәкең мектепте пионер ұйымының жетекшісі болып жүргенде Ағибаға көзі түскен болуы керек. Ағибаның апасы, әкесінің қарындасы Сағира біздің Беріш ауылындағы Қари дейтін кісінің жолдасы еді. Бұрыннан да құдандалы ауылымыз. Мамам пойызға барып жүргенде Ағиба жеңгейдің үйіне түскен ғой. Еңсептің үйіне түскесін, сөз арасында ата-анасына ойынды-шынды:

– Мына қызынды маған берші, – депті.

Бұрыннан да аралас-құраласымыз бар, құда-жекжатпыз, бір-біріміздің ар жақ-бер жағымызды жақсы білетін адамдар болғасын шығар, әкесі де көп қарсылық білдіре қоймаған болса керек.

Жәкең әскерге кетерде маған:

– Нұрлыжан, менің алайын деп жүрген адамым бар. Ол – Ағиба. Соны мен келгенше сыртынан қарап жүрерсің, – деп тапсырды.

Енді менің негізгі шаруаларымның бірі осы болды. Ағиба Доссорда аудандық тұтынушылар қоғамында қызмет жасады. Алма деген құрбысы болды. Ол екеуі кетіп бара жатса, ештеңе емес. Ал

егер қастарында басқа бір бөтен ер адам болса, мен велосипедпен қуып жетіп, алдына шығып, кім екенін байқап қалуым керек. Ол кісі жігіт пе, шал ма, бала ма – соның хабарын беріп отыруым керек. Қазір ойлап отырсам, ол да бір қызық дәурен екен-ау, әскерде жүрген ағамнан осындай тапсырмалар берілетін.

Жәкең 1945 жылы отпускіге келердің алдында маған «Сен Ағибаны тауып алып келесің» деген тапсырма берді. Ол әңгімені тек өзім ғана білемін. Мен – ол кезде ауылда жұмыс жасап жүрген слесарьмын. Ауқатов деген кәсіпшіліктің директорына барып:

– Ағам әскерден келетін еді, – деп машина сұрадым. Ол маған бір жаман пикап (жолаушылар мен жүк тасуға арналған ашық қорапты жеңіл автомобиль) берді. Сонымен тартып кеттім. Ағибаның үйі Қызылқоғаның қай жерінде екенін де білмеймін. Мамам да дәл сол кезде Сырымбөгет деген жерде бір туыстың үйінде демалып жатқан. Оны да алып қайтуым керек, ол келем деп отыр. Содан Қарабауға келіп, қондым. Ағиба Жәкеңнің келетінін менен бұрын естіп қойса керек. Қарабауға келіп, Доссорға мінетін машина іздеп жүр екен. Олар Қарабаудың арғы жағында 15 шақырым жерде тұрады екен. Әкесі – Ескененің жұмысшыларды жабдықтау бөліміне қарасты отар қойдың шопаны әрі бастығы. Ал Нұржанов деген ағасы – Қызылқоға ауданының прокуроры. Соның әйелі мені қайдан танитынын білмеймін, Ағибаға:

– Әй, сенің қайның келіп жүр, – депті.

Содан Қарабаудан Ағибаны салып алып келдім. Келгесін, баяғы Алма деген құрбысының үйіне түсірдім. Жәкең екеуінің анық кездесіп, сөз байласқан уақыты – сол кез.

Кейін ағай әскерден біржола босап келген соң, 1946 жылы үйленді. Ағибаны арнайылап құда түсіп, алды. Ол күнде қазіргідей дүркіреген ұлан-асыр той жоқ қой, бір малды сояды, ет жақын ағайын-тума, құда-жекжатты шақырады – болды. Сосын комсомолдық той есебінде жұмыс жасайтын жерінде атап өтеді.

Енді сөз реті келгенде айта кетейін, бірер сөз республикаға белгілі, талантты, танымал жазушы Ғабдол Сланов жездеміз тұрасында.

Жәкең де, бәріміз де ол кісіні жақсы көріп, қатты сыйладық.

Ғабдол Құлсарыға су тартылғаннан кейін келді. Келген сайын жердегі топыраққа, шөптерге, тағы басқа заттарға үңіле қарап, терең зерттеп жүретін. Арасында бізді қасына шақырып алады.

– Әй, мында келіңдер, мынаны қараңдар! Мына жер бұрын теңіздің асты болған екен. Өйткені, мынау былай жатыр, анау бұрын мынадай болыпты, – деп шұқыланып жатады. Сосын тапқан нәрсесін қағазға орап, бүктеп, қалтасына салып алады. Әр затты өзінше пайымдап, іштей түйін түйіп жүреді.

– Ой, қасқа-ай, әр нәрсені алып алып, анда барғасың, тағы ақша қыласың ғой, – деп күлемін мен.

Ол кісі негізінен жәдидше жазады екен. Өзіміз өндірістің адамы болғасын, оның не жазып, немен шұғылданып жүргенін көп сұрамаймыз ғой. Соның алдында ғана Исатай-Махамбетті пьеса қылып жазған болатын.

– Махамбетті жаздым. Енді Исатайды жазу үшін материал жинап жүрмін. Бұл кісілерге қатысты материалдарды архивтерден, ел ішінен отыз жыл бойы жинап келемін, – дейтін.

Сол жолы иссапармен келгенінде алдымен Қызылқоғаға бардық. Қызылқоға аудандық атқару комитетінің төрағасы қасымызға жол бастаушы бір кісі ертіп, үшеумізге үш ат берді. Одан әрі Тайсойғанға кеттік. Ол жерде көп білетін, әңгімені шебер айтатын Шығыс деген ағамыз бар болатын. Сол кісінің үйінде болдық. Сонда әлгі ағамыз бар-жоғы бес-алты ауыз сөз айтып еді, соны кейін үлкен әңгіме, дардай кітап қылып шығарды. Және кітап болғанда қандай! Тілі шұрайлы, мазмұны терең, оқиғалары қызықты, ойлары орамды дүние. Тіпті өзіміз күнде көріп, топырағын басып жүрген өңірді артынан Ғабдолдың кітабында мөлдіретіп суреттеп жазғанын оқығанда, танымай қалатынбыз. Нағыз дарынды, талантты жазушы деген сондай болса керек. Сол жолы түнде келе жатыр едік, Ғабдол жездем бір ескілеу үйдің ішіне атпен кіріп келді де:

– Нұрлыбай, бері кел! – деп шақырды.

– Не болып қалды? – деп, жетіп бардым.

– Сен мына үйді танысың ба? – деді.

– Жоқ, танымадым.

Сөйтсек, бұл – біздің ағамыздың үйі көрінеді. Соны Ғабдол

біледі екен. Ғабдол – өзі сол жерде туып, өскен, Қызылқоғаның Қаракемпір Шеркеші ғой. Біздер өзеннің арғы бетінде тұрамыз да, олар мына бетінде тұрады. Біздің үймен тұстас Әмір деген ағасының үйі, оның тентек баласы болды. Олардың бәрі суға жүзгіш, қолдарында сабаудай-сабаудай шыбықтары бар. Біздің жақтың балалары жақындаса болды, сабайды. Сондай ұшынған тентек еді. Ғабдол – сол Әмірдің туыстары. Бірақ Ғабекен ондай емес, мінезі жайлы адам еді.

Кейін онымен бірге пойызбен Талдықорғанға бардық. Жолда стансаларға түсіп, бірде балық, бірде тағы бірдеңе алып келеді. Әйтеуір бізді аш қалдырмайды. Өзі – табан астынан сөз тапқыш, тілге шешен.

Бір келгенінде Жаңабай ағамның үйі Ғабдолды қонаққа шақырып, мал сойып, дастарханға бас та, төс те әкеліп қойды. Сонда Ғабдол жездеміз:

– Әй, осы Беріштер менен қорқады-ау деймін – басын да, төсін де әкеліп қойғанын қарашы, – деді тиісіп.

– Ә-ә, солай ма?! Олай болса, басты мен саған сыйлап беріп отырмын. Сен мені сөгейін деп келген жоқсың ғой, – деді де, Жәкең марқұм басты алып, ана жаққа апарып тастады.

Олар, міне, бір-бірімен осылай қалжыңы жарасқан, бірге туған тумаластай болып кеткен тамаша адамдар еді. Амал қанша, Ғабдол жездеміз де бұл өмірден ертерек кетіп қалды...

Жәкең еш адамға «болмасын» демейді. Үлкен жиын-тойларда, көпшіліктің ортасында көп сөйлемейді. Сондай салмақты адам.

Бұл жерден кеткеніне, өмірден өткеніне ұзақ жылдар өтсе де, құлсарылықтар әлі күнге Жәкенді жақсы біледі. Жаңабай ағамның өзі барда, көзі тірісінде тындырған игі істерін жыр қылып айтып отырады. Әрине, Жәкеңнің негізгі саналы ғұмыры, еңбек жолы көбіне Маңғыстауда өтті ғой. Ол сол қасиетті мекенде ұзақ жыл тұрып, жұмыс жасады ғой. Шүкір, ел-жұрты еңбегін елеп-ескеріп, өзі өле-өлгенше көп уақыт бойы тұрған Ақтаудағы үйіне ескерткіш тақта орнатты.

Мен Жәкендей арқа сүйер асқар тауым, асыл ағам, ардақты тумаласымның болғанын мақтан етемін.

## АЛАТАУДАЙ АСҚАР, ҚАРАТАУДАЙ ЗАҢҒАР ҚАЙНАҒАМ

Қайша АҚМҰРЗИНА,  
*келіні.*

Мен 1932 жылы туғанмын. Руым – Кіші Жүздегі Жетірудың ішінде Жиёмбет Тана. Әйгілі Жиёмбет жыраудың тұқымымыз. Өкеден төрт ағайындымыз. Інім Жаролладан кейінгі бір інім қайтыс болды, бір сіңлім бар.

Біз Нұрлыбай екеуіміз 1950 жылы маусым айында қосылдық. Өкелеріміздің жекжат-жұрағаттығын қуалап, айттырып алды. Жәңгірбайдың әйелі, Тоғызбай Ысықтың қызы сияқты Ағиба абысыныммен туған апалы-сіңлілі болмағаныммен, жақындығымыз бар. Ағибаның әкесі Еңсептің шешесі біздің апаларымыз болады. Еңсептің өзі – Тананың жиені. Сол кісі Жәңгірбайдың әйелін де, мені де жекжаттығымызды қуалап, құда түсіп алды.

1951 жылы тамыз айында тұңғышымды тудым. Ғабдол Сланов жездеміз Атырауда оқитын үлкен қызы Мәрияш екеуі шілдеханаға дәл келіп, атын «Дариғаш» деп солар қойды. Алдында әкесі мен қызы екеуі сыбырласып жүрген. Бір кезде Мәрияш келіп:

– Папам екеуіміз ақылдастық. Атын Дариға деп қоятын болдық, – деді.

Атақты ақын Қасым Аманжоловтың өзінің бе, құрдасының ба, қызының аты Дариға деп аталады екен, соған ұқсатып:

– Жазылуы «Дариға», айтылуы «Дариғаш» болсын, – деген.

Бірақ куәлік алатын кезде Ағиба апам «Дариғаш» деп жаздыртып жіберіпті. Одан кейінгі 1953 жылы туған бір қызымның аты – Зәрипа. Ол тоғыз айлығында қайтыс болды. Одан кейінгі 1955 жылы туған Бақытжан деген баламның бүгінде екі ұлы, бір қызы бар. Оның Әлия деген келіншегі әуелі егіз қыз туды. Оның біреуі туғаннан кейін бір сағаттан соң перзентханада шетінеп кетті. Екіншісі қазір бар. Одан кейін Ғабит пен Сәбит деген егіз ұл туды.



Бүгінде олардың екеуі де үйленді. Біреуі бір балалы, екіншісі екі балалы болды. Алдыңғы қыздардың атын Күнсұлу, Айсұлу деп қойып едім. Балаларды Сәбит, Ғабит деп қойдық.

– Кілең жазушылардың атын қояйық, – деген – Әлия келінім. Ол өзі – осы жердің қызы. Руы – Шеркеш. Мамандығы – мұғалім. Бақытжанның өзі электрик болып жұмыс жасайды. Бақытжан да, одан кейінгі балам Талғат та Құлсарыдағы политехникалық техникумда оқыды. Талғат 1957 жылы туған. Қазір Ғабдол, Гаухар, Ғабиден деген екі ұл, бір қызы бар. Ғабдолдан кейінгі Гаухар деген қызын Атырауға ұзатты. Ғабдолдың балаларының аты – Әбілмансұр, Медина. Талғаттың келіншегі – Шеркештің қызы, аты – Гүлдана. Талғаттан кейін Гүлшат деген қызым болды. 1960 жылы туған. Орыс кластарына қазақ тілінен сабақ беретін мұғалім еді. Ол қызым бойжеткенде қайтыс болды. Одан кейін 1962 жылы туған Майра деген қызым бар. Қазір Атырауда тұрады. Мамандығы – тіс дәрігері. Оның барған жері – Таз. Жолдасының аты-жөні – Самат Майлыбаев. Айгүл, Әлихан деген екі баласы бар. Айгүлі 11-класс бітіреді, Әлиханы 9-класты аяқтады. Майрадан кейінгі Марат деген баламның екі қызы бар. Екі қызының ортасында бір ер баласы бар еді, ол қайтыс болды. Ол да өз алдына отау үй, біздерден бөлек тұрады. Жолдасының аты – Ақкенже, Адайдың ішінде Жетімек Жарының қызы. Қыздарының аты – Гүлмира, Арайлым. Мараттан кіші 1967 жылғы Әлібек деген баламыз қолымызда. Әйелінің аты – Әлия, Адайдың Қарашының қызы. Әйгерім, Арайлым, Сырым деген үш баласы бар. Сонымен сегіз балам бар еді, екі қызым шетінеді, қазір алтауы бар.

Ағибаның әкесі Еңсептің Салих деген інісі болды. Меңдештің атасы. Еңсеп сол Салихтың үйіне келіп жүретін. Біз бәріміз де сол үйге барып тұрамыз. Әуелгіде «жезде» деп ойнайтын едім. Кейін құдандалы болғасын, ол ойынның бәрі қалды. Ойнамақ түгілі, ұялғаннан ол кісінің алдында бір кесе шәйімді де дұрыс іше алмайтынмын. Сондай қатты сыйлайтынбыз.

Нұрлыбайдың арғы аталары Айса деген атамыз «Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысты» деп, ұсталып кеткен екен. Артынан аман-

сау құтылып келіпті. Одан төрт бала туған. Бірінші баласы Керештің немерелері, шөберелері қазір Атырауда, Оралдың Қаратөбе деген жерінде тұрады. Екінші баласы – біздің атамыз Сәлімгерей. Кемпіршал осы екінші баланың қолында болған. Сондықтан бізді «Үлкен үй» деп атайды. Үшінші баласы – Дәуіт. Оның балалары Махамбетте, Атырауда тұрады. Төртінші баласы – Шадияр (Шардан). Оның ұрпақтары осы жақта – Құлсарыда, бірқатары Ақтауда.

Қайнағамның қайда жұмыс істегені, қандай шаруа тындырғаны жөнінде Нұрлыбай айтты ғой. Сондықтан мен ол жайында көп әңгіме қозғамай-ақ қояйын. Әйтеуір қол астындағылардан жұмысты талап ете білетін, қажет кезінде қамқорлығын да жасайтын қайырымды адам болғанын білемін. Қарапайым шофер ме, басқа ма, ешкімді де қысылтаяң жағдайда қалдырмайтын.

Бірде балшықта ма, қарда ма, Бегім Нұрмашев деген жүргізуші жігіттің машинасы бұзылып, далада қалады. Соны естіген бойда қайнағамыз оның көлігіне керекті бөлшектерін беріп жіберіп, дереу жәрдем көрсетті. Ол күнде қазіргідей телефон, ұялы байланыс деген, сірә, жоқ. Айдалада қалған машинаға қажетті нәрсесін апарып, көмектесу деген де оңай емес екені белгілі. Әлгі Бегімнің өзі ептеп өлең жазатын. Бірталай өлеңдерін әнге қосып, домбырамен де айтатын еді. Сонысын біз тыңдап, мәз болатынбыз. Көп нәрсеге мән бермейтін салақтықтың кесірі ғой, сол кезде оның бірде-бір сөзін жазып алуды да білмеппіз. Қазір оның бәрін ұмытып қалдық. Ол кісі марқұм болды. Енді ол өлеңдерді ешкім де білмейді.

Қайнағамыз өзіндей болып жұмыс істейтін адамдар болмаса, шамалы жалқаулау немесе істің ыңғытын білмейтін кісілерге көп көңілі біте қоймайтын. Кейбіреулер туралы:

– «Қандай қызметкер?» деп сұрасам, «Ой, пәленше жақсы, түгенше жақсы, керім» деп мақтайды. Ал жұмысқа алсаң, қолынан іс келмейтін болып шығады, – дейтін...

Олар артынан 1962 жылы Құлсарыдан Маңғыстауға көшіп кетті. Сол жылдың маусым айында туған Майра деген қызым ол кезде екі-үш айлық болатын. Олар осы жерден самолетпен көшті. Құйтақандай Құлсарының халқына біраз жылға жетер азық әңгіме

болған ол кісінің отбасының ырғалып-жырғалып көшу хикаясы өз алдына бір жыр есепті.

Неге екенін қайдан білейік, ол кезде Маңғыстаудың алыстығын Мекке-Мәдинадан кем көрмейміз. Самолеттің басында у да-шу адам. Бір жағы бұрын самолет көрмеген, қызықтап жүрміз. Шулап жылап, тұс-тұстан айқайды салып, шығарып салып жатырмыз. Сол жерде жақын маңда қой бағып жүрген бір кісі бар екен. Қазір аты-жөнін де ұмытып қалыппын. Әйтеуір бәрімізді таниды. Сол кісі атпен шауып келді де:

– Тоқтатындар! Шуламаңдар! Бұл не айқай?! Немене, кісі өліп жатыр ма? Сәлімгереевті көшіріп алып бара жатыр. Тіпті анау-мынау машинамен емес, самолетпен алып бара жатыр. Ал сендер оған несіне жылайсындар? Қане, тоқтатындар! – деп айқайлағанда, бәріміз жым-жырт бола қалдық.

Сөйтіп, бұл кісілердің Құлсарыдан көшуі де бір қызық болғаны бар.

Сонда не үшін екенін білмеймін, бұрын көрмеген, білмеген жер болғасын ба, Маңғыстау бізге жердің түбі, ит арқасы қияннан кем болып көрінбейді-ау деймін. Мына жақтан Маңғыстауға алып бара жатқан машиналар ма, не екенін кім білсін, әйтеуір Маңғыстаудың «Перегон» деп жазылған машиналары осында келетін. Сонда мен сол көліктердің соңынан қалмай, жылаймын. «Маңғыстаудың көлігі» десе болды, соңынан еріп, жылаймын да жүретінмін. Бұл бір жағы оларды сағынғаным болар.

Қайнағамыз өзі алыста жүрсе де, телефон соғып, Нұрлыбайға команда беріп отыратын. Енеміздің екі түйесі бар еді. Ол кісі 1968 жылы 73 жасында қайтты. Сонда сол кісіге көмектесіп, қарайласып тұруын қатаң қадағалап, не істеу керектігі жөнінде тапсырмаларын беретін. «Ана Доссордағы үйге малға шөп апарып таста». «Демалысыңды пәлен уақытта алып, ағайын-туманы арала, иә болмаса, санаторийге барып кел» деп, бәрін айтып отыратын. Ол кісінің айтқан сөздерін біз екі етпей орындаймыз.

Маңғыстауға алғаш пойыздың жүргені 1967 жылы болуы керек. Соған дейін бара алмадық. Пойыз жүргесін, 1967 жылы 1 мамыр-

да тұңғыш рет бардық. Олар ол күнде Ақтауда. Одан әрі қарай Ералыға дейін бардық. Содан кейін шама келгенше той-мерекелері болсын, әртүрлі ауыртпалық жағдайлары болсын, бәрінен қалмай, араласып тұрдық.

Қайнағамыз жер қозғалса қозғалмайтын дерліктей, салмақты, басалқалы, байыпты адам болатын. Өзінің дархан пейілімен үлкенді сыйлай, кішіні сипай білетін, жүрегі кең, жаны таза жан еді. Біз ешуақытта ол кісінің алдын кесіп өткеніміз жоқ. Ол кісі біздің жадымызда сол Алатаудай асқар, Қаратаудай заңғар қалпында қалды.

## АҒАЙЫННЫҢ АСҚАР БЕЛІ ЕДІ

Нағи НҰРМҰХАНОВА,  
*келіні.*

Мен бұл ауылға 1956 жылы 19 жасымда келін болып түстім. Ол кезде ағай жас.

– Келіннің бетін ашпайсың ба? – дегендерге:

– Әй, тентектер, сендерге ақша керек пе, кәмпит керек пе? Әкел, дорбадағы кәмпитті шашайын, – деп, жұртты күлдіретінді.

Сөйтіп, беташарымды жасап, тойымды өткізген қайынағам.

Мен келіншек болып келгенде үйде енем бар екен. Ол уақытта енем де жастау, 61 не 62-де болуы керек. Балалар оқуға, жұрттың бәрі жұмысқа кеткенде, үйде адам қалмайды ғой. Мен үйде енемнің шәйін қайнатып беремін. Терлеп-тепшіп шәй ішіп отырғанымызда:

– Ағай соғыстан келгенде қалай қуандыңыз? – деп сұраймын.

Енем жыр қылып хикаясын айтып береді. Мен аузымды ашып тыңдаймын. Сонда ол кісі былай дейтін:

– Жаңабайжаным соғысқа кеткенде, қара пойызбен алып кетіп еді. «Сол қара пойызбен келіп қалатын шығар» деп, қараймын да

отырамын, – деп, көзінің жасын сығып, жылап отырып айтатын. – Содан бір күні іңірде үйдің іші қараңғы түсе бастаса да, шамды жақпай отыр едім. Үйге ұзын бойлы, еңгезердей бір сары орыс кіріп келді. Оны көріп, әуелгіде шошып кеттім. Ол келіп, жарықты жағып жібергенде, көзімді жұмып қалдым. Содан әлгі кісі үстіндегі шинелін, аяғындағы бәтеңкесін шешіп, қасыма келіп: «Мама-ау, мені танымай қалдың ба?» дегенде, шалкамнан құлап түсіппін. «Мама, аман келдім ғой. Жылама, жылама! Жаңабаймын ғой, балаңмын ғой» дегенде барып, басымды көтеріп, баламды бас салып құшақтап, айырылмай біраз отырдым. Бір уақытта аяғыма мәсімді сүйретіп іле салып, көрші үйге жүгірдім. «Әй, сендер не істеп отырсындар? Менің балам соғыстан келді! Есіктеріңді ашып қойыңдар!» деп, барлық есікті ұрып шықтым. Содан үйге кемпірлер, әйел, бала-шаға – бәрі толып кетті. Үйге келіп, баламды тастай қылып құшақтап отырсам, «Әй, мына кемпір нағып отыр? Тұр, бізге де бер ол баланы!» деп, бәрі келіп, кезекпен құшақтап жатыр. Қайтсін, бәрі де баласын, азаматын сағынып қалған адамдар ғой. Анда-санда осындай майданнан аман келген бірен-саран баланы көріп, өз баласын, өзінің күйеуін көргендей болып, жылап-сықтап, мауқын басатын. Үйдің іші азан-қазан болып, мал сойылып жатыр. Мен қуанғаннан не істеп, не қойғанымды білмей, тіпті сөйлей алмай қалдым. Бір мезгілде Жәңгірбай жүгіріп келіп, Жаңабайды құшақтап алыпты да, талып қалыпты. Бәрі баламнан: «Менің баламды көрдің бе?» деп сұрап жатыр. Мен мақтанып: «Менің балам самолет айдайды, аспанда ұшып жүреді. Сенің балаңды ол қайдан көрсін?! Қане, былай отырыңдар!» деп айқайлап қоямын, – деп әңгімесін айтатын енем...

Ағай Доссордағы автокөлік кеңсесінде қызмет етті. Ол өзінің күнделікті қызметін де жасап жатады. Арасында Құлсарыда тұратын бізге де көп көмектесіп, малға керекті пішенді де, отын-суымызды да жеткізіп, жәрдемін аямайды. Өте жұмыскер, шаршамайтын адам болатын. Құлсарыда тұрғанымызда, дастархан үстінде шәй ішіп отырғанның өзінде қолында телефон болатын.

– Әй, пәленше, суың жетті ме? Отын барды ма? Машина қай

жақта тұр? Пәленшеге соқшы, бензин апарып жеткізсін! – деп, бәрін камдап, жұмыстармен айналысып отыратын.

Менің жолдасым Жәңгірбай Доссордағы орталық электр стансасында мастер болды. Өле-өлгенше сонда жұмыс жасады. 1975 жылы ауырып, қайтыс болды. Жолдасым қайтқасын, сол жерде үш жылдай отырдық. Садақаларын беріп, бейітін көтердік. Ағайдың өзі тастарын әкеліп, көмектесті. Сосын бізді 1978 жылдың наурыз айында балалардың каникулында осында – Ақтауға көшіріп алды.

Ол кезде мен Доссордағы машина жасау зауытында жұмыс жасайтын едім. Бір күні есік алдындағы келіншектер:

– Сені қайынаған шақырып жатыр, – деді.

Туған әкем шақырып жатқандай алып-ұшып, жүгіріп келдім. Аmandық-саулықтан сон:

– Қарағым, үйіндегі өтетін заттарыңның бәрін сат та, жинақталып отыр. Пәлені күні машина барады. Сендерді Ақтауға көшіріп алып кетемін, – деді.

Қуанышым қойныма сыймады. Бала-шағам да әкелерінің өлгенін ұмытқандай болып, «Қалаға көшеміз!» деп, мәре-сәре болып, қуанып жатыр...

Ақтауға келгесін, ағайдың арқасында жұмысқа орналастым. Ол кісі бәрімізді камқорлап, көзінен таса қылмай, үнемі қол ұшын беріп отырды.

Ағайды бәріміз де жанымыздай жақсы көретін едік. Ақтаудың 27-шағын ауданында тұрғанда, күнде таңертең шәй беру үшін ерте тұрып келемін, шәйін беремін. Той-садақаларын өткізісіп, көмектесемін. Абысыным да – Тоғызбай Ысықтың қызы. Екеуміз бір ауылданбыз.

Мен – жалпы, жастайымнан қиындықты көп көрген адаммын. Әкем, екі інім соғысқа кетіп, оралмай қалды. Шешем төркініне кетті. Мен атам мен әжемнің қолында өстім. Әкемнің аты – Нұрмұхан. Ең бірінші немере болғасын, мені әкемнің атына «Нұрмұханова» деп жаздырыпты.

Өзім қазір 74-темін. Қыз кезімде ауылда ательеде тігінші болдым. Келіншек болғаннан кейін жолдасым үйде тамақтың

уақытылы дайын болғанын жақсы көргесін, мен жұмыс жасаған жоқпын. Тек ол қайтыс болардың алдында бір жыл бұрын ғана жұмысқа шықтым. Шаруашылықта әртүрлі жұмыстар жасадық. Маңғыстаудан тракторлар, машиналар келеді. Соларды майды ысытып жіберіп жуамыз. Сылақшы да болдық. Аяғымызға керзі етік, үстімізге күпәйке киіп алып, кез келген жұмыстан тартынбай, жасай беретінбіз. Өкімет қайда жұмсаса, сонда жасадық. Әйтеуір ол кездегі бастықтар да жаман болған жоқ. Көршілермен де тату тұрдық.

4-5 жылдан бері сырқостанып, ауырып қалғаным болмаса, қазір шүкірмін ғой. Жәңгірбай кеткенде, артында алты бала қалды. Ағай солардың қарақанат болып өсуіне қолғабысын тигізіп, бізді көп қамқорлады. 1957 жылы туған үлкен қызым Шолпан, 1960 жылы туған Құспан, 1962 жылғы Оспан, 1965 жылғы Спан, 1969 жылғы Мәди, 1972 жылғы Ақан – барлығы да, шүкір, өсіп-өніп, үйлі-күйлі, балалы-шағалы болып, әр салада еңбек етіп жүр. Мәди – қолымдағы бала. Ел қатарлы жүріп жатырмыз, күйіміз жаман емес...

Бірде «Ағайды көптен шақырған жоқпыз» ғой деп, 9 мамыр мерекесінде үйге қонаққа шақырдық. Бәкөш (Бағдат) екі қызымен, Света қайынсіңлім жолдасымен Алматыдан келіп жатырған. Со-сын менің қолымда болып, кейін есейгесін келіншек алып, бөлек шығып кеткен енемнің баласы Оңдасын да бар еді. Ол бала енемнің баласы болып есептелгесін, еркелеу болатын. «Әңгіме тыңдасын, балалардың бәрі отырсын» деп, үлкен дастарқан жайып қойғанбыз. «Қашаннан бері келіп жатыр ғой» деп, шампан аштық. Шәйімізді ішіп отырғанда, енемнің бауырында өскен сары бала (Оңдасын) ішіп болғасын, рөмкесін жерге лактырып жіберді. Сонда ағай оған ызғарлы жүзбен қарап:

– Ой, ісің құрысын, не істеп отырсың? – деді.

Даусы әдеттегіден қаттырақ шықты. Мен шошып кеттім. Ана бала да қорқып кетті ме, атып тұрды да, далаға шығып кетті. Ол енді кішкене күнінен шешемнің – енеміздің қолында өскендіктен, ерке бала болды ғой. Артынан бәріміз: «Әкесі келгесін, еркелеп жатқаны шығар», – деп, жуып-шайып жатырмыз. Сонымен барлы-

ғымыз күліп, олар емен-жарқын шәйін ішіп, тамақ жеп, ойнап-күліп кетті.

Сонда ол кісінің мінезінің қаттылығы сол – өзге түгілі, өз балалары да артық әңгіме айтқызбайтын, қабағынан ығатын. Бір-ақ ауыз әңгіме айтатын, артық сөз болмайтын. Дегенмен, ол сәл нәрсеге көп ашулана бермейтін, мінезі жайлы, жайсаң адам еді.

Ағайдың үлкен ұлы Мақсұт баланың төресі еді ғой. Аңқылдаған ақжарқын, ақкөңіл жан болатын. Бойдақ кезінде жұмыстан келе жатқанда маған май киімдерін тастап кетеді. Қол-аяғым бүтін, жас кезім емес пе, жуып тастаймын. «Нәке», – деп жұмыстан келе жатып, міндетті түрде үйге соғады. Екеуміз әңгімемізді айтып отырып, шәй ішеміз.

Ағиба апай шалының арқасында ешқандай қиындық көрген жоқ, ауыр жұмыс жасаған жоқ. Ол кісі әлі де тың, жас адам сияқты.

Ағай балаларына мейірімді, халыққа қайырымды адам болды. Бәрін көзімізбен көріп отырдық қой: кетіп бара жатады, келе жатады, ағайын-жекжаттарын көшіріп алып, олардың бәріне жұмыс тауып беріп жатады. Қайсыбірін айтайын, қазір олардың аттарын ұмытып қалғасын, айта алмаймын. Бірақ ағайдың қайырын көрген адамдардың өздері жақсы білетін шығар.

Ол кісіні елдің бәрі сыйлайды. Уәде берсе, міндетті түрде жасайтын, бір сөзді адам еді.

Ағайдың мінезі сабырлы болды. Кейін ол кісінің садақасына келіп отырған шофері:

– Жәкең өте салмақты, керемет жақсы адам еді ғой. Ой, дүние-ай, ол да жердің астында жатыр-ау! Үнемі жолда жүргенде ананымынаны айтып, күлдіріп отыратын еді. Бірде теңіз жағалап келе жатсақ, «Ай, пәленше, осы судың тереңдігіндей мұнай болса, алдымыздан шыға келсе» деп күлдіріп, әртүрлі қалжың әңгімелерді айтып келе жататын еді ғой, жарықтық! – деп есіне алған болатын.

Ағай сияқты азаматтар сирек қой. Ол кісінің жасамаған жасын кейінгі балаларына берсін! Әрдайым деніміз сау, аспанымыз ашық, еліміз тыныш болсын!



## ЖАҢАБАЙ КҮЙЕУ БАЛАМ ТУРАЛЫ БІР АУЫЗ ЛЕБІЗ

Күнзила ЕҢСЕПҚАЛИЕВА,  
*жеңгесі.*

Мен Ұлы Отан соғысы басталардан бір жыл бұрын Доссор кентінен оныншы класты бітіріп, 1941 жылы сол мектепте ба-стауыш кластың мұғалімі болдым. 1947 жылға дейін осы мектеп-те жұмыс жасадым.

Ұлы Отан соғысына қатынасып, елге оралған Шәкір Еңсепқалиев деген азаматқа тұрмысқа шығып, Қарабау ауданының орталығына келіп, мұғалім болып істедім.

Келген жерім – Қосанов Еңсепқалидың жанұясы елге сыйлы, жан-жақты орта екен. Ерім Шәкір аудандық партия комитетінде бөлім бастығы болды. Келін болған соң, шама келгенше қазақтың салт-дәстүрлерін сақтап, үлкенге құрмет, кішіге ілтипат білдіріп, жұбайыммен, үй-ішімізбен тату-тәтті өмір сүрдік. Ата-енелерімді сыйлап, құрмет тұтып, соңғы сапарға абыроймен аттандырдым.

Жолдасым Шәкір екеуміз үш қыз, екі ер бала өсіріп, дұрыс тәрбие беріп, қатарға қостық. Шәкір зейнеткерлікке шыққан соң қайтыс болды.

Ағиба осы үйдің кенжесі екен. Жаңабайға мен келместен бұрын тұрмысқа шығыпты.

Жаңабай күйеу бала болған соң, үйімізге үнемі келіп тұрды. Ол үлкенді сыйлай білетін, кішіге қамқорлығы мол, кішіпейіл адам еді.

Ауылда отырған адамның тіршілігі көбінесе малмен байланы-сты болады ғой. Жәкең әрдайым өзінің машинасымен келіп, біздің барлық сыртқы шаруамызды да бітіріп кететін.

Ауыл адамдарымен, үлкен ақсақалдармен қарым-қатынасынан, сөз саптасынан, жүріс-тұрысынан Жәкеннің өте парасатты, үлкен ақыл иесі екендігі байқалатын. Сондықтан да ауылдағы ағайын-тумалар Жәкеңді жақсы көріп, сыйлап жүретін.

Ең жақын туысқанымыз болған соң, Жәкеңнің балалары мен қайынсіңлім Ағибамен қай жерде жүрсе де араласып тұрамыз. Алдағы уақытта да сол аралас-құраласымыз азаймағай! Біздің салып кеткен сара жолымызды кейінгі балалар жалғастыра бергей!

Алла Тағала ел сыйлаған азамат, ардақты күйеу балам Жаңабайдың көре алмай кеткен қызықтарын кейінгі ұрпақтарына нәсіп етсін!

## ЖАН ЖАРЫМНЫҢ РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТЕМІН

Ағиба ЕҢСЕПҚАЛИЕВА,  
*зайыбы.*

Менің руым – Он екі ата Байұлының ішінде Ысық. Оның Тоғызбай бөлімінен тараймын. Әкем Қосан баласы Еңсепқали елге сыйлы, жақсы азамат еді, халыққа абыройлы, жақсы жұмыстарда болды. Анам Ұрқия оқымаған, бірақ өте сабырлы, жақсы адам еді. Әкемнің әкесі Қосан деген қарт ертеде Мекке-Мәдинаға қажылыққа барған көрінеді. Бұл 1910 жылдары болса керек. Арып-ашып, бір жыл бойы жол жүріп, көп бейнет көргенімен, өзіне рухани ләззат, рахат тапқандай. Осының барлығын әкем марқұм айтып отыратын.

Мен 1923 жылы Атырау (сол кездегі Гурьев) облысының Қызылқоға ауданында туғанмын. Ауқатты жанұяның отбасында дүниеге келдім. Ата-анадан 5 бала едік: Сабыр, Сәлім, Шәкір, Рахима және мен. Үлкен ағайым Сабыр лауазымды жұмыстар жасады. Екінші ағам Сәлім Алматыдағы Орталық Комитетте (химия-металлургия өндірісі саласында) жауапты жұмыс атқарды. Үшінші ағам Шәкір техникумда мұғалім болды. Ағаларымның барлығы да 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы кезінде майданға алы-

нып, кейін жаудың беті қайтарылған соң, 1945 жылы аман-есен елге оралды. Апайым Рахима ертерек тұрмысқа шығып кетті. Өзім соғыс уақытында ұзақ жылдар бойы Доссордағы аудандық тұтынушылар бөлімінде инспектор болып жұмыс жасап, қызметімді абыроймен атқардым.

1945 жылы соғыс аяқталған соң, Доссордың белгілі азаматы Жаңабай Сәлімгерейұлына тұрмысқа шықтым. Ол 1939 жылы әскерге кетіп, соғысқа бастан-аяқ қатысып, 1945 жылы елге жеңіспен оралған болатын. Соғыс кезінде ұшқыш, борт-механик болып, талай рет жау ордасын талқандап, ойран салған қаһарман ұшқыштармен бірге қанқұйлы дұшпанның бетін қайтаруға қанын да, терін де төгіп, атсалысты.

Осы кітапты жазып жатқан журналист Рахат балам: «Қалай танысып, бас қостыңыздар?» деп сұрағасын, айтып отырмын. Әйтпесе, ол кездегі адамдардың қалай қыз бен жігіт болып жүргені, қалай шаңырақ көтергені – бәрі бір-біріне ұқсас қой. Ол да, мен де – ауылдаспыз, екеуміз де Доссорданбыз. Ол оқып жүріп, комсомол ұйымында қызмет жасады. Доссорда оқып жүргенде танысып, бір-бірімізді көріп жүрдік. Мектепте жүргенімде махаббат туралы бірдеңелерді айтып жүрді. Мен бірақ ол кезде жастауым ғой. Бар болғаны 16 жастамын. Оның үстіне мектеп қабырғасында оқып жүрмін. Сондықтан ол тақырыптағы әңгімелеріне көп көңіл бөлмеймін, тиянақты ештеңе айтпаймын. Кездесіп, сөйлескен кездерімізде анау-мынау сөздер айтады. Мен үндемеймін, көп әңгімесін жауапсыз қалдырамын. Ол уақытта ата-анаға білдіртпей, жасырын сөйлесеміз ғой. Кей кездері мектептен шыққанымда, мені күтіп тұрады. Қатар жүріп, сөйлесеміз. Артынан мен комсомолға өттім. Бұл кезде ол аудандық комсомол комитетінің мүшесі болатын.

1939 жылы Жаңабай әскерге кетті. Әскерде жүрген кезінде маған үйге хат жазып тұрды. Хатында: «Ағиба, біз бір-бірімізді ұнатамыз ғой. Бас қоссақ, қалай қарайсың?» деп жазатын. Анамыздың ақ сүтімен бойға сіңген, қазақ қызына тән ұяндық бар ғой, мен басын ашып ештеңе демеймін. «Аманбыз, жақсымыз,

оқып жатырмыз» деп қана жауап жазамын. Басқа көп ештеңе айтпаймын. Соғыс бітіп, әскер қатарынан келгесін:

– Біз енді бала емеспіз ғой, есейдік. Маған тұрмысқа шықшы, – деді.

Сосын үйленіп, тойымызды жасадық. Мен бұл үйге келін болып түскенде әкесі жоқ, қайтыс болған, анасы, інілері, қарындастары бар еді. Жәкеңнің мамасы Қайша жақсы адам болды. Өзі оқымаған, сауаты жоқ адам болса да, ақыл-парасаты мол кісі еді. Отбасын басқарып, ақылын айтып отыратын. Марқұм мен келгеннен кейін 15 жылдан соң қайтыс болды. Жәңгірбай деген кіші баласының қолында болды. Жәңгірбай өмір бойы орталық электростансада жұмыс жасады. Нұрлыбай қайным слесарь, механик болып, машинаның айналасында қызмет жасады.

Менен көбіне Жәкеңнің соғыс жылдарындағы оқиғаларын сұрап жатады. Ол туралы көп біле бермеймін. Жадымда қалғандарын айтып көрейін.

Жәкең соғыс жылдарын еске алғанда:

– Әуелгі кезде қатты қиналып, жылап жүрдік. Кейін соғысқа да етің үйреніп кетеді екен. Бірнеше рет жауға қарсы шабуылға қатыстым. Талай мәрте бомба тастағанда, ракетамен жерден атқанда «Самолетім құлайды ғой» деп едім. Бірақ Алла жар болған болар, жанымызды шүберекке түйіп жүріп, қаншама рет немістерге бомба тастауға барып, әйтеуір аман-есен оралып, жауған оқтың ортасынан аман-сау өтіп кетіп жүрдік қой. Құдай сақтап, жараланғаным да жоқ. Сосын артынан бортмеханик болып, самолеттерді оңдауға шықтым, – деп отыратын.

Құдайдың құдіреті – шындығында да, Жәкеңнің бірде-бір жері жарақаттанбаған. Ал сол сияқты соғысқа барған менің ағаларым қолынан, әр жерінен жараланып қайтты.

Жаңабай соғыстан қайтып келе жатқанда Ресейдің бір қаласынан жолшыбай пойызбен Қандыағашқа келіп, одан Доссорға келген ғой. Қабыл дейтін тентектеу жігіт болды. Аздап ауыратын, есі кіресілі-шығасылы, кемдеу, бірде дұрыс, бірде қисық сөйлейтін. Өзі – сол Доссордың адамы. Жаңабай Доссордан түскен кезде сол

бұрын келіп, сүйінші сұрайды. Шешесі есінен танып қала жаздап, анаған сеніңкіремей:

– Қалай келеді ол? Сен өтірік айтып тұрсың, – дей береді.

Артынан;

– Сол уақытта Жаңабайжан үйге кіріп келгенде, бақырып жыладым, – дейтін енеміз. Мен ол кезде Сағыз стансасына іссапарға кетіп қалып едім. Аудандық тұтынушылар қоғамында жұмыс істеймін, инспекторым. Алма деген құрбым Жаңабайға:

– Ағиба ауылда жоқ. Іссапарда. Сағызға кетті, – деп айтыпты.

Сол жолы мен оны көргенім жоқ. Елде екі күн ғана болып, әскерге қайта кетіпті. Сосын «Аман-сау бардым» деген хат келді. Ол уақытта тек үшбұрышты хаттар келеді ғой. «Аман-есен жүр екен» деп інілері айтып, мәз болып отыратын. Жәкеңнің Жібек деген қарындасы бір жайсаң бала еді. Бұл дүниеден ертерек өтіп кетті. Оқуын тастап, ауылда токарь болып жұмыс жасады. Қыздары қазір Алматыда тұрады. Сол байғұс айтатын:

– «Жаңабай ағам аман келгей!» деп, тілегін көп тіледім, – дейтін. Құдай тілегін қабыл қылды ғой.

Біз Жәкеңнен соғыстың жайын көп сұрамаймыз ғой. Ол туралы көбіне балаларына айтып отыратын. Мәлікжан ол кезде кішкентай ғой. Оның есінде қалған-қалмағанын білмеймін. Ең тұңғыш қызым – Бағдат. Одан кейінгі қыз балам туғаннан кейін 1-2 күннен соң шетінеп кетті. Содан кейін Мақсұт дүниеге келгенде, қатты қуанды. Қашанда әке үшін ұл баланың орны бөлек қой. «Көмекшім» деп, жанына жақын тартып, Мақсұтты сондай жақсы көретін еді. Кейін ол есейгесін, кешкілікте жұмыстан келгенде, соғыс жайлы хикаяларын соған айтып отыратын. Мен аяқ-табақ жинап, асханада жүремін. Үлкен қызымыз Бағдат өскенше енемің қолында болды. Артынан Жәңгірбай қайным үйленіп, енем кіші келінін алғасын, «Әрі қарай өздерің оқытыңдар, өсіп келе жатыр ғой», – деп 5-6 класс оқып жүргенде қызымызды өзімізге берді. Ол әкесінің соғыс кезіндегі хикаяларын тыңдаған-тыңдамағанын анық білмеймін.

Елге келгесін де, Жаңабай жақсы жұмыстарда болды. Әуелі Доссордағы автокөлік кеңсесінде (АТК-да) механик болып жасап

жүрген. Сосын Құлсарыдағы мұнай барлау тресіне бурком бастығы болып, сонда көштік. Одан кейін осындағы АТК-ның кеңсесіне директор болды. Сосын 1961 жылы әуелі «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресінде АТК-ның директоры, артынан басқарма бастығының орынбасары болып жұмысқа ауысып, Маңғыстауға көштік. «МНГР» тресінің басқарма бастығы Х.Өзбекқалиевтің өзі шақырып:

– Біз жаңадан құрылып жатырмыз. Жағдайымыз онша жақсы емес. Бұрғылау алаңдарымыз алыс. Жер балшық. Машинамен барамыз. Сондай қиыншылықтарды бастан кешіп жатырмыз. Сен бізге келсейші, – дегесін, Жәкең:

– Барамын, – деп, бірден келісімін берді.

Сөйтіп, 1961 жылы Мәлік бір жастан енді асқан уақытта Маңғыстауға көшіп бардық. Сонда Құлсарыдан Маңғыстауға самолетпен көштік. Әуелі Форт-Шевченко қаласына бардық. Одан кейін Ералиев кентінде екі жыл тұрдық. Бағдат, Мақсұт, Ондасын, Света, Мәлік деген бес баламыз болды. Ол кезде бұлардың бәрі мектепте оқитын еді. Артынан «МНГР» тресі Ақтауға көшті. Осы қалада көп жыл тұрдық. Балаларымыздың бәрі осында оқыды.

Жәкең жұртқа көп жақсылық жасады. Өзінен бұрын қол астындағы жұмысшыларының жай-жағдайын көбірек ойлайтын. Ақтауға келген кезімізде 4-шағын аудандағы үш бөлмелі үйде тұрдық. Үлкен қызымыз орыс мектебінде оқитын. 10-класты бітіріп, оқуға кетті. Сонда мен әйелшілікке салып, Жәкең кешке жұмыстан үйге келгенде айтамын ғой:

– Қызымыз Алматыға оқуға кетті. Төрт баламен үш бөлмелі үйде тұрамыз. Сен өзін – бірінші басшының орынбасарысың. Қолында билік те, мүмкіндік те бар. Пәтерлерді қалай бөлу керек – бәріне қожасың. Енді соныңды пайдаланып, бір кеңдеу үй алмаймысың? – десем:

– Жоқ, әуелі жұмысшыларға беру керек. Жұмысшылар түгел үй алып болмай, олар үйсіз тұрғанда, мен бастыққа «4 бөлмелі үй бер» деп айта алмаймын, – дейтін.

Ол тіршілігінде көп адамға көмектесті ғой. Қайсыбірін айтай-

ын, арада көп жыл өткесін, бірқатарын ұмытып та қаласың. Елден інілерін алдыртты, олардың отбасының жағдайларын жасады. Біраз кісіні «МНГР»-дің гаражына жұмысқа тұрғызды. Көп адамның үйлі-күйлі болып кетуіне қол ұшын беріп, көмектесті.

Жәкеңнің жақын достары – трестің басшысы Халел Өзбекқалиев, бас инженері Салтанат Балғымбаев сияқты еліміздің мұнайын игеруге елеулі үлес қосқан ардагер азаматтар болды. Өзінің қатарларынан Айтбаев Махмут деген досы болды. Ол марқұм да дүниеден өтіп кетті. Жақын сырласы, жақсы досы еді. Әуелі милицияның айналасында, кейін прокурор болып жасады. Солардың бәрімен жақсы араласып, қонаққа бір-бірімізді жиі қонаққа шақырып тұрдық. Осындай жан қиыспас жақсы достары көп болды. Олардың бірқатары бақилыққа кетіп қалды. Үлкейгендікі болар, кейбіреулерінің аттарын да ұмытып қалдым...

Ол «МНГР» тресінде 20 жыл бойы басқарма бастығының орынбасары болып жұмыс істегенде де ешкімге қылдай қиянат жасаған жоқ. Рзаханов Киікбай екеуі Кавказдан пионер лагерін салды.

«Біз Маңғыстауға 1961 жылы келдік» деп алдында айтып өттім ғой. Ол уақытта жол қатынасы қандай қиын болғанын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бұрғылау алаңына бару үшін қандай қиындықтарды бастан кешеді десеңізші! Оған керекті құрал-жабдықтар мен темірлерді, жұмысшыларға азық-түлік пен тамақтарды, керек-жарақтарын уақытында жеткізіп тұру оңай шаруа емес. Жаңабай осы шаруалардың басы-қасында өзі жүрді. Сондай ауыр еңбек пен ауыртпалық, қиыншылықтарды бастан кешіп жүрсе де, «Шаршадым» деп бір ауыз сөз айтпайтын. Бір-бірімізбен өте тату, жақсы тұрдық, өміріміз тек сыйластықпен өтті.

Ол кісі өзі Құдайдай сенген қоғамға, Коммунистік партияға адалдығынан айнымай, беріліп қызмет етті. Діни әңгімелерді онша айтпайтын, мұсылманшылықты көп ұстанған емес. Бір жағынан ол уақытта діни әңгімелер де көп айтылмайды, кеңестік тәртіп қатал болды ғой. Кілең қып-қызыл коммунистер ораза ұстауды да білмейді, дұғаны да айтуға қорқады.

Бірде Ералыда отырғанымызда:

– Буровойды аралап, кешке қайтып келемін ғой, – деп, кішкентай «АН-2» самолетімен кетіп қалды. Ол уақытта треске кішкентай «АН-2», «МИО-7» самолеттерін, вертолеттерді Бурундай дейтін жерден өзі барып, тапсырыс беріп, алып келетін. Сол кетіп бара жатқанда мен айттым:

– Сен олай деме. «Биссимиллаһи, рахмани-рахим, аман болсақ, Алла оңғарса, кешке қайтып келем ғой» деп айт, – дедім.

– Иә, иә, – деді де, кетіп қалды.

Содан Жаңабай сол күні келмеді. Ертеңінде бір-ақ келді. Сөйтсе, бұрғылау алаңында аяқ астынан бір шұғыл шаруалары шығып, астында самолети болса да, келіп үлгере алмапты. Сонда мен айтамын ғой:

– Кеше айттым ғой мен саған. «Биссимиллаһи, рахмани-рахим, Алла қаласа, оң сапарымыз болар. Билік – Аллада. Кешке дейін жете аламын ба, жете алмаймын ба – оны Алла біледі. Алла оңғарса, келемін ғой» деп айтпадың. Сондықтан сен ана далаға – буровойға қонып, өліп-тіріліп, самолетті эзер қондырып, келіп отырсың, – десем:

– Ай, оның рас-ау, – деп күлетін.

Жалпы, ол әлгіндей мұсылманшылық ескі сөздерді көп айтпайтын, Құран оқымайтын. Қайта мен: «Солай деп айтып жүр», – деп, тұртпектеп отыратынмын.

Менің әкем марқұм ескіше оқыған еді. Сол кісі: «Маманнан намаз үйрен», – деп айтып отыратын. 1938 жылы менің 15 жасымда әкемнің інісі өкпе ауруынан қайтыс болды. Әрі-бері емделіп еді, бірақ болмады, Прокурор, тергеуші болып жүрген жақсы азамат еді. Менің әкем, сол әкемнің інісі, сосын Қазақстанға белгілі азамат, атақты мұнайшы Меңдеш Салиховтың әкесі – үшеуі бір туған. Онда біз Доссордамыз. Қайтқан ағамның апасы кемпірлеу адам еді. Сол кісі:

– Сендер ана Доссордың 6-ауылындағы Сыдиықжанның басына сатырлап барасыңдар. Барып, отыра қалып, жылайсыңдар да, қайтып келесіңдер. Оларың дұрыс емес. Бейіттің басына барғанда әйет оқу керек. Қайтқан адамға тек дұға ғана тиеді. Мен сендерге



«Құлқуалланы», уақ-түйек дұғаларды үйретейін, – деп, бізге дұға үйретті.

Біз де ол кезде жаспыз ғой, тез қағып алдық. Адам жас уақытында не нәрсені де жылдам үйренеді ғой. Сол жолы үйренгенімді кейін үнемі айтып отырамын. Сондайда Жәкең марқұм: «Ағибаның атасы қажылыққа барған. Ол – молданың қызы, қажының немересі ғой. Кілең жақсы-жақсы дұғаларды біледі» деп қонаққа барған кездерде қалжындап отыратын.

Жәкеңнің облыстық партия комитетінде жұмыс істейтін бір жолдас жігіті бар еді. Сол бір күні қайтыс болған адамды жерлесуге бейітке барған екен. Соны Мирошкин деген обкомның І-хатшысының орынбасары шақыртып алып:

– Сен молаға барып, кісі қойып келдің. Өзің партия мүшесі, коммунист бола тұра, молаға неге барасың? – деп ұрсып-сөгіп, әлгінің соңына біраз түсіпті. Жәкең соны айтып:

– Енді молаға барғанамыз да әңгіме болғаны-ау, – деп, үйге келіп, ренжитін...

Біздің барлық балаларымыз да жоғары білім алып, институт бітірді. Тек Максұт деген баламыз ғана оқу бітіріп, үйленіп, үлеске бастығы болып тым жақсы жұмыс жасап жүрген кезінде 37 жасында машина апатынан қаза болып, фәни дүниеден бақиға өтті. Бұл – біздің өміріміздегі өкініші естен кетпес ең бір үлкен қайғылы оқиға болды. Ата-ана үшін әрбір баласы бір төбе, әрқайсысының орны бір бөлек қой. Дегенмен, Максұтым өте жақсы бала еді. Жолдасы Ұлмекен 3 баламен қалды. Асылбегі 5-те, Меруерті 3-те, Алмазы 1 ай, 20 күнінде қалды. Артынан Максұттың отбасына біз қолымыздан келгенінше материалдық көмегімізді беріп отырдық қой. Бірақ балаларға әкесінің, келінімізге сүйген жарының орнын қалай толтырайық?! Жастай жесірліктің азабын тартып жүріп, үш баланы бағу, өсіру, өндіру, тамағын беру, киіндіру Ұлмекенге оңай болған жоқ. Балаларын балабақшаға Жәкең екеуміз апарысатынбыз. Жәкең келініне зейнетақысын беретін. Ұлмекен институтты қызыл дипломмен бітірген, өте білімді, жақсы терапевт дәрігер еді. Бір күні:

– Папа-ау, мен мына жұмысты жасай алатын емеспін. Екі бөлмеде бес-бестен он кісі бар. Аурулар облыстың түкпір-түкпірінен – Шетпеден де, Форттан да, аннан да-мыннан да келеді. Үш баламмен жүріп сол 10 кісінің ауру тарихын жазу, оларды қарау, емдеу маған оңай болмай тұр. Мүмкін болса, айтып, мені физиотерапия бөліміне ауыстырсаңыз, – деді.

Жәкең облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығына барып, келінімізді физиотерапия бөліміне ауыстырды. Содан бері ол қалалық емхананың физиотерапия бөлімінде жұмыс жасап келе жатыр. Балаларына жақсы тәрбие берді.

Қазір, шүкір, балалары да өсіп, ержетті. Үлкені Асылбек КИМЭП-ті бітіріп, Астанада «Қазмұнайгазда» жұмыс жасайды. Екінші қызы Меруерт Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетін бітіріп, тұрмысқа шықты. Қазір «Арман» мекемесінде есепші болып жұмыс істейді. Үшінші баласы Алмаз институт бітіріп, Италияда магистратурада оқып жатыр. Алланың бұл бергеніне де мың да бір шүкіршілік етеміз.

Жәкеңді «Сөзге шешен болды. Ақпа-төкпе жүйрік, ауызды адам еді» деп айта алмаймын. Ол көп үндемейтін. Өзі көп сөйлемейді де, сөйлеген кісіні зейінмен тыңдап отыратын. Отбасы болғасын, кей кездері ашуланады ғой. Бірақ дауыс көтеріп айқайламайтын, балаларына да жай сөйлейтін:

– Адам болыңдар, жақсы болыңдар, азамат болыңдар! Жақсыменен жанасыңдар. Жақсы адамдармен тіл табысыңдар. Мен сендерді азамат қылып өсірдім. Енді сендердің қастарыңда жүре бермеймін. Негізінде, Мақсұт балам емес, мен кетуім керек еді. Қайтесің, тағдыры солай болды, – деп күрсінетін.

Сол бала қайтқасын, қайғыға көп батты. Жүректен екі рет жеңіл инфаркт алды. Мақсұттың қазасы оған өте ауыр тиді. Іштей тынып, қатты азап шекті. Бір жолы ұлымыздың төлқұжатын тапсырып келіп отырып:

– Мақсұтжанның паспортын бекер тапсырдым-ау! Тапсырмауым керек еді, – деп жылады.

Өзі осы баласын ерекше жақсы көретін. Ол да «папалап», әкесін

қатты жақсы көрді. Ералыда учаске бастығы болып істеген кезінде жұмыстан келе жатып, бізге толтырып тамақ әкеледі. Бұрғылаудың жоспарын орындаған кезде жұмысынан сыйақы береді ғой. Сондай кездерде:

– Папа, саған ақша беріп кетейін, – дейді.

– Неге бересің? Әйелің баламен үйде отыр ғой. Біз екеуіміз де зейнетақы аламыз. Ақшаңды алмаймын. Одан да өзіңнің үйіңе апар, – десем:

– Қой, сен алмасаң – алма, папам карт ойнайды ғой, – деп, тастап кететін.

Ол уақытта Алматының апорт алмаларын Ералыдағы мекемесі көп алдырады. Сол алмаларды толтырып әкеле жатып, бізге тастап кететін.

– Тастама. Света Алматыда. Мәлікжан болса, Москвада оқуда. Біздің үйде алма жейтін бала жоқ, – десем де, болмай:

– Қой, алма деген организмге жақсы. Тамақ жеп болғасын, шәй ішіп болғасын, жейсіңдер, – деп, тастап кететін.

Жалпы, Жәкеннің ән айтып, өлең шығаратын өнері болған жоқ. Екеуіміз де әнге, домбыраға жоқпыз. Бірақ Мақсұтқа кішкентай, жас кезінде домбыра, гитара алып беріп едім. Ералыда отырғанда, мектепте оқып жүргенде аздап шертіп:

– «Кеңес» күйін тартып жүрмін, – деп жүретін. Берегірек келгесін, оныншы класты бітіріп, оқуға барғасын, ол да тастап кетті.

Мақсұтым маңдайы жарқыраған, жайсаң бала еді. Ол дүниеден өткен кезде Ұлмекеннің мамасы:

– Оған тіл-көз тиді. Ұлмекенді ұзатып жатырғанда көрші орыстардың бәрі келді тойға. «Саған басқа сыйлықтың керегі жоқ. Күйеу балаңның өзі – керемет сыйлық» деп керім болып еді, – дейді.

Ұлмекеннің мамасы да – жақсы кісі. Өзі жанынан құрастырып, өлең шығарады. Баламның қырқына дейін қасымда болып, жұбатып, қайғымды бөлісіп, содан кейін барып ауылына – Алматыға кетті. Өздері – Ақтөбенің Әлімі. Папасы ертеректе Алматыға жұмыс бабымен көшіп барып, сонда қалып қойған...

Жәкең өте қонақжай, көпшіл адам еді. Қонақ шақырғанды жақсы көретін. Маған:

– Сен дастарханға қоятын тамағыңмен айналыс. Мен өзім қойды табамын. Қонақ шақырайық, – дейтін.

Сол кезде Маңғыстауға Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (КГБ-ның) облыстық басқармасының бастығы болып бір жақсы жігіт келді. Қазір ол да үлкейді, Атырауда тұрады.

– Сол КГБ-ның адамын неғыласың? – десем:

– Қой, олар – жақсы жолдас болатын адамдар. Бізді де қайта-қайта шақырып жүр ғой. Шақыру керек, – дейтін.

Артынан Ұлмекенжан келін болып түскесін, тәтті нан, дастарханға қоятын дәмді тамақтың бәрін өзі пісіріп, көмектесетін.

Жәкең зейнеткерлікке шыққасын, қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі («горсобес») Ақтаудың 14-шағын ауданындағы 19-үйден үй берді.

– Пенсияға шықтыңыз. Енді 3 бөлмелі үйде отыра бересіз бе? – деді «собес»-тің бастығы. Марқұм Қызылорданың жігіті еді. Әуелі үй салынып жатырғанда:

– Жәке, пәтерді үйдің екінші қабатынан аласыз ба, әлде үшінші қабатынан аласыз ба? – деп сұрады әлгі жігіт.

– Үлкейіп келе жатырмыз ғой, екінші қабаттан алайық, – деді Жәкең.

Сонымен сол пәтерге көшіп келдік. Үйге кіргесін:

– Ағайын-тума, жекжаттарды, достарыңды шақырмайсың ба? – дедім.

– Жоқ, әуелі көршілерді, сосын барып, ағайындарды шақырамыз, – деді ол. Руы Беріш Мұсташ Құсайынов, Бәри Халелов деген жігіттерді «Менің інілерім» деп керемет жақсы көретін. Бәри ол кезде облыстық атқару комитетінде жұмыс жасады. Шыққан тегі төлеңгіт Егізбай Сатыбалдиев деген жігітті де жақын тартып, жақсы көрді. Жәкең жалпы адамдарды алаламайтын, руына, ұлтына қарап бөлмейтін. Әсіресе осы Егізбай, Мұсташ, Бәри бәріміздің отбасыларымыз бірімізді біріміз жиі шақырып, жақсы араласып тұратын едік.

– Осы подъезде бес-бестен он үйміз ғой. Осындағы барлық көршілерді, соның ішінде Казаченконы да шақырамын. – деді.

Казаченко сол кезде ПГМК-ның басшысы болатын. Мен:

– Ол орысты шақырып неғыласың? – деп едім.

– Жоқ, шақыру керек. Сонда олар үйден кіріп-шыққанда үн-түн жоқ өтіп кетпейді, әйтеуір саған «Здравствуйы» дұрыс болады, – деді.

Сонымен бір подъездегі 10 үйдің адамын түгел шақырдық. Ол уақытта Ұлмекеннің Меру деген кішкентай қызы емшекте. Мақсұтжан бар, Мәрияш деген қарындасы бар, оның күйеуі Кәкім Ғұмаров деген бала болды, жақсы жігіт еді, бақилыққа кетіп қалды.

– Солар саған көмектеседі, – деді.

Сонымен қой сойып, дастархан жайып, қарайған орысты шақырдық. Олар пісірген тәтті нандарды «Очень вкусный» деп мақтады. Ертесі күні сол орыстар үйден кіріп-шыққанымда:

– Здравствуй, апашка! – деп жатса, Жәкең маған:

– Әне, көрдің бе? Сенің үйіңнен шәй ішпесе, олар «Здравствуй!» демес еді, – дейтін...

Жәкең дүниеден өтетінін алдын-ала білді. Өлімді өте сабырлықпен қарсы алды. Сол кездері көңілін сұрап үйге жиі келетін Шадауға:

– Бірталай жасқа келдім ғой. «Алла Тағала мені балаларымның алдында, жақсылықпен, жанымды қинамай алса екен» деп, Алладан тілек тілеп жатырмын, – деп айтатын.

Жәкең трестің басқарма бастығының орынбасары болған кезде Шадау Нұрғазин бас экономист болып жұмыс істеді. Жаңылхан деген кемпірі болып еді, ерте қайтыс болды. Шадаумен бірге істеген қызметтесі әрі жақсы жолдасы болып, отбасымызбен жақын араластық.

Қайтыс боларының алдында қыздар Алматыда еді. Дәл қайтатын күні:

– Келіндер, – деп, балаларын шақыртып алдырды. Ұлмекен өзінің үйінде. Кешке таман сағат 6-да сол біз тұрған 19-үйде тұрағын Мәрияш деген қарындасы келіп:

– Аға, қалайсыз? Жақсысыз ба, тәуірсіз бе? – деп еді:

– Әй, қарағым-ай, ағаң да шаршап жатыр-ау, – деді.

Сосын сағат 9-дарда Мәлік жұмыстан келгесін, мен:

– Күні бойы Жаңабайдың қасында отырамын деп, шәй ішкен жоқ едім. Сен папаның қасында отыра тұршы. Мен бір-екі аяқ шәй ішейін, – деп, асхана жаққа барып едім. Екі аяқ шәйімді енді ішіп бола бергенімде, Мәлік келіп:

– Папам бұрын көзін ашып, сөйлеп жататын еді ғой. Қазір біртүрлі болып, көзін жұмып, аяқ-қолын созып жатыр. Мама-ау, сен мында келші, – деді.

Жүгіріп барсам, үнсіз жатыр екен. Өзімнің білген иманымды айттым. Сол 19-үйде тұратын Жақсылық Ерубаев дейтін көршімізді келіншегімен, қарындасы Мәрияшты, астыңғы қабатта тұратын үлкен кісі көршімізді шақырдық. Ол кезде Жәкең екі көзін жұмып, бірақ үндемей жатыр еді. Сосын қолынан ұстап, маңдайынан сипадым, көп мұздамаған екен. Мәрияш келіп, тамырын ұстап көріп:

– Қой, ағамның жаны бар әлі, – деді.

Жақсылықтың келіншегі көп жылдар медбике болған адам еді. Сол тамырын ұстап, маңдайын ұстап қарап:

– Қой, аға дүниеден өтіп кетіпті. Ешбір киналған жоқ, ешқандай салмағын салған жоқ. Орамал әкеліңіздер, жағын таңайық, – деді.

Міне, бар көргеніміз сол болды. Мәлікке айтпаса, маған ешқандай өсиет айтқан жоқ. Соңғы сапарға бар кәдесі мен жөн-жоралғысын жасап, жақсылап жөнелттік. Ағайын-тумалары ел жақта – Атырауда қалған еді. Атыраудың арғы жағындағы Тандай дейтін жерде де ағайындары болды. Қайтыс болғанда солардың бәрі келді. Жолдас-жоралары, қызметтестері – бәрі жиналып, мәңгілік мекеніне жақсылап қойды. Ол кезде «МНГР»-дің бастығы Ғизат Балмұханбетов еді. Ол да Жәкең ауырып жатқанда көңілін сұрап келіп тұратын. Қайтыс болғасын да, садақасына қажетті азық-түлік, сусындарын алуға қол ұшын беріп, көп көмектесті...

Жәкеңнің мінезі жайлы, жұмысына да жақсы, қатарына беделді болды. Оны жолдастары да сондай сыйлады. Өзі сабырлы, салмақты, көп сөйлемейтін. Оның сондай жақсы азамат болғанын бәрі біледі. Ол үйде де балаларға мейірімді, жақсы отбасының иесі болды. Балаларының бәрін: қыздарын дәрігерлікке, ұлдарын политехникалық институтқа оқытты. Қазір Ақтөбеде тұратын Оңдасын баламды Қарағандының милиция оқуына оқытты.

Мен жолдасым Жаңабаймен 50 жыл бірге тұрдым.

*«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын,*

*Жаманның жамандығын айт – құты қашсын» –*

деген бар ғой, ол өте жақсы адам еді. Елу жыл бақытты өмір кештік. Отасқан елу жыл ғұмырымызда бетіме қарап бірде-бір рет ауыр сөз айтып көрген емес. Жақсы тұрдық. Жаз болса, калмай, курортқа барып, демаламыз. Жыл сайын балаларды лагерьге жібереміз. Жалпы, мен өзім соғыс кезінде, үйімде жүргенде де, осы кісіге жар болып келгесін де, көп бейнет, жоқтық көргенім жоқ, жақсы дәрежеде болып, жайлы тұрмыс кештім.

Өмірде қатты қуанғанымыз – 1970 жылы үлкен қызымыз Бағдатты медициналық институттағы оқуын бітіргесін ұзатқан кезіміз. Мен ол кезде қырық жетідемін, Жәкең де елудің үшеу-төртеуінде. Сол жолы тұңғышымызды құтты орнына қондырып, қатты қуандық. Одан кейін «Оқуын бітіріп, азамат қатарына ілікті ғой» деп, Мәлігіміз үйленгенде де қуандық.

Ал қатты қайғырғанымыз – Мақсұттың өлімі болды. Сол күні арасында облыстық партия комитетінде жасаған, 14-шағын ауданда тұратын, руы Таз болуы керек, Әбу Атшыбаев, руы Есентемір Рахметолла Ғұбайдуллин деген прокурор бар, Меңдеш Салихов інім, Мұсташ Құсайыновтар бастаған қоралы адам тұсқайтағы сағат 3-терде үйге сау етіп кіріп келді. Света деген қызым кішкентай ұлы қырқынан шыққасын, «Осында жата тұрайын», – деп келіп жатыр еді. Оның күйеуі дәрігер болатын. Ұлмекен балаларымен өзінің үйінде.

– Астапыралла-ай, мыналар неге шұбырып келіп жатыр-ей?!

Қонақ қылатын дым да әзірлегенім жоқ еді. Ет асайын ба, қайтем? – деп Жаңабайға қарасам, оның өңі бұзылып кетіпті.

Сөйтсем, оған сырттан естіртіп келген екен. Мақсұт кеткенде көйлегімді жыртып, қатты қайғырдым. Енді қайтейін?! Таңертең үйден шыққанда:

– Ұлмекен, есікті кілттеп ал. Мен шәйді Ералыдан ішемін ғой. Мына жерге өзіміздің автобус келеді. Ералыға барып, амандық болса, отпускамды алам ғой, – деп кеткен бала ғой. Жәкең екеуміз қатты қайғырып, орнымыздан тұра алмай қалдық...

Бұл күнде Жәкең арамызда жоқ болса да, оның өмірі ұрпақтары арқылы жалғасын тауып жатыр.

Үлкен қызым Бағдат Алматыда тұрады. Ұялы бәйтерек сияқты үлкен отбасының анасы. Екі қыз, бір ұлы бар. Жолдасы Абай – ғылым докторы, профессор, медициналық университетте кафедра басқарады. Өзі де – медициналық институтта анатомия кафедрасының меңгерушісі, ғылым кандидаты. Үшінші баламыз Оңдасын – жәй жұмыскер, Ақтөбеде тұрады. Қызым Света да – ғылым кандидаты. Жолдасы бақилық болды. Бір ұлы бар, шет елде оқып жатыр. Кенже балам Мәлік Москвадан Губкин атындағы институтты бітіріп, елге келгесін кандидаттық қорғап, геология ғылымдарының кандидаты болды. Қазір Астанада мамандығы бойынша мұнай саласында, биік мәртебелі жерде жұмыс жасайды. Келіншегі Гүлшара – дәрігер. Бір ұл, бір қыздары бар, шет елде оқып жатыр.

*«Әке – асқар тау,*

*Ана – бауырындағы бұлақ,*

*Бала – жағасындағы құрақ» –*

деген ұлағатты сөз бар ғой. Жапырағы жайқалған бәйтеректей үлкен отбасының иесі болып, өмірден азаматтық, адамгершілік тұлғасына қылау да түсірмей өткен жолдасым Жаңабай шын мәнінде перзенттеріне асқар таудай сүйеніш, қамқор әке бола білді.

Ендігі тілегім – әкесінің өмірінің жалғасы Мәлікжанның қара шаңырағы шайқалмай, бақытты қалпында кеңі берсін, биіктей берсін! Алла Тағала балаларының қызығын көруге нәсіп етсін! Шын жүректен шыққан аналық тілегім осы.



Балаларымның папасы, ардақты жар, абзал жан Сәлімгерейұлы Жаңабайдың рухына тағзым етемін. Аяулы жарымның фәни дүниеден өткеніне де, міне, биыл 15 жыл болған екен. «Жаны жәннатта болып, Алла Тағала иман байлығын берсін! Мекені жұмақтың төрінде болсын!» деп дұға етемін.

## ӘКЕМ МЕНІҢ – ӘУЛИЕДЕЙ ӘЗ ПАНАМ

Бағдат СӘЛІМГЕРЕЕВА,

ҚЫЗЫ.

Әкеміз Жаңабай қазір тірі болғанда, 94 жасқа келіп, төрімізде отырар еді. Әке деген – отбасының көркі, тірегі, ақылшысы ғой. Папамыз өзінің бүкіл саналы ғұмырын «семьям, елім, жұртым» деп өткізді. Ол кісінің ерекше қасиеті – жақын-жуыққа, туысқандарға, тіпті жай таныстарға да керек кезінде қамқорлығын көрсетіп, жанашырлығын білдіріп, айналасын нұрландырып жүретін жан еді.

Біз – отбасында екі қыз, үш ұлмыз. Сол бес баланың ең үлкені – менмін, ал ең кішісі – Мәлік. Мен 1963 жылы мектеп бітіргеннен кейін, Алматыға келіп, медициналық институтқа түсіп, осында қалып қойдым. Екі-үш жыл өткен соң, інім Максұт осында политехникалық институттың мұнай факультетіне оқуға түсті. Содан кейін Света сіңлім келді. Ол медициналық университетке түсіп, педиатр мамандығы бойынша бітіріп шықты. Әкем балаларының жан-жақты болып, әртүрлі мамандықта оқығанын қалады. Оңдасын деген інімнен қайда оқуға баратынын сұрағанда, ол:

– Милиция болғым келеді, – деген екен.

Сөйтіп, ол Қарағандыдағы милицияның оқуына түсті. Әкем өзі аяқтай барып, көзімен көріп, барлық жағдайын жасап, қадағалап, қарап кетті. Оңдасын сол оқуды бітірді.

Одан кейінгі інім – Мәлік. Мәлік Ақтаудағы мектепті үздік бітіріп, Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы мұнай институтын бітірді.

Сіңлім Света – медицина ғылымдарының кандидаты, осында

педиатрия институтында жұмыс істеген, сосын Астанада үлкен холдингтік компаниялар ашылып, көп ауруханалар бөлініп, сонда кетті. Қазір «Жедел жәрдем» ауруханасындағы функционалды диагностика бөлімін басқарады.

Мақсұт 1950 жылы туылған. Ерте қайтыс болды. Мектепті бітірген соң, жоғарыда айтқанымдай, Қазақ политехникалық институтының мұнай және газ факультетіне оқуға түсіп, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») кешенді экспедициясында бұрғылау шебері болып жұмыс жасаған.

Оңдасын інім 1953 жылы туылған. Ол Қарағандыдан оқуын бітіргесін, біраз уақыт Ішкі істер министрлігі саласында жұмыс істеді. Соңғы 2-3 жылда жұмысын ауыстырды. Қазір Ақтөбенің бір компаниясында.

Мәлік інім Астанада. Ол – техника ғылымдарының кандидаты. Қазір «Самұрық-Қазынада» департамент директоры.

Міне, осының бәрі – асқар таудай әкемнің арқасы. Бәрімізді тәрбиелеп, осындай дәрежеге жеткізген – әрине, әкем деп есептеймін. Ол біздің оқып, жоғары білім алғанымызға, талаптанғанымызға себепші болып, «Осылар қалай болса да, адам болып шықса екен» деп ойлайтын.

«Әркімнің ата-анасы – өзінің пірі. Әке-шешеден асқан әулие жоқ» депті ғой бұрынғы өткен ғұлама кісілер. Сол айтқандай, біз үшін әкеміздің орны бөлек.

Ол біздің кішкентай ғана жеңісімізді көрсе де, қатты қуанатын. Соны өзіне үлкен бір мәртебе санайтын. Кейде балалары:

– Мына жерде оқи алмаймын, қиындау, – дегенде:

– Адам баласы қиыншылықтың бәрін қалайда болсын жеңу керек. Шама келгенше, оқып, адам болуға тырысу керек, – деп, әкеміз бізге жол сілтеп отыратын...

Мен 3-4 класс оқығанша мамамның (әжемнің) қолында болдым да, содан кейін барып, өзімнің үйіме келдім. Бұл кісілер жаз болса, курортқа кететін де, үйде балалармен мен қалатынымын. 7-класс оқып жүргенде, маған үздік оқушылардың қатарында Қырымдағы «Артек» пионер лагеріне жолдама келді. Папамдар ол кезде курортқа кетіп қалған. Сонда Нұрлыбай көкем ұрсып:

– Қой, «Артек» деген не пәле ол? – деп, оған мамам да қосылып:

– Қой, шырағым, суға түсіп кетерсің. Үйде әке-шешен де жоқ. Ертең теңізге барып, теңізге түсіп кетіп, құрысын, маскара болармыз. Бармайсың! – деп ұрысты. Ертесі күні Нұрлыбай көкем мектеп директорына барып:

– Қызымыз ешқандай «Артекке» бармайды, – деп, мені тізімнен сыздырып тастады. Мен қатты мұңайып, ренжіп қалдым...

Әкем мен оқуға түскен жылдары «МНГР» тресі басқарма бастығының орынбасары болып жұмыс істейтін. Алматыдағы политехникалық институттың мұнай факультетінде оқитын студенттер өндірістік тәжірибеден өту үшін «МНГР»-ге баратын. Сосын оқу бітіргендер осы трестің жолдамасымен әрі қарай барлаушы, бұрғылаушы болып, Жетібай, Жаңаөзен, Ералиевке кететін...

Әкемнің өнеге алатындай қасиеттері өте көп. Ол кісі кешкі асқа бәріміз түгел жиналған күндері ешқашанда үстел үстінде біреулер сияқты белуардан жалаңаштанып немесе тек майкамен ғана отырмайтын. Әрқашан арнаулы үй киімімен – сықырлап үтіктелген ақ көйлегін киіп отыратын. Қазір байқаймын, осы мәдениет, осы әдет-ғұрып балаларына, немерелеріне де дарыған тәрізді. Ойлап отырсам, мұның өзі – үлкен тәрбиелік мәнге ие, жоғары мәдениеттіліктің белгісі екен. Кейде жолдасыма:

– Сендер неге папамдай болмайсыңдар? Ол солай істейтін еді, – десем, үндемейді, қарайды да қояды.

Әкем бүкіл Маңғыстаудың Үстіртін вертолетпен айналып келгенде, шаңнан көзі ашылмайтын. Тіпті кірпіктеріне дейін шаң тұтып тұратын. Басқа біреу болса, жұмыстан шаршаса, үйге ренжіп, қабағын түйіп келеді ғой. Бірақ папам қанша шаршаса да, үйге келгенде:

– Та-ак, балаларым, халдарың қалай? Мәлікжан, не бітірдің? Светажан, сен не істедің? Максұтжан қайда болды? – деп, бәрімізді түгендеп, әрқайсымызға жеке-жеке мән беріп, күнұзаққа не бітіріп, не қойғанымызды сұрап, әңгімелесіп отыратын.

Сөйтіп, ол қанжілік қып қажытқан жұмыстан қанша шаршап

шықса да, ешқашан қабағын шытпайтын, өзін үнемі бірқалыпты ұстайтын...

Күндегі әдеті солай. Ешуақытта бір минут та кешігіп, дағдысынан жаңылмайтын

Белгіленген уақытынан бір секунд та кешікпейтін...

Әкем елінде, жерінде өте құрметті азамат болды. Үлкені бар, кішісі бар, бүкіл халық қатты сыйлайтын. Ол өзі де «Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп» деп Абай айтпақшы, үлкенді «үлкен» деп, кішіні «кіші» деп санап, жұрттың бәрін жанына жақын тарта білді. Ол тек бізге ғана емес, қолынан келіп жатса, жәй танысы болса да, барлық адамдарға көмектесетін.

Апамды қатты сыйлаушы еді. Тума-туыс, бауырларын, апақарындастарын ерекше жақсы көретін. Хабарласқанда, ешқайсысын да ұмыт қалдырмай, барлығының хал-жағдайын сұрайтын. Сондай бір бауыры жұқа, көңілшек, ізгі жүректі, данышпан адам болатын.

Ол кісі туралы өте көп айтуға болады.

Папам өзі соғысқа қатысқан, Қызыл армияның жауынгері болғаннан кейін, Сталинді ерекше жақсы көретін. Біздің үйде үстінде сұр кителі бар, басына фуражка киіп тұрған Сталиннің суреті бар еді. Соны әкем біресе ана жерге, біресе мына жерге – әйтеуір көрнекі жерге қоятын. Кейде серванттағы ыдыстың ішіне салып қоятын. Мен үй жинаған кезімде:

– Мынау неғып тұр? – деп, былай шығарып тастасам:

– Құдай-ау, мұнда не жұмысың бар? – деп, маған ашуланып, қайтадан орнына салып қоятын. Сонда апам:

– И-й, құрысын, тұра берсін. Оны ашуландырып неғыласың? – дейтін.

Сөйтіп, Сталинді жақсы көргені соншалық, менен кейін туған қызына Сталиннің қызының атын беріп, Светлана деп қойды. Светаны папам қатты еркелетті. Ол үнемі әкеміздің сүйікті қызы, орысша айтқанда, «папина дочка» болатын.

Әкеміз – еңбек майданына да, соғыс майданына да белсене қатысқан кеңес азаматтарының бірі. Өзінің айтуынша, 1939 жылы механикалық факультетте оқып жүргенде әскер қатарына

шақырылған. Сол кеткеннен соғысты аяқтап, жеті жылдан кейін, 1946 жылы ғана елге оралған. И.В.Сталиннің қолтаңбасымен, бірнеше орден, медальдармен марапатталған...

1995 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы болғанда, Ресей мемлекеті бұрын ең тұңғыш Жеңіс парадына қатысқан адам ретінде «Қызыл алаңдағы» әскери парадқа қатысуға ол кісіге арнайы ресми шақырту жіберіпті. Ондай шақыру қағазы бүкіл Атырау облысы бойынша тек екі-ақ адамға ғана келген көрінеді. Ол кезде әкемнің өздігінен алыс жолға шығып, жүріп-тұруға онша қуаты болмады...

Менің әкем соғысқа кеткенде Жібек апам тым кішкентай кезінде қалған екен. Елдегі еркек атаулының бәрі майданға кетіп, жұмыс істейтін ешкім жоқ болғасын, Доссордағы әскери зауытта токарлық станокта жұмыс істепті. Сонда ол кісі бар болғаны 14 жаста екен. Өзі құйттай, станокқа бойы жетпейтін болғасын, оған аяғының астына биіктеу қылып ағаштан орындық (подставка) жасап берген...

Папам апалары мен қарындастарынан туған жиендерін де ала-ламай, бәріне бірдей мейірім шуағын төге білді. Әсіресе Жібек апамның қызы Зәурешті төрт қыздың ішінде ерекше жақсы көретін. Оны:

– Түр-келбеті жағынан да, мінезі жағынан да Айса атама тартқан, – деп отыратын...

«Гуля да, Бакос те, бәрі де әңгіме айта бастасақ, сөзімізді тыңдамай, кетіп қалатын» деп, Сәлима апам жиі айтады ғой. Сол сияқты, папам да солай, кешкілікте жұмыстан келгеннен кейін бізге әрдайым әңгіме айтқысы келетін. Өмір мен өлім арпалысқан соғыс қиыншылықтары туралы, басқа да түрлі майдан хикаялары жөнінде әңгімелер айтқанды ұнататын еді. Бірақ біз ол кезде балалыққа салындық па, бұл әңгімелерді ұйып тыңдай қоймадық. Көбіне тыңдамай, үйдің шаруасымен айналысып жүретінбіз. Бірақ әкемнің әңгімесін Мақсұт үнемі тыңдайтын. Ол папамның қасына жатып алып тыңдайтын. Мен «Мақсұт тыңдап жатыр ғой, сол жарайды ғой» дегендей, көп мән бермейтінмін. Сонда ол кісі соғыс туралы да көптеген әңгімелер айтатын. Соның бәрін

кезінде зейін қойып тыңдап, зер салып, жадымызға тоқып алмаппыз...

Ол кісі өте шыдамды болды. Басқа біреу ауыра қалса, мазасы кетіп, қатты қиналар еді. Әрине, ол кісі де іштей қатты қиналды. Бірақ бізге – балаларына «Мен осындай болып ауырып жатырмын, қиналып жатырмын» деп, жан қиналысын сыртқа шығарып көрсеткен емес.

Бір нәрсені айта бастасаң, тағы бір нәрсе еске түсіп, ойды ой қуалап кететін әдеті емес пе?!

Әкем ауырып жатқанда келіп, көңілін сұраушылар көп болған ғой. Бірде Халел нағашымыз да көңілін сұрауға келеді. Мәлік ол кісіні Ақтаудың әуежайында қарсы алады. Күтіп алғаннан кейін Халел ағам:

– Тұра тұр. Қазір алатын жүгім бар, – депті.

Бір уақытта қараса, 1 фляга су түсіріп жатыр екен. Мәлік:

– Мына суыңыз не? Мұны не істейін деп жүрсіз? – десе:

– Сендердің суларың жаман, шәй іше алмаймын, – депті.

Сөйтіп, Халел ағам Ақтауға арнайылап 1 фляга суын арқалап алып келіпті. Сондай қызықтар да болған...

Әкем өзі 1917 жылғы, 79 жасында қайтыс болды. 50 жасын, 60 жасын, 70 жасын тойлады. 80 жылдығын да тойлағысы келген болатын. Бірақ тағдыр дегеніне жеткізбеді.

80 жылдық мерейтойын тойлауды жоспарлап, папамның көзі тірісінде соңғы рет үйге барғанымда, ол керекті құжаттардың бәрін жинап, Махамбет атамыз туралы жазылған кітапты толықтыру үшін әртүрлі тапсырма берген-ді. Өкінішке қарай, бұл ойы орындалмай қалды.

Папамды еске түсіргенде лықып келетін ойлар, көзге елестейтін бақытты сәттер, әрине, өте көп. Ол кісіге туа біткен мәдениеттілік, сүйегіне біткен байсалдылық, болмысы бөлек бекзаттық пен сыпайыгершілік тән еді.

Қазір қай жерге барсақ та, әкеммен бірге жұмыс істегендер, кезінде әкем қол астына жұмысқа алған адамдар:

– Ой, айналайын, Жәкеңнің баласысың ба? – деп, фамилиямыздан танып жатады.

– Жәкең қандай асыл азамат еді, шіркін! – дегенде, біздің төбеміз көкке жеткендей болады. «Жақсы әке – жаман балаға қырық жылға дейін азық» деген осы шығар...

Сөйтіп, оның істеген жақсылығы әрдайым алдынан шығып отырады...

Папам есіме түскенде көзіме зәулім биік, көлеңкесі қою алып бәйтерек елестейді. Осы бәйтерек тәрізді әкеміздің де жапырақтары жайылды, түп-тамыры тереңге кетті, балалары өсті-өнді, немерелері мен шөберелері тәй-тәйлады.

Енді сөз соңында өзімнің отбасым туралы кеңірек айта кетейін. Біз институтты бітіргесін, әрі қарай аспирантурада, докторантурада оқыдық. Мен осында үш жыл болдым да, Мәскеу медициналық академиясынан аспирантура бітірдім. Сол жақта дипломымды қорғап, осындағы қазір жұмыс істеп жатқан университетімізге келіп, сабақ беріп жатырмын. Анатомия кафедрасының меңгерушісімін, профессормын. Жолдасым Абай үш жыл Киевте аспирантурада оқып келді де, одан кейін бес жыл Мәскеуде іш құрылысының дәрігері мамандығы бойынша докторантурада оқыды. Қазір ол – медициналық университеттің ішкі құрылыс аурулары кафедрасының меңгерушісі. Медицина ғылымының докторы, профессор.

Екеуміздің үш баламыз бар. Үлкен қызымыз Сәуле Алматыдағы медициналық институтты бітірген. Бірақ өзі медицина саласына бармай, басқа мамандық бойынша кетті. Екінші менеджер мамандығын алу үшін Халық шаруашылығы академиясында оқып жүріп, оқуын бітірмей жатып, жапондық «Toyota Center» фирмасына жұмысқа кірді. Сонда 20 жылдай жұмыс істеді. Қазір ол жолдасы Тимур Жакселековтың жұмыс бабымен Чехияның Прага қаласында тұрады. Олардың екі баласы бар. Үлкен ұлы 7-класта, қызы 2-класта оқиды.

Екінші қызымыз Мәдина Алматыдағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетін бітірген. Осында бір жылдай жұмыс істеді де, Америкаға кетті. Әуелі Бостонға барып, әйгілі Ель университетіне түсіп, содан бастады да, әрі қарай заңгер мамандығын қайтадан оқып, магистратурасын бітіріп, юстиция докторы атағын алды. 13-14 жылдан бері Америкада тұрады.

Алғашында Бостонда тұрған. Қазір екі жылдан бері Нью-Йоркте тұрады...

Кіші ұлым Әнуар да менеджер және компьютер мамандықтары бойынша 7 жыл Америкада оқып келді. Сосын өзімен бірге оқу бітіріп келген 4-5 бала қосылып, кәсібін ашты. Әнуардың жолдасы – Алматының қызы Айнура. Әке-шешесі – университетте профессорлар. Келініміз «ҚазГерМұнай» деген мұнай өкілдігінде мұнай сату жөніндегі департаменттің директоры .

Тағы да қайталап айтамын, біздің осындай дәрежеге жетуіміздің барлығы – алтын әкемнің арқасы. Әкем – біздің әулиедей санаған әз қамқоршымыз. Біз сол кісінің тәрбиесін алып, барлық ізгі қасиеттерін, жақсылықтарын көріп өстік. Біздің осы өмірде адам болып шыққанымыз, тұлға ретінде қалыптасқанымыз, бүгінгі күні мерейіміз биіктеп, мәртебеміздің өсіп жүргені – сол кісінің шапағаты деп ойлаймын. Ал сол кісіден алған үлгі-өнегеміздің жарты процентін болса да өмірде кәдеге жаратып, орындап жатырмыз ба, жоқ па – оны енді бір Алланың өзі біледі.

## АДАМ РЕТІНДЕ АСҚАН МІНСІЗ ЖАН ЕДІ

**Абай ЖАНҒАБЫЛОВ,**  
*күйеу баласы, медицина  
ғылымдарының докторы.*

Мен – әкеміздің ең үлкен күйеу баласымын. Бағдат екеуіміз үйленгенде ол кісінің 50-ден жаңа асқан кезі болатын. Бірақ сол уақыттың өзінде ол бізге өте үлкен кісі болып көрінетін. Қазір ойлап қарасақ, 50-ден жаңа асқан деген – анау айтқандай үлкен жас емес, нағыз ердің жасы екен.

Ол кісімен қанша уақыт бойы бірге болып, араласып жүргенімде көп әсер алдым. Ол біріншіден, физикалық жағынан өте ірі, қайратты, көрнекті кісі болса, екінші парасат-пайымы жағынан алып қарағанда да, дүниетанымы зор, не нәрсені де тереңнен



ойлайтын, өмірдің ағымын кең қамтып, көлемді көретін, ақыл-ойының аумағы кең, алысқа қарайтын, пікірлі адам болды.

Отбасы мүшелерінің қай-қайсысына да: бізге де, немерелеріне де әрқашан уақыт тауып, әрқайсымызға көңіл бөліп, әрқайсымызды мәпелеп отыратын еді. Біз де барлық уақытта мүмкіндігімізше ол кісінің қасында болуға тырыстық. Ол кісінің шашқан шапағатынан, көрсеткен тағлымынан көп тәрбие алдық.

Ол өмірдің барлық өткелектерінен өтіп, тар жол, тайғақ кешулерін де бір кісідей бастан кешкен адам болатын. Тіршіліктен түйгендері мен тоқығаны, өмірлік тәжірибесі мол еді. Өзі бұл дүниеден өткенше әр уақытта біздерге ақылын айтып, адассак бағдар беріп, жаңылсақ жөнге салып, тәлімін үйретіп, тәрбиелеп отырды.

Өмірінің соңғы кезінде қатты ауырып, дүниеден өтер уақыты жақындаған кезде біз Бағдат екеуміз қасында болдық. Сонда ол кісі өзінің ауруының аяғы қандай болатынын, немен аяқталатынын жақсы біліп жатты. Біз енді дәрігер болғасын, сірә, білеміз ғой. Ал ол өзінің дерті жаман ауру екенін, жазылмайтынын – бәрін бізден де жақсы біліп, терең сезініп жатты.

Бірақ менің таң қалғаным: өзі қатты науқастанып жатса да, сыртқа ешбір сыр білдірмеді. «Бір жерім ауырады» деп, біреудің мазасын алған жоқ. Көп адамдар мұндайда жүйкесі тозып, уайымдап, жан-жағындағы адамдардың да берекесін қашырып, жұрттың мазасын алады ғой. Ал ол кісі олай еткен жоқ. Сол күйі, ауруы қанша жанына батқанмен, сабырын жоғалтпай, бірқалыпты жатты. Ол кісі өзінің о дүниеге кетуін табиғаттың заңы ретінде терең түсініп, құдды бір мына есіктен шығып, ана есікке кіретін адамдай, күнделікті үйреншікті жайт секілді, солай болуға тиісті табиғи нәрседей көріп, орысша айтқанда, «естественно» қабылдады. Мұның өзі енді – үлкен мәдениеттіліктің, керек десеңіз, үлкен адамгершіліктің белгісі ғой. Сонда мен ол кісінің шыдамдылығына, байсалдылығына қайран қалдым. Бұл жағдайдан мен сондай керемет әсер алдым. Осынау тамаша көрініс менің жадымда сол күйі қалып қойды.

Біз өзіміз де дәрігер болғасын, адамдардың дүниеге келуі мен

кетуін ұдайы көріп жүрміз ғой. Адамдар дүниеге бірдей жағдайда келеді: барлығы да анадан «іңгәлап» туады. Ал олардың өмірден кетуі әртүрлі болады. Біреулер жанталасып, жарық дүниені қия алмай, қиналады. Біреулер өкініштен өзегі өргеніп, жер тырналайды. Енді біреулері қамшының сабындай қысқа тірлікте қолы жете алмаған армандарын айтып, аһ ұрады. Ал біреулер сабырлы қалпынан айнымай, арда туған азамат ретінде дүниеден өтеді. Міне, бұл кісі өмірден осындай абзал азамат ретінде абыроймен өтті.

Ол, орысша айтқанда, «самородок» дейміз ғой, сондай нағыз саф алтындай тумысынан тұлғалы, қай жағынан алғанда да, ерекше текті жан болды. Өмірде өзінің сымбаттылығымен, зор тұлғасымен ерекшеленді. Ол өз алдына. Ал жұмысты ұйымдастырушылық қабілеті, отбасына, балаларға, немерелерге деген махаббаты, олармен тіл табыса білуі, балаларының бәріне жағдай жасауы, оларды мәпелеуі жөнінен кім болса да үлгі алатындай кісі еді.

Қорыта айтқанда, мен қай жағынан болса да (енді қызмет жағын бірге жұмыс істеген көп адамдар жақсы біледі ғой), мысалы, отбасы иесі, әке тұрғысынан алғанда, «Бұл кісиде мін бар» деп айта алмаймын. Ондай мін болған жоқ. Ол адам ретінде, азамат ретінде, жанұя басшысы ретінде нағыз мінсіз адам болды. Біздің есімізде ол осындай ғажап кісі ретінде мәңгілікке қалады.

## МЫ ГОРДИМСЯ АТАШКОЙ

Улмекен САЛИМГЕРЕЕВА.  
*Сноха Жаңабая Салимгереева.*

Я, Салимгереева Улмекен Жумагалиевна, родилась 9-го декабря 1952 года в селе Покровка, Ильинского района, Алма-Атинской области в многодетной семье. Мой папа, Орумбаев Жумагали Орумбаевич, 1908 года рождения, ветеран Великой Отечественной войны, инвалид II группы ВОВ. Руы – Алим Шағатай Жекей. Мама, Сарсенова Токтасын Умирзаковна, 1923 года рождения.

Руы – Табын Каражан. Родители были крестьяне среднего достатка. Имели свой собственный дом подворье, домашний скот, подсобное хозяйство, большой огород.

У меня 4 сестренки, 3 братишки и старшая сестра. В 1970 году окончила 10 классов средней школы №8 им. Д.Фурманова с золотой медалью и поступила в Алма-Атинский государственный медицинский институт, на факультет лечебного дела. В 1976 году окончила АГМИ с красным дипломом. Трудовую деятельность начала хирургом в Дмитриевской участковой больнице. В 1979 году вышла замуж и переехала на полуостров Мангышлак. В Мангистауской областной больнице работала ординатором в терапевтическом отделении. С 1989 года, пройдя специализацию, работаю врачом физиотерапевтом. С 1998 года возглавляю физиотерапевтическое отделение Актауской городской поликлиники №1. За трудовое отличие в 2001 году была награждена знаком «Отличник здравоохранения». У нас с Махсутом два сына и дочь, трое внуков.

Аташка моих детей Салимгереев Жанабай Салимгереевич оставил своим внукам – Асылбеку и Алмазу двенадцатилистовую тетрадь записей.

В ней он говорит о корнях, истоках моих детей, о их происхождении.

Подробно пишет об их отце Махсуте и дает подробную информацию о себе. Это он оставил им свое наследие.

У Салимгереева Ж.С. 13 внуков, 6 правнуков. Его дело в нефтяной промышленности продолжили 2 сына и 6 внуков. Продолжают достойно, на благо своей страны Казахстана, далее прославляя фамилию Салимгереевых.

Из записей Салимгереева Жанабая Салимгереевича:

Он родился в 1916 году в Кызылкугинском районе Гурьевской области. Окончил сельскую школу и в 1930 году поехал учиться в Гурьев. В 1934 году окончил рабфак и был направлен на работу на промысел Доссор. Там он работал мастером-механиком в автотранспортной конторе и был неосвобожденным секретарем комсомольской организации.

В 1939 году ушел на действительную службу в Красную Армию и был принят кандидатом в члены КПСС.

Служил в отдельном разведывательном полку в Москве. В 1940 году участвовал в Москве в параде войск. В том же 1940 году поступил в авиационную школу, где получил звание техник-воздушный стрелок.

С начала и до конца войны служил в 214 авиационном Краснознаменном полку. Летал с командиром полка на важные военные задания. Награжден многими медалями и орденами. Ордена «Красной звезды», «Отечественной войны II степени», медали «За освобождение Кавказа», «За освобождение Варшавы», «За освобождение Германии». Имеет много благодарностей от Верховного главнокомандующего.

После возвращения из армии в 1946 году работал председателем бурового комитета, директором автотранспортной конторы, заместителем управляющего трестом «МНГР». Трудовой стаж – 55 лет. Членом КПСС был в течение 50 лет. Ветеран труда. Постоянно был победителем социалистического соревнования. За ратный труд имеет награды: орден «Знак почета», медали «За трудовое отличие», «За трудовую доблесть», «За заслуги в разведке недр» и другие.

Был депутатом поселкового Совета Жилокосинского района и неоднократно депутатом Мангышлакского областного совета. Мы постоянно гордимся аташкой – Жанабаем Салимгереевом.

Теперь несколько слов о муже.

Мой муж Салимгереев Махсут Жанабаевич родился 14 декабря 1950 года в поселке Кульсары Гурьевской области. После окончания школы поступил в Казахский политехнический институт на факультет разработки нефтяных и газовых месторождений. Ежегодно на каникулах проходил практику в Жетыбае. Поэтому, поступив на работу в комплексную экспедицию «Мангышлакнефтегазразведка», показал себя знающим специалистом, был назначен буровым мастером и возглавлял комсомольско-молодежную бригаду.

По итогам работы 1979-1980 годов был награжден «Почетной

грамотой» Центрального комитета ВЛКСМ. За досрочное выполнение заданий десятого пятилетнего плана награжден «Почетной грамотой» Министерства геологии и ЦК профсоюза рабочих геологоразведочных работ.

Был прекрасным спортсменом. Не раз выступал за команду МНГР в соревнованиях по футболу и баскетболу.

В 1979 году женился Улмекен Жумагалиевне. В 1982 году родился первенец Асылбек, в котором родители души не чаяли. В 1985 году – любимая доченька Меруерт, которую, как и любой отец, он баловал, а в 1986 году – наследник Алмаз. Почему наследник? Потому что наследовал фамилию Салимгереев. А Асылбек был на фамилии Жанабаев. Так решили мы вместе, если родится мальчик. И в далеком городе Алма-Ате, когда это еще не разрешалось, Махсугу удалось получить свидетельство о рождении сына на имя дедушку. Асылбеком назвал внука сам дедушка. Затем была работа, забота о семье и детях. Каждый приезд с вахты Махсут уделял максимальное внимание родителям, семье, детям, друзьям. Его доброты, искрящего взгляда, веселого смеха хватало для всех.

Ноябрь 1987 года оказался для него последним. Впереди были большие планы: Асылбека проводить в школу, перевестись на работу в город. Он мечтал о том, как сам за руку отведет сына в первый класс. Но этому не суждено было сбыться.

Дети пошли в школу без него. Окончили учебу в ВУЗах и начали трудовую деятельность без него. Но светлый образ отца всегда в памяти моих детей. Оба сына пошли по стопам отца. Они продолжают династию Салимгереевых – нефтяников.

Старший сын Асылбек окончил Казахский институт менеджмента и экономики при Президенте РК, факультет бухучета и делового администрирования и Казахский Национальный технический университет им. К.Сатпаева, факультет разработки нефтяных и газовых месторождений. Сейчас работает в АО НК «Казмунайгаз» главным менеджером департамента новых проектов недропользования. В 2008 году женился. Супруга Асель окончила Казахский институт иностранных языков, работает в АО «Самрук-

Казына» менеджером департамента управления человеческими ресурсами. В 2009 году у них родился сын Алишер – внук Махсута, правнук аташки.

Дочь Меруерт окончила Казахский государственный университет им. Аль-Фараби, факультет экономики и права, работает в СП «Арман» бухгалтером-казначеем.

В 2003 году вышла замуж. Супруг Айдарханов Рустемабад окончил Московский институт нефти, химии и газовой промышленности им. Губкина. Сейчас работает в ТОО «Каракудыкмунай» менеджером по разработке нефтяных и газовых месторождений. Дочь Альмира 2004 года рождения, заканчивает 1-класс. Сыну Жану 2 года.

Младший сын Махсута Алмаз окончил Актауский государственный университет им. Ш.Есенова, факультет разработки нефтяных и газовых месторождений. Сейчас заканчивает магистратуру по этой же специальности в г. Турин.

Наши дети, которых мы с Махсutom называли «наши драгоценные камешки», стали взрослыми людьми, нашли себя в своей профессии, ответственный за свое дело. Они не подвели аташку и своего папу.

## **МОЙ ЛЮБИМЫЙ ПАПА**

**Светлана АДАМЗАТОВА,**

*Дочь*

Как любимой «папиной» дочке мне хочется поделиться своими воспоминаниями.

Я, Салимгереева (по мужу Адамзатова) Светлана Джанабаевна, живу и работаю в настоящее время в г.Астане в «Республиканском научном центре неотложной медицинской помощи», главным специалистом отделения «функциональной диагностики», врач высшей категории, кандидат медицинских наук. Я – четвертый ребен-

нок в семье (а нас пятеро), младший Малик Жанабаевич, из девочек, нас двое, с Багдат (старшая сестра). Братья и сестры, я думаю, не обидятся, если я скажу, что я была самая любимая дочь у папочки.

Папа мой Жанабай Салимгереевич был человеком с огромным сердцем и Человек с большой буквы. Сейчас уже став взрослой, я часто вспоминаю (и говорю детям, может они когда-нибудь тоже будут вспоминать) наставления папы, он всегда говорил «Адам болындар!». Я девочкой понимала в прямом смысле и думала, что это значит, мы же и так все люди, а действительно оглядываясь вокруг думаю, как это немаловажно сохранить «человеческий фактор», каким бы ты Великим не был. Папа был очень дальновидным, смотрел далеко вперед, когда даже отдыхал или сидел вечером за ужином, мне кажется он всегда думал о каждом из нас – своих детей, родственников, о своих братьях и сестрах, и об их детях. Он очень любил своих сестер и братьев. Старался всегда помочь, дать во время свои дельные советы. У папы всегда был «пунтик» учебы, учиться, учиться и учиться. Закончил школу – дальше институт, закончил институт – иди в аспирантуру, дальше защищай докторскую. Нет, он не заставлял, а тихо-мирно за чашкой чая, или просто при беседе невзначай напоминал, что не надо останавливаться. Может поэтому, в семье мы все кандидаты наук. Он всем своим племянникам, а это все его дети, папа – старший в семье, старался всех опекать, говорил, кто только куда изъявит желание учиться, я всегда поддержу и морально, и материально. Настолько я любила своего папу, настолько я старалась выбрать себе мужа похожего на папу.

После окончания средней школы в г.Шевченко, я прилежно закончила Алматинский медицинский институт. Папа очень радовался, что я стала врачом. В семье я росла королевой среди своих трех великолепных братьев-парней, которые меня всегда опекали, баловали, любили. С моей стороны, конечно, было все взаимно. По особому мы все любили, прислушивались к мнению нашего любимого старшего брата Максута, «правая рука» папы. Он был такой замечательный, не описать словами, такой внимательный

(и к стар и младу), мудрый, умный, очень интеллигентный (никого не обидит). Они все трое братьев так любили нас с Багдат, и себе жен выбирали похожих на нас. Неспроста наверно, у всех моих братьев – жены все врачи, а мужья наши тоже врачи. Папа всегда нас всех сплачивал, никогда не делил снох от дочерей, зятей от сыновей.

Расскажу такой случай, как-то в городе была вещевая ярмарка. Мы с мамой там купили мне импортный симпатичный халатик, довольно-таки по тем деньгам дорогой, рублей 18. А в это время брат Ондас (с женой Галией и сыном Бауржаном) молодая семья, приехавшая из Караганды, после окончания ВУЗа жили у родителей, трудоустраивались в городе (пока у них не было квартиры). Дома хвастаясь мерю халат, а папа начал возмущаться на маму, сколько бы не стоило почему не купила халат Галие, «Ол да қызың емес пе?!». Мама тут же купила и Гале. Этот случай я запомнила на долгие годы, как пример отца, казалось бы мелочь, а «внимание», «көңіл».

Вообще папа нас с Маликом, как «младших», очень сильно любил. Хотя вспоминая по его действиям, он очень сильно уже как к своим «ақылшылар» по особому любил Абая с Багдат, а как любил своих первых внучек Саулешу с Мадиной, души не чаял, покупал дорогие подарки. Нас с Маликом (я училась в Алма-Ате, Малик в Москве) папа всегда баловал, чаще я – если соскучилась могла приехать на праздники домой, лучше всех одевалась на курсе в институте. Но мы с Маликом не подводили родителей, очень хорошо учились, всегда получали стипендии. Вообще у нас было счастливое детство. КЭ «МНГР», где папа работал, создали такие шикарные условия для детей нефтяников, построили пионерские лагеря на Кавказе, недалеко от г.Железноводска, прямо у подножия горы «Бештау». Такая великолепная природа – кругом лес, горы, реки, грибы, ели, белочки прыгают на деревьях... А какой там был досуг, организованный пионервожатыми и воспитателями. Я в этих лагерях уже с 6-ти, а Малик и того младше и так каждый год вплоть до 9-10 классов ездили. Вот эта пионерская дружба детей нефтяников – Актауских и Атырауских школьников, у нас сохра-



нена и до сих пор, мы при встречах вспоминаем наши пионерские костры, песни, танцы, спортивные состязания между пионерскими лагерями, «малые олимпийские игры», шашки, шахматы. Походы в горы, на речки, в лес. Мы в детстве объездили весь Северный Кавказ – Пятигорск, Железноводск, Ессентуки, Нальчик, Приэльбрусье, поднимались по канатной дороге на Эльбрус и летом на вершине горы играли в снежки. И эти все условия, чтобы дети летом в +45° жары не болтались, создавали наши родители.

Папа на работе был строгим, а дома никогда на нас детей не повышал голоса. Мама у нас тоже всегда работала, никогда не была домохозяйкой, и она дома была с нами строгой. У нас детей было – все отработано: раз в неделю генеральная уборка, в будние дни по очереди влажная уборка, а также очередь, кто и когда моет посуду. Поэтому к концу рабочего дня пока родители придут с работы – дома порядок, уроки выучены.

Когда мы с Маликом учились в школе, а папа у нас «жаворонок» он всегда рано ложился и очень рано вставал и делал утреннюю гимнастику и нас приучал к этому. Готовил нам завтраки и провожал в школу. Исключительно папа ходил на наши родительские собрания в школе. И всегда с хорошим настроением и гордо возвращался с собрания, радуясь нашим успехам. А Малик был первый математик «Архимед» в классе, умудрялся за один урок математики получать 4-5 «пятерок» и был одним из лучших учеников в школе.

Папа всегда по-отечески нас любил, защищал своей широкой грудью от всех невзгод. Хоть его сейчас нет с нами, он все равно нас всех детей и всех внуков оберегает и желает удачи во всех начинаниях. А мы его не подведем и будем высоко нести знамя фамилии – Салимгереевых.

После окончания медицинского института в Алматы, я три года проработала в г.Актау, познавать и осваивать – педиатрию. Я прошла хорошую школу во главе своих старших товарищей, главного врача областной детской больницы г.Актау Сариной Ж.О., главного врача детской поликлиники Бегалиевой Ж.К., Ибрашевой У.Р.,

приобрела новых друзей и подруг – докторов Туманбаева Г.К., Жаксымбетова Ш.Н., Бекназарова Д., с которыми дружу и поддерживаю отношения до сих пор. Затем поступила в 2-хгодичную клиническую ординатуру в г.Алматы «Казахский научно-исследовательский институт педиатрии и детской хирургии» под руководством академика Ормантаева К.М.

После окончания клинической ординатуры осталась работать также в Центре педиатрии, где и проработала до 2009 года. Я работала в отделении кардиологии – врачом, заведующей клинко-диагностическим отделением, старшим научным сотрудником отделения функциональной диагностики. У меня в «Научном центре педиатрии и детской хирургии» были замечательные педагоги профессора – Мажимаев К.А., Хабижанов Б.Х., Омарова К.О., Кожанов В.В., Кусаинова Ш.Н., перед которыми я преклоняюсь и сейчас, которые направляли на правильный путь и оказывали большую поддержку. Был очень слаженный, добрый и дружный коллектив.

Этот институт для меня очень дорог – там я встретила своего любимого супруга Жумагали Рахимовича Адамзатова. Затем в г.Алматы родился у нас сын Ильяс, здесь же мы Жумой начали повышать профессиональный, а затем и научный уровень. Сначала Жумагали (защита у него была в г.Москве), позже я в г.Алматы защитили кандидатские диссертации. Мой супруг Адамзатов Жумагали Рахимжанович врач хирург-уролог, работал как в детской, так и в взрослой урологии. Как я ранее уже отмечала, я мечтала, чтобы мой муж немного был похож на папу (папа – для меня идеал-мужчин). И он был похож на папу, такой же крупный, большой, немногословный, интеллектуально развит во всех отношениях, с чувством юмора. И я даже не совсем поняла, как все получилось, плавно от папиных рук попала в такой «тыл», что за широкой спиной Жумагали, нам с сыном всегда было тепло и уютно. О нем, как и папе, я наверно могу говорить много (поэтому об этом попозже, в «мемуарах» – шутка). Я просто хочу сказать, что он был «трудоголик» и «ас» своего дела, у него были «золотые руки».

Он уроженец г.Семипалатинска, закончил там же медицинский институт, педиатрический факультет, отработав 3 года после института, закончил клиническую ординатуру в г.Алматы «Казахский научно-исследовательский институт педиатрии и детской хирургии» и после чего, его оставили работать в отделении урологии – заведующим. Затем их отделение перевели на базу Республиканской детской больницы «Аксай». И с этого момента все закрутилось – освоение детской урологии, консультации по всему Казахстану, где набрав материалы по кандидатской диссертации (руководитель академик Ормантаев К.С. и 2-й руководитель проф. Клембовский А., г.Москва) успешно защитил в 1991 году в г.Москва. Постепенно прорабатывая и приобретая профессиональный уровень, мы двигались вперед.

Отработав определенное время в детской урологии, Жумагали пригласили поднять фтизиатрическую урологическую службу Республики, в «Научном центре проблем туберкулеза» там же в г.Алматы. Пришел зав. отделением урологии, старшим научным сотрудником, затем руководителем отдела. Труд хирурга очень кропотливый, тяжелый, не только умственный, но и физический (по 7-8 часов за операционным столом) за ним тысячи-тысячи спасенных малышей, благодарных родителей и взрослых пациентов. Был очень отчаянным «рубаха – парень» очень грамотный, великолепный сильный голос, хорошо пел, любую компанию поддерживает, а сколько в нем юмора.

И вот Астана – открывается Медицинский холдинг – куда входят крупные медицинские центры, требуются высокопрофессиональные врачи, хирурги, в т.ч. и «Республиканский научный центр материнства и детства» и в отделение урологии приглашают Жумагали Рахимовича Адамзатова.

Дома посовещались, наша семья едет в Астану. А к этому времени наш сын Ильяс успешно заканчивает технический лицей в г.Алматы, затем Казахский Национальный Технический университет им. Сатпаева, факультет нефтяной. В детстве на вопрос: «Кем ты будешь, когда вырастишь?», он отвечал: «Урологом». Но, повзрослев, он решил пойти по стопам деда и дядей (Максута,

Малика). После института учился в Эдинбурге (Шотландия) на стажировке, а затем закончил магистратуру в Турине (Италия) 2 года. Вот только недавно приехал, собирается устраиваться на работу. Ильяс вырос самостоятельным и сильным мальчиком, помимо учебы, он занимался спортом, он мастер спорта по водному поло, играл в молодежной сборной Казахстана. Всегда очень внимательный к старшим (бабушке, родителям), заботливый, порядочный и добрый сын.

Но в 2009 году постигла нашу семью незаживающее горе, скончался скоропостижно мой супруг, Ильясика отец – Жумагали, в цветущем для него возрасте – 54 года. Для нас эта трагедия, «как гром среди ясного неба», «рана», которая не затянется никогда. Завершал докторскую диссертацию, с хорошим настроем, готовился к защите, к работе. У нас в семье были большие планы, перспективы. Мне тяжело говорить о Жумагали в прошедшем времени, еще слишком «свежа» рана, поэтому пока всё. Но мы с Ильясом и все наши многочисленные родственники будем его помнить всегда.

Папа очень сильно любил мою семью, в т.ч. Жумагали. Всегда старался нам помочь, очень переживал и радовался, когда Жума в Москве защищал кандидатскую диссертацию. Как группу поддержки отправил сына Малика с ним в Москву, потом мы их с почестями встречали.

Тогда папа сказал: «А теперь не откладывая «в долгий ящик» дорога в науку вам – Светжан и Маликжан». Папа всегда добавлял к нашим именам окончания «жан». Я часто вспоминаю папу (в одиночестве – всплакну), какое у нас было беззаботное, счастливое детство. Папа заранее продумывал когда мы или внуки собирались приехать в Актау, как занять наш досуг, на какую зону отдыха лучше поехать, чтобы обязательно было хорошее питание. Он был готов достать нам «солнце», «звезду» с неба, и старался сам никогда нам не создавать забот. Он очень любил маму, каждый год в отпуск старался, чтобы вместе где-то отдохнуть в санатории. А на работе папа отдавался полностью. Иногда уезжал неделями в поле, на разведку и приезжал уставшим, весь в пыли, загоревший

(а жара у нас +50°), заходил домой с улыбкой, что семья в порядке, все живы-здоровы.

Я очень благодарна судьбе, что у меня великолепная, дружная семья.

Хочу рассказать один случай. На одном из застолий рассказывали ребята-нефтяники: «Однажды поехали в поле на разведку с Жанабай Салимгереевичем на нескольких машинах, дорога дальняя почти 500 км, наконец-то приехали. Жанабай Салимгереевич всех нас собрал, (людей, которые были там на вахте) провел совещание, все по полочкам разложил, дал определенное задание, где-то поругал, где-то похвалил. После дороги, совещания – мы все, даже нет сил поужинать, свалились с ног от усталости, лежим и через некоторое время осторожно спрашиваем: «А где бастык?». А нам отвечают: «Обратно в город рванул!», утром должен быть на работе, в конторе. И так обратно 500 км. Вот тогда, мы были в шоке «Вот Жаке да-а-ёт!». Молодежь такого натиска не выдерживает, сколько сил и энергии у этого человека, для него работа, партия превыше всего. Вот такой он был неутомимый человек».

Еще один случай из жизни. Как-то приехала в Актау, уже не было папы, пригласила подруга в гости. И там подруга моей подруги (мы с ней незнакомы) выражает мне соболезнование по поводу кончины моего папы и рассказывает мне, какой замечательный был мой отец. Ее история из жизни. ...Она с мужем, молодые специалисты-нефтяники приехали по распределению в КЭ «МНГР». Сначала муж, а через год и она. Был уже 1 ребенок, на второго беременная. А квартиры нет и нет, хотя обещали сразу, муж стесняется каждый раз ходить к начальству. «И однажды, я записалась на прием к Салимгерееву Ж.С., а до этого я слышала, что он очень человечный человек. И наконец волнуясь я на приеме, очень душевно все выслушал и обещал при первой же возможности помочь. И Света, ты не представляешь, сколько было радости, когда нам выделили 3-х комнатную квартиру, не долго пришлось ждать, одним из первых среди молодых специалистов, и этому способствовал Жанабай Салимгереевич,

т.е. хочу сказать «этот человек слов на ветер не бросает», обещания железно сдерживает. Потом я родила третьего ребенка и до сих пор этот дом «құтты үй». Мы живем в этой квартире, хотя сколько было возможностей поменять на новую квартиру, а прошло уже почти 20 лет. Потом еще по работе сталкивались, он и не помнит может меня, но о нем всегда все говорили очень доброе и хорошее, хотя если касается работы он всегда строг. Я очень благодарна судьбе, что на начальной трудовой деятельности не дали моей семье свернуть с дороги, разочароваться в работе, в людях, вот такие очень душевные и понимающие люди. А когда услышала, что Жанабая Салимгереевича не стало, я все бросила и проводила со своими коллегами и родственниками в последний путь своего руководителя, наставника»...

Я, конечно, же была очень тронута ее рассказом, и все это вспомнив, обе всплакнули. А сколько таких людей, которым папа протянул свою добрую и сильную руку, он всегда всем желал благополучия.

Когда в душе мне плохо, или что-то не получается, я вспоминаю папу, что бы он мне сказал, как бы успокоил, направил и мне становится светло и радостно в душе. О папочке у меня много тёплых воспоминаний и добрый его облик всегда у меня передо мной.

Папочка, Вы всегда с нами!

## ПАПА ЖАНАБАЙ – ЭТАЛОН ДОБРОТЫ

**Зауреш КАЛЖАНОВА,**  
*Дочь сестры Жибек*

Мы выросли вместе в Актау. Тогда город назывался Шевченко. Мы жили в соседних квартирах. Наша квартира была 33. Квартиры 33 и 34 были знаменитые. Дома были галерейные и мы там прожили больше 10 лет. Были как одна большая семья. Родителей Малика, мы называли «папа-мама». Мама это Агиба апа, Малика

мама, живет сейчас в Астане. В детстве, когда я была маленькой, не понимала различие, кто мои настоящие родители, а кто не настоящие, папа-мама. Для меня это было единое. Потом, уже когда стали по старше, мы стали называть «большой папа» и «большая мама». Они для нас были как родители. Воспитывали нас так же, как и наши родители. То есть, Малика папа (как мы его называли) был для нас эталоном доброты, спокойствия. Он всегда был очень внимательным.

Помню по-детству, когда мы были еще маленькие, Света была студенткой, а я – школьницей. Света приезжает на каникулы летом и мы сидим на скамеечке на галерее, и Света спрашивает:

– Папа, я хочу дубленку! Ты мне купишь дубленку?

Папа сказал:

– Иә, қызым, әрине алып беремін.

В моей памяти осталось, что любая просьба детей была в порядке вещей и это никогда не обговаривалось и выполнялось.

Помню себя маленькой, если у меня появлялась новая вещь, я бегу к папе просить «көрімдік». Я папе «Папа, смотри, мама мне купила такое (например, такие туфли)», а он: «Қатып қалды, қызым!».

У него было выражение «Қатып қалды!». И он говорил:

– Шешесі, ақша бер!

Я должна была побежать к ним домой, показать новую вещь, и получить «көрімдік». Это воспоминания моего детства.

Хочу сказать, что у нас было очень счастливое детство. Я очень хорошо помню, все большие мероприятия, например, как шестидесятилетие папы, тогда все приехали с Атырау, Нурлыбай кокемдер из Кульсаров, Багдат, Нагжан апай тогда еще была жива. Это был 1977 год. Мы жили в Актау. Все гости располагались в двух квартирах. Но мы это не ощущали. Нас было так много, все бегаем, ходим между двумя квартирами, каждый день какое-то событие, и мы все собираемся, сидим и обсуждаем. И дух того времени до сегодняшнего дня у меня в памя-

ти, это было самое счастливое время, когда мы все были вместе, и все было одно целое, и возглавлял это одно целое – папа.

У нас даже есть памятная фотография, мы специально ходили фотографироваться, тогда в г.Шевченко в 6-микрорайоне была специальная фотостудия. И мы всей толпой ходили туда. Я не знаю сколько нас было, но было очень много. Тогда я была школьницей, в 7 классе. Я не хотела идти. Я говорю «не хочу идти всей толпой». Но меня гонят, заставляют. И мы все вместе фотографировались. Тогда еще Макс (Максут) был. То есть, все были живы, моя мама, Нагжан апа, папа, Максут. Все еще есть эта фотография. Это было незабываемое время.

А потом, я вышла замуж и жила в г.Актобе. В 1987 году, папа праздновал своё 70-летие. Я не могла приехать, хотелось, но у меня не получилось. У меня был маленький ребенок. И я позволила в г.Шевченко:

– Как вы там? Как у вас проходит мероприятие?

Потом через 10 дней наш брат Максут трагически погиб. И потом мама мне сказала: «Ты так хотела приехать сюда на юбилей папы». Так получилось, что когда уже брата не стало, я приехала на похороны. Я хочу сказать, что, папа был, наверное, та вершина, которая нас всех собирало, сплавляло, объединяло. Я помню это с маленького возраста (с пяти-шести лет как я помню себя) и до конца, пока папа был с нами. Наши родители нас воспитали, что главное слово за ними. Для моего отца (он моему отцу будет кайынага) он был тоже советчиком во всем. Такие только теплые, хорошие воспоминания приходят на память.

Я сама – врач-стоматолог. Работаю сейчас в Алматы в клинике «Приват», многопрофильная клиника. У меня двое детей. Старший сын, зовут его Гани закончил университет, сейчас работает в Астане. А дочка учится в Алматы, зовут Малика.

Конечно, сейчас среди нашего взрослого поколения папы не хватает. Ну мама сейчас живет в Астане. Пусть она и все наше старшее поколение долго живут! Будут по дольше рядом с нами!



## МОИ ВОСПОМИНАНИЯ ОБ ОТЦЕ

Малик САЛИМГЕРЕЕВ,  
Сын.

Воспоминания об отце, невольно возвращают меня в беззаботное детство, когда не надо не о чем думать, потому что все за тебя продумано вперед, твоя задача – только учиться.

Наша семья переехала на Мангышлак (ныне Мангистау) в 1962 г. из пос. Кульсары, в г.Форт-Шевченко, мне тогда не было и двух лет, тогда была одна – Гурьевская область, причиной переезда явилось перевод отца по работе. Отец приехал на работу в г.Форт-Шевченко в феврале 1962 г., а мы (это семья) переехали летом 1962 г. (в июле). Как выше писалось, отец работал в КЭ «МНГР» (Комплексной Экспедиции «Мангышлакнефтегазразведка»), организация называлась то КЭ, то Трест, но сути не меняла. Она проводила геологоразведочные работы по всей территории Мангышлака и не только. Я думаю никому не надо рассказывать и объяснять, чего достигла эта организация за тот период работы и какие сделала масштабные открытия и откуда пошла первая нефть Мангышлака. В этом году (2011 г.) празднуется 50-летие Мангистауской нефти. Какие люди, тогда работали, это были ассы своего дела, высокие профессионалы, которые ради дела, шли в огонь и воду, не считаясь со временем, работали днем и ночью. Всех конечно не перечислишь, и я заранее прошу прощения, кого не назвал, но мне хотелось бы отметить, именно тех, кто в те годы работал в геологоразведке, бок о бок с моим отцом – это Узбекгалиев К., который и пригласил отца, Балгимбаев С., Тажиев Х., Токарев В., Абишев Б., Нечаев В., Корсун П., Хаиров Б., Кусаинов Е., Балмухамбетов Г., Рзаханов К., Айдарханов Т., Кушенов Т., Нургазин Ш., Тасболатов К., Ибрашев Р., Кенебаев Ж., Нурманов А., Умбеталина К., Ерубасев Ж., Аманиязов К., Казиев К. и многие-многие другие, заслуженные люди.

Затем в 1964 г. данная организация передислоцировалась в пос.

Ералиеву (ныне Курык) и естественно наша семья переехала туда. В 1966 г. (июне) мы снова переехали, но уже в г.Шевченко, где я ходил в детский сад во 2-ом микрорайоне. Затем в 1967 г. пошел в среднюю школу №5, которую в 1977 г. закончил.

Когда из пос. Ералиеву, (1966 г.) головной офис отца переехал в г.Шевченко (ныне Актау), мы получили квартиру в 4-ом микрорайоне, в доме №51, и так получилось, что семья Калжановых, это семья сестры (ее звали Жибек) отца, жили в соседних квартирах, мы в квартире 34, а они в квартире 33. Сусын Нуркеевич Калжанов, супруг Салимгереевой Жибек, ветеран Великой Отечественной войны, закончил Уфимский нефтяной институт, известный нефтяник, в свое время работал на различных должностях на промыслах, одним из последних мест работы в НГДУ «Жетыбайнефть» Производственного Объединения «Мангышлакнефть» на должности главного инженера. Жибек-апа работала учительницей начальных классов средней школы. У них выросли замечательные дочери – это Зауреша, Майра, Дана, Алия. С ними мы росли вместе, мы – это в основном Света и я. Для нас девочки, как родные сестренки, так как мы были всегда вместе и для них я был, как старший брат. Сейчас, они уже взрослые, получили все высшее образование, каждая имеет свои семьи, детей, все живут в г.Алматы. Это тоже является частичкой нашей жизни, как мы жили дружно. Родители наши были всегда вместе, все мероприятия и праздничные, и семейные, и поездки на море, мы проводили вместе. Сейчас, даже повзрослев, когда мы собираемся вместе, мы их называем «Калжановские девчонки», хотя у некоторых уже фамилии другие, мы с теплом вспоминаем о наших прожитых совместно с родителями годах в славном городе Шевченко, ведь там прошло наше драгоценное, беззаботное детство.

Если говорить про отца, то в жизни он меня научил многому, как например – общение с людьми, с коллективом, отношениями с друзьями, коммуникабельности, целеустремленности в жизни. Самое главное, я считаю, это порядочности во всем и по отношению к друзьям и к коллегам по работе. Отец всегда трепетно относился к нуждам своих коллег, сотрудников, подчиненных и про-

сто рабочих, будь это обеспечение отдыха или досуга, жилья, общежития и т.д., хотя может быть кто-то скажет, что это было его должностной обязанностью, но тем не менее он это делал от души и старался всегда помочь или оказать содействие в том или ином вопросе, где бы это не было, на работе, дома и т.д.

Сейчас, думая о прошлом и вспоминая, думаешь, что надо было расспросить его более подробнее о его родителях, о его работе, о его коллективе, о Великой Отечественной войне, которую он прошел от начала до конца с 1939 г. по 1946 г. И это не хватка времени, суета-сует, когда хочешь везде успеть и все сделать. Да и молодость наверное, это только сейчас понимаешь.

Отец, по специфике своей работы часто ездил в командировки, такая у нефтяников работа, тем более он работал в геологоразведке (о чем само название говорит), по разведочным площадям, где находились объекты КЭ «МНГР» и приезжая с командировки домой он всегда приветливо улыбался, не показывал свою усталость или неудовлетворенность по работе, что часто бывало в его нелегкой работе, т.е. все оставалось за дверью нашего дома.

У организации (КЭ «МНГР»), где работал отец, на Кавказе, в г. Железноводск (пос. Иноземцево) возле горы Бештау был свой подшефный в летний период – пионерский лагерь «Мангышлак», а в осенне-зимне-весенний периоды использовался как пансионат (ныне «Геолог Казахстана»), т.е. летом отдыхали дети работников, а в остальное время работники предприятия. В строительстве данного комплекса, принимал непосредственное участие и мой отец. Мы летом туда часто ездили отдыхать. Благодаря этому, мы дети геологоразведчиков и нефтяников, в то время Мангышлакской (ныне Мангистауской) и Гурьевской (ныне Атырауской) областей знали друг друга и с удовольствием общались, даже сейчас встречаясь с удовольствием вспоминаем детство.

Большую роль сыграл ПАПА и при выборе моей профессии, ну во-первых, он сам нефтяник, во-вторых, мы с нефтяного региона, в окружение и у отца и у нас были нефтяники и их сыновья, поэтому у брата Максута, у его детей, у сыновей Ондаса, у сына Светы, у меня и я думаю у моего сына при определении дальней-

шей своей профессии вопрос не стоял, мы знали, что мы будем нефтяниками, продолжателями профессии отца и бабушки.

После окончания средней школы №5 в г.Шевченко, я в 1977 г. поступил и в 1982 г. закончил Московский институт нефтехимической и газовой промышленности им. И.М.Губкина. Со мной вместе на потоке учились и сегодня до сих пор мы вместе идем по жизни, общаемся, дружим семьями, это мои студенческие друзья – Оржанов Сабыржан Табынович, Кан Алексей Владимирович, Марабаев Ермек Насипкалиевич, Балжанов Рустем Кумарович.

Благодаря отцу во время студенчества, у меня не было проблем с поездками почти по всему СССР во время каникул, я был и на КМА (Курская Магнитная Аномалия), и в Якутии (Восточной Сибири), и в Татарии, и на Кавказе на практиках, не говоря о Ленинграде, Риге, Таллине, Киеве, Краснодаре и Крыме.

Друзей у меня, как у отца много, он научил меня ими дорожить и ценить их. Где бы я не работал, я всегда старался придерживаться наказам отца и благодаря этому у меня много друзей. Мое богатство – это мои друзья. Как он радовался видя моих близких друзей, всегда спрашивал как у них дела, работа и т.д.

Впервые отца я увидел очень сильно расстроенным, это когда он и мы потеряли своего сына и брата Максута, трагически погибшего 18 ноября 1987 г. Любому человеку тяжело терять близкого, тем более сына, а Макс, так мы в семье его называли, был у отца первенец-сын, надежда, его опора, как старший сын. Но увы, судьба так у него сложилась, видно и хорошие люди нужны там. Он был для нас и для меня лично другом, действительно БРАТОМ с большой буквы и конечно же просто замечательным человеком, готовым всегда быть рядом с тобой. Для нашей всей семьи это была большая невосполнимая потеря. Но жизнь, как говорится продолжается, у него уже выросли дети, старший сын Асылбек и средняя дочь Мируша получили высшее образование, создали свои семьи и уже работают, младший сын Алмаз, закончил институт и приступил к трудовой деятельности. Оба сына Максута пошли по стопам Аташки и отца (Максута), работают в нефтяной от-

расли, они являются одними из продолжателей фамилии Салимгереевых, в профессии-нефтяника.

Когда у Максута родился сын Асылбек (7 января 1982 г.), он дал ему фамилию Жанабай, в честь отца, чему отец был очень доволен. Хотя в то время это было сделать очень сложно. И Асылбек (мы в семье любя его называем «Асёка») является единственным в нашей большой семье носителем фамилии Жанабай (по имени Аташки).

Мы с Гулшарой поженились 12 марта 1988 г. Имеем двоих детей, дочь Айдана родилась 26 августа 1989 г. и сына Асета – родился 5 февраля 1991 г., родившихся в г.Актау. Закончившие среднюю школу в г.Атырау. Они получили среднее образование и сейчас учатся в США. Айдана на 5-ом курсе Northeastern University, Boston, Massachusetts, по специальности – Business Administration and Management. Асет на 3-ем курсе Colorado School of Mines, Golden, CO, по специальности – Petroleum Engineering.

Когда я женился, отец уже был на заслуженном отдыхе (пенсии), он с удовольствием играл с моими детьми Айданой и Асетом, если дети хотели на улице погулять, то они брали каждый свою обувь и бежали к аташке, он уже знал, что они хотят на улицу, сам их одевал и с удовольствием выходил с ними. Всегда сам ходил в детский сад за ними. Старался всегда быть с ними. Он ради детей никогда не ленился, даже в детский сад таскал игрушки, машинки, не говоря о сладостях и маленький велосипед для Асета, мы говорили: «Зачем, домой придете и возьмете», а он говорит: «Асетжан будет спрашивать» и забирал с собой, исполнял почти все прихоти детей. Дома возился с ними, играл в игры, в карты и т.д., что придумают дети, то он и делал.

Одним из любимых праздников у отца – 9 мая – День Победы. Он готовился к этому празднику заранее, мы чистили его ордена и медали, папа сам готовил свой парадный костюм. Вокруг бегали мои дети, в предчувствии праздника, что завтра пойдем на парад. Естественно вечером в день праздника собирались гости у нас дома. Приходили родственники, друзья родителей. Мне бы хотелось отдельно остановиться на друзьях родителей, с которыми

ми они постоянно на любых мероприятиях, как говорится и в радости и в горе, всегда были вместе – это Халелов Бари-ага, Нургазин Шадау-ага, Хусаинов Мусташ-ага, Сатыбалдиев Егизбай-ага, а также Атчибаев Абу-ага, Губайдуллин Рахметулла-ага, Айдарханов Тергеу-ага, Хайдаров Саламат-ага, Есенжанов Жетпысбай-ага, Гумаров Каким-ага, Рзаханов Киикбай-ага и многие-многие другие, естественно и их семьи, а раз дружили они, то и дружили дети, т.е. мы. Мне было всегда приятно видеть их, таких дружных, веселых, жизнерадостных. Но годы берут свое, кого-то уже нет, кто есть и при встречах с ними или с членами их семей, мне всегда приятно, потому что это друзья моих родителей и соответственно перед глазами сразу всплывает наше беззаботное детство.

Еще я помню выражение отца, которое он всегда говорил, это слово – «ОТЛИЧНО». Когда мы готовясь к школе Света или я, отцу показывали школьную форму и спрашивали: «Как, папа, пойдет?», он всегда говорил: «Отлично», т.е. этим самым он подбадривал нас и одобрял наш выбор. И мы уверенно шли, получив одобрение отца.

Отдельная тема воспоминаний про отца, это когда кто-то из членов нашей семьи или родственников прилетали или улетали из аэропорта. Прилетая домой, откуда бы не было, или с пионерского лагеря, или на каникулы, или с практики и т.д., я всегда знал, что в аэропорту именно возле трапа самолета меня встретит мой папа, улыбаясь помашет мне рукой, пока я начинаю спускаться с трапа самолета. И мы (это мои сестры и братья) считали, это нормально, потому что папа сам всегда ездил в аэропорт нас встречать.

Хотелось бы отметить ещё о таких качествах отца, как забота о ближних, как он переживал и старался помочь и взять груз ответственности на себя, чтоб облегчить тяжесть другого. Это я о его братьях и сестрах, которым он старался всегда помочь и быть с ними в трудную минуту. Как он переживал, когда их терял. Он всегда старался сплотить всех родственников, чтобы все были вместе. Благодаря этому мы с родственниками до сих пор вместе,

общаемся, созваниваемся, радуемся успехам и в горе тоже стараемся быть вместе.

Благодаря заложенному, отцом родственному стержню, сегодня наши взаимоотношения с родственниками отца и матери всегда остаются хорошими. У отца два младших брата, Нурлыбай-коке и Жангирбай-папа, я их так называл и называю, в их больших семьях, ведущими, как бы мотором или лидерами являются их сыновья, Талгат и Оспан. Я думаю, это надо отметить не в обиду другим братьям. Это, наверное, правильно и так должно быть в каждой семье, кто-то должен быть ведущий, кто-то ведомый, чтоб спланировать, решать и направлять, как это в своей семье делал мой отец. Созваниваясь с ними (Талгатом и Оспаном) я всегда знаю и в курсе всех событий в их домах, семьях, я имею ввиду всех моих братьев и сестер со стороны братьев отца Нурлыбай-коке и Жангирбай-папа. Мы всегда стараемся созваниваться и держаться друг друга. Хотелось бы еще отметить, про Оспана, как младший брат он для меня является большой опорой и поддержкой.

Еще помнится, как отец радовался любым успехам своих детей, затем снох и зятей, будь это продвижение по службе, или получение очередного звания кандидата и доктора наук, профессора – это про Абая Кенжебаевича (супруг Багдат). А когда мы защитили кандидатские – Багдат, Жумагали, я, как он гордился и был счастлив за нас!

Сегодня в нашей семье Абай и Багдат являются старшими у нас после родителей и мы всегда с ними созваниваемся не зависимо, где бы мы не находились, всегда делимся своими успехами и радостями, советуемся с ними и они на правах старших всегда советуют, направляют, рекомендуют нам как быть в той или иной ситуации или какое принять решение.

Мне также хотелось бы отметить, такое приятное событие (май 2007 г.) для нашей семьи, это открытие мемориальной доски в честь нашего отца Салимгереева Жанабая Салимгереевича, которую повесили на стену нашего дома, возле нашего подъезда, где мы жили в г.Шевченко, это в 14-микрорайоне, в 19-доме. Вы не представляете какая радость и гордость у нас была! Радость, что

отметили папу, не забыли. А гордость просто за ПАПУ. Я благодарен за это акимату области, города и коллективу АО «Мангистаугеология».

Отдельно мне хотелось бы немного остановиться и об отце моей супруги Гулшары, о Кулжанове Узбек Кулжановиче, я любя называл его «БАТЯ». Какой он был человек – уважаемый, тихий, немногословный, скромный, но на работе говорят, был очень строг. Когда мы его потеряли, для нашей семьи это было большой потерей и ударом, отец Гулшары – это само собой, а еще как точку опоры.

В целом подводя итоги своих воспоминаний мне хотелось бы сказать, что ПАПА мой, я думаю и для всех других СВОЙ ОТЕЦ, является эталоном в жизни, так в принципе должно быть, потому что они (отцы) дают нам путевку в жизнь, направляют нас на правильный путь, обучают, женят, обустроивают и т.д. Даже, когда мы уже взрослые и имеем свои семьи и детей, все равно мы для них дети и они также переживают (переживали) за нас и радуются (радовались) нашим успехам.

## **НАШ ЛЮБИМЫЙ АТАШКА!**

**Айдана САЛИМГЕРЕЕВА,**

*Внучка*

Для меня и моего брата Асета, память об Аташке, это – теплые, счастливые воспоминания о детстве. Он – самый лучший в мире Аташка! Высокий, красивый, добрый, заботливый, любящий и любимый, а еще он был участником Великой Отечественной Войны.

Хотя прошло немало времени и мы уже выросли, светлые воспоминания об Аташке остались в памяти. Мы маленькими, хотели все время играть, бегать, каждый хотел быть первым во всем. Первым получать игрушки, первым искупаться в ванной, чтоб



первого забрали из садика, первый подержать руль настоящей папиной машины, первым сесть на переднее сиденье в машине, чтоб первым подняли на руки. Папа всегда нас поднимал сразу двоих. Кто оставался второй, закатывал скандал! И еще какой!

Я с Асетом росли как двойняшки, ведь между нами 1,5 года разницы и были всегда и везде вместе. Не просто было с нами, особенно Аташке! Он никогда нас не ругал, что бы мы ни натворили. Если что-то, мы с Асетом натворим или набалагурим и мама нас ругает и хочет наказать, мы всегда бежали к нему и прятались за его широкой спиной, он для нас был надежное «укрытие», и никто не мог нас «достать» или что-либо сказать.

Наше общение приносило нам радость, интерес. Мы вместе разучивали и пели разные казахские народные песни, такие как «Мариям» и др.

И когда я сейчас слышу эти песни с красивыми мелодиями знакомые с детства, я всегда тепло вспоминаю Аташку!

Помню, как мы в карты с ним играли, хотя я и не знала ни мастей, ни названий. Эта была игра «без правил». Я всегда выигрывала, и это для меня было большой радостью.

Мы с Асетом ходили в детский сад, возле нашего дома. По утрам Аташка нам всегда говорил: «Мойся, одевайся, в детский сад собирайся!».

Забирал из садика нас тоже он сам. Он приходил за нами с трехколесным велосипедом, в кармане шоколадки, орешки или семечки. По дороге домой мы рассказывали ему, как прошел день. А еще иногда, когда нам хотелось, он разрешал нам доиграть с ребятами на участке в садике, а сам сидел и наблюдал за нами. Мы бегаем, резвимся, когда устанем подсаживаемся ему на колени, чтобы передохнуть и слышим его заботливые слова: «Будьте осторожны, не упадите».

Помню, что по вечерам он всегда смотрел по телевизору новости (программа «Время»), и перед новостями всегда шла передача «Спокойной ночи, малыши!», на которую он всегда звал нас и мы бежали на перегонки, кто первый!

Когда садились кушать, Аташка обязательно нам с Асетом помажет хлеб с маслом и посыпит сверху сахаром, как мы говорили с «секером». А летом мы ели арбузы с хлебом, так Аташка любил. Это так вкусно!

Когда мы с Асетом ходили в гости и на столе не было хлеба с «секером», то мы удивлялись как этого на столе нет.

Еще вспоминаю, как однажды мы с семьей приехали в Алматы в отпуск к Абай ага и Бакос апа и для нас было удивительно, что у них нет маленьких детей, чтоб нам с кем-то играть, нет еще самое главное Аташки и Ажешки и сейчас мы это с улыбкой вспоминаем, в то время у нас было понятие, что все обязательно должны жить вместе: Аташка и Ажешка, папа, мама и маленькие дети. Тем более были примеры, дядя Талгат и тетя Эльмира тоже живут с родителями мамы.

Помню Асет маленьким иногда хотел спать с Аташкой. Аташка беспокоился и заботливо приносил из кухни табуретки, ставил рядом, вдоль кровати, накрывал их «корпешками», чтобы Асет не упал. А Асет полежит немного, когда выключают свет начинает проситься к маме. А так как он боялся идти по темному длинному коридору, Аташка провожал его, включал свет и он убежал.

Праздник 9 мая! День Победы! Это – для нас особый праздник, ведь Аташка наш был причастен к этому дню. Аташка и вся наша семья готовилась к нему заранее. Помню, он доставал свой парадный костюм с орденами и медалями, их было у него очень много. Папа начищал их до блеска. Аташка важно руководил, а мы бежали с Асетом вокруг, радовались и чувствовали приближение большого праздника!

Его приглашали на разные мероприятия, как ветерана войны, он приходил к нам в садик и рассказывал о войне, как он воевал. Ему дарили цветы. А я была гордая, что это мой Аташка!

Утром 9 мая! Мы шли вместе на военный парад. На площади громко играла музыка, было много людей, все его поздравляли, а я крепко держала за руку и была счастлива!

Вечером дома по традиции 9 мая накрывали большой длинный

стол, где было много вкусного. Собирались самые близкие родственники и друзья. Аташка сидел во главе стола в парадном костюме со своими орденами и медалями, такой большой и добрый! Всем было хорошо, все были вместе!

А еще помню полный коридор обуви, папа выходил в коридор и говорил: «Детской обуви больше, чем взрослой!». Всем место хвадало!

Спустя много лет я поняла, что наш Аташка – мудрый, простой, искренний человек, всеми глубокоуважаемый и почитаемый. В моей памяти он сохранится и я горжусь нашим Аташкой.

\* \* \*

**Асет САЛИМГЕРЕЕВ,**  
*Внук*

В моем памяти тоже сохранились воспоминания про Аташку. Ведь я был тогда маленький. Аташка всегда приходил в детский сад с трехколесным велосипедом. Однажды он оставил велосипед у Айданы, я так расплакался, он должен был прийти ко мне первым и принести мне первому.

По вечерам он гулял с нами, сядет на лавочку и наблюдает, как мы играем с ребятами во дворе или на участке садика.

Аташка всегда перед сном мне готовил печенье с молоком – это была моя любимая еда. И если он забывал, то я всегда приходил к нему и напоминал и он вставал и готовил.

А если по телевизору показывали нашего Президента, Аташка всегда звал меня. Когда меня спрашивали: «Кем ты будешь, когда вырастишь?», я непременно отвечал: «Буду Президентом!».

Аташка наш был нефтяником и даже сейчас мы с папой пошли по стопам Аташки, папа работает, а я учусь на нефтяника.

Наш Аташка добрый и ласковый. Нас всегда называл «Асетжан, Айданажан!». Всегда буду помнить моего Аташку.

---

## Үшінші бөлім

### *Арнау өлеңдер*

#### **БАЛАЛАРЫМ МЕН ҚҰДА-ҚҰДАҒАЙЫМА**

*Шаттанып ән саламын балаларыма,  
Қос құлыным халқына қадірлі болғанына.  
Аллаға күндіз-түні шүкір етем,  
Құлыным өз теңіне барғанына.*

*Ұлмашым, құтты болсын барған жерің!  
Шалықтап, сайран салған Каспий көлің.  
Құлыным, алыс кеттің, неғылайын,  
Атадан келе жатқан жолдың жырын.*

*Ауылы Ұлмекеннің Шевченко қаласында,  
Маңғышлақтың кең байтақ даласында.  
Анасы Алматыдан ән салады,  
Сағынып, сарғайғаннан баласына.*

*Ауылы Ұлмекеннің Шевченко қаласында,  
Маңғышлақтың кең байтақ даласында.  
Құлыным, қашық кеттің арамыздан,  
Бозторғай да шырылдайды баласына.*

Алматы Шевченкодан алыс екен,  
Жиірек бара берсең, таныс екен.  
Арада жүріп тұрған күміс сұңқары бар,  
Жүретін төрт сағаттық жолы бар екен.

Шевченко – жаңа қала, сенің қалаң,  
Мақсұт пен Ұлмекенім – менің балам.  
Шаттанып Алматыдан ән шырқаған –  
Әлпештеп, ақ сүт берген сенің анаң.

Құдамның Жаңабайдай баласы Мақсұт деген,  
Анасы Агибадай ақ сүт берген.  
Балалары Алматы мен Шевченкодан қосылыпты,  
Құдайым екеуін де ақтан берген.

Шевченко көрмегенге қандай екен?!  
Каспий көргендерге су аққан сайдай екен.  
Балаларым ойдан-қырдан қосылыпты,  
Ажары екеуінің жаңа туған күн менен айдай екен.

Құлыным, құтты болсын қосағың-ай,  
Кеткен соң ауылың алыс, босадым-ай!  
Ажарын Мақсұтжанның көргенімде,  
Ішім жылып, жүрегім жібіді-ай.

Ақша бет, жазық маңдай Ұлмекенім,  
Қасымда жүргеніңде қадіріңді білмегенім.  
Кеткенде ауылың алыс, құлыным-ай,  
Жете алмай, қанатымды сермегенім.

Шевченко Каспий теңіз жағасында,  
Балаларым жарқырайды Шевченко қаласында.  
Күні ыссы, қапырық бола қойса,  
Салқындап, саялайды Каспийдің саласында.

Ақ қала, әсем қала күн астында жарқырайды,  
Мұнайы жер астынан бұрқырайды.  
Мұнай қазған жігіттер мұнайы судай тасып,  
Қуанысып, ұран салып, айғайлайды.

Шевченконың топырағы аппақ екен,  
Мұнайы жер астынан судай тасып, аққан екен.  
Жігіттер нормасын 150 процентке орындапты,  
Бәрі де мұратына жеткен екен.

Жетсең жет мұратыңа, Мақсұт балам,  
Біз-дағы – қуанамыз атаң-анаң.  
«Еңбек етсең – емерсің» деген сөз бар,  
Талабың өрлей берсін, балапаным!

Ағиба құдағайым аңқылдаған,  
Ақ жүзің ақ күмістей жарқылдаған.  
Құдайдан жатсам-тұрсам сұраушы едім,  
Құдайым тілегімді берген маған.

Қолыңа балам барды ақ Жібектей,  
Мен-дағы өсіргенмін дақ жуытпай.  
Құдағай менен кетті, саған жетті,  
Сен-дағы өсіргейсің шаң жуытпай.

Мен өзім – ақын емес, қарапайым адаммын ғой,  
Отырған отбасында анамын ғой.  
Жатсам-тұрсам, көз алдымнан кетпейсіңдер,  
Сағынған алыстағы анаңмын ғой.

Қыз емес, оның өзі алтын еді-ау,  
Жігіттер жете алмаған салқам еді-ау.  
«Болсаң бол Жұмағалидың қызындай» деп,  
Әлпештеп, ардақтаған қалқам еді-ау.

*Оқуын бітірген соң елге келді,  
Өзінің туып-өскен жерге келді.  
Орынды өз төрінен алды балам,  
Халқының ардақтауына тұрды балам.*

*Ағиба – Шевченкода құдағайым,  
Ақжарқын жарқылдаған, айтад жайын.  
Үйіне жолың түсіп бара қалсаң,  
Тік тұрып тікесінен, тұрады дайын.*

*Құдайға құлдық еттім жекжатыма,  
Ағибадай Шевченкода бекзатыма.  
Тілегің сенің-дағы дұрыс екен,  
Жолықтың менің баққан ақ затыма.*

**Тоқтасын СӘРСЕНОВА,**  
*құдағайы.*

## **ЖАҢАБАЙ ҚҰДА МЕН АҒИБА ҚҰДАҒАЙҒА АРНАУ**

*Жаңабай құда, ағасың,  
Талайларға панасың,  
Қара алтынмен жаңғырып,  
Әлемге аты жайылған  
Маңғыстау – маңғаз түбекте  
Қара жерді қақ жарып,  
Қара алтынды ағызып,  
Көзін ашқан алғашқы  
Бұрғышы алып ерлермен  
Атсалысып, тер төгіп,  
Жалындаған жастықтың  
Қайратын талай төктіңіз,  
Ел үшін еңбек еттіңіз.*

Маңғыстау – біздің ел екен,  
Ен байлықтың кені екен.  
Ырысы болған елімнің.  
Сол байлықтан өзің де  
Сыбаға алып сүбелі,  
Бақытыңды таптың еңбектен.  
Ағиба – асыл құдағай,  
Бірге жүріп құдамен,  
Бірге еңбек жасаған,  
Жанұяның анасы.  
Қыз өсірдің қылықты –  
Бағдат пенен Светтей.  
Ұл өсірдің ұлықты –  
Мақсұт пенен Мәліктей.  
Күйеулер бар білікті –  
Абай менен Жұмалыдай.  
Ұл-қыз сүйіп көрікті,  
Бәрі ғалым болыпты.  
Кере қарыс маңдайы  
Қыран құстай ұлдары  
Мұнайға маман болыпты.  
Әке жолын қуыпты,  
Жанұясын құрыпты.  
Келіндері бар келісті –  
Ұлмекен мен Гүлшара.  
Ақ халатты абзал жан,  
Ақ қауырсын сияқты.  
Кесіп өтпей алдарын,  
Ата-енесін сыйлайды.  
Ауыздарына күзет қойғандай  
Сыр шашпайды бөтенге.  
Алтын бесік ұяңда  
Балдай тәтті немере  
Елжіретіп жүректі,



Жүректің қылын қозғайтын  
Бал-бұл жанған беттері.  
Берік болсын босағаң,  
Көгере берсін көсегең!

Тілек білдіруші –  
құдағайы Шырын.

## ЖАҢАБАЙҰЛЫ МАҚСҰТТЫ ЕСКЕ АЛУ

(Асыл азамат, сұлу жүзді, парасатты жігіт Мақсұт Жаңабайұлының дүниеден өткеніне 10 жыл толуына орай анасының атынан еске алу)

Сымбатты, сұлу келбеттім,  
Асыл туған перзентім.  
Құдіреті күшті Құдай-ай,  
Ғайып қылдың көзімнен  
37 жасқа келгенде  
Адастырдың ұлымнан.  
Кеудені кеулеп қасірет,  
Көздің жасын көлдетіп,  
Ата-анаңды шөлдетіп,  
Кеткеніңе, міне, қарағым,  
Он жылдың жүзі болыпты.  
Еске алайық, ағайын,  
Асыл туған алтыным,  
Сабырлы, жайсаң құлынымды  
Еске алмай қалай шыдаймын?!  
Қолымнан ұшып сұңқарым,  
Басымнан тарап базарым,  
Төмендеді-ау назарым.  
Қызыл құйрық нар ма екен,  
Жан жарынан айырылған  
Әйелден мұңды бар ма екен?!

Алтын тұғыр ақсұңқар  
Ұшып кетті-ау қолымнан.  
Сүйіп, таңдап алғаны  
Зарлана белі бүгіліп,  
Жанына батып жесірлік,  
Арманда қалды-ау келінім.  
Азғана күн дүниеде  
Қызықтатып жүргізбей,  
Жарын алып, жылатып,  
Қайғының бұлтын торлатып,  
Не жазды екен Құдайға?!  
Сонда да болса, Аллаға  
Шүкірлік етіп жүреміз.  
«Аман болсын, – деп, – ұрпағы»,  
Алладан тілек тілейміз.

Асыл екен келінім,  
Ұлмекен күшті, нар екен.  
Жаратқан Алла Құдайым  
Қаншама жүкті артса да,  
Ошақтың отын сөндірмей,  
Мақсұттай асыл жарының  
Шаңырағын ұстады.  
«Тұлпардан қалған тұяқ» деп,  
Ұлы мен қызын мәпелеп,  
Желбіретіп өсіріп,  
Кем қылмай келеді қатардан.  
Бірге туған бауыры,  
Тай-құлындай тебіскен,  
Бір емшекті еміскен  
Мәлікжан бауырын сағынып,  
Қабырғасы сөгіліп,  
Атсалысып келеді  
Гүлшарадай жарымен

Мәпелейді екеуі.  
Тумадан қалған тұяқты  
Қанаттыға қақтырмай,  
Тұмсықтыға шоқыттырмай  
Өсіру болып арманы.  
Сонда-дағы әкенің  
Орны толмас балаға.  
«Ақ папам» деп еркелеп,  
Аяғын салып қойынға,  
Асылатын мойынға  
Күндер бір қайда құлынға?!  
Тағдырдың ісі болған соң,  
Көнбеуіңе не шара?!  
Тоқтау айтып, жұбатып,  
Егіле тұрып сөз айтқан  
Асқар тау, асыл әкеңіз  
Дүниеден өтті бүгінде  
Еске алайық оны да.  
Желеп те-жебеп жүр ме екен,  
Жаны жайсаң азамат?!  
Айналайын құлыным,  
Осыменен доғардым.  
Нұрға толып қабірің,  
Жолдасың болсын иманың!

Өлеңін құраған –  
құдағайы Шырын.

## ҚЫЗЫМ ГҮЛШАРАҒА

Ойды толғап көрейін,  
Жырды толғап берейін.  
Көзімнің нұры, шырағы,  
Көңілімнің бұлағы.

*Жүрегімдегі қуаныш,  
Жанымдағы жұбаныш.*

*Айым болып тудыңдар,  
Күнім болып шықтыңдар.  
Маңдайдағы жұлдызым,  
Алтын айдар құлындар.*

*Үш перзентім, құлыным –  
Көзімде жанған шырағым.  
Желкемдегі жалымсың,  
Аяғымның әлісің.*

*Айдай сұлу Гүлшарам,  
Жаның сұлу, ізетті.  
Шыққан елің –Қыдырша,  
Қыдыр көрген ел еді.*

*Келген жерің, ауылың –  
Беріш деген ел еді.  
Исатай мен Махамбет  
Ерім шыққан ел еді.*

*Ата-енеңді сыйлайсың,  
Жайын жасап, жайлайсың.  
Мәліктей асыл қаршыға  
Жар еттің сұлу маралым.*

*«Жақсы келін» атандың  
Туған-туыс, жақыңға.  
Асыл жар болдың ардақты,  
Ана болдың балаға.*

*Артыңнан ерді ұл мен қыз,  
Айдана, Әсет – қос құлын.*

*Құлдыраңдап шабатын  
Жапырағың өсіп, жайқалсын!*

*Айналайын Гүлшарам,  
Ақ халатты абзалым.  
Ақ қауырсыны секілді  
Көлде жүзген аққудың.*

*Екі жақсы қосылып,  
Аман болсын ұл-қызың.  
Аман жүріп жандарың,  
Гүл-гүл жанып беттерің,  
Көгере берсін көсегең!*

**Мамаң Шырын.**

## **КҮЙЕУ БАЛАМ МӘЛІККЕ**

*Айналайын Мәлікжан,  
Кере қарыс маңдайың.  
Жарқырап жанған көзіңнің  
Ұшқын шашқан оты бар.  
Асыл жансың, ақ Мәлік,  
Жаның жайсаң азамат.  
Үлкейген әке-шешеңді  
Қамқорлайсың мәпелеп.  
Айтқанын екі етпейсің,  
Алдынан кесіп өтпейсің.  
Москва деген қаладан  
Астана болған Одаққа  
Жүрегі болған Кеңестің  
Социалистік заманда  
Білім алып сол қаладан,  
Ғылымға сусын қандырып,*

Жер байлығы – мұнайдың  
Маманы болып оралдың.  
Лашын құстай көктегі  
Көк оралы көлдегі  
Аққуымды ілдің де,  
Алтыннан ұя салдың сен.  
Сол ұяда, қарағым,  
Ата-анаңның ұлысың.  
Асқар тау, асыл әкесің,  
Асыл жарсың ардақты.  
Шөлдесең, сусын қандырған  
Мөлдір бұлақ секілді  
Мөлдіреген көздері  
Жас нәресте бүлдіршін –  
Айдана мен Әсет бар.  
Астанасы елімнің –  
Алмалы қала Алматы  
Біліміңді ұштадың,  
Кандидаттық қорғадың.  
Келе жатқан Жаңа Жыл  
Құт әкелсін, қарағым!  
Маңдайыңда бақ-жұлдыз  
Жана берсін, қарағым!  
Бақ-дәулетің басыңа  
Қона берсін, қарағым!

**Тілекші енең Шырын.**

## АЛҒЫС АЙТАМЫН

Әркім үшін де өзінің ата-анасы – асқар таудай панасы, ардақ тұтар адамдары ғой.

Менің әкемнің қандай адам болғанын, нендей жұмыстар жасап, халыққа қандай еңбек сіңіргенін оны білетін кісілердің біразы айтып, жазып жатыр.

Мен әкемнің біз үшін әрқашанда үлгі-өнеге болғанын айтқым келеді. Біздер бүгінгі күні қандай да бір белеске көтеріліп, халық қатарлы азамат атанып жүрсек, соның барлығы да – асыл әкем мен аяулы анамның берген тәлім-тәрбиесінің, қала берді, өскен ортам мен жақын-жуықтарымының арқасы.

Сондықтан мен өзімді әлдилеп тербетіп, әлпештеп өсіріп, осы күнге жеткізген асқар таудай әкемнің рухы мен ақ сүт берген анамның алдында перзенттік алғысымды білдіріп, басымды иемін.

Сонымен қатар, әкемді есте қалдыру мақсатында қолға алынған осы кітаптың жазылуы мен жарық көруіне қол ұшын беріп, аянбай атсалысқан ардагер азаматтар Тұрсынғали Көшенов, Киікбай Рзаханов, Тергеу Айдарханов, Сайлау Жылқайдаров ағаларға, «Мұнайшы» қорына, тағы да басқа тағлымды әңгімелерін айтып, өздерінің естеліктерін жазып берген ондаған тілеулес, ниеттес ағалар мен апаларға, тума-туыс, бауырларға, барлық ақ пейілді адамдарға шын жүрегімнен рахметімді айтқым келеді. Біз үшін әкеміз туралы айтылған әрбір сөз, әрбір естелік баға жетпес қымбат. Ол әңгімелердің барлығы да әкеміздің тіршіліктегі таудай

тұлғасы мен өмірден өткеннен кейінгі елінің берген бағасын айқындап, асқақтата түседі.

Сондай-ақ ұсынысымды бірден қабыл алып, алты ай уақыттың ішінде барлық мәліметтерді жинастырып, осы кітапты бастан-аяқ жазып шыққан Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одақтарының мүшесі Рахат Қосбармақ ініме де мың алғыс!

Сіздерге Алла Тағаланың нұры жаусын! Біздер үшін, әкеміздің әруағы үшін қылған қызметтеріңіз Алла Тағаладан қайтсын!

Баршаңызға да бас амандық пен денсаулық, отбасыларыңызға береке мен бірлік, еңбектеріңізге жеміс пен абырой тілеймін.

Өздеріңізге деген ізгі ниетпен, ілтипат сезіммен,

**Мәлік СӘЛІМГЕРЕЕВ**



---

## МАЗМҰНЫ

Тағылымы терең тағдыр (Алғысөз орнына).....5

### Бірінші бөлім

#### АРДА ТУҒАН АЗАМАТ

Ата тек – алтын қазық, асыл арна.....	8
Асыл туған нағашы – алтын тонның жағасы.....	21
Туған топырақ, өскен орта.....	24
Өмірге қанат қаққанда.....	28
Даңқы биік Доссорым.....	32
Автокөліктен – әуе көлігіне.....	37
От кешкен жылдар.....	39
Жәкең күйеу болған жұрт.....	47
Кенді Доссор мен кең Жылыой құшағында.....	54
Майлы қиян Маңғыстау өңірінде.....	63
Орны толмас қаза.....	97
Атадан асып туған ұл.....	115
Адам – ұрпағымен ұлы.....	121

### Екінші бөлім

#### ЗАМАНДАСТАР ОЙ ТОЛҒАЙДЫ

Естеліктер.....129

---

Үшінші бөлім  
**АРНАУ ӨЛЕҢДЕР**

Тоқтасын СӘРСЕНОВА.	
Балаларым мен құда-құдағиыма.....	384
Шырын БАТЫҚОВА.	
Жаңабай құда мен Ағиба құдағайға арнау.....	387
Жаңабайұлы Мақсұтты еске алу.....	389
Қызым Гүлшараға.....	391
Күйеу балам Мәлікке.....	393
Мәлік СӘЛІМГЕРЕЕВ. Алғыс айтамын.....	395

**Рахат Қосбармақ**

# **ЖАҢАБАЙ СӘЛІМГЕРЕЕВ**



**Н. А. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры**  
050059. Алматы қаласы, Азербайев көшесі, 58,  
тел./факс +7 (727) 264 17 12, 263 29 99, 264 38 54

Редактор *Жұмабай Құлиев*  
Көркемдеуші редактор *Талғат Ахметқазыұлы*  
Корректор *Майра Тойғанбекова*  
Беттеген *Талғат Кіршібаев*

Теруге берілген күні 23. 01. 2013 жыл.  
Басуға қол қойылған күні 06. 03. 2013 жыл. Гарнитурасы  
«Times New Roman». Пішімі 60x88 1/16. Көлемі 28,5 б.т.  
Офсетті қағаз. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 7769.

---

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-9965-816-51-2



9 789965 816512







ИСТИНА И ОБЩЕСТВО СЪЗДАВА  
И ПУТЯТА КЪМ НЕГО. СЪЗДАВАЩИТЕ СЪБИТИЯ СЪТ



000001504919



«МҰНАЙШЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ